И. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

2

БҮКІЛОДАҚТЫҚ КОММУНИСТ
(большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ИНСТИТУТ МАРКСА—ЭНГЕЛЬСА—ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

И. В. СТАЛИН

СОЧИНЕНИЯ

★

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва · 1946

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

И.В. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ

Алматы · 1947

Қазақша аудармасын
КК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған
ҚК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан

И.В. СТАЛИН

2

ТОМ

1907—1913

АЛҒЫСӨЗ

И. В. Сталиннің Шығармаларының екінші томына көбінше 1907 жылдың екінші жартысынан бастап 1913 жылға дейінгі, Сталин жолдастың Турухан өлкесіне айдалуына дейінгі дәуірде жазылған шығармалар енгізіліп отыр, ал Сталин жолдас айдауда 1917 жылғы февральға дейін болды. Бұл шығармалар Сталин жолдастың революциялық қызметінің, көбінесе, екі дәуірін, Бакудегі дәуірі мен Петербургтегі дәуірін қамтыйды.

1907 жылдың алғашқы жартысындағы шығармалар бірінші орыс революциясы кезіндегі большевиктердің тактикасы жайында жазылған («К. Каутскийдің «Орыс революциясының қозғауыш күштері мен болашағы» деген кітапшасының грузинше басылуына арналған алғысөз», «Петербургтегі сайлау күресі және меньшевиктер» деген мақала және басқалары). Бұл кездегі мақалалар «Чвени Цховреба» және «Дро» деген большевиктік грузин газеттерінде басылған. Бұлар орыс тілінде тұңғыш рет жарияланып отыр.

1907 жылғы июньнен бастап жазылған — Сталин

жолдастың көбінше Бакудегі революциялық қызметінің дәуірінде жазылған шығармалар марксистік революцияшыл құпия партияны сақтап, нығайту жолында большевиктердің жойымпаз меньшевиктерге қарсы жүргізген күресін көрсетеді («Партия дағдарысы және біздің міндеттеріміз», «Баку комитетінің 1910 ж. 22 январьда қабылдаған қарарлары», «Кавказдан жазылған хаттар»). Революциялық жұмысшы қозғалысы мен кәсіпшілік одақтарына басшылық ету мәселелері жөнінде жазылған мақалалар: «Біздің соңғы кездегі ереуілдеріміз нені көрсетеді?», «Мұнай өнеркәсіпшілері экономикалық террор туралы», «Кеңес және жұмысшылар», тағы басқалары. РСДЖП V съезінің қортындылары жөнінде жазылған еңбек — «РСДЖП-ның Лондондағы съезі (Делегаттың жазып алғандары)». И. В. Сталиннің екінші томға енгізіліп отырған, бұл дәуірдегі мақалалары «Бакинский Пролетарий», «Гудок», «Социал-Демократ» газеттерінде басылған.

1911 жылдың екінші жартысында Сталин жолдастың революциялық қызметінің Петербургтегі дәуірі басталады (1911 — 1913 жылдар). Сталин жолдас, Орталық Комитеттің Орыс бюросына басшылық етіп, партияның Прага конференциясының қарарларын жүзеге асыру жөнінде партияның Россиядағы жұмысын басқарады. Көбінесе жұмысшы қозғалысындағы революциялық жаңа өрлеу жайындағы, IV Мемлекеттік думаның сайлауына байланысты большевиктік партияның міндеттері жайындағы шығармалар осы мезгілде жазылған. Ол шығармалар: «Партия үшін!» деген үндеухат, «Жаңа дәуір», «Олар жақсы істеп жатыр...», «Қозғалды!...», «Петербург жұмысшыларының өз жұмысшы депутатына тапсырған аманаты», «Өкіл-

дердің еркі», «Петербургтегі сайлау» деген мақалалар және басқалары. Мақалалар Петербургтегі «Звезда» және «Правда» газеттерінде басылған.

Екінші томға И. В. Сталиннің «Марксизм және ұлт мәселесі» деген (1913 ж.) белгілі еңбегі еніп отыр; бұл еңбекте ұлт мәселесі жөніндегі большевиктік теория мен программа дамытылған

Сталин жолдастың Турухан айдауында жүріп жазған «Мәдени-ұлттық автономия туралы» деген мақаласы және басқа бірқатар шығармалары әлі күнге дейін табылған жоқ.

БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы
Маркс — Энгельс — Ленин Институты

1907—1913

К. КАУТСКИЙДІҢ «ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ҚОЗҒАУЫШ КҮШТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ» ДЕГЕН КІТАПШАСЫНЫҢ ГРУЗИНШЕ БАСЫЛУЫНА АРНАЛҒАН АЛҒЫСӨЗ[1]

Карл Каутскийдің есімі жаңалық емес. Оны жұрт социал-демократияның айтулы теоретигі ретінде көптен бері біледі. Бірақ Каутский тек бұл жағынан ғана белгілі емес, сонымен бірге тактикалық мәселелердің көрнекті, пайымшыл зерттеушісі ретінде де ол тамаша кісі. Бұл жөнінде ол европалық жолдастардың арасында ғана емес, бізде де зор беделді болып алды. Мұның өзі таңырқарлық та нәрсе емес: бүгін, тактикалық алауыздықтар россиялық социал-демократияны екі фракцияға бөліп отырған кезде, өзара сын екінің бірінде қыйқылжыңға айналып, істі шиеленістіре түсіп, ақыйқатты білу тым қыйынға соғып отырған кезде, — К. Каутский сияқты әділ, тәжрибелі жолдастың пікірін тыңдау аса қызғылықты нәрсе. Міне сондықтан да біздің жолдастар Каутскийдің: «Мемлекеттік дума», «Москва көтерілісі», «Аграрлық мәселе», «Орыс шаруалары мен революция» деген және басқа тактикалық мақалаларын аса құлшынып үйренуге кірісті. Бірақ мына кітапшаға жолдастар бұрынғыдан да өлшеусіз зор көңіл бөліп отыр, оның себебі: социал-демократияны екі фракцияға бөлетін басты мәселелер-

дің бәрі де осы кітапшада айтылған. Әңгіме мынада: біздің күрделі мәселелерімізді анықтау үшін таяуда шетелдік жолдастарға жүгінген Плеханов, бақсақ, сол мәселелер жөнінде Каутскийге де жүгініп, оның да белгілі пікір айтуын сұрапты, бұған Каутский, оның өз сөздеріне қарағанда, осы кітапша жүзінде жауап қайырыпты. Бұдан кейін, әлбетте, біздің жолдастар осы аталған кітапшаға аса зор көңіл қойып қарауға тиісті болды. Біз үшін бұл кітапшаның өте-мөте үлкен маңызы бар екендігі де айқын.

Сондықтан егер біз жалпылама түрде болса да өзіміздегі алауыздықтар мәселелерін еске түсіріп, сонымен қатар Каутскийдің белгілі мәселелер жөніндегі көзқарастарын білсек, өте пайдалы болады.

Каутский кімнің жағында, ол кімді жақтайды, большевиктерді ме әлде меньшевиктерді ме?

Россиялық социал-демократияны екі жікке бөліп отырған бірінші мәселе — біздің революцияның жалпы сыйпаты туралы мәселе. Біздің революцияның социалистік емес, буржуазиялық-демократиялық революция екендігі, бұл революция капитализмді емес, феодализмді қыйратып аяқталуға тиіс екендігі — жұрттың бәріне де мәлім. Бірақ осы революцияға басшылық ететін кім және халықтың наразы элементтерін өз төңрегіне біріктіретін кім: буржуазия ма әлде пролетариат па? деген сұрақ туады. Франциядағыдай пролетариат буржуазияның соңына ермекші ме, әлде пролетариатқа буржуазия ермекші ме? Сұрақтың өзі міне осылай қойылып отыр.

Меньшевиктер Мартыновтың сөзімен мынаны айтады: біздің революция буржуазиялық революция, мұның өзі француз революциясының қайтармасы болып

табылады, сондықтан буржуазиялық революция ретіндегі француз революциясына буржуазия басшылық еткен болса, біздің революцияға да буржуазия басшылық етуге тиіс. «Пролетариат гегемониясы дегеніміз — зиянды утопия...» «Пролетариат әсіре буржуазиялық оппозицияның соңына еруге тиіс» (**Мартыновтың «Екі диктатурасын»** қараңыз).

Ал большевиктер былай дейді: біздің революцияның буржуазиялық революция екені рас, бірақ бұдан: біздің революция француз революциясының қайтармасы болып табылады, Франциядағы болған сияқты, бұған да буржуазия сөзсіз басшылық етуге тиіс деген ұғым мүлде тумайды. Франциядағы пролетариат санасезімі аз, ұйымдаспаған күш еді, соның салдарынан революциядағы гегемонияға буржуазия ие болды. Ал біздегі пролетариат оған қарағанда анағұрлым саналы, анағұрлым ұйымдасқан күш, соның нәтижесінде ол қазірде буржуазияға шылау болу роліне қанағаттана алмайды, сондықтан аса революцияшыл тап ретінде өз заманындағы қозғалысқа басшы болады. Пролетариат гегемониясы дегеніміз — утопия емес, ол — нақты факт, пролетариат наразы элементтерді іс жүзінде өз төңрегіне біріктіреді. Сондықтан кімде-кім «буржуазиялық оппозицияға еру керек» деп пролетариатқа ақыл айтса, ондай адам пролетариатты дербестіктен айырады, ондай адам Россия пролетариатын буржуазияның қолшоқпарына айналдырады (**Лениннің** «Екі тактикасын» қараңыз).

Бұл мәселеге К. Каутский қалай қарайды?

«Либералдар көп реттерде ұлы француз революциясын дәлел етеді, ал көп реттерде қыйсынсыз дәлел етеді. Осы замандағы Россияның жағдайлары 1789

жылғы Франциядағы жағдайларға қарағанда көп жағынан мүлде басқаша» (кітапшаның үшінші тарауын қараңыз)... «Орыс либерализмі Батыс Европа либерализміне қарағанда мүлде басқаша, дәл осы бір себептің өзінен де ұлы француз революциясын тікелей кәзіргі орыс революциясына үлгі етіп алу — барып тұрған қателік болады. Батыс Европада революциялық қозғалыстардағы жетекші тап ұсақ буржуазия, әсіресе үлкен қалалардың ұсақ буржуазиясы болды» (төртінші тарауын қараңыз)... «Буржуазиялық революциялардың, яғни қозғаушы күші буржуазия болған революциялардың заманы өтіп кетті, Россия үшін де ол заман өтіп кетті. Россиядағы пролетариат ендігі жерде буржуазиялық революциялардың кезіндегідей буржуазияның жай шылауы және қолшоқпары емес, дербес революциялық мақсаттар көздеген дербес тап» (бесінші тарауын қараңыз).

Орыс революциясының жалпы сыйпаты туралы К. Каутский осылай дейді, пролетариаттың кәзіргі орыс революциясындағы ролін Каутский осылай түсінеді. Буржуазия орыс революциясына басшылық ете алмайды, — демек, революцияның көсемі пролетариат болуға тиіс.

Біздегі алауыздықтардың екінші мәселесі: либералдық буржуазия, тым болмаса, кәзіргі революцияда пролетариаттың одақтасы бола ала ма?

Большевиктер: бола алмайды дейді. Рас, француз революциясы кезінде либералдық буржуазия революциялық роль атқарды, бірақ оның себебі: ол жердегі тап күресі онша шиеленіспеген еді, пролетариаттың сана-сезімі төмен еді, либералдарға шылау болу ролімен ол қанағаттанды, ал біздегі тап күресі мейлінше

шиеленіскен, пролетариат анағұрлым саналы, сондықтан либералдарға шылау болу роліне көне алмайды. Пролетариат саналы түрде күрескен жерде, либералдық буржуазия революцияшыл болудан калады. Сондықтан да пролетариаттың күресінен шошынған либерал кадеттер реакцияның колтығынан пана іздеп жүр. Сондықтан да олар реакциядан гөрі революцияға карсы көбірек күресуде. Сондықтан да кадеттер[2] революциямен одактасудан гөрі, революцияға карсы реакциямен тезірек одақтасады. Я, біздің либералдық буржуазия және оның қорғаушылары кадеттер реакцияның одақтастары болып табылады, бұлар революцияның «білімпаз» дұшпандары. Ал кедей шаруалар — мүлде басқаша мәселе. Большевиктердің айтуынша, тек ең кедей шаруалар ғана революцияшыл пролетариатқа қол созады, тек солар ғана кәзіргі революцияның басынан аяғына дейін пролетариатпен берік одак жасай алады. Реакция мен кадеттерге карсы күресте пролетариат нақ сол кедей шаруаларды қолдауға тиіс. Ал егер осы айтылған басты екі күш өзара одақ жасаса, егер жұмысшылар мен шаруалар бірін бірі қолдайтын болса, онда революцияның жеңуі де қамтамасыз етіледі. Мұнсыз революцияның жеңуі мүмкін емес. Сондықтан да большевиктер сайлаудың алғашқы кезеңінде, Думаның ішінде де, Думаның сыртында да кадеттерді қолдамайды. Сондықтан да большевиктер сайлау кезінде болсын, Думада болсын, реакция мен кадеттерге карсы күресте тек шаруалардың революцияшыл өкілдерін ғана қолдайды. Сондықтан да большевиктер халықтың калың бұқараларын **бүкіл** Думаның төңрегіне емес, Думаның тек революцияшыл **бөлегінің** төңрегіне ғана біріктіреді. Сондық-

тан да большевиктер кадет министрлігін тағайындау туралы талаптарды қолдамайды (Лениннің «Екі тактика» және «Кадеттердің жеңуі» деген еңбектерін қараңыз).

Меньшевиктер мүлде басқаша пікір айтады. Рас, либералдық буржуазия реакция мен революцияның арасында әрі-сәрі болып жүреді, бірақ ақыр соңында, олардың пікірінше, қалай дегенмен либералдық буржуазия революцияға барып қосылады, қалай дегенмен революциялық роль атқарады. Неге? Неге десеңіз либералдық буржуазия Францияда революциялық роль атқарды, неге десеңіз ол ескі тәртіптерге қарсы оппозицияда, демек, оның өзі революцияға қосылуға мәжбүр болады. Меньшевиктердің пікірінше, либералдық буржуазияны және кадеттер сияқты оның қорғаушыларын кәзіргі революцияға опасыздық істеушілер деп атауға болмайды, олар революцияның одақтастары болып табылады. Дәл сондықтан да меньшевиктер сайлау кезінде де, Дума ішінде де кадеттерді қолдайды. Меньшевиктер: тап күресі ешқашанда жалпы күреске нұқсан келтірмеуге тиіс дегенді айта береді. Дәл сондықтан да олар халық бұқараларын Думаның тек революцияшыл бөлегінің төңрегіне емес, бүкіл Думаның төңрегіне бірігуге шақырады, дәл сондықтан да олар кадет министрлігін тағайындау туралы талапты барынша қолдайды, дәл сондықтан да меньшевиктер, тек кадеттерді өздерінен үркітіп алмау үшін ғана, максимум программаны ұмыт қалдырудан, минимум программаны кемітуден, сөйтіп демократиялық республиканы іске асырмай тастаудан тайынбайды. Мүмкін, кейбір оқушы мұның бәрін меньшевиктерге жабы-

лып жүрген жала деп есептер де, фактыларды керек етер. Ал фактылар мынадай.

Меньшевиктердің белгілі әдебиетшісі **Малишевский** таяуда былай деп жазды:

«Біздің буржуазия республиканы қаламайды, демек, бізде республиканың болуы мүмкін де емес...», ендеше «... біздің революцияның нәтижесінде әсте демократиялық республика емес, конституциялы тәртіп орнауға тиіс». Сондықтан Малишевский «республика жөніндегі жалған үміттерден» күдер үзіңдер деп «жолдастарға» ақыл айтады (қараңыз: «Бірінші жыйнақ»[3], 288, 289-беттері).

Бұл, бір.

Сайлау қарсаңында меньшевиктердің көсемі **Черевании** былай деп жазды:

«Кейбіреулердің ұсынып отырғанындай, өкімі күшті, бүкілхалықтық Құрылтай жыйналысы үшін шаруалармен бірлесіп, үкіметке де, буржуазияға да қарсы күрес жүргізуге әрекеттену пролетариат үшін мағнасыз және ақылға сыйымсыз нәрсе болар еді». Біз, дейді ол, кәзір кадеттермен келісім жасауды және кадет министрлігінің болуын көздеп жүрміз (қараңыз: «Наше дело»[4], № 1).

Бұл, екі.

Бірақ мұның бәрі тек жазылған нәрселер. Меньшевиктердің екінші бір көсемі **Плеханов**, мұнымен де тынбай, жазылғанды іске асыруды көздеді. Сайлау тактикасы туралы мәселе жөнінде партия ішінде қымқыйғаш айтыстар жүргізіліп жатқан кезде, жұрттың бәрі: сайлаудың алғашқы кезеңінде кадеттермен келісу лайық па деп, сұрастырып жүрген кезде, — Плеханов кадеттермен тіпті келісуді де жеткіліксіз деп есеп-

теп, кадеттермен тікелей одақ жасауды, кадеттерге уақытша қосылуды уағыздай бастады. 24 ноябрьдегі (1906 ж.) «Товарищ»[5] газетін еске түсіріңіздер; сол газетте Плеханов өзінің кішкене мақаласын басты. «Товарищты» оқушылардың бірі Плехановтан: социал-демократтардың кадеттермен ортақ платформада болуы мүмкін бе, егер мүмкін болса, «...сайлау жөніндегі ортақ платформа қандай болмақ?» деп сұрайды. Плехановтың жауабы: ортақ платформа қажет-ақ және осындай платформа боларлық нәрсе «өкімі күшті Дума»... «Бұдан басқа жауап жоқ, болуы мүмкін де емес» (қараңыз: «Товарищ», 1906 ж,. 24 ноябрь). Плехановтың бұл сөздерінен не ұғым туады? Бұлардан тек қана: пролетарлар партиясы, яғни социал-демократия, іс жүзінде кәсіп иелерінің партиясына, яғни кадеттерге, қосылуға тиіс, солармен бірлесіп жұмысшыларға арнап үгіт хаттар басып шығаруға тиіс, бүкілхалықтық Құрылтай жыйналысы жөніндегі ұраннан, социал-демократиялық минимум программадан іс жүзінде бас тартып, оның орнына өкімі күшті Дума жөніндегі кадеттік ұранды көтеруге тиіс деген ұғым туады. Шындығында мұның өзі кадеттердің сойылын соғып, солардың алдында өз қадірін арттыру үшін біздің минимум программадан бастартқандық болады.

Бұл, үш.

Бірақ Плехановтың онша батып айтпағанын, меньшевиктердің үшінші көсемі, Васильев, тамаша батылдықпен айтып берді. Тыңдап қараңыз:

«Ең алдымен бүкіл қоғам, барлық азаматтар... конституциялы өкімет орнатсын. Осы өкімет халықтық өкімет болғансын, халық өзінің тап-табына және мүдделеріне қарай жіктелуі арқылы... барлық мәселе-

лерді шешуге кірісе алады. Ол кезде таптар мен топтардың күрес жүргізуі орынды ғана емес, қажет те болып табылады... Ал нақ қазіргі кезеңде мұндай күрес **ажалды және қылмысты нәрсе болып табылады...»** Сондықтан әралуан таптар мен топтар **««ең жақсы» программалардың» бәрін де уақытша қоя тұрып, конституциялы бір партия болып бірігулері қажет...»** «Менің ұсынысым — ортақ платформа жасау; оның тиянағы өкімі күшті қоғам үшін ең керекті негіз жасау болады; тек осындай қоғам ғана лайықты Думаны тудыра алады...» «Бұл платформаның мазмұны... халық өкілдігінің алдында жауапты министрлік... сөз бостандығы мен баспасөз бостандығы болып табылады...» және т. т. (қараңыз: «Товарищ», 1906 ж., 17 декабрь). Ал бүкілхалықтық Құрылтай жиналысын және жалпы біздің минимум программаны алсақ, Васильевтің ойынша, мұның бәрін «қоя тұру» қажет...

Бұл, төрт.

Рас, меньшевиктердің төртінші көсемі, **Мартов**, меньшевик Васильевке қосылмай, жоғарыда аталған мақаласы үшін оны такаппарлықпен сөгеді (қараңыз: «Отклики»[6], № 2). Бірақ оның есесіне Плеханов Васильевті қатты мақтайды; Плехановтың пікірінше, Васильев, «швейцар жұмысшыларының социал-демократиялық қажымас және сүйікті ұйымдастырушысы» және ол «орыс жұмысшыларының мүддесі үшін көп еңбек ете алады» (қараңыз: «Мир Божий»,[7] 1906 ж. июнь). Осы екі меньшевиктің қайсысына сену керек: Плехановқа ма әлде Мартовқа ма? Оның үстіне, Мартовтың өзі таяуда: «Буржуазия мен пролетариаттың арасындағы тайталас самодержавиенің позициясын күшейтеді, сөйтіп халық қозғалысының табысты болуына

бөгет жасайды» деп жазған жоқ па еді? (қараңыз: **Эльмар,** «Халық пен Мемлекеттік дума», 20-бет). Марксизмге жатпайтын осы көзқарастың өзі Васильев ұсынып отырған либералдық «ұсыныстың» шын негізі екенін кім білмейді?

Көріп отырсыздар, меньшевиктердің либералдық буржуазияның «революцияшылдығына» қызығып кеткені сонша, оның «революцияшылдығынан» көп үміт етіп отырғаны сонша, олар осы буржуазияның сойылын соғып, социал-демократиялық программаның өзін ұмыт қалдырудан тайынар емес.

Біздің либералдық буржуазияға К. Каутский қалай қарайды, пролетариаттың шын одақтасы деп ол кімді есептейді, бұл мәселе жөнінде ол не айтады?

«Қәзіргі кезде (яғни қәзіргі орыс революциясында) пролетариат, буржуазиялық революциялардың кезіндегідей, буржуазияның жай ғана шылауы және қолшоқпары емес, қайта дербес революциялық мақсаттарды көздейтін дербес тап. Ал сонымен, пролетариат осындай қыймыл көрсететін жерде, **буржуазия революцияшыл тап болудан қалады.** Орыс буржуазиясы, тегінде өзі либералдық буржуазия болғандықтан, және өзінің дербес таптық саясатын жүргізетіндіктен, абсолютизмді сөзсіз жек көреді, бірақ оның өзі революцияны одан бетер жек көреді... ал оның көздейтіні саяси бостандық болғандықтан, мұны көздеудегі оның негізгі себебі сол — бұл саясатты революцияға тыйым салатын бірден-бір құрал деп есептейді. Сонымен, **буржуазия Россиядағы осы күнгі революциялық қозғалыстың қозғауыш күштеріне жатпайды...** Революциялық күрестің басынан аяғына дейін **тек пролетариат пен шаруалардың ғана** мүдделері берік үйлесіп отырады. Нақ

осы үйлесімділіктің өзі орыс социал-демократиясының бүкіл революциялық тактикасына негіз болуға тиіс... Шаруаларсыз біз Россияда кәзір жеңіске жете алмаймыз» (бесінші тарауын қараңыз).

Қаутский осылай дейді.

Мұны түсіндіріп жатудың қажеті жоқ деп ойлаймыз.

Біздегі алауыздықтардың үшінші мәселесі: біздің революцияның жеңісінің таптық мағнасы қандай немесе, басқаша айтқанда, біздің революцияда қандай таптар жеңіске жетуге тиіс, өкіметті қандай таптар жеңіп алуға тиіс?

Большевиктер былай дейді: кәзіргі революциядағы басты күштер пролетариат пен шаруалар болатындықтан, өзара біріне бірі көмек көрсетпейінше олардың жеңуі мүмкін болмайтындығынан,— өкіметті де қолына алатын нақ осылар болады, сондықтан революцияның жеңуі дегеніміз **пролетариат пен шаруалардың диктатурасы** болып шығады (**Лениннің** «Екі тактика» және «Қадеттердің жеңуі» деген еңбектерін қараңыз).

Ал меньшевиктер, керісінше, пролетариат пен шаруалардың диктатурасын жаратпайды, олар пролетариат пен шаруалардың өкіметті жеңіп алатынына сенбейді. Олардың пікірінше, өкімет кадеттік Думаның қолына көшуге тиіс. Сондықтан да олар жауапты министрлік жөніндегі кадеттік ұранды ерекше беріліп қуаттайды. Сонымен, пролетариат пен шаруалардың диктатурасының орнына меньшевиктер бізге кадеттердің диктатурасын ұсынып отыр (қараңыз: **Мартыновтың** «Екі диктатурасы», сонымен қатар «Голос Труда»[8], «Наше Дело» және басқа газеттер).

Бұл мәселеге К. Қаутский қалай қарайды?

Бұл жөнінде Каутский тіке былай дейді: «орыс социал-демократиясының революциялық күші және оның жеңуінің мүмкіншілігі өнеркәсіптік пролетариат пен шаруалардың мүдделерінің үйлесімділігінде» (бесінші тарауын қараңыз). Яғни революция жеңгенде, пролетариат пен шаруалар ортақ жеңіс жолында бірлесіп күрескен кезде ғана жеңеді, — кадеттердің диктатурасы революцияға қас болып табылады.

Біздегі алауыздықтардың төртінші мәселесі: революциялық дауылдар кезінде революциялық уақытша үкімет дейтін, әлбетте, өзінен өзі келіп туады, — сонда социал-демократияның революциялық үкіметке қатысуы лайық па?

Большевиктердің айтуынша, принциптер жағынан алып қарағанда, мұндай уақытша үкіметке қатысудың лайық екені былай тұрсын, сонымен бірге практика жүзінде қажет нәрсе; мұндағы мақсат: социал-демократия ол жерде, революциялық уақытша үкімет ішінде, пролетариат пен революцияның мүдделерін лайықты түрде қорғап отырсын дегендік. Егер көшедегі күресте пролетариат шаруалармен бірлесіп ескі тәртіптерді күйретсе, егерде осылармен бірге қан төгетін болса, онда ол, әрине, революцияны ойлағандай нәтижелерге жеткізу үшін нақ осы шаруалармен бірге революциялық уақытша үкіметке енуі тиіс (Лениннің «Екі тактикасын» қараңыз).

Ал меньшевиктер революциялық уақытша үкіметке катысуды жаратпайды — мұның өзі социал-демократияға лайық емес көрінеді, мұның өзі социал-демократқа келіспейтін көрінеді, мұның өзі пролетариаттың түбіне жетеді-міс. (Мартыновтың «Екі диктатурасын» қараңыз).

Бұл жөнінде К. Каутский не айтады?

«Революцияның бұдан былайғы жерде дамуының нәтижесінде жеңіске жететін социал-демократиялық партия болуы әбден мүмкін...» Бірақ бұдан «Россияда болып жатқан революция, тіпті оның өзі **өкіметтің тұтқасын социал-демократияға уақытша тапсырған** күнде де, Россияда өндірістің социалистік әдісін дереу енгізеді» деген ұғым тумайды (бесінші тарауын қараңыз).

Көріп отырсыздар, Каутскийдің пікірінше, революциялық уақытша үкіметке қатысудың лайық екені былай тұрсын, тіпті «өкімет тұтқасы уақытша» жалғыз социал-демократияның қолына ен тиіп қалуы да мүмкін.

Біздегі алауыздықтардың басты-басты мәселелері жөнінде Каутскийдің көзқарастары міне осындай.

Көріп отырсыздар, социал-демократияның аса ірі теоретигі Каутский мен большевиктердің пікірлері өзара толық үйлеседі.

Мұны меньшевиктердің өздері де бекер демейді; әрине, мойындамайтындар тек кейбір «басыбайлы» меньшевиктер; бұлар Каутскийдің кітапшасын, мүмкін, көрмеген де болар. Мысалы, Мартов: «Каутский өзінің ақтық қортындысында, пролетариат пен шаруалардың диктатурасын ұран еткен Ленинмен және оның пікірлестерімен **қосылады»** деп ашық айтып отыр (қараңыз: «Отклики», № 2, 19-бет).

Ал мұның мәнісі меньшевиктер К. Каутскийге **қосылмайды** деген сөз, яғни, дұрысырақ айтқанда, Каутский меньшевиктерге **қосылмайды** деген сөз.

Сонымен, меньшевиктерге қосылатын кім, және, ақырында, меньшевиктер кімге қосылады?

Бұл жөнінде тарихтан көрініп отырған жағдай мынау. 27 декабрьде (1906 ж.) Соляной қалашығында (Петербургте) айтыс жыйналыс болып өтті. Айтыстар кезінде кадеттердің көсемі П. Струве былай деді: «Сіздер бәріңіз де кадет боласыздар... Меньшевиктерді кәзірдің өзінде жартылай кадеттер деп атап жүр. Плехановты жұрттың көбі кадет деп есептейді; шынында да, Плехановтың кәзіргі айтып жүрген пікірлерінің көбін кадеттер құттықтай алады, тек бір өкініш жері, оның өзі бұл пікірлерін кадеттер жалғызсырап жүрген кезде айтпады» (қараңыз: «Товарищ», 1906 ж., 28 декабрь).

Меньшевиктерге қосылатындар міне осылар.

Егер меньшевиктер де осыларға қосылып, либерализмнің жолына түссе, таңданатын не бар?..

10 февраль, 1907 ж.

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр
Қол қойған: Коба

Орысшасы грузин тілінен аударылған

ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУ КҮРЕСІ ЖӘНЕ МЕНЬШЕВИКТЕР

Сайлау күресінің мұндай шиеленісуі еш жерде де Петербургтегідей болған емес. Партиялар арасындағы мұндай тартыс-таластар еш жерде де Петербургтегідей болған емес. Социал-демократтар, халықшылдар, кадеттер, қаражүздіктер, социал-демократияның ішінде большевиктер мен меньшевиктер, халықшылдар ішінде трудовиктер[9], эсерлер және халықшыл социалистер, кадет партиясының ішінде солшыл кадеттер мен оңшыл кадеттер — осылардың бәрі де шиеленіскен күрес жүргізді...

Оның есесіне партиялардың бейнесі еш жерде де Петербургтегідей анық әйгіленген емес. Мұның өзі осылай болуға да тиіс еді. Сайлау күресі дегеніміз — нақты іс, ал партияларды тек іс жүзінде ғана тануға болады. Әрине, күрес неғұрлым шиеленісе жүргізілсе, күресушілердің бейнесі де соғұрлым айқын көрінуге тиіс болды.

Бұл жөнінде большевиктер мен меньшевиктердің сайлау күресі кезіндегі әрекеттері өте қызғылықты.

Сіздер, сірә, меньшевиктердің айтқандарын ұмытпаған боларсыздар. Олар сайлаудан бұрын-ақ: Құрыл-

тай жыйналысы мен демократиялық республика — керексіз жүк, ең алдымен керегі Дума мен кадет министрлігі, сол себепті кадеттермен сайлау келісімін жасасу керек деген болатын. Әйтпесе қаражүздіктер жеңіп кетеді-міс. Сайлау қарсаңында меньшевиктердің көсемі **Череванин** былай деп жазды:

«Кейбіреулердің ұсынып отырғанындай, өкімі күшті, бүкілхалықтық Құрылтай жыйналысы үшін шаруалармен бірлесіп, үкіметке де, буржауазияға да қарсы күрес жүргізуге әрекеттену пролетариат үшін мағнасыз және ақылға сыйымсыз нәрсе болар еді» (қараңыз: «Наше Дело», № 1).

Меньшевиктердің тағы бір көсемі, **Плеханов,** Череванинді қостады, ол да Құрылтай жыйналысын жаратпады, сөйтіп оның орнына кадеттер мен социал-демократтар үшін «ортақ платформа» боларлық «өкімі күшті Думаны» ұсынды (қараңыз: «Товарищ», 1906 жылғы 24 ноябрь).

Ал белгілі меньшевик **Васильев** анағұрлым ашып айтты: тап күресі «кәзіргі кезеңде ажалды және қылмысты нәрсе...:», әралуан таптар мен топтар «ең жақсы программалардың» бәрін де уақытша қоя тұрып, конституциялы бір партия болып бірігулері қажет...» (қараңыз: «Товарищ», 1906 жылғы 17 декабрь).

Меньшевиктер осылай деді.

Большевиктер әуел бастан-ақ меньшевиктердің мұндай позициясын сөкті. Олар былай деді: социалистердің кадеттермен келісуі лайық емес, — социалистер сайлау күресінде дербес бой көрсетуге тиіс. Сайлаудың алғашқы кезеңінде келісімге тек қана шінара жол беруге болады, онда да бүкілхалықтық Құрылтай

жыйналысын, барлық жер біткенді конфискациялауды, сегіз сағаттық жұмыс күнін, т. т. бүгін тандағы ұран етіп отырған партиялармен ғана келісім жасау керек. Ал кадеттер мұның бәрін жаратпайды. «Қаражүздік қауіп» деген — кейбір аңқау адамдарды шошыту үшін либералдардың ойдан шығарған нәрсесі. Қаражүздіктер Думаны «толтыра» алмайды. Меньшевиктер «Қаражүздіктер қаупін» сөз қылғанда, либералдардың айтқанын қайталайды. Оның есесіне «кадеттер қаупі» бар, ал мұның өзі шын қауіп болып табылады. Біздің міндет — барлық революцияшыл элементтерді өз төңрегімізге топтау және революцияға қарсы реакциямен одақ жасасып отырған кадеттерге қарсы күрес жүргізу болып табылады. Біз бір кезінде өзінде: реакцияға да қарсы, либералдық буржуазия мен оның қорғаушыларына да қарсы екі жақты күрес жүргізуге тиіспіз.

Большевиктер осылай деді.

Міне енді Петербургтегі социал-демократиялық конференцияның[10] ашылар күні жақындап келеді. Осы жерде, осы конференцияда, пролетариаттың алдына екі тактика: кадеттермен келісу тактикасы және кадеттерге қарсы күрес жүргізу тактикасы қойылуға тиіс болды... Кәзір, осы конференцияда, пролетариат большевиктер мен меньшевиктердің осы күнге дейінгі айтып келген сөздерінің бәріне де баға беруге тиіс болды. Бірақ меньшевиктер өздерінің жеңіліп қалатынын аңғарды, конференция өздерінің тактикасын сөгетінін сезді, сөйтіп конференциядан кетуге, социал-демократиядан қол үзуге ұйғарысты. Кадеттермен келісім жасауды көздеп, меньшевиктер жік тудырды. Кадеттермен саудаласу арқылы олар Думаға «өз адамдарын» өткізбек болды.

Большевиктер осы оңбаған қылықты қатты сөкті. Олар цифрлар келтіре отырып, «қаражүздік қауіптің» жоқ екенін дәлелдеді. Большевиктер эсерлер мен трудовиктерді аяусыз сынай отырып, бұларды контрреволюция мен кадеттерге қарсы күресуге шақырды, пролетариаттың төңрегіне топтасыңдар деп ашықтан-ашық шақырды.

Сөйтіп большевиктер революцияшыл элементтерді пролетариаттың төңрегіне біріктіріп жүрген кезде, олар пролетариаттың берік тактикасын бұлжытпай жүзеге асырып жүрген кезде, — нақ осы мезгілде меньшевиктер, жұмысшылардың сыртынан, кадеттермен келіс сөздер жүргізді.

Ал кадеттер болса бірте-бірте оң жаққа ауа бастады. Столыпин «келіс сөздер жүргізу үшін» кадеттердің лидері **Милюковты** өзіне шақырды. Кадеттер «партия атынан» реакциямен келіс сөздер жүргізуді бірдауыстан Милюковқа тапсырды. Кадеттердің революцияға қарсы реакциямен келісім жасамақ болғаны анық болды. Сонымен қатар кадеттердің тағы бір лидері, **Струве,** ашықтан-ашық былай деді: «кадеттер конституцияға жету үшін монархпен келісуді көздейді» (қараңыз: «Речь»[11], 1907 жылғы 18 январь). Кадеттердің реакциямен одақтасқалы отырғаны айқын болды.

Ал меньшевиктер сонда да кадеттермен келіс сөздер жүргізіп отырды, сонда да олар кадеттермен одақтасуға талпынды. Байғұстар! Кадеттермен келісімге келеміз деп, реакциямен келісім жасасқалы отырғандарына өздерінің ақылы жетпеген!

Сол аралықта өкімет орындары рұқсат еткен айтыс жыйналыстар басталады. Осы жерде, осы митингілердің үстінде, «қаражүздік қауіп» деген — құрғақ қыял

екендігі, негізгі күрес кадеттер мен социал-демократтар арасында жүргізіліп отырғандығы, сонымен кімде-кім кадеттермен келісім жасасса, оның өзі социал-демократияға опасыздық істеген болып табылатындығы әбден анықталды. Меньшевиктер енді митингілерде көрінбейтін болды: олар екі-үш жерде кадеттерге ара түсеміз деп әрекеттеніп еді, бірак көріне көзге масқара болды, жалт беріп бұғып қалды. Кадеттердің құйыршықтары — меньшевиктер кәзірдің өзінде-ак есебінен жаңылды. Айтыс майданы большевиктер мен кадеттерге қалды. Бұлардың арасындағы күрес митингілерді қыздырып жіберді. Эсерлер мен трудовиктер кадеттермен келіс сөз жүргізуді қабылдамай отыр. Халықшыл социалистер әрі-сәрі. Большевиктер сайлау күресіне басшылык ете бастауда.

Бұл кезде меньшевиктер қайда болды?

Олар депутаттык үш орын жөнінде кадеттерге сөз салып жүрді. Мұнын өзі кісі иланбайтын нәрсе, бірак мұнын өзі факт, сондыктан біздің міндет — шындықты ашык айту болады.

Большевиктер: кадеттердің гегемониясы жойылсын! дейді.

Ал меньшевиктер **бұл ұранды жаратпайды,** осы арқылы кадеттердің гегемониясына бағынып, солардын соңында құйыршық болып жүр.

Осы аралыкта жұмысшы куриясы бойынша сайлау өткізіледі. **Меньшевиктік аудандардың бәрінде дерлік жұмысшылар эсерлерді өкіл етіп сайлағандығы анықталады.** «Біз кадеттермен келісім жасаушыларға дауыс бере алмаймыз, қалай дегенмен олардан эсерлер артық», — депті, бақсақ, жұмысшылар. Жұмысшылар социал-демократтарды либералдар деп атайды, **сөйтіп**

буржуазияшыл демократтармен, эсерлермен бір болғанды мақұл көреді! Меньшевиктердің оппортунистігі міне осындай халге әкеліп соқтырып отыр!

Большевиктер өздерінің берік тактикасын жүргізе отырып, барлық революцияшыл элементтерді пролетариаттың төңрегіне топтасуға шақырады. Эсерлер мен трудовиктер ашықтан-ашық: кадеттердің гегемониясы жойылсын! деген большевиктік ұранға қосылады. Халықшыл социалистер кадеттерден қол үзіседі. Социал-демократтар мен эсер-трудовиктер арасындағы келісім қайткен күнде де қаражүздіктер жеңерліктей дәрежеде дауысты бөлшектемейтіндігі жұрттың бәріне аян бола бастайды. Не кадеттер, не әсіре солшылдар жеңуге тиіс, — «қаражүздік қауіп» деген — құрғақ қиял.

Сол аралықта кадеттер меньшевиктермен келіс сөзді тоқтатады. Тәрізі, істің сәті түспесе керек. Большевиктер болса эсерлермен, трудовиктермен және халықшыл социалистермен келісім жасасты, кадеттерді оқшау қалдырды, сөйтіп реакция мен кадеттерге қарсы жаппай шабуылға көшті. Петербургте үш бөлек сайлау тізімі: қаражүздіктердің, кадеттердің және әсіре солшылдардың тізімдері жарияланды. Сөйтіп, меньшевиктердің айтқаны келмей, большевиктердің үш тізім болады дегені жүзеге асты.

Пролетариатқа жексұрын көрінген, кадеттердің қолынан нәр татпай қалған, эсерлер мен трудовиктерге келемеж болған, тарих жүзінде масқарасы шыққан меньшевиктер қаруларын тастайды да, әсіре солшылдардың тізімін жақтап, кадеттерге қарсы, дауыс береді. Меньшевиктердің Выборг аудандық комиссиясы:

меньшевиктер эсіре солшылдарды жақтап, кадеттерге қарсы, дауыс береді дегенді ашық айтып отыр.

Ал мұның мәнісі: меньшевиктер «қаражүздік қауіп» бар дегенді бекерге шығарды, олар кадеттермен келісім жасауды теріс деп білді, сөйтіп — кадеттердің гегемониясы жойылсын! деген большевиктік ұранды жақтады деген сөз.

Мұның мәнісі, онан соң: меньшевиктер өз тактикасын теріс деп білді және большевиктердің тактикасын ашық мойындады деген сөз.

Мұның мәнісі, ақырында: меньшевиктер кадеттердің соңында салпақтауын қойып, енді большевиктердің соңынан салпақтап ере бастады деген сөз.

Ақырында, сайлау өткізілді, соның нәтижесінде, Петербург бойынша бірде-бір қаражүздік сайланбаған болып шықты!

Петербургте большевиктік тактика осылай расталды.

Меньшевиктер жеңіліске осылай ұшырады.

„Чвени Цховреба" („Біздің Тұрмыс")[3]
газеті. № 1, 18 февраль, 1907 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Орысшасы грузин тілінен аударылған

КАДЕТТЕРДІҢ САМОДЕРЖАВИЕСІ МЕ ӘЛДЕ ХАЛЫҚТЫҢ САМОДЕРЖАВИЕСІ МЕ?

Революция кезінде өкіметті кім қолға алуға тиіс, қоғамдық-саяси өмірдің тұтқасын қай таптар ұстауға тиіс? — Халық, пролетариат және шаруалар! — деді большевиктер, кәзірде де бұлар осыны айтып отыр. Бұлардың пікірінше, революцияның жеңісі дегеніміз — сегіз сағаттық жұмыс күнін жеңіп алуды, бүкіл помещиктер жерін конфискациялауды, сөйтіп демократиялық тәртіптер орнатуды көздеген пролетариат пен шаруалардың диктатурасы (самодержавиесі) болады. Меньшевиктер халық самодержавиесін жаратпайды және олар осы күнге дейін — өкіметті кімдер қолға алуға тиіс деген сұраққа тіке жауап бермей келді. Ал енді, меньшевиктер кадеттерге қарап анық бет бұрған кезде, — олар: өкіметті пролетариат пен шаруалар емес, кадеттер қолға алуға тиіс дегенді батылдау айтып отыр. Тыңдап қараңыз:

«Пролетариат пен шаруалар диктатурасы дегеніміз... парадокс» (үйлесімсіз нәрсе)... Мұның өзі «эсерлік көзқарастарға бейімделгендік» (қараңыз: меньшевиктік орган «На Очереди»[13] №4; 4—5-беттері, Потресовтың мақаласы).

Рас, аса көрнекті марксист К. Каутский пролетариат

пен шаруалардың диктатурасы қажет екенін ашық айтады, бірақ К. Каутскийдің Потресовпен тайталасарлық шамасы бар ма: Потресовтың нағыз марксист екенін, ал Каутскийдің марксист емес екенін әркім-ақ біледі ғой!

Тағы бір меньшевик мынадай қосымша пікір айтады:

«Жауапты министрлік ұраны өкіметті алу жолындағы күрестің, өкіметті бюрократияның қолынан халықтың қолына әперу жолындағы күрестің ұраны болады» (қараңыз: бұл да сонда, 3-беті. Кольцовтың мақаласы).

Көріп отырсыздар, Кольцовтың пікірінше, жауапты министрлік ұраны халық күресінің ұраны болуға тиіс, ягни пролетариат пен шарулар осы ұран астында күрес жүргізіп, демократиялық республика үшін емес, кадет министрлігі үшін қан төгуге тиіс.

Мінеки, бақсақ, меньшевиктердің: өкіметті халықтың жеңіп алуы деп жүргендері осы екен!

Тек ойлап қараңыз: бақсақ, пролетариат пен шаруалардың диктатурасы зиянды екен, ал кадеттердің диктатурасы пайдалы екен! Біздің көздейтініміз халықтың самодержавиесі емес, кадеттердің самодержавиесі деседі!

Я, я! Меньшевиктерді халық жаулары кадеттер бекер мақтап жүрген жоқ қой!..

„Дро" („Заман")" газеті, № 2,
13 март, 1907 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Орысшасы грузин тілінен аударылған

ПРОЛЕТАРИАТ ҮКІМЕТПЕН КҮРЕСЕДІ, БУРЖУАЗИЯ ҮКІМЕТПЕН ОДАҚТАСАДЫ

«1789 жылғы француз буржуазиясына қарағанда Пруссия буржуазиясы... әуел бастан халыққа опасыздық істеуге және ескі қоғамның тәж киген өкілімен келісім жасауға бейім болған... әйтеуір бір сословиенің дәрежесіне дейін құлдырап кетті».

Пруссия либералдары туралы Қ. Маркс осылай деп жазды.

Ал, шынында да, революцияның әлі де шындап құлаш жаймаған кезінде-ақ, неміс либералдары «жоғарғы өкіметпен» ынтымақтасуға бой ұрды. Олар тезарада осы ынтымағын жүзеге асырды, онан соң үкіметпен бірлесіп, жұмысшылар мен шаруаларға қарсы дүрсе қоя берді. Либералдардың осы екі жүзділігін Қ. Маркстің сондай өткірлікпен, дәл әшкерелегені мәлім:

«Өзіне де сенбейтін, халыққа да сенбейтін, жоғарғыларға қарсы күңкілдегіш, төменгілерден үрейленгіш, осы екі дәрежедегілердің екеуі жөнінде де өзімшіл және өзінің өзімшілдігін пайымдайтын, консерваторлар жөнінде революцияшыл, революионерлер жөнінде консерваторшыл, өзінің меншікті ұрандарына нанбайтын, дүниежүзілік дауылдан қорқатын және соны өз пайдасын көздеп пайдаланатын, күш-

жігер дегеннен құралақан, тұрған бойы плагиат күйінде буржуазия осыған бой ұрды, неге десеңіз оның бойында ешқандай тың қасиет жоқ, оның тың қасиеті өзінің пасықтығында, ол өзімен өзі саудаласады, ынтасы жоқ, дүниежүзілік-тарихи қабілеті жоқ — қарғыс басқан бейне шал... көзсіз, құлақсыз, мұрынсыз — нағыз өлексе, — міне, март революциясынан кейінгі жерде Пруссия мемлекетінің тұтқасын ұстаған Пруссия буржуазиясы осындай күйде еді» (қараңыз: «Жаңа Рейін Газеті»).[15]

Қәзір, орыс революциясының жағдайында, бізде де осы секілді нәрсе байқалып отыр.

Әңгіме мынада: 1789 жылғы француз буржуазиясынан біздің буржуазия да өзгеше. Біздің либералдық буржуазия жұмысшылар мен шаруаларға қарсы, «жоғарғы өкіметпен келісімге келетінін» неміс буржуазиясынан гөрі тезірек және анағұрлым ашық айтты. Либералдық буржуазия партиясы, кәдімгі атышулы кадеттер халықтың сыртынан Столыпинмен әлдеқашан астыртын келіс сөз жүргізе бастады. Бұл келіс сөздердің көздеген мақсаты не, егер шынында да халықтың мүдделерін сатып отырмаған болса, кадеттердің «соғыс-түз» министрімен сөйлесетін қандай әңгімесі бар еді? Осы мәселе жөнінде француз және ағылшын газеттері таяуда: революцияны ауыздықтау үшін үкіметпен кадеттер өзара одақтасқалы отыр деп жазды. Осы астыртын одақтың шарттары мынадай: кадеттер өздерінің оппозициялық талаптарынан бастартуға тиіс, мұның есесіне үкімет бірнеше кадеттерге министрлік орын бермек. Кадеттер ренжіп қалды, — мұның өзі өтірік, десті. Бірақ іс жүзінде, бақсақ, мұның рас екені анықталды, іс жүзінде кадеттердің оңшылдармен

және үкіметпен кәзірдің өзінде-ақ одақ жасасқандығы анықталды.

Думадағы соңғы дауыс беру ісі кадеттердің үкіметпен одақ жасасқанын көрсетпегенде, нені көрсетеді? Фактыларды еске алыңыздар. Социал-демократтар аштыққа ұшыраған шаруалар жөнінде комиссия құруға ұсыныс енгізеді. Олардың көздейтіні, ашыққандарға жәрдем көрсету ісін, депутаттар мен төрешілдерден тыс, халықтың өзі қолға алып, Гурко — Лидвальдардың[16] «ерлік әрекеттерін» халықтың өзі әшкерелесе екен дейді. Бұл әрі дұрыс, әрі көңілге қонымды ұсыныс, өйткені мұның бәрі депутаттардың халықпен байланысын нығайтады, мұның бәрі халықтың тұйық наразылығына саналы сыйпат береді. Шынында кімде-кім халықтың мүдделерін шын көздесе, социал-демократтардың ұсынысын, халыққа пайдалы амал деп, қалайда қуаттаған болар еді. Ал, кадеттер қалай етті, олар социал-демократтарды қуаттады ма? Жоқ! Олар октябристермен[17] және қаражүздіктермен қосыла, социал-демократтардың ұсынысын бірауыздан өткізбей тастады. Кадеттердің лидері Гессен социал-демократтарға: сіздердің ұсыныстарыңызды жүзеге асырған күнде халық қозғалысы туады, сондықтан бұл ұсыныс зыянды, — деп жауап берді (қараңыз: «Парус»[18], № 24). — Мен сіздерге толық қосыламын, кадет мырзалар, сіздердікі дұрыс, — деп Столыпин кадеттерді көтермеледі (мұны да содан қараңыз). Осының нәтижесінде социал-демократтарды тек эсерлер, халықшыл социалистер және трудовиктердің көпшілігі ғана қуаттады.

Сонымен, Дума екі лагерьге: халық қозғалысының жауларының лагеріне және халық қозғалысын жақ-

тайтындардың лагеріне бөлінді. Бірінші лагерьдегілер: қаражүздіктер, октябристер, Столыпин, кадеттер және басқалары. Екінші лагерьдегілер: социал-демократтар, эсерлер, халықшыл социалистер, трудовиктердің көпшілігі және басқалары.

Мұның аты кадеттердің **кәзірдің өзінде-ақ** үкіметпен одақ жасасқандығы емей немене?

Көріп отырсыздар, большевиктердің тактикасы, халыққа опасыздық істеген кадеттерге сенімсіздік тудыратын және соларға қарсы күреске шақыратын тактикасы дұрыс болып отыр.

Бірақ мұның өзі жеткіліксіз. Әңгіме мынада: француз және ағылшын газеттері таратып жүрген, жоғарыда көрсетілген лақаптар толығынан расталуда. Соңғы күндерде астана газеттері «сенімді жерлерден» алынған мәліметтерге сүйеніп, кадеттер үкіметпен келісім жасап та қойыпты деп хабарлап жүр. Сонсын, білсеңіз, бұл келісімнің шарттары тіпті егжей-тегжейіне дейін анықталыпты. Рас, кадеттер мұны мойындамай отыр, алайда бұлары — тек қана фарисейлік, одан басқа түк те емес. Тыңдап қараңыз:

«Аса сенімді жерлерден алынған мәліметтерге сүйеніп, «Сегодня»[19] былай деп хабарлайды: Столыпиннің Мемлекеттік думада сөйлеген кешегі сөзі кадеттер мен октябристер үшін әсте күтпеген нәрсе емес еді. Бұл туралы премьердің, Кутлердің... және оңшыл орталықтан өкіл болып қатысқан Федоровтың арасында бір күн ұдайы алдынала келіс сөздер жүргізілді. Осы кісілердің арасында ақтық келісім «Словоның»[20] редакциясында жасалды; сол жерге Витте азамат та келмекші екен... Келісімнің ұзын ырғасы мынадай: 1) Кадеттер ашықтан-ашық солшыл партиялармен барлық

байланысын үзеді де, Думада айнымас орталық бағыт ұстайды. 2) Кадеттер өздерінің аграрлық программасының бір бөлегінен бас-тартып, оны октябристердің программасына жақындатады. 3) Кадеттер ұлттардың тең праволы болуын уақытша талап етпейді. 4) Кадеттер сыртқы заемды қолдайды. Мұның есесіне кадеттерге мынадай уәде беріліпті: 1) Кадет партиясы тезден жария етіледі. 2)... Кадеттерге: жерге орналастыру және егін кәсібі, халық ағарту, сауда мен өнеркәсіп және заң министрліктерінің портфельдері ұсынылады. 3) Шінара кешірім жасалады. 4) Кадеттердің соғыстүз соттарын жою туралы заң жобасы қуатталады» (қараңыз: «Парус», № 25).

Істің жайы осылай.

Халық күрес жүргізіп жатқан кезде, жұмысшылар мен шаруалар реакцияны күйрету үшін қан төгіп жатқан кезде, кадеттер, халық революциясын ауыздықтау үшін, осы реакциямен одақ жасасып отыр!

Кадет дегендеріңіз міне осындай!

Олардың Думаны «сақтайық» деп жүрген себебі, бақсақ, осы екен!

Ашыққандар туралы комиссия құрылсын деген социал-демократтардың жобасын олардың қуаттамаған себебі осы!

Кадеттердің демократияшылдығы туралы меньшевиктік тезис осылай күйреп отыр.

Меньшевиктердің кадеттерді қолдау тактикасы осылай күйреп отыр: осыдан кейінгі жерде кадеттерді қолдау дегеніміз — үкіметті қолдау деген сөз болады!

Большевиктердің: қысыл-таяң кезеңде бізді шаруалардың, мәселен, эсерлер және басқалары секілді, саналы өкілдері ғана қолдайды деген көзқарасы дұрыс болып отыр.

Кадеттерге карсы күресте оларды біз де қолдауға тиіс екеніміз айқын.

Әлде, мүмкін, меньшевиктер кадеттерді бұдан былай да қолдамақ шығар?..

„Дро" („Заман") газеті, № 6,
17 март, 1907 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Орысшасы грузин тілінен аударылған

Г. ТЕЛИЯ ЖОЛДАСТЫ ЕСКЕ ТҮСІРУ[21]

Қайтыс болған жолдастарды шексіз мақтау біздің партия топтарында әдетке айналып кетті. Әлсіз жақтарын айтпай, жақсы жақтарын асыра дәріптеу — осы күнгі некрологтардың айрықша бір өзгешелігі болып отыр. Мұның өзі, әрине, жөнсіз әдет. Бұл әдетке біздің ергіміз келмейді. Біз Г. Телия жолдас туралы тек шындықты ғана айтсақ дейміз, Телияның шындықта қандай болғанын оқушыға танытсақ дейміз. Міне осы шындықтан біздің білетініміз: Г. Телия жолдас алдыңғы қатарлы жұмысшы ретінде және партия қызметкері ретінде мейлінше мінсіз, партия үшін аса бағалы адам еді. Социал-демократиялық партияға өте-мөте тән қасиеттердің бәрі де: білімге құмарлық, тәуелсіздік, үздіксіз ілгері ұмтылу, табандылық, еңбек сүйгіштік, адамгершілік күш-жігер, — қысқасы осының бәрі де Телия жолдастың бойында бар еді. Пролетарға тән ең жақсы сыйпаттар Телияның бойынан табылушы еді. Мұның өзі асыра дәріптегендік емес. Бізге мұны кәзір оның қысқаша өмір баяны көрсетеді.

Телия жолдас «ғалымдардан» емес еді. Ол өздігінен оқып сауатын ашты, саналы адам болды. Чагани

селосынан кеткеннен кейін (Телияның туған жері Кутаис уезіндегі Чагани селосы еді), ол Тифлистегі бір жеке семьяға үй қызметшісі болып жалданды. Осы арада жүріп-ақ, ол орысша сөйлеуді үйреніп, кітап оқуға құнығып алды. Бірақ үй қызметшісі болып істеу оны тезақ жалықтырды да, көп ұзамай ол теміржол мастерскойларына, ағаш ұсталығы цехына жұмысқа кірді. Осы мастерскойлардан Телия жолдас үлкен тәлім алды. Бұлар оның мектебі болды, осы арада ол социал-демократ болды, осы арада шынығып, табанды күрескер болды, осы жердің өзінде ол қабілетті, саналы жұмысшы ретінде көзге көрінді.

1900 — 1901 жылдарда-ақ Телия алдыңғы қатарлы жұмысшылардың ішінде айтулы басшылардың бірі есебінде көзге түскен еді. 1901 жылы Тифлисте болған демонстрация[22] кезінен бастап Телия жолдас дамыл көрген емес. Жалынды насихат, ұйымдар құру, жауапты жыйналыстарға қатысу, өздігінен социалистік білім алу жөніндегі қажырлы жұмыс, — міне ол өзінің бүкіл бос уақытын осыған жұмсап отырды. Оны полиция қудалады, «қолына шам алып» іздестірді, бірақ мұның бәрі тек оның күреске деген жігері мен ынтасын екі есе арттырды. 1903 жылғы (Тифлистегі) демонстрацияның[23] демберушісі Телия жолдас еді. Полицияның өкшелеп қудалауына қарамастан, ол ту көтерді, ол сөз сөйледі. Осы демонстрациядан кейін-ақ ол біржола құпия жағдайға көшеді. Сол жылдан бастап ұйымның тапсыруы бойынша Закавказьенің әртүрлі калаларына «саяқат» жасай бастайды. Нақ сол жылы, ұйымның тапсыруы бойынша, құпия баспахана орнату үшін ол Батумға жүріп кетті. Бірақ Батум станциясында оны әлгі баспахананың жабдықтары-

мен ұстап тұтқынға алады да, азғана уақыттан кейін Кутаис түрмесіне жөнелтеді. Осы кезден бастап оның «беймаза» өмірінде жаңа дәуір басталады. Түрмеде өткізген бір жарым жыл уақыт Телия үшін құр кеткен жоқ. Түрме оның екінші мектебі болды. Үзбей білім алу, социалистік кітаптарды оқу және айтыстарға қатысу арқылы ол өзінің ақыл-ой дәрежесін едәуір арттырды. Сол жердің өзінде оның революциялық мойымас сыйпаты біржолата өсіп жетілді, оның осы сыйпатына жолдастарының көбі тәнті еді. Бірақ нақ сол түрменің өзі оған ажал таңбасын салды, нақ сол түрменің өзі оны айықпас науқасқа (көкірек ауруына) ұшыратты, сөйтіп осы ауру біздің аяулы жолдасымызды қабырға енгізді.

Телия өзінің денсаулығы қатерлі екенін білетін, бірақ ол бұған алаң болған емес. Тек қана жалғыз нәрсеге — «салтанат құрып, қыймылсыз отыруға» оның жаны төзбеуші еді. «Маған кең алқапта өзімше құлаш жаятын, халық бұқарасын қайтадан көріп, оның құшағына енетін, қызметін істейтін күн қашан туар екен», — деп, түрмеде қамауда отырған жолдас осыны арман етуші еді. Осы арманы орындалды да. Бір жарым жылдан кейін оны Кутаистің «кіші» түрмесіне көшірген кезде, Телия түрмеден дереу қашып кетті де, Тифлистен келіп шықты. Сол кезде партия ішінде жік туған еді. Телия жолдас сонда меньшевиктер жағында болатын, бірақ — меньшевизмді «құран» деп, өздерін — діншілдер деп, большевиктерді — кәпірлер деп есептейтін «басыбайлы» меньшевиктерге ол әсте ұқсас емес еді. Телия өздерін «анадан туа социал-де-

мокрапыз» деп атайтын және, барып тұрған надандар болғансын: біз — жұмысшымыз, бізге біліміңнің керегі жоқ — деп өңешін кере айқайлайтын «алдыңғы қатарлы» жұмысшыларға да ұқсас еместі. Телияның өзгеше бір қасиеті: ол фракциялық фанатизмге мойын сұнбайтын, біреуге көзсіз еліктеушілікті жан-тәнімен жек көретін, сөйтіп барлық жағдайды өз ақылымен танып-білуге талпынатын. Міне сондықтан да, түрмеден қашып шыққаннан кейін, ол дереу кітаптарға ұмтылды: «Екінші съездің протоколдарын», Мартовтың «Қауіпті кезеңін», Лениннің «Не істеу керек?» дегенін, оның «Бір адым ілгерісін» оқыды. Жүзі сарғайып, жүдеген Телияның бас көтермей кітапқа үңіліп отырғанын көрер едің, сонда ол күлімдеп: «Байқасам, большевик я меньшевик болуды шешудің өзі онша оңай емес екен; осы кітаптарды оқып шықпайынша менің меньшевиктігімнің іргесі осал бола бермек» дейтін. Міне сөйтіп Телия жолдас қажетті әдебиетті әбден оқыды, большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы таластарды ақылға салды, бәрін де өлшеп-пішіп көрді, тек содан кейін ғана: «Жолдастар, мен большевикпін, менінше, кімде-кім большевик болмаса, ондай адам марксизмнің революциялық рухына күмәнсіз опасыздық істейді» деді.

Осыдан кейін ол революцияшыл марксизмнің (большевизмнің) апостолы болады. Ұйымның қарары бойынша 1905 жылы ол Бакуге жүріп кетті. Баспахана орнату, аудандық ұйымдардың жұмысын жолға салу, басшы ұйымға қатысу, «Пролетариатис Брдзола»[24] үшін мақалалар жіберіп тұру — міне Телия жолдас ол жерде осындай қызмет істеді. Белгілі сәтсіздік кезінде оны да қамауға алды, бірақ ол мұнан да «сытылып

шықты» да, Тифлиске тартты. Тифлистің басшы ұйымында біраз істегеннен кейін, ол большевиктердің 1905 жылғы Таммерфорста болған бүкілроссиялық конференциясына қатысты. Оның сол конференциядан алған әсерлері қызық-ақ. Ол партияның болашағына зор үмітпен қарайтын және көздері жайнап: осы партия үшін ақтық күшімді аямаймын — деуші еді. Бірақ, Россиядан қайтып келісімен ол төсек тартып жатып қалды да, содан былай бас көтермеді, бақытсыздықтың өзі осы еді. Тек осы жолы ғана ол айтақаларлық әдеби қызметке кірісті. Науқастанып жатқан кезінде ол: «Бізге не керек» (қараңыз: «Ахали Цховреба»»[25]), «Ескі өліктер мен жаңа өліктер» (Арч. Джорджадзеге жауап), «Анархизм және социал-демократия»*, «Бізді бланкистер деп атайтын себебі не» деген және басқа кітапшалар жазды.

Соңғы күндерінде ол бізге кавказдық социал-демократияның тарихы жөнінде кітапша әзірлеп жатқанын жазып еді, бірақ мейірімсіз ажал қажырлы жолдасымыздың қолындағы қаламын мезгілсіз түсіріп тастады.

Телия жолдастың қысқаша, бірақ дауылды өмірінің бейнесі осындай.

Таңғажайып қабілеттілік, сарқылмас жігер, тәуелсіздік, іске шын берілгендік, батырға біткен қайсарлық және апостолдық дарын — осы сыйпаттардың бәрі де Телия жолдастың бойында бар еді.

Телия сияқты адамдар тек пролетариаттың ката-

---

* Соңғы екі кітапша басылған жоқ, өйткені тінту кезінде полицияның қолына түсіп кеткен.

рынан ғана кездеседі, Телия сияқты батырлар тек пролетариаттан ғана шығады, сондықтан нақ сол пролетариат біздің жолдасымызды — **жұмысшы Г. Телияны** — қазаға ұшыратқан қарғыс атқыр құрылыстан өш алуға тырысады.

„Дро" („Заман") газеті, № 10
22 март, 1907 ж.
Қол қойған: К о . . .

Орысшасы грузин тілінен аударылған

АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ ПРОЛЕТАРИАТ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ БЕСІНШІ СЪЕЗІ

Съезге әзірлік жұмысы аяқтап келеді[26]. Фракциялар күштерінің ара салмағы бірте-бірте айқындалып көрінуде. Өнеркәсіпті аудандардың дені большевиктерді қолдайтындығы анықталуда. Петербург, Москва, Орталық өнеркәсіпті аудан, Польша, Прибалтика өлкесі, Орал — большевиктер тактикасының жұртқа сенімді болып отырған жерлері, міне осылар. Кавказ, Каспи маңындағы өлке, Россияның оңтүстігі, «Бунд»[27] ықпалындағы аудандардың кейбір қалалары, «Спилканың»[28] шаруа ұйымдары — меньшевик жолдастардың күш алып отыратын жерлері, міне осылар. Россияның оңтүстігі — меньшевиктер сеніммен пайдаланатын бірден-бір өнеркәсіпті аудан. Меньшевизмнің басқа таяныш пункттері — көбінше ұсақ өндіріс орталықтары.

Меньшевиктердің тактикасы — көбінесе мешеу қалалардың тактикасы екені анықталып отыр; ол қаладағылар революцияның дамуына және таптық санасезімнің өсуіне қырын қарайды.

Большевиктердің тактикасы — көбінесе алдыңғы қатарлы қалалардың, өнеркәсіп орталықтарының тактикасы екені анықталып отыр; бұл жерлерде революцияның ұлғаюына және таптық сана-сезімнің дамуына басты көңіл бөлінеді...

Бір кездері россиялық социал-демократияның ат төбеліндей ғана мүшелері бар еді. Ол кезде оның сыйпаты интеллигенттік сыйпат еді де, пролетариаттың күресіне өзінің әсерін тигізуге дәрменсіз болды. Ол кезде партия саясатын кез келген бір-екі адам жүргізуші еді, партиялық-пролетариат бұқарасының үні естілмеуші еді... Бүгінгі жағдай — мүлде басқаша. Бүгінгі біздің алдымыздағы асқан ұлы партия — **Россиялық Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясы**; оның қатарында 200 000 ға тарта мүшелер бар, ол пролетариат күресіне өзінің әсерін тигізуде, бүкіл Россияның революциялық демократиясын өз төңрегіне жыйнауда, сөйтіп «осы әлемнің мықтыларының» үрейін ұшыруда. Ал осы ұлы партияның өте-мөте асқан ұлы партия және тамаша партия болатын себебі: оны басқару тізгінін кез келген бір-екі «білімпаз адамдар» емес, партия бұқарасының өзі қолға алып отыр. Бұл жағдай Думаға сайлау кезінде, партия бұқарасының өзі, «беделді» Плехановтың ұсынысын былай тастап, кадеттермен «ортақ платформа» жасауды лайықсыз деп тапқан кезде өте-мөте айқын көрінді. Рас, меньшевик жолдастар біздің партияны интеллигенттік партия деп атайды, бірақ бұлай деулерінің себебі: бұл партия өзінің негізгі көпшілігі жағынан меньшевиктік партия еместігінен болуы керек. Бірақ егер 18 миллион пролетар-

лардың ішінде 400 000 ғана мүшесі бар герман социал-демократия партиясы өзін пролетарлық партия деп атауға праволы болса, — Россиядағы 9 миллион пролетарлардың ішінде 200 000 мүшесі бар Россиялық социал-демократия партиясы да пролетарлық партия болып есептелуге праволы...

Сонымен, Россиялық социал-демократия партиясының асқан ұлы партия болатын тағы бір себебі: мұның өзі болашаққа қарай өз жолымен беталып отырған және өзінің бұрынғы «көсемдерінің» сыбысына сын көзімен қарайтын нағыз пролетарлық партия.

Петербургте және Москвада өткен соңғы конференциялар бұған айғақ бола алады.

Екі конфнеренцияда да жұмысшылар мұрындық болды, екеуінде де барлық делегаттардың оннан тоғызы жұмысшылар болды. Екі конференция да Плеханов сияқты «ескі көсемдердің» ескірген, қыйсынсыз «нұсқауларын» қабыл алмады. Екі конференция да жалпыға жарыя етіп большевизм қажет деп таныды. Осы арқылы Москва мен Петербург меньшевиктік тактикаға сенбестік білдіріп, кәзіргі революцияда пролетариаттың гегемониясын қажет деп таныды.

Петербург пен Москваның атынан бүкіл саналы пролетариат сөйлеп отыр. Москва мен Петербург басқа қалаларға жетекші болып отыр. Январьдағы және октябрьдегі қыр көрсетулер кезінде Москва мен Петербург нұсқау беріп отырды, даңқты декабрь күндерінде қозғалысқа осылар басшылық етті. Болашақ революциялық тегеурінге дабыл берушілер де осылар болатындығында күмән жоқ.

Ал Петербург пен Москва большевизмнің тактикасын қолданады. Большевизмнің тактикасы — бірден-бір пролетарлық тактика, — бұл қалалардың жұмысшылары Россияның пролетариатына міне осыны айтып отыр...

„Дро" („Заман") газеті, № 25,
8 апрель, 1907 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Орысшасы грузин тілінен аударылған

ШЫМ-ШЫТЫРЫҚ...

«Лахваридегі»[29] «публицистер» өз тактикасын әлі күнге дейін ешбір белгілемей-ақ қойды. Бірінші номерінде олар: біз кадеттердің өздерін емес, тек кадеттердің «прогрестік адымдарын» ғана қолдаймыз деп жазды. Біз мұның өзі кісі күлерлік софизм екенін көрдік, өйткені меньшевиктер Думаға сайланғалы отырған кадеттердің «адымдары» үшін ғана емес, кадеттердің өздеріне де дауыс берді; олар Думаға кадеттердің «адымдарын» ғана емес, кадеттердің өздерін де өткізді; олар Думаның председательдігіне кадеттің «адымдарын» ғана емес, өзін де өткізді, — осының бәрі меньшевиктердің кадеттерді қолдаған фактысын айқын сыйпаттайды. Мұның айқын екені, меньшевиктердің кадеттерді қолдау туралы көп сөз қылғаны сондай, бұл фактыны мойындамаудың өзі тек күлкінді ғана келтіріп жүрді.

Енді олар сәл ғана «ойланып», басқаша әнге басты: рас, «сайлау кезінде біз кадеттерді қолдадық» (қараңыз: «Лахвари», № 3), бірақ бұл тек сайлау кезінде ғой, оның есесіне біз Думада кадеттерді емес, тек қана олардың «адымдарын» қолдаймыз, ал сіздер «Дума-

дағы тактиканы сайлау кезіндегі тактикадан ажыратпай отырсыздар» деседі. Біріншіден, Думада сені ақмақтықтан аман сақтайтын, ал сайлау кезінде саған ақмақтық жөн сілтейтін «тактика» өте ерсі-ақ. Екіншіден, меньшевиктердің Думаның председателі етіп кадетті өткізгені рас емес пе? Кадетті председатель етіп өткізгенді қандай тактика деу керек: «Думадағы тактика» дейміз бе әлде Думадан тыс тактика дейміз бе? Біздіңше Головинді көшенің председателі етіп көшеде өткізген жоқ, Думаның председателі етіп Думаның өзінде өткізді.

Анығында меньшевиктер Думадан тыс қандай тактика жүргізсе, Думаның өзінде де сондай тактика жүргізді. Бұл тактика дегеніңіз — кадеттерді қолдау тактикасы. Егер кәзір олар мұны мойындамай отырған болса, оның себебі: өздері шым-шытырықтың құрбандығы болды.

Кадеттерді қолдау дегеніміз кадеттердің атағын шығару деген сөз емес, олай десеңіздер, эсерлерді қолдаймыз деп, өздеріңіз де сол эсерлердің атағын шығарып жүрсіздер, — дейді «Лахвари». Осы «лахваристердің» масқарапаздығы-ай! Социал-демократияның тарапынан берілген қолғабыс атаулының қандайы болса да соның өзі қолдап отырған партияның атағын шығаратындығына олардың, бақсақ, ақылы жетпейді екен. Сондықтан да олар эралуан «қолғабыс» жөнінде уәделерін аямай бере берді... Я, сүйікті жолдастар, эсерлерді қолдай отырып, социал-демократия халықтың алдында эсерлердің атағын шығарады, дәл сондықтан да мұндай қолғабысқа **тек бірден-бір шара есебінде ғана және кадеттерді жеңу амалы есебінде ғана** жол беруге болады. Эсерлерді қолдау дегені-

міз — эсте идеал емес, мұның өзі кадеттерді ауыздықтау үшін қолданылатын амалсыз машақат. Сіздер жұмысшылар мен шаруаларды сататын кадеттердің өздерін қолдап келдіңіздер, ал кадеттерден эсерлердің артықшылығы, бұлар революцияға қосылады...

«Айталық, кадеттер жалпыға бірдей сайлау правосын талап етіп отыр. Мұның өзі онда үлкен машақат болады екен де, өйткені бұл кадеттік талап қой» (мұны да содан қараңыз).

Түу, неткен масқарапаздар! Біліп қойыңыз: жалпыға бірдей сайлау правосы дегеніңіз — мұның өзі, бақсақ, «кадеттік талап» екен! Жалпыға бірдей сайлау правосы кадеттердің талабы емес, революцияшыл демократияның талабы екенін, бұл талапты социал-демократия басқалардың бәрінен гөрі табанды түрде қорғайтынын Тифлис меньшевиктері, бақсақ, білмейтін көрінеді! Жоқ, жолдастар, егер сіздер тіпті кадеттердің революцияшыл демократтар емес екенін де түсінбейтін болсаңыздар; егер сіздер кадеттерге қарсы, пролетариаттың гегемониясын нығайту жолындағы күрес — біз үшін бүгін таңдағы мәселе екенін де ұқпайтын болсаңыздар; егер сіздер кеше не айтқандарыңызды және бүгін не айтып жүргендеріңізді пайымдауға да дәрменсіз болсаңыздар, — онда қаламүшті жайына қойып, ең әуелім шым-шытырықтан сытылып шыққандарыңыз мақұл, тек содан кейін ғана «сынды» қолға алғандарыңыз жөн...

Думаның атымен ант етеміз, сөйткендеріңіз дұрыс...

„Дро" („Заман") газеті, № 25,
10 апрель, 1907 ж.
Мақалаға қол қойылмаған
Орысшасы грузин тілінен аударылған

БІЗДІҢ ҚАВКАЗДЫҚ МАСҚАРАПАЗДАР

Біздің мақалаларымыз жөнінде меньшевиктік газет «Лахвари» қаһарын төгіп отыр — тағылған айып нысанаға дәл тисе керек. Мұның өзі, әрине, өте тамаша көрініс...

Мұның мәнісі қалай?

Біз: Думаның оңға қарай бет бұруы бізге таңданарлық нәрсе емес деп жазғанбыз. Неге? Неге десеңіз: Думада либералдық буржуазия үстемдік етіп отыр, ал осы буржуазия үкіметпен одақтасып, жұмысшылар мен шаруалардан безіп отыр. Думаның әлсіздігі — осыдан. Ал егер жұмысшылар мен революцияшыл шаруалар революцияға қас Думаның соңынан ермей отырса, ал егер олар да Думадағы көпшіліктен кетіп отырса, — онда мұның мәнісі он сегізінші ғасырдағы Франция халқынан гөрі біздің халық саналырақ деген сөз. Думаның тағыда бір әлсіздігі — осыдан. Думаның әлсіздігін және оның оңға қарай бет бұрған себебін біз осылай түсіндіргенбіз.

Бақсақ, осы түсініктен кейін біздің меньшевиктердің зәресі зәр түбіне кетіпті, енді олар үрейленіп байбалам салуда:

«Жоқ, егер большевиктердің түсінігі дұрыс болған болса, ол кезде біз лажсыздан қолды бір-ақ сілтеп: орыс революциясының құрып біткені дер едік» (қараңыз: «Лахвари», № 6).

Байғұстар! Олар өздерінің революцияшылдығына кадеттердің революцияшылдығына сенгендей берік сенбейді! Либералдар революцияға опасыздық істеген екен, — демек, революцияның әлсірегені! Жұмысшылар мен революцияшыл шаруалар, бақсақ, бұларша түк емес көрінеді. Егер бұдан артыққа пайымдарың жетпесе, өз сорларың да!

Олар тіпті өз қарабастарына да сенімді емес. Мәселен, бұдан бір жарым жыл бұрын, «Схиви»[30] газетінде, нақ сол меньшевиктер басқаша жазған еді:

«Декабрьдегі стачка буржуазияны революциядан бездіріп, оны консерваторлық жолға түсірді. Бұдан былайғы жерде революция либералдарға қарсы бағытта дамуға тиіс. Бұған революцияның күші жете ме? Мұның өзі, революцияның қозғаушысы болатын кім, соған байланысты. Әлбетте, бұл арада да революцияның көсемі пролетариат болып табылады. Күшті және сенімді одақтасы болмаса, пролетариаттың жалғыз өзі революцияны жеріне жеткізе алмайды, ал оның мұндай одақтасы болатын тек қана шаруалар» (қараңыз: «Схиви», № 12).

Я, меньшевиктер, социал-демократияның көзқарасын жақтап жүрген кездерінде, осылай деген еді...

Ал енді, социал-демократияға теріс қарап кеткен кездерінде, олар басқаша әнге басып: революцияның белі, құтқарушылары либералдар деп жарыялап жүр.

Осыдан кейін де олар шіміріқпестен: Кавказ меньшевиктері масқарапаздар емес, олар өздерінің кадеттік сыйқын жасыру үшін социал-демократияның киім-

дерін жамылып жүргендер емес деп бізді сендірмек болады!

«Бірінші Думада, — дейді меньшевиктер, — кадеттердің батылдау қыймылдап, Дума алдында жауапты министрлікті, тағы тағыларды талап еткен себебі не? Дума қуылған күннің ертеңінде кадеттердің Выборг үндеуіне қол қойғанын не деп түсіндіру керек?

Олар бүгін неге олай етпейді?

Бұл сұрауға большевиктердің саяси философиясы **жауап бермейді және бере алмайды да»** (мұны да содан қораңыз).

Өздеріңді босқа жұбатасыңдар, қорқақ жолдастар. Біз бұл сұрауға әлдеқашан жауап бергенбіз: кәзіргі Думаның әрсіз болатын себебі: пролетариат кәзір бірінші Дума дәуіріндегіден гөрі саналы және нық біріккен, сондықтан либералдық буржуазияны реакцияның тарапына итермелеп отырған да осы жағдай. Ендігәрі естеріңде болсын, либералшыл жолдастар: **пролетариат неғұрлым саналы түрде күрессе, буржуазия соғұрлым контрреволюцияшыл бола береді.** Біздің беретін түсінігіміз осындай.

Ал сіздер екінші Думаның әрсіздігін не деп түсіндіресіздер, сүйікті жолдастар?

Мәселен, «Лахваридың» 4-номерінде сіздер: Думаның әлсіздігіне, оның әрсіз болуына «халықтың санасыздығы және ұйымдаспағандығы» кінәлі деп жазасыздар. Сіздердің айтуларыңызша, бірінші Дума анағұрлым «батыл» еді, — демек, ол кезде халықтың «саналы және ұйымшыл» болғаны ғой. Екінші Дума анағұрлым әрсіз, демек, быйылғы жылы халықтың «саналылығы мен ұйымшылдығы» былтырғыдан гөрі кем, — демек, революция жұмысының және халық саналылығының өспей, кері кетіп отырғандығы ғой! Сіздердің

өйтайын дегендеріңіз осы емес пе, жолдастар? Өздеріңіздің кадеттерге ауғандарыңызды осы арқылы ақтамақ болып отырған жоқсыздар ма, сүйіктілер?

Егер бұдан былай да масқарапаз болып қаламыз десеңдер, өз сорларың, өздеріңнің шатасқан «логикаларыңның» соры...

„Дро" („Заман") газеті, № 29,
13 апрель, 1907 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Орысшасы грузин тілінен аударылған

ДУМАНЫҢ ҚУЫЛУЫ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Екінші Дума қуылды[31]. Ал оны жайдан-жай қуған жоқ, дәлме-дәл бірінші Думаны қуғандағыдай — айқай-шумен қуды. Мұнда фарисей патшаның қуу жөнінде «шын өкініш білдіріп» шығарған «қуу манифесі» де бар. Жұмысшылар мен шаруалардың сайлау праволарын жоққа шығаратын «жаңа сайлау заңы» да бар. Тіпті Россияны «жаңарту» жөнінде, әрине, атып-асу және үшінші Дума арқылы «жаңарту» жөнінде, берілген уәделер де бар. Қысқасы, мұнда кешегі бірінші Думаны қуардағы жағдайлардың бәрі де бар. Патша бірінші Думаны қуғандағысын қысқаша қайталады...

Ал патша екінші Думаны тектен текке және ешбір мақсатсыз қуған жоқ. Патша Дума арқылы шаруалармен байланыс жасауды, оларды пролетариаттың одақтасынан үкіметтің одақтасына айналдыруды көздеп еді, сөйтіп, пролетариатты жалғыз қалдырып, оны шеттетіп, революция ісін бүлдіруді, оның жеңуін мүмкін емес нәрсе етуді көздеп еді. Бұл үшін үкімет қараңғы шаруалар бұқарасының арасында әзірінше біраз ықпа-

лы бар либералдық буржуазияның жәрдеміне арқа сүйеп, нақ сол буржуазия арқылы сан миллион шаруалармен байланыс жасамақ еді. Үкімет екінші Мемлекеттік думаны осылай пайдаланбақ еді.

Бірақ керісінше болып шықты. Екінші Думаның алғашқы мәжілістерінде-ақ шаруалардың тек үкіметке ғана емес, сонымен бірге либералдық буржуалардың депутаттарына да сенбейтінідігі мәлім болды. Дауыс берудің бірсыпыра кезеңдерінде бұл сенбестік өсе түсті де, ақыр соңында барып либералдық буржуазияның депутаттарына ашықтан-ашық өшігуге айналды. Сонымен, үкімет либералдардың төңрегіне, либералдар арқылы — ескі өкіметтің төңрегіне шаруа депутаттарын топтай алмады. Үкіметтің ниеті — Дума арқылы шаруалармен байланыс жасап, пролетариатты шеттету ниеті — іске аспай қалды. Керісінше: шаруа депутаттары пролетариат депутаттарының төңрегіне, социал-демократтардың төңрегіне барған сайын нық біріге түсті. Ал олар либералдардан, кадеттерден неғұрлым қашықтаған сайын, социал-демократиялық депутаттарға соғұрлым үзілді-кесілді жақындай берді. Ал мұның өзі Думадан тыс шаруаларды пролетариаттың төңрегіне топтастыру ісін едәуір жеңілдетті. Демек, іс жүзінде шаруалардан пролетариат емес, либералдық буржуазия мен үкімет шеттетілді, — пролетариат сан миллион шаруаларды өз маңына нық біріктіре берді — демек, үкіметтің көздегеніндей революцияның ісіне емес, қайта контрреволюцияның ісіне кедергі келді. Сол себепті екінші Думаның өмір сүруі үкімет үшін барған сайын қауіпті бола берді. Сондықтан үкімет Думаны «таратты».

Ал шаруалардың пролетариатпен жақындасу ісіне ойдағыдай кедергі жасау үшін, қараңғы шаруа бұқаларын социал-демократтарға өшіктіріп, оларды өз төңрегіне топтастыру үшін үкімет екі түрлі шара қолданды.

Біріншіден, үкімет социал-демократтардың Думадағы фракциясына келіп жабысты, жедел көтеріліс жасауға шақырды деп фракция мүшелеріне өтірік айып тақты, сөйтіп, оларды Думаның қуылуы жөніндегі басты айыптылар етіп көрсетті. Сүйікті шаруаларау, біз сендердің «Думашықтарыңды» қумаған да болар едік, бірақ социал-демократтар көтеріліс жасаймыз деп бізге қыр көрсетті, сондықтан біз оны «таратуға» мәжбүр болдық десті.

Екіншіден, үкімет «жаңа заң» шығарды, осы заң бойынша шаруа сайлаушылары санының жартысын кемітті, помещик сайлаушыларының санын сонша есе көбейтті, соңғылардың жалпы жыйналыстарда шаруалардан депутаттар сайлауына ерік берді, жұмысшылардан белгіленетін сайлаушылар санының да жартысына жуығын кемітті (237 сайлаушы орнына — 124), сайлаушыларды «жер жағдайына, иемденетін цензілерінің тегіне және ұлтына қарай» қайта бөлуге үкімет өзін праволы етті, сайлау үгітін еркін жүргізу мүмкіндігінің бәрін де жойды т. т., т. с. Үкіметтің осылай еткендегі мақсаты: жұмысшылар мен шаруалардың революцияшыл өкілдерін үшінші Думаға жібермеу; оны помещиктер мен фабриканттардың либералдық және реакцияшыл өкілдерімен толтыру; шаруалардан, олардың өз қалауынан тыс, аса консерваторшыл де-

путаттарды өткізуге мүмкіндік жасап, шаруалардың өкілдігін бұрмалау, сонымен, пролетариаттың өз төңрегіне қалың шаруа бұқараларын ашықтан-ашық топтастыру жөніндегі мүмкіндігін жою,— демек, өзінің шаруалармен ашықтан-ашық жақындасуына мүмкіндік жасау еді.

Екінші Мемлекеттік думаны куудың жай-мәнісі осындай.

Либералдық буржуазия осының бәріне түсіне қойса керек, өздерінің кадеттері арқылы үкіметтің дегенін істеп отыр. Екінші Думаның кезінде-ақ либералдық буржуазия ескі үкіметпен ынтымақтасқан болатын, сөйтіп шаруа депутаттарының алдында құйтыланып, пролетариатты шеттетуге тырысып еді. Қуғын алдында кадеттердің лидері, Милюков, өз партиясын: күш біткеннің бәрін де «Столыпин үкіметінің» төңрегіне топтастырып, сонымен келісім жасасып, революцияға қарсы, атап айтқанда пролетариатқа қарсы соғыс жариялауға шақырды. Ал кадеттердің екінші лидері, Струве, қуғыннан кейінгі кездің өзінде, социал-демократия депутаттарын үкіметке «ұстап беру идеясын» қорғады, кадеттерді ашықтан-ашық революцияға қарсы күрес жолына түсуге, контрреволюцияшыл октябристермен бірігуге және, беймаза пролетариатты шеттетіп, онымен күрес жүргізуге шақырды. Кадет партиясы үндемей отыр, — демек, өзінің лидерлеріне қосылғаны ғой.

Әлбетте, либералдық буржуазия қәзіргі кезеңнің мейлінше маңызды екенін түсінеді.

Ендеше пролетариаттың алдына патша өкіметін құлату міндеті де бұрынғыдан айқын қойылып отыр. Ой-

лап қараңызшы. Бірінші Дума болды. Онан соң екіншісі де болды. Бірақ екеуі де революция мәселелерінің бірде бірін «шешпеді» — «шешуге» дәрменсіз де еді. Бұрынғы қалыпта: шаруалар жерсіз, жұмысшылардың сегіз сағаттық жұмыс күніне, барлық азаматтардың саяси бостандыққа қолдары жетпей қалып отыр. Неге? Неге десеңіз: патша өкіметі әлі өлген жоқ, ол, бірінші Думадан соң екіншісін қудалап, әліде өмір сүріп келеді, ол контрреволюцияны ұйымдастырып, революцияның күштерін ыдыратуға, сан миллион шаруаларды пролетарлардан бөліп тастауға тырысуда. Оның бер жағында, революцияның астыртын күштері — қалалардағы дағдарыс пен деревнялардағы аштық — жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқараларын барған сайын қаттырақ қобалжыта түсіп, революциямыздың негізгі мәселелерін шешуді барған сайын батыл түрде талап ете отырып, өз жұмысын тынбай жүргізуде. Патша өкіметінің күшеюі тек дағдарысты шиеленістіріп отыр. Либералдық буржуазияның әрекеттері — шаруаларды пролетарлардан бөліп тастау әрекеттері — тек революцияны күшейтіп отыр. Патша өкіметін құлатпайынша және Бүкілхалықтық Құрылтай Жыйналысын шақырмайынша жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқараларын қанағаттандыру мүмкін емес екендігі айқын. Тағы бір сондай айқын нәрсе: патша өкіметіне және либералдық буржуазияға қарсы тек шаруалармен ғана одақтасып, революцияның негізгі мәселелерін шешуге болады.

Патша өкіметін құлатып, Бүкілхалықтық Құрылтай Жыйналысын шақыру керек — екінші Думаның қуылуы бізді міне осындай нәрселерге итермелеп отыр.

Опасыз либералдық буржуазияға қарсы соғыс жүргізіп, шаруалармен берік одақ жасасу керек — екінші Думаның қуылуы бізге міне осыны айтып отыр.

Пролетариаттың міндеті — саналы түрде осы жолға түсіп, революцияның көсемі ретіндегі өз ролін абироймен атқару болып табылады.

„Бакинский Пролетарий“ газеті, № 1, 20 июнь, 1907 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ЛОНДОНДАҒЫ СЪЕЗІ

(Делегаттың жазып алғандары)[32]

Лондондағы съезд аяқталды. Либералдық жазушы-сымақтардың, әралуан Вергежскийлер[33] мен Кусковалардың[34] күткендері болмады, — съезд жік тудырған жоқ, қайта партияны бұрынғыдан да тығыз топтастырып, бүкіл Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларын бөлінбес бір партияға бұрынғыдан да нық біріктіре түсті. Мұның өзі нағыз бүкілроссиялық бірігу съезі болды: өйткені бұған біздің польшалық, бундалық және латыш жолдастар тұңғыш рет аса көп келді, бұлар партия съезінің жұмысына тұңғыш рет белсене қатысты, демек, тұңғыш рет өз ұйымдарының тағдырын бүкіл партияның тағдырымен байланыстырды. Бұл жағынан алғанда Лондондағы съезд Россиялық Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясын топтастырып, нығайту ісін едәуір ілгері бастырды.

Лондондағы съездің бірінші және маңызды нәтижесі осындай.

Бірақ Лондондағы съездің маңызы мұнымен тынбайды. Әңгіме мынада: әлгі либералдық жазушы-сымақтардың тілегі болмай, съезд «большевизмнің» жеңуімен, революцияшыл социал-демократияның біздің партиядағы оппортунистік бағытты, «меньшевизмді»

жеңуімен аякталды. Біздің революциядағы әралуан таптар мен партиялардың рөлі туралы және оларға біздің көзқарасымыз туралы мәселе жөніндегі біздегі алауыздықтар, әрине, жұрттың бәріне мәлім. Тағыда бір белгілі нәрсе сол — партияның ресми орталығы, өзінің құрамы жағынан меньшевиктік орталығы, бір қыдыру сөздерінде бүкіл партияға қайшы келіп отырды. Мына оқыйғаларды-ақ еске алыңыздаршы: Орталық Комитет жауапты кадет министрлігі туралы ұран тастап еді, бірінші Дума кезінде партия мұны қабыл алмады; тағыда сол Орталық Комитет бірінші Дума қуылғаннан кейін «Думаның сессиясын қайта жүргізу» туралы ұран тастап еді, партия мұны да қабыл алмады; Орталық Комитет бірінші Думаның қуылуына қарсы жаппай ереуіл жасау жөнінде белгілі үндеуін шығарды, партия мұны да қабыл алмады... Осы қолайсыз жағдайға тыйым салу қажет болды. Бұл үшін ең алдымен партияның оппортунистік Орталық Комитетті жеңудегі нақты табыстарына, партиямыздың өткен жыл бойындағы ішкі даму тарихының маңызын арттырған жеңістеріне қортынды жасау да қажет болды. Міне сондықтан Лондондағы съезд революцияшыл социал-демократияның барлық осы жеңістеріне қортынды жасады, сөйтіп оның жеңісін баянды етіп, осы социал-демократияның тактикасын қабылдады.

Демек, ендігі жерде партия социалистік пролетариаттың бұлжымас таптық саясатын жүргізетін болады. Пролетариаттың қызыл туы ендігәрі либерализм ділмарларының алдында иілмейтін болады. Пролетариатқа жараспайтын интеллигенттік тұрлаусыздыққа өлтіре соққы берілді.

Біздің партияның Лондондағы съезінің екінші нәти-

жесі, маңызы жағынан кем түспейтін нәтижесі осындай.

Бүкіл Россиядағы алдыңғы қатарлы жұмысшылар революцияшыл социал-демократияның туы астына бүкілроссиялық біртұтас партия болып іс жүзінде бірікті — Лондондағы съездің мағнасы осындай, оның жалпы сыйпаты осындай.

Енді съезді толығырақ сыйпаттауға көшейік.

I

СЪЕЗДІҢ ҚҰРАМЫ

Съезге небәрі 330 шамасы делегат қатысты. Олардың 302 сі — 150 000 нан астам партия мүшелерінің өкілдері — шешуші дауыспен, басқалары — кеңесші дауыспен қатысты. Фракцияларға қарай бөлгенде: (тек қана шешуші дауыстылары) 92 большевик, 85 меньшевик, 54 бундышы, 45 поляк және 26 латыш.

Съездің мүшелерін әлеуметтік жағдайлары жағынан алып қарағанда (жұмысшылары және жұмысшы еместері) съезге келгендер мыналар еді: дене еңбегіндегі жұмысшылардың небәрі 116; конторщиктер мен приказчиктер — 24; басқалары — жұмысшы еместер. Оның бержағында дене еңбегіндегі жұмысшылардың фракциялар бойынша есебі мынадай болды: большевиктік фракцияда — 38 (36 процент); меньшевиктік фракцияда — 30 (31 процент); поляктарда—27 (61 процент); латыштарда — 12 (40 процент); бундышыларда — 9 (15 процент). Ал профессионал революционерлердің фракциялар бойынша есебі мынадай еді: большевиктік фракцияда — 18 (17 процент); меньшевиктік фракцияда — 22 (22 процент); поляктарда — 5 (11 про-

цент); латыштарда — 2 (6 процент); бундышыларда — 9 (15 процент).

Осы санаққа бәріміз де «қайран қалдық». Бұл қалай? Меньшевиктер — біздің партияны интеллигенттерден құралған деп тым көп даурығып жүруші еді, олар большевиктерді интеллигентсіндер деп күндіз, түні сөгуші еді, олар барлық интеллигенттерді партиядан қуамыз деп қоқан-лоққы жасаушы еді, олар ылғый профессионал революционерлерді сынап-мінеп келің еді, — енді кенеттен олардың фракциясындағы жұмысшылардың саны «интеллигент» — большевиктердегіге қарағанда анағұрлым аз болып шықты! Олардағы профессионал революционерлер большевиктердегіге қарағанда анағұрлым көп болып шықты! Бірақ біз меньшевиктердің айқайын: «әркім ауырған жерін айтып ойбай салады» деп түсіндірдік...

Делегаттардың «жер жағдайына» лайық бөлінуін алып қарағанда съездің құрамы туралы цифрлар бұдан да қызғылықты. Меньшевиктік делегаттардың дені көбінше шаруа және қолөнеркәсібі аудандарынан, Гуриядан (9 делегат), Тифлистен (10 делегат), кішіроссиялық шаруа ұйымы «Спилкадан» (12 делегат болуы керек), Бундыдан (орасан көпшілігі — меньшевиктер) және, әлде қалай, Дон бассейнінен (7 адам) жіберіліп отыратындығы анықталды. Ал большевиктік делегаттардың дені кілең ірі өнеркәсіпті аудандардан: Петербургтен (12 делегат), Москвадан (13 немесе 14 делегат), Оралдан (21 делегат), Иваново-Вознесенскіден (11 делегат), Польшадан (45 делегат) жіберіліп отырады.

Сірә, большевиктердің тактикасы ірі өнеркәсіптегі пролетарлардың тактикасы, тап қайшылықтары өте-

мөте шиеленісіп, тап күресі өте-мөте қызу жүргізілетін аудандардың тактикасы екендігі айқын болар. Большевизм — мұның өзі нағыз пролетарлардың тактикасы.

Екінші жағынан, бұдан кем емес тағы бір айқын нәрсе: меньшевиктердің тактикасы әсіресе қолөнеркәсібі жұмысшылары мен шаруалардан шыққан шала пролетарлардың тактикасы, тап қайшылықтары онша шиеленіспеген және тап күресі бүркеулі жатқан аудандардың тактикасы. Меньшевизм — мұның өзі пролетариаттың шала буржуазиялық элементтерінің тактикасы.

Келтірілген цифрлар осыны сыйпаттайды.

Ал мұның мәнісін түсіну қыйын емес: либералдық буржуазиямен одақ жасасу туралы лодзілік, москвалық немесе иваново-вознесенскілік жұмысшылардың арасында шындап сөз қылуға болмайды, өйткені нақ сол либералдық буржуазияның мүшелері жұмысшыларды жұмыстан қуу арқылы және жаппай локауттар арқылы қайта-қайта «жазалап», оларға қарсы аяусыз күрес жүргізіп отыр ғой — ондай жерде меньшевизм өзіне ниеттестер таба алмайды, ондай жерде большевизм керек, бітіспес пролетарлық тап күресінің тактикасы керек. Ал енді керісінше, гуриялық шаруаларға немесе әйтеуір бір шкловтық қолөнершілерге тап күресінің идеяларын ұғындыру аса қыйын, өйткені олар тап күресінің жанға батарлық үздіксіз соққыларын сезбейді, сондықтан «жалпы жауға» қарсы келісім жасаудың қандайынан болса да тартынбайды — ондай жерде әзірінше большевизм керек емес, ондай жерде меньшевизм керек, өйткені ол жерлерде келісім жасасу, ынтымаққа келу дегендеріңіз әдетке айналып кеткен.

Съездің ұлт-ұлтқа бөлінуі жөніндегі құрамы да сондай қызғылықты. Санақ бойынша меньшевиктік фракциядағылардың көпшілігі еврейлер (әрине, бундышыларды қоспағанда), онан кейін грузиндер, сонан соң орыстар. Оның есесіне большевиктік фракциядағылардың орасан көпшілігі орыстар, онан кейін еврейлер (әрине, поляктар мен латыштарды қоспағанда), сонан соң грузиндер т. т. Бұл жөнінде большевиктердің бірі (сірә Алексинский[35] жолдас болар) әзілдеп: меньшевиктер — еврейлер фракциясы екен, ал большевиктер— нағыз орыс фракциясы, ендеше біздер, большевиктер, партия ішінде еврейлік қырғын жасасақ қайтеді, дегенді айтты.

Фракциялардың құрамы неліктен бұлай екенін түсіндіру қыйын емес: большевизмнің ту тіккен жерлері көбінше ірі өнеркәсіпті аудандар, Польшадан басқасы кілең орыс аудандары, ал меньшевиктік аудандар ұсақ өндірісті аудандар, сонымен бірге еврейлердің, грузиндердің, т. с. аудандары.

Ал съезде көрінген ағымдарды алсақ, мынаны айту керек: съездің ресми түрде 5 фракция (большевиктер, меньшевиктер, поляктар, т. т.) болып бөлінуі принциптік сыйпаты бар мәселелерді (пролетарлық емес партиялар туралы, жұмысшы съезі туралы мәселе т. б.) талқылағанға дейін ғана белгілі күшін, онда да марлымсыз күшін сақтады. Принципті мәселелерді талқылаған кезден бастап ресми түрде топ-топқа жіктелудің өзі іс жүзінде жайына қалды да, дауыс беру кездерінде съезд ылғый 2 бөлімге: большевиктер мен меньшевиктерге бөлініп отырды. Ал центрист немесе батпақ деп аталып жүргендер съезде болған жоқ. Троцкий тек «керексіз әсем зат» болып қалды. Бұл жерде поляк-

тардың бәрі ашықтан большевиктерге қосылды. Латыштардың орасан көпшілігі де ашықтан большевиктерді қолдап отырды. Іс жүзінде делегаттарының орасан көпшілігі әрдайым меньшевиктерді қолдап отырған Бунд ресми түрде барып тұрған екүшті саясат жүргізді, мұның өзі бір жақтың күлкісін келтіріп, екінші жақтың ызасын қоздырып отырды. Роза Люксембург жолдас Бундының осы саясатына өткір-көркем тілмен дәл мінездеме беріп, былай деді: Бундының бұл саясаты бұқараға ықпалын жүргізерлік есейген саяси ұйымның саясаты емес, бұл — ылғый аңысын аңдап, көзін тігіп қарап: бәлкім ертең қант арзандар деп дәмеленіп күтетін саудакүнемдердің саясаты. Бундышылардан тек 8 — 10 делегат қана большевиктерді қолдап отырды, онда да әрқашан емес.

Жалпы алғанда басым күш, айтақаларлықтай дәрежедегі басым күш большевиктер жағында болды.

Сонымен, үзілді-кесілді большевиктік сыйпаты болмағанмен де, съезд большевиктік съезд болды. Меньшевиктік қарарлардан тек партизандық қыймылдар туралы қарар ғана өтті, онда да тіпті кездейсоқ қабылданды: өйткені большевиктер бұл жолы таласқа түспеді, дұрысын айтқанда таласты жеріне жеткізуден тартынды, ондағы ниеті тек «меньшевиктердің тым болмаса бір рет көңлі көншісін» дегендік еді...

II

КҮН ТӘРТІБІ. ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЕСЕБІ. ДУМАДАҒЫ ФРАКЦИЯНЫҢ ЕСЕБІ

Съездегі саяси ағымдар жағынан алып қарағанда съездің жұмыстарын 2 ге бөлуге болар еді.

Бірінші бөлімі: съездің күн тәртібі, Орталық Коми-

теттің,есептері және Думадағы фракцияның есебі сияқты формалды мәселелер жөніндегі, саяси терең мағнасы бар, бірақ фракциялардың бірінің «абройына», фракциялардың бірі «ренжіп қалмаса екен», «жік тумаса екен» деген пікірге байланысты яки байланысты болатын, — сондықтан да формалды мәселелер делінетін, — мәселелер жөніндегі жарыссөздер. Съездің бұл бөлімі аса қызу өтіп, уақыттың ең көбін жеп қойды. Бұлай болған себебі: «мораль» жағын көздеушілік («ренжіп қалмаса екен» деушілік) дегеннің өзі принцип жағын көздеушілікке ырық бермеді, демек, көзге айқын түсерлік жіктер жасалған жоқ, «қайсысы женетінін» бірден аңғару мүмкін емес еді, сондықтан фракциялар, «әдепті-бейтарап кісілерді» өз жағына көбірек тарту ниетімен, басым болу үшін жанталасып күрес жүргізді.

Екінші бөлімі: пролетарлық емес партиялар, жұмысшылар съезі, т. т. туралы мәселе сияқты принципті мәселелер жөніндегі жарыссөздер. Ал мұнда «мораль» жағын көздеушілік болған жоқ, көзге айқын түсерлік принципті ағымдар бойынша айқын жіктер туды, фракциялар арасындағы күштердің ара салмағы бірден анықталды, сондықтан да съездің бұл бөлімі аса сабырлы және нәтижелі түрде өтті, — мұның өзі жарыссөздерде принципшілдік болудың айқын дәлелі болды — съезд жұмыстарының нәтижелі және сабырлы түрде жүргізілуіне ең жақсы кепіл болды.

Енді съезд жұмыстарының бірінші бөлімін қысқаша сыйпаттап өтуге көшелік.

Съезді ашып, өз сөзінде «оқта-текте» буржуазиялық қоғамның «прогресшіл элементтерімен» келісімге келіп отыру қажеттігін көрсеткен Плеханов жолдастың

сөзінен кейін съезд бес адамнан (фракциялардан бір-бір кісіден алып) президиум сайлады, мандат комиссиясын сайлады, сөйтіп күн тәртібін белгілеуге көшті. Айта кетерлік нәрсе, меньшевиктер, былтырғы, Бірігу съезі кезіндегідей, бұл съезде де большевиктердің ұсынысына — кәзіргі кезеңнің сыйпаты және пролетариаттың біздің революциядағы таптық міндеттері туралы мәселелер күн тәртібіне енгізілсін деген ұсынысына барынша өршеленіп қарсы шықты. Революция өрлеп бара ма әлде құлдыйлай түсіп отыр ма, осыған сәйкес оны «жою» керек пе әлде жеріне жеткізу керек пе; пролетариаттың біздің революциядағы, өзі және орыс қоғамындағы басқа таптардың арасында үзілді-кесілді шек жүргізетін таптық міндеттері қандай, — меньшевик жолдастар қорқатын мәселелер міне осылар еді. Күн көзінен көлеңке қалай үріксе, бұлар да осы мәселелерден сондай үрке қашады, олар біздегі алауыздықтардың түп негіздерін жарыққа шығарудан тайсалады. Неге? Неге десеңіз: меньшевиктер фракциясының өзінде бұл мәселелер жөнінде терең алауыздықтар бар; неге десеңіз: меньшевизмнің өзі біртұтас ағым емес, меньшевизм дегеніміз — әралуан ағымдардың, большевизмге қарсы фракциялық күрес жүргізген кезде байқалмайтын, ал кәзіргі кезеңдегі және біздің тактикамыз жөніндегі принципті мәселелер көтерілгенде бірден көзге түсе қоятын ағымдардың жыйынтығы болып табылады. Меньшевиктер өз фракциясына тән осы ішкі әлсіздікті сездіруден тайсалады. Большевиктер бұл жайды білетін, сондықтан да, жарыссөздердің зор принципшілдікпен сөйленуін көздеп, жоғарыда аталған мәселелердің күн тәртібіне енгізілуін талап етті. Меньшевиктер принципшілдік өздеріне тажал болып тиетінін

көріп, карысып тұрып алды, «әдепті жолдастарға» өздерінің «ренжіп калатынын» сездірді, — сондыктан съезд кәзіргі жағдай және т. б. туралы мәселені күн тәртібіне енгізген жоқ. Ақыр аяғында мынадай күн тәртібі қабылданды: Орталық Комитеттің есебі, Думадағы фракцияның есебі, порлетарлық емес партияларға көзқарас туралы, Дума туралы, жұмысшы съезі туралы, кәсіпшілік одақтары туралы, партизандық қыймылдар туралы, дағдарыстар, локауттар және жұмыссыздық, Штутгарттағы халықаралық конгресс,[36] ұйымдастыру мәселелері.

Орталық Комитеттің есебі туралы басты баяндамашылар ретінде Мартов жолдас (меньшевиктер атынан) және Рядовой[37] жолдас (большевиктер атынан) шығып сөйледі. Мартовтың баяндамасы шындығында құбылыстардың бетін барынша ашып көрсетерлік баяндама емес, кінәсіз Орталық Комитеттің партияға, онан соң Думадағы фракцияға басшылық етпек болғаны туралы, бірақ «сұмдық» большевиктер өздерінің принципшілдігі арқылы көлденең келіп, оның әрекет істеуіне кедергі жасағаны туралы жайбір мүләйім әңгіме болып шықты. Кейіннен партия қабылдамай тастаған, жауапты кадет министрлігі туралы, «Думаның сессиясын қайта жүргізу».туралы, т. т. және т. с. сыяқты мәселелер туралы Орталық Комитеттің ұрандарын Мартов: жағдайдың өзі белгісіз еді және тыныштық кезінде бұлардан басқа ұрандар ұсыну мүмкін емес еді деп жуып-шайды. Орталық Комитеттің жаппай ереуіл жасауға, онан соң бірінші Думаның қуылуының артынша-ақ шінара қыр көрсетуге шақырған сәтсіз үндеуін де Мар-

тов, жағдайдың әлгіндей белгісіз болғандығын және бұқаралардың ой-ниетін дәл білуге мүмкін еместігін сылтау етіп, жуып-шайды. Орталық Комитеттің Петербург ұйымында жік тудырудағы ролі туралы өте аз айтты[38]. Оның есесіне большевиктердің белгілібір тобының ынтасы бойынша шақырылған, әскери және жауынгерлік ұйымдардың конференциясы туралы тым көп сөйледі; Мартовтың пікірінше, бұл конференция партия ұйымдарына іріткі салып, анархия тудырыпты. Баяндамасының соңында Мартов съезді қазіргі кезеңнің өте-мөте шиеленісіп шатасып кеткені себепті партияға басшылық ету жөніндегі жұмыс жағдайларының қиындығын еске алуға, сөйтіп Орталық Комитетке онша қатал қарамауға шақырды. Анығында Орталық Комитетте елеулі күнәлар бар екенін Мартовтың өзі де мойындады.

Рядовой жолдастың баяндамасы мүлде өзгеше болды. Оның пікірінше, партияның Орталық Комитетінің міндеті: 1) партияның программасын қорғап, іске асыру, 2) өзіне партия съезі тапсырған тактикалық нұсқауларды жүзеге асырып отыру, 3) партияның тұтас болуын көздеу, 4) партияның игілікті жұмыстарын біріңғай жөнге салу. Солай бола тұрса да Орталық Комитет бұл міндеттердің бірін де орындамады. Партияның программасын қорғап, іске асырудың орнына Орталық Комитет бірінші Думаның белгілі аграрлық үндеуі[39] жөнінде Думадағы социал-демократтардың фракциясына: оппозицияның бірлігі үшін, кадеттерді өзімізге тарту үшін, бүкіл (помещиктік) жерді конфискациялау туралы біздің аграрлық программаның белгілі тармағын думаның үндеуіне енгізбеңдер, тек жердің иеліктен алынуы туралы, алынғанда: төлеммен алына

ма әлде төлемсіз алына ма, ол жағын көрсетпей-ақ, жай пікір айтумен тындар деп ұсыныс жасады.

Тек ойлаңыздаршы: партияның Орталық Комитеті партия программасының жерді конфискациялау туралы ең маңызды тармағын алып тастауды ұсынған. Орталық Комитет партияның программасын бұзған! Орталық Комитет — программаны бұзушы, — мұндай құлақ естімеген масқаралықты ақылға сыйғызуға бола ма?

Онан кейін. Тым болмаса Бірігу съезінің нұсқауларын жүзеге асырудың орнына; таптардың Думадан тыс күресіне зор саналылық енгізу мақсаттарымен партиялардың Дума ішіндегі күресін үздіксіз ұлғайту орнына; пролетариаттың нағыз тәуелсіз таптық саясатын жүзеге асырудың орнына, — Орталық Комитет жауапты кадет министрлігі туралы, «Думаның сессиясын қайта жүргізу туралы», «түрлі шапбау көтерушілерге қарсы күресе отырып, Дума үшін», т. т. және т. с. сияқты ұрандарды, партияның Думадағы күресін бәсеңдететін, таптардың Думадан тыс жердегі қайшылықтарын бүркейтін, пролетариаттың айбынды саясаты мен либералдық буржуазияның ымырашылдық саясатының арасындағы шек біткеннің бәрін де жоятын, алғашқы саясатты соңғы саясатқа бейімдейтін ұрандарды ұсынды. Ал Орталық Органның, демек, Орталық Комитеттің мүшелерінің бірі Плеханов жолдас кадеттермен келісімге келу жөнінде бұдан бетер әрекет істегенде: Құрылтай жыйналысы жөніндегі ұранды былай қойып, либералдық буржуазияға қолайлы, «өкімі күшті Дума» жөніндегі ұранды көтеріп, либералдық буржуазиямен одақ жасасайық деп партияға ұсыныс еткен кезде, — Орталық Комитет Плеханов жолдас-

ың партияны масқаралайтын қылығына қарсы наразылық білдірмегені былай түрсын, тіпті сонысына рыйзалық білдірді, алайда, өзінің рыйзалығын ресми түрде батып айта алған жоқ.

Орталық Комитет пролетариаттың тәуелсіз таптық саясатының негізгі талаптарын және Бірігу съезінің қаулыларын міне осылай бүзып отырды!

Орталық Комитет пролетариаттың таптық сана-сезімін қараңғылады; Орталық Комитет пролетариаттың саясатын либералдық буржуазияның саясатына бағындырды; Орталық Комитет кадет либерализмі арсыздарының алдында пролетариат туын иді — меньшевизмнің оппортунистері бізді міне осындай халге жеткізді!

Орталық Комитет партияның бірлігі мен тәртібін сақтамағаны былай түрсын, Петербург үйымында жік тудыру бастамасын өзі бастап, партияның бірлігі мен тәртібін үнемі бүзып отырғанын біз енді айтып та отырғанымыз жоқ. . .

Орталық Комитет партияның жүмысын біріктірмегенін де айтып жатпаймыз — өйткені бүл өзінен өзі түсінікті.

Осының бәріне, Орталық Комитеттің осы қателіктерінің болуына себеп не? Әрине, оның себебі, Орталық Комитетте мәжіліс қүрған «сүмдық» адамдардың болуынан емес, сол кезде Орталық Комитетті лық толтырған меньшевизмнің партияға басшылық етуге қабілетсіздігінен, оның саяси ағым ретінде біржолата күйрегендігінен. Бүл жағынан алып қарағанда Орталық Комитеттің бүкіл тарихы меньшевизмнің кері кету тарихы болып табылады. Орталық Комитетке «бәгет жасадыңдар», оған «көлденең келдіңдер» деп, т. т. және

т. с. айтып, меньшевик жолдастар бізді қағытып отырған кезде; жөн-жосық айтқансыған осы жолдастарға біз жауап бермей кете алмаймыз: я, жолдастар, біз Орталық Комитеттің біздің программаны бұзуына «бөгет жасадық», оның пролетариат тактикасын либералдық буржуазияның тілегіне сәйкес бейімдеуіне «бөгет жасадық» және бұдан былайда бөгет жасай бермекпіз, өйткені біздің қасиетті міндетіміз осында болады...

Рядовой жолдас міне осы мазмұнда сөйледі.

Жолдастардың көпшілігі, тіпті кейбір бундышылар да, Рядовой жолдастың пікірін жақтайтындығы жарыссөздерден мәлім болды. Ал егер сонда да Орталық Комитеттің қателерін атап көрсеткен большевиктердің қарары өтпеген болса, оның себебі: «жік тумаса екен» деген ниетті көздеушілік жолдастарға қатты әсер етті. Әрине, Орталық Комитетке сенім білдіру туралы меньшевиктік қарар да өткен жоқ. Орталық Комитеттің жұмысына баға берместен жұрт кезектегі істерге жай көше салды...

Думадағы фракцияның есебі туралы мәселе жөніндегі жарыссөздер жалпы алғанда алғашқы мәселе жөніндегі жарыссөздерді қайталау болып шықты. Олай болуы түсінікті де: Думадағы фракция Орталық Комитеттің тікелей басшылығымен әрекет істеді, сондықтан, әрине, Орталық Комитетті сынау немесе оны қорғау дегеніміз сонымен бірге Думадағы фракцияны сынағандық немесе соны қорғағандық еді.

Екінші баяндамашы Алексинский жолдастың (бірінші баяндамашы Церетели жолдас еді) айтқан пікірі

қызықты болды: Думадағы фракцияның, дені меньшевиктік фракцияның, Думадағы оппозицияның бірлігі туралы, оппозицияны жікке бөлмей, кадеттермен бірлесіп іс істеу туралы ұраны — осы меньшевиктік ұран, Алексинский жолдастың сөзімен айтқанда, Думада толығынан күйреді, өйткені бюджет, армия мәселелері, т. т. сияқты ең маңызды мәселелер жөнінде кадеттер Столыпинмен бірлесіп кетті де, меньшевик социал-демократтардың шаруалардан сайланған депутаттармен қол ұстасып, үкіметке және кадеттерге қарсы күресулеріне тура келді деп айтқаны қызықты болды. Меньшевиктер өз позициясының күйрегенін іс жүзінде мойындап, Думада оңшылдар мен кадеттерге қарсы күресте шаруалардан сайланған депутаттарды жетекке алу қажеттігі туралы большевиктердің ұранын жүргізуге тиісті болды.

Польшалық жолдастардың: Думадағы фракцияның жалпы жыйналыстарға народовшылармен[49] бірге баруы сорақылық, өйткені Польшаның осы қаражүздіктері Польшадағы социалистерді әлденеше рет қырғынға ұшыратты, кәзірде де қырғынға ұшыратып отыр деп айтқандары да жаңағыдан кем қызықты емес. Бұған кавказдық меньшевиктердің екі лидері[41] бірінен соң бірі тұрып: Думадағы фракция үшін партиялардың өз үйлерінде не істеп жатқандығы маңызды емес, — олардың Думада өздерін қалай ұстап жүргені маңызды, ал народовшылар Думада өздерін азды-көпті либералдық қалыпта ұстайды деп жауап қайырды. Сонда: партияларға сын таққанда олардың Думадан тыс істейтін ісіне қарай емес, олардың Думаға сөйлейтін сөзіне қа-

рай сын тағу керек болып шығады. Оппортунизмнің бұдан артық барар жері жоқ...

Шешендердің көпшілігі Алексинский жолдастың пікірін қостады, бірақ алайда: «ренжітпейік» деушіліктің салдарынан, бұл мәселе жөнінде де ешқандай қарар қабылданған жоқ. Қарар туралы мәселені былай қойып, съезд тікелей келесі мәселеге көшті.

III

ПРОЛЕТАРЛЫҚ ЕМЕС ПАРТИЯЛАР ТУРАЛЫ

Формалды мәселелерден біз принципті мәселелерге, біздегі алауыздықтардың мәселелеріне көшеміз.

Біздегі тактикалық алауыздықтардың мәселелері дегеніміз — біздің революцияның ықтыймал тағдырлары туралы, орыс қоғамының әралуан таптары мен партияларының осы революциядағы ролі туралы мәселелер. Біздің революция буржуазиялық революция, ол — капиталистік тәртіптердің емес, крепостниктік тәртіптердің талқандалуымен тынуға тиіс, оның нәтижесінде тек қана демократиялық революция жасалуы мүмкін, — бұл пікірге, сірә, біздің партиядағылардың бәрі де қосылатын көрінеді. Онан соң, біздің революция түгелінен және жалпы алғанда баяулап отырған жоқ, өрлеп барады, сондықтан біздің міндетіміз революцияны «жою» емес, оны ақырына дейін жеткізу болады, — бұл пікірге де жұрттың бәрі, тым болмаса формальды түрде, қосылып отыр, өйткені меньшевиктер, фракция ретінде, әлі күнге дейін ешжерде де бөтен пікір айтқан емес. Бірақ біздің революцияны ақырына дейін қалай жеткізу керек? Пролетариаттың, шаруалардың, либералдық буржуазияның осы революциядағы ролі қан-

дай? Қәзіргі революцияны ақырына дейін жеткізу үшін қандай күресуші күштердің басын қосуға болады? Кіммен бірлесу керек, кімді соғу керек, г. т. және т. с. Біздегі алауыздықтар міне осы арадан басталады.

Меньшевиктердің пікірі. Біздің революция буржуазиялық революция, сондықтан жалғыз буржуазия ғана революцияның көсемі бола алады. Буржуазия Франциядағы ұлы революцияның көсемі болды, Европаның басқа мемлекеттерінде де революциялардың көсемі сол буржуазия еді — біздің орыс революциясының көсемі де сол болуға тиіс. Пролетариат — революциядағы басты күресуші, бірақ ол буржуазияның соңынан жүріп, оны ілгері итермелеп отыруға тиіс. Шаруалар да революциялық күш, бірақ онда реакциялық сыйпаттар тым көп, сондықтан пролетариаттың либералдық-демократияшыл буржуазиядан гөрі шаруалармен анағұрлым сирек бірлесіп қыймылдауына тура келеді. Буржуазия пролетариаттың шаруалардан гөрі сенімдірек одақтасы болып табылады. Барлық күресуші күштер, көсеміміз деп, либералдық-демократияшыл буржуазияның төңрегіне топталуға тиіс. Сондықтан буржуазиялық партияларға біздің көзқарасымыз: пролетариатты басшы етіп, шаруалармен бірлесіп үкіметке және либералдық буржуазияға қарсы шығу керек деген революциялық қағыйда бойынша емес, — либералдық буржуазияны басшы етіп, бүкіл оппозициямен бірлесіп үкіметке қарсы шығу керек деген оппортунистік қағыйда бойынша белгіленуге тиіс. Либералдармен ымыраласу тактикасы осыдан келіп туады.

Меньшевиктердің пікірі міне осындай.

Большевиктердің пікірі. Біздің революция шынында да буржуазиялық революция, бірақ мұның өзінен: ре-

волюцияның көсемі біздің либералдық буржуазия болады деген ұғым мүлде тумайды. 18-нші ғасырда француз буржуазиясы француз революциясының көсемі болды, бірақ оның себебі не? Оның себебі: француз пролетариаты әлсіз болды, ол өз алдына қыймыл көрсетпеді, ол өзінің таптық талаптарын ұсынбады, оның таптық сана-сезімі де, ұйымы да жоқ еді, пролетариат ол кезде буржуазияның соңына ілесті, сондықтан буржуазия өзінің буржуазиялық мақсаттары үшін оны құрал ретінде пайдаланды. Көріп отырсыздар, буржуазия ол кезде пролетариатқа карсы күресте патша өкіметі сиякты одақтасты керек еткен жок—өйткені пролетариаттың өзі оның одақтас малайы болды,—сондықтан да ол кезде буржуазия революцияшыл боларлықтай, тіпті революцияға басшылық етерліктей дәрежеде еді. Ал біздегі, Россиядағы, жағдай мүлде басқаша. Орыс пролетариатын онша әлсіз деуге болмайды: ол енді бірнеше жылдар бойы, өзінің таптық талаптарын ұсына отырып, өз алдына дербес қыймыл көрсетіп келеді; ол өзінің мүдделерін түсінерліктей, таптық сана-сезіммен жеткілікті түрде қаруланған; ол өзінің партиясына нық біріккен; оның Россияда аса мықты партиясы бар, ол партияның өз программасы және тактикалық — ұйымдастыру принциптері бар; осы партияның басшылығы арқасында ол кәзірдің өзінде-ақ буржуазияға қарсы күресте бірқатар тамаша жеңістерге жетіп отыр... Осы жағдайларда біздің пролетариат либералдық буржуазияға құйыршық болу роліне, сол буржуазияның колындағы мылқау құрал болу роліне қанағат ете ала ма? Ол осы буржуазияны өзінің көсемі етіп, соның соңына ере ала ма, еруге тиіс пе? Ол революцияның көсемі болмай қала ала ма? Біздің либералдық

буржуазияның лагерінде не болып жатқанына қарақыздаршы: пролетариаттың революцияшылдығынан үрейленген біздің буржуазия, революцияға басшы болудың орнына, контрреволюцияның құшағына еніп отыр, пролетариатқа қарсы сол контрреволюциямен одақ жасасып отыр. Ал оның партиясы, кадеттер партиясы, жалпы әлемнің алдында ашықтан ашық Столыпинмен ымыраласады, патшашылдықтың пайдасына халықтық революцияға қарсы бюджетті және армияны жақтап дауыс береді. Орыстың либералдық буржуазиясының өзі революцияға қас күш екені, ол күшке қарсы нағыз аяусыз соғыс жүргізу керек екені айқын емес пе? Пролетариат өз алдына қыймыл көрсеткен жерде буржуазия революцияшыл болудан қалады деген Каутский жолдастың пікірі дұрыс-ақ емес пе?..

Сонымен: орыстың либералдық буржуазиясы революцияға қарсы; оның өзі революцияның қозғаушысы да, ал тіпті, көсемі де бола алмайды, оның өзі революцияның қас дұшпаны, сондықтан оған қарсы қажырлы күрес жүргізу керек.

Біздің революцияның бірден-бір көсемі, патша самодержавиесін құлату үшін Россиядағы революциялық күштерді керек ететін, соларды өзінің соңынан ерте алатын көсемі, — пролетариат болып табылады. Тек пролетариат қана елдегі революцияшыл элементтерді өз төңрегіне топтастырады, тек сол ғана біздің революцияны ақырына дейін жеткізеді. Социал-демократияның міндеті — пролетариатты революцияның көсемі болуға әзірлеу үшін бар мүмкіншілікті жасау болады.

Большевиктік көзқарастың түйіні осында.

Біздің революцияны ақырына дейін жеткізу ісінде

пролетариаттың сенімді одақтасы кім болмақ — деген сұрауға большевиктер: пролетариаттың ауызға аларлық бірден бір сенімді және мықты одақтасы революцияшыл шаруалар болып табылады деп жауап қайырады. Крепостниктік тәртіптердің барлық негіздеріне қарсы пролетариатпен бірлесіп күрес жүргізетін опасыз либералдық буржуазия емес, революцияшыл шаруалар болып табылады.

Осыған сәйкес, буржуазиялық партияларға біздің көзқарасымыз: пролетариатты басшы етіп, революцияшыл шаруалармен бірлесіп патша өкіметіне және либералдық буржуазияға қарсы шығу керек деген қағыйда бойынша белгіленуге тиіс. Осыдан — кадеттік буржуазияның гегемониясына (жетекшілігіне) қарсы күрестің қажеттігі, демек, кадеттермен ымыраласудың сорақы екендігі келіп туады.

Большевиктердің пікірі міне осындай.

Баяндамашылардың, Ленин мен Мартыновтың, және басқа барлық шешендердің сөздері осы екі позицияның шеңберінде сөйленді.

Мартынов жолдас, пролетариат гегемониясының болуын үзілді-кесілді теріске шығарып, сонымен қатар кадеттермен одақ жасасу идеясын үзілді-кесілді қорғап, меньшевиктердің көзқарасын біржола «тереңдетті».

Басқа шешендер, олардың орасан көпшілігі, большевиктік позицияны жақтап сөйледі.

Герман социал-демократтарының атынан съезді құттықтап, біздегі алауыздықтар жөнінде біздің германиялық жолдастардың көзқарасын сыйпаттап берген Роза Люксембург жолдастың сөздері өте-мөте қызғылықты болды. (Біз бұл жерде Р. Л-тың әртүрлі

уақытта сөйленген екі сөзін бірге қосып отырмыз.) Революцияның көсемі ретіндегі пролетариаттың ролі туралы, революцияға қарсы күш ретіндегі либералдық буржуазияның ролі туралы, т. т. және т. с. мәселелер жөнінде большевиктерге толық қосыла отырып, — Р. Люксембург меньшевизмнің басшыларын, Плеханов пен Аксельродты, сынады, оларды оппортунистер деп атады, олардың позициясын Франциядағы жоресистердің позициясына теңеді. Роза Люксембург: большевиктерде де кейбір оқыс істер, ғажап мінездер, шектен тыс қаттылық бар екенін білем, бірақ олардың мұнысын әбден түсінем, қостаймын да: меньшевиктік оппортунизмнің бос кеуде, іркілдек бейнесін көре тұрып қатты болмаудың реті жоқ. Франциядағы гедистерде[42] де осындай шектен тыс қаттылық бар еді, олардың басшысы Гед жолдас белгілі сайлау құлақтандыруында: «бірде бір буржуа маған дауыс беруші болмасын, өйткені мен парламентте барлық буржуаларға қарсы шығып, тек пролетарлардың мүдделерін ғана қорғаймын» деп жарыялаған болатын. Мұнысына қарамастан, осы қаталдықтарына қарамастан біз, герман социал-демократтары, гедистердің марксизмге опасыздық істегендерге, жоресистерге қарсы күресінде әрқашанда сол гедистердің жағында болдық. Большевиктер жөнінде де осыны айту керек: біз, герман социал-демократтары, олардың меньшевик оппортунистерге қарсы күресінде большевиктерді қолдап отырамыз...

Р. Люксембург жолдас міне осы мазмұнда сөйледі.

Германиялық Социал-Демократия Партиясының Орталық Комитетінің съезге жолдаған, Роза Люксембург оқып берген атақты хаты бұдан да қызығылықты болды. Қызғылықты болатыны, хатты жолдаушылар

либерализмге қарсы **күресу керек** деп партияға ақыл айтады, орыс революциясының көсемі ретіндегі орыс пролетариатының өзгеше ролін мойындайды, — сөйтіп осы арқылы большевизмнің барлық негізгі қағыйдаларын мойындайды.

Сонымен, Европадағы аса ысылған, аса революцияшыл партия герман социал-демократиясының марксизмге опасыздық істеушілерге **қарсы**, меньшевиктерге **қарсы** күресуші нағыз марксистер деп большевиктерді ашықтан ашық, әйгілі түрде қолдайтындығы айқын болды.

Польша делегациясының президиумдегі өкілі Тышко жолдастың кейбір сөздері де қызғылықты болды. Екі фракцияның екеуі де: біз марксизмнің тұрғысында берік тұрмыз деп бізді сендірмек болады, деді Тышко жолдас. Бірақ, сайып келгенде, осы тұрғыда тұрған большевиктер ме әлде меньшевиктер ме, қайсысы екенін екінің бірі оңай түсіне қоймайды... Сонда «сол жақтан» бірнеше меньшевиктер: «Марксизмнің тұрғысында тұрған бізбіз» — деп оның сөзін бөлді. «Жоқ, жолдастар», — деп жауап берді Тышко оларға, — «сіздер ол тұрғыда тұрған жоқсыздар, **көлбеп жатырсыздар**: өйткені пролетариаттың тап күресіне басшылық ету ісінде сіздердің мейлінше дәрменсіз болуларыңыз, ұлы Маркстің ұлы сөздерін жаттау қолдарыңыздан келгенімен, оны қолдана білмейтіндіктеріңіз, — осының бәрі сіздердің марксизм тұрғысында тік тұрғандарыңызды емес, көлбеп жатқандарыңызды көрсетеді».

Мұның өзі көркем өткір айтылған еді.

Шынында да, тым болмаса мына фактыны-ақ алыңызшы. Меньшевиктер: социал-демократияның міндеті әрқашанда және әржерде пролетариатты дербес саяси

күшке айналдыру дегенді жиі айтады. Осы дұрыс па? Сөзсіз дұрыс! Бұл — Маркстің ұлы сөздері; әрбір марксист бұл сөздерді әрқашанда есте сақтауға тиіс. Бірақ меньшевик жолдастар бұл сөздерді қалай қолданады? Олар пролетариатты қоршаған буржуазиялық элементтердің тобынан сол пролетариаттың тәуелсіз дербес тап болып іс жүзінде бөлініп шығуына көмектесіп отыр ма? Олар пролетариаттың төңрегіне революцияшыл элементтерді топтап, пролетариатты революцияның көсемі болуға әзірлеп отыр ма? Фактыларға қарағанда меньшевиктер мұндай еш нәрсе істеп отырған жоқ. Керісінше: меньшевиктер либералдық буржуазиямен неғұрлым жиі-жиі келісім жасасып отыру керек деп пролетариатқа ақыл айтады, — ал, сөйтіп, пролетариаттың дербес тап болып бөлініп шығуына емес, оның буржуазиямен араласып кетуіне көмектеседі; меньшевиктер революцияның көсемі болудан бас тарту керек, бұл рольді буржуазияға тапсырып, буржуазияның соңына еру керек деп пролетариатқа ақыл айтады, — ал, сөйтіп, пролетариаттың дербес саяси күшке айналуына емес, — оның буржуазияның құйыршығына айналуына көмектеседі... Яғни, меньшевиктер марксистік дұрыс қағыйда бойынша тиісті жұмыс істемей, мүлде керісінше істеп отыр.

Я. Тышко жолдастың айтқаны рас: меньшевиктер марксистік тұрғыда тұрған жоқ, көлбеп жатыр...

Жарыссөз біткеннен кейін қарардың екі жобасы: меньшевиктік және большевиктік жобалары ұсынылды. Екеуінің ішінен орасан көпшілік дауыспен большевиктердің жобасы негізге алынды.

Бұдан соң жобаға түзетулер енгізіле бастады. 80 шамалы түзетулер енгізілді. Ол түзетулер көбінесе жо-

баның екі тармағына: революцияның көсемі ретіндегі пролетариат туралы тармаққа және революцияға қарсы күш ретіндегі кадеттер туралы — екінші тармаққа енгізілді. Мұның өзі жарыссөздердің ең қызғылықты жағы еді, өйткені фракциялардың бейнелері нақ осы арада өте-мөте айқын көрінді. Бірінші маңызды түзету енгізген Мартов жолдас. Ол: «революция көсемі ретіндегі пролетариат» деген сөздерді «авангард ретіндегі пролетариат» деген сөздермен алмастыруды талап етті. Ондағы дәлелі: «авангард» деген сөз мағна жағынан дәлірек келеді деді. Оған Алексинский жолдас карсы шықты. Алексинский былай деді: әңгіме дәлдігінде емес, осы тармақта айтылып отырған екі пікірдің қарама-қарсылығында: өйткені «авангард» және «көсем» деген сөздер — мүлде екі басқа ұғым. Авангард (алдыңғы отряд) болу дегеніміз — алдыңғы қатарда күресу, атысқа көбірек ұшырайтын жерлерде болып, қан төгу деген сөз, сонымен бірге басқалардың қарамағында болу, қәзіргі жағдайда, буржуазиялық демократтардың қарамағында болу деген сөз: авангард ешқашанда жалпы күреске басшылық етпейді, қайта әрқашанда авангардтың өзін басқарады. Керісінше: көсем болу дегеніміз — алдыңғы қатарда күресу деген сөз ғана емес, сонымен бірге жалпы күреске басшылық ету, сол күресті өз мақсатына бейімдеп жүргізу деген сөз. Біз, большевиктер, пролетариатқа буржуазиялық демократтардың басшылық еткенін қаламаймыз, — біз халықтың бүкіл күресіне пролетариаттың өзі басшылық етіп, бұл күресті демократиялық республика жасау бағытында жүргізсе екен дейміз.

Осының нәтижесінде Мартовтың түзетуі өтпей қалды.

Осы тәрізді барлық басқа түзетулер де өтпеді.

Түзетулердің екінші бір тобы кадеттер туралы тармаққа қарсы бағытталған еді. Меньшевиктер: кадеттердің әліде контрреволюция жолына түспегенін мойындау керек деп ұсыныс жасады. Бірақ съезд бұл ұсынысты алмады, сөйтіп бұл сияқты ұсыныстардың бәрі де қабылданбады. Бұдан соң меньшевиктер: белгілібір жағдайларда кадеттермен тым болмаса техникалық келісім жасауға жол берілсін деп ұсыныс жасады. Съезд бұл ұсынысты да қабылдамады, бұл жөніндегі түзетулерді аяқсыз қалдырды.

Ақыр соңында қарар түгелінен дауысқа салынды, сонда 159 адам — большевиктік қарарды жақтап дауыс берді, 104 адам қарсы болды, басқалары бейтарап қалды.

Съезд орасан көпшілік дауыспен большевиктердің қарарын қабылдады.

Сол кезден былайғы жерде большевиктердің көзқарасы партияның көзқарасы болды.

Мұның үстіне, дауыс берудің өзінен маңызды екі нәтиже шықты:

Біріншіден, дауыс берудің нәтижесінде съездің формалды, жасанды түрде 5 фракцияға (большевиктер, меньшевиктер, поляктар, латыштар, бундышылар болып) бөлінуі қалды да, принципті түрде, жаңаша: большевиктер (бұған барлық поляктар және латыштардың көпшілігі енеді) және меньшевиктер (бұған бундышылар түгелінен дерлік енеді) болып бөлінді.

Екіншіден, осы дауыс берудің нәтижесінде жұмысшылардың фракцияларға бөлінуі жөніндегі анағұрлым

дәл санағы шықты: большевиктік фракцияда 38 жұмысшы емес, 77 жұмысшы (38 ге 27 полякты, 12 латышты қосқанда) бар екені, ал меньшевиктік фракцияда 30 жұмысшы емес, 39 жұмысшы (30 ға 9 бундышыны қосқанда) бар екені анықталды. Сөйтіп меньшевиктік фракция интеллигенттік фракция болып шықты.

IV

ЖҰМЫСШЫ СЪЕЗІ ТУРАЛЫ

Жұмысшы съезі туралы мәселе жөніндегі жарыссөздерді сыйпаттаудан бұрын мәселенің тарихымен танысу қажет*. Әңгіме мынада: бұл мәселенің өзі тым шатасып кеткен, анықталмаған мәселе. Біздегі алауыздықтардың басқа тармақтары жөнінде партия ішінде кәзірдің өзінде ап-анық екі ағым: большевиктік ағым мен меньшевиктік ағым бар болып отырса, — ал жұмысшы съезі туралы мәселе жөнінде біз екі ағымды емес, әлі тіпті анықталмаған және қарама-қарсы қайшылықтары толып жатқан бір қора ағымдарды көріп отырмыз. Рас, большевиктер ауыз бірлікпен, белгілі пікір айтып жүр: олар тегінде жұмысшы съезіне қарсы. Оның есесіне меньшевиктер арасында — барып тұрған қыйыр-шыйыр қым-қыйғаш, шым-шытырық бірдеңе: олар көптеген топтарға бөлініп кетті де, олар-

---

* Бұлай етудің аса қажеттігі сол: меньшевик жолдастар, буржуазиялық газеттердің редакцияларына орналасып алып, осы мәселенің өткен кездегі және кәзіргі жағдайы туралы жалған лақаптар таратып жүр («Товарищ» те басылған «Жұмысшы съезі» туралы мақаланы қараңыз; мұны жазған көрнекті бір меньшевик және бұл мақала «Бакинский День»[43] газетінде көшіріліп басылған).

дың әрқайсысы, басқаларына құлақ аспай, өзінше əндетуде. Аксельрод бастаған петербургтік меньшевиктер жұмысшы съезін шақырғанда **партия құру** үшін шақыру керек десе, — Эль бастаған москвалық меньшевиктер оны партия құру ниетімен емес, **партиядан тыс «жалпыорыстық жұмысшы одағын»** жасау мақсатымен шақыру керек дейді. Ал Ларин[44] бастаған оңтүстіктегі меньшевиктер бұдан да асып түсіп, жұмысшы съезін шақырғанда партияны да, «жұмысшы одағын»да жасау мақсатымен емес, — **анағұрлым өресі кең «еңбек одағын»** жасау мақсатымен шақыру керек; мұның өзі, барлық пролетариат элементтерімен бірге, эсерлік, шалабуржуазиялық, «еңбекші» элементтерді де қамтый алатындай болуы қажет дейді. Одессадағы және Каспи маңындағы топтар сияқты, кісі күлерлік кітапшаның дуана «авторлары» — «Бродяга» мен «Шура»[45] дейтіндер — сияқты ықпалы кемдеу басқа топтар мен адамдар туралы енді мен айтып та отырғаным жоқ.

Меньшевиктердің арасында өріс алған шым-шытырық міне осындай.

Бірақ жұмысшы съезін қалай шақыру керек, қалай ұйымдастыру керек, оны ненің қарсаңында шақыруға болады, съезге кімді шақыру керек, съезді шақыру бастамасын мойнына алатын кім болмақ?

Меньшевиктердің арасында съездің мақсаты туралы мәселе жөнінде қандай шым-шытырық болса, барлық осы мәселелер жөнінде де сондай шым-шытырық туып отыр.

Біреулері жұмысшы съезіне жүргізілетін сайлауды Думаға жүргізілетін сайлаумен байланыстыру керек, сөйтіп «басқыншылық жолмен» жұмысшы съезін қоса

қабат ұйымдастыру керек десе, — екінші біреулері үкіметтің «керенаулығына» иек сүйеу керек, тым болмаса оның «рұқсатын» алу керек дейді, ал үшінші біреулері, тіпті 3 — 4 мың болса да, делегаттарды шет елге жөнелту керек, сөйтіп жұмысшы съезін құпия түрде сонда өткізу керек деп ақыл айтады.

Меньшевиктердің біреулері тек қалыптасқан жұмысшы ұйымдарынан ғана съезге өкілдер келуі керек деп отырса, екінші біреулері ұйымдасқаны болсын, ұйымдаспағаны болсын, ең кемі 10 миллиондай адам болып есептелетін пролетариат біткеннің бәрінен де съезге өкілдер тарту керек деп ақыл айтады.

Меньшевиктердің біреулері жұмысшы съезін интеллигенттерді қатыстыра отырып, с.-д. партиясының ынтасы бойынша шақыру керек деп отырса, екінші біреулері партияны да, интеллигенттерді де былай қойып, интеллигенттерді ешбір қатыстырмай-ақ съезді тек жұмысшылардың өз ынтасы бойынша ғана шақыру керек деп ақыл айтады.

Меньшевиктердің біреулері жұмысшы съезін жедел шақыруды талап етіп отырса, екінші біреулері, әзірінше жұмысшы съезі жөніндегі идея жолында үгіт жүргізумен ғана тынып, съездің шақырылуын белгісіз бір уақытқа қалдыру керек деп ұсыныс жасайды.

Ал онда, бірнеше жылдан бері пролетариаттың күресіне басшылық етіп келе жатқан, өзінің қатарында нық біріккен 150 000 мүшесі бар, 5 съезді бастан өткерген т. т. және т. с. сияқты жұмыстар істеп, өмір сүріп отырған кәзіргі Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясын қалай ету керек? «Оны мүрдем кетіру керек пе» әлде басқаша ету керек пе?

Бұған меньшевиктердің бәрі де, Аксельродтан бас-

тап Ларинге дейін, **біздe пролетарлық партия жоқ** деп бірауыздан жауап қайырады. «Әңгіменің мәні сол, бізде партия дегенің жоқ», — десті бізге меньшевиктер съезд үстінде, — «**бізде тек ұсақбуржуазиялық интеллигенцияның ұйымы ғана бар**»; жұмысшы съезінің көмегімен осы ұйымның орнына партия құру керек деді. Меньшевиктерден белгіленген баяндамашы Аксельрод жолдас партия съезінде міне осыны айтты.

Бірақ сабыр етіңізші, бұл қалайша? Демек, біріншісінен (1898 ж.) бастап соңғысына дейін болған біздің партияның әлгі съездерінің бәрі, бұларды ұйымдастыру ісіне меньшевик жолдастардың өздері аса жігерлі түрде қатысқан съездердің бәрі; пролетариаттың ұшан-теңіз ақшасы мен күш-жігерінің осынша шығын болуының бәрі, съездерді ұйымадстыруға қажетті шығын болуының бәрі, бұл шығын жөнінде большевиктер қандай кінәлі болса, меньшевиктер де сондай кінәлі еді, — демек, осының бәрі де тек қана алдаушылық пен фарисейлік екен ғой?!

Демек, партияның пролетариатқа арнап жазған осы жауынгерлік үндеулерінің бәрі, меньшевиктер де қол қойған үндеулердің бәрі; партияның басшылығы арқасында, көбінесе партияның бастамасы бойынша 1905 — 1906 — 1907 жылдары жүргізілген осы ереуілдер мен көтерілістердің бәрі; біздің партияның басшылығы арқасында пролетариаттың қолы жеткен осы табыстарының бәрі; партияның **жолында**, партияның **туы** астында Петербургтің, Москваның және басқаларының көшелерінде қаза тауып, Сибирьдегі жер құшағына еніп, түрмелерде шіріп, құрбан болған осы мыңдаған пролетариат адамдарының бәрі, — демек, мұның бәрі тек қана комедия және алдаушылық екен ғой?

Сөйтіп, бізде партияның жоқ болғаны ғой? Бізде тек «ұсак буржуазиялық интеллигенцияның ұйымы» ғана бар екен ғой?

Әрине, мұның өзі шылғый өтірік, кісіні ашындыратын, арсыздықпен айтылған өтірік еді.

Аксельродтың жоғарыда айтылған сөзін есіткенде петербургтік және москвалық жұмысшылардың шексіз ашынған себебі де, сірә, осы болуға тиіс. Олар орындарынан ыршып тұрып, баяндамашы Аксельродқа: «Буржуй біз емеспіз, шет елде отырған мына сен өзің буржуйсың; біз — жұмысшымыз, біздің өзіміздің социал-демократиялық партиямыз бар, біз оны қорлауға жол бермейміз» деп батыл жауап қайырды...

Бірақ, айталық, жұмысшы съезі болады, тіпті болып өтті де дейік. Демек, қазіргі с.-д. партиясын архивке өткізген болдық, сөйтіп қайткен күнде де жұмысшы съезін шақырдық, біз осы съезде «жұмысшы» одағын ба, «еңбек» одағын ба, әйтеуір сол сиякты бірдеңе ұйымдастырмақпыз. Бұдан кейін не болмақ? Бұл съезд қандай программа қабылдамақ? Жұмысшы съезінің бейнесі қандай болмақ?

Бұған меньшевиктердің біреулері: жұмысшы съезі социал-демократияның программасын, әрине, біраз ықшамдап қабылдай алады деп жауап береді де, осының артынша: социал-демократияның программасын оның қабылдамауына да болады дегенді қоса айтады; олардың ойынша, пролетариатқа бұдан оншалық келер-кетер кесір жоқ. Екінші біреулері анағұрлым батыл жауап айтады: ұсақбуржуазиялық әдеттер біздің пролетариаттың бойына әбден сіңген, сондықтан, ең бір ықтимал нәрсе, жұмысшы съезі социал-демократиялық программаны емес, ұсақбуржуазиялық демократиялық

программаны қабылдар дейді. Жұмысшы съезінде пролетариат социал-демократиялық программадан айырылады, бірақ оның есесіне барлық жұмысшыларды бір одақ етіп біріктіретін жұмысшы ұйымына қолы жетеді. Мәселен, Москва меньшевиктерінің басшысы Н. Череванин осылай дейді («Тактика проблемаларын» қараңыз)[46].

Сонымен: «социал-демократиялық программасы жоқ жұмысшылар одағы» болмақ, — жұмысшы съезінің ықтимал нәтижесі міне осындай.

Меньшевиктердің өздері, ең кем дегенде, осылай ойлайды.

Сірә, жұмысшы съезін шақырудың мақсаттары мен әдістері туралы кейбір мәселелер жөнінде меньшевиктер біріне бірі қосылмайтын болса керек, бірақ: «біздe партия жоқ, тек ұсақбуржуазиялық интеллигенцияның ұйымы ғана бар, ал бұл ұйымның арнасын өзгерту керек» деген пікірге түгел қосылады...

Аксельродтың бастамасы нақ осы пікірдің айналасында болды.

Жұмысшы съезін үгіттеу практикасы жүзінде саяси партияға қарсы үгіт жүргізуге, оған қарсы соғыс ашуға әкеліп соғатындығы Аксельродтың бастамасынан айқын анықталады.

Ал жұмысшы съезін шақыру жөніндегі практикалық жұмыстың өзі де саясі біздің қазіргі партиямызды кері кетіріп, ыдырату жолындағы практикалық жұмысқа әкеліп соғады.

Оның бержағында, меньшевиктер — өздерінің баяндамашысы арқылы, сондай-ақ қатар өздерінің қаулысының жобасында — жұмысшы съезін ұйымдастыруға бағытталған әрекеттерге қарсы, [illegible]

партияны кері кетіретін әрекеттерге қарсы **үгітке тыйым салынсын** деп съезге өтініш етті.

Онан соң бір қызық нәрсе: меньшевик шешендердің сөздерінен (Плехановтан басқасын айтам, өйткені ол жұмысшы съезі туралы тегі еш нәрсе айтқан жоқ) басынан аяғына дейін: партия жойылсын, социал-демократия жойылсын — партиясыздық жасасын, социал-демократиялық емес «жұмысшы одағы» жасасын деген ұрандардың сарыны естіліп тұрды. Шешендер бұл ұрандарды ашық көтерген жоқ, бірақ олардың сөздерінен осы ұрандардың емеуріні сезіліп тұрды.

Барлық буржуазияшыл жазушылар, синдикалистер мен эсерлерден бастап кадеттер мен октябристерге дейін, — осылардың бәрі де жұмысшы съезін тектен тек қызу жақтап жүрген жоқ: бұлардың бәрі де біздің партияның дұшпандары ғой, ал жұмысшы съезін шақыру жөніндегі практикалық жұмыс партияны едәуір әлсіретіп, кері кетірер еді. Ендеше олар «жұмысшы съезі жөніндегі идеяны» қалай құттықтамасын?

Большевик шешендер мүлде басқаша пікір айтты.

Большевиктерден белгіленген баяндамашы Линдов[47] жолдас, меньшевиктердің өз арасындағы басты-басты ағымдарды қысқаша сыйпаттай келіп, жұмысшы съезі жөніндегі идеяны тудырған жағдайларды анықтауға көшті. Жұмысшы съезін үгіттеу жұмысы 1905 жылы, октябрь күндерінен бұрын, репрессиялар кезінде басталды. Октябрь — ноябрь күндерінде бұл жұмыс тоқтап қалды. Жаңа репрессиялар жүргізілген келесі айлардың ішінде жұмысшы съезін үгіттеу жұмысы қайтадан өріс алды. Бірінші Думаның тұсында, шамалы бостандық күндерінде, үгіт бәсеңсіді. Онан соң, Дума қуылғаннан кейін, қайтадан күшейді, т. т.

Бұдан шығатын қортынды айқын: шамалы бостандық күндерінде, партияның емін-еркін ұлғаюға мүмкіндігі бар кезде, «өресі кең партиясыз партия» жасау мақсатымен жұмысшы съезін үгіттеу жұмысы табиғи түрде негізін өзінен өзі жояды; ал керісінше, репрессия күндерінде, партияға жаңа мүшелер келіп қосылудың орнына партиядан кетушілік өріс алған кезде, жұмысшы съезін үгіттеу жұмысы өресі тар партияны ұлғайту немесе «өресі кең партиясыз партиямен» алмастыру жолындағы жасанды амал ретінде, өзіне белгілі негіз табады. Бірақ ешқандай жасанды амалдардың іске сәт болмайтындығы өзінен өзі түсінікті: өйткені партияны шындап ұлғайту үшін жұмысшы съезі емес, саяси бостандық керек; ал жұмысшы съезінің өзі осындай бостандыққа мұқтаж болып отыр.

Онан соң. Жұмысшы съезі жөніндегі идея, нақты күйінде алғанда, негізінен жалған нәрсе: өйткені ол идея фактыларға негізделмей, «бізде партия жоқ» деген теріс қағыйдаға негізделіп отыр. Әңгіме мынада: бізде пролетарлық партия бар, ол өзін пролетариаттың дұшпандарына тым көп танытып отыр — бұл жағдайды меньшевиктердің өздері де өте жақсы біледі — сонымен бізде кәзірдің өзінде нақ осындай партия бар, дәл сондықтан да жұмысшы съезі жөніндегі идея мейлінше жалған идея болады. Әрине, егер бізде 150 мыңнан астам алдыңғы қатарлы пролетарлары бар және жүз мыңдаған күресшілерді соңынан ертіп отырған партия жоқ болса; егер біз 60-ншы жылдардағы герман социал-демократтары сияқты немесе өткен ғасырдың 70-нші жылдарындағы француз социалистері сияқты ықпалы кем аттөбеліндей азғана адамдар болсақ, — онда біз өзіміз-ақ жұмысшы съезінен социал-

демократиялық партияны сығып алу үшін сол жұмысшы съезін шақыруға талпынған болар едік. Бірақ әңгіменің мәні сонда: бізде қазірдің өзінде-ақ партия бар, бұқаралар арасында ықпалы орасан зор нағыз пролетарлық партия бар, ал жұмысшы съезін шақыру үшін, хиялы түрдегі «партиясыз партияны» жасау үшін, біздің лажсыздан ең алдымен қазіргі партияны «құртуымызға», ең алдымен соны қыйратуымызға тура келеді.

Міне сондықтан да жұмысшы съезін шақыру жөніндегі жұмыс сөзсіз практика жүзінде партияны кері кетіру жолындағы жұмысқа әкеліп соғады. Ал оның орнына әйтеуір бір кездері «өресі кең партиясыз партия» жасаудың сәті түсе ме, жоқ па, онан соң соны жасаудың өзі керек пе, жоқ па, — ол әлі скіталай нәрсе.

Міне сондықтан да біздің партияның дұшпандары, әралуан кадеттер мен октябристер, жұмысшы съезінің пайдасына үгіт жүргізгендігі үшін меньшевиктерді әбден мақтап жүр.

Міне сондықтан да большевиктер жұмысшы съезін шақыру жөніндегі жұмыс әрі қауіпті, әрі зиянды деп ойлайды: өйткені ол жұмыс бұқаралардың алдында партияның беделін түсіріп, оларды буржуазиялық демократияның ықпалына бағындырады.

Линдов жолдас міне осы мазмұнда сөйледі.

Жұмысшы съезін жақтап с.-д. партиясына қарсы болу керек пе, әлде партияны жақтап жұмысшы съезіне қарсы болу керек пе?

Съезде мәселе міне осылай қойылды.

Большевик жұмысшы делегаттар мәселеге бірден түсіне қойып, жігерлі түрде «партияны жақтап» сөйледі: «біз партияның патриоттарымыз», — десті олар, —

«біз өз партиямызды сүйеміз, сондықтан да шалдыққан интеллигенттердің оны қорлауына жол бермейміз».

Бір қызғылықты нәрсе, герман социал-демократиясының өкілі Роза Люксембург жолдас большевиктердің пікіріне толық қосылды. «Біз, герман социал-демократтары, — деді ол, — меньшевик жолдастардың кісі күлерлік жаңғалақтығына таңбыз: бұқараның өзі партияны іздеп, соған қарай ентелеп талпынып отырған кезде, бұлар бұқараны долбармен іздеп жүр».

Шешендердің орасан көпшілігі большевиктерді қолдайтындығы жарыссөздерден анық көрінді.

Жарыссөздер аяқталғаннан кейін қарардың екі жобасы: большевиктердің жобасы мен меньшевиктердің жобасы дауысқа салынды. Бұлардың ішінен большевиктердің жобасы негізге алынды. Принципті сыйпаты бар түзетулердің бәрі де дерлік қабылданбады. Жұмысшы съезі туралы мәселені талқылау бостандығын тұжыруға қарсы енгізілген, азды-көпті елеулі мәні бар тек бір ғана түзету қабылданды. Түгелінен алғанда, қаулыда: «жұмысшы съезі жөніндегі идея партияны кері кетіреді», «қалың жұмысшылар бұқараларын буржуазиялық демократияның ықпалына бағындырады», сондықтан бұл сыякты идея пролетариатқа зиянды дегендер айтылған. Оның бержағында, жұмысшы депутаттарының советтерінен және олардың съездерінен жұмысшы съезінің айырмашылығы қарарда айқын көрсетілді; жұмысшы депутаттары советтерінің съездері партияны кері кетірмейді, онымен бәсекелеспейді, қайта, олар партияның соңына ере отырып, революциялық өрлеу кезеңдерінде оның практика жүзіндегі мәселелерді шешуіне көмектесе отырып, партияның өзін нығайтады деп көрсетілді.

Ақыр соңында қарар көпшілік дауыспен тұтас қабылданды, 165 адам жақтап, 94 адам қарсы қол көтерді. Басқалары қалыс қалды.

Сөйтіп, съезд жұмысшы съезі жөніндегі идеяны партияға жат, зиянды идея деп, қабыл алмады.

Осы мәселені дауысқа салудың нәтижесінде бізге мынадай маңызды жағдайдың беті ашылды. Бақсақ, дауысқа қатысқан 114 жұмысшы делегаттардың тек 25-і ғана жұмысшы съезін жақтап дауыс беріпті. Басқалары қарсы болыпты. Проценті жағынан алып қарағанда жұмысшы съезін жақтап дауыс берген жұмысшы делегаттар 22%, қарсылары — 78%. Және өтемете бір маңызды нәрсе: жұмысшы съезін жақтап дауыс берген 94 делегаттың ішінде жұмысшылары тек 26% қана, ал интеллигенттері — 74% болып шықты.

Ал меньшевиктер әрдайым: жұмысшы съезі жөніндегі идея — жұмысшылар идеясы, тек большевик «интеллигенттер» ғана съездің шақырылуына кедергі жасап отыр деп, және басқа осы сияқтыларды айтып даурығатын еді ғой. Егер осы дауыс берудің нәтижесіне қарап төрелік айтсақ, онда ең дұрысы: жұмысшы съезі жөніндегі идея, қайта интеллигент қиялшылдардың идеясы деу шындыққа жақынырақ болар еді...

Тіпті меньшевик жұмысшылардың өздері де жұмысшы съезіне дауыс бермеген тәрізді ғой: 39 жұмысшы делегаттардың (30 меньшевик + 9 бундышы) ішінде жұмысшы съезін жақтап дауыс бергендері тек қана 24 адам.

Баку. 1907 жыл.

Бірінші рет „Бакинский Пролетарий" газетінде басылған, № 1 және 2;
20 июнь және 10 июль, 1907 ж.
Қол қойған: Коба Иванович

III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДЕПУТАТТАРҒА ТАПСЫРЫЛҒАН АМАНАТ

Баку қаласындағы жұмысшы курияcынан белгіленген өкілдердің жиналысында 1907 жылы 22 сентябрьде қабылданған[18]

Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық депутаттар айрықша фракция болуға тиіс, бұл фракция, партия ұйымдарының бірі ретінде, партиямен аса тығыз байланыс жасап, оның басшылығына, партия Орталық Комитетінің нұсқауларына бағынуға тиіс.

Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның негізгі міндеті — еңбекшілерді капиталистік қанаудан азат ету үшін де, пролетариаттың саяси көсем ретіндегі өз ролін, Россиядағы қазіргі буржуазиялық-демократиялық революцияда атқаратын ролін орындауы үшін де сол пролетариаттың таптық тәрбие алуына және тап күресіне көмектесу болып табылады.

Осы мақсатпен фракция қандайда болса да өзінің таптық-пролетарлық саясатын, социал-демократияны кадеттерден бастап эсерлерге дейінгі барлық басқа ұйымдардан және революцияшыл партиялардан өзгеше етіп көрсететін саясатын жүргізуге тиіс. Думадағы саяси партиялар мен топтардың қандайымен болса да оппозициялық әрекеттердің бір болуын сақтау мақсаттарына бола, фракция өзінің осы міндетін ешбір құрбан ете алмайды.

Біздің депутаттар Думада помещиктік-қаражүздік партиялардың да, опасыз либералдық-монархиялық буржуазияшыл кадеттер партиясының да бүкіл контрреволюцияшылдық сыйпатын үздіксіз әшкерелеп отыруға тиіс. Екінші жағынан, олар шаруалық ұсақ буржуазияшыл партияларды (эсерлерді, энестерді және трудовиктерді) либералдардан айырып алуға тиіс және, өзінің қаражүздікке қарсы күресінде де, кадет буржуазиясына қарсы күресінде де бұларды соңына ерте отырып, бұлжымас демократиялық-революциялық саясат жолына салуға тиіс. Сонымен бірге социал-демократиялық фракция реакциялық жалған социалистік утопияларға қарсы күрес жүргізуге тиіс; өйткені эсерлер, энестер және басқалары өздерінің талаптарын, негізінде ұсақбуржуазиялық талаптарын сол утопиялармен әсерлеп, осы арқылы жұмысшы табының таза таптық пролетарлық-социалистік сана-сезімін бүркеп отыр. Біздің фракция Думаның трибунасынан қазіргі революция жөніндегі бүкіл шындықты барша халыққа айқын көрсетіп беруге тиіс. Ол: Россияда бейбітшілік жолмен халықтың азаттық алуына мүмкіндік жоқ екенін, азаттыққа жетудің бірден-бір жолы — патша өкіметіне қарсы бүкілхалықтық күрес жүргізу жолы екенін халыққа жария етіп айтуға тиіс.

Социал-демократияның ұраны, халықты жаңа, ашық күреске шақыратын нысана етіп көтеретін ұраны, жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын сайлау правосына лайық бүкіл халық еркін сайлаған Құрылтай жыйналысы болып табылады; мұның өзі патша самодержавиесін біржолата құртып, Россияда демократиялық республика орнатады. Пролетарлық ұрандарға қарама-қарсы либералдық буржуазия көтеріп отыр-

ған, жауапты министрлік және басқалары сияқты өзге ұрандардың ешқайсысын социал-демократиялық фракция қабылдауға да, қуаттауға да тиісті емес.

Мемлекеттік думадағы заң шығару және басқалары жөніндегі күнделікті қызметке қатыса отырып, социал-демократиялық фракция тікелей заң шығарудың мақсаттарын емес, өзінің сын мен үгіт жөніндегі түпкілікті міндеттерін көздеп отыруға тиіс; нақты өкімет толығынан самодержавиелік үкіметтің қолында тұрған кезде мұндай заң шығарудың өзі мейлінше баянсыз және нәтижесіз болатынын халыққа түсіндіру керек.

III Мемлекеттік думада осылайша жұмыс істей отырып, социал-демократиялық фракция патша самодержавиесіне қарсы пролетариаттың және пролетариатпен бірге шаруалардың кәзіргі кезде Думадан тыс жүргізіп отырған күресіне көмектеспек.

1907 жылы сентябрьде жеке үндеухат болып басылған

Үндеухаттың тексті бойынша басылып отыр

ҚЕҢЕСКЕ БОЙКОТ ЖАРИЯЛАУ КЕРЕК![19]

Мұнай өнеркәсіпшілерімен болатын кеңеске қатысу және оған бойкот жариялау мәселесі біз үшін принципті мәселе емес, практика жүзіндегі мақсатқа үйлесімді мәселе. Біз, кейбір ызалы және дені оншалықты сау емес «адамдардың» ұсыныстарына еліктеп, кеңес біткеннің бәріне де және әрқашан бойкот жариялай бермейміз. Және керісінше, біз кадет тектес жолдастарымыздың істеп жүргендеріне еліктеп, кеңеске қатысу пайдасына мәселені біржолата үзілді-кесілді шешіп коя да алмаймыз. Кеңеске қатысу және бойкот жариялау жөніндегі мәселені біз накты фактылардың, тек қана фактылардың тұрғысынан алып қарауға тиіспіз. Оның бержағында бұқараларды топтастыру жөніндегі біздің міндетіміз белгілі фактылардың арқасында, белгілі жағдайларда кеңеске қатысуды қажет ететін болып шығуы мүмкін, — онда біз сөзсіз қатысуға тиіспіз. Ал керісінше, баска жағдайларда нақ әлгі міндеттің өзі бойкот жариялауды қажет етуі мүмкін, — онда біз кеңеске сөзсіз бойкот жариялауға тиіспіз.

Онан соң, алжаспау үшін біз өзіміз қолданып отырған ұғымдарды күні бұрын анықтап алуға тиіспіз. Ке-

неске «қатысу» дегеніміз не? Кеңеске «бойкот жариялау» дегеніміз не? Егер біз, жыйналыстарда жалпы талаптарды белгілей отырып, өкілдерімізді сайлай отырып, т .т. және т. с. сияқты жұмыстар істей отырып, кеңеске кедергі жасау максатын көздемесек, ал қайта,— кеңеске барғанда, кеңестің тәртібіне бағына отырып, соған сүйене отырып, мұнай өнеркәсіпшілерімен келіс сөздер жүргізу үшін, ақыр соңында белгілібір келісімге келу үшін баратын болсақ, — онда біз өзіміздің мұндай әрекетімізді кеңеске қатысу деп атауға тиіспіз. Ал егер біз, талаптарымызды ұсына отырып, осы талаптарды анықтап белгілеу үшін өкілдерімізді сайлай отырып, белгіленіп болған талаптарды дәріптеп, жариялай отырып, мұнай өнеркәсіпшілері мен жүргізілетін кеңес жұмыстарына қатысу мақсатын емес, кеңестің өзіне кедергі жасау мақсатын, **күреске дейін** мұнай өнеркәсіпшілерімен шарт жасаудың қандайына болса да кедергі жасау мақсатын (**күрестен кейінгі**, әсіресе ойдағыдай жүргізілген күрестен кейінгі шартты біз қажет деп есептейміз) көздейтін болсақ, — онда біз өзіміздің мұндай әрекетімізді кеңеске бойкот жариялау, бойкот болғанда, әрине, белсенді түрде бойкот жариялау деп атауға тиіспіз, өйткені мұның өзі кеңестің аяқсыз қалуымен тынады.

Бұл арада Дума жөніндегі тактиканы кеңес жөніндегі тактикамен ешбір шатастырмау керек. Кеңеске қатысу және бойкот жариялаудағы мақсат **кәсіпшіліктердегі** кәзіргі тәртіптерді жақсарту үшін жағдайлар жасау, ал Думаға қатысудағы немесе бойкот жариялаудағы мақсат — **елдегі** жалпы жағдайларды **жақсарту** болып табылады. Кеңестің тағдырын бүтіндей **тек қана осы** жердегі пролетариат шешеді, өйткені про-

летариат қатыспаса, кеңес өзінен өзі керексіз болып қалады, ал Думаға қатысудың немесе бойкот жариялаудың тағдырын жалғыз пролетариат қана емес, сонымен бірге шаруалар да шешеді. Ақырында, кеңеске белсенді түрде бойкот жариялау (кедергі жасау) ісі белсенді қимылдар көрсетпей-ақ жүзеге оңай асырылады, ал Думаға бойкот жариялаудың нәтижелері жөнінде мұны айтуға болмайды.

Жалпы пікірлер айтқаннан кейін, енді алдағы кеңеске бойкот жариялау туралы нақты мәселеге көшейік.

Баку жұмысшыларының экономикалық күресінің тарихын 2 дәуірге бөлуге болады.

Бірінші дәуір — соңғы кезге дейінгі күрес дәуірі; ол кезде негізгі әрекет істеушілер мастеровойлар еді, ол кезде кәсіпкерлер[50] өздерінің көсемдеріндей көріп, мастеровойлардың соңынан іркілмей, калтқысыз ере беруші еді, ол кезде кәсіпкерлер өздерінің өндірістегі ролі орасан екенін ұғына қоймаған еді. Мұнай өнеркәсіпшілерінің бұл дәуірдегі тактикасын мастеровойларды әлпештеу тактикасы деп, мастеровойларға ұдайы кеңшілік жасап, ал кәсіпкер жұмысшыларды ұдайы көзге ілмеу тактикасы деп сыйпаттауға болады.

Екінші дәуір — кәсіпкерлердің оянған кезінен, олардың өз алдына қимыл көрсеткен кезінен, сонымен қатар мастеровойлардың шетке ығыстырылған кезінен басталады. Оның бержағында бұл қимыл мейлінше келемеж сыйпатты қимыл болып шығады, өйткені мұның өзі 1) масқара сыйлықтар алудан әрі аспайды және 2) мастеровойлар жөнінде аса қатерлі сенімсіздікті өршітеді. Мұнай өнеркәсіпшілері өзгерген жағдайды пайдалануға тырысып, өздерінің тактикасын да өзгер-

теді. Олар ендігі жерде мастеровойларды әлпештемейді, оларды көтермелеуге тырыспайды да — өйткені, ендігі жерде кәсіпкерлер мастеровойлардың соңына шығып ере бермейтінін олар жақсы біледі — қайта, мұнай өнеркәсіпшілерінің өздері мастеровойларды кәсіпкерлерден тыс ереуіл жасауға арандатпақ болады да, осы арқылы мастеровойлардың едәуір әлсіздігін көрсетіп, бұларды өздеріне көнгіш етуге тырысады. Сонымен қатар, бұдан бұрын кәсіпкерлерге ешқандай көңіл бөлмей келген мұнай өнеркәсіпшілері, енді нағыз барып тұрған арсыздықпен сыйлықтар беру арқылы, осы кәсіпкерлерді әлпештеген болады. Осы арқылы бұлар кәсіпшілік жұмысшыларын мастеровойлардан айыруға, ақыр соңында олардың құлқын бұзып, мұнай өнеркәсіпшілеріне малайша жағынып қарайтын дертке ұшыратып, бітіспес күрес жөніндегі принциптің орнына саудакүнемдік пен малайға тән тіленшілік жөніндегі «принципті» тудыруға, сөйтіп, жағдайды айтақаларлықтай жақсарту жұмысын атымен жоқ қылуға тырысады.

Алдағы кеңесті олар нақ осы мақсатпен «ойлап шығарған».

Бұдан айқын көрінетін нәрсе: алдыңғы қатардағы жолдастардың міндеті — кәсіпшілік жұмысшылары үшін аяусыз күрес жүргізу, кәсіпшілік жұмысшыларының санасында мұнай өнеркәсіпшілері жөнінде шексіз сенімсіздік тудыру арқылы, оларды саудакүнемдік пен тіленшілік жөніндегі зиянды әдеттерден арылту арқылы кәсіпшілік жұмысшыларын мастеровойлардың төңірегіне топтастыру жолында күрес жүргізу болып табылады. Тұңғыш рет бой көрсетіп отырған, онда да келемеж боларлық, икемсіз қыймыл («бешкеш»[54], т. т.) көрсетіп отырған кәсіпкерлер бұқарасына біз: тұрмыс жағ-

сарғанда жоғарыдан жақсармайды, саудаласу жолымен де жақсармайды, төменнен, мастеровойлармен бірлесе отырып, жалпы күрес жүргізу жолымен жақсарады дегенді үзілді-кесілді, батыл айтуға тиіспіз (айтқанда мәймөңкелеп емес, батыра айтуымыз керек!).

Тек осы міндетті еске ала отырып, біз кеңес жөніндегі мәселені дұрыс шеше аламыз.

Міне сондықтан, біздің ойымызша, алдағы болатын кеңеске қатысу, қазір, шінара күрес жүргізіліп жатқан кезде, жалпы күрес әлі тумаған кезде, мұнай өнеркәсіпшілері оңға да, солға да сыйлықтар таратып, кәсіпкерлерді мастеровойлардан айырып, олардың есеймеген сана-сезімін бұзып жатқан кезде, сол жалпы күреске дейін міндетті түрдегі шарт жасасу мақсатымен мұнай өнеркәсіпшілерін және жұмысшыларды бірлесіп жұмыс істеуге шақыру, осындай кезеңде **«кеңеске бару»**, біздің ойымызша, — бұқараның бастарындағы «бешкештік» соқыр сенімдерді аластағандық емес, қайта нығайтқандық болады. Мұның өзі мұнай өнеркәсіпшілері жөнінде бұқараның санасында сенімсіздік емес, қайта сенім тудырғандық болады. Мұның өзі кәсіпкерлерді мастеровойлардың төңрегіне топтастырғандық емес, оларды мастеровойларға жақындатқандық та емес, қайта оларды біразға дейін жалғыз қалдырып, капиталистердің шеңгеліне іліктіргендік болады.

Әрине, «жаман айтпай жақсы жоқ», **Кочегар**[52] жолдас айтқандайын, күресті ұйымдастыру, «күресті ұлғайту» жағынан кеңестің өзі қазіргі кезеңде де **біраз** пайда келтіре алар еді. Ал егер кеңестен келетін зиян нақ сол біраз пайдадан асып түсетін болса, онда кеңесті керексіз қоқсық нәрседей сөзсіз аластап тастау керек. Өйткені, егер Кочегар жолдас «кеңеске барғанда»,

көбінесе, кеңес «күресті ұйымдастырады», «күресті ұлғайтады» деп баратын болса, онда өрлеу кезінде, жалпы күрес қарсаңында, ұйымдастырылатын жалпы күрестің бас кезінде «кеңеске баруға» не себепті болмайтындығы тіпті түсініксіз ғой? Қорқатын не бар? Онда «жалпы ұйымдастыру», «күресті ұлғайту» өте-мөте қажет қой? Онда бұқара жоғарыдан жасалатын кеңшіліктерге онша алданбас еді ғой! Бірақ өкілдер сайлау дегеніміз — бұқараны ұйымдастыру деген сөз бола қоймайды; мәселенің түйіні осында. Ұйымдастыру (гапондық ұғымдағы емес, өзіміздің ұғымдағы ұйымдастыру) дегеніміз, — **ең алдымен,** капиталистер мен жұмысшылар арасындағы бітіспес қайшылықты ұғынарлық сана-сезімді дамыту деген сөз; әңгіменің түйіні осында. Тек осындай сана-сезім туса болғаны, басқасы өзінен өзі реттеледі.

Ал алдағы болатын кеңес нақ осындай нәтиже бере алмайды.

Сондықтан кеңеске бойкот жарыялау тактикасы ғана біздің кәзіргі жағдайлардағы міндетімізге сәйкес келетін бірден-бір тактика бола алады.

Бойкот тактикасы жұмысшылар мен мұнай өнеркәсіпшілері арасындағы бітіспес қайшылықты ұғынатын сана-сезімді жақсылап дамытады.

Бойкот тактикасы «бешкештік» соқыр сенімдерді ыдырата отырып, кәсіпшілік жұмысшыларын мұнай өнеркәсіпшілерінен ажырата отырып, оларды мастеровойлардың төңрегіне топтастырады.

Бойкот тактикасы мұнай өнеркәсіпшілері жөнінде сенімсіздік тудыра отырып, тұрмысты оңдайтын бірден бір амал ретінде күрестің қажет екендігін бұқараға жақсылап көрсетіп береді.

Сондықтан біз бойкот науқанын ашуымыз керек: заводтық жыйналыстар жасау, талаптар ұсыну, жалпы талаптарды анықтап тұжырымдайтын өкілдер сайлау, талаптарды баспасөз жүзінде таратып, түсіндіру, бұларды біржола бекіттіру үшін тағыда бұқараның талқысына салу керек, т. т. және т. с., осының бәрін бойкот ұранымен, жалпы талаптарды көпшілікке жете танытып, «жария мүмкіншіліктерді» пайдаланып, — кеңеске бойкот жасарлықтай, оны келемеж етерліктей, сөйтіп, жалпы талаптар жолындағы күрестің қажеттігін атап көрсетерліктей етіп жүргізу керек.

Сонымен, кеңеске бойкот жарыялау керек!

„Гудок" газеті, № 4,
29 сентябрь, 1907 ж.
Қол қойған: К о...

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

САЙЛАУ АЛДЫНДА

Мұнай өнеркәсіпші мырзалар [illegible]. Олар тіпті осы таяу арада-ақ Бакудегі [illegible] «жұмысшылардан тыс тұрған, кірме [illegible]» [illegible] болатын, мұны олар өздерінің «[illegible]»* [illegible]тінің редакторына айтқызған болатын. [illegible]ры олардың айтқандарын [illegible] құлақтандыру жансырады, [illegible] ұйымдастыру комиссиясына [illegible]ды, сөйтіп олар кәсіпшілік одақтарын [illegible]лық етуден шеттеткісі келді. Күні кеше [illegible] еді. Ал енді, 7 январь күні, фабрика [illegible]шілік одақтарының секретарьларымен мұнай өнеркәсіпшілерінің жиналысы болып өтті, бұл жиналыста мұнай кәсіпшіліктерінде және заводтарда жиналыстар өткізу үшін кәсіпшілік одақтарына рұқсат [illegible] басы мырза беріп тұратын болсын деп [illegible] деп хабарлады.

Капиталист мырзалар кәсіпшілік одақтарының [illegible]палының күшеюінен қорқады, олар жұмысшылар [illegible]тыраңқы және ұйымдаспаған күйде болар ма еді дейді. Міне осы мақсатты көздеп, олар тіпті кәсіпшілік [illegible]

завод комиссияларын да мойындағысы келмейді. Бірақ енді біз оларды жұмысшылардың өміріндегі ең ірі мәселелердің бірі болып саналатын, жұмысшылар кеңесі туралы және коллективтік шарт туралы мәселені шешу ісіне одақтар басшылық етеді және етуі тиіс екендігіне еріксіз мойындаттық.

Жұмысшылардың ұйымдарына қарсы күресте мұнай өнеркәсіпші мырзалар және өкімет орындарына дашнакцакан[54] мырзалар мен социалист-революционерлер жәрдемге келіп отырса да, мұнай өнеркәсіпші мырзалар мен өкімет орындарына кәсіпшілік одақтарының жетекшілік орнын біз еріксіз танытып отырмыз.

Дашнакцакан мырзалар дуан бастығы мырзаның шақыруын дереу қабылдай қойды да, сайлауға кірісті; әрине, бұл жерде бұлардың өздерінің көздеген мақсаттары болды, ол мақсаттар: сайлау науқанын жүргізу жөнінде кәсіпшілік одақтарының қойып отырған шарттарын, оның ішінде ең бастысы — жұмысшы ұйымдарын мойындауды — жүзеге асыртпай тастау еді.

Бірақ дашнакцакандардың асығыс істеріне мұнай өнеркәсіпші мырзалар, алайда, қанағаттанбады. Дашнакцакандарға Абиянц, Радуга, Арарат, Фарос және басқа осы сияқты ұсақ фирмалар ерді, ал ірі армян фирмаларының тек екі-үшеуінде ғана сайлау өтті.

Каспи-Қара теңіз қоғамының, Нобель, Қокорев, «Борн», Шибаев, Асадуллаев, Москва-Кавказ серіктіктерінің және басқа фирмалардың жұмысшылары қарар шығарып, бұл сияқты сайлауға қарсы шықты, кәсіпшілік одақтарына рұқсат куәліктері берілмейінше сайлауға қатысудан бастартты.

Аса ірі және ықпалды фирмалардың жұмысшылары өздерінің еркін анық және айқын айтып салды да, мұнай өнеркәсіпші мырзаларға ғана емес, сонымен қатар бостан босқа әсем сөйлеуді сүйетін өздерінің «достарына» да осылай жауап қайырды.

Кәсіпшілік одақтарының қойып отырған шарттары, «Біз кеңеске неліктен бармай отырмыз» деген кітапшасында социалист-революционерлердің айтып отырғанындай, «көсемдердің» ойдан шығарған нәрсесі емес екендігін жұмысшылар өздерінің қаулылары арқылы анық және айқын растап шықты.

Өкімет орындары, мұнай өнеркәсіпшілері және дашнакцакандар кәсіпшілік одақтарының ықпалының күшеюіне қарсы күресіп отыр. Жұмысшылар кәсіпшілік одақтарына сенім білдіріп, кәсіпшілік одақтары қойып отырған шарттарға өздерінің тілектес екендігін көрсетіп отыр.

«Кеңес» және «келісім сөздер» деген әңгімелер жұмысшыларға құбыжық емес және құбыжық болуға тиіс те емес, сондай-ақ жұмысшылар ереуілдің қарсаңында келісім сөздер жүргізуден және талаптар қоюдан да қорықпайды. Талаптар қою кей кезде дауды ереуіл жасау арқылы шешу қажеттігін жойып отырады. Көбінесе керісінше болып отырады. Бірақ «келісім сөздер» істің барлық шын бейнесін жұмысшылардың алдына жайып салу үшін, кеңес жөніндегі науқан жұмысшылардың өмірінің барлық мәселелерін кең түрде қою және оларды ашық түрде талқылау арқылы, жұмысшыларға аса бағалы еңбек сіңіруі үшін — кәсіпшілік одақтары қойып отырған және сайланушы өкіл-

дерге берілетін тапсырмаға енетін шарттарды жүзеге асыру қажет.

Егер барлық жұмысшы бұқарасының көз алдында жүргізілетін болса, келісім сөздердің қандайы болсын «қорқынышты емес». Ұсынылып отырған шарттар кеңеске байланысты мәселелердің бәрінің де талқылану ісіне барлық жұмысшылардың кеңінен қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Шендриков кеңесі тәрізді аты өшкір кеңестің мәңгі бақый жаназасы оқылды.

Механикалық өндіріс одағына «қосылып отырған» жолдастар бізге ерді, олар «қайткенде де кеңес болсын» деген ұраннан бастартты, біз осындай нәтижеге не болдық. Сөйтіп олар да негізгі шарт орындалмаса, кәсіпшілік одақтарының жетекшілік орны қабылданбаса, сайлауға бойкот жасамақ болды. Біз ендігі жерде «қайткен күнде де» бойкотты жақтаймыз деуші адамдардың болмауын да қамтамасыз етеміз. Кеңес, ал ең бастысы, кеңес жөніндегі науқан, егер бұл үшін қажетті жағдайлар болатын болса, жұмысшылар үшін тиімді нәрсе.

Жұмысшылар өздерінің соңғы қарарларымен біздің позициямыздың дұрыс екендігін растап отыр.

Рұқсат куәлігі бізге берілді. Демек, мұның мәнісі одақтардың жетекшілік орнын өкімет орындары мен мұнай өнеркәсіпшілері мойындады деген сөз.

Аса ірі фирмалардың жұмысшыларының көпшілігі өзіміз көрсеткен шарттар бойынша ғана сайлауға қатысатындықтарын айтты.

Енді біз ешбір алаңсыз, іркілмей өкілдер сай-

лауға кірісе аламыз және оларға мынадай тапсырма беруді ұсынамыз: сайлағанда сондай 16 делегат сайлаңыздар, олар ұйымдастыру комиссиясында келісім сөздер жүргізудің міндетті шарты ретінде, ең алдымен мына төмендегі пункттердің мойындалуын талап ететін болсын:

1) Кеңесті өткізу уақытын тең праволы тараптар ретінде жұмысшылар мен өндіріс иелерінің өкілдері белгілеулері тиіс, яғни осы екі жақтың келісімі бойынша белгіленуі керек.

2) Әрбір жүз жұмысшыдан бір-біреуден сайланып келген барлық өкілдердің жиналысы кеңестің ақырына дейін болып тұруға тиіс, бұл жиналыс, қажетіне қарай, жұмысшылардың, кеңес мүшелерінің, делегаттардың есепті баяндамаларын тыңдау үшін және оларға жетекші нұсқаулар беріп отыру үшін — дүркін-дүркін шақырылып тұруы керек.

3) Талап етіліп және ұсынылып отырған договор шарттарын талқылау үшін заводтарда, кәсіпшілік орындарында және мастерскойларда жиналыстар өткізуге өкілдердің праволары бар.

4) Мұнай өнеркәсібіндегі жұмысшылардың және механикалық жұмысшылар кәсіпшілік одақтарының басқармасы мұнай өнеркәсіпшілерімен бірге өткізілетін кеңестің тура өзіне, өздерінің шешуші дауыссыз делегаттарын жіберуге право алады, сол сияқты кеңестің барлық комиссияларында, өкілдердің жиналыстарында, заводтардағы, кәсіпшілік орындарындағы және т. б. жиналыстарда бұларға баяндамалар жасау правосы беріледі.

б) Ұйымдастыру комиссиясына жіберілетін делегаттарды өкілдердің Советі, бүтін бірыңғай орын ретінде, өндіріс-өндіріске бөлмей, сайлайды. Ұйымдастыру комиссиясында да келісім сөздер, осы сияқты, бүтін бірыңғай орын ретінде жүргізіледі (барлық жұмысшылар үшін бірыңғай шарт болады).

„Гудок" газеті, № 14,
13 январь, 1908 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Газеттің тексті бойынша
басылып отыр

ТАҒЫДА КЕПІЛДІ КЕҢЕС ТУРАЛЫ

Кеңес жөнінде наукан қызу жүріп жатыр. Өкілдер сайлау ісі бітуге жақын. Жақын арада өкілдер Советі шақырылады. Кеңес бола ма, болмай ма, қандай гарантиялар (шарттар) болған кезде кеңестің болуы қолайлы, бұл кепілдерді қалай ұғу керек — міне өкілдер Советі ең алдымен осы мәселелермен шұғылданады.

Өкілдер Советінде біздің ұстайтын жолымыздың бағыты қандай болу керек?

Қайталап айталық, мұнай өнеркәсіпшілерімен бірлесіп кеңес өткізу біз үшін жаңалық емес. Бізде 1905 жылы бір кеңес болды. 1906 жылы екінші де кеңес болды. Бұл кеңестер бізге не берді, бұлар бізді не нәрсеге үйретті, бұлар өздерін өздері ақтай алды ма?

Бізге сол уақыттың өзінде де және осы соңғы уақыттың ішінде де кеңес **өзінен өзі**, ешқандай шартсыз-ақ бұқараны бірлестіреді десіп жүрді. Алайда бұрынғы кеңестердің бір де біреуі бұқараны бірлестірмегенін, бірлестіре де алмайтынын, — тек бір ғана сайлау жүргізілгенін, «бірлестіру» жұмысының бәрі осымен ғана тынғанын — фактылар бізге көрсетті.

Себеп?

Себебі: бұрынғы кеңестерді ұйымдастырғанда ешқандай сөз бостандығының, жыйналыс бостандығының тіпті нышаны да болған емес, бұқараны заводтар бойынша — кәсіпшіліктер — казармалар бойынша жыйнауға, алда тұрған әрбір мәселе жөнінде тапсырмалар белгілеуге, жалпы айтқанда, кеңестің барлық ісіне белсене араласуға мүмкіншілік болған емес. Олай болса, ол кезде жұмысшы бұқарасына қарап отыруға тура келді, тек қана жұмысшылар бұқарасынан алыс тұрған делегаттар ғана қыймыл жасады. Ал бұқараның тек әрекет үстінде ғана ұйымдасатындығы бізге ежелден мәлім...

Онсоң — себеп: жұмысшылардың тұрақты ұйымы ретінде, кеңес біткенше еркінше әрекет жасап отыратын, өзінің төңрегіне барлық фирмалар мен аудандардың жұмысшыларын біріктіретін, осы жұмысшылардың қоятын талаптарын белгілейтін және сол талаптардың негізінде, жұмысшылардан сайланған делегаттарды бақылап отыратын — Өкілдердің Советі болған емес. Бірақ мұнай өнеркәсіпшілері өкілдердің бұл тәрізді Советін құруға рұқсат бергісі келмеді, ал кеңес шақыруды талап етіп жүргендер бұған оп-оңай көне салды.

Біз енді ол уақытта, өз төңректеріне өкілдер Советін бірлестіріп, оны тап күресінің жолына бағыттап отыратын қозғалыс орталықтары — кәсіпшілік одақтары болмағандығы туралы сөз етіп те отырғанымыз жоқ...

Бір кездері бізге жұрт кеңес тіпті өзінен өзі жұмысшылардың талаптарын қанағаттандыра алар десіп жүретін. Бірақ алғашқы екі кеңестің тәжрибесі бұлай деп жорамалдауды да теріске шығарып отыр. Өйткені бірінші кеңесте біздің делегаттарымыз жұмысшылардың

қойып отырған талаптары туралы сөйлей бастағанда, мұнай өнеркәсіпшілері олардың сөзін бөліп: «кеңестін алдындағы күн тәртібіне мұның қатысы жоқ», кеңес қайдағыбір талаптар туралы емес, «өнеркәсіпті сұйық отынмен қамтамасыз ету туралы» мәселені шешу үшін шақырылған деді. Ал біздің делегаттарымыз екінші кеңесте жұмыссыздардың да делегаттарын қатыстыруды талап еткенде, мұнай өнеркәсіпшілері: олар бұл сыяқты талаптармен санасуға өкілдігіміз жоқ деп, бұл жолы да делегаттардың сөзін бөліп тастады. Сөйтіп, олар біздің делегаттарымызды желкелеп қуып шықты. Ал кейбір жолдастар жалпы күрес ашу арқылы өзіміздің делегаттарға жәрдемдесу керек деп мәселе қойғанда, мұндай күрестің мүмкін емес екендігі анықталды, өйткені екі кеңестің екеуін де капиталистер өздеріне тимді тұйық уақытқа, — Еділ өзені қатып қалып, мұнай заттарының бағасы төмендей беретін, демек жұмысшылар жеңеді екен деп ойлаудың өзі ақылға сыймайтын уақытқа, қыстың күніне орайластырған.

Өткен кеңес өзін өзі міне осылай «ақтады».

Өзінен өзі, өкілдердің ерікті Советінсіз болатын кеңес, одақтар қатыспайтын және олардың басшылығында болмайтын кеңес, оның үстіне тағы қыстыгүні шақырылатын кеңес, — бір сөзбен айтқанда, **кепілсіз кеңес** — құрғақ сөз екені айқын. Мұндай кеңес жұмысшыларды бірлестірмейтіні былай тұрсын, біздің талаптарымыздың орындалуына көмегі тимейтіндігі былай тұрсын — қайта — талаптарымызды қабылдату ісіне іріткі салады, оның мерзімін алыстатады: өйткені мұндай кеңес нақтылы ешнәрсе берместен, жұмысшыларды құрғақ уәделермен асырайды.

Өткен екі кеңес бізге міне осыларды сабақ етіп қалдырып отыр.

Міне осылай болғандықтан саналы пролетариат 1907 жылы ноябрьде үшінші кеңеске бойкот жарыялады.

Өткен кеңестердің көрсеткен барлық тәжрибесіне қарамай, мұнай пролетариатының көпшілігінің тілегіне қарамай, **ақырында, кәсіпшілік одақтарының арасында жасалған шартқа қарамай, ешбір кепілдігі жоқ** кеңес үшін үгіт жүргізіп отырған, механика жұмысшылары одағындағы кейбір жолдастар осыны естерінде сақтайтын болсын.

Олар осыны естерінде сақтасын да, бұл шартты бұзбайтын болсын.

Бірақ бұдан, кеңес атаулының бәріне бірдей қолды бір-ақ сілтеуіміз керек екен деген мағна туа ма?

Жоқ, мұндай мағна тумайды!

Бойкотшыл эсерлердің: кеңеске қатыспауымыз керек, өйткені кеңеске шақырып отырғандар — біздің дұшпандарымыз, буржуалар деп жүргендеріне — тек күлкімен ғана жауап беруге болады: өйткені бізді жұмыс істеу үшін фабрикаға да, завод немесе кәсіпшілікке де шақырып отырғандар нақ сол дұшпандар, сол буржуйлар ғой. Сондықтан бір ғана сол үшін, яғни бізді оған дұшпандарымыз, буржуйлар шақырғандығы үшін, біз фабриканы, заводты немесе кәсіпшілікті бойкот жасауға тиіспіз бе? Өйтетін болсақ, аштан қырылуға болады ғой! Олай болса, буржуйлардың шақыруын қабылдап, оның жұмысын істеуге барғандықтан жұмысшылардың бәрі де есінен алжасқан болды ғой!

Дашнакцакандардың: біз кеңеске қатыспауымыз керек, өйткені бұл кеңес буржуазиялық мекеме дейтін

сөздеріне, — мұндай сорақы сөздерге мүлде көңіл бөлмесе де болады: өйткені осы қоғамдық тұрмыстың бәрі де буржуазиялық «мекеме» ғой, фабрика, завод, кәсіпшілік — осылардың бәрі де буржуазияның өзінің «кескін-бейнесіне қарай құрылған», солардың пайдасын көздейтін буржуазиялық мекемелер ғой — сондықтан бұлар буржуазиялық мекемелер екен деп қана бұлардың бәрін бойкот жасамақпыз ба? Бұлай болған күнде біз қайда қоныс аудармақпыз, Марсқа ма, Юпитерге ме, әлде, мүмкін, дашнак-эсерлердің аспандағы сарайларына көшіп барармыз?..*

Жоқ, жолдастар! Біз буржуазия позициясына сыртымызды бермей, қайта оған шабуыл жасауымыз керек! Позицияларды буржуазия қолында қалдырмай, бірден-бірге жеңіп алып, буржуазияны позициясынан айдап шығуымыз керек! Мұндай оп-оңай ақыйқатты қыяли сарайлардың адамдары ғана түсіне алмайды.

Талап етіп отырған кепілдерге алдынала ие болып алмайынша, біз кеңеске бармаймыз — ал бірақ, талап етіп отырған кепілдерімізді ала алсақ, біз кеңеске барамыз, барғандағы мақсатымыз: осы кепілдерге сүйене отырып, кеңесті қайыр-садақа сұрау құралынан, бұдан былайғы жердегі күрестің құралына айналдыру болады, — дәл осы сияқты, белгілі қажетті шарттар орындалғаннан кейін, біз жұмысқа барудан бастартпаймыз, ондағы мақсатымыз: фабриканы, заводты, кә-

---

* Дашнакцакандар мен эсер мырзалардың позициясының жеңіл-желпі екендігі, тұрмыстан аулақ екендігі баспахана жұмысшыларының өз қожайындарымен бірігіп өткізетін кеңесіне және олардың арасындағы коллективтік шартқа бұлардың өзінің жөн қарайтындығынан-ақ көрініп тұр. Ол-ол ма, олардың кейбір мүшелерінің бұл іске қатысуын бұлар айып деп санамайды.

сіпшілікті езу орнынан азаттық орнына айналдыру болады.

Жұмысшылардың жеңіп алған кепілдіктері бар кеңесті ұйымдастырып, 50 мың жұмысшы бұқарасын өкілдер Советін сайлауға және өзіміздің қоятын талаптарымызды белгілеуге шақырып, біз Бакудегі жұмысшы қозғалысын күрестің жаңа жолына, тиімді жолына саламыз: стихиялық (бытыраңқы) және бешкештік қозғалыстың емес, ұйымдасқан саналы қозғалыстың жолына саламыз.

Атап айтқанда, кепілді кеңестен біздің күтіп отырғанымыз міне осы, біздің: **кеңес кепілді болсын, немесе ешқандай кеңес болмасын**[55] деп отырғанымыздың да себебі міне осы!

Мейлі, ескі кеңесшіл мырзалар кепілдіктерге қарсы үгіт жүргізе берсін, мейлі. олар кепілсіз кеңесті көкке көтере берсін, мейлі, олар Зубатов батпағының түбімен жер бауырлап еңбектей берсін, — бірақ пролетариат оларды батпақтан сүйреп шығарып, оларға тап күресінің кең даласымен жүруді үйретеді!

Мейлі, дашнак-эсер мырзалар биікке «шарықтай» берсін, мейлі, олар жұмысшылардың ұйымдасып жүргізіп отырған әрекеттеріне өздерінің ұшпақтағы мұнарасында отырып, бойкот жариялай берсін, — бірақ саналы пролетариат оларды биік ұшпақтан сүйреп, өзіміздің күнәһар жерге түсіреді де, кепілді кеңестің алдында еріксіз бастарын идіртеді!

Біздің мақсатымыз айқын: пролетариатты өкілдер Советінің төңрегіне жыйнау, ал бұл Советті өзіміздің жалпы талаптарымызға жету үшін, өзіміздің тұрмысымызды жақсарту үшін кәсіпшілік одақтарының төңрегіне бірлестіру.

Біздің жолымыз айқын: кепілді кеңес арқылы мұнай өнеркәсібіндегі пролетариаттың шын мұқтаждарын қанағаттандыру.

Бір кезде біз өкілдер Советін кеңестің, белшесінен батпаққа батып отырған, жақтаушыларына да қарсы, эсер-дашнакшыл бойкотшылардың ертегі қыялдарына да қарсы күресуге шақырамыз.

Болса белгілі кепілдігі бар кеңес болсын, ол болмаса кеңестің керегі жоқ!

„Гудок" газеті, № 17,
3 февраль, 1908 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ СОҢҒЫ КЕЗДЕГІ ЕРЕУІЛДЕРІМІЗ НЕНІ КӨРСЕТЕДІ?

Январь-февраль айларындағы ереуілдердің елеулі сыйпаты біздің козғалысымызға жаңа элементтер енгізіп отырған кейбір жаңа ерекшеліктер болып табылады. Бұл ерекшеліктердің біреуі туралы — ереуілдердің қорғаныштық сыйпаты туралы — «Гудокте»[56] айтылған болатын. Бірақ мұның өзі сыртқы ерекшелік. Басқа ерекшеліктер, біздің қозғалысымызға жарығын түсіріп, айқындап көрсетіп отырған, ішкі ерекшеліктер мұнан анағұрлым қызғылықты. Біздің айтып отырғанымыз талаптардың маңызы туралы, ереуілдерді жүргізудің тәсілдері туралы, күрестің жаңа әдістері туралы және т. т.

Біріншіден, көзге түсе кететін нәрсе — қойылып отырған талаптардың мазмұны болып табылады. Мұның бір өзгешелігі, ереуілдердің едәуірі сыйлық ақылар туралы талап коймай отыр (Нобель, Мотовилиха, Молот, Мирзоевтар, Адамовтар және т.т.). Ал сыйлық ақылар талап етілген жерде, бір ғана «бешкеш» үшін күресуден ұялып, жұмысшылар бұларды өздерінің талаптарының ең соңына ысырып тастап отыр (Питоев және басқалар). Ескілікті бешкештік соқыр сезім шын-

дап күйреп бара жатса керек. Жұмысшылардың алдында «бешкештің» қадірі түсе бастап келеді. Ұсақбуржуазиялық талаптардан (сыйлық ақылардан) пролетарлық талаптарға: неғұрлым озбыр әкімдерді (Нобель, Молот, Адамовтар) аластау, жұмыстан шығарылған жолдастарды қайтадан жұмысқа алу (Мирзоев), кәсіпшілік-завод комиссияларының (Нобель, Мирзоев) праволарын кеңейту талаптарына көшіп отыр. Бұл жөнінде әсіресе мирзоевшылардың ереуілі ерекше қызғылықты[57]. Олар мұнан былайғы жерде комиссияның келісімінсіз фирма бірде-бір жұмысшыны жұмыстан шығармауының кепілдігі ретінде, комиссияны мойындауды және жұмыстан шығарылған жолдастарды қайта алуды талап етіп отыр. Ереуілдің жүріп жатқанына екі жеті болды және өте сирек кездесетін бірауыздылықпен өтіп жатыр. Жұмысшылардың «біз сыйлық ақылар үшін немесе сүлгі мен сабын үшін күресіп отырғанымыз жоқ, жұмысшы комиссиясының правосы және оның абройы үшін күресіп отырмыз» деп, қандайлық зор мақтанышпен айтып отырғандықтарын білу үшін бұл жұмысшыларды көру керек — жұмысшылардың санасында қандай өзгерістер болғанын түсіну үшін осылардың барлығын білу керек деймін.

Соңғы ереуілдердің екінші ерекшелігі кәсіпшіліктегі бұқараның сана-сезімдерінің оянуы, белсенділігінің артуы болып табылады. Әңгіме мынада: осы уақытқа дейін кәсіпшіліктердегі жұмысшыларға мастеровойлардың соңына еруге тура келуші еді, ергенде әрдайым ықыласымен ере бермейтін, бұлар өздігімен сыйлық ақылар үшін ғана бой көрсететін. Оның бержағында бұлар мастеровойларға шінара жаулық көзбен қарайтын; бұған мұнай өнеркәсіпшілерінің (былтырғы жылы

Биби-Эйбат қоғамы, жуық арада Лапшин) провокаторлық-бешкештік саясаты дем беріп отыратын. Соңғы ереуілдер кәсіпшіліктердегі жұмысшылардың енжарлығы бірте-бірте қалып бара жатқандығын көрсетіп отыр. Нобельдегі ереуілді (январь), мастеровойларды соңына ерте отырып, көтерген осылар болды. Мирзоевтағы ереуілге (февраль) рух берген де сол кәсіпшіліктердегі жұмысшылар болды. Белсенділіктің артуымен бірге бұлардың мастеровойларға жаулығы да кеми беретіні өзінен өзі түсінікті. Кәсіпшіліктердегі жұмысшылар мастеровойлармен қол ұстасып, бірге жүре бастады.

Үшінші ерекшелік — ереуілшілердің біздің кәсіпшілік одағына достық көзбен қараулары және, жалпы алғанда, ереуілдерді анағұрлым ұйымшылдықпен өткізулері мұнан да қызғылықты. Алдымен көзге түсетін бір ерекшелік, — істі ойдағыдай етіп жүргізуге кесірі тиіп келген, бұрынғыдай қырық құлаш талаптардың жоқтығы (былтырғы жылғы Каспи серіктігін естеріңізге түсіріңіздер), — кәзір бұқараны бірлестіре алатын, бірнеше маңызды талаптар ғана қойылып отыр (Нобель, Мирзоевтар, Мотовилиха, Молот, Адамовтар). Екіншіден — осы ереуілдердің бірде-бірі дерлік кәсіпшілік одағының белсене қатысуынсыз өткізіліп отырған жоқ: жұмысшылар одақтың өкілдерін шақыруды қажет деп табады (Кокорев, Нобель, молотшылар, Мирзоевтар және басқалар). Кәсіпшілік және заводтық комиссияларды одаққа бұрынғыдай қарсы қоюшылық өткен іске айналып барады. Одаққа жұрт өзінің туған баласындай қарай бастап отыр. Кәсіпшіліктер мен заводтардағы комиссиялар одақтың бәсекешісі болудан, енді сол одақтың тірегіне айналып отыр. Соңғы кездегі

ереуілдердің ұйымшылдығының күштілігі осыдан туып отыр.

Міне осыдан келіп төртінші ерекшелік туады — бұл өзгешелік соңғы кездегі ереуілдердің бұрынғыға қарағанда ойдағыдай болып өтуі немесе, дұрысырақ айтқанда, бірен-саран ереуілдердің бүтіндей құлауының оншама жиі еместігі және ұдайы құлай бермейтіндігі болып отыр. Біздің айтып отырғанымыз, ең алдымен, Кокоревте болған ереуіл. Біздің ойымызша Кокоревте болған ереуіл біздің күрес әдістеріміздің дамуындағы бір кезеңді жер болып табылады. Бұл және кейбір басқа ереуілдер (Питоев, Мотовилиха) мынаны көрсетіп отыр: 1) іс ұйымшылдықпен жүргізілсе, 2) оған одақ белсене қатысса, 3) белгілі түрде табандылық болса және 4) күрестің дер кезін тауып белгілесе — бірен-саран ереуілдер онша нәтижесіз бола бермейді. Қалай дегенмен де, «бірен-саран ереуілдер жойылсын» деген «принципиалдық» ұрандардың, соңғы кездегі қозғалыстың фактылары толық дәлелдемей отырған, қатерлі ұрандар екені анықталып отыр. Қайта, біздің ойымызша, егер одақ басшылық ететін болса және оның дер кезін таба білсе, бірен-саран ереуілдер пролетариятты бірлестірудің аса маңызды факторына айналады.

Біздің пікірімізше, соңғы кездегі ереуілдердің анағұрлым маңызды ішкі ерекшеліктері міне осылар.

„Гудок" газеті, № 21,
2 март, 1908 ж.
Қол қойған: К. Като

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІПШІЛЕРІНІҢ ТАҚТИҚАСЫНДАҒЫ БЕТБҰРЫС

Бұған — біздің мұнай өнеркәсіпшілеріміздің жұмысшылар мен қожайындар арасындағы «европалық» қарым-қатнастар туралы «сөз қылып» жүргеніне — көп уақыт өткен жоқ, небәрі бірнеше ғана ай өтті.

Ол кезде олар өздерін ымырашылдықпен ұстауға тырысты. Мұның өзі түсінікті де: «терең ойлы» Ринның коллективтік шарттың құдайлық тегі туралы талмастан уағыздауы, бірен-саран ереуілдердің толқынының күшейіп бара жатқандығы, «европаша» кеңес өткізу арқылы «өндірісті тәртіпке салмақ болып», мұнай өнеркәсіпшілерінің ниет білдірулері, өкімет орындарының тарапынан болған белгілі қысым, — осылардың бәрі де мұнай өнеркәсіпшілерін сол ымырашылдық қалыпқа, «европалық» қалыпқа ыңғайлады.

— Ереуілдердегі анархия жойылсын, — деп, Рин айқай салды.

— Жасасын тәртіп, — деп, мұнай өнеркәсіпшілері бұған үн қосты.

Сонымен «тәртіп» те орнаған тәрізді. Қожайындар тарапынан болып отыратын жазалардың саны азайған тәрізді. Ереуілдердің саны да азайып отыр. Мұнай

өнеркәсіпшілері «келісуді жөн деп тапты» (қараңыз: «Нефтяное Дело» газеті, декабрь).

Ал енді міне науқан басталды. Жұмысшылар ескі, құпыя жүргізіліп келген кеңесті батыл түрде қабылдамай тастады. Бұлардың орасан көпшілігі кепілді кеңесті қуаттап шықты. Сөйтіп жұмысшылар: кеңесті толығынан пайдалану жөнінде, кеңесті ұйымдасқан, саналы күрестің құралына айналдыру жөнінде тілек қойып отырғандығын айқын көрсетті.

Ал енді біз не көріп отырмыз?

«Европалық» қарым-қатнастар туралы сөздер енді естілмейтін болып кетті. «Өндірісті тәртіпке салу» жөніндегі «ниет» туралы — бір ауыз сөз жоқ. «Ереуілдегі анархия» мұнай өнеркәсіпшілерін бұрынғыдай қорқытпайды — керісінше — жұмысшыларға шабуыл жасап, олардың бұрын жеңіп алған табыстарын қайтадан тартып алып, алдыңғы қатардағы жолдастарды жұмыстан шығарып, т. т. жасап — олардың өздері жұмысшыларды «анархияға» итермелеп отыр.

Сірә, мұнай өнеркәсіпшілерінің мұнан былай келісімге келуді қажет деп таппай отырғандығы көрінеді. Олар шабуыл жасауды артық көріп отыр.

Мұнай өнеркәсіпшілерінің съезінде-ақ, январьдың аяқ кезінде, олар жұмысшыларға қарсы шабуыл ашты. Олар одақтардың өкілдерінің ауыздарын ашырмады. Олар поселкелер туралы мәселені жылы жауып тастады. Олар мектеп туралы, дәрігерлік жәрдем туралы мәселелерді, т. т. «жоймақшы» болды. Олар жұмысшыларды халық үйлерін басқару ісіне қатысу правосынан айырды.

Осыларының бәрімен мұнай өнеркәсіпшілері өздерінің «европалық емес», «жаңа» жолға түсіп отырғандық-

тарын, жұмысшыларға ашықтан-ашық шабуыл жасау жолына түсіп отырғандықтарын сездірді.

Съезд Советі өздерінің съезінің «ісін» жүргізуде. Ол «аурулар үшін он тиіндік салық» деген бір нәрсені енгізіп, жұмысшыларға шабуыл жасады. Біз мұнай өнеркәсіпшілерінің тактикасындағы осы өзгерісті көрсететін. Советтің ұсақ тәртіптері туралы ешнәрсе айтып отырғанымыз жоқ.

Онан әрі, бұрын жеңіп алынған кәсіпшілік-заводтық праволарды жою, штатты қысқарту, алдыңғы қатардағыларды жұмыстан айдап шығару, локауттар жасау, т. т. түрінде жұмысшыларға қысым жасау «күшейтіліп отыр».

Олар кәсіпшілік-заводтық комиссияларды жоққа шығарды. Ротшильд (Балахандар), Каспи бірлестігі, Шибаев (Балахандар), «Борн» (Балахандар), Биеринг, Мирзоев және Нафталан бірлестігіндегі комиссиялар жөнінде қақтығысулар осыны айқын көрсетіп отыр.

«Штатты қысқарту» керек деген сылтаумен, олар ықпалы күшті жолдастарды, әсіресе кеңеске сайланған өкілдерді «қуып» жатыр. Каспи бірлестігіндегі, «Борндағы», Мухтаровтағы (Балахандар), Лапшиндағы (Биби-Эйбат), Мальниковтағы фактылар бұл жөнінде ешбір күмән қалдырмайды.

Вотандағы локаут мұнай өнеркәсіпшілерінің «жаңа» тактикасының бастамасы болып саналады.

Олар осылардың бәрімен жұмысшылардың күшін тоздыратын стихиялы-анархиялық көтерілістердің жолына итермелейді.

Ереуілшілерді жазалау түрлері мұнан да гөрі ерекше. Біздің айтып отырғанымыз Мирзоевтың фирмасы, атап айтқанда, осы фирманың басқарушысы Маркаров

мырза; бұл өзі ереуіл жасап отырған армяндарға қарсы берденкемен қаруланған мұсылмандарды айдап салып, армяндар мен татарлардың өзара қақтығысуларына жағдай жасап отыр.

Мұнай өнеркәсіпшілерінің тактикасындағы өзгеріс міне осылай.

Сірә, мұнай өнеркәсіпшілері «европалық шараларды» ендігі жерде керек етпейтін тәрізді.

Кеңестің «ойдағыдай» болатынынан көңілдері қалып, жұмысшылардың негізгі талаптарын қанағаттандырмай-ақ, бірғана кеңес арқылы «өндірісті тәртіпке салудың» мүмкіндігі жөнінде үміттерін үзіп, кеңес бейберекет жасаудың құралы емес, елу мыңдаған бұқараны ұйымдастыру құралына айналып бара жатқандығын көріп, — енді мұнай өнеркәсіпшілері кеңесті мәлімсіз бір уақытқа қалдырып, тіпті болмаса оның қуатын кетіріп, қалайда ретін тауып, кеңестен құтылғысы келеді.

Бұл үшін олар жұмысшыларды мезгілі жетпеген көтерілістерге түрткілеу арқылы, қалыптасып келе жатқан жалпы қозғалысты жеке-жеке, бірен-саран қозғалыстарға ыдырату арқылы, жұмысшыларды тап күресінің кең даңғыл жолынан, бөлек-бөлек қақтығысудың қалтарысты бұраң жолына салып жіберу арқылы қысым жасау системасына қол жүгіртіп отыр.

Осылардың бәрімен олар жұмысшылардың көңілін кегілді кеңестен басқа нәрсеге аударғысы келеді, жұмысшыларды бірлестіре алатын өкілдер Советінің жұмысшылар көзінде маңызын жойғысы келеді, жұмысшылардың бірігуіне бөгет жасағысы келеді, сөйтіп, өз-

дерінің талаптарын жүзеге асыру жолында жұмысшылардың дайындалуына бөгет жасағысы келеді.

Осылайша қыймыл жасап, олар әлі ұйымдасып болмаған жұмысшыларды мезгілі тумаған жалпы көтеріліске түрткілеуге тырысады; мұндай көтеріліс олар үшін жұмысшылардың қайратын «әбден» қажытуға, көпке дейін мұнайдың «үздіксіз» шығарылып тұруына мүмкіндік берер еді деп ойлайды.

Мұнай өнеркәсіпшілерінің тактикасындағы бетбұрыстың мәні осындай.

Осы айтылғандардың бәрін ескере келгенде, біздің тактикамыз қандай болуға тиіс?

Біздің ұйымдаспағанымызды пайдаланып, мұнай өнеркәсіпшілері бізге шабуыл жасап отыр, — олай болса, біздің міндет: қолда бар құралдарымызбен дұшпанның соққыларынан қорғана отырып, өзіміздің одақтың төңрегіне бірлесу болып табылады.

Біздің жалпы қозғалысымызды бөлшектемек болып, олар бізді стихиялық бірен-саран майда көтерілістерге түрткілейді, — олай болса, біздің міндетіміз: мұнай өнеркәсіпшілерінің қармағына түспеу, мүмкін қадерінше, бірен-саран ереуілдерден бой тарту, жалпы қозғалысты ыдыратпау болып табылады.

Кеңесті мәлімсіз бір уақытқа қалдырып, мерзімі тумаған жалпы көтеріліске түрткілеп, олар бізді бірлесу құралымыздан айырмақ болады, қолымыздан өкілдер Советін тартып алмақ болады, — олай болса, біздің міндетіміз: өкілдер Советін дереу шақыруды талап ету, жұмысшылардың қоятын талаптарын белгілеу ісімен айналысу және осындай жұмыстың үстінде бұқараны өкілдер Советінің төңрегіне бірлестіру болып табылады.

Өкілдердің Советін күшейте келіп, 50 мыңдаған бұқараны соның төңрегіне жыйнай келіп, мұнай өнеркәсіпшілері мырзалардың европалық тәртіпке жатпайтын әрекеттерін лайықты түрде жеңіп шығу бізге қыйын болмайды.

„Гудок" газеті,, № 22,
9 март, 1908 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК!

Мұнай өнеркәсіп жұмысшылары одағының басқармасы өкілдер Советін[58] тезірек шақыруға шаралар қолдану туралы қаулы алды.

Басқарма бұл қаулыны алғанда, мұнан әрі күткісі келмейтін және өкілдер Советін дереу шақыруды талап ететін жұмысшылардың көптеген арыздарына сүйенді.

Механика жұмысшыларының одағы да осы бағытта қыймылдамақ болып, қаулы алды.

Екі одақтың екеуі де фабрикалық бас инспекторға осы жақын күндердің ішінде тиісті арыздар берді.

Тез арада мәселе не олай, не былай болып шешілер деп ойлауға болады.

Одақтардың беріп отырған арыздарына өкімет және капитал иелері не деп жауап қайтаратындығын—біз, әрине, әлі білмейміз.

Мүмкін, олар жұмысшылардың тілектерін қарсы алар, өкілдер Советін дереу шақыратын болар, ал бұлай болған күнде, кеңес жұмыстары «дұрыс жүріп кетуі» ықтымал.

Басқаша да болуы мүмкін, әзірше тура жауап бермей, олар соза беруге де барады.

Мұнай өнеркәсіпшілеріне жұмысшыларды алдатпау үшін біз осылардың бәріне де, не олай, не былай болып шешілуіне, дайын болып тұруымыз керек.

Біз мұнай өнеркәсіпшілеріне дайындықпен бетпе-бет тұра қалуға минут сайын әзір болуымыз керек.

Ал бұл үшін қойылатын талаптарды белгілеуге дереу кірісу керек.

Біз кепілді кеңеске қатысамыз. Бірақ мұнай пролетариатының барлық бұқарасы қабылдаған талаптары болмағанда мұнай өнеркәсіпшілерінің алдында біздің бетке ұстайтынымыз не болмақ? Ал онда біз жалақы туралы, жұмыс күні туралы, поселкелер туралы, халық үйлері туралы, дәрігерлік жәрдем туралы, т. т. туралы жұмысшылардың талаптарын белгілеуге кірісейік те.

Біздің одақ іске кірісті де. Поселкелер, дәрігерлік жәрдем, халық үйлері және мектеп жөніндегі мәселелер туралы одақ өзінің пікірін «Гудок» газетінің бетінде айтып шықты. Бұл талаптарды одақ «Кеңеске арналған материалдар» деген атпен жеке кітапша етіп бастырып та шығарды.

Бірақ бұл әлі жеткіліксіз

Талқылап, өздері үшін бірден-бір қажет пікірлерін айту үшін осы талаптардың бәрін де бұқараның алдына салу қажет.

Оның үстіне, жалақы және жұмыс күні жөніндегі мәселелерді одақ әлі белгілеген жоқ, — демек, бұл мәселелер жөніндегі талаптарды белгілеуге кірісу қажет.

Осы мақсатпен біздің одақ қойылатын талаптарды белгілеу үшін арнаулы комиссия сайлауда.

Бірлесіп отырып тұрмысымыздағы толғағы жеткен

мәселелерді шешу үшін, бұл комиссия кеңес жөніндегі өкілдермен және төрт ауданның кәсіпшілік-заводтық комиссияларымен байланыс жасайды.

Онан соң заводтарда, кәсіпшіліктерде, казармаларда жалпы жиналыстар шақырылады да, осы талаптар біржола бекітіледі.

Кепілді кеңеске әзірлену жөніндегі біздің жұмысымыздың жоспары осындай болуы тиіс.

Қоятын талаптарды белгілеп, оларды бұқараға жеткізу арқылы ғана, біз сол бұқараның өзін өкілдер Советінің төңрегіне бірлестіре аламыз.

Бұқараны өзінің Советінің төңрегіне жиная келіп, біз сол бұқараны мұнай өнеркәсіпшілерінің тарапынан шығатын күтпеген істерден қауіпсіздендіруге мүмкіншілік аламыз.

Кепілдердің пункттерін «анықтау» туралы былжырақ философияға салу емес («Промысловый Вестникті»[59] қараңыз) және «көктемнің келе жатқандығы» туралы жеңіл ойлы айқай емес (эсерлерді естеріңізге түсіріңіздер), — жұмысшылардың талаптарын белгілеу, міне біздің, ең алдымен, төніп келе жатқан оқиғаларды еске ала отырып, қолға алатын ісіміз осы.

Сонымен, кепілді кеңеске ауыз бірлікті күшейте отырып әзірленейік!

„Гудок" газеті, № 23,
16 март, 1908 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРРОР ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Жұмысшылардың күресі әрқашанда және қай жерде де үнемі бір түрде болып отырмайды.

Қожайындарға қарсы күресе отырып, жұмысшылардың машиналарды сындырған, заводтарды өртеген уақыттары болған. Машина — қайыршылықтың негізі міне осы! Завод — езу орны міне осы! Ендеше, қыйрат оларды, өрте — дейтін жұмысшылар ол кезде.

Мұның өзі қалыпқа түсіп жетпеген, **анархиялық-бүлікшілік қақтығысудың** заманы еді.

Біз күрестің басқа түрін де, өртеудің, қыйратудың күшінен жұмысшылардың көңілдері қалып, күрестің «неғұрлым қатаң түрлеріне» — директорларды, басқарушыларды, меңгерушілерді, т. т. өлтіруге көшкен түрін де білеміз. Машиналар мен заводтардың бәрін бірдей жоя алмайсың, дейтін онда жұмысшылар, және мұның өзі жұмысшыларға тиімсіз де ғой, террор арқылы басқарушылардың зәресін алу қашанда мүмкін нәрсе, — ендеше ұрыңдар оларды, үрейлерін алыңдар!

Мұның өзі экономикалық күрестен туған, **террорлық** жеке-дара **қақтығысулардың** заманы еді.

Жұмысшылардың қозғалысы күрестің бұл түрін де, ана түрін де, өткен заманның ісі етіп қатты сөгіп шықты.

Мұның өзі түсінікті де нәрсе. Завод шындығында да жұмысшыларды қанау орны, және машина әлі күнге дейін осы қанауды кеңейтуде буржуазияға жәрдемдесіп отыр, онда ешбір күмән жоқ, бірақ мұнан қайыршылықтың көзі завод пен машинаның нақ өздері екен деген мағна тумайды. Қайта, құлдықтың бұғауын үзуде, қайыршылықты жоюда, езудің қандайын болса да жеңіп шығуда пролетариатқа мүмкіндік беретін, атап айтқанда сол завод, сол машина — бұл үшін тек осылардың бәрі жеке капиталистердің жеке меншігінен халықтың қоғамдық меншігіне айналулары қажет.

Екінші жағынан, егер біз шынында да машиналарды, заводтарды және темір жолдарды қыйратуға және өртеуге кіріссек, өмір әлде неге айналар еді? Онда өмір қу мекен далаға айналар еді де, бір жапырақ нанынан алдымен жұмысшылардың өзі қағылар еді!..

Машиналар мен заводтарды сындырмауымыз керек екені, — **қайта, егер біз шынында да қайыршылықты жоюға талпынып отырған болсақ, мүмкіндік болған кезде, соларға өзіміз ие болып алуымыз керек** екені түсінікті нәрсе.

Міне сондықтан да жұмысшы қозғалысы анархиялық-бүлікшілік қақтығысуларды қабылдамай отыр.

Буржуазияны үрейлендіру үшін жұмсалып отырғандықтан, экономикалық террордың да өзін өзі ақтайтын, сырт көзге белгілі «дәлелі» бар екендігі күмәнсіз. Бірақ тез өтіп кететін өткінші нәрсе болған соң, мұндай үрейдің не мәні бар? Ал енді мұның тек өткінші нәрсе болатындығы қашанда, қай жерде де экономи-

калық террорды қолдана берудің мүмкін емес екендігінен анық көрініп тұр. Бұл, біріншіден. Екіншіден, егер артымызда сүйеніш болып тұрған, жұмысшылардың талаптары үшін күресуге әрқашан дайын тұрған және жеңіп алғандарымызды сақтап қала алатын, жұмысшылардың күшті көпшілік ұйымы болмайтын болса, буржуазияны кірпік қаққандай ғана уақыт үрейлендіру және осыдан келіп туатын жеңілдік бізге не бермек? Ал оның бержағында, экономикалық террор бұл сияқты ұйымға ынтызарлықты жоятынын, жұмысшылардың бірлесуге деген ынтасын, дербес бой көрсетуге деген ынтасын құртатындығын — не деген рахат, мүддемізді қорғайтын батыр террористеріміз бар дегізетінін—фактылар сондайлық айқын көрсетіп отыр. Біз жұмысшылардың санасында өздігімен қыймыл жасау рухын дамытуымыз керек пе? Жұмысшылардың санасында бірлесу тілегін дамытуымыз керек пе? Әрине, керек! Бірақ экономикалық террор жұмысшылардың санасынан біріншіні де, екіншіні де жойып жіберетін болса, біз экономикалық террорды қолдана аламыз ба?

Жоқ, жолдастар! Қалтарыс жерден тарпа бассалып буржуазияны қорқыту біздің бойымызға жабысып қалған нәрсе емес — мұндай «істерді» белгілі шапқыншылар-ақ істей берсін. Біз, буржуазияға **ашықтан-ашық** қарсы шығуымыз керек, біз **оны бір жола жеңіп шыққанға дейін үнемі** үрей үстінде ұстауымыз керек! Ал бұл үшін бізге керегі экономикалық террор емес, жұмысшыларды күреске бастай алатын мықты көпшілік ұйым.

Міне сондықтан жұмысшы қозғалысы экономикалық террорды қабылдамайды.

Осы айтылғандарға байланысты, өртеуге және «эко-

номикалық» өлтірістерге қарсы бағытталған Мирзоевтағы ереуілшілердің соңғы қарарының ерекше маңызы бар. Бұл қаулыда 1 500 мирзоевшылардың бірлескен комиссиясы кочегарканы өртеу (Балаханда) және экономикалық жағдаймен байланысты бір меңгерушінің өлтірілу фактысын (Сурахандар) айта келіп, «кісі өлтіру және өртеу тәрізді күрес әдістеріне қарсылық білдіретіндігін» айтады (қараңыз: «Гудок» № 24).

Осынысымен мирзоевшылар ескі террорлық, бүлікшілік бағыттардан мүлдем қол үзісіп отыр.

Осынысымен олар нағыз жұмысшы қозғалысының жолына біржола түсіп отыр.

Біз Мирзоевтағы жолдастарды құттықтаймыз және барлық жұмысшыларды да осылар сияқты батыл түрде пролетарлық көпшілік қозғалысы жолына түсуге шақырамыз.

„Гудок" газеті, № 25,
30 март, 1908 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Газеттің тексті бойынша
басылып отыр

МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІПШІЛЕРІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРРОР ТУРАЛЫ

Экономикалық террор туралы мәселе «жұрттың» назарын аударуын қоймай келеді.

Бұл жөнінде біз өз пікірімізді айтқанбыз да, экономикалық террор жұмысшы табына зиянды іс, сондықтан оның өзі күрестің жарамсыз әдісі болып табылады деп сөккен болатынбыз.

Кәсіпшіліктер мен заводтардағы жұмысшылар да өздерінің пікірлерін осы рухта айтып шықты.

Өз пікірін, әрине, мұнай өнеркәсіпшілері де айтып жатыр. Бірақ олардың «көзқарасының» жұмысшылар көзқарасынан түбірімен өзгеше екендігі анықталып отыр, өйткені олар, «жұмысшылар тарапынан шыққан» экономикалық терроры қарғыс таңбасын таға отырып, мұнай өнеркәсіпшілер тарапынан шығып отырған дәл осындай терроры қарсы ешнәрсе айтпай отыр. Біздің айтып отырғанымыз экономикалық террор туралы мұнай өнеркәсіпшілерінің белгілі органында басылған басмақала (қараңыз: «Нефтяное Дело» № 6, К—за мырзаның мақаласы[60]).

Осы басмақала туралы сөйлеселік. Бұл мақала мұнай өнеркәсіпшілерінің «көзқарастарын» негіздеуші ре-

тінде ғана емес, жұмысшылармен күрестің кәзіргі кезіндегі олардың қалпын білдіруші мақала ретінде де бізге қызғылықты мақала болып табылады. Ұғынуға қолайлы болу үшін мұны үш бөлімге бөлу қажет: біріншісі, К—за мырзаның жұмысшыларға және олардың ұйымдарына қарсы жеке жағдайлар жөнінде айтқан бөлімі; екінші — экономикалық террордың себептері туралы; үшінші — оған қарсы күрестің шаралары туралы.

Жеке жағдайлардан бастайық. Ең алдымен мирзоевшылар туралы. Жұртқа мәлім, Сурахандағы басқарушының өлтірілуінен және кочегаркада болған өрттен кейін іле-шала мирзоевшылардың бірлескен комиссиясы 1 500 жұмысшының атынан күрестің мұндай әдісіне қарсы бір дауыстан наразылық жасады, сөйтіп өрт пен кісі өлтірудің ереуілмен байланысы жоқ деп тапты. Бұл наразылықтың шын наразылық екендігіне күмәндануға дәлел жоқ тәрізді еді. Бірақ К—за басқаша деп ойлайды. Ол қазбалап қараушы «сыншыл» болғансып, жұмысшылардың шын көңілмен айтып отырғандығын күмәнға алуды қалайда жөн табады, ол: «комиссия қателесіп отыр», өрт пен кісі өлтірудің ереуілмен тікелей байланысы бар дейді. Ал мұның өзі 1 500 жұмысшының өкілдерінің бір дауыспен жасаған наразылығынан кейін болып отырған әңгіме! Мұнысы фактыларды бұрмалағысы келгендік емей, жұмысшыларды қаралағысы келгендік емей, жала жабу арқылы болса да, жұмысшыларды «масқара діңгегіне байлағысы» келгендік емей немене? Міне енді осыдан кейін «адамдардың қылмысты мінездерін қорғаушылық» туралы өзінің мақаласында соншалықты көп сөз етіп отырған К — за мырзаның ақ ниеттілігіне сенуге бола ма?

К — за мырза мирзоевшылардан кейін біздің одаққа көшіп отыр. Біздің одақтың тез өсіп келе жатқандығы жұрттың бәріне мәлім. Кеңес жөніндегі барлық науқандар соның тікелей басшылығымен жүргізіліп отырғандығының өзі де жұмысшылар арасында одақтың ықпалының орасан зор екендігін көрсетеді. Ал «Гудок» газеті: «одақтың ықпалы және оның маңызы күн сайын өсіп келеді, одақ жұмысшылар бұқарасының тіпті неғұрлым артта қалған, мәдениетсіз топтарының көзінде де олардың экономикалық күресінің табиғи жетекшісінің орнын алып отыр» дегенінің өзінде де ол тек жалпыға мәлім фактыны айтып отыр. Я, мұның бәрі де жалпыға мәлім факт. Бірақ біздің қайсар «сыншы» фактылармен санаспайды, ол аспанның астындағы нәрсенің бәріне «күмән келтіреді», қалайда оқушылардың алдында тек жұмысшы одағының қадірін, абройын түсірсе болғаны, ол тіпті фактыларды жоққа шығаруға да дайын! Міне енді осылардан кейін де К — за мырзаның өзі жөнінде біздің одақты жақтаушымын, «экономикалық күресті ізгі жолға салудың» қорғаншысымын деп айтуға батылы барып отыр!

Әуелі а деген кісі, онан соң б деп те айтады, біздің одақты сөгіп отырған кісі, біздің газетімізді де сөгуге тиіс, — міне сондықтан К — за мырза біздің «Гудокке» көшіп отыр. Бұл ретте, бақсақ, былай екен: «Гудок» газеті «экономикалық күрес атмосферасын ретсіз өшпенділіктен, қатерлі ашудан, жоқтан өзгеге күйгелектенуден және мәдениеттілікке жатпайтын қыңырлықтан тазартуға қолынан келіп тұрған шараларды істемейді» екен. «Гудок» газеті тек «басқа ұйымдарға, партияларға, таптарға, газеттерге, жеке адамдарға, тіпті

өзінің бауыры «Промысловый Вестникке» шабуыл жасауды ғана» біледі екен.

К—за мырза осылай соғып отыр. Атақты «сыншының» осы сандырағының бәріне біздің құлақ аспауымызға да болар еді — қожайынына жағу үшін капитал малайының аузына келгенін оттайтыны аз ба еді! Бірақ енді болары болғасын, бір жолға Бакудың ұлы сыншысына бірер сөзімізді арнайық. Сөйтіп «Гудок» газеті «күрес атмосферасын ретсіз өшпенділіктен, қатерлі ашудан тазартпай отыр»... Айталық, мұнысының бәрі де дұрыс екен. Қасиетті капиталдың құрметі үшін айтыңыздаршы осы: өшпенділік пен ашуды көбінесе туғызатын «Гудоктың» тасқа басқан сөзі ме немесе жұмысшыларды ұдайы жұмыстан шығарып отырған, ауруларға жәрдем үшін 10 тыйындық салық деген бір нәрсені енгізіп отырған, халық үйлерін жұмысшылардан тартып алып отырған, кочидің[61] жәрдемін пайдаланып, жұдырық жұмсап, т. т. істеп отырған мұнай өнеркәсіпшілерінің нақты істері ме? «Экономикалық күресті ізгі жолға салудың» «шексіз шын» қорғаншысы К—за мырза мұнай өнеркәсіпшілерінің жұртты ашуландыратын және өштендіретін әрекеттері туралы не себепті ешболмаса бір ауыз сөз айта кетуді орынды деп таппайды? Экономикалық террордың жолына түсіп кете алатын «күдікті» элементтер біздің газетімізді оқымайды ғой, ең алдымен олардың ашуына тиетін, өшпенділік туғызатын нәрсе — мұнай өнеркәсіпшілерінің жазалау әрекеттері мен қысым жүргізулері ғой, — олай болатын болса, «Гудокке» қарсы соншама шабаланып отырған К—за мырза мұнай өнеркәсіпші мырзалардың «күдікті істері» туралы жұмған аузын неліктен ашпай

отыр? Міне осыдан кейін К—за мырзаның бетсіздігінде шек жоқ екендігі анық емес пе?

Екіншіден, «Гудок» «экономикалық күрес атмосферасын ретсіз өшпенділіктен, қатерлі ашудан тазартуға» тырыспады дегенді К — за мырза қайдан алып отыр? Ал «Гудоктың» экономикалық терророға және итальяндық ереуілге қарсы жүргізіп отырған үгіті ше, ұйымдасқан түрдегі ереуілдердің пайдасын айтып, анархиялық бүліншілік ереуілдерге қарсы жүргізіп отырған үгіті ше, жалпы тап болып өздерінің мүдделерін қорғаудың пайдасын айтып, бірен-саран көтерілістерге қарсы жүргізіп отырған үгіті ше, — осылардың бәрі де «күрес атмосферасын ретсіз өшпенділіктен, қатерлі ашудан тазарту» болмағанда не болмақшы? Осының бәрін К—за мырза неғып білмейді? Немесе, мүмкін, ол өзі капиталдың сөзуәрі бола тұрып, мұны білмегенситін шығар? Олай болатын болса, онда «мораль» туралы, «адамшылық ұждан» туралы осы айтылып отырған әсем сөздердің қажеті не?

«Гудок» «басқа ұйымдарға, партияларға, таптарға, газеттерге, жеке адамдарға, тіпті «Промысловый Вестникке» де шабуыл» жасап отыр деп, айыптауын К—за мырза әлі қойған жоқ. Тіпті дұрыс айтасыз, К—за мырза, сіз қапыда шындықты айтып қойып отырсыз, «Гудок» шынында да басқа таптарға және олардың органдарына қарсы күрес жүргізуде! Барлық басқа таптар мен топтардың қанауында отырған жұмысшылардың газетінен мұнан басқа тағы нені талап етуге болады? «Күнәсіз періште» болғансығандарыңыз жетер, қулықты қойып, турасын айтыңыздар: мұнай өнеркәсіпшілерінің органы «Нефтяное Дело» ның және оның қожайыны — съезд кеңесінің жұмысшы табына, жұмысшы-

лар партиясына, жұмысшылар газетіне карсы «шабуыл» жасау үшін құрылып отырғанын сіздер неғып білмейсіздер? Съезд кенесінің 10 тыйындык салык деген бір нәрсені енгізгені туралы, порцияның бағасын көтеру туралы, мектеп пен барактарды азайту туралы және жұмысшылардың халык үйлерін кайтарып алу, т. т. туралы берген соңғы бұйрыктарын сіздер неғып есіңізден шығардыңыз? Осы азиялык бұйрыктарды мұнай өнеркәсіпшілерінің органы «Нефтяное Дело» актауға тырысып отырған жок па екен? Әлде, мүмкін, мұнысы жұмысшыларға карсы «шабуыл» емес, «адамдардың кылмысты мінезін ізгі жолға салу», экономикалык күресті тәртіптеу, т. т. болар? Бірак олай бола калған күнде жұмысшыларды канап отырған мұнай өнеркәсіпшілері жөнінде, жұмысшыларды алдап отырған олардың ұйымдары жөнінде, жұмысшыларды бұзып отырған олардың органы жөнінде, мысалы, мұнай өнеркәсіпшілерінің азиялык анайы істерін «философия» жағынан негіздеу үшін, күлкі келтіргендей күшеншектеніп отырған, К — за жөнінде жұмысшы газеті не істеу керек деп бұйырасыз? Сонымен, К—за мырза жұмысшылар мен кожайындардың арасында тап күресі сөзсіз болатын нәрсе екендігін неғып ұкпайды? О, әрине! К — за мырза мұның бәрін де өте жаксы түсінеді, өйткені оның өзі жұмысшыларға және оның ұйымына карсы күрес жүргізіп отыр ғой! Бірак, біріншіден, ол күрес атаулының бәріне карсы айтып отырған жок, ол жұмысшылар тарапынан жүргізілетін күреске карсы айтып отыр; екіншіден, мұнай өнеркәсіпшілері күрес жүргізіп отырған жок, олар тек «күресті ізгі жолға салып отыр» ғой; үшіншіден, К — за мырза жұмысшыларға карсы емес, — кайта ол мұнай өнеркәсіпшілерінің пай-

дасы үшін... бүтіндей жұмысшыларды жақтайды ғой; төртіншіден, К — за мырзаның «алып қалтаға салып» отырғаны бар, — мұнымен де, әрине, санасу керек қой...

Сірә, К — за мырзаның батылдығы оның «ұжданымен», керекті жерінде, өздерінің кеңею қаблеті жөнінде ойдағыдай-ақ бәсекелесе алатын тәрізді.

К—за мырзаның басмақаласындағы пролетариатқа және оның ұйымына қарсы айтылған кейбір жеке жағдайлар міне осылай болып отыр.

* * *

Енді оның мақаласының екінші бөліміне көшейік.

Мақаласының бұл бөлімінде автор экономикалық террордың себептері туралы айтады. Мұнда «бақсақ» экономикалық террордың себебі жұмысшылардың артта қалған топтарының «ақылдарының қараңғылығы» мен «еріктерінің қылмыстылығы» болып табылатын көрінеді. Ал «қараңғылық» пен «қылмыстылық» жұмысшы одақтары мен жұмысшы газеттерінің жұмысшылар арасында ағарту және ізгі жолға салу жұмысын жігерлі түрде жеткілікті етіп жүргізбеуінен дейді. Әрине, «программалар (одақтардың программалары ма?) экономикалық террорды қабылдап отырған жоқ», бірақ «өмірдің жалған жолмен кеткенін көріп отырғандықтан» тек бір ғана «программа жүзінде қабылдамау жеткіліксіз ғой» деген сөзді қосады К — за мырза. — «Бұл жерде... барлық партиялар мен одақтардың «туып отырған пәлемен»... белсенді күрес жүргізуі қажет». «...Жұмысшылардың барлық достары, өздерінің партиялық топтың қайсысына жататынына қарамастан, ...экономикалық терророға қарсы жігерлі түрде күрес жүргізетін болса ғана, тек сонда ғана кісі өлтіру жо-

йылады», т. т. деп, К—за мырза өзінің ойын түсіндіреді.

Сонымен, жұмысшылар қараңғы, сондықтан олар жиі-жиі кісі өлтіруден тайынбайды, ал олардың қараңғы болатын себебі: одақтар мен газеттер оларды «ағартуға, ізгі жолға салуға» тырыспайды, — демек, бәріне де кінәлі жұмысшы одақтары мен жұмысшы газеттері.

К—за мырза осылай соғып отыр.

Біз К—за мырзаның басындағы экономикалық террор туралы бықып жатқан былықтарға тоқтамаймыз, біз бұл жерде оның экономикалық террор программалық мәселе деген надандығын айтып отырмыз. Біз тек бір ғана нәрсені ескерткіміз келеді: 1) егер К—за мырза «программалық террор» туралы айтқанда, одақтар туралы айтып отырған болса, Россияда одақтардың ешбіреуінің де программасының жоқ екенін ол неғып білмейді, — мұны тіпті әрбір жұмысшы да біледі ғой! 2) егер ол партияны айтып отырған болса, экономикалық террор программалық мәселе емес, тактикалық мәселе екендігін, әрбір гимназиске аян осындай нәрсені ол неғып білмейді! Ендеше, программа туралы осыншалық мылжыңның қажеті не? Мұнай өнеркәсіпші мырзалар мұнан гөрі тәуірірек, тым мұндай надан емес «идеологты» жалдап алмағанына таңғаламыз.

Экономикалық террор жөнінде «тұрмыс жалған жолға түсіп кетті», сондықтан «біз» тұрмыспен күресуіміз керек деген, К—за мырзаның тағыда бір (надандық қана емес!) мағнасыз сөзіне біз тоқталып жатпаймыз. Біз тек мынаны ғана ескертеміз: егер теріс жолға түсіп отырғандар **тұрмыстан артта қалған жеке адамдар болмай,** нақ тұрмыстың өзі болатын болса, онда біздің ісіміз оңбас еді. Экономикалық террорға қарсы күресті өмірдің өзі, дамып бара жатқан құдіретті өмір-

дің өзі керек етіп отыр; атап айтқанда біздің үгіттің күші осында. Егер К—за мырза мұны түсінбейтін болса, біз оған планеттердің басқа біреуіне қоныс аудар деп кеңес береміз, ол, мүмкін, дамып бара жатқан өмірге қарсы күресу жөніндегі өзінің теориясын сол жақта қолдана алар...

Ең дұрысы К — за мырзаның «анализына» көшелік.

Ең алдымен біз мынаны сұрағымыз келеді: К — за мырза шынында да экономикалық террорды туғызып отырған сол жұмысшы одақтары мен жұмысшы газеттері деп неғып ойлайды екен?

Жұмысшыларды «ағарту» дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі жұмысшыларды саналы, жоспарлы күреске үйрету ғой! (К—за мырза бұған қосылады!). Бірақ бұл жұмысты ұйымдасқан күрес жолында ауызша және баспасөз бетінде үгіттейтін жұмысшы одақтары мен олардың газеттері болмағанда кім жүргізе алушы еді?

Экономикалық күресті «ізгі жолға салу» дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі күресті ешқашанда жеке адамдарға қарсы емес, тәртіптерге қарсы жүргізу деген сөз ғой! (Бұған К—за мырза да қосылады!). Бірақ бұл іспен жұмысшы одақтары мен олардың газеттерінен басқа кім айналысушы еді?

Ал қайта, анағұрлым саналы жұмысшыларды ұстау, жұмыстан шығару арқылы жұмысшылар табына қарсы күресті жеке жұмысшыларға қарсы күреске айналдырып отырған мұнай өнеркәсіпшілерінің өздері емес пе?

Ал егер К—за мырза шынында да өзінің жұмысшы одақтары мен олардың газеттеріне тағып отырған айыбының дұрыстығына көзі жететін болса, онда ол неліктен өзінің кеңестерін осы одақтар мен газеттерге

айтып отыр? «Баска таптарға, газеттерге, жеке адамдарға қарсы», т. т. қарсы «шабуыл жасап отырған» ұйымдар К—за мырзаның кеңесімен жүрмейтіндігін ол неғып білмейді екен? Ол неліктен құр суды піскілей береді!

Сірә, ол өзі тағып отырған айыбының дұрыстығына өзі сенбейтін болар.

Ал егер К—за мырза, осыларға қарамастан, одақтарға қарсы шығып отырған болса, онда ол мұны оқушының көңілін нағыз себептен баска жаққа аудару үшін, нағыз «айыпкерлерді» оқушыдан жасыру үшін істеп отыр.

Жоқ, К—за мырза! Экономикалық террордың нағыз себептерін оқушыдан жасыра алмайсыз!

«Экономикалық кісі өлтірушіліктің» нағыз себебі: жұмысшылар да және олардың ұйымдары да емес, мұнай өнеркәсіпші мырзалардың ашуға тиіп, өшпенділік туғызып отырған әрекеттері болып табылады.

Сіз пролетариаттың белгілі топтарындағы «қараңғылықты», «надандықты» атап отырсыз. Ал бірақ осы «қараңғылыққа», «надандыққа» қарсы мектептер мен лекциялар арқылы болмағанда, енді қайда күресуге болады? Ендеше мұнай өнеркәсіпші мырзалар мектеп пен лекциялардың санын неліктен қысқартып отыр? Ендеше — сіз, «қараңғылыққа» қарсы күрестің «шын пейілді» жақтаушысы, жұмысшылардың қолдарынан мектептерді және лекцияларды тартып алып отырған мұнай өнеркәсіпшілерге қарсы неліктен айқай салмайсыз?

Сіз мінез-құлықты «ізгі жолға салу керек» дейсіз. Олай болатын болса, сіз, қайырымды ұлық, халықтың көңілін көтерудің бағалы орталықтар болып табыла-

тын халық үйлерін жұмысшылардың қолынан мұнай өнеркәсіпші мырзалар тартып алып жатқанда неге жұмған аузыңызды ашпай қалдыңыз?

Сіз «экономикалық күресті ізгі жолға салу» туралы тәтті әуенге басып жүрсіз. Бірақ капиталдың жалдама малайлары жұмысшы Ханларды[62] өлтіргенде (Нафталан қоғамы), «Борн», Каспи серіктігі, Шибаев, Мирзоев, Молот, Мотовилиха, Биеринг, Мұхтаров, Мальников, тағы басқалар неғұрлым алдыңғы қатардағы жұмысшыларды жұмыстан қуып шығарып жатқанда, Биби-Эйбатта Шибаев, Мұхтаров, Молот, «Руно», Кокорев, тағы басқалар жұмысшыларды сабағанда сіз неге жұмған аузыңызды ашпадыңыз?

Сіз жұмысшылардың «қылмысты мінезі» туралы, «ретсіз өшпенділігі», т.т. туралы сөз қыласыз. Бірақ мұнай өнеркәсіпшілері жұмысшыларды өшіктіргенде, олардың ішінен — фирмаларда істемейтін және жұмыссыздардың ең нәзік, ең жанды жеріне, қытығына тиіп, өшіктіргенде сіз қайда бұғып қалдыңыз? Сіз, қайырымды ұлық, жұмысшылардың нақ осы тобын аштыққа душар еткен нәрсе аурулар үшін енгізілген 10 тыйындық салық пен съезд кеңесінің асханасында порцияның бағасын көтеру болғанын білесіз бе?

Сіз экономикалық террордан туған «қан мен жастың» сұмдықтары туралы сөз қыласыз. Бірақ съезд кеңесінің ауруханаларынан орын таба алмай жатқан, жарымжан болған көп жұмысшылар жөнінде қан мен жастың қаншалық төгіліп жатқанын білесіз бе? Мұнай өнеркәсіпші мырзалар барақтардың санын неліктен азайтып отыр? Сіз жұмысшы одақтары мен олардың газеттеріне қарсы қандай айқай салсаңыз, бұл жөнінде неге сондай айқай салмайсыз?

Сіз «ұждан», т.т. туралы соғып жүрсіз. Ендеше, мұнай өнеркәсіпші мырзалардың барлық осы қысымдары жөнінде, сіздің беті жылтыр ұжданыңыз неліктен үн қатпайды?

Сіз айтасыз... бірақ енді жетер! «Экономикалық кісі өлтірушіліктің» негізгі себебі жұмысшылар мен олардың ұйымдары емес, мұнай өнеркәсіпші мырзалардың ашуға тиетін, өшпенділік туғызатын әрекеттері екені анық сияқты.

Барлық бәлені жұмысшыларға жауып, сөйтіп «жұрттың» алдында өзінің қожайындарының әрекеттерін ақтамақшы болып отырған К—за мырза мұнай өнеркәсіпші мырзалардың сорлы малайы екендігі де нақ сондай анық нәрсе.

* * *

Енді К—за мырза мақаласының үшінші бөліміне көшелік.

Өзінің мақаласының үшінші бөлімінде К—за мырза экономикалық террорға қарсы күресудің шаралары туралы сөз қылады, бұл ретте оның ұсынып отырған «шаралары» экономикалық террордың «себептері жөніндегі» оның өзінің «философиясына» толығынан сәйкес келіп отырады.

Бакуден шыққан ұлы философты тыңдалық.

«Пайда болып отырған пәлеге қарсы белсенді түрде күрес жүргізуіміз қажет және бұл күрестің ұранын белгілеуіміз қажет. Кәзіргі кезде барлық партиялар мен ұйымдар үшін, одақтар мен үйірмелер үшін мұндай ұран бола алатын: «экономикалық террор жойылсын» деген ұран. Қашан осы ұран жазылған таза ақ жалау

батыл түрде көтерілгенде ғана, тек сонда ғана... кісі өлтіру жойылмақ».

Қ—за мырза осылайша философия соғады.

Көріп отырсыздар, К—за мырза өзінің құдайы — капиталға мейлінше берілген.

Біріншіден, «экономикалық кісі өлтірушіліктің» барлық «айыбын» ол мұнай өнеркәсіпшілерінен алып (философиялық мағнада алып отыр!), жұмысшыларға, жұмысшылардың одақтары мен газеттеріне жауып отыр. Сөйтіп ол кәдімгі «әлем» алдында мұнай өнеркәсіпші мырзалардың азиялық-шабуыл тактикасын бүтіндей «ақтап» отыр.

Екіншіден, — және мұнысы мұнай өнеркәсіпшілері үшін ең бастысы, — ол «кісі өлтірушілікке» қарсы, мұнай өнеркәсіпшілерінен ешқандай шығын шығаруды керек етпейтін, ең арзан құрал «ойлап шығарып отыр» — экономикалық терророға қарсы одақтар мен газеттің үгіт жұмысын күшейтуді тауып отыр. Мұнымен ол: мұнай өнеркәсіпшілері жұмысшыларға көнбеуі керек, «шығынданбауы» керек дегенді тағыда баса айтып отыр.

К—за мырзаны тыңдай отырып, мұнай өнеркәсіпші мырзалардың: әрі арзан, әрі жақсы! — деп қуануына болады.

Әрине, мұнай өнеркәсіпші мырзалар бұл кәдімгі «әлем» пікіріне «пысқырып та» қарамаған болар еді. Бірақ қайдағыбір К—за, «жалпы адам баласының ұжданы» үшін, «әлем» алдында оларды ақтау қызметін өз мойнына алатын болса, бұлар оған неге қарсы балсын?

Ал керісінше, оларды осылайша ақтаудың артынан, іле-шала, нақ сол К—заның өзі экономикалық терророға қарсы ең «дұрыс» және ең арзан құрал ұсынып отырса,

олар бұған неге қуанбасын? Мейлі, одақтар мен газеттер мейлінше еркін және ешбір бөгетсіз өз үгіттерін жүргізе берсін, тек мұнай өнеркәсіпшілердің қалтасы аман болып, дәурен сүре берсін. Ал енді мұнысы либералдық емес пе!... Міне енді осылардан кейін өздерінің «қарақшы-бұлбұлын», К—за мырзаны әдебиет майданына шығармайтын несі бар.

Оның бержағында, К—за мырзаның ұсынып отырған шараларының сондайлық күлкі келерлік нәрсе екендігін бірден түсіну үшін, аздап қана ой тоқтатсаң, саналы жұмысшылардың тұрғысынан көз жіберсең, соның өзі де жетіп жатыр.

Бұл жерде әңгіме бір ғана одақтарда және газеттерде болып отырған жоқ — одақтар мен газеттер экономикалық терроға қарсы көптен бері-ақ үгіт жүргізіп келеді, бірақ, бұған қарамастан, «кісі өлтірушілік» қалайда жойылмай отыр. Мәселенің түйіні анағұрлым басым дәрежеде осы өзіміз айтып отырған «экономикалық кісі өлтірушілікке» дем беріп келген және беріп отырған мұнай өнеркәсіпші мырзалардың ашуға тиіп, өшпенділік туғызатын әрекеттерінде болып отыр, мұнай өнеркәсіпші мырзалардың экономикалық жазалауларында, қысымдарында, осылардың азиялық шабуыл тактикасында болып отыр.

Тәңір жарылқасын, айтыңызшы: одақтар мен газеттердің жүргізетін **бір ғана үгіті**, ол соншама ықпалды болған күнде де, мұнай өнеркәсіпші мырзалар жұмысшылардың бір жеңісінен кейін екінші жеңісін тартып алумен бұлардың анағұрлым санасыздарын «экономикалық кісі өлтірушілікке» итермелеп отырған, **өшпенділік туғызушы әрекеттерінің тұсында** не істей алады! Әрине, терроға қарсы бір ғана үгіттің өзі, қаншалық-

ты «таза ақ жалаумен» шықса да, кісі өлтірушілікті жоя алмайды.

Сірә, «экономикалық кісі өлтірушілік» «жойылу» үшін, жәй үгіттен гөрі, неғұрлым тереңірек шаралар керек екені, ең алдымен мұнай өнеркәсіпшілерінің жұмысшыларға қысым жасаудан, жазалаудан бастартулары керек екені, жұмысшылардың қойып отырған әділетті талаптарын қанағаттандырулары керек екені анық нәрсе сияқы... Жалақыны қысқарту, жұмысшылардың халық үйлерін тартып алу, мектептер мен барактардың санын қысқарту, аурулар үшін 10 тыйындық салық, порцияның бағасын арттыру, алдыңғы қатарлы саналы жұмысшыларды жұмыстан шығару және оларды сабау, т. т. әрекеттер түрінде жүргізіп отырған азиялық-шабуыл тактикасынан мұнай өнеркәсіпшілері бастартқан кезде ғана, мұнай өнеркәсіпшілері жұмысшы бұқарасы мен олардың одактары жөнінде, бұлардың «тең праволы» күш екендігін мойындап, европалық мәдениетті көзқарасқа бірыңғай көшкен кезде ғана, — тек сол кезде ғана «кісі өлтірушіліктің» «жойылуына» жағдай туады.

Осылардың бәрінің түсінікті екендігі соншалық, мұны тіпті дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ.

Бірақ К—за мырза мұны түсінбейді және тіпті түсіне де алмайды, дұрысын айтқанда, түсінгісі де келмейді, өйткені мұның өзі мұнай өнеркәсіпші мырзалар үшін «тиімсіз» болады, өйткені мұның өзі олардан белгілі шығындар шығаруды талап еткен болар еді, өйткені мұның өзі экономикалық «кісі өлтірушіліктің» «айыптылары» туралы барлық шындықтың бетін ашқан болар еді...

Қорытынды біреу ғана: Қ—за мырза капиталдың жалдамшы малайы болып табылады.

Алайда мұнан, Қ—за мырзаның малайлық ролінен туатын нәрсе не?

Мұнан туатын нәрсе міне мынау: Қ—за мырзаның айтып отырғандарының бәрі де оның өз басынан шыққан нәрсе емес, соған «дем беріп отырған», мұнай өнеркәсіпшілерінің сөзі. Демек, Қ—за мырзаның мақаласы оның өз философиясы емес, мұнай өнеркәсіпші мырзалардың философиясы. Сірә, Қ—за мырзаға сөйлетіп қойып отырғандар — мұнай өнеркәсіпшілері болар, Қ—за мырза тек солардың «ойларын, тілектерін және пейілдерін» айтып беріп отыр.

Біз тексеріп отырған Қ—за мырзаның мақаласының көңіл қояр жері осында, тек осында ғана болып отыр.

Қ—заны Қоза деп, Қ—за «адам» деп алып қарағанда, Қ—за біз үшін түкке тұрғысыз нәрсе, ешқандай құны жоқ, салмағы жоқ материя. Сондықтан Қ—за мырзаның «жеке басыма» «қол сұғып» отыр деп «Гудоктің» үстінен шағым жасауы құр бос әуре болып табылады. «Гудок» ешқашанда оның «жеке басын» керек еткен емес деп, біз Қ—за мырзаны кәміл сендіре аламыз.

Ал бірақ Қ—за — өзіндігі жоқ бір нәрсе ретінде, Қ—за—«адамдығы» жоқ нәрсе ретінде, мұнай өнеркәсіпші мырзалардың пікірлерін, пыйғылын тек айтып беріп отырушы нәрсе ретінде,—Қ—за мырзаның біз үшін белгілібір бағасы бар екендігі де сөзсіз. Біз Қ—заның өзін де, оның мақаласын да осы тұрғыдан қараймыз.

Қ—за мырза бостан босқа соғып отырмаған болар. Егер ол өзінің мақаласының бірінші бөлімінде одақтарға қарсы, олардың абройын түсірмек болып, өр-

шелене шаптығып отырған болса, егер ол мақаласының екінші бөлімінде, мұнай өнеркәсіпшілерінің азиялық бұйрықтары жөнінде ләм деп аузын ашпастан, экономикалық террорды үдетіп отыр деп одақтарды айыптайтын болса, егер ол мақаласының үшінші бөлімінде, өздерінің қожайындарының шабуылды тактикасын былай қойып, «кісі өлтірушілікке» қарсы бірден-бір құрал ретінде терророрға қарсы үгіт жүргізуді атап отырған болса, онда мұның өзі мұнай өнеркәсіпшілерінің жұмысшы бұқарасына жеңілдік жасау жолына түскісі келмейтіндігін көрсетеді.

Мұнай өнеркәсіпшілері шабуыл жасайды, мұнай өнеркәсіпшілері шабуыл жасауға тиіс, ал сіздер, жұмысшылар және одақтар шегінулерің тиіс—Қ—за мырзаның мақаласы бізге міне осыны айтып отыр, мұнай өнеркәсіпшілері өзінің «қарақшы-бұлбұлына» бізге міне осыны айтқызып отыр.

Қ—за мырзаның мақаласының құлқы міне осылай.

Бізге, жұмысшыларға қалған іс, біздің ұйымдарымызға және газеттерімізге қалған іс: мұнай өнеркәсіпші мырзалардан мейлінше сақ болу, олардың айдап салу әрекеттеріне берілмеу, әрі табжылмай, әрі абыржымай, бұрын қандай болса, дәл сондай, өзіміздің стихиялық күресімізді белгілібір жоспармен, белгілібір мақсатқа жеткізетін нағыз тап күресіне айналдыру жолымен алға карай жүре беру болып табылады.

Ал капиталдың әртүрлі жалдамалы малайларының екі жүзді былшылын алатын болсақ, бұған біздің зер салмауымызға болады.

„Гудок" газеті, №№ 28, 30 және 32; 21 апрель, 4 және 18 май, 1908 ж.

Қол қойған: К. Като

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БАСПАСӨЗ[63]

ЖАРАМСАҚТАНУШЫ «СОЦИАЛИСТЕР»

Тифлисте шығарылатын басқа газеттермен қатар «Наперцкали»[64] деп аталатын бір грузин газеті де бар. Бұл — жаңа газет, бірақ сонымен бірге өте ескі де газет, өйткені оның өзі 1905 жылы шыққан «Схиви» газетінен бастап, осы уақытқа дейін Тифлисте шығарылып келген барлық меньшевиктік газеттердің жалғасы болып табылады. «Наперцкалиді» редакциялайтын меньшевиктік оппортунистердің ескі тобы. Бірақ, әрине, мәселе мұнысында ғана емес. Бұл жерде мәселенің ең бастысы бұл топтың оппортунизмі бір ерекше, ертегі тәрізді оппортунизм болып отырғандығында. Оппортунизм дегеннің өзі принципсіздік, саяси тұрлаусыздық қой, ал енді біз Тифлис меньшевиктеріндей мұндай ұяты жоқ тұрлаусыздық басқа топтардың бірде-бірінде байқалған емес деп айта аламыз. 1905 жылы бұл топ революцияның көсемі ретіндегі пролетариаттың ролін мойындаған болатын («Схивиді» қараңыз). Ал 1906 жылы: «жұмысшылардан ешнәрсе күтуге болмайды... істі бастау тек шаруалар тарапынан ғана шығады» деп, бұл топ өзінің «позициясын» өзгертті («Схи-

виді» караңыз). Ал 1907 жылы бұл топ: «революцияда басшылық либералдық буржуазияныкі болу керек» деп («Азриді»[65] караңыз), өзінің «позициясын» тағыда өзгертті, т. т., т. с.

Ал бірақ аталып отырған топтың принципсіздігі ешқашанда, нақ кәзіргідей, 1908 жылдың жазындағыдай арсыздыққа жеткен емес. Біздің айтып отырғанымыз, жарлы-жақыбайларды идея жағынан құлдықта ұстап келген, экзарх дегеннің өлтірілуі жөнінде, «Наперцкалидің» берген бағасы. Мұның қалай өлтірілу тарихы жұрттың бәріне де мәлім. Белгісіз бір топ адам экзархты өлтіріп, одан соң, «қылмыс болған жерде» болып, протокол жасап алып, қайтып келе жатқан тағы бір жандарм ротмистрін өлтірген, онсоң ол топ экзархтың өлігін шығарып бара жатқан бұзықтарға келіп тиіскен. Бұл топ, сірә, бұзықтар тобы да емес, бірак сонымен қатар революцияшыл да топ емес болар, өйткені ешқандай революцияшыл топ күш жыюдың кәзіргі жағдайында, пролетариаттың бірлесу ісін қатерге салмайынша, мұндай іске бел байлай алмайды. Социал-демократияның бұл сыяқты топтар жөніндегі позициясы жұрттың бәріне мәлім: бұл сыяқты топтардың шығу жағдайларын аныктай келіп, сол жағдайларға қарсы күресе отырып, ол сонымен бірге идея жағынан да, ұйымдастыру жағынан да сол топтардың өзіне қарсы күрес жүргізеді, пролетариаттың көзі алдында олардың беделін түсіріп, пролетариатты олардан ажыратып алып отырады. Ал «Наперцкали» бұлай етіп отырған жоқ. Ешнәрсені аныктамастан және өзі ешнәрсе қоспастан ол жалпы террор атаулыға қарсы бірнеше әдепсіз либералдық сөздерді лақ еткізіп құса салады да, сонсоң оқушыларға: бұл сыяқты топтарды

полицияға **білдіру** керек, оларды полицияға **ұстап беру керек!** — деп, артық-кемі жоқ, осылай деп кеңес береді, кеңес беріп қана коймайды-ау, тіпті міндеттейді. Мұнысы, әрине, масқара, бірақ бұл факт. «Наперцкалиді» тыңдаңыз:

«Экзархты өлтірушілерді сотқа беру — бойымызға түскен қара дақты біржолата жоюдың бірден-бір жолы міне осы... Алдыңғы қатарлы адамдардың міндеті осы» (қараңыз: «Наперцкали» № 5).

Социал-демократтар өз еріктерімен полицияға арыз түсірушілердің ролін атқаратын адамдар болып отыр— Тифлистен шыққан меньшевиктік оппортунистер бізді міне осы жағдайға жеткізіп отыр!

Оппортунистердің саяси тұрлаусыздығы көктен түсіп отырған жоқ. Бұл олардың қалайда буржуазияның тілектеріне бейімделуге тырысуынан, өздерінің «қожайындарына» жағынуға, олардан мақтау алуға тырысуынан туып отыр. Бейімделудің оппортунистік тактикасының психологиялық негізі міне осылай. Міне енді өздерінің «қожайындарының» алдында жақсы атты болу үшін, оларға жақсы көріну үшін, ең болмағанда, экзархтың өлтірілуі жөнінде буржуазияның ашулы қатеріне ұшырамау үшін, — біздің меньшевикшіл оппортунистер, полиция тыңшыларының ролін өз мойнына алып, олардың алдында құрдай жорғалап отыр!

Бейімделу тактикасы мұнан әрі асып кете алмайды!

ФАРИСЕЙЛІК ЕТУШІ ЗУБАТОВШЫЛДАР

Оппортунизмнің ерекше бейнелерін шығарып отырған Кавказдың басқа қалаларының қатарында Баку де бар. Бакуде де онан бетер оңшыл, сондықтан да

Тифлистегі топқа қарағанда, анағұрлым принципсіз топ бар. Біздің айтып отырғанымыз буржуазиялық «Сегодня» газетімен заңнан тыс ымыраласып отырған «Промысловый Вестник» емес — бұл туралы біз баспасөзде жеткілікті-ақ жазғанбыз. Біздің айтып отырғанымыз шендриковшыл «Правое Дело» тобы, Баку меньшевиктерінің түп атасы туралы. Рас, бұл топ Бакуде көптен бері жоқ, Баку жұмысшылары мен олардың ұйымдары қуғынға ұшыратқаннан кейін Петербургке қоныс аударуға мәжбүр болды. Бірақ бұл топ өзінің жазусымақтарын Бакуге жіберіп тұрады, бұл топ тек Баку мәселелері туралы ғана жазады, өзін жақтайтын адамдарды Бакуден ғана іздейді, Баку пролетариатын «өзіне қаратып алуға» тырысады. Сондықтан бұл топ жөнінде әңгімелескеніміз теріс болмас еді. Сонымен, біздің алдымызда «Правое Делоның» 2—3-номері жатыр. Бұның беттерін аша бастағанда — біз бәз-баяғы Шендриков[66] мырзалардың қызу компаниясының бейнесін көреміз. Міне Илья Шендриков, Джунковский мырзаның белгілі «қолын қысып» жүрген қулық істердің ескі шебері. Міне, бұрынғы эсер, бұрынғы меньшевик, бұрынғы «зубатовшыл», енді отставкаға шыққан Глеб Шендриков та осында. Міне тағы атышулы даңғаза «асқан таза» Клавдия Шендрикова, бұл өзі барлық жағынан да сүйікті ханым. Ал енді Грошевтер, Калининдер сияқты, бір кездері қозғалыста роль атқарып, ендігі жерде тұрмыстан қалып қойған, тек өткенді арман етумен өмірін өткізіп отырған, солардың түрліше «жолын ұстаушылар» да мұнда жетіп жатыр. Тіпті марқұм Лёваның көлеңкесі де көз алдымызда елестейді... Бір сөзбен айтқанда, көрініс толық-ақ!

Алайда, бұлардың кімге қажеттігі бар, өткен қараңғы заманның қадірсіз бейнесін жұмысшылардың алдына әкеліп несіне тосады? Олар жұмысшыларды вышканы өртеуге шақырып отырған жоқ па? Немесе партияны сөгу, оны ыласқа жығып таптау үшін шақырып отыр ма? Әлде жұмысшыларды ертпей, кеңеске баруға, сонсоң Джунковский мырзамен бірлесіп, өзінің іс-містерін бітіріп алуға шақыра ма?

Жоқ! Шендриковтар Баку жұмысшыларын «сақтап» қалмақ! 1905 жылдан кейін, яғни Шендриковтарды жұмысшылар қуып жібергеннен кейін, олар «жұмысшылардың терең қүзға құлап кеткелі тұрғанын» көріп (қараңыз: «Правое Дело», 80-беті), міне енді, Шендриковтар жұмысшыларды «сақтап қалу» үшін, оларды «тұйықтан» босату үшін «Правое Делоны» жазып отыр. Бұл үшін олар ескі жолға қайта түсіңдер деп отыр, соңғы үш жылдың ішіндегі тапқандарыңнан безіңдер, «Гудокке» және «Промысловый Вестникке» ту сырттарыңды көрсетіңдер, кәзіргі одақтарға қолды бір-ақ сермеңдер, жұмысшылар комиссияларынан шендриковшыл еместердің бәрін де қуып шығып, **келісім камерасының** төңрегіне бірлесіңдер де, социал-демократиядан қол үзіңдер деп отыр. Бұдан былай ереуілдердің керегі жоқ, құпия ұйымдардың да керегі жоқ — жұмысшыларға керегі — Джунковский мырзаның... рұқсатымен,—«мәселелерді» Шендриковтар және Гукасовтар[67] отырып «шешетін» тек келісім камерасы ғана болып табылады.

Баку жұмысшыларының қозғалысын олар «тұйықтан» осылайша шығармақ!

«Нефтяное Делодағы» хамелеон К—за мырзаның дәл өзі («Нефтяное Делоның» 11-номерін қараңыз)

Ал енді Москвадағы Зубатов, Петербургтегі Гапон, Одессада Шаевич жұмысшыларды дәл осылай етіп «қорғаған» жоқ па еді? Және осылардың бәрі де жұмысшылардың барып тұрған жаулары болып шыққан жоқ па еді?

Ал енді тапа тал түсте бұл «қорғаушы»-фарисейлер кімді алдамақ?

Жоқ, Шендриков мырзалар, — сіздер К—замен бірге Баку пролетариаты әлі «есейген жоқ» деп жүрсеңіздер де, ол әлі «естиярлық аттестатын алу үшін сыннан өту керек» (кімнің алдында сыннан өту керек?) деп жүрсеңіздер де (қараңыз: «Правое Дело» 2-беті), — сіздер қалайда оны алдай алмайсыздар!

Беттеріңіздегі пердені жұлып тастап, өздеріңізге лайық орынды көрсетуге Баку пролетариатының санасезімі жетеді!

Сіздер кімсіздер, қайдан келдіңіздер?

Сіздер социал-демократтар емессіздер, өйткені сіздер социал-демократияға қарсы күрес жүргізу үстінде, партиялыққа қарсы күрес жүргізу үстінде өсіп, осымен күн көріп отырсыздар!

Сіздер одақшыл да емессіздер, өйткені сіздер социал-демократияның рухы табиғи ретпен бойларына сіңген жұмысшы одақтарын ласқа жығып, аяққа басып отырсыздар!

Сіздер, фарисейлікпен «халық достары» деген пердені жамылып жүрген кәдімгі белгілі нағыз гапоншылсыздар, нағыз зубатовшылсыздар!

Сіздер ішкі жауларсыздар, сондықтан да пролетариаттың ең қауіпті жауларысыздар!

Шендриковшылдар жойылсын! Шендриковшылдарға ту сыртыңызды көрсетіңіздер!

Шендриков мырзалар, сіздердің «Правое Делоңызға» біз міне осылай жауап береміз!

Фарисейлікпен куйтыланғандарыңызға Баку пролетарнаты міне осылай жауап береді!.

„Бакинский Пролетарий" газеті. № 5, 20 июль 1908 ж.
Қол қойған: Ко..,

Газетін тексті бойынша басылып отыр

ҚЕҢЕС ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАР

Кеңес жөніндегі науқан тоқтатылып отыр. Екі жақтың арасындағы келісім сөз үзілді[68]. Ескі, бірақ мәңгі бақый жаңа кеңес тағыда шақырылмай қалып отыр. Өкілдер Советі, ұйымдастыру комиссиясы, қойылатын талаптарды белгілеу, бұқара арасында баяндамалар жасау, өздерінің комиссияларының төңрегіне жұмысшыларды кеңінен топтастыру, комиссияларды одақтардың төңрегіне, одақтарды социал-демократияның төңрегіне ұйымдастыру, — осы жұмыстардың бәрі де тоқтатылып, өткен күндердің істері болып тасталып отыр. Кеңес арқылы «өндірісті тәртіпке салу» және жұмысшылар мен қожайындардың арасындағы «қарым-қатнастарды ізгі жолға салу» жөніндегі фарисейлік ескі әңгімелер де ұмытылды. Тифлистің ескі масқарапазы Джунковский мырза «ойын» бітті деп құлақтандырып отыр. Капиталдың нығы жауыр болған малайы, Кара-Мурза, оған қол шапалақтап отыр. Перде жабылды, біздің көз алдымызда көптен бергі белгілі көрініс қайта пайда болды: мұнай өнеркәсіпшілері де, жұмысшылар да, жаңа дауыл, жаңа қақтығысуларды күтіп, өздерінің ескі позицияларында қалып отыр.

«Түсініксіз» болып тұрған бір ғана жері бар: күні кеше мұнай өнеркәсіпшілері жалбарынып, жұмысшыларды кеңеске шақырып еді ғой, «бірен-саран ереуілдердің анархиясын» жоюға өздерімен «келісімге келуге» шақырып еді ғой, ал атышулы Джунковский арқылы өкімет орындары беделді жұмысшыларды шақырып алып, ресми түрде олармен келісім сөздер жүргізген еді ғой, оларға коллективтік шарттың пайдасын айтқан еді ғой, — ал енді міне аяқ астынан осындай өзгеріс бола қалыпты, — енді кеңес қажетсіз нәрсе, коллективтік шарт зиянды нәрсе, тек «бірен-саран ереуілдердің анархиясы» керек нәрсе деп, жарыялап отыр!

Мұның мәнісі не, бұл «ғажап істі» не деп түсінуге болады, сайып келгенде, кеңесті болдырмай тастаудың «айыпкері» кім?

Әрине, бұған айыпты жұмысшылар деп, жауап береді Джунковский мырза: біз болсақ келісім сөздерді әлі бастағанымыз да жоқ, ал олар одақтар туралы өздерінің ультиматумды талаптарымен кеуделеп барады, алдымен жұмысшылар одақтарынан бастартсын, тек сол кезде ғана бізде кеңес болады, бұлай болмаған күнде бізге кеңестің керегі жоқ! — дейді ол.

Мұнай өнеркәсіпшілері де: қосыламыз осыған, жұмысшылардың өзі айыпты, олар одақтарынан бастартсын, бізге одақтың керегі жоқ! — деп, ду ете түседі.

Жұмысщы жауларының артынша, осылардың сөзін қайталап, олардың айтып отырғаны дұрыс, шынында жұмысшылардың өздері айыпты дейді, жұмысшылары жоқ одақ, «механика өндірісінің одағы»: шынында да, жұмысшылар одақтардан неге бастартпайды, өзінің талаптарынан бастартып, алдымен саудаласып алған

дұрыс болмай ма, талаптар туралы сонан соң сөз көтерген тәуір болмай ма? — дейді бұлар.

Солай, солай деп, оқушылары жоқ газет, «Промысловый Вестник» жұмысшылары жоқ одаққа басын иезйді: жөн білетін жұмысшылар алдымен саудаласады, ультиматумдар туралы сонан соң айтады, ең алдымен өзінің позициясын беріп, содан соң оны қайтадан жеңіп алады, ал Баку жұмысшыларында мұндай жөн білетіндік болмай шықты, олар тіпті жөн білмейтін адамдар, бойкотшылар дерлік адамдар болып шықты.

Біз осыны білгенбіз, осының бәрін біз әлдеқашан болжағанбыз деп, дашнактар мен социалист-революционерлер маңызданады: егер жұмысшылар одақтардан мүлде қол үзіп, бойкот деп айқайлаған болса, ешбір дайындықсыз-ақ, қайдағыбір қалың бұқара дегенді бірлестіріп жатпай-ақ, турасынан ереуілге қойып кеткен болса, онда олар: «жер мен ерік» болмайынша кеңестің болмайтындығын, «өз правосын күресте алатынын»[69]... түсінген болар еді — дейді.

Баку пролетариатының «достары» мен қастары осылай деп отыр.

Баку пролетариатына тағылып отырған бұл айыптардың негізсіз екендігін дәлелдеп жатудың қажеті бар ма? Жұмысшыларды кеңеске **құмар** деп айыптап жүрген дашнактар мен социалист-революционерлерді жаңағы сол жұмысшыларды кеңеске **бойкот** жасады деп айыптап жүрген механиктер мен мұнай кәсіпшілерін тек біріне бірін қарама-қарсы қойса-ақ болғаны,— бірін бірі жоққа шығаратын бұл көзқарастарды қарама-қарсы қойса-ақ болғаны, деймін мен, — бұл аталып өткен айыптардың барлық сөкеттігі мен жалғандығын бірден түсінуге болады...

Ал олай болатын болса, кеңесті шақыртпай қойған нағыз айыпты кім?

Кеңестің тарихын жүгірте шолып өтелік. Мұнай өнеркәсіпшілері жұмысшыларды кеңеске бірінші рет шақырып отырған жоқ, — біз осымен міне төртінші кеңесті бастан кешіріп отырмыз (1905, 1906, 1907, 1908 жылдар). Қашанда кеңеске алдымен шақырушылар мұнай өнеркәсіпшілері болған және коллективтік шарт жасасу жөнінде жұмысшылармен «келісімге келуге» өкімет орындары оларға қашанда жәрдемдесіп келген. Мұнай өнеркәсіпшілерінің өздерінің бір көздеген мақсаты болды: олар аздаған жеңілдіктер арқылы ереуілдердің болмауын, сөйтіп мұнайдың үздіксіз шығарылуын қамтамасыз еткісі келді. Өкімет мүшелерінің орасан көпшілігінің өздері ірі-ірі мұнай фирмаларының акционерлері екендігін, мұнай өнеркәсібіне салынатын салықтар мемлекеттік бюджеттің өте маңызды кіріс статьяларының бірі екендігін, Баку мазуты «отан өнеркәсібін» асырап отырғандығын, сондықтан мұнай өнеркәсібіндегі болмашы кедергінің өзі бүкіл Россия өнеркәсібінің жағдайына әсер ететіндігін сөз қылмай-ақ қойған күннің өзінде, өкімет орындары мұнай патшалығында «тыныштық пен бейбітшілік» болуын анағұрлым тәуір көреді.

Бірақ мұнымен әлі әңгіме аяқталмайды. Жоғарыда айтылғандардың бәрін сөз қылмай-ақ қойған күннің өзінде де, Бакудің бейбіт болуы үкіметке мына жағынан да пайдалы: Бакудің мұнай пролетариатының және сонымен байланысты теңіз пролетариатының да — жаппай бас көтеруі басқа қалалардың пролетариатына үлгі көрсетіп, әсер етеді. Фактыларды еске түсіріңіздер. Бакуде 1903 жылы көктемде болған бірінші жалпы

ереуіл Россияның оңтүстік қалаларында атақты июль ереуілдері мен демонстрацияларға жол ашты[70]. 1904 жылы ноябрь—декабрь айларында болған екінші жалпы ереуіл[71] бүкіл Россиядағы даңқты январь— февраль көтерілістерінің жаршысы болды. 1905 жылы, армяндар мен татарлар арасында болған кескілесуден тез айығып алып, Баку пролетариаты өзінің қайратын «бүкіл Кавказға» жая отырып, қайтадан ұрыс даласына шықты. Ақырында, 1906 жылдан бастап, Россияда революция кейін шегінгеннен соң да, Баку әлі күнге «жуасыған жоқ», ол осы уақытқа дейін іс жүзінде бірсыпыра бостандықтармен пайдаланып отыр және әр жылы, Россияның қай бұршымен салыстырғанда да анағұрлым жақсы түрде, пролетарлық маёвканы мейрамдайды, сөйтіп басқа қалалардың қасиетті сезімін туғызып, көзін қызықтырады... Міне енді осылардан кейін, жұмысшылармен кеңесуде, олармен «келісімге келуде», коллективтік шарт жасауда мұнай өнеркәсіпшілерін әрдайым қолдай отырып, Баку жұмысшыларының ашуын қоздырмауға өкімет орындарының неліктен тырысып отырғандығын түсіну қиын емес.

Бірақ біз, большевиктер, әрдайым бойкотпен жауап беріп келдік.

Себеп?

Себебі: мұнай өнеркәсіпшілері бұқарамен және сол бұқараның көз алдында шарт жасағылары келмеді, — олар бұқараның сыртынан, үркердей бір топ адаммен жасағылары келді: олар көп мыңдаған мұнай жұмысшыларының бұқарасын осы жолмен ғана алдауға болатындығын жақсы біледі.

Біздің кеңестің маңызы неде? Біздің кеңесіміз — мұның өзі талаптар туралы мұнай пролетариаты мен

мұнай буржуазиясының арасында жүргізілетін келісім сөздер. Егер келісім сөздер келісімге жеткізетін болса, ол уақытта кеңес, екі жаққа бірдей міндетті, белгілібір мерзімге арнап коллективтік шартпен бітеді. Жалпы айтқанда, біз кеңеске ешбір қарсы емеспіз, өйткені оның өзі белгілі жағдайларда, ортақ талаптардың негізінде жұмысшыларды тұтас бір ұйымға біріктіре алады. Бірақ кеңес: 1) бұған бұқара барынша белсенді қатысатын болса ғана, өздерінің талаптарын еркін түрде талқылап, делегаттарын бақылап отыратын, т. т. болса ғана; 2) қажетті реттерде, өздерінің талаптарын жалпы ереуілмен қуаттауға бұқараның мүмкіншілігі болатын болса ғана, тек сонда ғана кеңес жұмысшыларды біріктіре алады. Кәсіпшіліктерде, заводтарда жыйналыстар өткізу үшін белгілібір бостандық болмаса, еркін жыйнала алатын өкілдер Советі болмаса, одақтардың басшылығы болмаса жұмысшылар белсенді түрде кеңесе ала ма, талаптарды талқылай ала ма, т. т. істей ала ма? Әрине, істей алмайды! Жұмысшылар өздерінің талаптарын қыстың күні су жолы жабылып, сыртқа мұнай тасу тоқталған кезде, қожайындар, басқа уақыттарға қарағанда, жалпы ереуілге ұзақ қарсылаcа алатын кезде қорғай ала ма? Тағыда айтамыз, қорғай алмайды! Бірақ бұған дейін болып келген кеңестердің бәрі де нақ осы қысқа қарсы шақырылып келді және ол кеңестерде талаптарды еркін талқылау болмасын, өкілдердің ерікті Советі болмасын, одақтар араласпасын деп келді, жұмысшы бұқарасын және оның ұйымдарын мұқияттықпен шетке қақпайлап отырды, барлық істі шендриковшыл бағыттағы үркердей бір топ «адамға» беріп отырды. Сіздер, жұмысшы мырзалар, делегаттарыңызды сайлаңыздар, сонсоң үйді-үйлеріңізге тарай

берулеріңізге болады! дегендей етті. Жұмысшылары жоқ кеңес, жұмысшыларды алдау үшін болатын кеңес — үш жыл бойында бізге айтылып келгені міне осы. Мұндай кеңестер тек бойкот жасалуға лайықты кеңестер еді, сондықтан да біз, большевиктер, оларға бойкот жарияладық...

Жұмысшылар осылардың бәрін бірден түсіне қойған жоқ, сондықтан да 1905 жылы олар бірінші кеңеске барды. Бірақ олар кеңесті болдырмай, кеңестен кетіп қалуға мәжбүр болды.

Екінші кеңеске қатысып, 1906 жылы, жұмысшылар тағыда қателесті. Бірақ олар, бұл кеңесті тағыда болдырмай, кеңесті тағыда тастап кетуге мәжбур болды.

Осының бәрі тұрмыстың өзі жұмысшылардың бұл әрекеттерін іске асырмағандығын және жұмысшылардың бұл қатесін түзеткендігін көрсетеді, тұрмыстың өзі жұмысшыларды құпия жүргізілетін, алдау үшін жүргізілетін шендриковтік кеңестерге бойкот жариялау жолына итергендігін көрсетеді.

Жұмысшыларды осы сияқты кеңестерге шақырған меньшевиктер, жұмысшыларды алдауда әдейі болмаса да мұнай өнеркәсіпшілеріне жәрдемдесіп келді...

Бірақ 1907 жылы істің беті басқаға айналды. Бір жағынан, өткен екі кеңестің тәжрибесі, екінші жағынан, большевиктердің үгітінің күшеюі тиісті жемісін берді: өкімет орындары мен мұнай өнеркәсіпшілерінің кеңеске қатысуға шақырған (бұл енді үшінші кеңеске шақыруы еді!) ұсыныстарын жұмысшылар батыл түрде қабылдамай тастады.

Осы кезден бастап Баку жұмысшыларының қозғалысында жаңа кезең басталады...

Мұны жұмысшылардың кеңестен қорққандығы деу-

ге бола ма? Әрине, болмайды! Орасан зор ереуілдерді бастарынан кешіріп тұрып, мұнай өнеркәсіпшілерімен келісім сөз жүргізуден бұлар қорқушы ма еді?

Мұны жұмысшылардың коллективтік шарттан қашқандығы деуге бола ма? Әрине, болмайды! «Декабрь шартын» бастарынан кешіріп тұрып, коллективтік шарттан бұлар қорқсын ба?

Жұмысшылар, 1907 жылы ноябрьде кеңеске бойкот жариялады да, бұдан былай шендриковтік құпия кеңестермен жұмысшылардың дұшпандарының әуреге салуына өзінің жол бермейтін дәрежеге жеткендігін дәлелдеді.

Міне енді, өкімет орындары мен мұнай өнеркәсіпшілері, бойкоттың елесін көріп, бізден, — осы сіздер сайып келгенде қандай шарттармен кеңеске қатысқан болар едіңіздер деп сұрағанда, біз кеңестің басынан аяғына дейін жұмысшы бұқарасы мен оның одақтары кеңеске кең түрде қатыстырылатын болса ғана қатысамыз деп, жауап бердік. Қашан жұмысшыларға: 1) өздерінің талаптарын еркін талқылауына, 2) өкілдердің болашақ Советін еркін шақыруына, 3) өздерінің одақтарының қызметін еркін пайдалануына, 4) кеңесті шақыру уақытын еркін белгілеуіне мүмкіндік бергенде ғана, — тек сонда ғана жұмысшылар кеңеске қатысады деп жауап қайтардық. Бұл ретте одақтарды мойындау туралы пункт алдымен қойылды. Ал осы пункттердің өзі кепілдер деп аталды. Бұл жолы ең алғаш рет: **болса кепілді кеңес, не болмаса ешқандай кеңестің керегі жоқ!** деген атақты тұжырым айтыла бастады.

Мұнымен біз жұмысшылардың қатысуынсыз болатын, ескі, шендриковтік кеңестерге бойкот жариялау тактикамызға опасыздық жасаған болып шығамыз ба?

Тіпті де жоқ! Ескі кеңестерге бойкот жариялау сол күйінде өзгерусіз қалды, — біз тек жаңа кеңесті, кепілді кеңесті, тек осындай кеңесті ғана атап отырмыз!

Мұндай тактиканың дұрыстығын дәлелдеп жатудың қажеттігі бар ма, тек осындай тактика болғанда ғана біз кеңесті жұмысшыларды алдау құралынан оларды одақтардың төңрегіне жыйналған, өздерінің талаптарын қорғай алатын, сан мыңдаған бірлікті армия жасау құралына айналдыра алар едік, міне осыны дәлелдеп жатудың қажеттігі бар ма?

Тіпті меньшевиктер де, механика жұмысшыларының одағы да, «Промысловый Вестник» те, тіпті осылар да, бұл сықты позицияға қарсы тұра алмады, олар біздің артымызша одақтар жөніндегі пунктті ультиматумды пункт деп жариялады. Меньшевиктер кеңеске ғана емес, одақтар туралы пунктті қанағаттандырмай тұрып, одақтарға рұқсат қағаздары берілмей тұрып, өкілдер сайлауға да қарсы болған; біздің қолымызда осыларды дәлелдейтін документтер бар. Мұның бәрі ұйымдастыру комиссиясындағы келісім сөздерге **дейін**, өкілдер Советіне **дейін**, өкілдер сайлауына **дейін** болған іс. Әрине, енді олар ультиматумды талап келісім сөздердің тек **ақырғы жағында** ғана көтерілуі тиіс», біз «**ең алдымен** талаптардың ультиматумдығына қарсы күрескен болатынбыз» деп айтулары мүмкін («Промысловый Вестниктің» № 21 қараңыз), бірақ мұның өзі меньшевиктер тобындағы тұрлаусыз оппортунистердің әдеттегі, ежелден белгілі «жалтарғыштығы» ғой, мұның өзі тағыда біздің тактикамыздың тыянақтылығын дәлелдейтін нәрсе ғой!

Тіпті «кеңес атаулының барлығына» қарғыс айтып келген эсерлер мен дашнактар да, тіпті осылар да, ке-

нес жөніндегі дайындық жұмысқа қатысатын болып ұйғарып, біздің тактикамызға «бастарын иіп отыр»!

Жұмысшылар біздің позициямыздың дұрыстығын түсініп, бұлардың басым көпшілігі осыған дауыстарын беріп отыр. Сұралған отыз бес мың жұмысшылардан эсерлер мен дашнактарға (шартсыз бойкот) дауыс бергендер тек қана 8 мың адам, меньшевиктерге (шартсыз кеңес) — 8 мың, ал біздің тактикамыз үшін, кепілді кеңес үшін дауыс бергендер — 19 мың адам болды.

Сонымен, жұмысшылар меньшевиктердің тактикасын, жұмысшылар қатыстырылмайтын және ешқандай кепілдері жоқ кеңес тактикасын қабылдамай тастады. Сол сияқты, жұмысшылар дашнак-эсерлердің тактикасын да, өмірмен байланысы жоқ бойкот тактикасы мен ұйымдастырылмаған жалпы ереуіл тактикасын қабылдамай тастады. Жұмысшылар кепілді кеңесті, кеңестің бастан аяқ барысын жалпы ереуіл ұйымдастыру мақсаттары үшін жоспарлы түрде пайдалануды жақтап шықты.

Кеңестің шақырылмай қалуының шын сыры міне осында!

Мұнай өнеркәсіпшілері бір ауыздан кепілсіз кеңесті жақтап шықты. Олар мұнысымен меньшевиктердің тактикасына дем берді. Біз мұны меньшевиктер позициясының қате екендігіне ең жақсы дәлел деп атаймыз.

Бірақ жұмысшылар кепілсіз кеңеске қарсы болғандықтан, мұнай өнеркәсіпшілері өздерінің тактикасын өзгертті де... кеңесті шақырмай тастады, оған бойкот жасады. Сөйтіп, олар дашнак-эсерлердің тактикасымен ынтымақтас екендіктерін көрсетті. Біз мұны дашнак-эсерлер позициясының жарамсыз екендігіне ең жақсы дәлел деп атаймыз.

Баку пролетариатының тактикасы ең дұрыс тактика болып шықты.

Сондықтан да мұнай буржуазиясының барлық күші осы тактикаға шабуыл жасап жүр. Мұнай буржуазиясы меньшевиктердің кепілсіз кеңесін толық жақтап отырса да, — түбі әлде қалай болады деп, олар дашнак-эсерлердің бойкотынан да ұстап айрылмайды, ал кепілді кеңесті атап отырған Баку пролетариатымен тіпті келіскісі келмейді!

Мұның өзі түсінікті де нәрсе. Тек мынандай жағдайды есіңізге түсіріңізші: белгілі пункттер-кепілдер жөніндегі талаптар қанағаттандырылады; жұмысшылардың талаптары өте-мөте кең түрде талқылана бастайды; жұмысшы бұқарасының арасында өкілдер Советінің орыны барған сайын нығая бастайды; өздерінің талаптарын белгілеу жұмысының үстінде жұмысшы бұқарасы өзінің Советінің төңрегіне, ал сол Совет арқылы одақтардың төңрегіне бірлесе бастайды; бүтін бір армия болып ұйымдасқан елу мың бұқара мұнай өнеркәсіпшілерінің алдына өздерінің талаптарын қояды; мұнай өнеркәсіпшілері күрессіз жұмысшыларға көнуге немесе өздері үшін өте-мөте қолайсыз кезде ойдағыдай ұйымдастырылған жалпы ереуілмен санасуға мәжбүр болады, — міне осылардың бәрі мұнай буржуазиясына тиімді бола қойсын ба? Ал енді осылардан кейін, «Нефтяное Дело» мен «Баку»[72] газеттеріндегі буржуазияшыл айуандар үрмей, мыяуламай қалай тұрсын? Endеше, қарғыс атқыр кепілдері болмайынша жүзеге аспайтын болса, ондай кеңесі құрысын, — деп, мұнай өнеркәсіпшілері кеңесті шақырмай қалдырып отыр.

Өкімет орындары мен мұнай өнеркәсіпшілерінің кеңесті шақырмай қоюының себебі міне осында.

Кеңестің тарихы осылай деп отыр.

Ал «Промысловый Вестник» осының бәрін ұмытып, «Баку» мен «Нефтяное Делоның» басмақалаларын үсті-үстіне қайталап айтып, «басшылардың әдепсіздігі» туралы мылжыңдауын қоймай жүр! Тіпті Тифлис меньшевиктерінің грузин тіліндегі газеті де, Баку кадеттеріне[73] үн қосып, «өзінің дауысын көтеруді» жөн тауып отыр! Сорлы құйыршықтар!

Алайда, істің жаңа жағдайына қарай біздің тактикамыз қандай болу керек?

Мұнай өнеркәсіпшілері кеңесті шақырмай қойды. Олар жалпы ереуілге итермелеп отыр. Мұнан біз енді дереу жалпы ереуілмен жауап қайтаруымыз керек екен деген мағна туа ма? Әрине, тумайды! Мұнай өнеркәсіпшілерінің орасан көп мұнай қорын жасап үлгіргендігін, жалпы ереуілге қарсы тойтарыс беруге олардың көптен әзірленіп жүргендігін айтпағанның өзінде, бұл сияқты байсалды күреске біздің өзіміздің де әлі дайын емес екендігімізді ұмытпауымыз керек. Біз әзірше жалпы экономикалық ереуілден батыл түрде бастартуымыз керек.

Әзіргі жағдайға сай келетін, шегінудің қолайлы түрі — ереуілді тек фирмаларда ғана жүргізу деп табу болуға тиіс. Нақ бір «принциптен» туып отырғандай етіп, ереуілдердің қолайлы екендігін теріске шығарушы (Л. А. Ринның[74] кітапшасын қараңыз) меньшевиктер қатты қателеседі. Көктемде болып өткен ереуілдердің тәжрибесі, одақтар мен біздің ұйымымыз белсенді тұр-

де араласатын болса, фирмалар бойынша өтетін ереуіл пролетариатты ұйымдастыру үшін керек ең дұрыс құралдардың бірі бола алуы мүмкін екендігін көрсетіп отыр. Бұл құралды біз қалайда берік ұстап, айрылмауымыз керек: біздің ұйымымыз негұрлым пролетариат күресінің барлық істеріне белсенді түрде араласуымызға қарай өсіп отыратындығын біз ұмытпауға тиіспіз.

Біздің таяу арадағы тактикалық міндеттеріміз міне осы.

Өкімет орындары, кеңесті шақырмай қойып, «Баку бостандығы» деген бостандықты мүлдем жойғысы келеді. Мұнан, күрес майданын қара күштердің еркіне қалдырып, біз астыртын жұмысқа мүлдем көшуіміз керек деген мағна туа ма? Әрине, тумайды! Реакция қаншама зәрін төксе де, ол біздің одақтарымыз бен ұйымдарымызды қаншама қыйратса да, ол кәсіпшілік-завод комиссияларын жоя алмайды; мұндай әрекеттер заводтар мен кәсіпшіліктерде «анархия мен қақтығысулар» туғызбай қоймайды. Біздің міндетіміз, социализм рухын сіңіре отырып, оларды фирмалар бойынша бірлестіре отырып, осы комиссияларды күшейту болуға тиіс. Ал енді осыны жүзеге асыру үшін біздің заводтардағы және кәсіпшіліктердегі ұяларымыз өз тараптарынан осы комиссияларға ұдайы жетекші болып отырулары тиіс және өз тараптарынан фирмалардағы өздерінің өкілдері арқылы ауданаралық ұйым болып бірлесулері тиіс.

Біздің таяу арадағы ұйымдастыру міндетіміз міне осы.

Өзіміздің осы таяудағы міндеттерімізді орындап, сонымен одақтарды және өзіміздің ұйымымызды нығайта отырып, мұнай капиталына қарсы жүргізілетін болашақтағы күрес үшін біз сан мыңдаған мұнай жұмысшыларының бұқарасын бірыңғай бірлестіре аламыз.

„Бакинский Пролетарий" газетінің 1908 жылғы 20 июльдегі 6-номеріне қосымша болып басылған.

Қол қойған: К о б а

„Бакинский Пролетарий" газетінің қосымшасының тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ БІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІМІЗ

Біздің партияның ауыр дағдарысқа кездесіп отырғаны ешкімге де жасырын емес. Мүшелердің партиядан шығуы, ұйымдардың қысқаруы мен нашарлауы, бұлардың бір бірінен қол үзуі, біріккен партия жұмысының жоқтығы, — осылардың бәрі партияның ауру екенін, оның күрделі дағдарысқа ұшырап отырғанын көрсетеді.

Партияға әсіресе ауыр тиіп отырған нәрсе — біріншіден, партия ұйымдарының қалың бұқаралардан қол үзгендігі. Біздің ұйымдарымыздың өз қатарында мыңдаған адамдары болып-ақ, жүз мыңдаған адамдарды соңына ерткен кезі болып еді. Ол кезде партияның бұқаралар арасындағы негізі берік еді. Қазір олай емес. Ұйымдарда мыңдаған адамдардың орнында ондаған, ең тәуір дегенінде, жүздеген адамдар қалды. Жүздеген мың адамдарға басшылық ету мәселесін алатын болсақ, ол жөнінде сөз көтеруге де тұрмайды. Рас, біздің партия бұқараларға идеялық ықпалын кең түрде жүргізе алады, оны бұқаралар біледі, оны бұқаралар қадірлейді. «Революцияға дейінгі» партиядан «революциядан кейінгі» партияның айырмашылығы ең алдымен міне осында. Бірақ партияның барлық ықпалы сайып

келгенде міне осымен бітеді. Алайда бір ғана идеялық ықпал әлі жеткіліксіз болады. Әңгіме мынада: **идеялық ықпалдың кеңдігі ұйымдастырушылық** жағынан нығаюдың тарлығына келіп тіреліп отыр, — біздің ұйымдарымыздың қалың бұқарадан қол үзуінің көзі міне осында болып отыр. Дағдарыстың бүкіл күрделілігін дереу түсіну үшін Петербургті алып көрсетсек те жетіп жатыр, онда жетінші жылы 8 мың шамалы мүше бар еді, ал кәзір әрең дегенде 300—400 адам табылады. Дәл осындай халге ұшырап отырған Москва, Орал, Польша, Донец кені, т. т. туралы біз енді айтып та отырғанымыз жоқ.

Бірақ мұның өзі әлі осымен бітпейді. Партия тек бұқарадан қол үзгендігінен ғана емес, сонымен қатар өз ұйымдарының бір бірімен байланысы жоқтығынан, бірыңғай партиялық өмірдің жоқтығынан, бір бірінен қол үзіп отырғандығынан қыйыншылық көріп отыр. Петербург Кавказда не істеліп жатқандығын білмейді, Кавказ Оралда не істеліп жатқандығын білмейді т. т. сөйтіп әрбір өлке өзінің өзгеше өмірімен күн көріп жүр. Басыңқырап айтсақ, бұрынғы бірыңғай, бір жалпы өмір сүруші партия, бесінші-алтыншы-жетінші жылдарда біздің бәріміздің мақтаныш етіп айтып жүрген партиямыз енді іс жүзінде жоқ. Біз нағыз барып тұрған оңбаған майдагерлікке кездесіп отырмыз. Бір жағынан, шет елдерде шығып жатқан «Пролетарий»[75] мен «Голос»[76] органдары, екінші жағынан, «Социал-Демократ»[77] органы Россия бойы бытырап жатқан ұйымдарды байланыстырмай отыр және байланыстыра алмайды, оларға бірыңғай партия өмірін бере алмайды. Я, шынында да, шет елде жүрген, россиялық шындықтан алыс тұрған органдар үйірмешілік дәуірді әлдеқашан басынан

өткізген партияның жұмысын бірыңғай ізге салып, байланыстыра алады деп ойлаудың өзі таңыркарлык нәрсе болған болар еді. Рас, бір бірінен қол үзген ұйымдардың арасында оларды **идеялық** жағынан байланыстыратын жалпыға ортақ көп нәрселер бар, — оларда революцияның сынынан өткен бір жалпы программа, революция мақұлдаған жалпы практикалық принциптер, даңқты революциялық салттар бар. «Революцияға дейінгі» партиядан «революциядан кейінгі» партияның екінші маңызды айырмашылығы дәл міне осында. Бірак мұның өзі де әлі жеткіліксіз. Әңгіме мынада: партия ұйымдарының **идеялық** бірлігі ол ұйымдардың ұйымдастырушылық жағынан ұсақталуы мен бір бірінен қол үзіп отырғандығынан партияны әлі толық құткара алмайды. Тіпті жәй ғана хат арқылы хабарласып отырудың өзі партия ішінде азын-аулақ болса да ойлағандай дәрежеде қойылмағанын көрсетсек те жеткілікті. Партияның бірыңғай организмге шын мәнісінде байланысы жөнінде біз енді айтып та отырғанымыз жок.

Сонымен: 1) партияның қалың бұқарадан қол үзгендігі және 2) оның ұйымдарының бір бірінен қол үзгендігі — партия кездесіп отырған дағдарыстың мәні осындай.

Осының барлығының себебі: революцияның өзінің дағдарысқа ұшырауы, контрреволюцияның уақытша жеңуі, қыр көрсетулерден кейінгі толас, ақырында, бесінші — алтыншы жылдар бойында пайдаланған азын-аулақ жартылай бостандықтың бәрінен партияның айырлуы болып табылатынын түсіну қыйын емес. Революция ілгері басып келе жатқанда, бостандықтар болып отырған кезде партия дамып, кеңейіп, нығайып отырды. Революция шегініп еді, бостандықтар болмап

еді, — партия да ақсай бастады, интеллигенттердің, ал одан кейін әсіресе тұрақсыз жұмысшылардың да партиядан қашуы пайда болды. Әсіресе «бесінші жылдың интеллигенттерінің» мардымсыз ой-өрісі байлығын өздерінің күрделі тілектерімен басып өткен, шын мәнісіндегі алдыңғы қатарлы жұмысшылар есебінен партия қатары өскен кезде интеллигенттердің қашуы тездетіле түсті.

Осыдан, әрине, болашақ бостандықтар өзі келгенше партия дағдарыста қатып-сеніп отыра беруге тиіс деген ешқандай қортынды шығарылуы тиіс емес; кейбіреулер осылай қате түсініп жүр. Біріншіден, бостандықтардың өзінің келуі көбінесе партияның дағдарыстан сауығып, жаңаланып шыға алуына байланысты ғой: бостандықтар аспаннан түспейді, олар, сөз арасында айта кету керек, жақсы ұйымдасқан жұмысшы партиясы арқасында болады. Екіншіден, таптар күресінің жұрттың бәріне белгілі заңдарының бізге айтуы бойынша, буржуазияның бірден бірге күшейіп келе жатқан ұйымшылдығы өз соңынан пролетариаттың да тиісті ұйымшылдығын сөзсіз туғызуға тиіс. Ал бірден-бір жұмысшы партиясы болып табылатын біздің партияның күн бұрын жаңалануы біздің пролетариаттың, тап ретінде, ұйымшылдығының өсуінің қажетті шарты болып табылатыны әркімге де белгілі ғой.

Демек, бостандықтардың келіп жетуіне дейін партияның сауығуы, оның дағдарыстан құтылуы мүмкін нәрсе ғана емес, сонымен қатар сөзсіз нәрсе болып табылады.

Барлық әңгіме осы сауығудың әдістерін табуда, атап айтқанда партияның: 1) бұқарамен байланыс жасауына және 2) бір бірінен қол үзген ұйымдарды бірың-

ғай ұйымға біріктіруіне жәрдем ететін жолдарды ашып табуда болып отыр.

* * *

Сонымен, біздің партия дағдарыстан қалай шыға алады, бұл үшін не істеу керек болады?

Біреулер бізге: партияны мүмкінінше жарыя ету керек және оны жарыя дума фракциясының төңрегіне топтастыру керек дейді. Бірақ, ең аяғы мәдени қоғамдар және басқа сол сиякты болмашы жарыя мекемелердің өздері қатты қуғынға түсіп отырған кезде, партияны қалайша жарыя етуге мүмкін болады? Әлде партияның революциялық талаптарынан бастарту арқылы болуы мүмкін бе? Онда мұның өзі партияны жаңалау емес, оны қайта көрге көму болып шығады ғой! Оның үстіне дума фракциясының өзі тек бұқаралардан ғана емес, онымен қатар партия ұйымдарынан да қол үзіп отырғанда, партияны бұқарамен қалайша байланыстыра алады?

Мәселені бұлайша шешу оны бұрынғысынан да мейлінше шатастыратыны, сөйтіп партияның дағдарыстан шығуын қыйындататыны айқын нәрсе.

Енді біреулер бізге: мүмкіні болғанынша партиялық қызметтерді жұмысшылардың өздеріне көбірек беру керек, сөйтіп партияны тұрақсыз интеллигенттік элементтерден арылту керек дейді. Партияны керегі жоқ қонақтардан арылтудың және атқарылуға тиісті қызметтерді сол жұмысшылардың өз қолдарына берудің партияны жаңалау ісіне көп жағынан жәрдем ете алатынында күмән жоқ. Бірақ ұйымның ескі системасы тұсында, партия жұмысының ескі әдістері тұсында, шет елде отырып «басшылық ету» тұсында «қызметтер-

ді берудің» бір ғана өзі партияны бұқарамен байланыстыра алмайтынының, сөйтіп оны бірыңғай тұтас ұйымға біріктіре алмайтынының да айқындығы әлгіден кем емес.

Сірә, жартылай шаралармен күрделі ешнәрсе істей алмайтын боларсың, — ауру партияны негізінен сауықтыру үшін негізгі құралдар іздеу қажет болар.

Партия ең алдымен бұқарадан қол үзгендігінен қыйыншылық көріп отыр, сондыктан партияны бұл бұқарамен қалай болғанмен де байланыстыру керек. Бірақ мұның өзі біздің жағдайларымыз тұсында, ең алдымен және көбінесе, әсіресе қалың бұқараны толқытып жүрген мәселелер негізінде мүмкін болмақ. Бұқаралардың қайыршылану фактысы мен капиталдың шабуыл жасауын алып-ақ көрелік. Жұмысшылардың басынан бейнебір дауыл сыяқты аса зор локауттар өтті, ал бірақ өндірістің қысқаруы, қалай болса солай есеп беріп шығарып жіберу, жалақыны азайту, жұмыс күнін ұзайту және, жалпы алғанда, капиталдың шабуыл жасауы әлі күнге дейін созылып келеді. Осылардың бәрі жұмысшылар арасында қандай ауыр халдер, қандай ауыр ой-пікір туғызатынын, жұмысшылар мен қожайындар арасында қандай көп «түсініспеушілік» пен жанжалдар туғызатынын, осы негізде жұмысшылардың басында қандай көп қызық мәселелердің туатынын айтып жеткізу қыйын. Тек біздің ұйымдарымыз, жалпы саяси жұмыспен қатар, осы ұсақ соқтығысулардың бәріне араласып отыратын болсын, оларды таптардың ұлы күресімен байланыстырып отыратын болсын, сөйтіп бұқараларды олардың көрсетіп отырған күнделікті қарсылықтары мен тілектерін іс жүзіне асыруды қолдай отырып, біздің партияның ұлы принциптерін нақты

фактылармен көрсетіп отыратын болсын. Тек осындай негізде ғана «әбден жаншылған» бұқараларды жандандыруға болатыны, тек осындай негізде ғана оларды құрып кеткір мызғымас орнынан «қозғауға» болатыны әркімге де айқын болуға тиіс. Ал бұқараларды осы мызғымас орнынан «қозғау» дегеніміздің мәнісі — оларды біздің ұйымдарымыздың төңрегіне ойлағанымыздай етіп дәл топтастыру деген сөз.

Фабрикалық және заводтық партия комитеттері — бұқаралар арасында бұл жұмысты өте-мөте үлкен табыспен жүргізе алатын партия органдары міне осылар. Фабрика-завод комитеттеріне кіруші алдыңғы қатарлы жұмысшылар — өз төңрегіндегі бұқараларды партия төңрегіне топтастыру қолынан келетін нақты адамдар міне осылар. Тек жұмысшылар күресінің барлық ісіне фабрика-завод комитеттерінің үздіксіз араласып отыруы, жұмысшылардың күнделікті мүдделерін қорғап отыруы және бұл соңғыларын пролетарлар табының түп негізгі мүдделерімен байланыстырып отыруы қажет. Фабрика-завод комитеттерін партияның негізгі қамалына айналдыру керек — міндет міне осындай.

Онан соң, бұқарамен сол жақындасудың мүддесі үшін, партияның басқа, жоғарғы органдарының да бұқаралардың тек саяси ғана емес, сонымен қатар экономикалық мүдделерін де қорғауға сәйкестеліп құрылуы қажет. Өндірістің азын-аулақ маңызы бар бір де бір тарауы ұйымның есінен шықпауы қажет. Ал бұл үшін ұйымды құрарда территориялық принцип өндірістік принциппен толықтырылуы қажет, яғни мәселен, өндірістің түрлі тарауларындағы фабрика-завод комитет-

тері өндірісіне қарай түрліше ауданшалар болып құрылып, сөйтіп бұл ауданшалар территория жағынан аудандарға бірігуі, т. т. қажет. Егер кішкене ауданшалардың саны тым өсіп кететін болса, оқасы жоқ, — оның есесіне ұйым өзінің негізінің беріктігі мен тұрақтығы жағынан ұтады, ұйым бұқарамен тығызырақ байланысады.

Дағдарыстан құтылу ісінде партия ұйымдарының құрамы мұнан да гөрі үлкен маңызды орын алады. Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың ең тәжрибелі және ең ықпалдылары барлық жергілікті ұйымдарда болуы қажет, ұйымның істері олардың берік қолдарында жыйнақталуы қажет, ұйымдағы практикалық және ұйымдастырушылық орыннан бастап әдебиет орындарына дейін барлық маңызды орындарда осы адамдар, тек дәл сол адамдар, отыруы қажет. Егер маңызды орындарды алған жұмысшылардың тәжрибелері мен даярлығы жеткіліксіз болып шықса да оқасы жоқ, алғашқы кездерде тіпті сүрінетін-ақ болсын, — тәжрибесі күштірек жолдастардың практикасы мен ақылы олардың білім көлемін кеңітеді және олардан ақыр-аяғында қозғалыстың нағыз әдебиетшілері мен көсемдерін шыңдап шығарады. Бебельдердің аспаннан түспейтінін, олардың тек жұмыс үстінде, практикада шыңдалып шығатынын ұмытпау керек, ал біздің қозғалысымыз қазір бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде орыс Бебельдеріне, жұмысшылар арасынан шыққан тәжрибелі және ұстамды көсемдеріне мұқтаж болып отыр.

Міне сондықтан біздің ұйымдастырушылық ұранымыз: «партия жұмысының барлық салаларында алдыңғы қатарлыларға кең жол ашылсын», «олар үшін өріс кеңірек болсын» деген болуы тиіс.

Алдыңғы қатарлыларға, басқару үшін қажет болатын талап пен ынтаның үстіне, тағыда күрделі білім керек болатыны өзінен өзі түсінікті. Ал бізде білімді жұмысшылар аз. Бірақ нақ осы жерде тәжрибелі және қайраткер интеллигенттердің жәрдемі керек болады. Ең болмаса аудан бас сайын бір-бірден жоғарғы дәрежелі үйірмелер, алдыңғы қатарлылардың «әңгімелерін» ұйымдастыру қажет, сөйтіп марксизмнің теориясы мен практикасын «үйрену» қажет, — міне осының бәрі алдыңғы қатарлылардың білім кемтіктерін едәуір толықтырып, олардан болашақ лекторлар мен идеялық басшыларды шыңдап шығарған болар еді. Осылармен қатар алдыңғы қатарлылар өз заводтары мен фабрикаларында жиі-жиі рефераттар жасап тұруы қажет, аудитория алдында «құлап қалу» қорқынышынан тайынбастан «мейлінше көп практика алуға» тырысу қажет. Аудитория алдында орынсыз сыпайы болуды және қорқуды мүлдем тастау керек, батылдықпен, өз күшіне сенушілікпен қарулану керек: алғашқы кезде жаңылыс жасап алсаң оқасы жоқ, бір-екі рет сүрінесің, ал одан кейін «су үстінен жүріп кеткен Христос» сияқты емін-еркін жүруге үйреніп аласың.

Қысқасы: 1) пролетариаттың жалпы таптық мұқтаждарымен байланысатын күнделікті мұқтаждары негізінде үгітті күшейту, 2) партияның өте-мөте күрделі аудандық орындары ретінде фабрика-завод комитеттерін ұйымдастыру және нығайту, 3) партияның маңызды қызметтерін алдыңғы қатарлылардың қолына «беру», 4) алдыңғы қатарлылардың «әңгімелерін» ұйымдастыру — белгілі жолдар міне осылар, бұлардың

арқасында біздің ұйымдарымыз өз төңрегіне қалың бұқараларды топтай алады.

Партия дағдарысынан құтылу үшін көрсетілген жолдарды өмірдің өзі ұсынып отырғанын атап кетпеуге болмайды. Орталық аудан мен Орал әлдеқашаннан бері интеллигенттерсіз күн көріп келеді, ол жерлерде ұйым жұмыстарын жұмысшылардың өздері басқарып жүр. Сормовода, Луганскіде (Донец кенінде), Николаевта — ол жерлерде жұмысшылар сегізінші жылы листоктар шығарып отырды, Николаевта, листоктардың үстіне, — жасырын орган да шығарып отырды. Ал Бакудегі ұйым жұмысшылар күресінің барлық істеріне үнемі араласып келді және араласып отыр, жұмысшылардың мұнай өнеркәсіп иелеріне қарсы жасаған бір де бір дерлік соқтығысуын көзден таса еткен емес және көзден таса етпей отыр, мұнымен қатар, әрине, жалпы саяси үгіт жүргізіп отыр. Осылардың арқасында, сөз арасында айта кету керек, Баку ұйымы осы уақытқа дейін бұқарамен байланысын баянды етіп отыр.

Партияны қалың жұмысшылар бұқарасымен байланыстырудың әдістері жөніндегі істің жәйі міне осындай.

Бірақ партия тек бұқаралардан қол үзгендігінен ғана қыйыншылық көріп отырған жоқ. Партия оның үстіне өз ұйымдарының бір бірінен қол үзгендігінен қыйыншылық көріп отыр.

Осы соңғы мәселеге көшелік.

* * *

Сонымен, бір бірінен қол үзіп жүрген жергілікті ұйымдарды өзара қалай байланыстыру керек, оларды

байланысты, бірыңғай өмір сүруші, бір партияға қалай жыйнау керек болады?

Кейде жүргізіліп отыратын жалпы партия конференциялары бұл міндетті шешер, ұйымдарды біріктірер деп ойлап қалуға болатын сыяқты. Немесе шет елде шығатын «Пролетарий», «Голос» және «Социал-Демократ» ақыр-аяғында партияны жыйнап, топтастыратын шығар. Мұның біріншісінің де, сол сыяқты екіншісінің де, ұйымдарды байланыстыру үшін маңызының аз емес екендігінде күмән жоқ. Осы уақытқа дейін, ең кем дегенде, конференциялар мен шет елдердегі органдар бір бірінен қол үзген ұйымдарды біріктірудің бірден-бір құралы болып келді. Бірақ, біріншіден, мұның үстіне өте сирек өткізіліп жүрген конференциялар ұйымдарды тек азын-аулақ уақытқа ғана байланыстыра алады, сондықтан мұның өзі керегіндей болып, оншалықты берік болып шықпайды, жалпы алғанда: конференциялар арасында байланыстар үзіледі, сөйтіп іс жүзіндегі майдагершілік бұрынғысынша қала береді. Екіншіден, шет елдердегі органдарды алатын болсақ, олардың Россияға өте аз мөлшерде келіп жететінін енді сөз қылмағанның өзінде, — олар табиғи түрде Россиядағы партия өмірінің өрісінен қалып қойып жүр, жұмысшыларды толқытып жүрген мәселелерді дер кезінде сезіп, іліп әкете алмайды — ал сондықтан — біздің жергілікті ұйымдарымызды бірыңғай етіп, берік күшпен байланыстыра алмайды. Фактылардың айтуына қарағанда, Лондон съезі өткеннен бергі жерде партия екі конференция[78] өткізді және шет елдердегі органдардың оншақты номерлерін басып шығарды, ал сөйтсе де біздің

ұйымдарды шын партияға айналдыру ісі, дағдарыстан құтылу ісі әрең-әрең дегенде ілгері жылжыды.

Демек, конференциялар мен шет елдердегі органдар партияны байланыстыру үшін өте маңызды, алайда, дағдарыстан құтылу үшін, жергілікті ұйымдарды берік түрде біріктіру үшін жеткіліксіз.

Сірә, тыңғылықты шара керек болар.

Ал мұндай шара тек бір ғана жалпы орыс газеті, партия жұмысының қақ ортасында тұратын және Россияда шығатын газет қана бола алар еді.

Россия бойы бытыраған ұйымдарды біріктіру ісі жалпы партия жұмысы негізінде ғана мүмкін болмақ. Ал жалпы жұмыс жергілікті ұйымдардың тәжрибесін бір жалпы орталықта біріктірмейінше, ал бұдан қорытылған тәжрибе кейін барлық жергілікті ұйымдарға таралып отырмайынша мүмкін болмайды. Жалпы орыс газеті дәл осындай орталық, партия жұмысына басшылық етуші және оны бағыттаушы орталық бола алар еді. Бірақ газет жұмысқа шын мәнісінде басшылық ете алуы үшін, газетке жергілікті орындардан сұрақтар, арыздар, хаттар, хабарлар, шағымдар, қарсылықтар, жұмыс жоспарлары, бұқараны ойландырып жүрген мәселелер, т. т. үнемі ағылып келіп жатуы керек; газет пен жергілікті орындардың арасында нағыз тығыз байланыс, нағыз берік дәнекер болуы керек; газет, сонымен, материалдарға жеткілікті түрде ие бола отырып, қажетті мәселелерді дер кезінде сезіп, қозғап, жазып отыруы керек, материалдардан қажетті нұсқаулар, ұрандар шығарып алып, оларды бүкіл партияның, өздерінің барлық ұйымдарының игілігіне айналдыру керек...

Мұндай шарттарсыз партия жұмысына басшылық

болмайды, жұмысқа басшылық болмайынша — ұйымдарды бүтін бір тұлғаға айналдыратын берік байланыстыру болмайды!

Міне сондықтан біз нақ жалпы орыстық (шет елдерде шығатыны емес) және нақ басшылық (жәй уағыздаушы емес) етуші газеттің қажеттігін атап айтқымыз келеді.

Мұндай газетті ұйымдастыру мен басқару ісін өз қолына ала алатын бірден-бір мекеме — партияның Орталық Комитеті болып табылатынын айтып жатудың да қажеті жоқ. Партия жұмысына басшылық ету міндеті мұнсыз да Орталық Комитеттің міндеті болып табылады. Бірақ бұл міндет қазіргі кезде нашар орындалып келеді, осының нәтижесінде жергілікті ұйымдардың бүтіндей дерлік бытыраңқылығы болып отыр. Ал жақсы жұмыс істейтін жалпы орыс газеті партияны және партия жұмысына басшылық етуді шын мәнісінде топтастыру үшін Орталық Комитет қолында нағыз мықты құрал бола алар еді. Ол-ол ма, тек осындай жол арқылы ғана Орталық Комитет сөз жүзіндегі орталықтан шын мәнісіндегі жалпы партия орталығына, партияны іс жүзінде байланыстырушы және оның жұмысына іс жүзінде үн беріп отыратын орталыққа айнала алады деп, біз кесіп айта аламыз. Осыған байланысты жалпы орыс газетін ұйымдастыру және басқару Орталық Комитеттің түп-тура міндеті болып табылады.

Сонымен, Орталық Комитеттің төңрегіне партияны біріктіруші және топтаушы жалпы орыс газетін, орган ретінде, ұйымдастыру — міндет міне осындай, партия кездесіп отырған дағдарыстан құтылу жолы міне осындай.

Барлық айтылғандарды қорытайық. Революция дағдарысы салдарынан партия ішінде де дағдарыс туды — ұйымдар бұқарамен берік байланысын жоғалтып алды, партия жеке-жеке ұйымдарға бөлшектеніп кетті.

Біздің ұйымдарымызды қалың бұқарамен байланыстыру қажет — бұл жергілікті орында орындалатын міндет.

Аталған ұйымдарды өзара байланыстыру, партияның Орталық Комитетінің төңрегіне жыйнастыру — бұл орталықта орындалатын міндет.

Жергілікті міндетті шешу үшін, жалпы саяси үгітпен қатар, күнделікті аса шұғыл тілектер негізінде жүргізілетін экономикалық үгіт қажет, жұмысшылардың күресіне үнемі араласып отыру, фабрика-завод партия комитеттерін құрып, нығайту керек, мүмкіні болғанынша партия қызметінің көбін алдыңғы қатарлы жұмысшылардың қолына жыйнау, жұмысшылардың ұстамды және білімді көсемдерін тәрбиелеу үшін алдыңғы қатарлылардың «әңгімелерін» ұйымдастыру қажет.

Ал орталықта орындалатын міндетті шешу үшін жергілікті ұйымдарды Орталық Комитетпен байланыстыратын және оларды бүтін бір тұлғаға біріктіретін жалпы орыс газеті қажет.

Тек осы міндеттерді шешкенде ғана партия дағдарыстан сауығып, жаңарып шыға алады, тек осы шарттарды орындағанда ғана партия ержүрек орыс пролетариатына лайық авангард болудың жауапты ролін өз мойнына ала алады.

Партия дағдарысынан құтылудың жолдары міне осындай.

Партия өз төңрегіндегі жарыя мүмкіншіліктерді, дума трибунасы мен кәсіпшілер одақтарынан бастап,

кооперативтер мен жаназа кассаларына дейін, неғұрлым толық пайдаланса, дағдарыстан құтылу міндетінің, Россиялық Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясын жаңалау мен оңалту міндетінің соғұрлым тез орындалатынын айтып жатудың да қажеті жоқ.

„Бакинский Пролетарий" газеті,
№ 6 және № 7; 1 және 27 август, 1909 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БОЛҒАЛЫ ТҰРҒАН ЖАЛПЫ ЕРЕУІЛ ЖӨНІНДЕ

Баку жұмысшылары ауыр кезеңнің үстінде отыр. Мұнай өнеркәсіп иелерінің өткен жылдың жазғытұрымында басталған шабуылы әлі күнге дейін созылып келеді. Жұмысшылардың бұрынғы жеңіп алғандары түгі қалдырылмай қайтып алынып жатыр. Ал жұмысшыларға үндемей, «шексіз» шыдап отыра беруге «тура келіп отыр».

Жалақы көрер көзге азайту, немесе пәтер-үй, сыйлық төлемін, т. т. қайтып алу арқылы қысқартылып жатыр. Үш кезекпен істеудің орнына екі кезекпен істеу болғандықтан жұмыс күні ұзартылуда, ал жұмыс мерзімінен тысқары және отряд болып жұмыс істеу іс жүзінде міндетті түрге айналып келеді. «Штат қысқартылғандығы» деп аталып жүргендер бұрынғысынша тоқталмай келеді. Жұмысшыларды — әсіресе саналы жұмысшыларды — сәл нәрселер үшін, ал кейде ешбір дәлелсіз де жұмыстан шығарып жатыр. «Қара тізімдер» ешбір шіміріктпестен қолданылып келеді. «Тұрақты» жұмысшылар тәртібінің орнына «уақытша», күндеп істейтін жұмысшылар тәртібі пайда болды, оларды сәл нәрселер үшін әрқашан жалақыдан құр

қалдыруға болатын болды. Штрафтар салу және ұрып-соғу «тәртібі» мейлінше етек алуда. Кәсіпшілік-завод комиссияларымен енді санаспайтын болды. Мүгедек болғандар туралы заң нағыз барып тұрған арсыздық түрде еленбей жүр. Дәрігерлік жәрдем дегеніңіз мейлінше азайды. Аурулар үшін он тыйындық қайыр-садақа сұраудың «қатаң заңы» қалмай келеді. Денсаулық және тазалық сақтау ережелері дегеніңіз ұмытылған. Мектеп ісі әбден ақсаулы. Халық үйлері дегеніңіз мүлдем жоқ. Кешкі курстар жоқ. Лекциялар жоқ. Тек есеп беріп жұмыстан шығара беру деген, үсті-үстіне есеп беріп жұмыстан шығара беру деген бар! Мұнай өнеркәсіп иелерінің арсыздығының қаншалықты шексіз кеткендігі мынадан көрінеді: көптеген ірі фирмалар, мәселен, «Каспи серіктігі» пәтер-үй ақы төлемеу үшін «өз» жұмысшыларына фирма әкімшілігінің рұқсатынсыз үйленуге көрер көзге тыйым салып отыр. Міне осының барлығы мұнай корольдарына кешіріліп жатыр. Ал сондықтан олар өзінің күшін сезіп, айлакерлікпен ойлап шығарған шабуыл жасау тактикасының ойлағандай болып шығып жатқанын көріп, жұмысшыларды қорлауын қоймай келеді.

Ал мұнай өнеркәсіп иелері шабуылының ойдағыдай болып отырғандығы тіпті де кездейсоқ нәрсе емес. Бұл үшін оған толып жатқан сыртқы жағдайлар көп себеп болып отыр. Мұның өзі ең алдымен, Россиядағы болып отырған жалпы толас, капиталдың шабуыл жасауы үшін қолайлы мүмкіншілік туғызып отырған контрреволюциялық жағдай болып табылады. Басқа жағдайлар болған болса, мұнай өнеркәсіп иелеріне өздерінің арандарын өлшеп ашуға тура келетінін айтып жатпасақ та түсінікті. Онан кейін, мұнай өнеркәсіп иелеріне

жағыну үшін қандай қылмысқа болса да баруға даяр отырған ойраншы Мартынов бастаған жергілікті әкімшіліктің нағыз барып тұрған малайлықпен құрдай жорғалаушылығы, — ең болмаса «Мирзоев ісін»-ақ еске түсірейік. Онан соң, жұмысшылардың ұйымдасушылығының нашарлығы, мұның өзі көбінесе кәсіпшілікте істейтін бұқара құрамының ауыса беру сыйпатынан болып отыр. Мұнай өнеркәсіп иелеріне қарсы күресте кәсіпшілікте істейтін жұмысшылардың маңыздылығы әркімге де айқын, алайда нақ осылар әрі көбінесе деревнямен байланысты, әрі ұйымдасқан түрдегі күреске «қабілеті» аз адамдар болып жүр. Ақырында, жалақының (айта кету керек, сыйлық, пәтер-үй, жол қаражаты, моншаға жуыну, т. с. төлемдерінен құралатын жалақының) уақталуы оның қысқаруын оңайлатып жүр. Жалақының «өзі» бұрынғы мөлшерінде қалады деген алданышты бетке ұстай отырып, жалақыны бөлшектеп, сыйлық, пәтер-үй, жол қаражаты, т. с. төлемдерін бірте-бірте қайырып алу арқылы бүркенген түрдегі қысқартуға қарағанда, жалақыны турадан тура қысқартудың оңай емес екенін дәлелдеп жатудың қажеті де жоқ.

Осының бәрі мұнай өнеркәсіп иелерінің тәжрибесі мен ұйымшылдығының өсуіне байланысты мұнай патшалығында капиталдың шабуыл жасау ісін едәуір жеңілдететіні табиғи нәрсе.

Мұнай корольдарының бұл құтырған шабуылы қашан тоқталады, олардың арсыздығының шектері бар ма деген мәселеге келсек — мұның өзі оларға қарсы жұмысшылар тарапынан күшті, ұйымдасқан түрде тойтарыс бола ма деген мәселеге байланысты.

Әзірге бір ғана нәрсе айқын: мұнай өнеркәсіп иелері

жұмысшыларды «түпкілікті» мойынсұндырғысы келеді, күресуге ынтасын «біржола» жойғысы келеді, «өзінің» жұмысшыларын «қалай болған күнде де» тыңдағыш құлдарға айналдырғысы келеді. Мұндай мақсатты олар өткен жылдың жазғытұрымында-ақ, мәслихатты болдырмай жұмысшыларды ұйымдаспаған түрде жалпы ереуілге айдап салуға тырысқан кезінде, сөйтіп оларды бірден соққының астына алуға тырысқан кезінде көздеген болатын. Нақ сол мақсатты олар кәзір, жұмысшыларға қасақана-үнемі шабуыл жасап, сөйтіп оларды өз бетімен қыр көрсетуге жиі-жиі итермелеп отырған кезінде көздеп отыр.

Жұмысшылар әзірге үндемей отыр, өшпенділігін ішіне жыйнап, мұнай өнеркәсіп иелерінің соққыларын үнсіз көтеріп отыр. Бірақ, бір жағынан, мұнай өнеркәсіп иелерінің бірден бірге арсызданып, қалған-құтқан мардымсыз жеңілдіктерді де дым қалдырмай қайтып алып жатқанын, сөйтіп жұмысшыларды қайыршылыққа дейін жеткізіп, оларды қорлап, өз бетімен тәртіпсіз көтеріліске алдап айдап салғалы отырғанын еске алсақ, екінші жағынан, жұмысшылардың төзіп отыра беруінің бірден бірге сарқылып келе жатқанын, сөйтіп мұның өзі орнын мұнай өнеркәсіп иелеріне қарсы басталып отырған үнсіз, бірден бірге күшейіп келе жатқан наразылық сыбысына беріп отырғанын еске алсақ, — осының бәрін еске алсақ, мұнай өнеркәсіптеріндегі жұмысшылар ызасының оталуы жуық арада турадан тура болмай қоймайтын нәрсе деп толық сеніммен айтуға болады. Екінің бірі: не жұмысшылар құлдарша бағынышты қытай қаратабандарының халіне дейін төмендеп, шынында «шексіз» төзіп отыра беретін болады, не олар тәуір өмірге жол ашып, мұнай өнеркәсіп иелері-

пе карсы шығатын болады. Бұқаралар арасында бірден бірге өсіп кележатқан наразылық жұмысшылардың сөзсіз екінші жолмен, мұнай өнеркәсіп иелеріне қарсы күрес ашу жолымен жүретінін дәлелдейді.

Ал мұнай өнеркәсібінің халі мынадай: оның өзі жұмысшылардың тек қорғаныс жасау күресін ғана емес, тек ескі позицияларды ғана ұстап тұруын емес, онымен қатар шабуылға да шығуын, онымен қатар жаңа позициялар жеңіп алуын да, жалақыны бұдан былайда көбейтуді, жұмыс күнін бұдан былайда қысқартуды, т. т. көтере алады.

Шынында да, егер мұнай өнеркәсіп иелерінің табыстары, Россия мен Европаның басқа кәсіп иелерінің табыстарымен салыстырғанда, қазіргі кезде шексіз моп болып отырса; егер мұнай рыногі қысқару былай тұрсын, ал қайта, өсіп, жаңа облыстарды (мәселен, Болгарияны) басып алып жатса, егер фонтандар саны бірден бірге көбейіп жатса, егер мұнай бағасы төмендеу былай тұрсын, ал қайта өсу жағына бағыт алып отырса, — онда жұмысшылардың құлшылықпен төзіп отыра берудің бұғауларын талқандап шығуына, ұялып үндемеушіліктің қамытын лақтырып тастауына, мұнай өнеркәсіп иелеріне карай қарсы шабуылдың туын көтеруіне, сөйтіп олардан жаңа, тәуір еңбек жағдайларын жеңіп алуларына толық мүмкіншілігі барлығы айқын емес пе?..

Бірақ осылардың бәрін еске ала отырып, мынаны да ұмытпау керек: алдағы болғалы тұрған жалпы ереуіл, осы уақытқа дейінгі Бакуде болған барлық ереуілдердің ішіндегі ең күрделі, ең ұзақ және ең табандысы болады. Егер бұрынғы болып өткен ереуілдерде: 1) Россиядағы жалпы өрлеу, 2) осыған байланысты жергілік-

ті әкімшілік орындарының бір жөн «бейтараптылығы», 3) бірінші ереуілді көргенде-ақ есінен айырылған мұнай кәсіп иелерінің тәжрибесіздігі мен ұйымдаспағандығы бізге қолайлы жағдайлар жасаған болса, — ал кәзір бізде ол жағдайлардың біріншісінің де, екіншісінің де, үшіншісінің де жоқ екендігін еске алу керек болады. Жалпы өрлеудің орнына мұнай өнеркәсіп иелерін батылдандыратын жалпы толас болды. Жергілікті әкімшілік орындарының бір жөн «бейтараптылығының» орнына — «жуасытудың» барлық құралдарын толық іске жұмсауға әзір отырған жергілікті әкімшілік орындары пайда болды. Мұнай өнеркәсіп иелерінің тәжрибесіздігі мен ұйымдаспағандығының орнына — олардың ұйымшылдығы пайда болды. Оның үстіне, мұнай өнеркәсіп иелерінің күресте шыңдалғаны сонша, олардың өздері жұмысшыларды ереуілге шақырып жүр. Олар жұмысшыларды тіпті жалпы ереуілге де айдап салудан қашпайды, өйткені тек ол ереуіл ұйымдаспаған түрде болып, жұмысшыларды «бірден бүріп тастауға» мүмкіншілік берсе-ақ болғаны.

Осылардың бәрі ұйымдасып алған жауларға қарсы жұмысшыларға күрделі және ауыр күрес жүргізуге тура келетіндігін көрсетеді. Күрес болмай қоймайды. Сансыз көп қолайсыз жағдайларға қарамастан жеңіс мүмкін. Тек жұмысшылардың күресі стихиялы, бытыраңқы түрде болмай — қайта ұйымдасқан, жоспарлы және саналы түрде болып отыруы қажет.

Тек осындай жағдайда ғана жеңіске жетеміз деп есептеуге болады.

Жалпы ереуілдің дәл қашан басталатынын біз білмейміз — қалай дегенмен де оның өзі мұнай өнеркәсіп иелеріне пайдалы кезінде басталмайды. Әзірше бір нәр-

сені ғана білеміз: жалпы ереуілге табанды даярлық жұмысты кәзірден-ақ ашу керек, оған өз ақылының, жігерінің, батырлығының барлық күшін салу керек.

Біздің топтасушылығымызды, біздің ұйымшылдығымызды күшейту — біздің даярлық жұмысымыздың туы міне осындай.

Сондықтан социал-демократияның төңрегіне, одақтардың төңрегіне жұмысшыларды жаппай топтастыруға кәзірден бастап-ақ кірісу керек. Ең алдымен, екі фракцияны бірыңғай тұлғаға біріктіріп, ұйымдағы жікшілдікті құрту керек. Сонымен қатар одақтар арасындағы жікшілдікті де құртып, оларды бір күшті одаққа біріктіру керек. Кәсіпшілік-завод комиссияларын жандандыру қажет, оларды социализм рухымен рухтандыру, оларды бұқаралармен байланыстыру және солар арқылы өздері бүкіл мұнай армиясымен байланысуы қажет. Жұмысшыларды бір күшті армияға топтастыра алатын жалпы талаптарды жасап шығаруға кірісу қажет. Жұмысшылардың мұнай өнеркәсіп иелеріне қарсы жүргізетін барлық соқтығысуларына ылғый араласып отыру қажет, сөйтіп социал-демократия төңрегіне жұмысшыларды іс жүзінде топтастырып отыру қажет. Қысқасы, қыйын, бірақ даңқты болғалы тұрған алдағы жалпы ереуілді лайықты түрде қарсы алу үшін талмастан, барынша, даярлану қажет.

Біз жалпы экономикалық ереуілге даярлану жөніндегі бір ауызды жұмысқа шақырамыз.

„Бакинский Пролетарий" газеті, № 7, 27 август, 1909 ж.
Қол қойған: К. Ко ...

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯДАН[79]

Төменде біз Баку комитетінің «Пролетарий» редакциясындағы алауыздықтар туралы қарарын басып отырмыз. Бұл алауыздықтар жаңалық емес, олар жөнінде біздің шет елдерде шығатын баспасөзімізде көптен бері айтыс болып келе жатыр. Тіпті большевиктер фракциясының ішінде де жік туды десіп жүр. Алайда Баку жұмысшылары бұл алауыздықтардың мазмұнын аз біледі немесе мүлдем таныс емес. Сондықтан біз бұл қарарға бірсыпыра түсініктер беріп өтуді қажет деп есептейміз.

Ең алдымен большевиктер фракциясы ішіндегі жік туралы. Біз фракция ішінде ешқандай жік жоқ және болған емес, тек жарыя мүмкіншіліктер туралы алауыздық қана бар деп ашық айтамыз. Ал мұндай түрдегі алауыздықтар большевиктік фракция сықылды жұмысы әрі бай, әрі жігерлі фракцияда әрқашан болғанды және болып та отырады. Фракцияда бір кезде аграрлық программа, партизандық қыр көрсетулер, одақтар және партия туралы мәселелер жөнінде едәуір алауыздықтар болғаны әркімге белгілі, алайда, бұлар-

ға қарамастан, фракция бөлінген жоқ, өйткені басқа ірі тактикалық мәселелер жөнінде фракцияда толық ынтымақтастық болды. Осы көтеріліп отырған мәселе туралы да соны айтуға болады. Демек, фракция ішіндегі жік туралы сөздер — нағыз ойдан шығарылған былшыл.

«Пролетарийдің»12 кісіден құралған кең редакциясындағы[80] алауыздықтардың өзіне келсек, екі ағым байқалып отыр: редакцияның көпшілігі (10 кісіге 2 кісі қарсы) одақтар, клубтар, әсіресе Думаның трибунасы сияқты жария мүмкіншіліктер партияны нығайту мүдделері үшін пайдалануы тиіс деп ойлайды, партия фракцияны Думадан шақырып алуға тиісті емес, қайта, партия фракцияға өздерінің қателерін түзеу үшін және Дума трибунасынан дұрыс ашық социал-демократиялық үгіт жүргізу үшін жәрдемдесуге тиіс деп ойлайды. Редакцияның азшылығы (екі кісі), мұның төңрегіне жыйналып жүрген шақырымпаздар мен ультиматистер деп аталып жүргендер, керісінше, жария мүмкіншіліктердің оншалықты құны жоқ деп ойлайды, Дума фракциясына сенімсіз түрде қарайды, фракцияны қуаттауды қажет деп білмейді және белгілібір жағдайларда тіпті фракцияны Думадан шақырып алудан да қашпайды.

Баку комитеті редакция азшылығының көзқарасы партия мен пролетариат мүдделерін қанағаттандыра алмайды деп біледі, сондықтан редакция көпшілігінің, өкілі Ленин жолдас болып отырған көпшіліктің позициясын үзілді-кесілді жақтап шығады.

«ПРОЛЕТАРИЙДІҢ» КЕҢ РЕДАКЦИЯСЫНДАҒЫ АЛАУЫЗДЫҚТАР ТУРАЛЫ БАКУ КОМИТЕТІНІҢ ҚАРАРЫ

Баку комитеті «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясындағы істердің халін, редакцияның екі бөлімінің жіберген баспа жүзіндегі документтер бойынша, талқылап мына төмендегі қортындыға келді.

1) Істің мәні тұрғысынан алып қарағанда, редакция көпшілігінің думалық және думадан тыс жұмыс жөніндегі позициясы бірден-бір дұрыс позиция болып табылады. Баку Комитеті тек осындай позиция ғана нағыз большевиктік, тек әрпі жағынан ғана емес, рухы жағынан большевиктік позиция деп аталуы мүмкін деп есептейді.

2) «Шақырымпаздық», фракция ішіндегі ағым ретінде, жария мүмкіншіліктерді, әсіресе Дума трибунасын бағаламаушылықтың, партия үшін зиянды бағаламаушылықтың нәтижесі болып табылады. Баку Комитеті толастың кәзіргі жағдайлары тұсында, ашық жүргізілетін социал-демократиялық үгіттің басқа бұдан гөрі күрделі құралдары жоқ болып отырған кезде Дума трибунасы арқылы жұмыс істеуге болады және партия жұмысының маңызды салаларының бірі болып табылуға тиіс деп ашық айтады.

3) «Ультиматизм», Дума фракциясына партия тәртібі туралы ылғый еске салу, — большевиктер фракциясы ішінде ешқандай ағым болып есептелмейді. Мұның өзі Орталық Комитеттің Дума фракциясы жөніндегі праволарын қыр көрсетумен тындырмақшы айрықша ағым болуға әрекеттенетіндігінен, — «Ультиматизм» дегеніңіз «шақырымпаздықтың» ең жаман түрі болып табы-

лады. Баку Комитеті Орталық Комитеттің фракция ішіндегі және фракция сыртындағы тек үздіксіз жүргізетін жұмысы ғана фракцияны шын мәнісінде партиялық және тәртіпті орын ете алады деп ашық айтады. Баку комитеті дума фракциясы қызметінің соңғы айларының фактылары осының бәрін айқын дәлелдеп отыр деп есептейді.

4) «Құдай жасампаздық» деп аталып жүрген әдебиет ағымы және, жалпы алғанда, социализмге діни элементтер енгізушілік, — марксизм негіздерін ғылыми емес жолмен түсіндірудің, сондықтан пролетариат үшін зиянды түсіндірудің нәтижесі болып табылады. Баку Комитеті марксизм дүниеге белгілібір көзқарас болып діни элементтермен одақ жасау арқылы емес, қайта олармен аяусыз күресу нәтижесінде жасалып, шыңдалып шықты деп атап көрсетеді.

5) Осы айтылғандардың бәрін көрсете келіп, Баку Комитеті былай деп есептейді: редакция азшылығының төңрегіне топталушы осы көрсетілген ағымдармен **идеялық** жағынан аяусыз күресу партия жұмысының мықты кезекті міндеттерінің бірі болып табылады.

6) Екінші жағынан, редакцияның екі бөлімі, көрсетілген алауыздықтарға қарамастан, фракция үшін үлкен маңызы бар мәселелерде (кезеңді бағалау, пролетариаттың және басқа таптардың революциядағы ролі, т. т.) өзара ынтымақтас екенін еске алып, — Баку Комитеті фракцияның бірлігі, демек, редакцияның екі бөлімдерінің бірлесіп жұмыс істеуі де, мүмкін және қажет болып табылады деп ойлайды.

7) Осыған байланысты Баку Комитеті редакция көпшілігінің ұйымдастырушылық саясатына қосылмайды және редакция азшылығын жақтаушыларды «біздің

арамыздан» қуу атаулының бәріне қарсы шығады. Баку Комитеті сонымен қатар редакция қаулысына бағынбау туралы әңгіме көтерген және жаңа, бұдан да гөрі күшті тартыстар үшін жаңа себеп туғызған Максимов жолдастың бет алысына да қарсы шығады.

8) Мұндай болып отырған қолайсыз жағдайды жою үшін практикалық шара ретінде Баку Комитеті жалпы партия конференциясымен[81] қатар, большевиктер конференциясын шақыруды ұсынады...

«NN-дағы мектеп» және «солшылменьшевиктерге» көзқарас туралы мәселелер жөнінде Баку Комитеті материалдардың жеткіліксіздігі себепті белгілі қарарлар қабылдаудан әзірше тоқтала тұрады.

2 август, 1909 ж.

„Бакинский Пролетарий" газеті, № 7, 27 август, 1909 ж.

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ДЕКАБРЬ ЕРЕУІЛІ МЕН ДЕКАБРЬ ШАРТЫ ТУРАЛЫ

(Бес жылдығы жөнінде)

Жолдастар!

Бүгін 1904 жылғы декабрьде болған жалпы экономикалық ереуілдің Баку аудандарында жарияланған күніне 5 жыл толды.

Бұл күндері жұмысшылар мен мұнай өнеркәсіп иелерінің атақты декабрь шартын, біздің «мазут конституциямызды» жасап шығарғанына 5 жыл толады.

Біз бұл күндерді үлкен мақтанышпен еске аламыз, өйткені олар біздің жеңісіміздің күндері, мұнай өнеркәсіп иелерінің жеңіліске ұшыраған күндері болып табылады!

Біздің көз алдымызда біздің барлығымызға белгілі даңқты жағдай елестейді, ереуілге шыққан мыңдаған бұқаралардың «Электрикалық Силаны» қоршап алып, өздерінің делегаттарына декабрь талаптарын жазғызған кезі, ал мұнай өнеркәсіп иелері өкілдерінің «Электрикалық Силаға» тығылып, жұмысшылардың қоршауында отырып, —«өздерінің қосылатындығын айтқан», шартқа қол қойған, «барлығына да көнген»... кезі елестейді.

Мұның өзі кедей-пролетарлардың бай-капиталистерді шын мәнісінде жеңгендігі, мұнай өнеркәсібіндегі

«жаңа тәртіптердің» бастамасын салған жеңіс болып еді.

Декабрь шартына дейін біз орта есеппен күніне 11 сағат істейтін едік, — ал шарттан кейін 9 сағат жұмыс істелетін болып белгіленді, мұнай қазып шығарушы жұмысшылар үшін бірте-бірте сегіз сағаттық жұмыс күні енгізілетін болды.

Декабрь шартына дейін біз орта есеппен 80 тыйын шамалы ақы алатын едік, — ал шарттан кейін ақыны күніне бір сом бірнеше тыйынға дейін көтеретін болды.

Декабрь ереуіліне дейін бізге пәтер-үйге төлейтін ақша да, пәтер-үйге керекті жабдық та бермейтін еді,— ал ереуілдің арқасында біз мастеровойлар үшін олардың біріншісін де, екіншісін де алатын болдық, енді тек оларды басқа жұмысшыларға да бергізу ғана қалып отыр.

Декабрь ереуіліне дейін кәсіпшіліктер мен заводтарда бізді ешбір сұраусыз ұрып-соғатын және айыпқа бұйыратын капитал қолшоқпарларының толық озбырлығы болып келіп еді, — ал ереуілдің арқасында белгілі тәртіп орнады, белгілі «конституция» болды, бұған байланысты біз өзіміздің делегаттарымыз арқылы өз ой-пікірімізді айтуға, мұнай өнеркәсіп иелерімен бірлесіп отырып келісуге, олармен бірлесіп отырып өзара қарым-қатнас жасауға мүмкіншілік алдық.

«Һамшарадан»[82] және «қамыт киген малдан» біз бірден жақсы өмір үшін күресуші адамдарға айналдық!

Декабрь ереуілі мен декабрь шартының бізге бергендері міне осылар!

Бірақ іс мұнымен бітпейді. Декабрь ереуілінің бізге берген ең негіздісі — өз күштерімізге сенім туғызуы, жеңетіндігімізге сенім болуы, жаңа тартыстарға шығу

даярлығы, капиталистік құлдықтың бұғауларын «тек өзіміздің меншікті қолымызбен ғана»... қыйратуға болатындығын санаға енгізуі болып табылады.

Ол кездерден бері біз барлық уақыт бойы жалақыны көбейту, кәсіпшіліктерде істеушілерге пәтер-үй төлемдерін бергізу, «мазут конституциясын» баянды ету, кәсіпшілік-завод комиссияларымен біртіндеп есептесіп отырғызу, одақтарға ұйымдасу, социал-демократия төңрегіне топтасу арқылы ілгері жылжып келеміз...

Бірақ мұның бәрі көп уақытқа бармады. Революцияның шегінуінен және контрреволюцияның күшеюінен кейін, әсіресе 1908 жылдың басынан бері, мұнай өнеркәсіп иелері, мұнай шығару ісі мен мұнай рыногі азайды дегендерді айтып фарисейлікке салынып, бұрынғы жеңіп алынғандарды қайтарып алып жатыр. Олар сыйлық пен пәтер-үй үшін төленетіндерді қайтып алып жатыр. 8 сағаттан үш кезекпен істеудің орнына 12 сағаттан екі кезекпен жұмыс істеу тәртібін енгізіп жатыр. Олар дәрігерлік жәрдемді қысқартып жатыр. Олар осы күннің өзінде-ақ халық үйлерін тартып алды, мектептерді тартып алуда, бұларға жартысыз тыйын-тебен жұмсайды, ал сонымен қатар полицияны ұстауға жылына 600 мың сомнан астам қаражат шығарады. Біз енді ұрып-соғулар мен штрафтар салуды қайта орнатқандығы туралы, комиссияларды жойғандығы туралы, патша үкіметінің қызметшілері — ірі капиталдың қолшоқпарлары тарапынан одақтарға қуғын болып отырғандығы туралы айтып та отырғанымыз жоқ.

Сонымен соңғы екі жылдың ішінде бізді тек өзіміздің халімізді бұдан былайда ондай беруден бастарттқызып қана қойған жоқ, сонымен қатар бұрынғы халімізді де нашарлатып жіберді, бұрынғы жеңістерімізді

қайтып алды, сөйтіп бізді декабрьден бұрынғы заманға апарып, шегеріп тастады.

Міне сонымен енді, 13 декабрь күні, жеңімпаз декабрь ереуілінің бес жылдығы күні, мұнай өнеркәсіп иелерінің біздің алдымызда құрдай жорғалаған, ал біздің шабуылға шығып, жаңа праволар жеңіп алып жатқан кезіміздің бес жылдығы күні,—дәл бүгінгі күні біздің алдымызға мұнай жұмысшыларының бұқарасының толқытатын күрделі мәселе қойылып отыр: біз әлі де көп уақыт үндемей отыра береміз бе, біздің төзіп отыра беруіміздің шегі бар ма, енді бізге осы үндемей отыра берудің бұғауларын бұзып шығып, біздің нағыз қажетті талаптарымыз үшін жалпы экономикалық ереуілдің туын көтеріп шығу керек емес пе?

Өздеріңіз ойланыңыздар. Осы жылы шығарылған мұнай 500 миллион пұтқа жетті — мұндай санға соңғы төрт жылдардың бірінде де шығарылған мұнай саны жетпеген емес. Мұнай бағасы ешбір төмендеп отырған жоқ, өйткені жыл бойындағы орташа баға, өткен жылғы сияқты, — 21 тиын болып отыр. Ешбір қаржы жұмсауды керек қылмайтын фонтаннан шығарылатын мұнай,— бірден бірге көбейіп келеді. Рынок күннен күнге кеңейіп келеді, жұрт тас көмірді қойып, мұнай жағуға көшіп келеді. Мұнайды шетке шығару тоқтаусыз өсіп келеді. Алайда, мұнай өнеркәсіп иелерінің істегі неғұрлым оңалған сайын, жұмысшылардан «пайдаларды» неғұрлым көп етіп сығып алған сайын, олар жұмысшыларға соғұрлым рақымсыз болып келеді, жұмысшыларды соғұрлым қатты езіп келеді, саналы жолдастарды соғұрлым көп етіп жұмыстан шығарып жатыр, қалған-құтқандарды соғұрлым батыл тартып алып жатыр!..

Жолдастар, мұнай өнеркәсібінің жәйі мұнай жұмысшыларының жалпы күресі үшін бірден бірге қолайлы болып келе жатқаны, ал мұнай өнеркәсіп иелерінің жантүршігерлік қылықтары жұмысшыларды осындай күреске итермелейтіні айқын емес пе?

Өйткені, жолдастар, екінің бірі: не біз тілсіз құлдардың халіне дейін төмендеп, шексіз төзіп отыра беретін боламыз, не біздің жалпы талаптарымыз үшін жалпы күреске шығатын боламыз.

Біздің өткен өміріміз бен қазіргі өміріміздің, біздің күресіміз бен біздің жеңістеріміздің бәрі біздің екінші жолға түсуіміздің керек екенін, жалақыны көбейту үшін, сегіз сағаттық жұмыс күні үшін, поселок пен пәтер-үйге төлейтін ақы бергізу үшін, халық үйлері мен мектептер үшін, дәрігерлік жәрдем мен мүгедек болғандарға ақы төлету үшін, кәсіпшілік-завод комиссиялары мен одақтардың праволары үшін жүргізілетін жалпы ереуіл жолына түсуіміздің керек екенін көрсетеді.

Ал біз, жолдастар, құлақ естімеген жазалауларға қарамастан, мұнай өнеркәсіп иелерінің өсіп келе жатқан ұйымшылдығына қарамастан өз дегенімізге жетеміз, егер жалпы ереуілге даярлық жұмысты күшейтсек, егер біздің кәсіпшілік-завод комиссияларымызды нығайтсақ, егер біздің одақтарымызды кеңейтсек, егер социал-демократияның төңрегіне топталсақ біз өзіміздің қожайындарымызды, бұдан 5 жыл бұрын еріксіз көндіргендігіміз сияқты, көндіре аламыз.

Социал-демократия бізді 1904 жылғы декабрьде жеңіске бастап апарған болатын, сол социал-демократия бізді ұйымдасқан түрде жүргізілген жалпы ереуіл арқылы болашақ жеңістерге де бастап апарады.

Даңқты декабрь күресінің тәжрибесі осылай дейді.

Олай болса, бүгінгі күн, төртінші жылдың декабрінде болған жеңімпаз ереуілдің басталған күні, бізді жалпы ереуілге даярлану жөніндегі ынтымақты және табанды жұмысқа рухтандыратын болсын!

Бұл күнге деген біздің жалпы тілектестігіміз социал-демократия бастайтын болашақ жалпы ереуілдің мұнай өнеркәсіп иелеріне көрсететін үрейлі ырымы болатын болсын!

Болашақ жалпы ереуіл жасасын!

Социал-демократия жасасын!

РСДЖП Баку Комитеті.

13 декабрь, 1909 ж.

Жеке үндеухат болып басылған

Үндеухаттың тексті бойынша басылып отыр

ҚАВҚАЗДАН ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАР[81]

I

БАКУ

МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ХАЛІ

Елімізде біраз «тыныштық» орнағаннан кейін, Россияда егін шығымы жақсы болғаннан кейін және орталық-өнеркәсіптік ауданда жұмыстар қыза бастағаннан кейін мұнай өнеркәсібі біршама өрлеу кезеңіне кірді. Жалғыз-жарым ереуілдердің қатерлі болуы арқасында (қатал саяси қысымдардың және мұнай өнеркәсіпшілерінің ұйымшылдығының артуы салдарынан), ереуілдердің болуына байланысты, алынбай қалған мұнайдың мөлшері небәрі тек жарты миллион пұт қана төмендеді (1908 ж. 11 миллион пұтқа тең болды, ал 1907 ж. — 26 миллион пұт еді). Ереуілдердің болмауы және мұнайды қауғалап тарту жұмысының біркелкі жүріп отыруы фонтанды мұнайдың көбеюіне қолайлы жағдайлардың бірі болып табылды. Мұнай өнеркәсібінің хал-жағдайында орнаған (салыстырып айтқанда) беріктілік соңғы жылдары айрылып қалған рынокті мұнай өнеркәсібіне қайтарды. Быйылғы жылы мұнай шығару 500 миллион пұтқа дейін көтерілді — соңғы төрт жылдың бірде-бірінде мұнай шығару бұл цифрға жеткен еместі (өткен жылы 467 млн. пұт болып еді). Орталық-өнеркәсіптік ауданның сұйық отынға мұқ-

таждығының күшеюі арқасында, Оңтүстік-Шығыс, Рязань Орал және Москва — Қазан темір жолдарының Донец көмірінен мұнайға көшуі арқасында мұнайдың басқа жаққа тасылуы өткен жылғыдан едәуір артық болды. Мұнай өнеркәсіпшілері байбалам салып жатса да, мұнайдың бағасы төмендеген жоқ, ескі бағасы сақталып отыр, өйткені жыл бойындағы орта баға өткен жылғыдай (21 тиын) болып отыр. Ал енді қайырымы мол скважиналар жиі-жиі фонтандап атып, мұнай өнеркәсіпшілерін жауынша құйған мұнаймен сыйлауда.

Қысқасы мұнай өнеркәсіпшілерінің «істері» оңалып келеді.

Алайда экономикалық қысымдар әлсіремек түрсын, қайта, бұрынғысынан бетер күшейіп барады. «Сыйлық», пәтер-үй төлемдерін қайтарып алып жатыр. Үш сменалы жұмыс (8 сағаттық жұмыс) екі сменалы жұмысқа (12 сағаттық жұмысқа) ауысып, мерзімнен тыс отряд болып жұмыс істеу системаға айналып отыр. Дәрігерлік жәрдем және мектеп шығындары барынша азайып барады (ал мұнай өнеркәсіпшілері полицияны ұстауға жылына 600 мың сомнан астам жұмсап отыр!). Асханалар мен халық үйлері қайтарылып алынып та қойды. Кәсіпшілік-завод комиссияларын, кәсіпшілік одақтарын мүлде елемейді, саналы жолдастарды жұмыстан шығарып тастау бұрынғыша жүріп жатыр. Штрафтар мен ұрып-соғушылық қайтадан басталуда.

Патша өкіметінің малайлары, полиция мен жандармерия — мұнай корольдарының қызметіне бүгіндей берілді. Бакудың мұнайлы аудандарын шпиондар және провокаторларымен толтыру, мұнай өнеркәсіпшілерімен болмашы қақтығысып қалғаны үшін жұмысшыларды

топ-тобымен жер аудару, іс жүзіндегі «бостандықтың» — Бакудың бір артықшылығының — тас-талқанын шығару және қамау үстіне қамау — жергілікті әкімшіліктің «конституциялық» жұмысының бейнесі міне осындай. Мұнысы түсінікті де: біріншіден, жергілікті әкімшілік өзінің «жаратылысы бойынша», ең болмашы «бостандық» бола тұрса да, мұның қандайын болсын тұншықтырмай тұра алмайды; екіншіден, оның осылай етуіне міндетті болуына тағы бір себеп пұт басына төлеу, қазна участоктерінен істелген жұмысына қарай төлеу, тасымал үшін және тариф төлеу түрінде мұнай өнеркәсібі қазнаға жылына кемінде 40 миллион сом «табыс» келтіріп тұрады, солай болғандықтан ол — тыныштық болуы үшін, қауғалап мұнай шығарудың дамылсыз жүріп отыруы үшін жергілікті әкімшілікке «мұқтаж болады». Біз мұнай өнеркәсібіндегі болмашы кідіріс орталық-өнеркәсіпті ауданға жаман әсер ететінін, ал мұның өзі өз тарапынан үкімет «істерінің» берекесін кетіретінін енді айтып та отырғанымыз жоқ. Рас, соңғы кездерде үкімет мұнай аудандарында біраз «бостандық» беру керек деп тауып, жұмысшылар мен мұнай өнеркәсіпшілерінің «кеңестерін» жасаған болатын. Бірақ мұның өзі өткен шақта, контрреволюцияның мүмкіншіліктері екіталай уақытта болған еді — ол кезде жұмысшыларды алдарқату саясаты анағұрлым тиімді саясат еді. Ал енді жағдайдың беті анықталды, контрреволюция «ада-жұда» нығайып алды, — енді айуандық қысымға алу саясаты алдарқату саясатының орнын басты, қырғыншы Мартынов тәтті әуенді Джунковскийдің орнын басты.

Оның бержағында, жұмысшылар жалғыз-жарым ереуілдердің тиімді екендігінен ада-жұда күдерін үзе

бастады, бұлар енді жалпы экономикалық ереуіл туралы батыл айта беретін болды. Мұнай өнеркәсіпшілерінің «істері» оңалып келе жатса да, қысымның күшейіп бара жатқандығы — жұмысшыларды қатты ызаландыруда, оларды жауынгерлік қалыпқа түсіруде. Сондықтан, жұмысшылардың бұрынғы жеңіп алғандарын қайтадан батыл тартып ала түскен сайын, жұмысшылардың бастарында да жалпы ереуіл идеясы соншалық толық пісіп жетіліп келеді, олар ереуілдің «жариялануын» соншалық зарығып «күтуде».

Мұнай өнеркәсібі жағдайының да ереуілге қолайлы екенін, жұмысшылардың да ереуілге ынтығып отырғанын есепке алып, біздің ұйым жалпы ереуілге әзірлік жұмысын бастамақ болып ұйғарды. Қазіргі уақытта Баку комитеті бұқараның пікірін сұрастырумен және барлық мұнай пролетариатын біріктіре алатын жалпы талаптарды жасаумен айналысып отыр. Бұл талаптарға мына төмендегілер кіруі ықтымал: 8 сағаттық жұмыс күні, жалақыны өсіру, мерзімнен тыс және отрядтік жұмыстарды жою, дәрігерлік жәрдемді күшейту, поселкалар мен пәтер үйлер, халық үйлері мен мектептер, комиссиялармен және одақтармен санасу. Біздің ұйым және оның атқару орны, Баку комитеті, былай деп шамалайды: контрреволюция күшейіп, мұнай өнеркәсіпшілерінің ұйымшылдығы артып отырса да, жұмысшылар, егер бұлар кәсіпшілік-завод комиссиялары түрінде, одақтарын ұлғайтқан, нығайтқан түрде, социал-демократияның төңрегіне жұмылу түрінде, өздерінің таптық ұйымшылдығын жау күштеріне қарсы қоя білсе, жұмысшылар өз үлесін ала алады ғой деп шамалайды. Қыймылға кірісудің уақытын белгілеудің өзі күні бұрын білуге болмайтын, алуан-алуан жағдайлар-

ға байланысты. Әзірге бір-ақ нәрсе анық, — ереуіл болмай қоймайды, «бір минутты боска жібермей», соған әзірлену керек...

КӘСІПШІЛІК ӨЗІНДІК БАСҚАРМА

Баку пролетариатының өміріндегі мәнді жағдай — бір ғана мұнай өнеркәсібінің жандануы ғана емес. Тағыда бір мәнді оқиға — жуырда біздің жерде басталған «земство науқаны». Біздің айтып отырғанымыз — Бакудың мұнайлы аудандарындағы кәсіпшілік өзіндік басқарма туралы. Ішкі істер министрлігінің шет аймақтардағы земство туралы белгілі «ережелерінен» кейін және Кавказ наместнигінің Кавказда земствоны енгізудегі іс жүзіндік шаралар туралы «әмірлерінен» кейін мұнай өнеркәсіпшілері кәсіпшілік өзіндік басқарманың жобасын жасауды қолға алды. Мұнай өнеркәсіпшілерінің кезектегі (28-ші) съезі сөзсіз нығытатын жобаның негізі, шамамен айтқанда, мынадай. Кәсіпшілік аудан (Балаханы, Романы, Сабунчи, Сураханы, Биби-Эйбат), кәсіпшілік өзіндік басқарма деп аталатын, қаладан да, уезден де ерекше Земствоның бірі болмақ. Кәсіпшілік өзіндік басқарманың қызметтері: сумен, жарықпен қамсыздау, жол салу, трамвай, дәрігерлік жәрдем, халық үйлері, мектептер, мал соятын орындар, моншалар салу, жұмысшы поселкаларын салу және т. с. Өзіндік басқарманың өзі жалпы алғанда 1890 ж. 12 июньдегі[81] «қағыйданың» үлгісінде ұйымдаспақ, айырмасы — «қағыйда» бойынша земство мүшелерінің жартысы міндетті түрде дворяндарға берілуші еді, ал бұл жоба бойынша, дворяндар болмағандықтан (кәсіпшілік аудандағы уезден бөліп, мұнай өнеркәсіпшілері жер иелерінің басым болып кетуінен сақтанды, өздерін басым етті),

мүшелердің жартысын мұнай өнеркәсіпшілерінің бәріне де емес, тек 23 ірі мұнай өнеркәсіпшілеріне береді. Өзіндік басқармадағы 46 орыннан 6 орын ведомстволар мен қоғамдық мекемелердің өкілдеріне беріледі; 4 орын жүз мыңдаған жұмысшы халыққа беріледі: 18 орын— салықтардың $^2/_3$ төлейтіндерге, яғни 23 ірі мұнай өнеркәсіпшілерге (барлық бюджет 600 мың сом шамасындай); 9 орын — салықтардың $^1/_6$ төлейтіндерге, яғни ірілердің вассалдық тәуелділігінде отырған 140—150 орта мұнай өнеркәсіпшілерге; қалған 9 орын — ұсақ сауда-өнеркәсіп буржуазиясына (1400 дей адам) беріледі.

Көріп отырсыздар, мұның өзі, бір жағынан, артық дәрежелі капиталистер, екінші жағынан—еңбек пен капиталдың айқын соқтығысуларының майданы болуға тиісті, біркелкі өнеркәсіптік земство болып табылады.

Нақ осындай земство ұйымдастырып, мұнай өнеркәсіпшілері мынаны көздейді: біріншіден, «съезді» бірыңғай синдикатқа айналдырып, өздерінің съездерін мәдени-шаруашылық қызметтерінің көпшілігінен босатып, кәсіпшілік өзіндік басқарманың мойнына артуды көздейді; екіншіден — кәсіпшіліктегі жұмысшы халықтың мұқтаждарына жұмсалатын шығынға басқа буржуазияны да, көмекші кәсіп орындарының, подрядпен бұрғылаудың иелерін және т. с. қатыстыруды көздейді. Ал енді жұмысшыларға берілген, «Мемлекеттік 3-ші думаның қағыйдасына муапық» сайлаушы (жұмысшы куриясынан сайланған өкілдер, онсоң 4 сайлаушысы) төрт дауысқа келетін болсақ, — онда мұның өзі мұнай өнеркәсіпшілерінің құрбандығы ғана емес, қайта тіпті тиімді нәрсе: жұмысшылардың төрт дауысы өзіндік басқарманы перделеу үшін пайдаланатын нәрсе — мұның өзі әрі «либералшылдық», әрі ... арзан түседі,

сондықтан мұнай корольдары бұған оп-оңай көне қойды.

Екінші жағынан, кәсіпшілік өзіндік басқарма мұнай өнеркәсіп буржуазиясын және, былайша айтқанда, «көмекші» буржуазияны бір бүтін етіп біріктіретін болғандықтан, кәсіпшілік өзіндік басқарма осы кезге дейін бытыраңқы болып келген мұнай өнеркәсібі мен көмекші кәсіп орындарының жұмысшыларын да біріктіруге тиісті екендігінде және төрт өкілі арқылы өздерінің жалпы талаптарын айтуда жұмысшыларға мүмкіндік туғызуы тиісті екендігінде күмән жоқ.

Осылардың бәрін еске ала отырып, Баку комитеті кәсіпшілік өзіндік басқарма туралы өзінің қарарында жобаланып отырған өзіндік басқарманы бұған қатысу мағнасында пайдалану керек деп ұйғарды, мұндағы мақсат — жұмысшылардың жалпы экономикалық мұқтаждары жолында үгіт жүргізу және жұмысшыларды ұйымдастыру ісін күшейту болып табылады.

Онсоң, сайлау системасының шеңберін кеңейтуді көздеп, кәсіпшілік өзіндік басқарма жалпы алғанда осы кезге дейін шақырылып келген мәжілістердің — бұл мәжілістерде жұмысшыларға берілген дауыстың саны мұнай өнеркәсіпшілерінікімен тең болатынды — жұмысшылар үшін аса маңызды мәселелермен айналысатынын ескеріп, біздің ұйым өзінің қарарында өзіндік басқармада жұмысшыларға берілетін дауыстардың саны тең болсын деп талап етеді; оның үстіне осы қарарында өзіндік басқарманың ішіндегі күрес оның сыртында жүргізілетін күреспен сүйемелденіп отырса ғана, өзіндік басқарманың сыртындағы күрестің мүдделерін орындап отырса ғана, өзіндік басқарманың ішіндегі күрестің күші бола алады деп атап көрсетеді.

Мұның үстіне, кәсіпшілік өзіндік басқарма ауданынан Балаханы, Сабунчи, Романы селоларын—шындығында жұмысшы поселкаларын — бөліп тастау туралы губерниялық кеңестің жұмысшылар үшін тиімсіз екенін еске алып, біздің ұйым осы селоларды кәсіпшілік өзіндік басқарма ауданына кіргізуді талап етеді.

Ақырында, карардың жалпы бөлімінде, жалпы, тең, тікелей және жасырын дауыс беру жергілікті өзіндік басқармалардың емін-еркін дамуының және кәзіргі таптық қайшылықтардың емін-еркін білінуінің қажетті шарттары екенін айта келіп, Баку комитеті, жергілікті тыңғылықты демократиялық өзіндік басқармалар құру үшін алдын-ала жағдай ретінде, патша өкіметін құлату және бүкілхалықтық Құрылтай жыйналысын шақыру кажет екендігін баса айтады...

Кәсіпшілік өзіндік басқарма әзірше құрылу дәрежесінде. Мұнай өнеркәсіпшілері комиссиясының жобасын мұнай өнеркәсіпшілерінің съезі нығытуы керек, онсоң ол жоба наместник кеңсесі арқылы ішкі істер министрлігіне, сонан соң Мемлекеттік думаға түседі және т. т. Солай бола тұрса да, біздің ұйым мұнай өнеркәсіпшілерін әшкерелеу, калың бұқараның арасында өзінің платформасын ұғындыру, бүкілхалықтық Құрылтай жыйналысы жолында үгіт жүргізу мақсатымен науқанды кәзірден-ақ бастауды, кәсіпшіліктер мен заводтарда жыйналыс шақыруды ұйғарды. Тағыда осы мақсатты көздеп, біздің ұйым мұнай өнеркәсіпшілерінің съезіне «қатысудан» да, сондай ақ өзіміздің фракцияны қажетті материалдармен күнілгері қамсыздай отырып, дума трибунасын пайдаланудан да бастартпайды.

ҰЙЫМНЫҢ ХАЛ-ЖАҒДАЙЫ

Кәсіпшіліктерде Бакудың өзіне ғана тән кейбір жағдайлардың (әкімшілік орындары әлі толық жоя қоймаған, жыйналыс жасауға кейбір мүмкіншіліктердің болуы; кәсіпшілік-завод комиссияларының болуы) себебінен, Бакуде біздің ұйымның хал-жағадайы, Россияның басқа жақтарындағы өзіндей ұйымдарға қарағанда тиімді екені байқалады. Мұның үстіне жарыя мүмкіншіліктер дейтіндердің бар болуы да жұмысымызды жеңілдетуде. Осының арқасында ұйымның байланыстары едәуір мол. Бірақ күшіміздің, харжыларымыздың тапшылығынан бұл байланыстар пайдаланылмай қалып отырады. Татар, армян және орыс тілдерінде ауызша және, ең алдымен, баспасөз жүзінде үгіт жүргізу керек, бірақ қаржыларымыз (және күшіміз) тапшы болғандықтан орыс тілімен ғана тынуға тура келіп отыр, ал алайда, мәселен, мұсылман жұмысшылар өндірісте аса маңызды орындарда (қауғалап мұнай шығаруда) істейді және олар орыс немесе армяндармен салыстырғанда сан жағынан анағұрлым көп. Орыс тілінде шығып тұратын «Бакинский Пролетарий» (Баку комитетінің органы)[85], ең алдымен, осы қаржының жоқтығынан мінекей 3 ай бойы шыққан жоқ. Баку комитеті өзінің соңғы мәжлісінде Тифлис комитетінің мүмкін қадерінше төрт тілде немесе үш тілде (орыс, татар, грузин, армян тілдерінде) ортақ орган шығару туралы ұсынысын қабылдады. Біздің ұйымда мүшелер (сөздің дәл мағнасында айтқанда) 300 ден аспайды. Ал меньшевик жолдастармен (100 ге таяу адам) бірігу әлі іске аса қойған жоқ, — әзірше тек осындай тілектер ғана бар тәрізді, ал бір ғана тілек жікті жоя қоймайды ғой. ... Насихат

жұмысы, бізде «әңгімелесу» деп аталып жүрген, жоғары үйірмелерде ғана жүріп жатыр. Мұның өзі лекциялық система. Күрделі насихат әдебиетінің өте-мөте тапшылығы сезіледі... Партия бұқарасына партиядан қол үзіп қалушылық және Россиядағы партия ұйымдарының жұмыстары туралы түк білмеушілік жаман әсер етуде. Жалпы россиялық орган, жалпы партия конференциялары жеңе Орталық Комитет мүшелерінің ұйымдарды дүркін-дүркін аралап тұруы іске жәрдем болар еді. Баку комитеті кабылдаған жалпы ұйымдастыру сыйпатындағы қаулыларының ішінде анағұрлым маңыздысы екеу: жалпы партия конференциясы және жалпы орыстық орган туралы қаулылар*. Бірінші мәселе жөнінде Баку комитеті, толғағы жеткен мәселелерді, ең алдымен, ұйымдастыру мәселелерін шешу үшін конференцияны мүмкін қадерінше тез шақыруды кажет деп табады. Мұнымен қатар, соңғы айларда фракцияның ішінде пайда болған қолайсыз жағдайларды жою үшін, большевиктер конференциясын шақыруды да Баку комитеті қажет деп табады. Екінші мәселе жөнінде Баку комитеті, ұйымдардың бір-бірімен байланысы жоқ екенін айта келіп, Россияда шығып тұратын жалпы орыстық орган партия ұйымдарын бір бүтін етіп байланыстыра алар еді деп шамалап,— партия осындай газетті ұйымдастыру жұмысына кіріссін деп ұсыныс жасайды.

„ЖАРЫЯ ЖҰМЫС МҮМКІНДІКТЕРІ“

Егер біздің ұйым дағдарысты едәуір оңай жеңіп шыққан болса, егер ұйымымыз өзінің жұмысын ешқа-

* Осы томның 224 — 227-беттерін қараңыз. *Ред.*

шан үзбеген болса және күнбе-күнгі мәселелерге эруақыт көңіл бөліп отырған болса — бұған көбінесе осы кезге дейін болып келген «жария жұмыс мүмкіндіктері» себеп болды. Әрине, «жария жұмыс мүмкіндіктерінің» жойылмай келген себебінің өзі мұнай өнеркәсібінің айрықша жағдайларына және мұның жалпы ұлт шаруашылығында алып отырған орнына байланысты, бірақ кәзір әңгіме бұл туралы емес... Бакудегі «жария жұмыс мүмкіндіктерінің» ішінде — айрықша қызғылықтысы кәсіпшілік-завод комиссиялары. Бұл комиссияларды ұлтына және саяси көзкарастарына қарамастан сол фирмадағы жұмысшылардың бәрі сайлайды. Комиссиялардың қызметтері кәсіпшілік-завод мәселелері жөнінде фирманың әкімшілік орындарымен келісім сөздер жүргізу болып табылады. Сөздің тура мағнасында айтқанда, бұлар әлі жария ұйымдар болып табылмайды, бірақ бөгделей және факт жүзінде бұлар толығынан жария ұйымдар, өйткені өкімет орындарының рұқсатымен шығатын жұмысшылардың «есеп кітабына» бүтіндей енген «декабрь шартының» негізінде жұмыс істейді. Біздің ұйым үшін кәсіпшілік-завод комиссияларының маңызы түсінікті нәрсе: осылар арқылы біздің ұйым мұнай жұмысшыларының барлық бұқарасына ықпалын жүргізу мүмкіндігін алады, бірақ тек бұқара алдында комиссиялар ұйымның ұйғарымын өткізетін болуы қажет. Рас, кәзіргі уақытта комиссиялардың маңызы тым ондай зор емес, өйткені мұнай өнеркәсіпшілері ендігі жерде бұлармен есептеспейді, бірақ комиссиялармен жұмысшылар «есептеседі», ал мұның өзі бізге бәрінен де гөрі маңызды болып табылады.

Комиссиялардан басқа тағыда одақтар бар, дәл айтқанда екі одақ бар: «мұнайшы жұмысшылар одағы»

(900 дей мүшесі бар) және «механикалық жұмысшылар одағы» (300 дей мүшесі бар). «Мұнай шығарушылар» одағын елемеуге де болады, өйткені мұның маңызы өте шамалы. Біз мұнай өнеркәсібіне тікелей қатысы жоқ басқа кәсіптердегі одақтар туралы, сондай-ақ, эсерлердің ықпалындағы моряктардың жасырын одағы (200 дей мүшесі бар) туралы, бұлардың мұнай өнеркәсібі үшін маңызы бола тұрса да, ештеңе айтпай отырмыз. Жоғарыда аталған екі одақтың біріншісі (большевиктердің ықпалында) жұмысшылар арасында айрықша беделді. Бұл одақ өндіріс принципі бойынша құрылған, және мұнай еңбегіндегі барлық дәрежедегі жұмысшыларды (мұнай шығару, бұрғылау, машина жүргізу, мұнай тазарту жұмысшыларын, қара жұмысшыларды) біріктіреді. Ұйымдастырудың мұндай түрі күрес жағдайынан, мысалы, машина жүргізуші жұмысшылардың мұнай шығарушы жұмысшылармен және т.б. байланыспай жасаған ереуілдерін нәтижесіз етіп қалдыратын жағдайдан туып отыр. Жұмысшылар* мұны түсінді де, «механикалық жұмысшылар одағынан» топ-тобымен шыға бастады. Мәселе мынада: кәсіп негізінде құрылған «механикалық жұмысшылар» одағы (меньшевиктердің ықпалында), өндіріс принципін мойындамайды, жалпы бір одақтың орнына жеке-жеке үш одақ (машина жүргізушілер, мұнай шығарушылар, мұнай сұрыптаушылар) болсын деп ұсынады. Бірақ кәсіптері

* Мұны Дмитриев әлі түсінген жоқ, ол өзінің «Кәсіпшілік қозғалыстың практикасынан» деген кітабында мұнай жұмысшыларының күрес жағдайларын «анализдау» негізінде емес, еңбек техникасына негіздеп: кәсіптері түрліше ғой, сондықтан одағы да басқа-басқа болуы тиіс деп, үш одақ болуы қажет екендігін «дәлелдейді»...

бойынша ұйымдастыру принципін Баку тәжрибесі әлдеқашан іске асырмай тастаған. «Механикалық жұмысшылар» одағының тез құлдыйлап құлауына, былайша айтқанда осының өзі себеп болды. Оның бержағында, мұның өзін одақ басшылары да мойындап отыр; бұлар механикалық жұмысшылар еместі де одаққа мүше етіп алып, сонымен өздерінің принциптерін бұзып отыр. Бұл басшылардың жалған мен-мендігі болмаған болса, «механикалық жұмысшылар» одағы өздерінің қаталарын ашықтан-ашық мойындап, әлдеқашан «мұнай жұмысшыларының одағына» қосылған болар еді.

Сөз арасында осы қосылу туралы айта кетелік. Одақтардың қосылуы туралы «келісім сөздің» жүріп жатқанына міне енді екі жыл болды, бірақ әлі күнге дейін ешбір келісімге келген жоқ, өйткені: 1) көптеген большевиктердің арасында көрінбей қалармыз деп қорқып, меньшевик басшылары бұл қосылуға біле-тұра бөгет жасаумен жүр; 2) одақтардың істеріне ықпалын жүргізіп отырған фракциялар әлі біріккен жоқ. Біріккенде кіммен бірікпекші? Меньшевиктердің есебіне жататын 80—100 «мүшелердің» өздері де әлі күнге бірікпеген. Әйтеуір осы соңғы 8 айдың ішінде, мұнай аудандары жалпы заводтық науқан, земство науқаны, алкогольмен күресу, т. т. маңызды-маңызды науқандарды бастарынан кешіріп отырса да, біз меньшевиктік «басшылық коллективі» тарапынан бірде-бір листок шығарғанын, жұрт алдында бірде-бір шығып сөйлегенін көрген емеспіз. Факты жүзінде меньшевиктердің ұйымы жоқ, ол жойылған. Былайша айтқанда, бірігерлік ешкім жоқ. Ал одақтардың қосылу жұмысына бұл жағдайдың бөгет болатындығы табиғи нәрсе...

Екі одақтың екеуі де бипартиялық одақтар. Бірақ

партия ұйымымен барынша тығыз байланыс жасап тұруына мұның кедергісі жоқ.

Одақтардың, әсіресе «мұнай жұмысшылары одағының» бұқараға ықпалы аз емес. Ал мұның өзі неғұрлым еті тірі элементтерді біздің ұйымның төңрегіне жұмылдыру ісін өзінен өзі жеңілдетеді.

«Жария жұмыс мүмкіндіктерінің» мұнан басқаларының ішінде, Баку пролетариатының неғұрлым еті тірі элементтерінің басы біріккен орталықтары ретінде, көңіл қоюға лайықтылары клубтар (эсдэктердің ықпалында) және тұтыну кооперативы «Труд»[86] (эсер-эсдэктердің ықпалында) болып табылады. Бұлардың әсіресе барлық мұнайлы аудандарда істеп тұрған «Знание—сила»[87] клубының («Наука» клубы тек қалада істейді) біздің ұйымға қатнастары жөнінде — одақтар туралы айтқанымызды айтуға болады...

Соңғы 2 жеті алкагольге қарсы науқанмен өтті; жария жұмыс істейтін аппараттардың бәрі де дерлік осы жұмыспен болды. Баку комитетінің бұл мәселе жөніндегі позициясы өзінің қарарында айтылған. Бұл қарарда алкоголизмді капитализм тұсында болмай қоймайтын, капитализмнің құлауымен, социализмнің үстем болуымен жойылатын зұлымдық деп қарады. Оның бержағында кәзіргі самодержавиелік-крепостниктік тәртіптер жұмысшылар мен шаруаларды правосыз құлдардың халіне түсіріп, мәдени мұқтаждарын қанағаттандыру мүмкіндіктерінен айырып, еңбекшілер тобының арасында маскүнемдіктің тарауына қатты себепкер болып отыр. Қазнаны байытудың көзі ретінде «өкімет» өкілдері маскүнемдікке тікелей дем беріп отырғандығын біз енді айтып та отырғанымыз жоқ. Міне осылай болғандықтан Баку Комитеті маскүнем-

дікпен күресу жөнінде съездер және «ішкілік ішпейтіндер қоғамын» ұйымдастырып жүрген либералдардың уағыздары да, поптардың өсиеті де өмірдегі теңсіздіктен туған және самодержавиелік тәртіптермен әбден күшейіп отырған маскүнемдікті құртпақ тұрсын, азайта да алмайды деп атап көрсетеді. Капиталистік тәртіптердің шеңберінде маскүнемдікті жою емес, оны тек барынша азайтуды мақсат ететін күрес жүргізу ғана мүмкін, осындай күрес қана қажет. Мұндай күрестің ойдағыдай болуы үшін ең алдымен патша өкіметін құлату және демократиялық республиканы орнату қажет, мұның өзі тап күресінің және қала мен деревняда пролетариаттың ұйымдасуының емін-еркін дамуына, оның мәдени дәрежесінің өсуіне және оның күшін социализм үшін ұлы күреске кеңінен әзірлеуге мүмкіндік береді. Баку Комитеті маскүнемдікпен[88] күресу жөніндегі алдағы съезді орыс пролетариатының демократиялық және социалистік талаптары үшін күресудің құралы деп қарайды және өзінің делегаттарына пролетариаттың таптық міндеттерін съезде бүркемелеуге тырысатын оппортунист мүшелермен күресу керек деп тапсырады.

20 декабрь.

Бірінші рет „Социал-Демократ" газетінің 11-номерінде, 1910 ж. 13 (26) февральда басылған
Қол қойған: К. С.

„Жария жұмыс мүмкіндіктері" деген тарауы 1909 ж. 20 декабрьде жазылған
Қол қойған: К. Стефин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр. „Жария жұмыс мүмкіндіктері" деген тарауы қолжазбасы бойынша басылып отыр

II
ТИФЛИС

Өнеркәсібінің дамуы мағнасында Тифлис Бакуге тікелей карама-қарсы келеді. Егер Баку мұнай өнеркәсібінің орталығы ретінде қызғылықты болатын болса, Тифлис Кавказдың әкімшілік-сауда және мәдени орталығы ретінде ғана қызғылықты болуы мүмкін. Тифлисте өнеркәсіп жұмысшыларының барлық саны 20 мыңдай, яғни полицейлер мен солдаттардан да аз. Бірден-бір ірі кәсіпорны — темір жолдардың мастерскойлары (3 500 дей жұмысшысы бар). Басқа кәсіпорындарында 200, 100 ден, көбінесе 40—20 жұмысшыдан бар. Бірақ оның есесіне Тифлисте сауда орындары және осыған байланысты «сауда пролетариаты» быкып жатыр. Россияның үнемі қызып, жанталасып жататын ірі рыноктарына онша тәуелде еместігі Тифлиске өзінің тоқыраушылық таңбасын салғандай. Ал ірі өнеркәсіп орталықтарына ғана тән қатал таптық соқтығысулардың болмауы, Тифлисті, сырттан қозғаушы болмаса былқ етпейтін, бейне бір батпаққа айналдырған. Меньшевизмнің, нағыз «оңшыл» меньшевизмнің Тифлисте осыншалық ұзақ уақыт өмір сүруі дәл осы жағдайларға байланысты. Ал Бакуде бұлай емес, мұнда

большевиктердің берік ұстаған таптық позициясы жұмысшылардың арасынан қолма-қол сүйеу тауып отырады!

Бакуде «өзінен өзі аян» нәрселер, Тифлисте ұзақ айтыстардың нәтижесінде ғана аян болады, — большевиктердің ымыраға көніспейтін сөздері үлкен қыйыншылықтармен ұғылады. Тифлис большевиктерінің айтыстарға «айрықша бейім» тұратындығы, ал қайта, меньшевиктердің мүмкін қадерінше айтыстардан «құтылғысы» келіп тұратындығы дәл осы жағдайларға байланысты. Бірақ бұл айтылғандардан туатын мағна тек мынау ғана: революцияшыл социал-демократияның Тифлис пролетариатын социалистік жолда сауаттандыру жұмысы екінің бірінде және лажсыз түрде меньшевизмге қарсы идеялық күрестің формасына ауысып отырады. Осылай болғандықтан ең алдымен күресуімізге тиісті және, әзірше Тифлисте басым болып отырған, Тифлис меньшевиктері тудырып отырған идеялық атмосфераны тым болмаса шолып болса да біздің анализ жасап шығуымыз айрықша қажет. Бұл атмосфераны жойымпаздық атмосфера деп, ұйымдастыру мағнасында ғана емес, тактикалық мағнасында да, программалық мағнасында да жойымпаздық атмосфера деп бағалауға болады. Тифлистегі партия істерінің хал-жайын шолып өтуді біз осы атмосфераны сыйпаттаудан бастаймыз.

ПРОГРАММАЛЫҚ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ

Меньшевиктердің «жұртшылық пікірі» көрініп отыратын орган грузин меньшевиктерінің баспасөзі болып табылады. Тифлис меньшевиктерінің кредосы «Қауырт

мәселелер» («Азри» мен «Дасацкисидің»[89] №№ қараңыз) деген мақалаларда айтылған. Бұл мақалалардың авторы Тифлис меньшевиктерінің ішінде ең ықпалды Ан[90] жолдас болып табылады.

Тифлисте идеялық жойымпаздықты әзірлеген осы мақалаларды баяндауға көшейік.

Осы айтылған мақалаларда автор «барлық мүлікті қайта бағалауға» кіріседі және партия (әсіресе большевиктер) өзінің программалық, әсіресе тактикалық қағыйдалары жөнінде адасыпты деген қортындыға келеді. Автордың пікірі бойынша, «буржуазия мен пролетариаттың күштерін біріктіру үшін» — революцияның жеңуіне бірден-бір кепіл осы — «партияның барлық тактикасын түп негізімен өзгерту» қажет. Дұрысында, автордың өзі-ақ айтсыншы.

«Большевиктер — дейді автор — ол (пролетариат) өзінің программасының барлық минимумын (буржуазия революциясында) жүзеге асыруы керек деп дәлелдемек болды. Бірақ бұл минимумның әлеуметтік жағын жүзеге асыру буржуазияның өндірісін матауға әкеліп соқтырған болар еді ғой, орасан зор контрреволюцияға жол ашып, барлық буржуазияның қарсылығын тудырған болар еді ғой... Сегіз сағаттық жұмыс күнін жүзеге асыру қазіргі жетілмеген буржуазияның мүдделеріне сай келеді деуге кімнің батылы барар екен?» «Большевиктердің минимум программаны жүзеге асыру дегендері құр декламация» екені анық нәрсе (қараңыз: «Азри» № 17, 1908 жылғы февраль).

Әрине, минимум программаның бәрін жүзеге асыру туралы айтқан бір ғана большевиктер емес, жалпы партиялық минимум программадан басқа ешқандай большевиктік минимум программаны тарих білмейді — бірақ осы жерде бізге керегі бұл емес. Бізге керегі «буржуазияның жетілмегендігінен» және осыдан келіп контрреволюциялық қатер туатындығынан біздің ав-

тордың, сірә, жойылуға жататын «құр декламация» ғой деп, программаның «әлеуметтік жағына» шүйлігіп отырғандығы болып отыр.

Ан жолдастан өнеркәсіптің шын жағдайының (Ан жолдас, сірә, өнеркәсіптің мешеу қалғандығын «буржуазияның жетілмегендігі» деп қате айтып отырған болар. —Қ. Ст.) ешқандай анализын, ешқандай цифрларын, көңіл қоярлық ешқандай мәліметтерін таба алмайсыз. Ол 8 сағаттық жұмыс күнін жүзеге асырғанды буржуазия көтермейді, сонан келіп «пролетариат пен буржуазияның күштерін біріктірмейінше» революцияның жеңуі мүмкін емес деген жадағай қағидаға сүйенеді, — демек, программаның «әлеуметтік жағы» жойылсын дейді...

Біз автордың бұл айтқандарының, біздің замандағы либералдардың екінің бірінде социал-демократтарға қарсы айға беретіндерінің сөкеттігін дәлелдеп жатпаймыз. Біздінше, Тифлис меньшевиктерінің бейнесін бірден-ақ аңғару үшін солардың айтқандарын келтірсек те жетіп жатыр.

Бірақ біздің автор программаның «әлеуметтік жағына» ғана қарсы шығып отырған жоқ. Ол программаның саяси жағын да, нақ анадай тіке және ашықтан ашық айтпаса да, сүймейді. Өзін тыңдап көрелік:

«Бір ғана пролетариаттың немесе бір ғана буржуазияның* күресі қалай болғанда да реакцияны күйрете алмайды... Бұлардың күштерін біріктіру, бұл күштерді белгілі турде қиыстыра білу

---

* «Буржуазия» деп автор барлық жерде де «идеологтары кадеттер болып табылатын» либералдық «орта» буржуазияны айтады. — Қ. Ст.

және бұларды бір ортақ мақсатқа бағыттау реакцияны жеңудің бірден-бір жолы (курсив біздік) болып табылатыны анық»... «Реакцияның жеңілуі, конституцияны қолға алу және осы конституцияны жүзеге асыру буржуазия мен пролетариаттың күштерін саналы түрде біріктіруге, сөйтіп оны ортақ мақсатқа бағыттауға байланысты»... Бұл жерде «пролетариат өзінің ымыраға көнбейтіндігімен жалпы қозғалысты әлсіретпейтіндей болуы керек». Бірақ «буржуазияның таяудағы талаптары тек жеңіл-желпі конституция ғана» бола алатындықтан пролетариаттың міндеті: егер ол «өзінің ымыраға көнбейтіндігімен жалпы қозғалысты әлсіреткісі» келмесе және «буржуазия мен пролетариаттың күштерін саналы түрде ортақ бір мақсатқа жұмсауды» бұзғысы келмесе, қысқасы, егер ол контрреволюцияның жеңуін дайындағысы келмесе, сірә, өзінің «радикалды конституциясын» тастау болып табылатын болар (қараңыз: «Дасацкиси» № 4, 1908 ж.).

Қортынды анық: әрине, революцияның «жеңіп шығу мүддесі» үшін, демократиялық республика жойылсын, жасасын «жалпы қозғалыс» және... «баяу конституция»...

Көріп отырсыздар, мұнда «таптарды біріктіру» туралы, пролетариаттың таптық міндеттерін уақытша ұмыта тұру туралы, демократиялық республиканы, т. т. қоя тұру туралы 1906 жылы «Товарищте» басылған бұрынғы с.-д. Васильевтің мақаласын жаман түрде, қайталап айтқандық бар. Айырмасы: Васильев тіке, анық айтып еді, ал. **Ан** жолдас барынша анықтап айтуға именеді.

Орыстың социал-демократиялық баспасөзінде ертеде-ақ талданып, өзінің негізінде бағаланған бұл либералдық балдыр-батпақтың бәрін талдап жатуға кәзір біздің уақытымыз да, ықыласымыз да жоқ. Біз тек заттарды өз атымен атамақшы едік: Тифлис меньшевиктерінің «жаңа» фракциялық манифест деп қабылдаған біздің автордың бұл программалық жаттығулары пар-

тияның минимум программасын жою болып табылады, біздің программаны кадеттердің программасына сәйкестіруді талап ететін жою болып табылады.

Тифлис меньшевиктерінің «жаңа» программасынан олардың «жаңа тактикасына» көшелік.

ТАКТИКАЛЫҚ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ

Ан жолдас партияның тактикасына өте-мөте наразы, оның пікірінше, партияның тактикасын «түп негізімен өзгерту» қажет («Дасацкисидің» 4-номерін қараңыз). Сондықтан ол өзінің мақаласының көбін осы тактиканы сынауға арнайды. Ол әсіресе белгілі «Плеханов тұжырымына» (Россияда революция жұмысшы қозғалысы ретінде жеңеді, немесе мүлде жеңбейді»[91]) қарсы шабуыл жасап, мұны пролетариат гегемониясы туралы қағыйдамен теңейді, сөйтіп ол бұл тұжырым ешқандай сынды көтермейді дейді. Бұл «тұжырымды» ол «жалпы қозғалыстың» мүддесі үшін... «ортақ бір мақсатқа» «буржуазия мен пролетариаттың күштерін біріктіру» туралы «жаңа» (ескі!) қағыйдамен ауыстыру керек деп ұсынады. Тыңдаңыздар:

«Буржуазиялық революцияда пролетариаттың жетекшілік ролі туралы қағыйда не Маркстің теориясымен, не тарихи фактылармен негізделіп отырған жоқ».

Ол теорияға негіздейді:

«Пролетариат өз қолымен өзінің жауларының тәртіптерін орната алмайды. Демек, буржуазия революциясына пролетариат тарапынан басшылық ету деген мүмкін емес нәрсе».

Ол тарихи фактыларға негіздейді.

«Біздің революция сонымен бірге біздің жұмысшы қозғалысымыз болып еді, бірақ сонда да революция жеңбеді. Плеханов

тұжырымының өзін-өзі ақтамағандығы анық нәрсе» (қараңыз: «Азри» № 17).

Әрі қысқа, әрі анық. Лондон съезіне жазған өзінің құттықтау хатында пролетариаттың жетекшілік ролі біздің революцияда «Маркстің теориясымен» де, «тарихи фактылармен» де өзін өзі ақтап отыр деп таныған (сірә ұшқалақтықпен айғылған болар!) тек герман социал-демократиясын аяуға тура келеді. Біздің (бақытсыз) партияны біз енді айтып та отырғанымыз жоқ...

Біздің автор пролетариаттың жетекшілік ролін немен ауыстырып отыр, мұның орнына не ұсынып отыр?

«Бір ғана пролетариаттың, — дейді Ан жолдас, — немесе бір ғана буржуазияның күресі қалай болғанда да реакцияны күйрете алмайды... Бұлардың күштерін біріктіру, бұл күштерді белгілі түрде қиыстыра білу және бұларды бір ортақ мақсатқа бағыттау реакцияны жеңудің бірден-бір жолы болып табылатыны анық». Бұл жерде «пролетариат өзінің ымыраға көнбейтіндігімен жалпы қозғалысты әлсіретпейтіндей болуы керек»... (қараңыз: «Дасацкиси» № 4). Өйткені, «пролетариат пен буржуазияның арасындағы тап күресі неғұрлым нашар болса, буржуазия революциясы, әрине, басқа жағдайлары тепе-тең болып кездессе, соғұрлым жеңімпаз (барлық жерде де курсив біздікі. — К. Ст.) болмақшы» (қараңыз: «Азри» № 15), деп автор бізді сендірмек.

Автордың қандайлық «басқа жағдайлардың тепе-теңдігі» туралы айтып отырғаны бір аллаға мәлім болар. Революция... мүддесі үшін ол тап күресінің нашарлауын уағыздап отыр — анығы тек осы ғана. Революция пролетариаттың, помещиктер мен либералдарға қарсы деревня кедейлерін соңына ертіп отырған пролетариаттың, тап күресіне қаншалық күшті тірелсе, бұл революцияның жеңісі соншалық толық болмақ деген біздің барлық революциямыздың тәжрибесі растап отырған қағыйда, — міне бұл қағыйда біздің автор

үшін жеті қырқаның аржағындағы құпия сыр болып қалып отыр. «Пролетариаттың күштерін буржуазияның күштерімен біріктіру»—революцияның үстем болуының бірден-бір кепілі міне осында деп табады Ан жолдас.

Бірақ автордың осыншама мол үміт артып отырған буржуазиясы кім өзі? Тыңдаңыздар:

«Реакционерлер, — дейді автор, — әсіресе кадеттерге қарсы қатты күресіп отыр... өйткені Россияның болашақ мырзалары, идеологиясын кадеттер жақтап отырған осы орта таптан шығады. Реакционерлердің қолынан мемлекеттік өкіметті жұлып алу үстемдік етуге пісіп-жетілген орта буржуазияның ғана қолынан келеді, осы тап олардың тұпа-тура бәсекешісі, сондықтан да реакционерлер бәрінен де гөрі осыдан қорқады». Жалпы айтқанда «революция атаулының барлығында да реакциялық сословие революционерлерден де гөрі баяу буржуазиядан қорқатынды. Неге? Неге десеңіз: бұл тап, жоғарыда өзіміз айтқандай, ескі тәртіптің қолынан билік тізгінін өз қолына алушы тап болып табылады. Демек, нақ осы тап, өзінің баяу конституциясы арқасында жаңа құрылысты орасан басым көпшілікке тиімді етіп жасауға, сонымен, реакцияның сүйенген негізін жоюға туған тап (қараңыз: «Азри» № 24). Бірақ «буржуазия пролетариаттың көмегінсіз жаңа тәртіпті орната алмайтын» болғандықтан «буржуазия оппозициясын пролетариаттың қолдауына тура келеді» (қараңыз: «Дасацкиси» № 4).

Сонымен, «баяу» монархиялық конституциясы бар «баяу» кадет буржуазиясы — революцияны сақтап қалушы, бақсақ, міне осылар екен ғой.

Ал шаруалар ше, революцияда бұлардың ролі қандайлық?

«Әрине, — дейді біздің автор, — шаруалар қозғалысқа араласады, оған стихиялы сыйпат береді, бірақ шешуші рольді атқаратын қазіргі заманғы екі тап қана»: баяу буржуазия мен пролетариат (қараңыз: «Дасацкиси» № 4).

Сонымен, шаруаларға айрықша үміт артатын ештеңе жоқ көрінеді.

Енді бәрі де түсінікті болды. Революцияның үстем болуы үшін баяу конституциясы бар баяу кадет буржуазиясы керек. Бірақ мұның бір өзі жеңе алмайды, сондықтан оған пролетариаттың жәрдемі керек. Пролетариат бұған жәрдем беру керек, өйткені пролетариаттың баяу буржуазиядан басқа ешбіреуге, шаруалардың өзіне де, үміт арта алмайды. Бірақ бұл үшін пролетариат өзінің ымыраға көнбейтіндігін тастау керек, сөйтіп, баяу буржуазияға қолын созып, баяу кадет конституциясы үшін жалпы күрес жүргізуі керек. Қалғандары өзінен өзі үйлесе береді. Революцияның жеңіп шығу кепілі жұмысшылар мен шаруалардың баяу буржуазия мен крепостниктерге қарсы күресі деп білетін партия, — адасатын көрінеді.

Қысқасы, шаруаларды соңына ертетін пролетариаттың жетекшілік ролінің орнына — пролетариатты мұрнынан жетелейтін кадет буржуазиясының жетекшілік ролі керек болыпты.

Тифлис меньшевиктерінің «жаңа» тактикасы міне осындай.

Барлық осы либералдық-бейбастақ қоқысты талдап жатудың біздінше қажеті жоқ. Тек Тифлис меньшевиктерінің «жаңа» тактикасы революцияда өзін өзі ақтаған партия тактикасын жоюшылық екенін, пролетариатты баяу кадет буржуазиясының құйыршығына айналдыратын жоюшылық екенін айта кетуіміз қажет.

Бірінші рет „Дискуссионный Листоктің“
(„Социал-Демократ“ газетінің
қосымшасы) 2-номерінде,
1910 ж. 25 майда (7 июньде)
басылған

Қол қойған: К. Ст.

БАКУ КОМИТЕТІНІҢ 1910 ж. 22 ЯНВАРЬДА ҚАБЫЛДАҒАН ҚАРАРЛАРЫ

(Алдағы жалпы партия конференциясына)

I

САЯСИ ҮГІТ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ ІС ЖҮЗІНДЕ ТОПТАСУЫ ТУРАЛЫ

Бір уақытта орыс революциясының қозғаушы күштерінің басында болып тықсырылып, түйықтықта қалушылық қалпы жойылуға бет алып келеді.

Балкандарда, Персияда және Қыйыр Шығыста патша саясатының сәті түспеуі; кедейлерді жерсіз қалдыратын, байларды байытатын 9 ноябрьдегі[92] заң арқылы шаруаларды тыныштандырмақ болып үкіметтің босқа күшенуі; жұмысшыларды негізгі правосынан айыратын, оларды капитал жыртқыштарына құрбандыққа шалатын үкіметтің «жұмысшы саясатының» түгелдей қанағаттанғысыздығы; қазнаның борышының өсіп бара жатқандығы және біртіндеп Россияны шет ел капиталына сатып бітіру; интенданттардың және темір жолдарды басқарушы қулардың ұрлықтарынан, тыңшы полицияның пәлеқорлығынан, охранканың бұзақылығынан, т. т. көрініп отырған әкімшілік аппараттың то-

лығынан қаусауы — осылардың бәрі, қалғуда тұрған революция күштерін контрреволюцияның игере алмайтынына бұқараның көзін жеткізе отырып, соңғы айлардың ішінде жұмысшылар арасында байқалып отырған жандануға дем береді, бұлардың арасында еліміздің саяси өміріне қызығушылықты қоздырады: не істеу керек, қайда бармақпыз? деген және т. с. сұрақтар тудырады.

Партия алдына кең түрде саяси партия үгітінің қажет екендігі қауырт мәселе болып қойылып отыр. Ал баспасөз бостандығымен пайдаланатын либералданушы контрреволюционерлердің жария «съездер» және «қоғамдар» арқылы бұқараны көнбісті етіп алу әрекеттері, сөйтіп бұқаралар арасында социал-демократияның ықпалын жою әрекеттері — партия-саясат үгітінің қажет екендігі туралы мәселені партияның не өмір сүру, не өлу мәселесіне айналдырып отыр.

Алайда біздің ұйымдардың бір-бірінен қол үзіп отырғандығы және Россияда үнемі істеп тұратын және жергілікті ұйымдарды іс жүзінде біртұтас партия етіп біріктіретін (жетекші) практика жүзіндік орталықтың болмауы нағыз партиялық (майдагерлік-топшылық емес) саяси үгіт жүргізу мүмкіншілігін жояды, «либералдар» тарапынан дамылсыз болып жүрген жалаға шындап қарсы қоярлық елеулі мүмкіндігінен партияны айырады, сөйтіп жұмысшылардың көз алдында партияның қадірін түсіреді.

Мұндай жағдай «жария мүмкіндіктерді» пайдаланудың орнына, бытыраңқы және сондықтан да нашар болып отырған жасырын ұйымдарымызды «жария мүм-

кіндіктердің», әрине, социал-демократияның мүдделеріне зиянды түрде, шындап пайдаланып кетуіне апарып соқтыратынын біз айтып та отырғанымыз жоқ.

Осылардың бәрінен келіп, партияны іс жүзінде топтастыру үшін, демек, партия-саяси үгіт жұмысын жүзеге асыру үшін шаралар жасауды Баку комитеті алда тұрған және кезек күттірмейтін мәселе деп табады.

Баку Комитеті қажетті шаралардың ішінде басты орындарды мына мәселелер алуға тиіс деп ұйғарады:

1) практикалық (жетекші) орталықтың орнын Россияға ауыстыру;

2) жергілікті орындармен байланысты және жоғарыда аталған практикалық орталықтың редакциясымен Россияда шығып тұратын жалпы орыс газетін ұйымдастыру;

3) жұмысшы қозғалысының маңызды-маңызды орталықтарында (Оралда, Донец кенінде, Петербургте, Москвада, Бакуде және т. б.) баспасөздің жергілікті органдарын ұйымдастыру.

Жоғарыда аталған шараларды жүзеге асырудың өзі айырмалықтарына қарамастан барлық шын партиялық элементтерді социал-демократиялық партияға біріктірер еді, саяси үгіт жұмысын кеңінен жүргізуге мүмкіндік тудырар еді, «жария мүмкіндіктерді» партиямызды ұлғайту және нығайту мақсаты жолында кеңінен пайдалану ісін елеулі түрде жеңілдеткен болар еді деп Баку комитеті қатты сенеді.

Сондықтан Баку комитеті партияның Орталық Комитетіне жалпы партия конференциясын тезінен шақыруды ұсынады, жоғарыда аталған мәселелерді соның талқылауына салады.

II

АЛДАҒЫ ЖАЛПЫ ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ӨКІЛДІК ТУРАЛЫ

Баку комитеті жалпы партия конференциясын шақырудың ұйымдастыру жоспарын («Кезектегі міндет», «Пролетарийдің» № 50) қарай келіп, конференцияға (белгіленген өкілдіктерден тыс) қызмет істеп отырған және іс жүзінде өмір сүріп отырған жасырын партия ұйымдарының өкілдері қатыстырылуы керек деп табады, бұл жерде пролетариаттың көптеген бұқарасы жиналған ірі орталықтарға айрықша көңіл бөлу керек.

Өкілдіктердің осылай болуы керек екендігін негіздеп жатудың қажеті жоқ (конференцияның күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде арнаулы қаулыны қараңыз).

Конференция құрамының кең болу қажеттігін мақұлдай отырып, алайда жария «ұйымдарда» істейтін топтардың айрықша өкілдігіне Баку комитеті өзінің үзілді-кесілді қарсы екендігін білдіреді.

Баку комитеті мұндай топ жергілікті ұйымға кіріп, соның басшылығына бағынған күнде де немесе өзін тек қана социал-демократиялық топпын деп санап, бірақ жергілікті ұйымның басшылығына бой ұсынбаған күнде де — мұндай топтардың айрықша өкілдігі конференцияның жұмысына елеулі ешнәрсе енгізе алмайды деп табады. Бірінші жағдайда партия ұйымының өкілдігі басқа бір айрықша өкілдікті қажетсіз етіп қалдырады. Ал екінші жағдайда айрықша өкілдік сөзсіз партиялық конференция болуға тиісті конференцияның сыйпатына қайшы келеді.

Жеке листок болып шыққан

Листоктің тексті бойынша басылып отыр

АВГУСТ БЕБЕЛЬ, ГЕРМАН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ КӨСЕМІ

Бебельді, герман жұмысшыларының байсалды көсемін, бір кезде «жәй ғана» токарь болған, енді атақты саяси қайраткер болып отырған, «тәж кигендер» мен пәтентті ғалымдардың өзі оның сынына шыдамай, балғаның соққысынан қашқандай қашатын, сөзіне сан миллиондаған герман пролетариаты, пайғамбардың сөзіндей, ұйыйтын Бебельді білмейтін жан бар ма?

Осы жылғы 22 февральда ол кісінің туғанына 70 жыл болды.

Бүкіл Германияның күресуші пролетариаты, Социалистердің Интернационалдық Бюросы, жер шарындағы барлық елдердің ұйымдасқан пролетариаты бұл күні қарт Бебельдің 70 жылдық мерекесін тойлады.

Бебель осыншалық құрметті қандай қызметімен тапты, пролетариат үшін ол не істеді?

Бебель төменгі жұмысшы тобынан қалай көтерілді, «жәй» токарьдан бүкіл дүние пролетариатының ұлы күресімпазына қалай айналды?

Оның өмірінің тарихы қандай?

Бебельдің балалық шағы қайыршылықта, жоқшылықта өтті. Ол үш жасында асырап отырған, өзі кедей,

өзі көксау унтер-офицер әкесінен айрылды. Балаларын бағатын басқа біреуді табу үшін, Бебельдің шешесі екінші рет түрме надзирателіне күйеуге шығады. Бұрын казармада тұрған шешесі енді балаларымен түрменің үйіне көшіп барады.

Бірақ үш жылдан кейін екінші күйеуі де өледі. Асырап-бағатын адамынан айрылған семья өзінің туған жеріне, провинциялық түкпірге ауысып, сонда өлмешінің күнін өткізеді. Бебельді, кедей деп, «кедейлердің мектебіне» алады, бұл мектепті ол 14 жасында ойдағыдай бітіріп шығады. Бірақ мектепті бітіруге бір жыл қалғанда ол тағыда бір бақытсыздыққа ұшырайды, ол — соңғы таянышы — анасынан айрылады. Өзімен өзі қалған жұрдай жетім Бебель, сонан ары оқуға мүмкіндігі болмай, таныс токаріне шәкірт болып орналасады.

Каторғалық, біркелкі өмір басталады. Ертеңгі сағат бестен кешкі жетіге дейін Бебель өмірін мастерскойда өткізеді. Оның өміріне біраз жұбаныш кіргізген кітап болады, барлық бос уақытын кітап оқуға арнайды. Бұл үшін өзінің қожайынына күнде ертеңгісін жұмыс басталғанға дейін су тасып, жетісіне табатын 5—6 тиінін төлеп кітапқанаға жазылады.

Қайыршылық пен жоқшылық жас Бебельді күйретпегені, жарыққа қарай талпыну талабын құрта алмағаны былай тұрсын, қайта — оның жігерін шыңдай түскен тәрізді, білімге құмарлығын жандыра түскен тәрізді, сұрақтар тудырып, соған кітаптардан құмарта жауап іздеттіре түскен тәрізді.

Сөйтіп мұқтаждықпен күресудің үстінде пролетариаттың азаттығы үшін талмайтын болашақ күресімпаз шыңдалып шықты.

Бебель 18ге қараған жасында шәкірттік мерзімін

бітіріп, естияр токарь өміріне кіреді. 20 жасында ол Лейпцигте жұмысшылардың жыйналыстарына қатнасып, жұмысшы-социалистердің сөздерін тыңдайды. Мұның өзі Бебельдің жұмысшы шешендерімен жүзбе-жүз кездескен алғашқы жыйналысы еді. Бебель әлі социалист еместі, ол либералдарға тілектес болатынды, бірақ жұмысшылардың бой көрсетулеріне шын ықыласымен қуанады, соларға қызығады — оған солардай, жұмысшы шешендеріндей, болсам деген құмарлық пайда болады.

Осы уақыттан бастап Бебельде жаңа өмір басталады — енді оның белгілі жолы болады. Бебель жұмысшы ұйымдарына араласып, сол ұйымдарда күш салып жұмыс істейді. Көп ұзамай оның ықпалы артады, оны жұмысшылардың кәсіпшілік одақтарының комитетіне сайлайды. Одақтарда істеп жүріп, ол социалистермен күреседі, либералдармен бірлесіп қыймылдайды, бірақ, социалистермен күресе жүріп, бірте-бірте бұлардың жолы дұрыс екендігіне көзі жете бастайды.

26 жасында-ақ Бебель социал-демократ болады. Бебельдің атағының тез өскендігі соншалық, бір жылдан кейін (1867 ж.) оны одақтар комитетінің председателі және парламентке жұмысшылардың бірінші депутаты етіп сайлайды.

Сөйтіп Бебель, күресе жүріп, жеңе жүріп, айналасындағы кедергілерді бірден бірге жеңе отырып, — ақырында жұмысшылардың төменгі тобынан көтеріледі, Германияның күресуші жұмысшыларының көсеміне айналады.

Осы кезден бастап-ақ Бебель социал-демократияны ашықтан-ашық жақтап шығады. Оның таяудағы мақсаты — либералдармен соғыс ашу, жұмысшыларды

олардың ықпалынан босатып алу, жұмысшыларды өзінің социал-демократиялық партиясына біріктіру болады.

Бебель өзінің осы мақсатына келесі 1868 жылы, Нюрнберг съезінде жетеді. Осы съезде Бебель тарапынан жасалған аяусыз шебер шабуыл либералдардың толық жеңілуіне әкеліп соқтырады, ал либерализмнің қыйраған жұртында герман социал-демократиясы келіп туады.

Жұмысшыларды азат ету жұмысшылардың өздерінің ісі болуға тиіс, сондықтан жұмысшылар буржуазияшыл либералдармен араларын үзісіп, өзінің жұмысшы партиясына бірігуі керек дейді съезде Бебель, — міне сонда съездің орасан көпшілігі, ат төбеліндей либералдардың дегеніне қарамастан, Бебельдің артынша Карл Маркстің ұлы сөздерін қайталап айтқан.

Жұмысшылардың толық азат болуы үшін барлық елдердің жұмысшылары бірігуі қажет, сондықтан Халықаралық Жұмысшылар серіктігіне қосылу керек, — дейді съезде Бебель, — міне сонда съездің көпшілігі Бебельдің артынша ұстаздың ұлы сөздерін қайталап айтқан.

Германияның социал-демократиялық партиясы осылай туды. Бебель оның кіндік шешесі болды.

Сол заманнан бастап, Бебельдің өмірі партия өмірімен біте қайнап араласады, оның қайғысы мен қуанышы, — партияның қайғысы мен қуанышы болады. Бебельдің өзі герман жұмысшыларының сүйікті адамы, рухтандырушысы болады, өйткені, жолдастар, жұмысшыларды өз аяғынан тік тұрғызу үшін, оларды буржуазияшыл либералдардың торынан босатып алу үшін, сөй-

тіп оларға өз партиясын жасап беру үшін осынша көп еңбек еткен адамды сүймеске болмайды.

1870 жыл жас партияға бірінші сын болды. Франциямен соғыс басталғалы жатты, герман үкіметі соғыс үшін, Бебельдің өзі мүшесі болып отырған, парламенттен ақша талап етті, соғысты қуаттай ма немесе қарсы ма — ашып айту керек болды. Соғыс пролетариаттың жауларына ғана тиімді екенін Бебель, әрине, түсінді, бірақ, байлардан бастап жұмысшыларға дейін герман қоғамының барлық жіктері жалған патриоттық қызуға берілген еді, үкіметке ақша беруден бастартуды отанға жасаған опасыздық деп атаушы еді. Бірақ, Бебель «патриоттық» соқыр сеніммен есептесіп жатпастан, өрге қарсы жүзуден қорықпастан, парламент трибунасынан дауыстап: мен социалист және республикашыл болғандықтан — соғысты қуаттамаймын деді, халықтардың бауырмалдығын жақтаймын, француз жұмысшыларымен жауласуды емес, біздің герман жұмысшыларының олармен бірігуін жақтаймын деді. Кінә тағу, мазақ ету, жирене қарау — керек десе жұмысшылар тарапынан да Бебельдің батыл сөздеріне берілген жауап осылай болды. Бірақ ғылыми социализмнің принциптерін берік ұстаған Бебель көтерген туын ешқашан өз жақтастарының соқыр сенімінің дәрежесіне апарып түсірмейді, — қайта, Бебель оларды қолдан келгенше соғыстың апатқа ұшырататын тақсіретін анықтап түсіну дәрежесіне дейін көтеруге тырысады. Соңынан жұмысшылар өздерінің қателерін ұқты да, табанды, күшті Бебелін бұрынғыдан бетер ұнатты. Бірақ оның есесіне үкімет Бебельді екі жыл түрмемен сыйлады, онда, алайда, ол жәй жатпады, «Әйел және социализм» деген атақты кітабын жазды.

70-жылдардың ақыры мен 80-жылдар партияға жаңадан сын жылдары болады. Социал-демократияның өсіп бара жатқанынан үрейленген герман үкіметі «социалистерге карсы айрықша заңдарын» шығарады, партияны, одақтық ұйымдарды қыйратады, бірін қалдырмай барлық социал-демократиялық газеттерді жабады, жыйналыстар мен одақтардың бостандығын жояды, күні кеше жарыя істеп отырған социал-демократиялық партияны астыртын жұмысқа апарып тығады. Осылар арқылы үкімет социал-демократиялық партияны сәтсіз, тақсіретті бой көрсетулерге итермек еді, аздырмақ еді, қыйратпақ еді. Ақылдан адаспас үшін, тактиканы дер кезінде өзгерту үшін, жаңа жағдайларға ақыл-оймен орайласу үшін ерекше табандылық және бұрын-сонды болмаған көрегендік керек еді. Көптеген социал-демократтар провокацияға беріліп, анархизмге бой ұрды. Басқалары әдепсіздікке түсті, либералдардың дәрежесіне түсіп азды. Ал енді Бебель өз орнынан таб-жылмады, біреулерінің көңілін сергітсе, екіншілерінің парықсыз қызулығын тежеді, үшіншілерінің сөз құмарлығын әшкереледі, сөйтіп партияны шеберлікпен даңғыл жолға салып ілгеріге, тек ілгеріге қарай бағыттап отырды. 10 жылдан кейін жұмысшы қозғалысының өсіп бара жатқан күшінен тайсалып, үкіметтің шегінуі керек болды да, «айрықша заңдарды» жойды. Бебельдің ұстаған жолы бірден-бір дұрыс жол болып шықты.

90-жылдардың ақыры және тоғызжүзінші жылдар партияға тағыда бір сын болды. Өнеркәсіптің өрлеуімен және экономикалық жеңістердің біркелкі жеңілдігімен масаттанған социал-демократияның баяу элементтері ымыраға көнбейтін тап күресінің және социалистік

революцияның қажеттігін мойындағысы келмеді. Мынаған көнбеудің кереті жоқ, революцияның кереті жоқ, деді олар, таптардың бірлесіп істесуі қажет, қазіргі тәртіпті солармен бірге жамап-жасқау үшін бізге буржуазиямен және үкіметпен келісу қажет, — сондықтан, келіңдер, буржуазия үкіметінің бюджетіне дауыс берелік, келіңдер, қазіргі буржуазия үкіметіне қатысалық деді олар. Осыдан кейін, баяу элементтер ғылыми социализмнің негізін, социал-демократияның революциялық тактикасын бұзуға қалды. Жағдайдың барлық қатерлілігін Бебель ұқты да, партияның басқа да көсемдерімен бірге, баяу элементтерге бітіспес соғыс жариялайды. Дрезден съезінде (1903 ж.) күрестің революциялық әдісі қажет екендігін айтып, баяу элементтердің Германиядағы көсемдеріне, Бернштейн мен Фольмарға қыйрата соққы береді. Келесі жылы Амстердамда, барлық елдердің социалистерінің көз алдында, тағыда бітіспес күрестің қажеттігін айта келіп, енді ол баяу элементтердің халықаралық көсемі Жан Жоресті талқандайды. Сол заманнан бастап, ол Иенде (1905 ж.), Нюрнбергте (1908 ж.) жеңіліс артынан жеңіліске ұшыратып, «партияның баяу жауларына» тыныштық бермейді. Осылардың нәтижесінде партия ішкі күрестен бірлігі артып, күшейіп, таң қаларлықтай нығайып, орасан өсіп шығады, осылардың бәріне, көбінесе, сол кәдімгі Август Бебельдің арқасында жетеді...

Бірақ Бебель тек партия шеңберіндегі істермен қанағаттанбайды. Оның быксық дворяндарды іреп салатын, либералдардың бет пердесін жұлатын, «империялық үкіметті» масқара діңгегіне апарып шегелейтін герман парламентіндегі айбынды сөздері, оның кәсіподақтарындағы көп жылдық қызметі — осылар-

дың бәрі де, пролетариаттың адал күзетшісі ретінде барлық жерде, қай жерде күрес қайнаса, қай жерге оның пролетарлық тасқын күші қажет болса, Бебельдің нақ сол жерден табылып отырғандығын көрсетеді.

Герман социалистері және халықаралық социалистер Бебельді міне осы үшін қадірлейді.

Әрине, Бебельдің қателері де болды — бұл кімде болмайды (өлгендер ғана қателеспейді), — бірақ қазір, Бебельдің 42 жылдық басшылығынан кейін, 600 мыңнан астам мүшесі бар, 2 миллиондай кәсіпшілік-ұйымдасқан жұмысшысы бар, 3—4 миллион сайлаушының сенімін өзіне қаратып отырған, қолдың бір ғана нұсқауымен Пруссияда жүз мыңдаған ереуілді жасап жібере беретін партияға сіңірген ірі еңбектерінің тасасында оның ұсақ қателерінің бәрі көрінбей қала береді.

Және бір елеулі нәрсе — Бебельдің құрметіне арналған салтанатты мерекенің күндері герман социал-демократиясының күші анағұрлым айқын көрініп отырған күндермен, Пруссияда жаппай сайлау правосы үшін бұрын-соңды болмаған сансыз көп адамдар қатысып, ұйымшылдықпен өтіп жатқан ереуілдердің күндерімен тұспа-тұс келіп отыр.

Еңбегім еш кетпеді деп айтуға Бебельдің толық правосы бар.

Қарт Бебельдің, я, өте-мөте қарт, бірақ көңілге тіпті жас Бебельдің, бұрынғыша өз орнынан табжылмай, арпалысқан жаңа күрестерді, жаңа жеңістерді күтіп отырған Бебельдің өмірі мен қызметі осындай.

Осындайлық еті тірі, нақ өзі тәрізді мәңгі-бақый жас, мәңгі-бақый ілгерісіне қарайтын Бебельді күресуші пролетариат қана туғыза алды.

Ескі, шірік, капиталистік дүниені қыйратуға талмас-

тан жұлқынып отыратын Бебельдің қызу бейнесіне кең өрісті ғылыми социализмнің теориясы ғана бере алды.

Бебель өзінің өмірімен және қызметімен пролетариаттың күшіне және оның жеңімпаздығына, социализмнің үстем болуы сөзсіз екендігіне куә болып отыр...

Қымбатты ұстазымыз — токарь Август Бебельге сәлемімізді жолдайық, жолдастар!

Біз үшін, орыс жұмысшылары үшін, Бебель сияқтыларға айрықша мұқтаж болып отырған жұмысшы қозғалысы үшін ол бізге үлгі болсын.

Жасасын Бебель!

Жасасын Халықаралық Социал-Демократия!

РСДЖП Баку комитеті

1910 ж. 23 мартта жеке үндеухат болып басылған

Үндеухаттың тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ СОЛЬВЫЧЕГОДСКІ АЙДАУЫНАН ЖАЗЫЛҒАН ХАТ

Жолдас Семен! Кеше жолдастардан сіздің хатыңызды алдым. Ең алдымен Ленинге және басқаларға жалынды сәлем. Ал енді сіздің хатыңыз туралы және жалпы алғанда «қарғыс атқан мәселелер» туралы.

Менің ойымша одақтың (Ленин — Плеханов) ұстаған жолы бірден-бір дұрыс жол: 1) нағыз партиялық элементтердің бәрін топтастыруды талап ететін Россиядағы жұмыстың шын мүдделеріне осы жол, тек осы жол ғана жауап береді; 2) меньшевик-жұмысшылар мен жойымпаздардың араларына ор қазып, соңғыларды ыдыратып, қырып, жойымпаздардың езгісінен жария ұйымдарды азат ету процесін осы жол, тек осы жол ғана тездетеді. Жария ұйымдарда ықпал үшін күрес бүгінгі күннің қауырт мәселесі болып, партияның қайта туу жолындағы қажетті кезеңі болып табылады, ал одақ осындай ұйымды жойымпаздықтың қоқысынан тазартудың бірден-бір құралы болып табылады.

Одақтың жоспары Лениннің қолынан шыққаны көрініп тұр, — ол бір ақылды адам, ол шаян жатағының қайда екенін жақсы біледі. Бірақ мұның өзі енді одақ атаулының бәрі бірдей жақсы деген сөз емес. Ал Троц-

кийлік одақ (ол өзі «синтез» деген болар еді) — бұл бір сасық принципсіздік, әлденеше түрлі принциптердің Маниловша былықпайы, принципсіз адамның «жақсы» принципті арман етіп шарасыз налуы. Мәселенің логикасы өзінің жаратылысы бойынша-ақ берік принципке құрылған болады, ол былықпайды көтермейді. Ленин — Плеханов одағының өмірге сай болуының өзі — бұл одақтың барынша принципиалдылығында, партияның қайта туу жолдары туралы мәселе жөнінде көзқарастардың бірыңғайлығына негізделгендігінде. Бірақ мұның өзі қосылу емес, дәл одақ болғандықтан да,—нақ осылай болғандықтан да большевиктерге өзінің фракциясы болуы қажет. Жұмыс үстінде большевиктер плехановшыларды ада-жұда қолға үйретіп алуы да әбден мүмкін, бірақ мұны мүмкін дейміз де қоямыз. Өте-мөте ықтымал нәрсе болғанмен, қайткенде де осылай шешіледі екен деп ұйқтауға және үміт етуге болмайды. Большевиктер неғұрлым топтасып қыймылдаса, неғұрлым ұйымшылдықпен бой көрсетіп отырса, бұларды қолға үйрету мүмкіндігі соғұрлым арта бермек. Сондықтан біз темірді шыңдаған үстіне шыңдай түсуіміз керек. Впередшілер туралы түк айтпаймын, өйткені бұлар қазір жойымпаздардай және плехановшылдардай қызғылықты емес. Егер бір кездері есі кірер болса — әрине, жақсы, ал есі кірмейді екен — онда жөніне бақсын, мейлі, өздерімен өздері бола берсін.

Шет ел туралы менің ойым осылай.

Бірақ мұның өзі бәрі емес және тіпті бастысы да емес. Ең бастысы — Россияда жұмысты ұйымдастыру мәселесі. Алауыздықтардың мәселелері жарыс сөздерде емес, ең алдымен жұмыс үстінде, принциптерді қолдану үстінде шешілетінін біздің партияның тарихы көр-

сетіп отыр. Сондықтан бүгінгі күннің міндеті — орыс жұмысын белгілі бір қатал принциптің айналасында ұйымдастыру болып табылады. Істің жөйін жойымпаздар бірден түсінді де (олар иісшіл-ақ), жұмысшылардың жария ұйымдарынан орын тебе бастады (орын теуіп алды да), оның бержағында, бақсақ, жұмысқа бағыт беріп отыратын, т. т. істейтін өзінің орыстық жасырын орталығы бар екен. Ал біз болсақ әлі «әзірленудеміз», репетиция сатысында жүріп жатырмыз. Меніңше, соңға қалдыруды күтпейтін кезектегі міндет жасырын, жартылай жария және жария жұмыстарды алғаш уақытта басты-басты орталықтарда (Питер, Москва, Орал, Оңтүстік) біріктіретін орталық (орыстық) топ ұйымдастыру болып табылады. Мұны қалай атасаңыз да ықтиярыңыз — «Орталық Комитеттің орыс бөлімі» дейсіз бе не Орталық Комитеттің жанындағы жәрдемші топ дейсіз бе—мұның бәрі бір. Бірақ осындай топтың болуы, ауа, нан қандай қажет болса, нақ сондай қажет. Қазірде жергілікті орындарда қызметкерлердің араларында мәлімсіздік, жалғыздық, қол үзіп қалушылық жайлап отыр, бәрінің де еңсесі түсіп, жұмысқа қолы жуыспайды. Жаңағыдай топ жұмысты жандандырған болар еді, анықтық енгізген болар еді. Ал мұның өзі жария жұмыс мүмкіндіктерін шындап пайдалануға жол ашқан болар еді. Партиялылықтың қайта туууы, меніңше, осыдан бастап қозғалған болар еді. Пленум[93] қаулысын мойындайтын қызметкерлердің алдын ала кеңесін, әрине, Орталық Комитеттің басшылығымен, ұйымдастырған теріс болмас еді. Бұлардың бәрі де орталық мекемелердің[94] реформасынан кейін және плехановшылдар тарапы келісім берген жағдайда болуы керек. Жоғарыда аталған орталық топқа осы

кеңестің қолайлы адамдар беруі де өте ықтымал. Мұндай кеңестің пайдалылығы толып жатқан басқа жағынан да, менінше, анық нәрсе. Ал жойымпаздардың, троцкийшілердің, впередшілердің наразылығынан қорықпастан, тайсалмай, аяусыз қыймылдауға тура келеді. Егер плехановшылдар мен ленициілдер Россиядағы жұмыстың негізінде бірлесетін болса, онда олар наразылық атаулының қандайына болса да көңіл аудармай жұмыс істеуіне болады.

Россиядағы жұмыс туралы мен осылай ойлаймын.

Енді өзім жайында. Менің алты айым қалды[95]. Мерзімім біткесін қызметтеріңізге мен дайын. Егер қызметкерлерге мұқтаждық шынында да күшті болса, мен табанда босап шыға алам. «Мысльдің»[96] 1-номерін оқыдым. Байқайым, кешегі күнгі дұшпандасып жүргендердің бірлесіп бой көрсету фактысының өзі жұмысшылар арасында қаншама анықтық енгізеді, бойларын сергітеді, жойымпаздардың қатарына ылаң салады, берекетін кетіреді. Әрбір жөні түзу адам мұның өзі жаман емес деп айтады.

Айдауда жөні түзу адамдар бар, сондықтан оларды дүркін-дүркін жасырын түрде шығып тұратын әдебиетпен қамтамасыз етіп тұрған өте жақсы болар еді. «Социал-Демократтың» № 17 және былайғысын да, сонымен қатар «Социал-Демократқа» «Қосымшаны» да жіберіңіз. Бізде «Рабочая Газетаның»[97] № 1 де, № 2 де жоқ, «Голос Социал-Демократа» да жоқ. «Звезданы»[98] енді алатын тәріздіміз ғой. Посылкалар үшін адрестер мынау: 1) Сольвычегодск, Вологда губерниясы, Иван Исаакович Богомоловқа; 2) Сольвычегодск, Вологда

губерниясы, Петр Михайлович Серафимовқа. Менімен хат жазысу адресі: Сольвычегодск, Вологда губерниясы, Григоров үйі, — Николай Александрович Вознесенский.

Жолдастық сәлеммен *К. С.*

Заказной етіп жіберудің керегі жоқ. Өздеріңіздегі жұмыстар туралы жазуыңызды қатты өтінем.

1911 ж. 31 декабрьде жазылған

Хаттың көшірмесі бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ ҮШІН![99]

Елде саяси өмірге ықылас күшейе бастады, сонымен бірге біздің Партия дағдарысы да аяқталмақшы. Қатып сірескен қалып өзгере бастады. Жақында болып өткен жалпы партиялық конференция[100] Партияның қайта тууының айқын белгісі болды. Орыс революциясының өсуімен бірге шынықкан және сол революцияның бәсеңдеуімен бірге күйретілген біздің Партия елдің саяси оянуымен бірге сөзсіз аяғынан басуға тиісті еді. Жұмысшылардың нақты жалақысының кемуімен қатар, өнеркәсіптің негізгі салаларының жандануы және капиталистер пайдасының артуы; пролетариаттың жария, құпия ұйымдарының күшпен күйретілуімен қатар, буржуазияның экономикалық және саяси ұйымдарының еркін дамуы; шаруа шаруашылығының күйзелуімен қатар тіршілікке қажетті азық-түлік бағасының көтерілуі және помещиктер пайдасының көбеюі; «жаңарған» контрреволюциялық тәртіптің бишаралығын көрсететін, 25 миллионнан аса халықтың басына түсіп отырған ашаршылық, — осының бәрі еңбекші топқа, алдымен пролетариатқа, олардың саяси өмірге ықыласын күшейту жөнінде әсер етпей қоя алмады. Айта ке-

тейік, бұл оянудың айқын белгілерінің бірі — Россиялық Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясының осы жылы январьда болып өткен конференциясы.

Ал, ойдағы, жүректегі ояну өзімен өзі болып қала алмайды, — ол кәзіргі саяси жағдайда қалайда бұқараның ашық аттанысына айналуға тиісті.

Жұмысшылардың тұрмысын оңдау керек, жалақыны көбейту керек, жұмыс күнін қысқарту керек, заводтарда, фабрикаларда, рудниктерде жұмысшылардың хал-жайын негізінен өзгерту керек. Ал осының бәрін қалай істеу керек, әлі күнге дейін тыйым салынып отырған бірді-екілі, жалпы экономикалық қыр көрсету жолымен істемегенде қандай жолмен істеу керек?

Қожайындармен еркін күресу правосын, ереуіл жасау, одақ құру, жыйналыс жасау, сөз сөйлеу, баспасөз шығару праволарын, т. т. тартып алу керек: мұнсыз жұмысшылардың өз тұрмыстарын оңдау жөніндегі күресі мейлінше қыйын болмақшы. Ал осының бәрін қалай істеу керек, ашық саяси қыр көрсетулер, демонстрациялар, саяси ереуілдер, т. т. жасау жолымен істемегенде қандай жолмен істеу керек?

Ашаршылық ауруына әбден шалдыққан елді бұл аурудан арылту керек, кәзіргі жағдай қалпын — жер кәсібіндегі он миллиондаған еңбекшілер оқтын-оқтын ашаршылыққа, оның алуан-алуан азабына ұшырап отыратын қалыпты — жою керек: аш ата-аналар, көз жастарын көл етіп, өздерінің ұлдары мен қыздарын «арзан қаққа» сатып жатқанда, бұған қол қусырып қарап отыру мүмкін емес қой! Шаруалардың шағын шаруашылығын күйзелтіп, егін шықпай қалған сайын миллиондаған шаруаларды аштық бүліншілікке кіріптар етіп отырған кәзіргі айуандық финанс саясатын түп-ту-

бімен жою керек! Елді қайыршылықтан, азушылықтан құтқару керек! Ал патша өкіметінің ордасын төменгі қабатынан жоғарғы қабатына дейін тегіс қыйратпай тұрып, осының бәрін істеуге мүмкін бе? Патша үкіметін, сонымен бірге крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын халықтың кең етек алған революциялық қозғалысы арқылы, халықтың тарих таныған көсемі социалистік пролетариат басшылық етіп отырған қозғалыс арқылы жоймай қалай жою керек?..

Ал, болашақ аттаныстар бытыранды, тәртіпсіз болмауы үшін, пролетариат өзінің болашақ аттаныстардың біріктірушісі, басшысы ретіндегі зор ролін аброймен орындап шығуы үшін, — осылардың бәрі үшін, халықтың қалың бұқарасының революциялық саналы болуы, пролетариаттың таптық сана-сезімі болуы үстіне, жергілікті ұйымдардың жеке-жеке әрекеттерін жалпы бір әрекет етіп біріктіре алатын және бұқараның революциялық қозғалысын жаудың басты бекінісіне бастап отыратын әрі күшті, әрі орамды пролетарлық партияның да болуы керек. Пролетариат партиясының, Россиялық Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясының ісін жолға қою керек, — міне, пролетариат болашақтағы революциялық аттаныстарды ойдағыдай қарсы алу үшін, ең қажеттісі осы.

Партияны ынтымақтастырудың зәру қажеттігі төртінші Мемлекеттік дума сайлауының жақындауына байланысты тағыда айқын көрініп отыр.

Ал, Партияның ісін қалай жолға қою керек?

Алдымен, жергілікті партия ұйымдарын нығайту керек. Олар ұсақ-ұсақ топтарға бөлініп, тауы қайтушылық, істің болашағына сенбеушілік теңізіне батып, интеллигенттік күштерден айрылып, жиі-жиі провока-

торлар сойқанына ұшырап отырады, — жергілікті ұйымдардың өміріндегі бұл көңілсіз көріністер кімге мәлім емес? Күштің бұлай бытырауын жою керек, оны істеуге болады да! Бір жағынан, жұмысшы бұқарасының оянуы, екінші жағынан, осы оянудың белгісі болып табылатын жақында өткен конференция — бұл бытырауды жою ісін анағұрлым жеңілдетеді. Ұйымдасудағы бытырандылықты жоюда өз қолымыздан келгеннің бәрін істейік! Әрбір қаладағы, әрбір өнеркәсіп пунктіндегі социал-демократ жұмысшылар тегіс бірлессін, түрлі фракциянікімін демей, құпия түрдегі Россиялық Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясының қажеттігіне сенетін адамдардың бәрі бірлессін, — бәрі де жергілкіті партия ұйымдарына топтансын! Жұмысшыларды бір армияға — қаналушылар армиясына топтайтын станоктар, — дәл сол станоктар жұмысшыларды қанау мен зорлық-зомбылыққа қарсы күресушілердің тұтас бір партиясына ұйымдастырушы да болсын!.. Бұл жөнде ұйым мүшелерінің санын көбейтуді ғана ойлаудың қажеті жоқ: жұмыстың қазіргі жағдайында мұның өзі қауіпті болып шығуы да мүмкін. Әңгіме жолдастардың сапалы болуында, әңгіме жергілікті ұйымдардың төңрегіне топталған ықпалды-инабатты жолдастардың өздері қызмет етіп жүрген жұмыстың маңызды екенін аңғаруында, өз істерін революцияшыл Социал-Демократияның жолымен табанды жүргізуінде. Сонсын, осылай біріккен жергілікті ұйымдар өзімен өзі болмасын, олар пролетариат күресінің барлық ісіне, оның ең «ұсағынан», ең әдеттегісінен бастап, ең ірісіне, ең «әдеттен тыстарына» үздіксіз араласып отырсын, еңбек пен капиталдың бірде-бір айқасы, жұмысшылар бұқарасының патша үкіметінің айуандығына қарсы білдірген бірде-

бір наразылығы олардың ықпалынсыз болмасын: тек осы жолмен ғана жергілікті ұйымдарды нығайтуға, сауықтыруға болатынын еш уақытта естен шығармау керек. Міне, сол үшін де олар жұмысшылардың бұқаралық ашық ұйымдарымен, одақтармен және клубтармен, мейлінше тығыз байланыс жасап, бұлардың өсуіне барынша көмектесіп тұруы керек.

Интеллигенттік күш болмағандықтан, ауыр, қиын міндеттер тек жұмысшылардың ғана үстіне түсіп отыр, бұған жұмысшы жолдастар таңданбасын: ешкімге қажеті жоқ кішіпейілдікті, «үйреніспеген» қызмет деп қорқуды мүлдем тастау керек, партияның күрделі жұмыстарын істеуге батыл кірісу керек! Бұл ретте бірді-екілі қателік болса, оқасы жоқ: бір-екі сүрінесің, одан кейін аяқты еркін басуға дағдыланасың. Бебельдер аспаннан түспейді, олар тек төменнен, партия жұмысының түрлі саласында істеп ысылу арқылы шығады...

Бірақ жергілікті ұйымдар, қаншама мықты, ықпалды болғанмен, жеке-жеке алғанда Партия емес. Партия ету үшін оларды әлі бір жерге жинау керек, бәрі бірыңғай тіршілік ететін тұтас бір ұйым жасау керек. Бір-бірімен байланысы жоқтығы былай тұрсын, бірінің бірі дүниеде бар екенін білмейтін жергілікті бытыраңды ұйымдар, өзімен өзі болып, жұмысты өз білгенінше тәуекелмен істеп, кейде біріне бірі қайшы жол ұстап отырған ұйымдар — мұның бәрі Партия ішіндегі майдагерліктің белгілі көріністері. Жергілікті ұйымдарды бір-бірімен байланыстыру және оларды Партияның Орталық Комитеті төңрегіне топтау — міне, майдагерлікті құртып, пролетариат партиясының ісін жолға қою дегеніміз осы. Жергілікті ұйымдармен тығыз байланысты, оларға үнемі мәлімет беріп отыратын және оларды бір-

бірімен байланыстырып отыратын ықпалды Орталық Комитет, жалпы пролетариат аттанысының барлық істеріне үнемі араласып отыратын Орталық Комитет, кең түрде саяси үгіт жүргізуге Россияда құпия шығып тұратын газеттері бар Орталық Комитет, — міне партияны жаңарту, топтастыру ісі осы бағытта жүргізілуге тиіс.

Әрине, бұл сияқты күрделі міндеттерді орындау жалғыз Орталық Комитеттің қолынан келмейді: жергілікті ұйымдардағы жолдастар, өздері жер-жерден үнемі көмектесіп отырмаса, Орталық Комитеттің сөзсіз бос орынға, партияның жалған нәрсеге айналатынын естерінде ұстау керек. Сондықтан Орталық пен жергілікті ұйымдар ынтымақтасып істеу керек — міне, Партияны жаңартудың аса қажетті шарты осы, біз жолдастарды осыған шақырамыз.

Сонымен, жолдастар, Партия үшін, қайта өркендеп келе жатқан құпия түрдегі Россиялық Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясы үшін күресейік!

Біртұтас Россиялық Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясы жасасын!

РСДЖП Орталық Комитеті

1912 ж. мартта жеке үндеухат болып басылған *Қолжазбасы бойынша басылып отыр*

БІРІНШІ МАЙ ЖАСАСЫН![illegible]

Жолдастар!

Өткен ғасырдың ішінде-ақ барлық елдердің жұмысшылары бүгінгі күнді, Бірінші май күнін, жыл сайын мейрамдайық деп қаулы еткен. Ол қаулы 1889 жылы барлық елдердің социалистерінің Парижда болған конгресінде қабылданған; онда жұмысшылар бүгінгі күнді, Бірінші май күнін мейрам етуге ұйғарды, өйткені бұл кезде табиғат қысқы ұйқысынан оянады, орман-тоғайлар мен таулар көктен көрпе жамылады, егін-дала гүлге бөленеді, күн қыза бастайды, әуеде жаңалық қуанышы сезіледі, табиғат бейне бір сайрандап, масаттанғандай болады, — жұмысшылар дәл бүгінгі күні бүкіл дүние жүзіне ашық, бардауыспен жар салып: жұмысшылар адам баласын көктемге жеткізіп, капитализмнің бұғауынан құтқарады, жұмысшылар дүниені бостандық пен социализм негізінде жаңарту үшін жаралған деді.

Әр таптың өзінің сүйікті мейрамы бар. Дворяндардың өз мейрамдары бар; ол мейрамдарында дворяндар шаруаларды талау «правосын» жарыялайды. Буржуалардың өз мейрамдары бар; ол мейрамдарында бур-

жуалар жұмысшыларды қанау «правосын» «дәлелдейді». Поптардың да өз мейрамдары бар; ол мейрамдарында поптар өмір сүріп тұрған тәртіпті, еңбекшілер қайыршылықтан қырылып, жатыпішерлер сән-салтанатқа белшесінен батып жатқан тәртіпті мақтайды.

Жұмысшылардың да өз мейрамы болу керек; онда жұмысшылар: барлық жұрт бірдей еңбек етсін, барлық жұрт бірдей еркін болсын, барлық жұрт бірдей тең болсын деп жар салуға тиіс. Сол мейрам — Бірінші май мейрамы.

Жұмысшылар 1889 жылы-ақ осылай деп қарар еткен.

Содан бері Бірінші май күнгі митингілер мен демонстрацияларда жұмысшы социализмінің жауынгер ұраны барған сайын қатты есітілуде. Жұмысшылар қозғалысының мұхиты барған сайын қатты тасып, Европа мен Америкадан Азияға, Африкаға, Австралияға дейін жаңа елдер мен мемлекеттерге жайылып отыр. Жұмысшылардың бір кездегі әлсіз халықаралық одағы бірнеше ондаған жыл бойында, әрдайым конгресі болып тұратын, дүниенің барлық түкпіріндегі миллиондаған жұмысшыларды біріктіретін интернационалдық зор ұйымға айналды. Пролетариаттың ашыну теңізі ұлы толқын болып көтеріліп, капитализмнің шайқалып тұрған негізіне барған сайын долданып соғады. Көмір қазушылардың Англияда, Германияда, Бельгияда, Америкада, т. т. жақында болып өткен ұлы ереуілі, бүкіл дүние жүзінің қанаушылары мен патшаларын үрейлендірген ереуіл, — социалистік революцияның алыс емес екендігінің айқын белгісі...

«Біз алтын тәңірісіне табынбаймыз!» Бізге буржуалар мен езушілер дүниесі керек емес! Сұрапыл қайыр-

шылығымен, қан төгушілігімен қоса, капитализмді қарғыс атсын, оған өлім келсін! Еңбек дүниесі жасасын, социализм жасасын!

Міне, барлық елдердің саналы жұмысшылары бүгінгі күні осылай деп ұран салады.

Сөйтіп, олар өздерінің жеңетіндігіне сеніп, байсалды, күшті келбетпен, жеңүйекке қарай, жарқын сәулелі социализмге қарай бет түзеп барады, барған сайын Карл Маркстің: «барлық елдердің жұмысшылары, бірігіңдер!» деген ұлы ұранын жүзеге асыра береді.

Еркін елдердің жұмысшылары Бірінші майды осылай мейрамдайды.

Орыс жұмысшылары, өз жағдайларын түсіне бастағаннан бері, өздерінің жолдастарынан қалып қойғысы келмей, үнемі шет елдердегі жолдастарына дауыс қосып ешнәрсені елемей, патша үкіметінің айуандық жазасына қарамай, Бірінші майды бірге мейрамдап жүр. Рас, соңғы 2—3 жыл ішінде, контрреволюцияшыл озбырлық дәуірлеп, партия бытыраған кезде, өнеркәсіп депрессияға ұшырап, қалың бұқара арасында саясатқа бейқам қарау мейлінше күшейген кезде орыс жұмысшылары өздерінің қадірлі жұмысшы мейрамын бұрынғыша мейрамдай алмады. Ал, елімізде соңғы уақытта басталған ояну, жұмысшылар арасындағы экономикалық ереуілдер, екінші думаға депутат болған социал-демократтардың ісін ең болмаса қайта қарау жөніндегі саяси қарсылықтар, 20 дан астам губернияға жайылып отырған аштық салдарынан шаруалардың қалың бұқарасы арасында туа бастаған наразылықтар, жүз мыңдаған приказчиктердің россиялық алпауыттардың «жақарған» құрылысына қарсылығы — осының бәрі елдегі қалың ұйқы серіліп, оның орнына елімізде, алды-

мен пролетариат арасында саяси ояну басталғанын көрсетеді. Міне сол үшін де орыс жұмысшылары биыл бүгінгі күні өзінің шет елдегі жолдастарына қол соза алады және қол созуға тиісті де. Міне сол үшін де олар Бірінші май мейрамын солармен бірге белгілі түрде мейрамдауға тиісті.

Бүгінгі күні олар өздерінің еркін елдердегі жолдастарымен бірге екенін, алтын тәңірісіне табынып отырмағанын және келешекте де табынбайтынын айтуға тиіс.

Мұның үстіне олар барлық елдердің жұмысшыларының жалпы талаптарына өздерінің орыстық талаптарын — патша өкіметін құлату, демократиялық республика орнату жөніндегі талаптарды қосуға тиіс.

«Біз тәж-тақ сұмдарын жек көреміз!», «Біз халық үшін азап шеккендерді қадірлейміз!» Қанға белшесінен батқан патша өкіметіне өлім келсін! Жер меншіктенуші дворяндарға өлім келсін! Фабрикалардағы, заводтардағы, рудниктердегі сұм қожайындарға өлім келсін! Шаруаларға жер берілсін! Жұмысшылар 8 сағат жұмыс істейтін болсын! Россияның барлық азаматтарына демократиялық республика берілсін!

Міне, орыс жұмысшылары бүгін тағы осылай деп ұран салуға тиіс.

Орыс либералдары — Россияда патша өкіметі нығайды, ол халықтың негізгі тілегін орындай алады деп, өздерін де, жұртты да сендірмек болып жүр; бұл өтірік және соңғы Николайға жағынушылық.

Орыс либералдары — революция құрыды, біз «жаңарған» құрылыс орнаттық деп, алуан-алуан дауыспен айтып жүр; бұл жұртты алдау және фарисейлік!

Төңректеріңе көз жіберіңдерші: қайғы-қасірет бас-

қан Россия «жаңарған», «оңдалған» құрылысты елге ұқсай ма?

Демократиялық конституция орнына — дарға асу, жабайы зорлық-зомбылық тәртібі орнап отыр!

Бүкілхалықтық парламент орнына — қаражүз помещиктердің қаражүз Думалары құрылып отыр!

17 октябрь манифесінде-ақ уәде етілген «азаматтар бостандығының бұлжымас негізі» орнына, сөз бостандығы, жыйналыс, баспасөз, одақ, стачка бостандығы орнына — «арам қолмен бақылау», «тыйым салу», газеттерді жабу, редакторларды жер аудару, одақтарды күйрету, жыйналыстарды қуу тәртібі орнап отыр!

Адамның қара басына тимеу орнына — түрмедегілерді ұрып-соғу, азаматтарды қорлау, Лена кенінде ереуіл жасағандарды қанға батыру болып отыр!

Шаруалардың тілегін орындау орнына — шаруалар бұқарасын барған сайын жерсіздендіру саясаты жүргізіліп отыр!

Мемлекет шаруашылығын тәртіпке салу орнына — интендант қызметтерінде де, темір жол басқармаларында да, орман-тоғай шаруашылығында да, теңіз ведомствосында да ұрлық етек алып отыр!

Үкімет орындарында тәртіп, дисциплина орнату орнына — соттарда подлог жасау, тыңшылық полициcяларда алдап-арбап, қорқыту, охранка бөлімдерінде кісі өлтіру, провокациялау күшейіп отыр!

Орыс мемлекетінің халықаралық беделін арттыру орнына — Таяу Шығыс пен Қыйыр Шығыс мәселесінде орыс «саясаты» масқаралыққа ұшырап отыр, қанға батып жатқан Персия жөнінде жендеттік, бүлдіргіштік қызмет жүргізіліп отыр!

Жай халықтар жайбарақат, рахат жасау орнына —

қалаларда өзін өзі өлтіріп, деревняларда 30 миллион шаруа ашаршылыққа ұшырап отыр!

Халықтың мінез-құлқы түзелу, сауығу орнына — монастырларда, ресми моральдің берік қамалы болған монастырларда адам айтқысыз сайқалдық күшейіп отыр!

Осылардың бәрінің қортындысы ретінде — Лена кенінде жүздеген еңбекшілер атылып отыр!..

Қол жеткен еркіндікті құртушылар, дарға асуға, атуға құмарлар, «бақылауды», «тыйым салуды» ойлап шығарушылар, ұры интенданттар, ұры инженерлер, талаушы полицейлер, кісі өлтіруші охранниктер, сайқал Распутиндер — міне Россияны «жаңартушылар» осылар!

Сөйтсе де дүниеде — Россияда бәрі ретті, революция құрыды деп, батылы барып айтатын адамдар бар!

Жоқ, жолдастар: миллиондаған шаруа ашаршылыққа ұшырап отырған жерде, жұмысшыларды ереуіл жасағаны үшін атып отырған жерде — революция өмір сүре береді, ол адам баласының сүйегіне мін болып отырған россиялық патша өкіметін жер бетінен құртқанша өмір сүре береді.

Сондықтан біз бүгінгі күні, Бірінші май күні белгілі түрде митингілерде, көпшілік жыйындарында немесе құпыя жыйналыстарда — қай жерде қолайлы келсе, сол жерде — былай деп айтуымыз керек: патшалық монархияны әбден құлату үшін күресуге ант етеміз, Россияны азат етуші болашақ орыс революциясын құттықтаймыз!

Сөйтіп, шет елдердегі өзіміздің жолдастарымызға қол созайық, солармен бірге былай деп ұран салайық:

Капитализм жойылсын!

Социализм жасасын!

Орыс революциясының туын жоғары көтерейік, оған былай деп жазайық:

Патшалық монархия жойылсын!

Демократиялық республика жасасын!

Жолдастар! Біз бүгін Бірінші майды мейрамдаймыз!

Бірінші май жасасын!

Халықаралық Социал-Демократия жасасын!

Россиялық Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясы жасасын!

РСДЖП Орталық Комитеті

1912 ж. апрельде жеке үндеухат болып басылған

Қолжазбасы бойынша басылып отыр

ЖАҢА ДӘУІР

Жұмысшылардың экономикалық аттаныстарының ізінше — олардың саяси аттаныстары болып жатыр.

Жалақы үшін болған стачкалардың ізінше — Ленадағы атыс жөнінде қарсылықтар, митингілер, саяси ереуілдер болып жатыр.

Жер-жерлерде — Питер мен Москвада, Рига мен Киевте, Саратов пен Екатеринославта, Одесса мен Харьковте, Баку мен Николаевта — Россияның барлық түкпірлерінде жұмысшылар өздерінің Ленада қырғын тапқан жолдастарын қорғап бас көтеруде.

«Біз тірміз, біздің ал қызыл канымыз сарқылмас күштің жігерімен қайнауда»!..

Жұмысшылар қозғалысы өзінің өршіп келе жатқан оянуында үш басқышты өтіп отыр. Мұның өзі контрреволюциялық жүгенсіздіктен кейін болып отыр.

Бұдан екі жыл бұрын жұмысшылар тойымсыз қожайындардың барған сайын күшейген қысымына бір рет қарсылық көрсетіп байқаған еді. Қорғану стачкалары болды, кей жерлерде шабуыл ереуілдері де болды — міне, қозғалыс осылай жанданды. Бұл бірінші басқыш еді. Мұны Москва ауданы бастады.

Бұдан бір жарым жыл бұрын жұмысшылар шабуыл

ереуілдеріне көшті. Экономикалық жаңа талаптар қойды, контрреволюция дәуірлеген кезде жұмысшылардан тартып алынған 1905 — 1906 жылдардағы жағдайды қайтарып алу шарасын көрді. Бұл екінші басқыш еді. Мұны батыс аймақтар бастады.

Енді үшінші басқыш, саяси қозғалыс дәуірі басталды

Басқыштан басқышқа!

Күткеніміз де осы еді. Өнеркәсіптің негізгі салаларының өрлеуі және нақты жалақының кемуімен қатар капиталистерге түсетін пайданың көбеюі; жұмысшылар ұйымдарының күйреуімен қатар буржуазияның кәсіпшілік және саяси ұйымдарының өсуі; тіршілікке қажетті азық-түліктер бағасының артуы және 30 миллион шаруа ашаршылыққа ұшырап, мұқтаждықтың салдарынан ата-аналар өздерінің ұлдары мен қыздарын сатып жатқанда помещиктердің табысының көбеюі — осылардың бәрі жұмысшы табы арасына саяси жандану енгізбей тұра алмады.

Ленадағы атыс тек дабыл ғана болды.

Сірә, «Шипкеде тым тыныш емес». Мұны, елді «тыныштандыруға» шұғыл әзірленіп жатқан өкімет өкілдері де сезеді. Мұның өзі, сірә, біздің сыртқы саясат істерімізге де әсер етсе керек...

Ал, саяси қарсылықтар — ереуілдер туралы хабарлар үздіксіз түсіп жатыр.

Күмән жоқ, азаттық қозғалысының қайнарбұлақ күші әрекетке кірісті...

Жыл құстары, сіздерге сәлем!

Петербургтің „Звезда" газеті
№ 30, 15 апрель, 1912 ж.
Қол қойған: К. С.

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛ ФАРИСЕЙЛЕР

«Речь» тағы «қателесті»! Ол Ленада болған айуандықтар жөнінде «үкімет» тарапынан «оспадарсыз» жауап «күтпеген» екен. Ол министр Макаров Трещенко мырзаларды «заң жолымен жауапқа тартады» деп «сенген» екен. Кенеттен, Макаров: Трещенко орынды істеді, жұмысшылар бұдан былай да атыла береді деді!

Осы жөнде либералдық «Речь» газеті: «біз қателестік» деп, жалған күйреген болады (қараңыз: «Речь», 12 апрель).

Бишара кадеттер, бұл олардың, үкіметке сеніп, нешінші «қателесуі» екен!

Жақында ғана олар Россияда конституция бар деп «ойлаған» еді; сөйтіп, олар барлық тілде: «біздің бірлескен үкіметіміз» «барынша конституциялы» деп, Европа алдында ант еткен еді. Мұны олар Россиядан аулақта, Лондонда айтқан еді. Россияға — «бақылауы», «тыйым салуы» бар елге келуі-ақ мұң екен, олар өздерінің «қатесін» мойындап, «түңіле бастады».

Жақында ғана олар, Столыпин елді парламент)жөнімен «жаңару» жолына салды деп, «сенген» еді. Ал,

Столыпин әйгілі 87-статьяны[102] қолдана бастаған еді, кадеттер тағыда «қателер» мен «шатақтар» туралы әнге басты.

Кадеттердің ереуілдерге көзқарас жөнінде орыс үкіметін (порт жұмысшыларының ереуілін еске түсіріңдер) ағылшын үкіметімен салыстырып, теңеп жүргені жақында ғана емес пе еді? Лена драмасының болуыақ мұң екен, кадеттер тағыда өздерінің «біз қателестік» деген фарисейлік әніне басты.

Бір қызығы: «қателер» мен «түңілулер» барған сайын артып барады, ал, кадеттердің үкіметті айналдыру тактикасы өзгермей-ақ келеді!

Бишара, бишара кадеттер! Олар, тегі, өздерінің ақ жүректігіне нанатын аңқау оқушыларға «сенетін» болу керек.

Олар Россия азаттығының жауына жағынып, қылымсуын халық байқамайды деп «ойлайды».

Олар әлі мынаны аңғармай отыр: бұған дейін олар өздерінің үкіметке көзқарасы жөнінде «қателесіп» келген болса, енді бұқарадан «түңілетін» болады, өйткені бұқара, ақыр аяғында, олардың контрреволюциялык сыйпатын байқап, оларға сырт беретін болады.

Сонда кадет мырзалар кімді алдар екен?

Үкіметке малай болып жағынады, елді фарисейлікпен алдайды, — оларды иесіне «халық бостандығы партиясы» деп атайды екен?

Петербургтің „Звезда" газеті,
№ 30, 15 апрель, 1912 ж.

Қол қойған: С.

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БИПАРТИЯЛЫҚ АЛАҢҒАСАРЛАР

Бипартиялық прогрессизм сәнге айналды. Орыс интеллигентінің жаратылысы сондай — оған сән керек. Олар санниндікке әуестенді, декаденттікпен айналысты, — ендігі кезек бипартиялыққа келді.

Бипартиялық дегеніміз не?

Россияда помещиктер мен шаруалар бар, олардың мүдделері бір-біріне қайшы, олардың араларында күрес болмай қоймайды. Ал, бипартиялық бұл фактыны елемейді, мүдделер қайшылығы туралы үндегісі келмейді.

Россияда буржуалар мен пролетарлар бар, бұл таптардың бірінің жеңуі екіншісінің жеңілуі болады. Ал, бипартиялық мүдделер қайшылығын бүркей түседі, олардың күресіне көз жұмып қарайды.

Әр таптың өзінің партиясы бар, ол партияның ерекше программасы, ерекше беті бар. Партиялар таптардың күресіне басшылық етеді. Партиялар болмаса күрес болмас еді, былық болар еді, айқындық болмас еді, мүдделерді шатастырушылық болар еді. Ал, бипартиялық айқындықты, белгілілікті сүймейді, ол буалдырлықты, программасыздықты сүйеді.

Таптык кайшылыктарды бүркеу, таптар күресі жөнінде үндемеу, белгілі бет-бейнесі болмау, программалыкпен күресу, былыкка әуес болу, мүдделерді шағастыру — міне бипартиялык деген осы болады.

Бипартиялык не тілейді?

— Бірлеспейтінді бірлестіруді, болмайтынды болдыруды тілейді.

Буржуалар мен пролетарларды бір олакка біріктіру, помещиктер мен шаруалардың арасын жарастыру, жүкті акку, шортап һәм шаян күшімен сүйреу — міне бипартиялык осыған ұмтылады.

Бипартиялык өзінің бірлеспейтінді бірлестіру колынан келмейтінін сезеді, сөйтеді де:

«Егердеки болса еді,

Алма ауызға түссе еді!» —

деп аһ ұрады.

Бірак алма ауызға түспейді, сондыктан бипартиялык әрдайым опык жеп, аланғасарлыкка ұшырайды.

Бипартиялык дегеніміз — басы жок адам, яки, анығырак айтсак, кабак бас адам.

«Запросы Жизни»[103] деген «прогресшіл» журнал дәл осы позицияда.

«Оңшыл партиялар каулы алды, — дейді «Запросы Жизни», — олар бүкіл прогресшіл оппозицияға карсы күресу үшін реакцияшыл калың бір топ болып бірігуде.. Сондыктан оңшылдар одағына солшылдар одағы карсы койылуға тиіс, бұл одак коғамның прогресшіл элементтерін тегіс камтуы керек» (караңыз: «Запросы Жизни» № 6).

Ал бұл «прогресшіл элементтер» дегеніміз кімдер?

Ол — бейбіт жаңартымпаздар[104], кадеттер, трудовиктер, социал-демократтар. Яғни «прогресшіл» бур-

жуалар, либералдық істеп жүрген помещиктердің жеріне ынтық болып жүрген шаруалар, буржуалармен күресіп жүрген пролетарлар.

«Запросы Жизни» осы «элементтерді» бірлестірмек болады!

Расында, бұл өте келісті іс, бірақ... ақылды іс емес.

Сөйтіп, принципсіз адамдардың осы журналы IV Дума сайлауындағы тактика туралы социал-демократтарға лекция оқымақ болады?

Алаңғасарлар-ай!..

Петербургтің „Звезда" газеті,
№ 30, 15 апрель, 1912 ж.
Қол қойған: К. С — н

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ӨМІР ЖЕҢЕДІ!

„Жұмысшылардың коалициялар... бостандығын талап етіп жіберген петициялары олардың халін ешқандай жеңілдеткен жоқ, қайта, жұмысшылар бұл талаптарына жиуип ретінде атылды“...

Депутат Кузнецовтың сөзінен

Бұл тым ертеде емес, бұдан бір жыл бұрын ғана болды, «жарыя партияға» жаны құмар жойымпаз мырзалар, у-шу, абыр-сабыр болып, петиция науқанын ашқан кезде болды.

Жойымпаздардың «публицистикалық» органы, жұрттың бәріне мәлім «Дело Жизни»[105]: жұмысшы қозғалысының кезекті міндеті — **петиция арқылы** коалиция правосы үшін күресу деп жазды.

Жойымпаздардың «ғылыми» органы «Наша Заря»[106], осы міндетті дәлелдей келіп, жұмысшыларды: петиция «қалың бұқараны» өзінің төңрегіне топтайды деп сендірмек болды.

Сөйткенше болмады, Лена кенінде қанды драма болды, кәдімгі өмір өзінің шиеленіскен қайшылықтарымен сахнаға шықты, — жойымпаздардың петициялық тактикасының күлі көкке ұшты. Заңды ереуілдер, петициялар, өтініштер — бәрі жоққа шықты. «Жаңарған» құрылыс өзінің айқын жүзін көрсетті. Ал, осы құрылыстың өкілі министр Макаров, мейлінше **айқын бол-**

сын деп, 500 жұмысшының атылуы әлі аз, бұл тек бастамасы ғана, құдай қосса, мұндайлар ендігі жерде де болып тұрады дегенді айтты...

Қасқа емес, көзге тиді деген осы! У-шумен шыққан петициялық тактика өмірге соқтығып, күйреді! Петициялар саясаты дәрменсіз болып шықты!

Ендеше, ескі Россия мен жаңа Россия арасындағы ғасырлық дауды петициямен шешу нәсіп болмады...

Ал, Лена қырғыны жөнінде Россияның барлық түкпірінде болып жатқан жұмысшылардың көптеген митингілері мен ереуілдері олардың петиция жолымен жүрмейтіндігін тағыда айқын көрсетіп отырған жоқ па?

Жұмысшылардан сайланған депутат Кузнецовтың мына сөзіне құлақ салыңдаршы:

«Асылында жұмысшылардың коалициялар бостандығын талап етіп жіберген петициялары олардың халін ешқандай жеңілдеткен жоқ, қайта жұмысшылар бұл талаптарына жауап ретінде атылды»...

Депутат Кузнецов міне осылай дейді

Жұмысшылардан сайланған, өзіне жақын жұмысшы ортасының үніне құлақ қойып жүрген депутат басқаша айта да алмайды ғой.

Жоқ, жойымпаздардың жолы болмады!..

Ал, петициялық тактика ше? Оны қайда коймақ керек?

— Оны енді, әрине, жұмысшылардан аулағырақ біржерге қою керек...

Я, я, өмір үйреткен сабақ тіпті жойымпаздар үшін де текке кетпеген тәрізді. Олар петиция мастығынан

айығайын деген сыяқты. Айықсын, олардың айығуын құттықтаймыз, шын жүректен құттықтаймыз!

Өйткені біз: өмір бәрінен күшті, әрдайым өмір жеңеді деп көптен айтып келеміз ғой...

Петербургтің „Звезда" газеті,
№ 30, 15 апрель, 1912 ж.
Қол қойған: К. Салин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ОЛАР ЖАҚСЫ ІСТЕП ЖАТЫР...

Ленадағы атыстан кейін бүкіл Россияда ереуілдермен қарсылықтар көбейді.

Министр Макаровтың Думада берген «түсінігінен» кейін Россияның астанасында демонстрация болды.

Үкімет Россияны қанды «бұйрықтар» қыспағына тықпақшы болды.

Бірақ Россия үкіметтен мықтырақ болып шықты, сондықтан ол өз жолымен жүруді мақұл көрді...

Лена оқиғасының тарихына тағы бір көз жіберейік.

Лена кенінде 6 000 жұмысшы ереуіл жасады. Ереуіл бейбіт, ұйымдасқан түрде болды. Әрине, тек жалғаншы «Речь» қана Ленада «стихиялық бүлік» болды деп айта алады (қараңыз: № 103). Бірақ біз оқиғаны жалғаншы «Речь» бойынша бағаламай, көзімен көрген Тульчинскийдің «мәліметіне» қарай бағалаймыз. Ал, Тульчинский мырза: ол күні жұмысшылар өздерін үлгілі ұстады, жұмысшылардың қолдарында «ешқандай тас, таяқ болған жоқ» дейді. Бұдан ары кендердегі жұмыс жағдайының өте ауырлығы, жұмысшылардың шағын талабы, сегіз сағаттық жұмыс күні болсын деген талапта-

рынан өз еріктерімен қайтуы, мұнан басқа келісімдерге де келуге әзірлігі айтылады — мұның бәрі Ленадағы бейбіт ереуілдің таныс суреті.

Алайда үкімет жұмысшыларды, бейбіт, қару-жарақсыз жұмысшыларды, қолдарына темекі дорбасын ұстап, қалталарына тұтқындағы жолдастарын босату жөніндегі арыздарын салып жүрген жұмысшыларды ату керек деп тапты...

Трещенко жауапқа тартылған жоқ, — бұдан оның істі жоғарғы жақтың бұйрығы бойынша істегені айқын емес пе?

Трещенко емес, жұмысшылар жауапқа тартылсын деген тоқтам болды, — бұдан біреуге пролетариаттың қаны керек болғаны айқын емес пе?

Атыс күні үкімет екі қоянды бірдей соғып алмақ болды. Біріншіден, Лена жалмауыздарының жерігін қандырмақшы еді. Екіншіден, басқа қалалар мен жерлердегі жұмысшыларды қорқытып, — капитал бұғауына үнсіз көне беріңдер, әйтпесе Лена жұмысшыларына істегенімізді сендерге де істейміз демекші еді.

Ақырында бұл ойының бірде-біріне жетпеді.

Лена жалмауыздары қанағаттанған жоқ, өйткені кендерде ереуілдер әлі болып жатыр.

Ал, басқа қалалардың жұмысшылары қорыққан жоқ, қорқу былай тұрсын, қайта олар жұмысшылардың атылуына қарсылық білдіру ретінде ереуіл үстіне ереуіл жасап жатыр.

Ол ол ма. Макаровтың «түсінігіне» Россияның астанасы, Петербург, мыңдаған студенттердің, жұмысшылардың демонстрациясымен жауап берді

Орыс қоғамының аса сезгіш тобы, оқушы жастар, орыс халқының аса революцияшыл тобына, пролета-

риатка, қол созды: сөйтіп, олар қызыл тулар көтеріп: я, «осылай болды», бірақ енді олай болуға тиісті емес деп жар салды!

Ленадағы экономикалық бейбіт ереуіл бүкіл Россиядағы саяси ереуілге, бүкіл Россиядағы саяси ереуіл Россияның дәл орталығында мыңдаған студенттер мен жұмысшылардың демонстрациясына әкеліп соқты, — өкімет өкілдерінің жұмысшылармен күресіп тапқандары міне осы болды.

Я, азаттық қозғалыстың «көртышқаны», көреген орыс үкіметі інін жақсылап «қазып» жатыр!

Тағыда осындай екі-үш «ерлік» істесе, онда министр Макаровтың байбалам сөздерінің түгі де қалмайды деп сеніммен айтуға болады.

Істеріңді істей беріңдер, мырзалар, істей беріңдер!

Петербургтің „Звезда" газеті,
№ 31, 17 апрель, 1912 ж.
Қол қойған: К. Солин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ҚОЗҒАЛДЫ!..

Бұғауланған ел өз езушісінің аяғы астында жатты.

Елге халықтық конституция керек еді, — мұның орнына ол шектен асқан зорлық-зомбылық көрді, «тыйым салу», «бақылау» шараларын алды.

Елге халықтық парламент керек еді, — мұның орнына оған мырзалар Думасын, Пуришкевич пен Гучковтың Думасын тартты.

Елге сөз, баспасөз, жиналыс, стачка, одақ бостандығы керек еді, — мұның орнына ол жер-жерлерде талқандалған жұмысшы ұйымдарын, жабылған газеттерді, тұтқынға алынған редакторларды, таратылған жиналыстарды, жер аударылған ереуілшілерді көрді.

Ел шаруаларға жер талап еткен еді, — мұның орнына оған аграрлық заңдар шығарып берді, бұл заңдар селоның ат төбеліндей азғана байларының пайдасы болып шықты, шаруалар бұқарасын жерге бұрынғыдан да жаман мұқтаж етті.

Елге әркімнің «жеке басы» мен «жеке меншігі» қорғалады деп уәде берілген еді, — мұның орнына түрмелер мен айдауда «сенімсіз адамдар» толып кетті, алтыншылық полицияның бастықтары (Киев пен Тифлисті еске түсіріңіз!) кісінің жеке басын қорлап, жеке мен-

шігін талау үшін бандалармен, ұрылармен одақ жасап отыр.

Елге «жақсылық» болады, «бағдәулет» орнайды деген еді, — мұның орнына шаруалардың шаруашылығы бірден бірге құлдыйлап барады, он миллиондаған шаруалар ашаршылыққа ұшырап отыр, мыңдаған жан цынга, сүзек ауруларының құрбаны болып отыр...

Ал, ел бәріне де төзе берді, төзе берді...

Төзе алмағандар өзін өзі өлтірді.

Бірақ әр нәрсенің сарқылар жері бар, — елдің төзімі де сарқылды.

Ленадағы атыстар үнсіздік мұзын бұзды, сөйтіп — халық қозғалысы дариясында сең қозғалды.

Қозғалды!..

Қәзіргі тәртіптегі зұлымдық пен оңбағандықтың бәрі, қасіретті Россияның жанына батқан нәрсенің бәрі — осының бәрі бір фактыға жыйналды, Ленадағы оқыйғаға барып құйды.

Міне сол үшін де Ленадағы атыстар ереуілдер мен демонстрациялар жасауға дабыл болды.

Соңғы кездегі оқыйғалардың шешуін осыдан — тек осыдан ғана — іздеу керек.

Ал, Думаның басшылары — октябристер, кадеттер, прогрессистер[107] «түсінікті» жоғарыдан, өкімет өкілдерінен күтіп отыр!

Оқыйғаның ойыншығы болған Трещенко деген біреу туралы октябристер «сұрау салыпты», прогрессистер жай «сұрапты», кадеттер сөз қылуды «орынды көріпті»!

Мұны олар Макаров: «осылай болды, осылай бола бермек» деген мақтаншақ сөзін айтқан кезде істеп отыр!

Россия астанасында он мыңдаған жұмысшылар

ереуіл жасап жатыр, әскер соғыс қалпына келтірілді, өз ішіміздегі «шиеленісудің» себебінен «біздің» Дарданел мәселесі жөніндегі сыртқы саясатымыз сәтсіздікке ұшырап отыр, ал олар жоғарыдан, «ықпалдылардан» жауап күтіп отыр!

Соқырлар! Бұл күнде сөз иесі өкімет өкілдері емес, пролетариат екенін көрмейді!..

Петербургтің „Звезда" газеті,
№ 32, 19 апрель, 1912 ж.
Қол қойған: К. С.

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ОЛАР САЙЛАУҒА ҚАЛАЙ ӘЗІРЛЕНІП ЖАТЫР

IV Дума сайлауы[108] жақындап келеді; азаттық қозғалыстың жаулары күшін жыйнап жатыр.

Бізге қарсы тұрған, алдымен, контрреволюцияшыл партиялар: әсіре оңшылдар, ұлтшылдар, октябристер. Бұлардың бәрі, қалайда үкіметті қуаттайды. Алдымыздағы сайлау науқанында олар кімге сүйенбекші? Әрине, олар халықтың қалың бұқарасының тілектестігіне сене алмайды: өз тағдырын Ленада атыс жүргізген үкіметтің тағдырымен байланыстырып отырған партия бұқараның тілектестігіне сене алмайды! Олардың бірден-бір сенетіні — үкімет «бұйрықтары». Ол, әдеттегіше, «бұйрықтан» кенде қоймайды. Ішкі істер министрлігі губернаторларға осы күні-ақ әмір таратты; бұл әмірінде «болыстардан сайланатын өкілдерге барынша сенімді адамдарды, солшылдар қатарында жоқ адамдарды сайлауды қамтамасыз етудің шараларын» ұсынып отыр. Ал, іс жүзінде бұл «шаралардың» бәрі қайда апарып соғатынын біз тәжрибеден жақсы білеміз: солшыл кандидаттар тізімнен өшіріледі, оларға қарсы әдейі сот жасалады, тұтқынға алулар, жер аударулар болады — міне «шаралар» дегеніміз осы! Екінші жағы-

нан, қасиетті синод епархиялық епископтарға: алдымыздағы сайлауға мейлінше белсеніп қатнасыңдар, Думаға шіркеу мүдделерін табанды қорғайтын адамдарды сайлаңдар, осы мақсатпен сайлау алдында епархиялық дін иелерінің съездерін өткізіңдер, сайлау алдында арнаулы газеттер шығаруға кірісіңдер, т. т. деп кеңес береді.

Егерде тіпті шіркеу бастықтарына да үкімет партиялары үшін «шіркеу жұмысын» қойып, «дүниелік жұмысқа» кірісуге тура келсе, онда үкімет партияларының ісі жаман болғаны!

Демек, сайлауда діни губернаторлар мен үкімет губернаторлары қысым жасамақ, — міне, олардың қолдана алатын амалы осы.

Рас, тағы бір амал бар, ол — бипартиялық белгісін тағып алу, сайлаушыларды алдап, қалайда Думаға өтіп кету, сөйтіп кейін перденi лақтырып тастау. Жақында бипартиялық пердесін киіп шыққан Ковно ұлтшылдарының «ісі» дәл осыған қарай бет алып отыр. Бірақ бұл — нәзік амал, сондықтан бұл біздің сөлекет дәулерге жараса қоймас...

Ал, Россия либералдарының: кадеттердің, бейбіт жаңартымпаздардың, прогрессистердің жөні басқа. Бұлар жылпос адамдар, бұлар бипартиялық пердесін сарқа пайдалана алар... Мұндай бипартиялық түлеген кадеттерге қажет, өте қажет.

Әңгіме мынада: III Дума кезінде обывательдер октябристерге, кадеттерге сын көзімен қарауды үйренді. Екінші жағынан, сенімін ақтамағандықтан, «бірінші курия» адамдарының, қаланың ірі буржуаларының, октябристерден «көңілдері қайтты». Ендеше кадеттермен министрлікке таласатын октябристерді «ерден аударып

тастауға» мүмкіндік бар. Бірақ «бірінші курияға» прогресшіл бейбіт жаңартымпаздар арқылы жетпегенде қалай жету керек? Сондықтан бейбіт жаңартымпаздармен арадағы одақ жасасын! Рас, бұл үшін «сәл» оңшылдану керек, бірақ мұның оқасы жоқ: пайдалы жерінде оңшылдануға болмай ма екен?

Сонымен, солға қарай!

Екінші жағынан, «екінші куриядағы» «қаланың ұсақ, орта адамдары», интеллигенция, приказчиктер және басқалар, бірсыпыра солшылданды, олар әсіресе кәзір етек алып отырған Лена оқыйғасымен байланысты солшылданды. Кадеттер өздерін саяси зор кінәліміз деп біледі, олар «халық бостандығы» ісіне опасыздық етуге тым көп әрекет жасады; құдай біледі, олар, егер жіберетініне сенсе, кәзірде де министрлікке ұмтылған болар еді! Міне, сол үшін де қаланың демократ топтары кадеттерге қырын қарай бастады. Осындай сайлаушының алдында бетпердесіз сөйлеудің, өзінің опасыз либералдық келбетін көрсетіп сөйлеудің қауіптірек екенін тағы айтып жату кажет пе? Ал, олай болса, қаланың солшылданған, кәзір кадеттерден алыстай бастаған, бірақ социал-демократтарға әлі қосылып кетпеген адамдары үшін не ойлап шығару керек? Әрине, прогресшіл тұман... яғни прогресшіл бипартиялық керек. О, жоқ, прогрессистер кадеттер екен деп ойламаңдар! Жоқ, олар тіпті кадеттер емес, олар тек кадеттердің кандидаттарына ғана дауыс береді, олар кадеттердің тек «бипартиялық» приказчиктері ғана.. Кадеттер де «бипартиялық» прогрессистерді дәріптейді: басқаша мүмкін емес, ең болмаса сөз жүзінде бипартиялыққа қарай... солшылдану керек!

Сонымен, оңға қарай!

Бір жағынан... екінші жағынан... оңға қарай... солға қарай... Міне, халықты либералдық жолмен алдаушы партияның, кадеттер партиясының саясаты осылай.

Сайлаушылардың бастарын айналдыру — міне, россиялық либералдар осындай шараларға сеніп отыр.

Ал, — мұны баса айту керек — бипартиялық бұзақылар сайлауда зор роль атқаруы мүмкін. Егерде социал-демократтар бетін перделеген либерал мырзаларды әшкерелемесе, олар болғалы отырған сайлауға байланысты күшті науқан жүргізбесе, олар қаланың демократиялық топтарын азаттық қозғалыстың көсемі төңрегіне, орыс пролетариаты төңрегіне топтауға бар күшін салмаса, — онда бипартиялық бұзақылар зор роль атқаруы мүмкін.

Петербургтің „Звезда" газеті, № 32, 19 апрель, 1912 ж.
Қол қойған: К. Солин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ҚОРТЫНДЫЛАР

Саяси өрлеудің алғашқы толқыны қайта бастады. «Соңғы» ереуілдер болып жатыр. Қарсылық білдіруші ереуілшілердің дауыстары әлі әр жерде бір естіледі, бірақ бұл ең «соңғы» дауыс болмақ. Ел әзірге «кәдімгі қалпына» түсе бастады...

Соңғы оқиғалардан пролетариат қандай сабақ ала алады?

«Қозғалыс күндерінің» суретін еске түсірейік.

4 апрель. Ленадағы ату. 500 шамалы кісі құрбан болды, — өлді, жараланды. Елде тыныштық сияқты. Үкіметтің көңіл күйі берік. Оңтүстікте қарсылық ереуілдер басталды.

10 апрель. Думада сұрау салынды. Ереуілдер саны артты. Қауіп-қатер күшейе бастады.

11 апрель. Министр Макаров: «осылай болды, осылай бола бермек» деп жауап қайтарды. Тимашёв Макаровқа «түгел» қосылмайды. Бұл — өкімет өкілдері арасындағы алғашқы жарғышақ. Петербургте митингілер мен ереуілдер болып жатыр. Провинцияда қозғалыс күшеюде.

15 апрель. Петербургте студенттер мен жұмысшылардың демонстрациясы болды.

18 апрель. Петербургте 100 000-нан аса жұмысшы ереуіл жасады. Жұмысшылардың демонстрациялары болды. Өкімет есінен танды. Макаров Думада көрінуге қорықты. Тимашёв кешірім сұрады. Өкімет шегінді. «Жұртшылық пікіріне» жол берілді.

Қортынды айқын: үндемеушілікпен, шыдамдылықпен құлдықтан құтылуға болмайды. Жұмысшылардың даусы неғұрлым қатты шықса, реакциялық күштер соғұрлым есінен танады, соғұрлым тез шегінеді...

«Қозғалыс күндері» — саяси партияларды сынайтын ең жақсы алаң. Партияларды айтып жүрген сөздеріне қарай бағаламай, «күрес күндерінде» өздерін қалай ұстауына қарай бағалау керек. Өздерін «халық» партиясымыз деп атайтын партиялар бұл күндерде өздерін қалай ұстады?

Әсіре-қаражүздік помещиктер тобы, бастығы Замысловскийлер мен Марковтар болып, Ленада болған ату жөніндегі қуаныштарын әрең жасырып қалды. Олар: рахмет жауғыр өкімет күшін, қаталдығын көрсетті, «жалқау» жұмысшылар өздерінің кіммен істес болып отырғанын біліп қойсын! деді. Олар Макаровқа қол шапалақтады. Олар Думадағы социал-демократиялық фракцияның сұрақ салуына қарсы дауыс берді. Олардың «Земщина»[109] деген газеті өкіметті Лена «үгітшілеріне» қарсы, бүкіл Россиядағы ереуілші жұмысшыларға, жұмысшы газеті «Звездаға» қарсы айдап салды.

Баяу-қаражүздік помещиктер тобы, бастығы Балашовтар мен Крупенскийлер болып, Лена атуына, асылында, ешқандай қарсы болған жоқ, — олар тек өкі-

меттің тым ашық, айқын әрекет істегеніне өкінді. Сондықтан олар, «атылғандарға» өтірік жылаған болып, өкіметтен ату жұмыстарында «әдепті болуды» тіледі. Олар социал-демократиялық фракцияның сұрақ салуына қарсы дауыс берді, олардың «Новое Время»[110] деген газеті «көзі жеткен ереуілшілерге» «аяу болмасын», демонстрацияшылар «жеңіл айыппен немесе тұтқынға алынып қана құтылмасын, қатты жазаға тартылсын», ал тұтқынға алынған «үгітшілер» енді түрмеден босатылмасын деп ұсынды.

Консерватор помещиктер мен буржуазияның масыл топтарының партиясы, октябристер партиясы, бастығы Гучковтар мен Гололобовтар болып, атылғандар жөнінде қайғырған жоқ, Ленада «қару-жарақты дұрыс қолданбау» арқасында өздері қолдап отырған министрліктің «қолайсыз нәрсеге» (ереуілге) ұшырағанына қайғырды. Бұл партия Макаровтың сөзін «онша әдепті сөз емес» деп санаумен қатар, өзінің «Голос Москвы»[111] деген газетінде «төгілген қан үшін үкімет кінәлі емес» деп сенетіндігін білдірді. Бұл партия социал-демократтардың сұрақ салуын іске асырмады. Бұл партия өкіметті «үгіттеушілерге» қарсы айдап салды. Тимашёв Макаровты ақтауға кірiскенде, бұл партия: енді «дау» бітті деп, соған қол соқты.

Либерал помещиктер мен буржуазияның орташа тобының партиясы, кадеттер партиясы, бастығы Милюковтар мен Маклаковтар болып, Ленадағы атуға карсы неше алуан өткір сөздер айтты, бірақ әңгіме мемлекеттік тәртіптің негізінде емес, Трещенко, Белозёров сияқты жеке адамдарда деп тапты. Сондықтан бұлар Макаровтың сөзі жөнінде «біз қателестік» деген фарисейлік әнге баса келіп, Тимашёвтың «қатесін мойындаған»

сөздерін естіді де, жым болды. **Бір жағынан,** бұл партия өкімет өкілдеріне ел сот жасасын деп талап еткен социал-демократиялық фракцияны қуаттады. **Екінші жағынан,** бұл партия әлгі өкімет өкілдерінен ереуіл жасаған жұмысшыларды «мәдени шаралармен» тоқтатуды өтінген өнеркәсіп буржуазиясының өкілдерін, бейбіт жаңартымпаз мырзаларды құттықтады. Кадеттер партиясы өзінің жақсы ниеттілігі жөнінде ешбір шүбә болмауы үшін «Речь» деген газетінде Лена ереуілін «стихиялық бүлік» деп жарыялай қойды.

«Қозғалыс күндерінде» бұл «халықтық» партиялар өздерін міне осылай ұстады.

Жұмысшылар мұны есінде ұстасын, сөйтіп IV Думаның «сайлау күндерінде» оларға тиісінше баға берсін.

«Күрес күндерінде» жұмысшылардың мүддесін қорғаған, ең дұрысын айтқан тек социал-демократиялық партия ғана болды.

Қортынды айқын: социал-демократия — пролетариаттың бірден-бір қорғаушысы. Аттары аталған басқа партиялардың бәрі де — жұмысшы табының жауы; олардың бір-бірінен айырмасы сол — олар жұмысшыларға қарсы әртүрлі жолмен күреседі: бірі «мәдени жолмен», екіншісі «онша мәдени емес» жолмен, үшіншісі «мүлде мәдени емес» жолмен күреседі.

Қәзір, өрлеудің алғашқы толқыны қайтқан кезде, бұрын көзінен өтірік жас ағызып, жасырынып қалған арам ойлылар қайтадан көріне бастады. «Земщина» жұмысшы баспасөзіне қарсы «шара» қолдануға шақырады. «Новое Время» «кәміл» жұмысшыларды аямауға шақырады. Ал, өкімет «сенімсіздерді» үсті-үстіне тұтқынға алып, «іске» кірісіп жатыр. Бұлар өзде

рінің «жаңа жорықтарында» неменеге сеніп отыр, бір кезде декбірінен жаңылып қалған өкіметке мұндай күш қайдан бітті?

Олар бір-ақ нәрсеге сенеді: әрдайым қалың бұқараның қарсылығын ұйымдастыра қоюдың мүмкін емес екеніне, жұмысшылардың ұйымшыл еместігіне, олардың жете саналы еместігіне сенеді.

Петербургтің „Звезда" газеті,
№ 33, 22 апрель, 1912 ж.
Қол қойған: К. Солин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ МАҚСАТТАРЫМЫЗ

Кімде-кім «Звезданы» оқыйтын болса, оның қызметкерлерін білетін болса, оның қызметкерлері «Правданың» да[112] қызметкерлері болып табылатынын білетін болса, ол адамға «Правданың» қай бағытта жұмыс істейтіндігін ұғу қыйын емес. Орыс жұмысшы қозғалысының жолына халықаралық социал-демократияның жарық сәулесін түсіру, жұмысшылар арасында жұмысшы табының достары мен дұшпандары туралы шындықты тарату, жұмысшылардың мүдделерін қорғау — міне «Правданың» көздейтін мақсаттары осылар.

Бұл мақсаттарды алға қойғанда, біз социал-демократияшыл жұмысшылардың арасындағы қайшылықтарды бүркемек емеспіз. Қайта біз, күшті, өмірге байланысты қозғалыстың қайшылықсыз болуы мүмкін емес деп ойлаймыз, — «көзқарастардың толық үйлесуі» тек қабірде ғана болатын нәрсе! Бірақ бұл —ажырасу себептері бірлесу себептерінен көп деген сөз емес. Мүлде олай емес! Алдыңғы қатарлы жұмысшылар қаншама ажырасып отырса да, олар өздерінің бәрі бірдей, фракцияларына қарамастан, қаналушылар екендігін, өздері-

нің бәрі бірдей, фракцияларына қарамастан, правосыз адамдар екендігін ұмыта алмайды. Сондықтан «Правда», ең алдымен және көбінесе, жұмысшыларды пролетариаттың таптық күресінің бірлігіне шақырмақ, қалай болған күнде де бірлікке шақырмақ. Біз дұшпандарға қаншалықты мейрімсіз болатын болсақ, бір-бірімізге соншалықты кеңгіш болуымыз қажет. Жұмысшы қозғалысының дұшпандарына соғыс жариялау, қозғалыстың өз ішінде тату және ынтымақты жұмыс жүргізу — міне өзінің күнделікті жұмысында «Праваданың» қолданатын бағыты осы.

Мұны қазір ерекше баса айту керек; өйткені қазірде Лена оқиғасы және алдымызда тұрған IV Думаның сайлауы жұмысшылардың алдына біртұтас таптық ұйым болып ұйымдасудың қажеттігі туралы мәселені өте қатты қойып отыр...

Жұмысқа кірісумен қатар, біздің жолымызда толып жатқан қиыншылықтардың көлденең тұрғанын білеміз. «Звезданы» еске түсірудің өзі-ақ жеткілікті; ол толып жатқан конфискаларды және «жауапқа тартылуды» басынан кешіріп отыр. Бірақ, қазіргі кезде «Праваданың» төңрегіне ұйымдасып отырған жұмысшылардың тілектестігі бұдан былай да болып отыратын болса, қиыншылықтар қорқынышты емес. Жұмысшылардың бұл тілектестігі оны күреске жігерлендіріп отырмақ! Біз бұл сияқты тілектестіктің күшейе беруін қалаған болар едік. Біз, оның үстіне, жұмысшылардың тек тілектестікпен ғана қанағаттанып қоймай, газетіміздің жұмысына белсенді түрде қатысуларын қалаған болар едік. Жұмысшылар жазушылық ісі «үйренішті іс емес» деген сөзді айтпайтын болсын: жұмысшы әде-

биетшілер даяр күйінде аспаннан түспейді, олар тек жүре-келе әдебиет жұмысы үстінде ғана дайындалып шықпақ. Істі тек тайсалмай қолға алу керек: бір-екі рет сүрінгенсоң жазуға үйренесің...

Сөйтіп, жұмыла іске кірiселік!

„Правда" газеті, № 1,
22 апрель, 1912 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗ ЖҰМЫСШЫ ДЕПУТАТЫНА ТАПСЫРҒАН АМАНАТЫ[113]

Орыс халқының бесінші жылғы қозғалыстан туған талаптары шешілмей қалып отыр.

Реакцияның және «жаңарған құрылыстың» дамуы бұл талаптарды қанағаттандырмағаны былай тұрсын, қайта — керісінше — оларды одан әрі шиеленістірді.

Жұмысшылардың, көбінесе-ақ, ереуіл жасауға мүмкіншілігі жоқ, — өйткені бұл үшін оларды оқтың астына алмайды деп ешбір сенуге болмайды; жұмысшылардың одақтар құрып, жыйналыстар жасауға мүмкіншілігі жоқ, — өйткені бұл үшін оларды қамап қоймайды деп ешбір сенуге болмайды; ол ол ма, жұмысшылардың Думаға депутаттар сайлауға да мүмкіншілігі жоқ, өйткені өкімет оларды бәрібір «түсіндіреді»[114] немесе айдап жібереді: жуықта путиловшыларды және Невадағы кеме жасайтын заводтың жұмысшыларын «түсіндірді» ғой!

Біз, помещиктердің және земство бастықтарының езуінде жатқан, ашаршылыққа ұшырап отырған он миллиондаған шаруалар туралы сөз қылып та отырғанымыз жоқ...

Осының бәрі бесінші жылдың қойған талаптарының орындалуы керектігін көрсетеді.

Россияның экономикалық өмірінің кәзіргі халі, болашақ өнеркәсіп дағдарысының кәзірдің өзінде көрініп отырған белгілері және шаруалардың қалың бұқарасының қайыршылыққа ұшырауының барған сайын күшеюі — бесінші жылдың қойған міндеттерінің шешілуін өте-мөте қажет етеді.

Сондықтан біз — Россия келешектегі бұқаралық қозғалыстардың қарсаңында тұр деп ойлаймыз; бұл қозғалыстардың бесінші жылғыдан да күшті болуы мүмкін. Бұған дәлел: Лена аттаныстары, «түсіндірулерге» қарсы наразылық ереуілдері, т. т.

Бұл қозғалыстардың жетекшісі бесінші жылдағы сияқты, орыс қоғамының ең алдыңғы табы — орыс пролетариаты болады.

Ал оған, Россияның азат болуын шынымен тілейтін, көп қорлық көрген шаруалар ғана одақтас бола алады.

Екі майданда да күрес жүргізу, — феодалдық-бюрократтық тәртіптерге қарсы және ескі өкіметпен одақ жасағысы келетін либерал буржуазияға қарсы күрес жүргізу, — міне халықтың болашақ аттаныстарының формасы осындай болуға тиіс.

Ал бұл күрес жұмысшы табы халықтың қозғалысына басшылық етсе ғана, жеңімпаз күрес болады.

Бірақ, халық қозғалысының көсемі ретіндегі ролін аброймен атқара алатын болу үшін, жұмысшы табы өз мүдделерін түсініп, зор ұйымшылдықпен қарулануы керек.

Кәзіргі жағдайларда пролетариаттың қалың бұқарасын ағарту үшін және оларды ұйымдастыру үшін керекті жақсы құралдардың бірі — Дума трибунасы болып табылады.

Міне осы мақсатпен біз Думаға өзіміздің депута-

тымызды сайлап отырмыз, оған және IV Думаның бүкіл социал-демократиялық фракциясына Думаның трибунасынан біздің талаптарымызды кең түрде таратуды тапсырып отырмыз, оларға мырзалар Думасында заң шығару ойынына салынып кетпеңдер деп отырмыз.

Біздің тілейтініміз — IV Думаның социал-демократиялық фракциясы, әсіресе біздің депутатымыз, қарабет Думаның ішіндегі өздерінің дұшпандарына қарсы күресте жұмысшы табының туын жоғары ұстайтын болсын.

Біздің тілейтініміз — Дума трибунасының шыңынан: пролетариаттың түпкі мақсаты туралы, бесінші жылдың қысқартылмаған толық талаптары туралы, орыстың жұмысшы табы — халық қозғалысының көсемі екендігі туралы, шаруалар — жұмысшы табының ең сенімді одақтасы екендігі туралы, либерал буржуазия — «халық бостандығының» дұшпаны екендігі туралы — социал-демократиялық фракция мүшелерінің дауыстары қатты шығатын болсын.

Біздің тілейтініміз — жоғарыда айтылған ұрандарға сүйене отырып, IV Думаның социал-демократиялық фракциясы өз жұмысында бірлікті, ынтымақты болсын.

Ол қалың бұқарамен ұдайы байланыс жасау арқылы күш алып отыратын болсын.

Ол Россияның жұмысшы табының саяси ұйымымен бірге аяқ басып отыратын болсын.

1912 ж. октябрьдің бірінші жартысында жеке үндеухат болып басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ӨКІЛДЕРДІҢ ЕРКІ

Жұмысшы куриясы бойынша өткен сайлаудың қорытындысы толық анықталып отыр[115]. Алты сайлаушының ішінде жойымпаздар — 3, «Правданы» жақтайтындар — 3. Олардың ішінен кімді депутаттыққа белгілеу керек? Шынын айтқанда, кімді белгілеу керек еді? Бұл жөнінде өкілдердің жыйналысы ешқандай нұсқау берді ме?

Жойымпаздардың өздерін жақтайтын адамдарды өткізе алған себебі — олар өкілдерден өздерінің көзқарастарын жасырып қалды, «бірлік» дегенді сылтау етіп, алауыздықтарды бүркеді. Алауыздықтардың болуын жаратпайтын бипартиялық өкілдер олардың сөзіне сеніп, оларды жақтап шықты. Бірақ жойымпаздар суды қаншама лайлауға тырысса да, бір мәселе жөнінде — және ең басты мәселе жөнінде — өкілдердің еркі басым болып шықты. Бұл — аманат туралы мәселе. Өкілдердің жыйналысы көпшілік дауыспен депутатқа тапсырылған белгілі аманатты, «Правданы» жақтаушылар жасаған аманатты қабылдады.

Өзінің сайлау туралы есепті баяндамасында «Луч»[116]

бұл жөнде ешнәрсе айтпай отыр, бірақ ол барлық өкілдерге белгілі шындықты оқушылардан жасыра алмайды. Өкілдердің еркін біз оған бұрмалатып қоя алмаймыз.

Аманат — депутатқа берілетін нұсқау. Депутатты депутат ететін — аманат. Аманат қандай болса, депутат та сондай. Петербургтің ірі заводтары ұсынып, өкілдердің жыйналысында қабылданған аманатта не айтылған?

Бұл аманатта ең алдымен бесінші жылдың қойған міндеттері туралы, ол міндеттердің шешілмей қалғандығы туралы, еліміздің экономикалық және саяси жағдайы ол міндеттердің шешілуін сөзсіз қажет етіп отырғандығы туралы айтылған. Елдің азат етілуі, аманаттың айтуы бойынша, күрес арқылы, екі майданда да күресу арқылы: бір жағынан — феодалдық-бюрократтық қалдықтарға қарсы, екінші жағынан — опасыз либерал буржуазияға қарсы күресу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Ал мұнда жұмысшыларға сенімді одақтас бола алатын — тек қана шаруалар. Бірақ пролетариат гегемондық етсе (басшылық роль атқарса) ғана күрес жеңісті болуы мүмкін. Жұмысшылардың саналылығы мен ұйымшылдығы неғұрлым мол болса, олар халық көсемі ретіндегі ролін соғұрлым жақсы атқарады. Ал кәзіргі жағдайда Дума трибунасы бұқараны ұйымдастыру және оны ағарту жөніндегі ең жақсы құралдардың бірі болып табылады, сондықтан да жұмысшылар Думаға депутат сайлап отыр, ол депутат және IV Думаның бүкіл социал-демократиялық фракциясы пролетариаттың негізгі міндеттерін қорғасын, елдің қысқартылмаған толық талаптарын қорғасын деп отыр...

Аманаттың мазмұны міне осындай.

Бұл аманаттың жойымпаздардың «платформасына» негізінен қайшы екендігін түсіну қиын емес, — бұл аманат жойымпаздарға бүтіндей қарсы аманат.

Мәселе мынада: егер жойымпаздар депутаттыққа қалайда өздерінің кандидатын ұсынуға тырысатын болса, онда аманат не болмақ, өкілдер съезінің бұл туралы белгілі қарары болғандықтан, ол аманатты депутат жүзеге асыруға міндетті емес пе?

Жойымпаздарға қарсы аманатты жойымпаздар жүзеге асыруға тиіс, — бұл сияқты масқарашылыққа біздің жойымпаздар шыдар ма екен?

«Бірлік» дегенмен ойнау оларды тұйыққа апарып қамағанын олардың өздері сезе ме екен?

Не, мүмкін, олар аманатты бұзбақ шығар, оны ұмытпақ шығар?

Ал онда өкілдердің еркі не болмақ, ол ерікті Петербургтің жұмысшылары сөзсіз қорғап шықпай ма?

Өкілдердің еркімен санаспауға жойымпаздардың батылы барар ма екен?

Олар әлі жеңдік деп жүр, бірақ бұл аманаттың жойымпаздарға қарсы адам ғана депутат бола алады деп атап көрсетіп, оларды өлердей жеңіліске ұшыратқанын — олар сезе ме екен?

„Правда" газеті № 147,
19 октябрь, 1912 ж.
Қол қойған: К. Ст.

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГТІҢ ЖҰМЫСШЫ КУРИЯСЫ БОЙЫНША ӨТКЕН САЙЛАУДЫҢ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ ЖӨНІНДЕ

I. ӨКІЛДЕРДІ САЙЛАУ

1907 жылға қарағанда, жұмысшылардың ой-пікірлеріндегі ерекше белгі — олардың сайлауға көп көңіл қоюы. Егер әр жердегі кәсіпорындарда бытырап жүрген ұсақ топтарды еске алмасақ, онда бойкотистік пікір мүлде жоқ деп батыл айтуға болады. Обухов[117] бойкот жарыялаған жоқ, оған завод әкімшілігі сайлау мүмкіншілігін бермеді. Бойкотистердің ұйымдасқан түрде бас көтерген жері—Невадағы кеме жасайтын завод қана болды, бірақ онда да жұмысшылардың басым көпшілігі сайлауға қатысуды жақтап шықты. Жұмысшылардың қалың бұқарасы сайлауды жақтады. Ол ол ма, олар сайлауды талап етіп, сайлауға зор ынтамен қатысты, өйткені олардың алдарына жойылмастық кедергі қойылған жоқ. Бұған жақын арада «түсіндірулерге» қарсылық көрсеткен көпшіліктің наразылығы дәлел бола алады.

Сайланғандардың бәрі дерлік социал-демократтар немесе социал-демократтарға бейім адамдар. Бізден болмаған жағдайлардың себебінен, дәйекті жұмысшы демократиясының платформасын тек бірнеше кәсіпорындарда ғана түсіндіріп үлгіруге мүмкіншілік бол-

ды; ал жойымпаздар өздерінің платформасын тіпті жұмысшылардан әдейі жасырды. Бірақ, мүмкіншілік болған жерлердің бәрінде де, жұмысшылар «аманат» ретінде жойымпаздарға қарсылардың платформасын қабылдады. Мұндай жағдайларда жойымпаздар, — шамасы өздерін де, өздерінің көзқарастарын да қадірлемегендіктен,—«шындығында біз де осындай аманатты жақтаймыз» деді (Невадағы кеме жасайтын завод), және жойымпаздар коалиция бостандығы туралы «түзетулер» енгізді, бірақ ол «түзетулер» керегі жоқ нәрсе деп табылып, қабылданбады. Демек, сайлау көбінесе «адамына қарай» болды. Сөйтіп, өкілдердің басым көпшілігі социал-демократтар немесе соларға бейім адамдар болып шықты.

Жұмысшылардың мүдделерін қорғаушы — тек қана социал-демократия,—өкілдердің сайлауы міне осыны көрсетіп отыр.

2. САЙЛАУШЫЛАРДЫ САЙЛАУ

Жыйналған 82 өкілдің ішінде жойымпаздарға айқын қарсы адамдр 26 болды, айкын жойымпаздар— 15, қалған 41 адам — «жәй социал-демократтар», социал-демократтарға бейім адамдар және бипартиялық солшылдар.

Осы 41 кісі кімді жақтап шықпақ, олар қандай саяси бағытты мақұлдамақ — «Фракцияшылдардың» ең алдымен көңілін бөлген мәселе міне осы мәселе болды.

Өкілдердің жыйналысы басым көпшілік дауыспен «Правданың» адамдары ұсынған аманатты жақтап шықты. Мұнысымен ол жыйналыс өзінің бет-бейнесін

көрсетті. Жойымпаздарға қарсылардың саяси бағыты жеңіп шықты. Жойымпаздардың бұған кесір тигізу әрекеттері іске аспай қалды.

Егерде жойымпаздар саяси адал адамдар болса, олар өздерінің көзқарастарын қадірлейтін адамдар болса, — онда олар өздерінің кандидаттарын алып тастап, барлық орынды «Правданы» жақтаушыларға берген болар еді. Өйткені тек аманатты жақтайтын адамдардың ғана кандидат бола алатындығы өзінен өзі түсінікті. Аманаттың **дұшпаны** бола тұрып аманатты **қорғаушы** адам болып көріну — бұл тек саяси банкроттардың ғана істейтін ісі. Жойымпаздар мұны да істеп отыр! Олар, — өздерінің көзқарастарын өкілдерден жасырып, уақытша «өзіміздің адамдар» болғансып, қабылданған аманатқа «ешқандай қарсылықтарының жоқтығын» айтып, бірлік дегенді бетке ұстап және жойымпаздарға қарсыларды жікшілдер деп есептеп, олардың үстінен шағым етіп, — фракцияда жоқ өкілді сендіруге, лажын тауып өз адамдарын «өткізіп жіберуге» тырысты. Ал, шынында да, олар, өкілдерді алдап, өз адамдарын өткізіп жіберді.

Жойымпаздардың авантюризмінің ұшы-қиыры жоқ екендігі анық нәрсе болатын.

Петербург пролетариатының «Правданың» саяси бағытына, тек соның ғана бағытына, тілектес екендігі, өкілдердің еркі бойынша, тек «Правданы» жақтаушы адам ғана жұмысшылардың депутаты бола алатындығы — бұдан да гөрі анық нәрсе болатын.

Біз бұдан артық жеңісті тілегеніміз де жоқ...

3. ЕКІ БІРЛІК

Депутатты сайлау мәселесіне көшуден бұрын, сайлаушыларды сайлаған кезде мәселенің тағдырын шешкен «бірлік» туралы бір-екі ауыз сөз айту қажет; суға кеткен тал қармайды дегендей, жойымпаздар осы «бірлікке» жармасып отыр.

Жақын арада Троцкий «Лучта»: «Правда» бір кезде бірлікті жақтаушы еді, ал кәзір ол бірлікке қарсы — деп жазды. Бұл дұрыс па? Дұрыс та, теріс те. «Правда» бірлікті жақтаушы еді деуі дұрыс. «Правда» кәзір бірлікке қарсы деуі теріс: «Правда» қашан да болса дәйекті жұмысшы демократиясын бірлікке шақырады.

Онда әңгіме неде? Әңгіме мынада болып отыр: «Правданың» және «Луч» пен Троцкийдің бірлікке көзқарастары мүлдем басқаша. Бірлік, тегінде, әртүрлі болады.

«Правданың» ойынша — тек большевиктер мен партияшыл меньшевиктер ғана біртұтас болып бірлесе алады. Партияға қарсы элементтерден, жойымпаздардан ажырасу арқылы бірлік жасау керек! «Правда» осындай бірлікті әрқашан жақтап келді, бұдан былай да жақтамақ.

Ал Троцкийдің мәселеге көзқарасы басқаша: ол партиялыққа қарсы адамдарды да, партиялықты жақтайтын адамдарды да тегісінен бір жерге әкеліп үйеді. Сондықтан да ол, әлбетте, ешқандай бірлік шығара алмайды: бірлестіруге болмайтын нәрсені бірлестірем деп, ол бес жыл бойы балалық үгіт айтып жүр, ақырында оның тапқан нәрсесі — бізде кәзір екі газет бар, екі платформа бар, екі конференция бар, ал жұ-

мысшы демократиясы мен жойымпаздардың арасында тырнақтай да бірлік жоқ!

Большевиктер мен партияшыл меньшевиктер барған сайын біртұтас болып бірлесіп келе жатыр, ал жойымпаздар осы біртұтас бірлестік пен өздерінің арасына шыңырау ор қазып отыр.

Қозғалыстың практикасы «Правданың» бірлік жоспарын мақұлдап отыр.

Қозғалыстың практикасы бірлестіруге болмайтын нәрсені бірлестіру жөніндегі Троцкийдің балалық жоспарын теріске шығарып отыр.

Ол ол ма. Қыяли бірліктің үгітшісінен Троцкий, жойымпаздарға жағымды іс істейтін, жойымпаздардың приказчигіне айналып отыр.

Бізде бірімен бірі бәсекелесіп отыратын екі газеттің болуы үшін, бәсекелесіп отыратын екі платформаның болуы үшін, бірін бірі теріске шығарып отыратын екі конференцияның болуы үшін—Троцкий қолынан келген нәрсенің бәрін істеді, — ал кәзір осы құр кеуделі палуан бізге бірлік туралы тілмәрсіп отыр!

Бұл — бірлік емес, тек масқарапаздардың ойнайтын ойыны.

Ал егер бұл ойын жойымпаздарға өздерінің үш сайлаушысын өткізіп жіберуге мүмкіншілік берген болса, оның себебі — өздерінің ұрандарын жұмысшылардан жасырған бірлік масқарапаздарын қысқа мерзім ішінде әшкерелеуге мүмкіншілік болмады...

4. ДЕПУТАТ САЙЛАУ

Осыдан-ақ, Думаға бір кандидат сайлау туралы «Правданы» жақтаушыларға жойымпаздар ұсыныс жа-

саған кездерінде, олардың кандай «бірлік» туралы әңгіме жасағылары келгендігін түсіну қиын емес. Олар, өкілдердің еркіне қарсы, Петербург пролетариатының аманатына қарсы, тура жойымпаздардың кандидатына дауыс беруді ұсынды. Өкілдердің аманаты қасиетті нәрсе, аманатты жақтайтын адам ғана депутат бола алады деуден басқа, «Правданы» жақтаушылар бұған не деп жауап бермек? Жойымпаздардың тұрлаусыздығына бола өкілдердің еркін бұзу керек пе, әлде Петербург пролетариатының аманатын орындау үшін бұл жойымпаздардың кесірлігін аяқ асты қалдыру керек пе? «Луч»: «Правда» жік шығарып отыр деп айқай салуда, сайлаушыларға болмаған нәрсені апарып таңуда; ал жұмысшылардан сайланған алты сайлаушы тас салыссын деген «Правданың» ұсынысына жойымпаздар неге келісім бермеді? Жұмысшылардың атынан ортақ кандидат өткізу мақсатымен біз тіпті осыған да көндік, ал жойымпаздар тас салысу туралы біздің ұсынысымызды неге қарсы алмады? — деп біз сұрақ қоямыз. «Лучты» жақтаушылар Думаға бір кандидат ұсынудың орнына алты кандидат ұсынуды неліктен артық көрді? Мүмкін «бірлік» мүддесі үшін шығар?

«Луч» былай дейді: — Гудков кандидаттыққа «Правданың» адамы Бадаевты ұсынды; бірақ ұсыныс қабылданбай қалды, — деп, бұл жойымпаздық газет жәй ғана қосып қояды. Бірақ «Лучтағы» жойымпаздар мынаны қалайша ұмытқан: «Правданың» адамы емес, олардың өздерінің адамы Петров өз кандидатын алып тастаудан бастартты, сөйтіп ол іс жүзінде «бірлікке» жойымпаздық тұрғыдан қарайтындығын көрсетті. Олар осыны да бірлік деп атайды-ау! «Лучтың» басқа бір адамы Гудков өзінің кандидатурасын «Прав-

даның» адамы Бадаев сайланып өткеннен кейін ұсынды, мүмкін, бұл да бірлік болып есептелетін шығар? Бұған кім сенбек?

«Луч» фарисейлікпен белгілі саяси беті жоқ Судаков жөнінде жар салып отыр; бірліктің мүддесі үшін ол өзінің кандидатурасын алып тастапты-мыс. Бірақ Судаков сайлана **алған жоқ**, өйткені ол екі-ақ дауыс алды, «Луч» мұны қалайша білмейді? жұрттың көз алдында өтірік айтуға батылы барып отырған газетті не деп атауға болады?

Саяси түрлаусыздық,— жойымпаздардың «қасиеті» осы-ақ болғаны ма?

Жойымпаздар, Петербург жұмысшыларының еркіне қарсы, кадеттер мен октябристердің еркін орындап, Думаға өздерінің адамын өткізуге тырысты. Бұл сияқты депутатқа Петербург жұмысшылары сенбестік жариялар еді, — жұмысшы бұқарасынан қол үзген «Луч» мұны қалайша түсінбейді?

„Правда" газеті, № 151, 24 октябрь, 1912 ж.
Қол қойған: К. Ст.

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БҮГІН САЙЛАУ

Бүгін Петербургте сайлау болады. Сайлау екінші курияда жүргізіледі. Екі лагерь: социал-демократтар мен кадеттер күресуде. Сайлаушылар елдің тағдырын кімге тапсыратындығын шешуге тиіс.

Социал-демократтардың тілейтіні не?

Кадеттердің тілейтіні не?

Социал-демократтар, жұмысшы табының өкілдері болғандықтан, адам баласын қанау атаулыдан азат етуге тырысады.

Ал кадеттер, либерал буржуазияның өкілдері болғандықтан, өздерінің болашақтарын адамды адамның қанауына негіздеп құрады; рас, бұл қанау — біраз қырланған қанау, бірақ қанаудың аты қанау ғой.

Социал-демократтардың ойынша — елді жаңарту туралы мәселе шешілген жоқ, ол мәселені шешу керек, шешкенде елдің өзінің күшімен шешу керек.

Кадеттердің ойынша — елді жаңарту туралы сөздер керексіз сөздер, неге десеңіз «бізде, құдайға шүкір, конституция бар»...

Социал-демократтардың ойынша — елді жаңарту

жолында Россия екі Россия болып бөлініп отыр: ескі, ресми Россия болып және болашақ, жаңа Россия болып бөлініп отыр.

Кадеттердің ойынша — «конституция сыйға беріліп отырған» кезде, екі Россияның «мұндай бір-біріне қарама-қарсы болуы» «бұдан былай мүмкін емес нәрсе», неге десеңіз «Россия — біреу».

Қортынды біреу: кадеттердің конституция жөніндегі идеалы жүзеге асып отыр. Үшінші июнь ережелерінің көлемі оларға тарлық жасамайды.

Мысалға, Милюковтың 1909 жылы Лондондағы банкетте сөйлеген сөзін алалық; ол банкетке Россияның «атынан» онымен бірге октябрист Гучков және «баяу» қаражүздік Бобринский қатысты; Милюков міне былай дейді:

«Сіздердің алдарыңызда отырғандар — саяси пікірлерінде өте зор айырмашылығы бар адамдар, бірақ бұл айырмашылықтар, бірін бірі толықтыра отырып, конституциялық Россия жөніндегі ұлы идеалымыз болып табылады» (қараңыз: И. Ефремовтың «орыстың халық өкілдері», т. т. деген кітабы, 81-бет).

Демек, «халық бостандығының» мүдделері үшін... кадет Милюковты қаражүздік Бобринский «толықтырып отыру керек», — бақсақ, кадеттердің «ұлы идеалы» осы екен.

Лондондағы банкетте жұмысшылардың **бір де** өкілі болған жоқ, шаруалардың **бір де** өкілі болған жоқ, бірақ кадеттердің «ұлы идеалы» жұмысшыларсыз да, шаруаларсыз да бола береді екен...

Бобринскийлердің, Гучковтардың және Милюковтардың конституциясы, жұмысшылардың **өкілдерін катыстырмайтын**, шаруалардың өкілдерін **қатыстыр-**

майтын конституция — міне кадеттердің «идеалдары» осы!

Осыны көре отырып, үшінші Думада кадеттердің: 1) халыққа қарсы бюджетті жақтап, 2) жанама салықтарды жақтап, 3) түрме үшін қаражат шығаруды, т.т. жақтап дауыс бергендігіне таңдануға бола ма?

Осыны көре отырып, жұмысшылардың, шаруалардың және бүкіл демократияның талаптарына кадеттердің қарсы шығып отырғанына таңдануға бола ма?

Осыны көре отырып, кадеттердің, Маклаков арқылы, студенттер қозғалысы жөнінде «неғұрлым жігерлі, қатаң, мейрімсіз болуды» талап еткеніне, ал Лена жұмысшыларының бейбіт ереуілін «Речь» газетінде «стихиялық бүлік» деп қорлағанына таңдануға бола ма?

Жоқ, бұл—«халық бостандығының» партиясы емес, «халық бостандығына» опасыздық жасаушылардың партиясы.

Мұндай адамдар — халықтың сыртынан бюрократиямен сауда жасауға ғана шебер адамдар. Виттемен, Столыпинмен және Треповпен жүргізілген, ал кәзір Сазоновпен жүргізіліп отырған «келіссөздер» — тіпті де кездейсоқ нәрсе емес.

Мұндай адамдар — қаражүздіктермен одақтасып, Харьковтегі, Костромадағы, Екатеринодардағы, Ригадағы сайлауларда социал-демократтарды сүріндіруге ғана шебер адамдар.

Елдің тағдырын мұндай адамдарға тапсыру—қорлыққа ұшырату үшін елді жаудың қолына берумен бірдей.

Біз, өздерін сыйлайтын сайлаушылар өздерінің абройын кадеттердің тағдырымен байланыстырмайды деп сенеміз.

Орыс халқына қарсы ауыр күнәлары үшін бүгін кадеттер тиісті жазаларын тартатын болсын.

Жұмысшы сайлаушылар! Өздеріңнің мүдделеріңді қорғайтын адамдарға дауыс беріңдер, социал-демократтарға дауыс беріңдер!

Приказчик сайлаушылар! Сендердің дем алу мүдделеріңе теріс қарайтын кадеттер үшін дауыс бермеңдер, — сендердің мүдделеріңді дәйектілікпен қорғайтын тек социал-демократтар ғана, социал-демократтарға дауыс беріңдер!

Поляк сайлаушылар! Сендер ұлттық еркін даму правосын талап етіп жүрсіңдер, — естеріңде болсын: жалпы бостандық болмайынша, ұлттар бостандығы болуы мүмкін емес, ал кадеттер бостандыққа опасыздық жасап отыр!

Еврей сайлаушылар! Сендер еврейлердің тең праволы болуын талап етіп жүрсіңдер, ал естеріңде болсын: Бобринскийлермен ауыз жаласып отырған Милюковтар және оңшылдармен одақ жасасып отырған кадеттер тең право орнатуға тырыспақ емес!

Халықтың бостандығына опасыздық жасап отырғандарды жақтайсыңдар ма, әлде сол бостандықты қорғаушыларды жақтайсыңдар ма, кадеттерді жақтайсыңдар ма, әлде социал-демократтарды жақтайсыңдар ма — қалау өздеріңде, азаматтар!

„Правда" газеті, № 152,
25 октябрь, 1912 ж.
Қол қойған: К. С т.

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРІНЕ![118]

9 январь

Жолдастар!

Біз тоғызыншы январьды — жүздеген жұмысшы бауырларымыздың қанымен жуылған күнді тағы қарсы алып отырмыз; 1905 жылы 9 январьда Николай Романов патша, тұрмыстарын жақсартуды сұрап, жайбарақат және қарусыз келген жүздеген жұмысшыларды атып тастады.

Содан бері сегіз жыл өтті. Сегіз жыл ұзақ уақыт; бостандықтың көзді ашып-жұмғандай елесін есептемегенде, бұл уақыттың ішінде патша мен помещиктер елімізді үнемі жәбірлеп, азаптап келді!

Қазірде де, бұрынғы сықты, Россияда бейбіт стачка үшін жұмысшыларды атып жатыр, — мұндай іс Ленада болды. Қазірде де, бұрынғы сықты, миллион-миллиондаған шаруалар аштыққа ұшырауда, — мұндай іс 1911 жылы болды. Қазірде де, бұрынғы сықты, патша түрмелерінде халықтың таңдаулы ұлдарын азаптап және қорлап, оларды жаппай өзін-өзі өлтірушілікке әкеп соқтырып отыр, — мұндай іс жақында Кутомарда, Алгачыда[119], т. т. болды. Қазірде де, бұрынғы сықты, шаруалар үшін жер талап еткен, барлық халық үшін бос-

тандық талап еткен матростар мен солдаттарды патшаның соты арқылы атып жатыр, — мұндай іс жақын арада Қара теңіздің 17 матросы[120] жөнінде болды. Николай Романов, помещик құзырлы бүкілроссиялық самодержец, өзінің «құдай» берген өкіметін, поптардың шапанын жамылған синодтық жауыздар мен қаражүздікітерден — Пуришкевичтер мен Хвостовтардан — патиха алған өкімін осылай жүзеге асырып отыр.

Үстіміздегі жылы елімізге қанды өкімін жүргізгеніне 300 жыл толған мерекесін тойлағалы отырған Романовтардың монархиясы, бұрынғыша, Российны өзінің қыспағына салып тұншықтырып отыр.

Бірақ кәзіргі Россия — Романовтардың тепкісінде ұзақ уақыт, үн шығармай сарнаған бұрынғы мүсәпір, көнбісті Россия емес. Бәрінен де бұрын, — бостандық үшін күресушілердің бәрінің алдында келе жатқан біздің орыс жұмысшы табы бұрынғысындай емес. Енді 1913 жылғы 9 январьды біз еңсесі түсіп, қорланған құлдарша қарсы алмаймыз, кеудені көтеріп қарсы аламыз, — халықтық Российның қайтадан оянғанын, контрреволюция мұзының уатылғанын, халық қозғалысы сеңінің қайтадан жылжый бастағанын, «артымызда жаңа әскерлер келе жатқанын»... сезетін, білетін, бірлігі күшті жауынгерлер армиясы ретінде қарсы аламыз.

Сегіз жыл! Аз уақыт болса да, бастан өткен көп... Осы уақыттың ішінде біз үш Мемлекеттік думаны көрдік. Көпшілігі либералдар болған, бірақ жұмысшылар мен шаруалардың дауыстары жер жарған бірінші екі думаны, қаражүздік помещиктердің дегенімен, патша таратып жіберді. Үшінші Думаның өзі қаражүздік дума болды да, шаруаларды, жұмысшыларды — бүкілхалықтық Российны — бұрынғыдан да гөрі қанап, езу жөнін-

де бес жыл бойына патша қарақшыларымен бірге істесіп келді.

Түнерген контрреволюция жылдарында жұмысшы табына тұрмыстың нағыз ащы уларын татуға тура келді. 1907 жылдан бері, ескі тәртіптің күштері бұқараның революциялық қозғалысын уақытша басқан кезден бері, жұмысшылар қос тепкінің астында сарнауда. Олардан өте-мөте рахымсыз түрде өш алып отырған патша бандасы болды. Оларға капитал шабуылы да төнуде. Фабриканттар мен заводшылар, саяси реакцияны пайдаланып, жұмысшылардың зор еңбекпен, зор құрбандықпен жеңіп алғандарының бәрін бірте-бірте тартып алумен келеді. Локауттардың жәрдемі арқасында, жандармерия мен полицияның қорғауы арқасында қожағындар жұмыс күнін арттыруда, жалақыны қысқартуда, фабрикалар мен заводтарда ескі тәртіптерді орнатуда.

Тістерін қайраған жұмысшылар үнін шығармады. Сегізінші және тоғызыншы жылдар — қаражүздіктердің мерейінің барынша үстем болып, жұмысшылар қозғалысының барынша бәсеңдеген жылдары болды. Бірақ 1910 жылдың жазында-ақ жұмысшы стачкалары қайта туа бастады. Ал 1911 жылдың аяғында, провокациямен сотталған, II Думаның социал-демократ депутаттарының каторгада қалуына қарсы он мыңдаған жұмысшылар белсене қарсылық көрсетті[121].

Жұмысшылардың жаппай қозғалысы II Думаның социал-демократ депутаттарына шығарылған каторгалық үкім жөнінде болған 1907 жылдың 22 ноябріндегі ереуілмен аяқталды. Ал жұмысшылардың жаппай қозғалысы 1911 жылдың аяғында, тағыда сол II Думаның

социал-демократ депутаттарының тағдырымен байланысты **қайта туды**; осы алдыңғы қатарлы күрескерлердің, жұмысшы табының осы қаһармандарының ісін кәзір IV Думаның жұмысшы депутаттары қолына алып отыр.

Саяси күрестің жандануы жұмысшылардың экономикалық күресінің жандануын да тудырады. Саяси стачка экономикалық стачкаға дем береді және керісінше. Толқынды толқын қуады, сөйтіп жұмысшы қозғалысы қатты ағынмен патша монархиясының және капитал самодержавиесінің тірегіне қарсы ұмтылады. Жаңа өмірді көксеген жұмысшылардың жаңа топтары бірден-бірге ояна түседі. Қалың бұқара жаңа күреске бірден-бірге көп тартыла береді. Лена атысы жөніндегі стачкаларға, 1 май ереуілдеріне, жұмысшылардың сайлау праволарынан айрылуына қарсылық көрсету стачкаларына және Қара теңіз матростарының жазаға тартылуына қарсылық көрсету стачкасына миллиондай адам қатысты. Бұлар — революциялық стачкалар болды, өзінің туына: «Романовтардың монархиясы жойылсын, Россияны тұншықтырып отырған бүкіл ескі, шіріген, помещиктік құрылыс жойылсын!» деп жазған стачкалар болды.

Жұмысшылардың революциялық қозғалысы құлаш жайып, өсіп келеді. Жұмысшы табы жаңа күреске халықтың басқа да топтарын тарта бастады. Адал адамдардың бәрі, жақсы тұрмысқа ұмтылушылардың бәрі патша итаршыларының зорлығына қарсылық көрсете бастады. Пуришкевичтердің бүтіндей және толық үстемдік етуіне тіпті буржуазия да рыйза болмай, күңкілдеп отыр.

3 июнь тәртібі ешкімді де және ешнәрсені де жарастырмады. Романовтар монархиясы бүтін тұрғанда, помещиктердің үстемдігі қол сұққысыз болып тұрғанда, Россияда еркін өмірдің жоқ екендігін контрреволюцияның барлық жылдары көрсетті.

Жаңа революция өсіп жетіліп келеді, мұнда жұмысшы табы бүкіл азаттық армиясының көсемі ретінде тағыда құрметті роль атқарады.

Жұмысшы табының туына бұрынғыша ескі үш талап жазылған, осылар үшін көп құрбандыққа ұшырап, көп қан төгілген болатын.

Жұмысшыларға керегі — 8 сағаттық жұмыс күні берілсін!

Шаруаларға керегі — барлық помещиктік, патшалық және монастырлық жерлер төлеусіз берілсін!

Бүкіл халыққа керегі — демократиялық республика!

Қәзіргі Россиядағы күрес осы талаптардың төңрегінде жүрді және жүріп те отыр. Бұл талаптарды жұмысшылар жақында болған Лена ереуілдерінде де алға қойды. Оларды жұмысшы табы 9 январьда да алға қояды.

1912 жылдың 9 январында-ақ Петебургтегі, Ригадағы, Николаевтағы жұмысшылар стачкалар мен демонстрациялар жасамақ болған. 1913 жылдың 9 январында біз мұны барлық жерде — **бүкіл Россияда** істейміз. 1905 жылдың 9 январында жұмысшылардың қанымен аралас бірінші орыс революциясы туды. 1913 жылдың басы Россиядағы **екінші** революцияның табалдырығы болатын болсын. Романовтардың үйі, 1913 жылы өзінің 300 жылдық мерекесін тойлауға даярланып, әліде ұзақ уақыт Россияның арқасына орнығып алмақ.

1913 жылдың 9 январында бұл қарақшыларға былай дейік:

Жетер! Романовтардың монархиясы жойылсын! Демократиялық республика жасасын!

Жолдастар! 1913 жылдың 9 январы орыс жұмысшылары тұратын және күресетін жерлердің бірде-бірінде өткізілмей қалмасын.

Бұл күнді жыйналыстармен, қарарлармен, митингілермен және, мүмкіндігі болса,

бір күндік стачкамен және демонстрациялармен

барлық жерде өткізейік.

Бұл күні күресте қаза тапқан ерлерді еске түсірейік. Олардың аруағын сыйлаймыз десек, мұның ең артығы — бұл күні бүкіл Россияда біздің мына ескі талаптарымыз жер жаратын болсын:

Демократиялық республика!

Помещиктік жерлерді конфискациялау!

8 сағаттық жұмыс күні!

Россиялық Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясының Орталық Комитеті

Жолдастар!

9 январьда қарсылық көрсетуге әзір болыңдар!

1912 жылғы декабрьдің аяғында — 1913 жылғы январьдың басында жеке үндеухат болып басылған

Үндеухаттың тексті бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУ

(С.-Петербургтен хат)

1907 жылғы сайлаудан 1912 жылғы сайлаудың айырмашылығы — бұл жолғы сайлау жұмысшылар арасындағы революциялық жандануға дөп келді. Ол кезде революция толқындары басылып, контрреволюцияның мерейі үстем болған еді, ал 1912 жылы жаңа революцияның бірінші толқыны басталды. Сондықтан да ол уақытта жұмысшылар сайлауға жалқау қарады, тіпті кей жерлерде сайлауға бойкот жасады, бойкот жасағанда да, әрине, селқос жасады; мұнымен селқос бойкот жасау — жалқаулықтың және күш бәсеңдеуінің белгісі екендігін көрсетті. Сондықтан да енді, революцияның өрлеген жағдайында, жұмысшылар, божыраған саяси жайбарақаттықты былай тастап, аса шабыттанып сайлауға шықты. Ол ол ма: жұмысшылар сайлау үшін күресті, олар, барлық полициялық қулық-сұмдықтар мен кедергілерге қарамастан, «түсіндірулерге» қарсы зор ереуілдер жасау жолымен сайлау праволарына қолын жеткізуге тырысты және бұған қолы жетті де. Мұның өзі саяси дағдарыстың өткендігінің, революцияның тоқырап қалған жерінен қозғалғандығының белгісі екендігі шүбәсіз. Рас, мәселен, жалпы саяси ереуіл ту-

ралы мәселе қоюға боларлықтай, жаңа революцияның толқыны әлі оншалықты күшті емес. Бірақ, қазірдің өзінде-ақ оның күштілігі сонша — сайлауды қыздыру мүддесі үшін, пролетариаттың күштерін ұйымдастыру мүддесі үшін, бұқараны саяси ағарту мүддесі үшін, кей жерлерде «түсіндірулер» шырмауын үзіп шығуға болады.

I

ЖҰМЫСШЫ КУРИЯСЫ

1. САЙЛАУ ҮШІН КҮРЕС

Ереуіл науқанын партиямыздың Орталық Комитетінің өкілі мен Петербург комитеті бастағанын ескерте кету артық болмас. 4 октябрьдің кешінде, сайлаушыларды сайлау қарсаңында, уездік комиссиядан ең ірі заводтардың (Путилов және басқалар) өкілдерінің «түсінік алғаны» бізге мәлім болды. Бір сағаттан кейін Петербург комитетінің Атқару комиссиясы Орталық Комитеттің өкілімен[122] бірге жиналды да, сайлаушылардың жаңа тізімін жасап, бір күндік ереуіл жасау туралы қаулы шығарды. Сол күні түнде Путилов заводының социал-демократиялық тобы жиналып, Петербург комитетінің қаулысын қабыл алды. 5-інде Путилов ереуілі басталды. Бүкіл завод болып ереуіл жасады. 7-інде (жексенбі күні) Нева кеме құрылысы заводының социал-демократиялық тобы жиналды да, Петербург комитетінің қаулысына қосылды. 8-інде бүкіл завод ереуіл жасады. Бұлардың соңынан басқа да фабрикалар мен заводтар ерді. Тек «түсіндірілген» кәсіпорындар ғана емес, «түсіндірілмеген» кәсіпорындар да

(Паль), сол сияқты, «сайлау ережелері» бойынша жұмысшы куриясынан сайлауға правосы жоқтар да ереуіл жасады. Тілектес болғандықтан ереуіл жасады. Революциялық өлеңдер мен манифестацияларда ешқандай кемшілік жоқ... 8 октябрьдің түнінде губерниялық сайлау комиссиясының сайлаушылардың сайлауын бұзғандығы, уездік комиссияның «түсініктерін» жойғандығы, путиловтықтардың «правосын қайта бергендігі», сайлауға көптеген кәсіпорындарды қатыстыратыны белгілі бола бастады. Жұмысшылар жеңіс салтанатын құрды. Жұмысшылар жеңіп шықты.

Ереуіл жариялау кезіндегі Нева кеме құрылыс заводы мен Путилов заводындағы жұмысшылардың қабылдаған қарарлары тамаша:

«Біздің сайлау праволарымызды бұзушылыққа қарсылық көрсете отырып, тек патша өкіметін құлатып, демократиялық республиканы орнатқанда ғана жұмысшылардың правосы мен сайлаудың шын бостандығы қамтамасыз етілетінін ашып айтамыз».

Жойымпаздардың: «...тек жалпыға бірдей **Мемлекеттік думаны** сайлау правосы ғана сайлау правосына кепілдік болар еді» деген қарары қабыл алынбады. Бұл қарарлар заводтардың социал-демократиялық топтарында күнілгері талқыланды, ал, мысалы, Нева кеме құрылыс заводының тобында жойымпаздардың қарарына тілектестердің жоқтығы анықталған кезде, сол қарарды жақтаушылар оны митингіде партияда жоқ бұқараның алдына қоймауға, қайта топтың қабылдаған қарарын қолдауға міндетті болды. Олардың абыройына, өздерінің уәдесін орындағанын айта кету керек. Бірақ оның есесіне жойымпаздыққа қарсылар да татулық білдіріп, өкілдікке Гудковты өткізумен жауап

берді; олар заводта көпшілік болғандықтан оны «құлата» алатын еді. Егер «Лучтың» тіпті бір тамшы сондай жауапкершілік сезімі болса, жаман болмас еді; ол, заводтарда **болмаған нәрсені** жақсы жаза біледі, бірақ жоғарыда айтылған Нева заводындағы қарар туралы аузын да ашпады, ал мұның үстіне путиловтықтардың қарарын мүлде бұрмалады.

Сөйтіп, жұмысшылар сайлау үшін күресті де, сайлауға қолы жетті. Нева кеме құрылыс заводында сайлауға қарсы бойкот сөйлеген Петербург эсерлері бұдан сабақ алсын.

Жұмысшылар сайлау үшін күресканде, демократиялық республика ұранын көтеріп күресті. Бұдан «жарым-жарты реформаның» фетишистері, «Лучтың» жойымпаздары сабақ алсын.

2. ДЕПУТАТҚА АМАНАТ

Өкілдердің съезі жиналған кезде «түсіндіргіш» ереуілдер әлі жойылмаған еді. Петербург комитеті жазып, Питердің ірі заводтары (Путилов, Нева кеме құрылыс заводтары, Паль) мақұлдаған аманатты өкілдер қабыл алады деп күнілгері айтуға болатын еді. Шынында да, аманат басым көпшілікпен қабыл алынды, тек жойымпаздардың болмашы тобы ғана қол көтермей қалды. Бұлардың сайлауға кедергі жасамақ болған әрекетін жұрт «кедергі болмаңдар!» деген дауыстармен қарсы алды.

Өкілдер өздерінің депутатқа жазған аманатында «бесінші жылдың міндеттері» туралы, бұл міндеттердің «шешілмей қалғандығы» туралы, Россияның экономикалық және саяси дамуының «оларды шешпей қоймайтындығы» туралы айтады. Кадеттік буржуазияның ке-

лісімпаздық саясатына қарамастан, жұмысшылар мен революцияшыл шаруалардың патша өкіметін құлату жолындағы күресі, көсемі тек пролетариат қана бола алатын күрес, — міне, аманат бойынша, бесінші жылдың міндеттерін шеше алатын осылар (қараңыз: «Аманат», «Социал-Демократта» № 28—29).

Көріп отырсыздар, бұл мүлде либерал жойымпаздардың «III Думаның аграрлық қаулыларын қайта қарауы» немесе «Мемлекеттік думаның жалпыға бірдей сайлауы» емес (жойымпаздардың платформасын қараңыз)[123].

Петербург жұмысшылары партиямыздың революциялық дәстүрлеріне сенімді болып қалып отыр. Өкілдердің съезі революцияшыл социал-демократияның ұрандарын, тек соларды ғана, мойындады. Съезде мәселені партияда жоқтар шешті (82 өкілдің 41 өкілі «жәй социал-демократтар» мен партияда жоқтар еді), ал егер, тіпті осындай жыйналыста да Петербург комитетінің аманаты қабылданған болса, онда бұл — Петербург комитеті ұрандарының берік тамырлары жұмысшы табының сезімдері мен ойларында жатыр деген сөз.

Осының бәріне жойымпаздар қалай қарады? Егер олар өздерінің көзқарастарына сенген болса және саяси адалдығы жағынан ақсамаған болса, олар аманатқа қарсы ашық күрес жүргізіп, өз аманатын ұсынған болар еді, немесе, жеңіліс тапса, өздерінің кандидаттарын тізімнен шығарып тастаған болар еді. Олар жойымпаздыққа қарсылардың тізіміне қарсы өздерінің сайлаушылыққа белгілейтін кандидаттарының тізімін ұсынды ғой, — сол сыяқты өздерінің көзқарастарын, өздерінің аманатын неге ашық ұсынбады? Ал жойымпаздыққа қарсылардың аманаты өткен кезде

олар — аманатқа қарсымыз, аманаттың келешектегі қорғаушысы болып сайлана алмаймыз, аманатты жақтаушыларға орын беріп, өз кандидатураларымызды тізімнен шығарамыз, деп неге ашық және адал ниетпен арыз етпеді? Өйткені бұл — саяси адалдықтың негізгі ережесі ғой. Немесе, мәселе жетерліктей толық талқыланбай, съезде іс **партияда жоқтардың** қол көтеруімен шешіліп, мүмкін, жойымпаздардың аманатқа соқпай кетуі сондықтан шығар? Олай болса, бұлар, өкілдер съезінен бірнеше күн бұрын құпия жиналып, айтыстан кейін жойымпаздыққа қарсылардың платформасын қабылдаған (көпшілік 16 дауыс, қарсы 9 дауыс, қол көтермей қойған бір дауыс алды) **социал-демократтардың** 26 өкілінің қарарына неге бағынбады, жиналысқа жойымпаздардың басшылары да, олардың өкілдері де қатнасты ғой? Бүкіл съездің аманатын да, социал-демократтардың 26 өкілінің еркін де бірдей аяққа басып, жойымпаздар қандай жоғары пікірге сүйенді? Сірә, мұндағы жалғыз пікір: жойымпаздыққа қарсыларға қырсық жасап, «қалай болса да» өз адамдарын тықпалау болса керек. Әңгіме мынада: егер жойымпаздар ашық күреске шықса, олар өздерінің бірде бір адамын өткізе алмас еді, өйткені жойымпаздардың «III Думаның аграрлық қаулыларын қайта қарауына» тілектестік өкілдер арасынан табылмайтыны жұрттың бәріне анық еді. Бір-ақ жол қалды; ол жол: өзінің туын жасыру, «шынын айтқанда, біз де осындай дерлік аманатты жақтаймыз» дей отырып, аманатты жақтаушы бола қалу, сөйтіп «қалай болса да» өз адамдарын өткізу еді. Олар осылай етті де. Осылай етіп, жойымпаздар өздерінің жеңілгенін мойындады да, өздерін саяси күйреушілердің қатарына қосты.

Ал, дұшпанды өзінің туын бүктеуге мәжбүр ету, яғни оны өзінің туының **жарамсыздығын** мойындауға мәжбүр ету, яғни өзінің жауының идеялық жағынан басым екендігін мойындауға мәжбүр ету — міне бұл, атап айтқанда, мораль жағынан жеңу деген сөз.

Міне, «ғажап нәрсе»: жойымпаздарда — «кең жұмысшы партиясы» бар, ал жойымпаздыққа қарсыларда тек «тар үйірме» ғана бар, сонда да «тар үйірме» «кең партияны» жеңіп отыр!

Дүниеде болмайтын керемет бар ма!..

3. ПЕРДЕ РЕТІНДЕГІ БІРЛІК ЖӘНЕ ДЕПУТАТ САЙЛАУ

Буржуазиялық дипломаттар соғысты даярлаған уақытта, «бейбітшілік» пен «достық қарым-қатнастар» туралы бар даусымен айқайлай бастайды. Егер сыртқы істер министрінің біреуі «бейбітшілік конференциясы» үшін сіресіп отырып алса, онда «оның үкіметі» жаңа дредноуттар мен монопландарды жасауға әлдеқашан заказ беріп қойған деп біліңдер. Дипломаттың сөзі мен ісі бір жерден шықпауға **тиіс**, — әйтпесе, ол қандай дипломат? Сөз деген — бір нәрсе, ал іс — тіпті екінші нәрсе. Жақсы сөздер — жаман істі бүркеу үшін перде болады. Шын дипломат — құрғақ су, ағаш темір.

Бірлік туралы жалған айқайларымен қоса жойымпаздар туралы да осыны айту керек болады. Партияда бірігуді жақтайтын Плеханов жолдас жақын арада жойымпаздар конференциясының[124] қарарлары жөнінде «олардан дипломатия исі аңқып тұр» деп жазды. Содан кейін сол Плеханов жолдас олардың конференциясын «жікшілдік» конференциясы деп атады. Турасын айтқанда, жойымпаздар бірлік туралы дипломатия-

лық айқайлармен жұмысшыларды алдайды, өйткені олар, бірлік туралы айта отырып, жік тудырады. Шынында да, жойымпаздар — өздері тудырған жіктің жаман істерін бірлік туралы жақсы сөздермен бүркемелейтін, социал-демократия ішіндегі дипломаттар. Жойымпаздар бірлік үшін сіресіп отырып алса, онда ол жік үшін бірлікті әлдеқашан аяққа басқан деп біліңдер.

Петербургтегі сайлау тура осының дәлелі болып табылады.

Бірлік дегеніміз — бәрінен бұрын, әлі ұйымдасып жетпеген, әлі социализмнің жарық сәулесін көрмеген жұмысшы табының ішіндегі социал-демократиялық жолмен ұйымдасқан жұмысшылар қыймылының бірлігі. Социал-демократиялық жолмен ұйымдасқан жұмысшылар өздерінің жыйналыстарына мәселелер қояды, оларды талқылайды, қарарлар шығарады, содан кейін, бірыңғай тұтас болып, азшылық үшін сөзсіз міндетті болатын осы қарарлар жөнінде партияда жоқтардың алдында сөз сөйлейді. **Мұнсыз социал-демократияның бірлігі жоқ және бола алмайды да!** Петербургте мұндай қарар болды ма? Я, болды. Бұл — жойымпаздарға қарсылардың платформасын қабыл алған социал-демократиялық (екі бағыттағы) 26 өкілдің қарары. Жойымпаздар осы қарарға неге бағынбады? Олар социал-демократиялық өкілдер көпшілігінің еркіне неге кеселдік жасады? Петербургтегі **социал-демократия бірлігін олар неге аяққа басты?** Оның себебі, жойымпаздар — бірлік пердесін жамылып жік жасайтын, социал-демократияның ішіндегі дипломаттар.

Сонсын, бірлік дегеніміз — бүкіл буржуазия дүниесінің алдында пролетариат қыймылының бірлігі. Проле-

тариат өкілдері қарарлар шығарады да, азшылық көпшілікке бағынған жағдайда, бірыңғай тұтас шығып, ол қарарларды жүзеге асырады. **Мұнсыз пролетариаттың бірлігі жоқ және бола алмайды да!** Петербург пролетариатының мұндай қарары болды ма? Я, болды. Бұл — өкілдер съезінің көпшілігі қабыл алған жойымпаздыққа қарсы аманат. Жойымпаздар өкілдердің аманатына неге бағынбады? Олар өкілдер көпшілігінің еркіне неге кеселдік жасады? **Петербургтегі жұмысшы табының бірлігін олар неге аяққа басты?** Оның себебі, жойымпаздардың бірлігі деген — бірлікке кесел жасау **саясатын** бүркейтін дипломатиялық **бос сөз...**

Жойымпаздар, көпшіліктің еркіне кесел келтіріп, ауытқушы адамдарды (Судаков) өткізіп, нағыз дипломаттық қасиетті уәделер беріп, ақырында үш сайлаушыны түсіріп алған уақытта, — қалай болады? деген сұрақ туды.

Бірден-бір **адал** жол — жеребе салу еді. Сондықтан жойымпаздыққа қарсылар жойымпаздарға жеребе салуды **ұсынды**, бірақ жойымпаздар оны **қабылдамады!!**

Ұсыныс жайында большевик Х-пен сөйлескен жойымпаз Y (екі жақтың сөйлескен адамының аттарын біз керек болған жағдайда және тиісті сырды сақтаған жағдайда атай аламыз)[125], өзінің пікірлестерін сұрастырғаннан кейін, «жеребе салу үйлесімсіз, өйткені біздің сайлаушыларымыз біздің басшы коллективіміздің қарарымен байланысты» деп жауап берді.

Жойымпаз мырзалар біздің осы айтқанымызды жоққа шығарып байқап көрсін!

Социал-демократиялық өкілдер көпшілігінің еркіне кеселдік жасау, өкілдер съезінің көпшілігінің еркіне кеселдік жасау, жеребе салудан бастарту Думаға ор-

тақ кандидатуралар ұсынудан бастарту, осының бәрі бірлік мүддесі үшін деу, — жойымпаз мырзалар, сіздердікі тіпті өте өзгеше «бірлік» екен!

Жойымпаздардың жікшілдік саясаты жаңа нәрседе емес. Олар құпия партияға қарсы 1908 жылдан бері қарай үгіт жүргізіп келеді. Петербургтегі сайлауда жойымпаздардың істеген жүгенсіздігі олардың ескіліктен келе жатқан жікшілдік саясатының жалғасы болып табылады.

Троцкий өзінің «біріктіру» науқанымен жойымпаздардың ескі «істеріне» «жаңа ағым» кіргізді деседі. Бірақ бұл дұрыс емес. Троцкийдің «қаһармандық» күш салуына және оның «сұмдық қорқытуына» қарамастан, ол ақырында қолдан бұлшық ет жасаған жай айқайшыл палуан болып шықты, өйткені ол 5 жыл «қызметінің» ішінде жойымпаздардан басқа ешкімді біріктіре алмады. Айқайы жаңа — істері ескі!

Ал сайлауға қайта келейік. Жеребе салуды қабылдамай, жойымпаздар тек бір нәрсеге ғана сенді: буржуазияның (кадеттер мен октябристердің) **жойымпазды ұнататындығына** сенді. Бұл таза есепқорлықты дарытпау үшін, Петербург комитетінің барлық сайлаушыларға дауысқа түс деп нұсқау беруден басқаша істеуіне болмады, өйткені жойымпаздарда «ауытқушы» да (Судаков) болды және тегінде олардың ұйысқан тобы болмады. Петербург комитетінің нұсқауын орындап, жойымпаздарға қарсы сайлаушылардың бәрі дауысқа түсті. Сөйтіп жойымпаздардың таза есепқорлығының жолы болмады! Іріткі түсу жойымпаздыққа қарсыларда болған жоқ, өздерінің «коллективінің» қарарына қарсы бірінен-бірі қалыспай дауысқа түскен жойымпаз сайлаушылардың арасында болды. Гудковтың Бадаев-

тың кандидатурасына келіскендігіне таңырқану керек емес еді (Гудковтың заводында өткен жойымпаздыққа қарсылардың аманаты оның тынышын кетірген болатын!), — қайта, жойымпаз Петров, оның артынан Гудковтың өзі Бадаев сайланғаннан кейін дауысқа түсу фактысына таңырқану керек еді.

Бұл айтылғандардан шығатын қортынды біреу: жойымпаздар үшін, бірлік дегеніміз — олардың жікшілдік саясатын бүркейтін перде, олардың Петербургте социал-демократия мен пролетариаттың еркіне қарамай Думаға мініп барғысы келген ағаш аты.

II

ҚАЛАЛЫҚ КУРИЯ

Лена оқиғасы және жалпы алғанда жұмысшылар арасындағы жандану екінші курияның сайлаушылары үшін босқа өткен жоқ. Қала халқының демократиялық топтары едәуір солшылданды. Егер бес жыл бұрын, революция жеңілгеннен кейін, олар бесінші жылдың армандарын «жерлеген» болса, кәзір жаппай ереуілдерден кейін, ескі армандар жандана бастады. Кадеттердің екіжақты саясатына белгілібір наразылық кейпі туды; мұны кадеттер байқамай қалмады.

Екінші жағынан, октябристер ірі коммерсанттар мен фабриканттардың сенімін «ақтамады». Орын босап қалды; мұны да кадеттер байқамай қалмады.

Сондықтан кадеттер осы жылдың май айында-ақ екі майданда бірдей ойнауға ұйғарды. Күресуге емес, ойнауға ұйғарды.

Кадеттердің әртүрлі екі куриядағы сайлау науқаны-

ның екіжақтылығының себебі осы; мұның өзі сайлаушыларды таңдандырмай қоймады.

Социал-демократтардың сайлау науқанының салмағы, демократиялық топтарға ықпал жүргізу үшін, кадеттермен күресуде болды. Не контрреволюцияшыл буржуазияның гегемониясы, не революцияшыл пролетариаттың гегемониясы, — міне, большевиктердің «схемасы» осы; жойымпаздар бұған қарсы көп жылдар бойына текке күресіп келеді, енді олар бұған, өзінен өзі айқын және болмай қоймайтын өмір қажеттігі болғандықтан, ықтыярсыз бағынып отыр.

Екінші куриядағы жеңіс демократиялық топтардың, жай-күйі жағынан демократиялық топтар болғанмен, әлі өз мүдделерін танымаған топтардың мінез-құлықтарына байланысты. Бұл топтар кімнің соңынан ереді, социал-демократтардың соңынан ере ме, әлде кадеттердің соңынан ере ме? Үшінші лагерь де болды, ол октябристермен біріккен оңшылдар еді, бірақ «қара жүздіктердің қаупі» туралы елеулі бір нәрсе айтуға тура келмеді, өйткені оңшылдардың тек болмашы ғана дауыс алуы анық еді. Ал «буржуазияны қорқытпау» туралы әңгімелер бола тұрса да («Невский Голостағы»[126] Ф. Д. мақаласын қараңыз), олар жұртты тек мыйығынан ғана күлдірді, өйткені социал-демократияның алдында бұл буржуазияны тек «қорқыту» ғана емес, сонымен қатар оның өзін, оның атынан шығатын адвокаттарын — кадеттерді позициясынан лақтырып тастау мәселесі де тұрғандығы айқын еді.

Не социал-демократияның гегемониясы, не кадеттердің гегемониясы, — өмірдің өзі мәселені осылай қойды.

Науқанның барлық барысында социал-демократия-

ның ерекше ұйысуының қажет болғаны осыдан айқын көрінетін еді.

Сондықтан да Петербург комитеті жанындағы сайлау комиссиясы, меньшевиктерден және жалғыздаған жойымпаздардан құралған, басқа комиссиямен келісім жасады. Сайлау жөніндегі үгіт толық еркін болғанда, Дума кандидаттарының тізіміне «өзінің атын немесе ісін партиялыққа қарсы күресумен байланыстырған адам кіре алмайды» (келіссөз «протоколынан» көшірме) дегенді міндетті шарт етіп, адамдар туралы келісім жасасты. Социал-демократияның екінші куриядағы белгілі тізімі тек жойымпаздыққа қарсылардың, «өзінің атын және ісін байланыстырған» белгілі Питер жойымпаздарын, Аб... мен Л... ды өткізбей тастауы нәтижесінде ғана іс болып шықты. Бұл жерде, «бірлікті жақтаушыларды сыйпаттау» үшін, олардың, Тифлисте Чхеидзені сайлағаннан кейін, оны III Думаның бұрынғы мүшесі, социал-демократ Покровскийдің кандидатурасымен ауыстырудан ада-жүде бастартқанын, екінші тізім жасап, науқанды бұзамыз деп қауіп тудырғанын айта кету артық болмайды.

Ал «сайлау жөніндегі үгіттің еркін болуы» туралы ескерту, тегінде, артық болып шықты, өйткені кадеттермен күресуде, революцияшыл социал-демократиялық, яғни большевиктік науқаннан басқа, ешқандай науқан мүмкін емес екенін науқанның барысы көзбе-көз көрсетті. «Пролетариат гегемониясы» туралы және «жаңа парламенттік әдіске» қарама-қарсы «күрестің ескі әдістері» туралы, «екінші қозғалыс» туралы және «жауапты кадет министрлігінің ұранының жарамсыздығы» туралы Петербург шешендерінің және социал-демократия кандидаттарының сөйлеген сөздері кімнің

есінде қалған жоқ? «Оппозицияның жіктелмеуі» туралы, «кадеттік буржуазияның солшылдануы» туралы, осы буржуазияға «қысым жасау» туралы жойымпаздардың уағыздары қайда кетті? Ал, кейде кадеттерді тіпті өлшеусіз «мүжіп», «зәресін ұшырған», «Лучтан» шыққан жойымпаздардың кадеттерге қарсы үгіті, — осының бәрі өмірдің өзі тіпті «нәрестелер арқылы» да шындыққа жеткенін көрсетіп отырған жоқ па.

Данның, Мартовтың және басқа «кадет мүжушілікке» қарсылардың принциптік ар-ұяттары қайда кеткен?

Жойымпаздардың «кең жұмысшы партиясы» «астыртын үйірмемен» күресуде тағыда жеңіліс тапты. Ойлап қараңызшы: «кең жұмысшы (?) партиясы» кішкене, тіпті кішкентай «үйірменің» тұтқынында! Керемет...

III

ҚОРТЫНДЫЛАР

Жоғарыда айтылғандардан, ең алдымен, екі лагерь туралы, үшінші июнь тәртібін жақтаушылардың лагері мен оған қарсылардың лагері туралы әңгімелердің негізі жоқ екені анық. Іс жүзінде сайлауда екеу емес, үш лагерь шықты: революция лагері (социал-демократтар), контрреволюция лагері (оңшылдар) және революцияға ор қазушы, контрреволюцияның диірменіне су құюшы ымырашылдар лагері (кадеттер). Реакцияға қарсы «бір тұтас оппозиция» деген есте де болған жоқ.

Сонсын, сайлау мынаны көрсетіп отыр: шеткі екі лагерь арасындағы жік ашыла береді де, осының салдарынан ортадағы лагерь іриді, іріген демократиялық кейіптегілерді социал-демократия жағына шығарып, өзі бірте-бірте контрреволюция жағына қарай ауысады.

Осы себепті, жоғарыдан болатын «реформалар» туралы, «думпулердің» мүмкін еместігі туралы және «конституцияның» қорғауында Россияның «тұтас өсуі» туралы әңгімелер өзінің негізін жоғалтады. Оқиғалардың барысы жаңа революцияға жеткізетіні сөзсіз, сондықтан бізге, Лариндардың және басқа жойымпаздардың сендірулеріне қарамастан, «жаңа бесінші жылды» бастан кешіруімізге тура келеді.

Ақырында, сайлау мынаны көрсетіп отыр: пролетариат, тек пролетариат қана, отанын тұтқыннан босатуды аңсаған Россиядағы барлық адал және демократияшыл адамдарды бірте-бірте өз айналасына жыйнастырып, болашақ революцияға басшылық етуге міндетті. Бұған көз жеткізу үшін, жұмысшы куриясындағы сайлаудың барысымен таныссақ, өкілдердің аманатында ашық айтылған Петербург жұмысшыларының тілектерімен таныссақ, олардың сайлау жолындағы революциялық күресімен таныссақ, осының өзі жеткілікті.

Осының бәрі, Петербургтегі сайлау революциялық социал-демократияның ұрандарының бүтіндей дұрыс екендігін растады, деп айтуға негіз болады.

Революциялық социал-демократияның өмірге сәйкестігі мен қуаттылығы — бірінші қортынды осы.

Жойымпаздардың саяси күйреуі — екінші қортынды осы.

„Социал-Демократ" газеті, № 30;
12 (25) январь, 1913 ж.
Қол қойған: К. Сталин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ҰЛТШЫЛДЫҚ ЖОЛЫНДА

(Кавказдан хат)

Жойымпаздар конференциясының даңқын мәңгілік еткен қаулылардың ішінде «мәдени-ұлттық автономия» туралы қаулы соңғы орын алып отырған жоқ.

Ол қаулы мынау:

«Кавказдық делегацияның — РСДЖП-ның кавказдық ұйымдарының соңғы конференциясында да, осы ұйымдардың әдебиет органдарында да кавказдық жолдастардың ұлттық мәдени автономияны талап етудің қажеттігі туралы пікірі анықталды — деген мәлімдемесін тыңдағаннан кейін, конференция, бұл талаптың мәні жөнінде сөз қылмай-ақ, мынаны атап өтеді: әр ұлттың өзін өзі билеу правосын дұрыс деп танитын партиялық программа пунктін мұндай түсіндіру сол программаның дәл мағнасына қайшы келмейді; сонымен қатар, конференция РСДЖП-ның таяудағы съезінің күн тәртібіне ұлт мәселесі енгізілсе екен деген тілегін білдіреді».

Бұл қаулының маңызы, ұлтшылдық толқынның көтерілу фактысы алдында, жойымпаздардың оппортунистік ауытқуын көрсеткендігінде ғана емес. Оның маңызы тағы мынада: оның ішіндегі әрбір сөз — алтын.

Мысалы, конференция, «бұл талаптың мәні жөнінде сөз қылмай-ақ», сонда да «атап өтеді» және шешеді, дегеннің өзі не тұрады? Тек опереткаларда ғана осылай шешеді ғой!

Немесе мына сөйлемді алыңыз: «әр ұлттың өзін өзі билеу правосын дұрыс деп танийтын партиялық программа пунктін мұндай түсіндіру сол программаның дәл мағнасына қайшы келмейді». Тек ойлап қараңызшы! Программаның жоғарыда айтылған пункті (9-шы пункт) ұлттардың бостандығы туралы, ұлттардың еркін даму правосы туралы, оларға түрліше зорлық көрсетуге қарсы күресу жөніндегі партияның міндеттері туралы айтады. Бұл пункттің мазмұны бойынша, жалпы айтқанда, ұлттардың правосына шек қойылмау керек, ол автономия мен федерацияға дейін де, сепарацияға дейін де барады. Бұдан: сол ұлт өзінің тағдырын қалай шешеді, централизмның пайдасына шеше ме, әлде сепаратизмның пайдасына шеше ме? партия үшін мұның бәрібір, екеуі де бірдей жақсы, — деген мағна шыға ма? Бұдан: «бұл талаптың мәні жөнінде сөз қылмай-ақ, ұлттардың абстрактылық правосына ғана сүйеніп, жанай сөзбен болса да, біреуіне автономияны, екіншісіне федерацияны, үшіншісіне сепарацияны ұсынуға болады, — деген мағна шыға ма? Ұлт өз тағдырын өзі шешеді, бірақ бұдан: пролетариаттың мүдделеріне көбірек сәйкестіріп шешу рухында партия ұлттың еркіне әсер етуге тиіс емес, — деген мағна шыға ма? Партия дін бостандығын жақтайды, әр адамның қалаған дінін ұстауға праволы болуын жақтайды. Осыдан: партия Польшада католицизмді, Грузияда православиені, Арменияда грегориандықты жақтайды, ол дүниеге көзқарастың осы формалары-

мен күреспейді, — деп қортынды шығаруға бола ма?.. Партия программасының 9-шы пункті мен мәдени-ұлттық автономия — мүлде әртүрлі екі нәрсе екені, бұлар, айталық, Хеопс пирамидасы мен жойымпаздардың атышулы конференциясы сыяқты, бір-біріне «қайшы келетіні» өзінен өзі анық емес пе?

Ал конференция мәселені нақ осындай табансыздық жолмен «шешеді» ғой.

Жойымпаздардың жоғарыда айтылған қаулысының ең маңызды жері — Қавказдағы интернационализмнің ескі туына опасыздық жасап, конференцияға осындай қаулы шығартқан кавказдық жойымпаздардың арасындағы идеялық күйреу.

Қавказ жойымпаздарының ұлтшылдық жаққа қарай бет бұруы — кездейсоқ нәрсе емес. Партия дәстүрлерін жоюды олар алдақашан бастаған. Минимум программаның «әлеуметтік бөлімін» жою, «пролетариаттың гегемониясын» жою (қараңыз: «Дискуссионный Листок» № 2[127]), құпия партияны жарыя ұйымдар жанындағы көмекші ұйым деп жарыялау (қараңыз: «Дневник» № 9[128]) — осының бәрі жалпыға белгілі нәрсе. Енді кезек ұлт мәселесіне жетті.

Қавказдағы ұйымдар өздерінің шыққан уақытынан бастап (90-шы жылдардың басы) өте интернационалдық сыйпатта болды. Жауларына қарсы ынтымақпен күрес жүргізіп келген грузин, орыс, армян және мұсылман жұмысшыларының біртұтас ұйымы — міне, партия өмірінің суреті осындай еді... 1903 жылы, Қавказ одағының негізін салған кавказдық (дұрысында закавказьелік) социал-демократиялық ұйымдардың бірінші құрылтай съезінде, ұйымды интернационалдық прин-

циппен құру — бірден-бір дұрыс принцип деп қайтадан жарияланған болатын. Содан бері қарай Кавказ социал-демократиясы ұлтшылдықпен күресу негізінде өсті. Грузин социал-демократтары «өздерінің» ұлтшылдарымен, ұлтшыл-демократтармен және федералистермен күресті; армян социал-демократтары «өздерінің» дашнакцакандарымен күресті; мұсылман социал-демократтары панисламистермен[129] күресті. Сөйтіп, Кавказ социал-демократиясы өздерінің ұйымдарын, фракцияларға байланыссыз, солармен күресу негізінде кеңейтіп, нығайтты... 1906 жылы, Кавказдың облыстық конференциясында, мәдени-ұлттық автономия туралы мәселе бірінші рет көрінді. Бұл мәселені енгізіп, оны мақұлдап шешуді талап еткен кутаистықтар топсымағы болатын. Мәселе, сол кездегі сөзбен айтқанда, «қыйрай құлады»; мұның бір себебі — оған Костров пен осыны жазып отырған кісі арқылы екі фракцияның екеуі де қатты қарсы шықты. «Кавказдың облыстық өзіндік басқармасы» дегеніміз — күресте біріккен Кавказ пролетариатының мүддесіне аса сай келетін, ұлт мәселесін шешудің ең жақсы жолы деп қаулы етілді. Я, 1906 жылы солай болды. Ал, бұл қаулы кейіннен болған конференцияларда да қайталанып отырды, Кавказдың меньшевиктік баспасөзінде де, большевиктік баспасөзінде де, жария баспасөзде де, құпия баспасөзде де қорғалып, көпшілікке жеткізіліп отырды...

Ал енді, 1912 жылы, әрине (әрине!), пролетариаттың мүддесі үшін «бізге» мәдени-ұлттық автономия керек «болып шықты»! Мұның мәнісі не? Не өзгеріс болды? Мүмкін, Кавказ пролетариатының социалистігі жетім-

сізірек бола бастаған шығар? Ал онда жұмысшылар арасына ұйымдастыру және «мәдени» жағынан ұлттық межелер құру әлдеқайда жөнсіз ғой! Мүмкін, оның социалистігі артығырақ бола бастаған шығар? Ал, мұндай жағдайда, қйирап жатқан және ешкімге де керексіз межелерді қолдан құрап, нығайтатын бейнебір «социалистерді» қалай деп атауға болады?.. Сөйтіп, істің мәні неде болды? Я, істің мәні мынада: Кутаис шаруалары Тифлистің «социал-демократиялық октябристерін» өзінің соңына ертіп алды. Кавказ жойымпаздарының ісін бұдан былай жауынгер ұлтшылдықтан үрейі ұшқан Кутаис шаруалары шешетін болады. Кавказ жойымпаздары ұлтшылдық толқынға қарсы тұра алмады, олар интернационализмнің сыналған туын құлатып алды да... ұлтшылдық «толқынымен» ыға берді, ең соңғы байлықтан айрылды: «ондай бос зат не үшін керек»...

Ал, А-ны айтқан Б-ны да айтуы керек: барлық нәрсенің логикасы бар! Кавказ жойымпаздарының грузиндік, армяндік, мұсылмандық (және орыстық?) ұлттық-мәдени автономиясының артынан грузиндік, армяндік, мұсылмандық және басқа жойымпаздардың партиялары жүреді. Ортақ ұйымның орнына әрбір ұлттың жеке ұйымдары, былайша айтқанда грузиннің, армяннің және басқалардың «Бундтары» болады.

Кавказдық жойымпаз мырзалардың ұлт мәселесін «шешуі» осыған әкеліп соқпай ма?

Мейлі, біз олардың батыл болуына тілектеспіз. Не істегісі келсе, соны істесін!

Қалай болғанда да, біз оларды былай деп сендіре аламыз: кавказдық ұйымдардың екінші бөлегі, грузин-

дердің, орыстардың, армяндардың және мұсылмандардың ішінен шыққан партиялық социал-демократтар ұлтшыл-жойымпаз мырзалардан, Қавказдағы интернационализмнің даңқты туына опасыздық етушілерден батыл түрде қол үзеді.

„Социал-Демократ" газеті № 30, 12 (25) январь, 1913 ж.
Қол қойған: К. Ст.

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

МАРКСИЗМ ЖӘНЕ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ[130]

Россиядағы контрреволюция дәуірі «күндей күркіреп, нажағайдай от шашып» қана қойған жоқ, сонымен қабат қозғалыстан түңілуге, жалпы күшке сенбеушілікке ұшыратты. Жұрт бұрын «сәулелі келешекке» сенуші еді, — ұлтына қарамастан, бәрі бірге күресуші еді: ең алдымен жалпыға ортақ мәселе керек! Жұрт енді ішінен күманданды, — ұлттық мекендеріне қарай тарай бастады: әркім өзіне ғана сенсін! Ең алдымен «ұлттық проблема» керек!

Сонымен бірге елдің экономикалық тұрмысында көрнекті өзгеріс болып жатты. 1905 жыл бosқа кеткен жоқ: деревнядағы крепостниктік укладтың қалдықтарына тағы бір соққы берілді. Аштықтан кейін егіннің бірсыпыра уақыт бітік болуы және одан соң басталған өнеркәсіп өрлеуі капитализмді алға жылжытты. Деревнядағы жіктелу және қалалардың өсуі, сауда мен қатнас жолдарының дамуы алға қарай үлкен қадам басты. Бұл әсіресе шеткері аймақтар жөнінде өте дұрыс. Бірақ бұл Россия ұлттарының шаруашылық жағынан бірігу процесін жылдамдатпай қойған жоқ. Ол ұлттар қозғалысқа кірісуге тиісті болды...

Бұл уақыттың ішінде қалыптанып болған «конституциялық режим» де сол ұлттарды ояту бағытында қыймыл жасады. Газеттер мен жалпы әдебиеттің көбеюі, баспасөз бен мәдени мекемелерге бірсыпыра бостандық берілуі, халық театрларының өсуі, т. с., ешбір күмәнсіз, «ұлттық сезімдердің» күшеюіне дем болды. Дума өзінің сайлау науқанымен, саяси топтарымен ұлттарды жандандыруға жаңа мүмкіншіліктер берді. Ұлттарды жұмылдыруға жаңа кең арена ашты.

Ал жауынгер ұлтшылдықтың жоғарыдан өрлеген толқыны, шеткері аймақтардан «бостандық сүйгіштігі» үшін кек алатын «дәулеттілер өкіметінің» тарапынан болған толып жатқан репрессиялар, — кейде өрескел шовинизмге айналатын төменгі ұлтшылдықтың жауап толқынын тудырды. Еврейлердің арасында сионизмнің[131] күшеюі, Польшадағы өсіп келе жатқан шовинизм, татарлардың арасындағы панисламизм, армяндардың, грузиндердің, украиндардың арасында ұлтшылдықтың күшеюі, обывательдің тегіс антисемитизм жағына бейімделуі,— мұның бәрі жалпыға мәлім фактылар.

Ұлтшылдық толқыны, жұмысшылар бұқарасын қамту қаупін туғызып, бірте-бірте күшейіп төне берді. Сөйтіп азаттық қозғалысы бәсеңдеген сайын, ұлтшылдық өркендеп өсе берді.

Осындай қыйын шақта социал-демократияға өте ардақты міндет — ұлтшылдыққа соққы беру, бұқараны жалпы «ығудан» қорғау міндеті жүктелді. Өйткені социал-демократия, тек социал-демократия ғана, мұны орындай алатын еді, ұлтшылдыққа интернационализмнің сыннан өткен құралын, тап күресінің бірлігін, бөлінбеушілігін қарсы қоя алатын еді. Сөйтіп ұлтшылдықтың толқыны неғұрлым күшейе төнген сайын, социал-

демократияның Россиядағы барлық ұлттардың пролетарларының туысқандығы мен бірлігін жақтаған үні соғұрлым қатты шығуға тиісті болды. Бұл жөнде ұлтшылдық қозғалысты тікелей кездесгіретін шеткері аймақтардың социал-демократтарынан ерекше табандылык талап етілді.

Бірақ социал-демократтардың бәрі бірдей міндетті орындарлық дәрежеде болып шыға қоймады, ең алдымен шеткері аймақтардағы социал-демократтар осындай дәрежеде болып шықпады. Бұрын жалпыға ортак міндеттерді баса көрсетіп келген Бунд енді алдыңғы катарға өзіне тән, таза ұлтшылдық мақсаттарды қоя бастады: бара-бара ол мүлде «сембіні мейрамдауды» және «жаргонды дұрыс деп тануды» өзінің сайлау науқанының айбынды пункті етіп жариялады*. Бундтың соңынан Кавказ ерді: бұрын басқа кавказдық социал-демократтармен бірге «мәдени-ұлттық автономияны» теріс деп таныған, кавказдық социал-демократтардың бір бөлімі енді оны кезектегі талап ретінде қойып отыр**. Біз ұлтшылдық ауытқуға дипломатиялық түрде ерік берген жойымпаздардың конференциясы туралы айтып та отырғанымыз жоқ***

Ал бұдан шығатын қортынды — россиялық социал-демократияның ұлт мәселесі жөніндегі көзқарастары әлі социал-демократтардың бәріне бірдей анық емес.

Демек, ұлт мәселесін шындап, барлық жағынан талқылау қажет. Ұлтшылдық тұман қайдан шықса да, оған қарсы дәйекті социал-демократтар жұмылып, қажымай-талмай жұмыс жүргізуі керек.

---

* Қараңыз: «Бундтың IX конференциясы туралы есеп».

** Қараңыз: «Август конференциясының хабары».

*** Қараңыз: бұл да сонда.

I

ҰЛТ

Ұлт деген не?

Ұлт деген — ең алдымен тұтастық, адамдардың белгілібір тұтастығы.

Бұл тұтастық нәсілдің де, тайпаның да тұтастығы емес. Қәзіргі итальян ұлты римляндардан, германдардан, этрустерден, гректерден, араптардан, т. т. құралған. Француз ұлты галдардан, римляндардан, бриттерден, германдардан, т. т. құралған. Әртүрлі нәсілдер мен тайпалардың адамдарынан құралып ұлт болған ағылшындар, немістер және басқалар туралы да осыны айту керек.

Сөйтіп, ұлт — нәсілдің де, тайпаның да тұтастығы емес, адамдардың тарихи жағынан қалыптасқан тұтастығы.

Екінші жағынан, Кирдің немесе Александрдың ұлы мемлекеттерінің, тарихи жағынан құралғанмен, әртүрлі тайпалар мен нәсілдерден құралғанмен, ұлт деп атала алмағаны күмәнсіз. Олар ұлттар емес еді, белгілібір жаулап алушының жеңуіне не жеңілуіне қарай кейде құлап қалған, кейде біріккен топтардың кездейсоқ және байланысы кем жыйынтығы еді.

Сөйтіп, ұлт — кездейсоқ және уақытша жыйынтық емес, адамдардың берік тұтастығы.

Бірақ берік тұтастықтың бәрі бірдей ұлт бола бермейді. Австрия мен Россия да — берік тұтастық, алайда оларды ешкім ұлт деп атамайды. Ұлт тұтастығының мемлекет тұтастығынан айырмасы не? Оның бір айырмасы — ұлттың тұтастығы жалпыға ортақ тілсіз болуға мүмкін емес, ал мемлекет үшін жалпыға ортақ тілдің

болуы міндетті нәрсе емес. Австриядағы чех ұлты мен Россиядағы поляк ұлтының өмір сүруі олардың әрқайсысындағы жалпыға ортақ тілсіз мүмкін болмас еді, ал Россия мен Австрияның тұтастығына олардың ішінде толып жатқан тілдердің болуы кедергі жасамайды. Әңгіме, әрине, ресми-кеңселік тілдер туралы емес, халықтың сөйлейтін тілдері туралы болып отыр.

Сөйтіп, **тілдің тұтастығы** — ұлттың өзгеше белгілерінің бірі.

Бұл, әрине, әртүрлі ұлттар ылғый және барлық жерлерде әртүрлі тілдерде сөйлеседі немесе бір тілде сөйлейтіндердің бәрінің бір ұлт болуы міндетті нәрсе деген сөз емес. Әрбір ұлттың **ортақ** тілі болуы керек, бірақ әртүрлі ұлттардың әртүрлі тілдері болуы міндетті нәрсе емес! Бірден әртүрлі сөйлейтін ұлт жоқ, бірақ бұл әлі — бір тілде сөйлейтін екі ұлттың болуы мүмкін емес деген сөз емес! Ағылшындар мен солтүстік американдар бір тілде сөйлейді, сонда да олар бір ұлт емес. Норвегтер мен датчандар, ағылшындар мен ирландар туралы да осыны айту керек.

Ал, мәселен, ағылшындар мен солтүстік американдардың, тілдері ортақ болғанмен, бір ұлт болмайтындығы неліктен?

Бұл алдымен олардың бірге тұрмай, әртүрлі территорияларда тұратындығынан. Ұлт тек ұзақ уақыт, үзбей байланыс жасаудың нәтижесінде, адамдардың ата-бабасынан бермен қарай бірге тұруының нәтижесінде ғана құралады. Ал ұзақ уақыт бірге тұру ортақ территориясыз мүмкін емес. Ағылшындар мен американдар бұрын бір территорияны, Англияны, мекен етіп, бір ұлт болған. Сонсын ағылшындардың бір бөлігі Англиядан жаңа территорияға, Америкаға, көшіп, онда, жаңа тер-

риторияда, бірсыпыра уакыттар өткен соң, жаңа солтүстік американ ұлтын құрды. Әртүрлі территориялар әртүрлі ұлттардың құрылуына әкеліп сокты.

Сөйтіп, **территорияның тұтастығы** — ұлттың өзгеше белгілерінің бірі.

Бірақ әлі мұнымен бітпейді. Территорияның тұтастығы өзінен өзі әлі ұлт ұғымын бермейді. Ол үшін, мұның үстіне, ұлттың жеке бөлімдерін біртұтас етіп біріктіретін ішкі экономикалық байланыс керек. Англия мен Солтүстік Американың арасында мұндай байланыс жоқ, сондықтан да олар әртүрлі екі ұлт болып табылады. Бірақ Солтүстік Американың жеке түкпірлері өздерінің арасындағы еңбек бөлінісінің, катнас жолдарының өркендеуінің, т. т. аркасында экономикалық жағынан тұтасып бір-бірімен байланысты болмаса, солтүстік американдардың өздері де ұлт деген атка ие бола алмас еді.

Мысалға грузиндерді-ак алайык. Реформадан бұрынғы уақыттардағы грузиндер ортак территорияда тұрып, бір тілде сөйледі, сонда да олар, асылында, бір ұлт болған жок, өйткені олар, бір-бірінен кол үзген толып жатқан князьдікке бөлінгендіктен, ортақ экономикалык тұрмыста тұра алмады, ғасырлар бойы өз арасында соғыс жүргізді және, біріне бірі персияндар мен түріктерді шағыстырып, бірін бірі күйзелтті. Кайсыбір жолы болған патшаның князьдіктерді уақытша және кездейсок түрде біріктіру ісін кейде жүзеге асырғаны, мыктағанда, жеңіл-желпі администрациялык жағын ғана камтып, князьдардың кесірлігі мен шаруалардың немкұрайды карауына ұшырап тез кыйрап отырды. Грузияның экономикалық жағынан бытыранды кезінде баскаша болуға мүмкін де емес еді... Грузия, ұлт ретінде, XIX

ғасырдың екінші жартысында ғана жарыққа шықты; ол кезде крепостниктік тәртіптің құлауы мен елдің экономикалық тұрмысының өсуі, қатнас жолдарының өркендеуі мен капитализмнің шығуы Грузияның облыстарының арасында еңбек бөлінісін жасады, ақыры княздіктердің шаруашылық жағынан тұйықтығын бұзып, оларды біртұтас етіп байланыстырды.

Феодализм сатысынан өтіп, өз ішінде капитализмді дамытқан басқа ұлттар туралы да осыны айту керек.

Сөйтіп, **экономикалық тұрмыстың тұтастығы, экономикалық жағынан байланыстылық** — ұлттың өзгеше белгілерінің бірі.

Бірақ мұнымен де бітпейді. Айтылғандардың бәрінің үстіне, ұлт болып біріккен адамдардың рухани пішінінің өзгешеліктерін де еске алу керек. Ұлттар бір-бірінен тек тұрмыс жағдайлары жөнінен ғана емес, әрі ұлттық мәдениеттің өзгешеліктерінен көрінетін рухани пішіні жөнінен де айрылады. Егер бір тілде сөйлейтін Англия, Солтүстік Америка, Ирландия қалайда әртүрлі үш ұлт болып отырса, бұл жөнде олардағы өмір сүрудің әртүрлі жағдайларының нәтижесінде ата-бабаларынан бермен қарай жасалған өзгеше психикалық пішіннің ролі аз емес.

Әрине, психикалық пішіннің немесе — жұрттың басқаша атап жүргеніндей — «ұлттық мінез-құлықтың» құр өзі сырттан қараған кісіге тұрлаусыз нәрсе болып көрінеді, бірақ ол мәдениеттің, ортақ ұлттың өзгешелігінен көрінетін болғандықтан ол тұрлаулы нәрсе және ол еленбеуге тиіс емес.

«Ұлттық мінез-құлықтың» мәңгі өзгермей қалатын нәрсе емес екенін, тұрмыс жағдайларымен бірге өзгеріп отыратынын айтып жатпасақ та болады; бірақ ол

әрбір белгілі кезеңде өмір сүріп отыратын болғандықтан, ол ұлттың физиономиясына өзінің белгісін салады.

Сөйтіп, мәдениеттің тұтастығынан көрінетін **психикалық пішіннің тұтастығы** — ұлттың өзгеше белгілерінің бірі.

Сонымен біз ұлттың барлық белгілерін сарқа айттық.

Ұлт дегеніміз адамдардың тарихи жағынан қалыптасқан берік тұтастығы; бұл тұтастық тілдің, территорияның, экономикалық тұрмыстың және мәдениет тұтастығынан көрінетін психикалық пішіннің тұтастығы негізінде туған.

Бұл арада тарихи құбылыс атаулының бәрі сияқты ұлттың да өзгеру заңына бағынатыны, өзінің тарихы, басы мен ақыры бар екені өзінен өзі түсінікті.

Жоғарыда көрсетілген белгілердің бір де бірі, жеке алғанда, ұлттың ұғымын анықтап беруге жеткіліксіз екенін баса айту керек. Ол ол ма: ұлттың ұлт болудан қалуы үшін бұл белгілердің біреуінің-ақ жоқ болуы жеткілікті.

Ортақ «ұлттық мінез-хұлқы» бар адамдарды табуға болады; дегенмен олар экономика жағынан бытыранды болса, әртүрлі территорияларда тұрса, әртүрлі тілдерде сөйлесе т. т. болса, олар бір ұлт болмайды. Мәселен, біздің пікірімізше, тұтас бір ұлт болып табылмайтын россиялық, галициялық, америкалық, грузиялық, таулық **еврейлер** осындай.

Территориясы мен экономикалық тұрмысы тұтас адамдарды табуға болады; дегенмен олар тіл мен «ұлттық мінез-хұлықтың» тұтастығысыз бір ұлт болып табылмайды. Мәселен, Прибалтика өлкесінің немістері мен латыштары осындай.

Ақырында, норвегтер мен датчандар бір тілде сөйлейді, бірақ басқа белгілерінің жоктығынан олар бір ұлт болып табылмайды.

Белгілердің бәрі тегіс бар болса ғана бізге ұлт ұғымын береді.

«Ұлттық мінез-хұлық» ұлттың белгілерінің бірі емес, бірден-бір мәнді белгісі, ал басқа белгілердің бәрі ұлттың белгілері емес, шынында, ұлттың даму **жағдайлары** болып көрінуі мүмкін. Мәселен, Австриядағы социал-демократияның ұлт мәселесі жөніндегі әйгілі теоретиктері Р. Шпрингер мен, әсіресе, О. Бауэр осындай көзқараста.

Олардың ұлт теориясын қарап көрейік.

Шпрингердің пікірінше, «ұлт дегеніміз — бірдей ойлайтын және бірдей сөйлейтін адамдардың одағы». Ұлт — «қазіргі замандағы адамдар тобының «жерге» байланыссыз мәдени тұтастығы»* (курсив біздікі).

Сөйтіп, ұлт дегеніміз — бір-бірінен қанша қашық болса да, қай жерде тұрса да, бірдей ойлайтын және бірдей сөйлейтін адамдардың «одағы» екен.

Бауэр бұдан да гөрі әрі кетеді.

«Ұлт деген не? — деп сұрайды ол. — Мұның өзі адамдарды ұлтқа біріктіретін тіл тұтастығы ма? Бірақ ағылшындар мен ирландар... бір тілде сөйлейді, алайда олар тұтас бір халық болып табылмайды; еврейлердің мүлде ортақ тілі жоқ, сонда да олар ұлт болып табылады»**.

Сонымен ұлт дегеніміз не?

---

* Қараңыз: Р. Шпрингердің «Ұлттық проблемасы», 43-бет; «Общественная Польза» бастырып шығарған, 1909 ж.

** Қараңыз: О. Бауэрдің «Ұлт мәселесі мен социал-демократиясы», «Серп» бастырып шығарған, 1909 ж., 1 — 2 бет.

«Ұлт дегеніміз — мінез-хұлықтың шамалы тұтастығы»*.

Ал мінез-хұлық, бұл арада — ұлттық мінез-хұлык дегеніміз не?

Ұлттық мінез-хұлық дегеніміз — «бір ұлттың адамдарын екінші ұлттың адамдарынан айыратын белгілердің жыйынтығы, бір ұлтты екінші ұлттан айыратын физикалық және рухани қасиеттердің жыйындысы»**.

Бауэр, әрине, ұлттық мінез-хұлықтың аспаннан түспейтінін біледі, сондықтан да ол былай деп қосады:

«Адамдардың мінез-хұлқы олардың тағдырынан басқа ештеңемен де белгіленбейді»... «ұлт дегеніміз—тағдырдың тұтастығынан басқа ештеңе де емес», ал мұны белгілейтін «жағдайлар; бұл жағдайларда адамдар өз тіршілігіне құралдар шығарады және өз еңбегінің өнімдерін бөледі». ***.

Сонымен, біз ұлттың, Бауэр айтқандай, ең «толық» ұғымын анықтауға келдік.

«Ұлт дегеніміз — тағдыр тұтастығына негізделген мінез-хұлық тұтастығына байланысты адамдардың бүкіл жыйынтығы»****.

Сөйтіп, ұлт дегеніміз — тағдыр тұтастығына негізделген, міндетті түрдегі территорияның, тілдің, экономикалық тұрмыстың тұтастығымен байланыстырмай алынған, ұлттық мінез-хұлықтың тұтастығы екен.

Ал бұлай болған күнде ұлттан не қалады? Экономикалық жағынан бірінен бірі қашық, әртүрлі территорияларда тұратын, ата-бабасынан бермен қарай әр тілдерде сөйлейтін адамдарда қандай ұлт тұтастығы болушы еді?

* Қараңыз: бұл да сонда, 6-бет.

** Қараңыз: бұл да сонда, 2-бет.

*** Қараңыз: бұл да сонда, 24 — 25-бет.

**** Қараңыз: бұл да сонда, 139-бет.

Бауэр еврейлер туралы, «мүлде ортақ тілі жоқ»* болса да, ұлт ретінде сөз қылады; бірақ бірінен бірі мүлде қол үзген, әртүрлі территорияларда тұратын, әртүрлі тілдерде сөйлейтін, мәселен, грузиялық, дағыстандық, россиялық, америкалық еврейлерде қандай «тағдыр тұтастығы» мен ұлт байланыстылығы болушы еді?

Күмән жоқ, жоғарыда айтылған еврейлер грузиндермен, дағыстандықтармен, орыстармен, американдармен бірге ортақ экономикалық, саяси тұрмыста тұрады, солармен ортақ мәдени жағдайда тұрады; бұл олардың ұлттық мінез-құлықтарына өзінің белгісін салмай тұра алмайды; егер оларда ортақ бірдеңе қалған болса, ол — дін, бір тектілік, ұлттық мінез-құлықтың кейбір қалдықтары. Мұның бәрі күмәнсіз. Бірақ жоғарыда айтылған еврейлердің «тағдырына» олардың жан-жағын қоршаған нағыз әлеуметтік-экономикалық, мәдени ортадан гөрі қатып-семіп қалған діни ғұрыптар мен жоғалып бара жатқан психологиялық қалдықтар күштірек әсер етеді, деп қалайша шындап сөз қылуға болады? Ал тегінде тек осылай шамалағанда ғана еврейлер туралы ұлт ретінде сөз қылуға болады ғой.

Онда Бауэрдің ұлтының спиритуалистердің мистикалық, өзінен өзі болған «ұлттық рухынан» айырмасы не?

Бауэр ұлттың «айырмалы белгісі» (ұлт мінез-құлқы) мен ұлттардың тұрмыс «жағдайларын» бір-бірінен айырып тастап, олардың арасына жан өте алмастық шек қояды. Бірақ ұлттық мінез-құлық дегеніміз тұрмыс жағдайларының көрінісі емес, жан-жақты қоршаған

* Қараңыз: бұл да сонда, 2-бет.

ортадан алынған ой-пікірдің жентегі емей, немене? Ұлттық мінез-құлықты оны туғызған негізден оқшау қалдырып, айырып тастап, тек соның өзімен ғана тынуға қалайша болады?

Сонсын, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында, Солтүстік Америка әлі «Жаңа Англия» деп аталған кезде, ағылшын ұлтын солтүстік американ ұлтынан айыратын, шынында, не еді? Әрине, ұлттық мінез-құлық емес: өйткені солтүстік американдар Англиядан шығушылар болды, олар Америкаға, ағылшын тілінен басқа, ағылшынның ұлттық мінез-құлқын да ала барды; оларда жаңа жағдайлардың әсерінен өзіне тән ерекше мінез-құлық жасала беруге тиіс болғанмен, олар, әрине, ағылшынның ұлттық мінез-құлқын тез жоғалта алған жоқ. Сонда да, мінез-құлықтың азды-көпті тұтастығына қарамастан, олар сол кездің өзінде-ақ Англиядан ерекше ұлт болды! Ол кезде ұлт ретіндегі «Жаңа Англияның» ұлт ретіндегі Англиядан айырмасы — ерекше ұлттық мінез-құлық болмағаны, немесе ұлттық мінез-құлық болудан гөрі, Англиядан ерекше ортаның, тұрмыс жағдайларының болғаны сөзсіз.

Сонымен, шынында ұлттың ешқандай бірден-бір айырмалы белгісі болмайтыны айқын. Белгілердің жиынтығы ғана болады; ұлттарды салыстырғанда белгілердің ішінен кейде бірі (ұлттық мінез-құлық), кейде екіншісі (тіл), кейде үшіншісі (территория, экономикалық жағдайлар) айқынырақ білінеді. Ұлт дегеніміз тұтас алынған барлық белгілердің қиюласуы.

Ұлтты ұлттық мінез-құлықпен теңдестіретін Бауэрдің көзқарасы ұлтты негізден айырып тастайды және оны қайдағы бір көзге көрінбейтін, өзімен өзі болған күшке айналдырады. Бұл нағыз жігерлі қимыл жа-

саушы ұлт емес, мистикалық, тұрлаусыз, өлі бір нəрсе болып шығады. Өйткені, тағы айтам, мəселен грузиялық, дағыстандық, россиялық, америкалық жəне басқа еврейлерден құралған, мүшелері бірін бірі түсінбейтін (əртүрлі тілдерде сөйлейтін), жер жүзінің əртүрлі бөлімдерінде тұратын, еш уақытта бірін бірі көрмейтін, еш уақытта, бейбітшілік уақытта да, соғыс уақытында да, бірге шықпайтын еврей ұлты деген нендей ұлт?!

Жоқ, социал-демократия өзінің ұлттық программасын мұндай қағаз жүзіндегі «ұлт» үшін жасамайды. Ол қимыл жасап, жылжып отыратын, сондықтан да өзімен санастырмай қоймайтын шын ұлттармен ғана санасады.

Бауэр, сірə, тарихи категория болып табылатын ұлт пен этнографиялық категория болып табылатын тайпаны шатастырып отыр.

Тегінде, позициясының əлсіздігін Бауэрдің өзі де сезіп отырған болар. Кітабының басында еврейлерді ұлт* деп батыл айта келіп, Бауэр кітабының аяғында «капиталистік қоғам тегінде олардың (еврейлердің) ұлт болып сақталуына мүмкіндік бермейді»**, оларды басқа ұлттармен ассимиляциялап отырады деп, өзін өзі түзейді. Оның себебі — «еврейлердің тұйық колонизациялық облысы жоқ»***, ал мұндай облыс, мəселен, чехтарда бар, чехтар, Бауэрдің пікірінше, ұлт болып сақталуға тиіс екендігі көрінеді. Қысқасы: оның себебі — территорияның жоқтығы.

Бұлай ойлағанда, Бауэр — ұлттық автономия еврей

---

* Оның кітабының 2-бетін қараңыз.

** Қараңыз: бұл да сонда, 389-бет.

*** Қараңыз: 388-бет.

жұмысшыларының талабы бола алмайды* деп дәлелдемекші еді, бірақ ол мұнысымен ұлттың белгілерінің бірі болып табылатын территория тұтастығын теріс деп танитын өз теориясын байқаусызда астан-кестен қылып отыр.

Бірақ Бауэр бұдан да әрі кетеді. Ол өзінің кітабының басында «еврейлердің мүлде ортақ тілі жоқ, сонда да олар ұлт болып табылады»** деп батыл айтады. Бірақ ол жүз отызыншы бетке жетіп үлгірмей-ақ, бағытын өзгертіп, тағыда батыл түрде: «ортақ **тілсіз ешбір ұлттың болуы мүмкін емес екені** күмәнсіз»*** дейді (курсив біздікі).

Бауэр бұл арада «тіл — адамның қарым-қатнасының аса маңызды құралы» **** деп дәлелдемекші еді, бірақ ол мұнымен бірге дәлелдегісі келмеген нәрсесін, атап айтқанда: тіл тұтастығының маңызын теріс деп танитын өзінің ұлт теориясының орынсыз екенін де байқаусызда дәлелдеді.

Идеалистік жіппен тігілген теория өзін өзі осылай бекерге шығарып отыр.

II

ҰЛТ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Ұлт — жай ғана тарихи категория емес, белгілібір заманның, өрлеп келе жатқан капитализм заманының, тарихи категориясы. Феодализмнің жойылуы мен капитализмнің өркендеу процесі әрі адамдардың ұлт болып

---

* Қараңыз: 396-бет.

** Қараңыз: 2-бет.

*** Қараңыз: 130-бет.

**** Бұл да сонда, 130-бет.

құралу процесі де болып табылады. Мәселен, Батыс Европада іс осылай болған. Ағылшындар, француздар, германдар, итальяндар және басқалар феодалдық бытырандылыққа үстемдік етіп отырған капитализмнің жеңісті салтанаты кезінде ұлт болып құралды.

Бірақ ұлттардың құралуы оларда әрі ұлттардың өз алдына ұлттық мемлекеттерге айналуы болып табылды. Ағылшынның, французлың және басқалардың ұлттары әрі ағылшынның және басқалардың мемлекеттері болып табылады. Бұл процестен тыс қалған Ирландия жалпы жағдайды өзгертпейді.

Шығыс Европада іс бірсыпыра басқаша болып отыр. Батыста ұлттар мемлекеттерге ұласқан кезде Шығыста ұлт аралық мемлекеттер, бірнеше ұлттан құралған мемлекеттер, құрылды. Австрия-Венгрия, Россия міне нақ осындай. Австрияда саяси жөнінен ең ересегі немістер болып шықты — австриялық ұлттарды мемлекет етіп біріктіру ісін өз мойнына алған да солар. Венгрияда мемлекеттік ұйымшылдыққа ең ыңғайлысы мадьярлар болып шықты, олар — венгриялық ұлттардың ұйтқысы, Венгрияны біріктірген де солар. Россияда ұлттарды біріктірушінің ролін ұлы орыстар өз мойнына алды: бұларды тарихи жағынан қалыптасқан күшті, ұйымшыл дворяндық соғыс бюрократиясы басқарды.

Шығыста іс осылай болды.

Мемлекеттердің құрылуының бұл өзгеше жолы әлі жойылмаған феодализм жағдайларында ғана, нашар дамыған капитализм жағдайларында ғана бола алды; бұл кезде кейінгі қатарға шегерілген ұлттар экономикалық жағынан әлі тұтас ұлттар болып жыйнақталып үлгіре алмады.

Бірақ капитализм шығыс мемлекеттерде де дамый

бастады. Сауда мен қатнас жолдары дамып келеді. Ірі қалалар шығып келеді. Ұлттар экономикалық жағынан жыйнақталып келеді. Шегерілген ұлттардың тыныш тұрмысын бұзып-жарған капитализм ол ұлттарды көтерілдіріп, қозғалысқа итермелеп отыр. Баспасөз бен театрдың дамуы, рейхсраттың (Австрияда) және Думаның (Россияда) ісі «ұлттық сезімдердің» күшеюіне дем болып отыр. Жаңа туған интеллигенция «ұлттық идеяға» қанығып отыр және осы бағытта қыймыл жасап отыр...

Бірақ жаңадан оянып өз алдына тұрмыс құра бастаған бұрынғы шегерілген ұлттар енді тәуелсіз ұлттық мемлекет болып құралмайды: олар өздерінің жолында алдақашан мемлекеттің басына отырып алған, команда беруші ұлттардың басшы топтары тарапынан өте күшті қарсылықты кездестіріп отыр. Кешігіп қалды!..

Австрияда чехтар, поляктар, т. т., Венгрияда хорваттар және басқалар, Россияда латыштар, литвандар, украиндар, грузиндер, армяндар және басқалар осылай ұлт болып құралып келеді. Батыс Европада бірді-екілі болатын нәрсе (Ирландия) шығыста ережеге айналды.

Батыста Ирландия өте ауыр халге ұлт қозғалысы арқылы жауап берді. Шығыста оянған ұлттар да солай жауап беруге тиіс болды.

Европаның шығысындағы жас ұлттарды күреске итермелеген жағдайлар осылай құрыла берді.

Күрес, шынында, бүкіл ұлттардың арасында емес, команда беруші ұлттар мен шегерілген ұлттардың үстем таптарының арасында басталып, қызды. Күресті әдетте не езілген ұлттың қалалық ұсақ буржуазиясы команда беруші ұлттың ірі буржуазиясына қарсы жүргізеді (чехтар мен немістер), не езілген ұлттың село

буржуазиясы үстем ұлттың помещиктеріне қарсы жүргізеді (Польшадағы украиндар), не езілген ұлттардың бүкіл «ұлттық» буржуазиясы команда беруші ұлттың үстем дворяндарына қарсы жүргізеді (Россиядағы Польша, Литва, Украина).

Буржуазия — қыймыл көрсетушінің ең бастысы.

Жас буржуазия үшін негізгі мәселе—рынок. Өз товарларын өткізу, сөйтіп баска ұлттың буржуазиясымен бәсеке жасағанда жеңіп шығу — буржуазияның мақсаты осы. Оның осыдан шығатын тілегі—«өзінің», «колтума» рыногін жасап алу. Рынок—буржуазияның ұлтшылдықты үйренетін бірінші мектебі.

Бірақ іс, әдетте, рынокпен тынбайды. Күреске үстем ұлттың жартылай феодалдық, жартылай буржуазиялық бюрократиясы өзінің «сүйрелеп, айрылмау керек» деген әдісін қолданып араласады. Команда беруші ұлттың буржуазиясы — ол ұсақ болсын, ірі болсын, бәрібір — өзімен бәсекелесушінің «тезірек», «батылырақ» сазайын беруге мүмкіндік алады. «Күштер» бірігеді, сөйтіп «бұратана» буржуазияға карсы кейде репрессияға айналатын толып жатқан шек қою шаралары басталады. Күрес шаруашылық майданынан саяси майданға көшеді. Қоныс ауыстыру бостандығына шек қою, тілге қысым жасау, сайлау праволарына шек қою, мектептерді азайту, дінге қысым жасау, т. с. «бәсекелесушінің» үстіне жауады. Әрине, мұндай шаралар команда беруші ұлттың буржуазиялық таптарының мүдделерін ғана көздемейді, әрі үстем бюрократияның ерекше, былайша айтқанда, өзіне тән мақсаттарын да көздейді. Бірақ нәтижелері жағынан мұнда түк айырма жоқ: буржуазиялық таптар мен бюрократия бұл арада қол ұстасып жү-

реді — әңгіме Австрия-Венгрия туралы болсын немесе Россия туралы болсын, бәрібір.

Езілген ұлттың барлық жағынан қысым көрген буржуазиясы табиғи түрде қозғалысқа кіріседі. Ол өзінің қарабасының ісін жалпы халықтың ісіне балап, «бауыр жұртына» жүгініп, «отан» туралы айқайлай бастайды. Ол «отанның» мүддесі үшін... «отандастардан» өзіне армия құрастырады. «Жұрт» та шақырғанда ылғый қатыспай қала бермей, оның туының маңына жыйналады: жоғарыдан болған репрессиялар оларды да шалып, наразылық туғызады.

Ұлт қозғалысы осылай басталады.

Ұлт қозғалысының күші ұлттың қалың бұқарасының, пролетариат пен шаруалардың, оған қатынасу дәрежесі арқылы белгіленеді.

Пролетариаттың буржуазиялық ұлтшылдықтың туы астына жыйналу, жыйналмауы, — бұл таптық қайшылықтардың даму дәрежесіне, пролетариаттың саналылығы мен ұйымшылдығына байланысты. Саналы пролетариаттың өзіне тән сыналған туы бар, сондықтан оған буржуазияның туы астына жыйналудың түк қажеті жоқ.

Шаруаларға келсек, олардың ұлт қозғалысына қатысуы бәрінен бұрын репрессиялардың сыйпатына байланысты. Егер репрессиялар, Ирландияда болған сыяқты, «жер» мүдделерін қамтыса, онда шаруалардың қалың бұқарасы дереу ұлт қозғаласының туы астына жыйналады.

Екінші жағынан, егер, мәселен, Грузияда пәлендей елеулі орысқа қарсы ұлтшылдық жоқ болса, оның, бәрінен бұрын, себебі — онда мұндай бұқара арасындағы ұлтшылдыққа азық бере алатын орыстың помещиктері

не орыстың ірі буржуазиясы жоқ. Грузияда **армянға қарсы** ұлтшылдық бар, ал оның себебі — онда ұсақ, әлі буыны қатпаған грузин буржуазиясын төмпештеп, армянға қарсы ұлтшылдыққа итермелейтін армянның ірі буржуазиясы әлі бар.

Осы фактыларға қарай ұлт қозғалысы не бірден бірге өрши түсіп, бұқаралық сыйпатта болады (Ирландия, Галиция), не бірте-бірте жанжалға, құр атақ үшін «күреске» ауып, ұшы-қыйыры жоқ ұсақ қақтығыстарға айналады (Богемияның кейбір қалашықтары).

Ұлт қозғалысының мазмұны, әрине, барлық жерде бірдей бола алмайды: оны тегісінен қозғалыстың қоятын әртүрлі талаптары белгілейді. Ирландияда қозғалыстың аграрлық сыйпаты бар, ал Богемияда «тілдік» сыйпаты бар; мұнда азаматтардың тең праволылығы мен дін ұстау бостандығын талап етеді, ал онда «өз» чиновниктері мен өз сейімі болуын талап етеді. Түрлі талаптарда кейде жалпы ұлт атаулыны сыйпаттайтын түрлі белгілер (тіл, территория және басқалар) байқалады. Бір көңіл бөлуге татырлық нәрсе — Бауэрдің бәрін қамтыйтын «ұлттық мінез-хұлқы» туралы талапты ешжерде кездестірмейсің. Бұл түсінікті де: «ұлттық мінез-хұлық» жеке өзін алғанда, тұрлаусыз нәрсе және, И. Штрассердің дұрыс айтқанындай, «онымен саясат құрып жатудың қажеті жоқ»*.

Ұлт қозғалысының формалары мен сыйпаты жалпы алғанда осындай.

Жоғарыда айтылғандардан — **өрлеп келе жатқан** капитализм жағдайларындағы ұлттық күрестің буржуазиялық таптардың өз арасындағы күресі болып та-

* Қараңыз: оның «D r Arbeiter und die Nation» деген кітабы, 1912 ж., 33-бет.

былатыны айқын көрінеді. Кейде буржуазия ұлт қозғалысына пролетариатты тарта алады, онда ұлттық күрес сыртқы көрінісі жағынан «жалпы халықтық» сыйпатта болады, бірақ бұл тек сыртқы көрінісі ғана. Өзінің түпкі мәнінде ол ылғый буржуазиялық күрес, көбінесе буржуазияға тиімді, соған қонымды күрес болып қала береді.

Бірақ бұдан — пролетариат ұлттарды езу саясатына қарсы күресуге тиіс емес деген қортынды еш шықпайды.

Қоныс ауыстыру бостандығына шек қою, сайлау праволарынан айыру, тілге қысым жасау, мектептерді азайту және басқа репрессиялар жұмысшыларды буржуазиядан гөрі көбірек қамтымаса, кем қамтымайды. Мұндай күй бағынышты ұлттардың пролетариатының рухани күштерін еркін дамыту ісіне тек кедергі жасайды. Татардың не еврейдің жұмысшысына жиналыстарда, лекцияларда ана тілімен пайдалануға мүмкіндік берілмей отырғанда, оларға мектептердің есігі жабық болып отырғанда, олардың рухани зейіндерін толық дамыту туралы шындап сөз қылуға да болмайды.

Бірақ ұлтшылдық репрессияларды қолдану саясаты пролетариаттың ісі үшін екінші жағынан да қауіпті. Ол саясат қалың бұқараның көңілін әлеуметтік мәселелерден, тап күресінің мәселелерінен бөліп, ұлттық мәселелер жағына, пролетариат пен буржуазияға «ортақ» мәселелер жағына аударады. Ал мұның өзі «мүдделердің сәйкестігі» туралы жалған уағыз жүргізу үшін, пролетариаттың таптық мүдделерін көмескілеу үшін, жұмысшыларды рухани жағынан кіріптар ету үшін қолайлы жағдай жасайды. Сонымен барлық ұлттардың жұмысшыларын біріктіру ісіне елеулі кедергі жасалады.

Егер поляк жұмысшыларының едәуірі әлі күнге буржуазиялық ұлтшылдарға кіріптар болып қалып отырса, олар әлі күнге интернационалдық жұмысшы қозғалысынан шет қалып отырса, мұның көбінесе себебі — тозығы жеткен «дәулетгілердің өкімі» деген поляктарға қарсы саясат осындай кіріптарлық үшін жағдай жасап отыр, жұмысшыларды осы кіріптарлықтан азат ету ісін қыйындатып отыр.

Бірақ репрессиялар қолдану саясаты мұнымен тоқтамайды. Ол езу «системасынан» кейде ұлттарды шағыстыру «системасына», қырғын, погром «системасына» көшеді. Әрине, соңғысы барлық жерде және барлық уақытта бірдей мүмкін бола бермейді, ал ол мүмкін болған жерде, — сәл бостандық та жоқ жағдайларда, — ол кейде, жұмысшыларды біріктіру ісін қан мен көз жасына бояу қаупін туғызып, сұрапыл мөлшерде қолданылады. Кавказдан және Россияның оңтүстігінен талай мысалдар келтіруге болады. «Бөлшекте де, өкіміңді жүргізе бер» — шағыстыру саясатының мақсаты осы. Ал мұндай саясаттың сәті болып жүргендіктен, бұл саясат пролетариат үшін зор қырсық, мемлекеттегі барлық ұлттардың жұмысшыларын біріктіру ісіне елеулі кедергі болып табылады.

Бірақ жұмысшылар барлық жолдастарын тұтас бір интернационалдық армияға толық біріктіруге, оларды буржуазияға рухани жағынан кіріптар болудан тез және түпкілікті азат етуге, өзінің бауырлары қандай ұлттан шыққан болса да, солардың рухани күштерін толық және еркін дамытуға құштар.

Сондықтан жұмысшылар ұлттарды езу саясатының барлық түрлеріне, ең нәзік түрлерінен бастап, ең өрескел түрлеріне қарсы, әрі шағыстыру саясатының да

барлық түрлеріне қарсы күресіп отыр және бұдан былай да күреседі.

Сондықтан барлық елдердің социал-демократиясы ұлттардың өзін өзі билеу правосын жарыялайды.

Өзін өзі билеу правосы, яғни: өз тағдырын шешуге ұлттың өзінің ғана правосы бар, ұлттың тіршілігіне **зорлап** араласуға, оның мектептерін және басқа мекемелерін **қыйратуға**, оның әдет, ғұрыптарын **бұзуға**, оның тіліне **қысым жасауға**, праволарын **жыруға** ешкімнің правосы жоқ.

Бұл, әрине, — социал-демократия ұлттың әдет, мекеме атаулысының бәрін қолдап отырады, деген сөз емес. Ол, ұлтқа зорлық көрсетушілікке қарсы күресе отырып, **ұлттың** өз тағдырын өзі шешу жөніндегі правосын ғана берік жақтайды, сонымен қабат, бұл ұлттың еңбекші бұқарасына зыянды әдеттер мен мекемелерден құтылуына мүмкіндік беру үшін, бұл ұлттың сол зыянды әдеттері мен мекемелеріне қарсы үгіт жүргізеді.

Өзін өзі билеу правосы, яғни — ұлт өзінің қалауынша тұрмыс құра алады. Ол өзінің тұрмысын автономия негізінде құруға праволы. Ол басқа ұлттармен федерациялық қатнастар жасауға праволы. Ол мүлде бөлініп шығуға праволы. Ұлт суверенитетті және барлық ұлттар тең праволы.

Бұл, әрине, — социал-демократия ұлттың көрінген талабын жақтай береді, деген сөз емес. Ұлт тіпті ескі тәртіпке қайта оралуға да праволы, бірақ бұл әлі — социал-демократия ол ұлттың анау-мынау мекемесінің мұндай қаулысына қол қояды деген сөз емес. Пролетариаттың мүдделерін қорғайтын социал-демократияның міндеттері мен әр таптардан құралған ұлттың праволары — екеуі екі басқа нәрсе.

Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жолында күресе отырып, социал-демократия ұлтты езу саясатын түбімен құртуды, ол саясатты мүмкін болмайтын етуді, сөйтіп ұлттардың күресін әлсіретуді, бәсеңдетуді, оны азайтып, минимумға жеткізуді мақсат етеді.

Ұлттық күресті тереңдетіп, өршітуге, ұлт қозғалысын созып, шиеленістіруге тырысатын буржуазияның саясатынан саналы пролетариаттың саясатын айыратын мәнді нәрсе осы.

Сондықтан да саналы пролетариат буржуазияның «ұлттық» туы астына жыйнала алмайды.

Сондықтан да Бауэр ұсынып отырған «эволюциялы-ұлттық» саясат деген саясат пролетариаттың саясаты бола алмайды. Бауэрдің өзінің «эволюциялы-ұлттық» саясатын «қазіргі замандағы жұмысшы табының» саясатымен қыюластыруға әрекет жасауы* жұмысшылардың тап күресін ұлттардың күресіне икемдеу әрекеті болып табылады.

Ұлт қозғалысының, өзінің түпкі мәнінде буржуазиялық қозғалыстың, тағдыры — буржуазияның тағдырымен табиғи байланысты. Ұлт қозғалысының түпкілікті құлауы буржуазия құлағанда ғана мүмкін болады. Тек социализм дәурен сүргенде ғана толық бейбітшілік орнай алады. Бірақ ұлттық күресті минимумға жеткізу, оны тамырынан бәсеңдету, оны пролетариатқа барынша зыянсыз ету — капитализм шеңберінде де мүмкін. Швейцария мен Американы мысалға алсаңыз да осыны көрсетеді. Бұл үшін елді демократияландыру керек және ұлттардың емін-еркін дамуына мүмкіншілік беру керек.

---

* Қараңыз: Бауэрдің кітабы, 166-бет.

III

МӘСЕЛЕНІҢ ҚОЙЫЛЫСЫ

Ұлттың өз тағдырын өзі еркін шешуге правосы бар. Оның өз қалауынша тұрмыс құруға, әрине, баска ұлттардың праволарын тықсырмай тұрмыс құруға правосы бар. Бұл даусыз.

Бірақ, ұлттың көпшілігінің, бәрінен бұрын пролетариаттың мүдделерін еске алғанда, ұлт дәл қалай тұрмыс құруға тиіс, оның келешектегі конституциясы қандай формада болуға тиіс?

Ұлттың автономия болып тұрмыс құруына правосы бар. Оның тіпті бөлініп кетуге де правосы бар. Бірақ бұл әлі — ұлт мұны қандай жағдайларда болса да істеуге тиіс, автономия немесе сепарация ұлтқа, яғни оның көпшілігіне, яғни еңбекшілер бұқарасына барлық жерде, барлық уақытта тиімді, деген сөз емес. Закавказьелік татарлар, ұлт ретінде, өздерінің, мәселен, сейміне жыйнала алады және, өздерінің бектері мен молдаларының ықпалына бағынып, өздерінде ескі тәртіптерді қайта орната алады, мемлекеттен бөлініп шығуды шеше алады. Өзін өзі билеу туралы пункттің мағнасы бойынша олардың бұған толық правосы бар. Бірақ бұл татар ұлтының еңбекшілер бұқарасының мүдделеріне сай келе ме? Ұлт мәселесін шешуде бектер мен молдалардың бұқараны өздерінің соңынан ертуіне социал-демократия қалай болса солай қарай ала ма? Социал-демократия іске араласып, ұлттың тілегіне белгілібір ықпал етуге тиісті емес пе? Ол мәселені татар бұқарасына барынша тиімді етіп шешудің нақты жоспарымен шығуға тиісті емес пе?

Ал еңбекшілер бұқарасының мүдделеріне мәселенің

қай түрде шешілуі көбірек сәйкес келеді? Автономия ма, федерация ма, әлде сепарация ма?

Мұның бәрі — белгілібір ұлтты қоршаған нақты тарихи жағдайларға байланыстырылып шешілетін мәселелер.

Ол ол ма. Басқа нәрселер сияқты, жағдайлар да өзгеріп отырады, сондықтан бір кезең үшін дұрыс қарар екінші кезең үшін мүлде жарамайтын болып шығуы мүмкін.

XIX ғасырдың ортасында Маркс орыс Польшасының бөлініп шығуын жақтады, оныкі дұрыс та еді, өйткені ол кезде мәселе жоғарғы мәдениетті оны қыйратқан төменгі мәдениеттен босату туралы болды. Сонсын, ол кезде мәселе теория жүзінде ғана емес, академикалық жағынан емес, практика жүзінде, нағыз тұрмыс жүзінде қойылды...

Ал XIX ғасырдың аяғында поляк марксистері Польшаның бөлініп кетуіне қарсы шықты, олардікі де дұрыс еді, өйткені соңғы 50 жылдың ішінде Россия мен Польшаның экономикалық және мәдени жақтарынан жақындасуына бейімделген терең өзгерістер болды. Оның үстіне, бұл уақыттың ішінде бөліну туралы мәселе практикалық істен шет елдердегі интеллигенттерді ғана қозғайтын академикалық талас ісіне айналды.

Бұл, әрине, белгілібір ішкі, сыртқы жағдайлардың болуы мүмкін екендігін, ол жағдайлардың тұсында Польшаның бөлінуі туралы мәселе қайтадан кезекке қойылуы мүмкін екендігін жоққа шығармайды.

Бұдан шығатын қортынды — ұлт мәселесін тек дамулы күйінде алынған тарихи жағдайлармен байланыстырып қана шешуге болады.

Белгілібір ұлтты қоршаған экономикалық, саяси,

мәдени жағдайлар, — белгілібір ұлт дәл қалай тұрмыс құруға тиіс, оның келешектегі конституциясы қандай формада болуға тиіс, деген мәселені шешудің бірден-бір кілті осы. Бұл жөнде әрбір ұлт үшін мәселені ерекше шешу керек болуы мүмкін. Мәселенің диалектикалық қойылысы тегінде бір жерде қажет болатын болса, нақ осы жерде, ұлт мәселесінде өте-мөте қажет.

Осылай болғандықтан біз ұлт мәселесін «шешудің» өте көп тараған, бірақ әрі өте орашолақ бір әдісіне, басында Бундтан шыққан бір әдісіне үзілді-кесілді қарсы шығуға тиіспіз. Біз австриялық және оңтүстік славяндық* социал-демократияға сүйене қою жөніндегі жеңіл метод туралы айтып отырмыз; ол социал-демократия кәзірдің өзінде ұлт мәселесін шешіпті-мыс және орыс социал-демократтары шешу әдісін содан ала қоюға тиісті-мыс. Жәнеде, айталық, Австрия үшін дұрыс нәрсенің бәрі Россия үшін де дұрыс көрінеді. Сөйтіп, бұл арадағы ең маңызды, шешуші нәрсе: жалпы алғанда Россиядағы, әсіресе Россия көлеміндегі әрбір жеке ұлттың тұрмысындағы нақты тарихи жағдайлар еске алынбайды.

Мәселен, белгілі бундшыл В. Коссовскийді тыңдап көріңіз:

«Бундтың IV съезінде мәселенің (әңгіме ұлт мәселесі туралы болып отыр. И. Ст.) принциптік жағы талқыланғанда, съезд мүшелерінің бірінің мәселені оңтүстік славян социал-демократиялық партиясының қарары рухында шешу керек деп ұсынған ұсынысын жұрттың бәрі мақұлдады»**.

* Оңтүстік славян социал-демократиясы Австрияның оңтүстігінде істейді.

** Қараңыз: В. Коссовскийдің «Ұлттық мәселелері», 16 — 17-беттер, 1907 ж.

Ақырында съездің «бір ауыздан қабылдағаны»... ұлттық автономия болды.

Осы ғана! Орыс өмір шындығына анализ жасау да жоқ, Россиядағы еврейлердің тұрмыс жағдайларын зерттеу де жоқ: әуелі шешу әдісін оңтүстік славян социал-демократиялық партиясынан ала қойды, сонсын «мақұлдады», одан кейін «бір ауыздан қабылдады»! Бундшылар Россиядағы ұлт мәселесін осылай қойып, осылай «шешеді»...

Ал шынында, Австрия мен Россияның жағдайлары мүлде әртүрлі. Міне осы себептен, Брюннде (1899 ж.)[132] ұлттық программаны қабылдағанда оңтүстік славян социал-демократиялық партиясының қарары рухында қабылдаған (рас, кейбір мардымсыз түзетулер енгізіп қабылдаған) Австрия социал-демократиясы мәселеге мүлде, былайша айтқанда, орыс сыяқты қарамайды және мәселені, әрине, орыс сыяқты шешпейді.

Бәрінен бұрын мәселенің қойылысын алайық. Мәдени-ұлттық автономияның австриялық теоретиктері, брюнндегі ұлттық программаны және оңтүстік славян социал-демократиялық партияның қарарын түсіндірушілер, Шпрингер мен Бауэр, мәселені қалай қояды?

«Біз бұл арада, — дейді Шпрингер, — тегінде ұлттар мемлекетінің болуы мүмкін бе және, жеке алғанда, австриялық ұлттар саяси біртұтас болып құрылуға ділгер ме, деген мәселені жауапсыз қалдырамыз; біз бұл мәселелерді шешілген деп есептейміз. Осы ескертілген мүмкіндік пен қажеттікті қостамайтын кісіге біздің зерттеуіміз, әрине, негізсіз болады. Біздің тақырыбымыз былай: **бұл ұлттар бірге өмір сүруге ділгер; оларға қандай праволық формалар жұрттың бәрінен жақсы тұруға мүмкіндік береді?**» (курсив Шпрингердік.)*.

---

* Қараңыз: Шпрингердің **«Ұлттық проблемасы»**, 14-бет.

Сөйтіп, бастама пункт — Австрияның мемлекеттік тұтастығы.

Бауэр де нақ осыны айтады:

«Біз — австриялық ұлттар қазір қай мемлекеттік одақта тұрса, нақ сол мемлекеттік одақта қала береді, деген болжауға сүйенеміз және — осы одақтың шеңберінде ұлттардың өз араларындағы қатнастары мен олардың бәрінің мемлекетке қатнастары қандай болады, деген сұрақ қоямыз»*.

Тағыда сол: ең алдымен керегі — Австрияның тұтастығы.

Россиялық социал-демократия мәселені бұлай қоя ала ма? Жоқ, қоя алмайды. Қоя алмайтын себебі — ол әуел бастан-ақ ұлттардың өзін өзі билеу көзқарасын жақтайды, бұл көзқарас бойынша ұлттың бөлініп кетуге правосы бар. Тіпті бундшыл Гольдблат та россиялық социал-демократияның екінші съезінде россиялық социал-демократияның өзін өзі билеу көзқарасынан бастарта алмайтынын мойындады. Гольдблат сонда былай деді:

«Өзін өзі билеу правосына еш қарсылық етуге болмайды. Егер бір ұлт өз алдына дербес болу үшін күрескен күнде, бұған қарсы болуға болмайды. Егер Польша Россиямен бірге «заңды неке» жасағысы келмесе, бұған кедергі болу біздің жұмысымыз емес».

Мұның бәрі осылай. Бірақ бұдан шығатын қортынды — австриялық социал-демократия мен орыс социал-демократиясының бастама пункттері бірдей еместігі былай тұрсын, қайта, керісінше, тура қарама-қарсы. Осыдан кейін ұлттық программаны австриялықтардан ала қою мүмкіншілігі туралы сөз қылуға бола ма?

---

* Қараңыз: Бауэрдің «Ұлт мәселесі мен социал-демократиясы», 399-бет.

Сонсын. Австриялықтар «ұлттар бостандығын» ұсақ реформалар арқылы, ақырын аяңмен жүзеге асырғысы келеді. Мәдени-ұлттық автономияны, практикалық шара ретінде ұсына отырып, олар негізгі өзгеріске, демократиялық-азаттық қозғалысқа сүйенбейді, мұны олар келешекте мақсат етпейді. Ал орыс марксистері «ұлттар бостандығы» туралы мәселені мүмкін болатын негізгі өзгеріспен, демократиялық-азаттық қозғалыспен байланыстырады, өйткені реформаларға сүйенуге олардың дәлелі жоқ. Ал мұның өзі Россиядағы ұлттардың мүмкін болатын тағдыры жағынан қарағанда істің жәйін мәнді түрде өзгертеді.

«Әлбетте, — дейді Бауэр, — ұлттық автономия ұлы қарардың, үзілді-кесілді батыл қимылдың нәтижесінде туады, деп ойлау қиын. Австрия ұлттық автономияға қарай бір ауанмен, ақырын, азапты процесс арқылы, ауыр күрес арқылы жүреді; осы ауыр күрестің салдарынан заң шығару ісі мен басқару ісі ұзаққа созылған ауру күйде болады. Жоқ, жаңа мемлекеттік-праволық құрылыс ұлы заң шығару актысы арқылы емес, жеке облыстар үшін, жеке қауымдар үшін шығарылатын толып жатқан жеке заңдар арқылы жасалады»*.

Шпрингер де нақ осыны айтады:

«Мұндай институттардың (ұлттық автономия органдары. И. Ст.) бірер жылда, тіпті ондаған жылда жасалмайтынын мен жақсы білем, — деп жазады ол. — Жалғыз пруссиялық басқарманы ұйымдастырудың өзі ұзақ уақытты керек қылды... Өзінің негізгі административтік мекемелерін түпкілікті белгілеу үшін Пруссияға жиырма шақты жыл керек болды. Сондықтан жұрт мені — Австрия үшін қанша уақыт, қанша қиындықтар керек екенін білмейді, деп ойламасын»**.

---

* Қараңыз: Бауэрдің «Ұлт мәселесі», 422-бет.

** Қараңыз: Шпрингердің «Ұлттық проблемасы», 281 — 282-беттер.

Мұның бәрі анық-ақ. Бірақ орыс марксистері ұлт мәселесін «үзілді-кесілді батыл қимылдармен» байланыстырмай тұра ала ма? Олар «ұлттар бостандығына» жетудің құралы ретінде бірлі-жарым реформаларға, «толып жатқан жеке заңдарға» сүйене ала ма? Ал егер олар мұны істей алмайтын болса, істеуге тиісті емес болса, онда бұдан австриялықтар мен орыстардың күрес методтары мен перспективалары мүлде әртүрлі екені анық емес пе? Мұндай күйде австриялықтардың біржақты, жарым-жарты мәдени-ұлттық автономиясымен қалайша тынуға болады? Екінің бірі: не біреуден ала қоюды жақтаушылар Россиядағы «үзілді-кесілді және батыл қимылдарға» сүйенбейді, не олар бұларға сүйенеді, бірақ «не істеп отырғанын өздері де білмейді».

Ақырында, Россия мен Австрияның алдында тұрған кезекті міндеттер мүлде әртүрлі, сондықтан ұлт мәселесін шешудің методы да әртүрлі болуға тиіс. Австрия парламентаризм жағдайларында тұр, онда қазіргі жағдайлар тұсында парламентсіз даму мүмкін емес. Бірақ Австрияның парламенттік тұрмысы мен заң шығару ісі ұлттық партиялардың қатты түйісулері арқасында көбінесе мүлде тоқтап қалады. Австрия көптен душар болған созылмалы саяси кризистің себебі де осы. Сондықтан онда ұлт мәселесі саяси тұрмыстың өзегі, өмір сүруге байланысты мәселе болып табылады. Сондықтан, австриялық социал-демократ саясатшылардың қайткен күнде де бәрінен бұрын ұлттық түйісулер туралы мәселені шешуге, шешкенде, әрине, қазірдің өзінде өмір сүріп отырған парламентаризмге сүйеніп, парламенттік әдіспен шешуге тырысып отырғандығы таңырқарлық нәрсе емес...

Россияда олай емес. Россияда, біріншіден, «құдайға

шүкір, парламент жоқ»[133]. Екіншіден — және бұл ең бастысы — Россияның саяси тұрмысының өзегі — ұлт мәселесі емес, аграрлық мәселе. Сондықтан Россияда орыс мәселесінің тағдырлары, ал, олай болса, ұлттарды «азат етудің» де тағдырлары аграрлық мәселенің шешілуіне байланысты, яғни крепостниктік қалдықтарды құртуға байланысты, яғни елді демократияландыруға байланысты. Россияда ұлт мәселесінің өз алдына дербес және шешуші мәселе ретінде емес, елді құлдықтан босату жөніндегі жалпы және өте маңызды мәселенің бір бөлімі ретінде қойылуының себебі де осы.

«Австриялық парламенттен жеміс шықпауының жалғыз-ақ себебі, — деп жазады Шпрингер, — әрбір реформа ұлттық партиялардың ішінде олардың ынтымағын бұзатын қайшылықтарды туғызады, сондықтан да партиялардың көсемдері реформалардың исі шығатын нәрселердің бәрінен қашып бағады. Австрия прогресі тегінде ұлттарға толық праволық позициялар берілген күнде ғана болуы мүмкін; бұл оларды парламентте түпкілікті жауынгерлік отрядтарды ұстау қажеттігінен құтқарады және олардың шаруашылық, әлеуметтік міндеттерді шешуге бет бұруларына мүмкіндік береді»*.

Бауэр де осыны айтады:

«Ұлт татулығы бәрінен бұрын мемлекетке қажет. Тіл турасындағы нағыз есуастық мәселеге бола, қайдағыбір ұлт шекарасында ашуланған адамдардың таластарына бола, әрбір жаңа мектепке бола заң шығару ісі тоқталып қалуына мемлекет еш төзіп отыра алмайды»**.

Мұның бәрі түсінікті. Бірақ Россияда ұлт мәселесінің мүлде басқаша түрде қойылып отырғаны да түсінікті. Россияда прогрестің тағдырын ұлт мәселесі емес,

---

* Қараңыз: Шпрингердің «Ұлттық проблемасы», 36-бет.

** Қараңыз: Бауэрдің «Ұлт мәселесі», 401-бет.

аграрлық мәселе шешеді; ұлт мәселесі — бағыныңқы мәселе.

Сөйтіп, мәселенің қойылысы да әртүрлі, перспективалар мен күрес методтары да әртүрлі, кезектегі міндеттер де әртүрлі. Істің жәйі осындай болып отырғанда Австриядан үлгі алу және программаны біреуден ала қоюға шұғылдану тек, ұлт мәселесін кеңістік пен уақыттан тысқары алып «шешетін», қағаз кемірген адамдардың ғана қолынан келетіндігі анық емес пе?

Тағыда: нақты тарихи жағдайлар — басгама пункт, мәселенің диалектикалық қойылысы—бірден-бір дұрыс қойылыс, — міне, ұлт мәселесін шешудің кілті осы.

IV
МӘДЕНИ-ҰЛТТЫҚ АВТОНОМИЯ

Біз жоғарыда Австрия ұлттық программасының формалдық жағы туралы, методологиялық негіздері туралы айттық; осы методологиялық негіздердің себебінен орыс марксистері австриялық социал-демократиядан үлгі ала салмайды, оның программасын өзіне программа ете алмайды.

Енді программаның өзінің түпкі мәні туралы сөз қылайық.

Сөйтіп, австриялық социал-демократтардың ұлттық программасы қандай?

Оны бір сөзбен айтуға болады: мәдени-ұлттық автономия.

Оның мәнісі, біріншіден, автономия, айталық, көбінесе чехтар мен поляктар мекен еткен Чехияға яки Польшаға берілмейді, территориясына қарамай, Австрияның қай жерін мекен етсе де, жалпы чехтар мен поляктар атаулыға беріледі.

Сондықтан да бұл автономия территориялық емес, ұлттық автономия деп аталады.

Оның мәнісі, екіншіден, Австрияның әр бұрышына тараған чехтар, поляктар, немістер, т. т., дара адамдар ретінде, жеке алынып, тұтас ұлт болып ұйымдастырылады және осы күйінде Австрия мемлекетінің құрамына енеді. Бұлай болғанда Австрия автономиялы облыстардың одағы болмайды, территорияларына қарамай, конституция бойынша танылған автономиялы ұлттардың одағы болады.

Оның мәнісі, үшіншіден, осы мақсатпен поляктар, чехтар, т. т. үшін құрылуға тиісті жалпы ұлттық мекемелер «саяси» мәселелерді емес, тек «мәдени» мәселелерді ғана басқаратын болады. Ерекше саяси мәселелер жалпы австриялық парламентте (рейхсратта) шешіледі.

Сондықтан бұл автономия мәдени автономия, мәдени-ұлттық автономия деп те аталады.

Австриялық социал-демократия 1899 жылы Брюнн конгресінде қабылдаған программаның тексті мынадай*.

«Австриядағы ұлттық егестер саяси прогресске кедергі болады» деп, «ұлт мәселесін түпкілікті шешу... бәрінен бұрын мәдениет жағынан қажетті нәрсе» деп, «оның шешілуі жалпыға бірдей, тікелей, тең сайлау правосына негізделіп құрылған шын демократияның қоғамы тұсында ғана мүмкін болады» деп көрсете келіп, программа былай дейді:

* Бұл программаны оңтүстік славян социал-демократиялық партиясының адамдары да жақтап қол көтерді. Қараңыз: «Ұлт мәселесі жөнінде Брюнн партейтагында болған айтыстар», 72-бет, 1906 ж.

«Австрия халықтарының ұлттық өзгешеліктерін* сақтап, дамыту тек толық тең праволылық кезінде және езу атаулы жоқ кезде ғана мүмкін болады. Сондықтан бәрінен бұрын бюрократиялы мемлекеттік централизмнің системасы, сол сияқты кей жерлердің феодалдық артықшылықтары да жойылуға тиіс.

Осы жағдайларда, тек осы жағдайларда ғана, Австрияда ұлттық жанжал орнына ұлттық тәртіп орнай алады, атап айтқанда, мына негіздерге сүйеніп орнай алады:

1. Австрия ұлттардың демократиялық одағы болып табылатын мемлекетке айналуға тиіс.

2. Тарихи тәжілік жерлердің орнына өзін өзі билейтін, ұлттық шек қойылған корпорациялар құрылуға тиіс; бұл корпорациялардың әр қайсысында заң шығару ісі мен басқару ісі жалпыға бірдей, төте, тең түрде дауыс беру негізінде сайланған ұлттық палаталардың қолында болуға тиіс.

3. Бір ұлттың ішіндегі өзін өзі билейтін облыстар бірігіп, ұлттық тұтас одақ құрады; бұл одақ өзінің ұлттық істерін толық автономиялы түрде шешеді.

4. Аз ұлттардың праволары империялық парламент шығаратын ерекше заң арқылы қамтамасыз етіледі».

Программа Австрияның барлық ұлттарын бірлікке шақырумен бітеді**.

Бұл программада «территориализмнің» кейбір іздері қалғандығын байқау қиын емес, бірақ жалпы алғанда бұл программа ұлттық автономияның тұжырымы болып табылады. Мәдени-ұлттық автономияның бірінші үгітшісі Шпрингердің бұл программаны қуана қарсы

---

* М. Паниннің орысша аудармасында (Бауэрдің Панин аударған кітабын қараңыз) «ұлттық өзгешеліктер» дегеннің орнына «ұлттық жекеліктер» делінген. Панин бұл жерді теріс аударған, неміс текстінде «жекелік» деген сөз жоқ, онда „nationalen Eigenart" туралы, яғни өзгешеліктер туралы айтылған; бұл екеуінің мағнасы мүлде бір емес.

** Қараңыз: Брюнндегі „Verhandlungen des Gesammtparteitages", 1899 ж.

алуы* тегін нәрсе емес. Бауэр де бұл программаны қолдап, оны ұлттық автономияның «теориялық жеңісі»** деп атайды; тек айқынырақ ету мақсатымен, ол 4-пункттің орнына мектеп істерін және басқа мәдени істерді меңгеру үшін «өзін өзі билейтін әрбір облыстың ішіндегі аз ұлттарды конституция арқылы публикалы-праволық корпорация етудің» қажеттігін, көрсететін анығырақ тұжырымды алуды ұсынады***.

Австриялық социал-демократияның ұлттық программасы осындай.

Бұл программаның ғылыми негіздерін тәптештеп қарайық.

Австриялық социал-демократияның өзі уағыздап жүрген мәдени-ұлттық автономияны қалай дәлелдейтінін қарап көрейік.

Мәдени-ұлттық автономияның теоретиктері Шпрингер мен Бауэрге бұрылайық.

Ұлттық автономияның бастама пункті — белгілібір территорияға байланыссыз адамдардың одағы ретіндегі ұлт туралы ұғым көрінеді.

«Ұлттың, — Шпрингердің пікірінше, — территориямен ешқандай мәнді байланысы жоқ; ұлттар — автономиялық дара одақтар»****.

Бауэр де ұлт туралы «белгілібір облыста ерекше үстемдік тимейтін» «дара тұтастық» ретінде сөз қылады*****.

---

* Қараңыз: Шпрингердің «Ұлттық проблемасы», 286-бет.

** Қараңыз: «Ұлт мәселесі», 549-бет.

*** Қараңыз: бұл да сонда, 555-бет.

**** Қараңыз: Шпрингердің «Ұлттық проблемасы», 19-бет.

***** Қараңыз: «Ұлт мәселесі», 286-бет.

Бірақ ұлт болып құрасатын адамдар ылғый тұтас көпшілік болып тұра бермейді, — олар көбінесе топ-топқа бөлінеді және осы күйде бөтен ұлт организміне тығылады. Оларды әртүрлі облыстар мен қалаларға пайда табуға айдайтын — капитализм. Ал, бөтен ұлт облыстарына еніп, онда азшылық болумен қатар, бұл топтар жергілікті көпшілік ұлттардан тілді, мектепті, т. с. қысымға алу жағынан жәбір көреді. Осыдан келіп ұлттық шайқасулар шығады. Осыдан келіп территориялық автономияның «жарамсыздығы» шығады. Мұндай күйден шығудың бірден-бір жолы, Шпрингер мен Бауэрдің пікірінше, — мемлекеттің әр жерлеріне бытыраған белгілібір азшылық ұлтты араластаптардың біртұтас ұлттық одағы етіп ұйымдастыру. Олардың пікірінше, тек осындай одақ қана азшылық ұлттардың мәдени мүдделерін қорғай алады, ұлт жанжалдарын сол ғана жоя алады.

«Ұлттарға дұрыс ұйым жасап беру керек, — дейді Шпрингер, — оларға праволар мен міндеттер беру керек»* ... Әрине, «заң жасау оңай, бірақ ол журт күткендей әсер ете ме, жоқ па»... «Егер ұлттар үшін заң жасағың келсе, бәрінен бұрын ұлттардың өзін жасау керек»** ... «Ұлттарды конституциялық түрде құрамайынша ұлттық правоны жасау және ұлт жанжалдарын жою мүмкін емес»***.

Бауэр де осы тәріздіні айтып, «жұмысшы табының қоятын талабы» ретінде «дара принципке сүйеніп, азшылықтарды конституция арқылы публикалы-праволық корпорация етуді»**** ұсынады.

---

* Қараңыз: «Ұлттық проблема», 74-бет.

** Қараңыз: бұл да сонда, 88 — 89-беттер.

*** Қараңыз: бұл да сонда, 89-бет.

**** Қараңыз: «Ұлт мәселесі», 552-бет.

Ал ұлттарды қалай ұйымдастыру керек? Әр кісінің қай ұлтқа жататынын қалай білуге болады?

«Қайсысына жататындығы, — дейді Шпрингер, — ұлттық матрикулдар арқылы белгіленеді; облыста тұратын әрбір кісі өзінің қай ұлтқа жататындығын жариялауға тиіс»*.

«Дара принцип бойынша, — дейді Бауэр, — халық ержеткен азаматтардың өз еріктерімен жазған арыздары арқылы... ұлт-ұлтқа бөлінеді»; міне сол үшін «ұлттық кадастрлар дайындалып қоюға тиіс»**.

Сонсын.

«Ұлттық жағынан бір текті округтердегі немістердің бәрі, — дейді Бауэр, — одан соң екі текті округтердің ұлттық кадастрларына енгізілген немістердің бәрі неміс ұлтын құрады және ұлттық совет сайлайды»***.

Чехтар, поляктар және басқалар туралы да осыны айту керек.

«Ұлттық совет дегеніміз, — Шпрингердің пікірінше, — мәдени-ұлттық парламент; бұған ұлттық мектептің, ұлттық әдебиеттің, искусствоның, ғылымның қамын ойлауға, академиялар, музейлер, галлереялар, театрлар құруға керекті құралдардың негіздерін белгілеп, мақұлдау ісі жүктеледі», т. с.****.

Ұлттың ұйымдасуы және оның орталық мекемесі міне осындай.

Осындай аралас таптың мекемелерін құра отырып, Австрия социал-демократиялық партиясы, Бауэрдің пікірінше, «ұлттық мәдениетті... бүкіл халықтың қолы жететін іс етуге және осы бірден-бір мүмкін жол арқы-

---

* Қараңыз: «Ұлттық проблема», 226-бет.

** Қараңыз: «Ұлт мәселесі» 368-бет.

*** Қараңыз: «Ұлт мәселесі», 375-бет.

**** Қараңыз: «Ұлттық проблема», 234-бет.

лы ұлттың барлық мүшелерін ұлттық-мәдени тұтас етіп біріктіруге»* тырысады (курсив біздікі).

Мұның бәрі тек Австрияға ғана қатысты, деп ойлап қалуға болады. Бірақ Бауэр мұны мақұлдамайды. Ол: ұлттық автономия Австрия сыяқты бірнеше ұлттардан құралған басқа мемлекеттерде де міндетті нәрсе, деп үзілді-кесілді айтады.

«Дәулетті таптардың ұлт саясатына, ұлттар мемлекетіндегі өкімет билігін тартып алу саясатына, — Бауэрдің пікірінше,—барлық ұлттардың пролетариаты өзінің ұлттық автономияны талап етуін қарсы қоядьь»**.

Сонсын, ұлттардың өзін өзі билеуі орнына ұлттық автономияны байқаусызда қолданып, ол былай дейді:

«Сөйтіп ұлттық автономия, ұлттардың өзін өзі билеуі, ұлттар мемлекетінде тұратын барлық ұлттардың пролетариатының конституциялық программасы болмай қоймайды»***.

Бірақ ол бұдан да әрі кетеді. Ол Шпрингер екеуі «конституциялаған» аралас таптардың «ұлттық одақтарының» келешектегі социалистік қоғамның бір түрлі нұсқасы болатынына кәміл сенеді. Өйткені ол мынаны біледі: «социалистік қоғам құрылысы... адамзатты ұлттық шек қойылған қоғамдарға бөледі»****, социализм тұсында «адамзаттың автономиялы ұлттық қоғамдар болып жіктелуі» шығады*****, «сонымен, социалистік қоғам, күмән жоқ, жеке ұлттық одақтар мен территориялық корпорациялардың қырық құрау көрінісі болып

* Қараңыз: «Ұлт мәселесі», 553-бет.

** Қараңыз: бұл да сонда, 337-бет.

*** Қараңыз: бұл да сонда, 333-бет.

**** Қараңыз: бұл да сонда, 555-бет.

***** Қараңыз: бұл да сонда, 556-бет.

табылады»*, олай болса, «ұлттықтың социалистік принципі — ұлттық принцип пен ұлттық автономияның ең жоғарғы синтезі»**.

Шамасы, жетер...

Бауэр мен Шпрингердің еңбектерінде мәдени-ұлттық автономия осылай дәлелденген.

Бәрінен бұрын, мүлде түсініксіз және ешнәрсемен дәлелдеуге болмайтын түрде, ұлттардың өзін өзі билеуі орнына ұлттық автономияны қолданушылық көзге түседі. Екінің бірі: не Бауэр өзін өзі билеушілікті түсінбеген, не ол түсінген, бірақ оны әлдебір себептерден әдейі тарылтып отыр. Өйткені былай екенінде күмән жоқ: а) мәдени-ұлттық автономия ұлттар мемлекетінің тұтастығын көздейді, ал өзін өзі билеушілік мұндай тұтастық шеңберінен шығып кетеді; б) өзін өзі билеушілік ұлтқа толық право береді, ал ұлттық автономия тек «мәдени» праволарды ғана береді. Бұл — біріншіден.

Екіншіден, келешекте ішкі, сыртқы жағдайлар басқаша қиюласып, белгілібір ұлт ұлттар мемлекетінен, мәселен, Австриядан, шығуға бел байлайтын болуы әбден мүмкін, — русиндік социал-демократтар Брюнн партейтагінде өздерінің халқының «екі бөлімін» біртұтас етіп біріктіруге дайындығын айтты ғой***. Сонда **«барлық ұлттардың пролетариаты үшін болмай қоймайтын»** ұлттық автономия не болмақ? Ұлтты Прокруст қалыбы тәрізді мемлекет тұтастығының шеңберіне са-

* Қараңыз: «Ұлт мәселесі», 543-бет.

** Қараңыз: бұл да сонда, 542-бет.

*** Қараңыз: «Ұлт мәселесі жөнінде Брюнн партейтагінде болған айтыстар», 48-бет.

лып қалай болса солай қысу арқылы да мәселе «шеше ме» екен?

Сонсын. Ұлттық автономия ұлттар дамуының бүкіл өрісіне қайшы келеді. Ұлттық автономия ұлттарды ұйымдастыру ұранын береді, бірақ, егер тұрмыс, экономикалық даму ұлттардан толып жатқан топтарды бөліп тастап, түрлі облыстарға бытыратса, ол ұлттарды жасанды түрде біріктіруге бола ма? Капитализмнің алғашқы сатыларында ұлттардың бірігетініңде күмән жоқ. Бірақ мынау да күмәнсіз: капитализмнің жоғарғы сатыларында ұлттардың бытырау процесі басталады, пайда табуға кететін, ал одан соң тіпті мемлекеттің басқа облыстарына мүлде қоныс аударатын толып жатқан топтардың ұлттардан бөліну процесі басталады; мұндайда қоныс аударғандар бұрынғы байланыстарын жоғалтады, жаңа қоныстарда жаңа байланыстар жасап алады, әлденеше атаға келгенде жаңа әдет, ғұрыптарға дағдыланады, тіпті жаңа тіл де үйренуі мүмкін. Мынадай сұрақтар туады: бірінен бірі оңашаланып кеткен осындай топтарды тұтас бір ұлттық одаққа біріктіру мүмкін бе? Бірікпейтін нәрсені біріктіруге мүмкіншілік беретін керемет күш қайда? Мәселен, прибалтикалық немістер мен закавказьелік немістерді «бір ұлт етіп біріктіру» ақылға сыя ма? Ал егер мұның бәрі ақылға сыймайтын болса, мүмкін емес болса, онда тарихтың тегершігін кері айналдыруға тырысқан ескі ұлтшылдардың утопиясынан ұлттық автономияның айырмасы не?

Бірақ ұлттың бірлігі қоныстың қашықтауы арқасында ғана бәсеңдеп қоймайды. Тап күресінің шиеленісуі арқасында, өз ішінен де бәсеңдейді. Капитализмнің алғашқы сатыларында пролетариат пен буржуазияның

«мәдени тұтастығы» туралы әлі сөз қылуға болады. Бірақ ірі индустрия дамып, тап күресі шиеленіскен кезде «тұтастық» бұзыла бастайды. Бір ұлттың қожайындары мен жұмысшылары бірін бірі ұғудан қалып келе жатқанда, ұлттың «мәдени тұтастығы» туралы шындап сөз қылуға болмайды.* Буржуазия соғысты аңсап отырғанда, ал пролетариат «соғысқа соғыс» жарыялап отырғанда, қандай «тағдыр тұтастығы» туралы сөз болуы мүмкін? Осындай қарама-қарсы элементтерден аралас таптың тұтас бір ұлттық одағын ұйымдастыруға бола ма? Енді осыдан кейін «ұлттың барлық мүшелерін ұлттық-мәдени тұтас етіп біріктіру»* туралы сөз қылуға бола ма? Осыдан, ұлттық автономияның тап күресінің бүкіл өрісіне қайшы келетіні анық емес пе?

Бірақ бірер минутқа: «ұлтты ұйымдастыр» деген ұран — жүзеге асарлық ұран, делік. Артық дауыстар алу үшін ұлтты «ұйымдастыруға» тырысатын буржуазиялық-ұлтшыл парламентарларды әлі түсінуге болады. Бірақ социал-демократтар ұлттарды «ұйымдастыру», ұлттарды «конституциялау», ұлттарды «құру» ісімен қашаннан бері шұғылданатын болды?

Таптар күресі өте-мөте шиеленіскен заманда аралас таптың ұлттық одақтарын ұйымдастырып жүрген бұл нендей социал-демократтар? Осы уақытқа шейін австриялық социал-демократияда — басқа социал-демократиядағы сияқты — бір-ақ міндет· пролетариатты ұйымдастыру міндеті бар еді. Бірақ бұл міндет, сірә, «ескірген» көрінеді. Енді Шпрингер мен Бауэр «жаңа», қызығырақ, міндетті, ұлтты «құру», «ұйымдастыру» міндетін алға қойып отыр.

---

* Қараңыз: Бауэрдің «Ұлт мәселесі», 553-бет.

Ал, логика мынаны міндеттейді: ұлттық автономияны қабылдаған кісі бұл «жаңа» міндетті де қабылдауға тиіс, бірақ мұны қабылдау таптық позициядан шығу, ұлтшылдық жолына түсу деген сөз.

Шпрингер мен Бауэрдің мәдени-ұлттық автономиясы — ұлтшылдықтың нәзік түрі..

Ал, австриялық социал-демократтардың ұлттық программасының «халықтардың ұлттық өзгешеліктерін сақтап, дамыту» туралы ойлауды міндеттеуі кездейсоқ нәрсе емес. Тек ойлап қараңыз: закавказьелік татарлардың «Шақсей-Бақсей» мейрамында өзін-өзі ұруы сияқты «ұлттық өзгешеліктерін» «сақтау» керек екен! Грузиндердің «кек алу правосы» сияқты «ұлттық өзгешеліктерін» «дамыту» керек екен!..

Мұндай пункт әдейі жазылған буржуазиялық-ұлтшыл программадан орын алуға тиіс, ал егер бұл пункт австриялық социал-демократтардың программасында болып отырса, оның себебі — ұлттық автономия мұндай пункттерге төзеді, оларға қайшы келмейді.

Бірақ кәзіргі уақытқа жарамайтын ұлттық автономия келешектегі, социалистік қоғамға мүлде жарамайды.

«Адамзаттың ұлттық шек қойылған қоғамдарға бөлінуі»* туралы Бауэрдің пайғамбарлығын кәзіргі замандағы адам баласының бүкіл даму өрісі бекерге шығарып отыр. Ұлттық межелер бекіп келе жатқан жоқ, қыйрап, құрып келе жатыр. Маркс қырқыншы жылдарда-ақ: «ұлт даралығы және түрлі халықтардың мүдделерінің қарама-қарсылығы кәзірдің өзінде-ақ бірден бірге жоғалып келеді» деген, «пролетариаттың

---

* Осы тараудың басынан қараңыз.

үстемдігі олардың жоғалуын бұдан да гөрі жылдамдатады»[134] деген. Адамзаттың одан кейінгі дамуы, капиталистік өндірістің зор көлемде өсуі, ұлттардың жіктелуі және адамдардың бірден бірге байтақ территорияларға бірігуі — Маркстің ойын әбден дәлелдейді.

Бауэрдің социалистік қоғамды «жеке ұлттық одақтар мен территориялық корпорациялардың қырық құрау көрінісі» етіп көрсетуге тырысуы Маркстің социализм жөніндегі концепциясының орнына Бакуниннің реформаланған концепциясын қолдануға айлалы әрекет жасау болып табылады. Социализмнің тарихы — мұндай әрекеттердің қандайының болса да ішінде болмай қоймайтын күйреу элементтері барлығын көрсетеді.

Біз Бауэр мақтаған қайдағы бір «ұлттықтың социалистік принципі» туралы сөз қылып та отырғанымыз жоқ; ол, біздің пікірімізше, **тап күресінің** социалистік принципінің орнына **«ұлттықтың»** буржуазиялық **«принципін»** қолдану болып табылады. Егер ұлттық автономия осындай күмәнді принципке сүйенетін болса, онда ол жұмысшы қозғалысына тек зиян ғана келтіре алады деп тану керек.

Рас, бұл ұлтшылдық поляндай айқын емес, өйткені ол социалистік сөздер арқылы әбден бүркенген, бірақ соның үшін де ол пролетариатқа аса зиянды. Ашық ұлтшылдықты әр уақытта да бір жайлы қылуға болады: оны байқау қиын емес. Бүркенген және бүркеулі күйінде біліп болмайтын ұлтшылдықпен күресу анағұрлым қиынырақ. Социализмнің сауытын кигенде, ол неғұрлым берік, итжанды болады. Ал жұмысшылар арасында өмір сүргенде, ол айналаны бұзады, түрлі

ұлттардың жұмысшыларын бір-біріне сендірмеу, дара-ұстау жөніндегі зиянды идеяны таратады.

Бірақ ұлттық автономияның зияны мұнымен сарқылмайды. Ол, ұлттарды дара ұстау үшін ғана емес, жұмысшылардың тұтас бір қозғалысын ыдырату үшін де негіз дайындайды. Ұлттық автономия идеясы жұмысшылардың тұтас бір партиясын ұлттарына қарай құрылған жеке-жеке партияларға бөлшектеуге психологиялық тыянақтар жасайды. Партиядан кейін одақтар да бөлшектенеді, сөйтіп толық даралық туады. Тұтас бір таптық қозғалыс жеке-жеке ұлттық жылғаларға осылай бөлінеді.

«Ұлттық автономияның» шыққан жері Австрия осындай құбылыстың ең кісі қайғырарлық үлгілерін көрсетеді. Бір кезде тұтас болған австриялық социал-демократиялық партия 1897 жылдан бастап-ақ жеке-жеке партияларға бөлшектенді (Вимберг партейтагі[135]). Ұлттық автономияны қабылдаған Брюнн партейтагінен (1899) кейін, бөлшектену одан әрі күшейді. Ақырында, интернационалдық тұтас бір партияның орнына қазір ұлттық алты партия болып отыр; бұлардың ішінде чех социал-демократиялық партиясының тіпті неміс социал-демократиясымен байланыс жасағысы да келмейді.

Ал, партияларға кәсіпшілік одақтар байланысты. Австрияда, қай-қайсысында болса да, жұмыстың денін нақ сол социал-демократияшыл жұмысшылар атқарады. Сондықтан партиядағы сепаратизм одақтардағы сепаратизмге соқтырады, одақтар да жіктеледі, деп қауіптенуге болатын еді. Шынында да осылай болып шықты: одақтар да ұлттарына қарай бөлінді. Қазір екінің бірінде-ақ іс тіпті мынадай күйге жетіп жүр: чех

жұмысшылары неміс жұмысшыларының ереуілдерін бұзып жүр немесе муниципалитеттердің сайлауында чех буржуаларымен бірігіп, неміс жұмысшыларына қарсы шығып жүр.

Бұдан көрінетіні — мәдени-ұлттық автономия ұлт мәселесін шешпейді. Ол ол ма: мәдени-ұлттық автономия ұлт мәселесін шиеленістіріп, шатастырады, жұмысшы қозғалысының бірлігін бұзуға, жұмысшыларды ұлттарына қарай бөліп даралауға, олардың арасында егесті күшейтуге қолайлы жағдай жасайды.

Ұлттық автономияның құлқыны осындай.

V

БУНД, ОНЫҢ ҰЛТШЫЛДЫҒЫ, ОНЫҢ СЕПАРАТИЗМІ

Біз жоғарыда — ұлттық автономияны чехтарға, поляктарға, т. т. қажет деп таныйтын Бауэр, сөйте тұрса да, мұндай автономияның еврейлер үшін болуына қарсы шығады, дедік. «Жұмысшы табы еврей халқы үшін автономия талап етуге тиісті ме?» деген сұраққа Бауэр «ұлттық автономия еврей жұмысшыларының талабы бола алмайды»* деп жауап береді. Бауэрдің пікірінше, мұның себебі — «капиталистік қоғам олардың (еврейлердің. И. Ст.) ұлт ретінде сақталуына мүмкіндік бермейді»**.

Қысқасы: еврей ұлты өмір сүруден қалып отыр — олай болса, жоқ ұлт үшін автономия талап етуге болмайды. Еврейлер ассимиляцияланып келеді.

Еврейлердің, ұлт ретіндегі, тағдыры туралы бұл

* Қараңыз: «Ұлт мәселесі», 381, 396-беттер.

** Қараңыз: бұл да сонда, 389-бет.

көзқарас жаңа көзқарас емес. Оны Маркс, көбінесе, неміс еврейлерін еске ала отырып, қырқыншы жылдарда-ақ айтқан*[136]. Оны Каутский, орыс еврейлерін еске ала отырып, 1903 жылы қайталаған**. Енді оны Бауэр австриялық еврейлер жөнінде қайталап отыр, бірақ мұныкінің айырмасы — ол еврей ұлтының кәзіргісін емес, келешектегісін мойындамай отыр.

Еврейлердің, ұлт ретінде, сақталуы мүмкін еместігін Бауэр «еврейлердің тұйық колонизациялық облысы жоқ»*** деп түсіндірді. Бұл түсіндіру, негізінде дұрыс болғанмен, бүкіл шындықты көрсетпейді. Әңгіме, бәрінен бұрын, мынада: еврейлерде жерге байланысты, ұлттық негіз ретінде ғана емес, «ұлттық» рынок ретінде де табиғи түрде біріктіретін тұрғылықты қалың бұқара жоқ. 5—6 миллион орыс еврейлерінің ішінде тек 3 — 4 проценті ғана ауыл шаруашылығымен амалсыз байланысты. Қалған 96 проценті сауда ісінде, өнеркәсіпте, қалалық мекемелерде қызмет істейді және, жалпы алғанда, қалаларда тұрады, бірақ, бүкіл Россияға тарағандықтан, ешбір губернияда көпшілік емес.

Сөйтіп, басқа ұлттардың облыстарына азшылық ұлт болып еніп кеткен еврейлер, көбінесе, өнеркәсіпшілер, саудагерлер ретінде де, еркін кәсіп адамдары ретінде де «жат» ұлттарға қызмет етеді, тіл және басқалар жағынан «жат ұлттарға» табиғи түрде бейімделіп отырады. Осының бәрі, капитализмнің дамыған формаларына лайық түрде ұлттардың араласуы күшеюімен

* Қараңыз: оның «Еврей мәселесі жөнінде» деген еңбегі, 1906 ж.

** Қараңыз: оның «Кишиневтегі қырғын және еврей мәселесі» деген еңбегі, 1903 ж.

*** Қараңыз: «Ұлт мәселесі», 388-бет.

байланысты, еврейлердің ассимиляциялануына апарады. «Отырықшылық белгілерінің» құруы бұл ассимиляцияны тек жылдамдата алады.

Осылай болғандықтан орыс еврейлеріне ұлттық автономия эперу туралы мәселе бірсыпыра өрескел сыйпатта болып отыр: жұрт келешегі бекерге шығарылып отырған ұлтқа, өмір сүретіндігін әлі дәлелдеу керек болатын ұлтқа автономия ұсынып жүр!

Сөйтсе де, Бунд өзінің VI съезінде (1905 ж.) ұлттық автономияның рухында «ұлттық программа» қабылдап, осы өрескел, тұрлаусыз позицияға түсті.

Бұған Бундты екі жағдай итермеледі.

Бірінші жағдай — Бундтың еврейлердің, тек еврейлердің социал-демократияшыл жұмысшыларының ұйымы болып өмір сүруі. Еврей жұмысшыларының арасында жұмыс істеген социал-демократиялық топтар 1897 жылы-ақ «дербес еврей жұмысшыларының ұйымын»* құруды мақсат еткен. Олар 1897 жылы, Бундқа бірігіп, мұндай ұйымды құрды да. Бұл әлі россиялық социал-демократия, тұтас ұйым ретінде, факт жүзінде өмір сүрмеген кезде болды. Сол уақыттан бері Бунд үздіксіз өсіп, кеңейді, россиялық социал-демократияның жәй күндерінде бірден бірге айқын көріне түсті... Бірақ тоғыз жүзінші жылдар келеді. Жұмысшылардың бұқаралық қозғалысы басталады. Польшалық социал-демократия өсіп, бұқаралық күреске еврей жұмысшыларын қатыстырады. Россиялық социал-демократия өсіп, «бундшыл» жұмысшыларды өзіне тартады. Бундтың территориялық базасыз ұлттық шеңберлері тар болып шығады. Бундтың алдына мынадай мәселе қойылады:

* Қараңыз: Кастелянскийдің редакциясы бойынша шыққан «Ұлттық қозғалыстың формалары» etc., 772-бет.

не жалпы интернационалдық толқынға араласып кетуі керек, не экстерриториялық ұйым ретінде өзінің дербес өмір сүруін жақтау керек. Бунд соңғыны таңдап алады.

«Еврей пролетариатының бірден-бір өкілі» болып табылатын Бундтың «теориясы» осылай құралады.

Бірақ бұл өрескел «теорияны» өйтіп-бүйтіп «жәй ғана» ақтау мүмкін болмай қалды. Әйтеуір бір «принциптік» астар керек, «принциптік» ақтау керек. Міне осындай астар ұлттық автономия болып шықты. Бунд, австриялық социал-демократиядан ала қойып, ұлттық автономияға жармаса кетті. Австриялықтарда мұндай программа болмаған күнде де, Бунд, өз алдына өмір сүруін «принцип» жүзінде ақтау үшін, оны өзі-ақ ойдан шығарар еді.

Сонымен, Бунд 1901 жылғы (IV съезд) қорғалап әрекет жасаудан кейін «ұлттық программаны» 1905 жылы (VI съезд) түпкілікті қабыл алады.

Екінші жағдай — тұтас облыстардағы өзге компактылы көпшілік ұлттардың арасында еврейлердің жеке азшылық ұлт ретіндегі ерекше күйі. Біз жоғарыда — бұл күй еврейлердің ұлт болып өмір сүруін әлсіретеді, оларды ассимиляция жолына түсіреді, дегенбіз. Бірақ бұл — объективтік процесс. Субъективтік жағынан, еврейлердің ойларында, бұл процесс реакция туғызады және азшылық ұлттардың праволарының гарантиясы туралы, ассимиляциядан гарантиялы болу туралы мәселе қояды. Еврей «ұлтының» өмірлілігін уағыздай отырып, Бунд «гарантия» көзқарасына түспей тұра алмады. Ал бұл позицияға түскенсін, ол ұлттық автономияны қабылдамай тұра алмады. Өйткені егер Бунд әйтеуір бір автономияға жармаса алатын болса, тек ұлттық автономияға, яғни мәдени-ұлттық автономияға ғана

жармаса алатын еді: еврейлерде белгілібір тұтас территория жоқ болғандықтан еврейлердің территориялық-саяси автономиясы туралы сөз де болуға мүмкін емес еді.

Бундтың ең әуел бастан-ақ ұлттық автономияның сыйпатын азшылық ұлттардың праволарының гарантиясы ретінде, ұлттардың «еркін дамуының» гарантиясы ретінде баса көрсеткені оған тән нәрсе. Бундтың россиялық социал-демократияның II съезіндегі өкілі Гольдблаттың ұлттық автономияны «олардың (ұлттардың. **И. Ст.**) мәдени дамуына толық бостандық беруге **гарантия жасайтын** мекеме»* деп тұжырымдауы да кездейсоқ нәрсе емес. Бундтың идеясын жақтаушылар төртінші думаның социал-демократиялық фракциясына енгенде де нақ осы ұсыныспен енді...

Бунд еврейлердің ұлттық автономиясы жөніндегі өрескел позициясына осылай түсті.

Біз жоғарыда жалпы ұлттық автономия атаулыны талдадық. Ол талдау ұлттық автономияның ұлтшылдыққа апарып соқтыратынын көрсетті. Біз төменде Бундтың да нақ осыған келіп соққанын көреміз. Бірақ Бунд ұлттық автономияны дербес тұрғыдан да қарайды, азшылық ұлттардың праволарының **гарантиялары** тұрғысынан қарайды. Мәселені осы, дербес тұрғыдан да талдайық. Мұның екібастан қажет болатын себебі: азшылық ұлттар туралы — еврейлер туралы ғана емес — мәселенің социал-демократия үшін көрнекті маңызы бар.

Сөйтіп, ұлттардың «мәдени дамуына толық бостан-

---

* Қараңыз: II съездің протоколдары, 176-бет.

дық беруге гарантия жасайтын мекеме» болып шықты (курсив біздікі. **И. Ст.**).

Ал «гарантия жасайтын мекеме», т. с. деген не?

Бұл бәрінен бұрын — Шпрингер-Бауэрдің «ұлттық советі», мәдени істерді басқаратын сейм тәрізді бірдеңе.

Бірақ бұл мекемелер ұлттардың «мәдени дамуына толық бостандық беруге» гарантия жасай ала ма? Қайдағыбір мәдени істерді басқаратын сеймдер ұлттарды ұлтшылдық қысымдардан аман сақтауға гарантия жасай ала ма?

Бунд: жасай алады, деп шамалайды.

Бірақ тарих керісінше айтады.

Орыс Польшасында бір кезде сейм саяси сейм болды, ол, әрине, поляктардың «мәдени дамуына» бостандық беруге гарантия жасаймын деп тырысты, бірақ ол мұны істей алмады, қайта — керісінше — Россиядағы жалпы саяси жағдайларға қарсы күресте тең болмағандықтан ұшып түсті.

Финляндияда сейм көптен бері бар, ол да фин ұлтын «қаскүнемдіктен» қорғауға тырысады, бірақ ол бұл жөнде көп нәрсе істей алып жүр ме — мұны жұрттың бәрі көріп отыр.

Әрине, сеймнің сеймі бар; демократиялық жолмен ұйымдасқан Финляндия сеймін Польшаның аристократиялық семіндей бір жәйлі ету оп-оңай емес. Бірақ қалайда шешуші нәрсе — сеймнің өзі емес, Россиядағы жалпы тәртіптер. Егер Россияда кәзір нақ бұрынғыдай, Польшаның сеймі жойылған жылдардағыдай өрескел-азияттық қоғамдық-саяси тәртіптер болса, Финляндия сейімінің күйі бұдан да жаман болар еді. Оның үстіне, Финляндияға «қаскүнемдіктер жасау» саясаты өсіп келеді; ол саясат жеңілді деп айтуға болмайды...

Егер ескі, тарих жағынан пішінделген мекемелер жайында, саяси сеймдер жайында әңгіме осылай болып отырса, — онда жас сеймдер, жас мекемелер, оның үстіне «мәдени» сеймдер сияқты әлсіз мекемелер ұлттардың еркін дамуына екібастан гарантия жасай алмайды.

Әңгіме, сірә, «мекемелерде» емес, елдегі жалпы тәртіптерде. Елде демократизация жоқ болса — ұлттардың «мәдени дамуына толық бостандық беруге» гарантиялар да болмайды. Ел неғұрлым демократияшыл болса, «ұлттардың бостандығына» «қаскүнемдіктер жасау» соғұрлым азырақ болады, «қаскүнемдіктерден» аман болу гарантиялары соғұрлым көбірек болады, деп кәміл сеніммен айтуға болады.

Россия — жартылай азияттық ел, сондықтан да «қаскүнемдіктер жасау» саясаты онда көбінесе нағыз өрескел формаларда, қырғын формаларында болады; Россияда «гарантиялардың» шектен асқан минимумға жеткенін сөз қылмасақ та болады.

Германия — азды-көпті саяси бостандығы бар Европа ғой. Онда «қаскүнемдіктер жасау» саясатының еш уақытта қырғын формаларында болмайтыны таңырқарлық нәрсе емес.

Францияда «гарантиялар», әрине, одан да көбірек, өйткені Франция Германиядан гөрі демократияшылырақ.

Біз Швейцария туралы сөз қылып та отырғанымыз жоқ; Швейцарияның демократияшылдығы, буржуазиялық демократияшылдық болғанмен, жоғары дәрежелі демократияшылдық болғандықтан, онда ұлттар еркін тұрады — азшылық болса да, көпшілік болса да бәрібір.

Сөйтіп, Бунд, құр «мекемелердің» өзі ұлттардың толық мәдени дамуына гарантия жасай алады деп, жалған жолға түсіп отыр.

Бундтың өзі де Россиядағы демократизацияны «мекемелер жасаудың» және бостандық гарантияларының алғы шарты деп есептейді, деушілер болар. Бірақ бұл дұрыс емес. «Бундтың VIII конференциясы туралы есептен»[137] — Бундтың «мекемелерге» Россиядағы қазіргі тәртіптер негізінде, еврей қауымын «реформалау» жолымен ие болғысы келетіні көрінеді.

Бунд басшыларының бірі сол конференцияда былай деді:

> «Қауым келешектегі мәдени-ұлттық автономияның ұйтқысы бола алады. Мәдени-ұлттық автономия дегеніміз — ұлттың өзіне өзі қызмет істеуінің формасы, ұлттық тілектерді қанағаттандыру формасы. Қауым формасында да осы мазмұн бар. Бұл — бір шынжырдың буындары, бір эволюцияның кезеңдері»*.

Осыған сүйене отырып, конференция «еврей қауымын реформалау үшін және оны заң шығару жолымен бұ дүниелік мекемеге айналдыру үшін», демократиялық жолмен ұйымдастырылған мекемеге айналдыру үшін күресу керек, деп қарар шығарды** (курсив біздікі. И. Ст.).

Бундтың шарт пен гарантия деп санайтыны — Россияның демократиялануы емес, еврейлердің келешектегі «бұ дүниелік мекемесі», «еврей қауымын реформалау» жолымен, былайша айтқанда, «заң шығару» ретімен, Дума арқылы қолға түсетін мекеме екені анық нәрсе.

---

* Қараңыз: «Бундтың VIII конференциясы туралы есеп», 1911 ж., 62-бет.

** Қараңыз: бұл да сонда, 83 — 84-беттер.

Бірақ, біз жоғарыда құр «мекемелердің» өзі, бүкіл мемлекетте демократиялық тәртіптер болмаса, «гарантиялар» болып қызмет ете алмайтынын көрдік.

Дегенмен, келешектегі демократиялық құрылыста қалайша болмақ? Демократизм тұсында да «гарантия жасайтын» және басқа дербес «мекемелер» керек болар ма екен? Бұл жөнде, мәселен, демократияшыл Швейцарияда іс қалай болып отыр? Онда Шпрингердің «ұлттық советі» тәрізді дербес мәдени мекемелер бар ма? Мұндай мекемелер оларда **жоқ**. Бірақ бұдан онда азшылық болып табылатын, мәселен, итальяндардың мәдени мүдделеріне нұқсан келмей ме? Ондай ешнәрсе естілмейді. Бұл түсінікті де: Швейцариядағы демократия бейнебір «гарантия жасайтын» және басқа дербес ұлттық «мекемелердің» қандайын болса да керексіз етеді.

Сөйтіп, кәзірде әлсіз, келешекте керексіз — мәдени-ұлттық автономияның **мекемелері** осындай, ұлттық автономия осындай.

Бірақ ұлттық автономия, өмір сүруі және келешегі күмәнді «ұлтқа» таңылғанда, зиянды да болады. Ондайда ұлттық автономияны жақтаушылардың «ұлттың» барлық өзгешеліктерін, пайдалыларын ғана емес, әрі зияндыларын да сақтап, сүр қылуларына тура келеді, — «ұлтты» ассимиляциядан «құтқарса» болғаны, оны «сақтаса» болғаны.

Бунд осы қауіпті жолға амалсыз түсуге тиіс болды. Ол шынында да түсті. Біз Бундтың соңғы конференцияларының «сембі», «жаргон» және басқалар туралы белгілі қаулыларын айтып отырмыз.

Социал-демократия **барлық ұлттар үшін** ана тіл правосын талап етеді, ал Бунд бұған қанағаттанбайды, —

ол «ерекше жігермен» **«еврей тілінің** правосын» жақтауды талап етеді (курсив біздікі. **И. Ст.**)*, жәнеде Бундтың өзі, IV Думаның сайлауында, «олардың (яғни сайлаушылардың) ішінде еврей тілінің правосын жақтауды міндетіне алатындарға құрмет етеді»**.

Ана тілінің **жалпы** правосы емес, еврей тілінің, жаргонның **жеке** правосы керек екен! Жеке ұлттардың жұмысшылары **бәрінен бұрын** өз тілі үшін: еврейлер еврей тілі үшін, грузиндер грузин тілі үшін, басқалар басқа тілдері үшін күресе берсін. Барлық ұлттардың жалпы правосы үшін күресу — екінші дәрежедегі нәрсе. Сіз барлық езілген ұлттардың ана тіл правосын дұрыс деп танымасаңыз да болады; ал егер сіз жаргон правосын дұрыс деп танысаңыз, біліп қойыңыз: Бунд сізге қол көтереді, сізді «құрмет етеді».

Бірақ онда Бундтың буржуазиялық ұлтшылдардан айырмасы не екен?

Социал-демократия аптаның ішінде міндетті түрде болатын бір демалыс күнін белгілеуді талап етеді, ал Бунд бұған қанағаттанбайды, ол «заң шығару тәртібімен» «еврей пролетариатына сембіні мейрамдауға право берілуін, басқа күнді де мейрамдауға зорлаушылықтың жойылуын» талап етеді***.

Бунд тағы «бір қадам ілгерілеп», еврейлердің бұрынғы ескі мейрамдарының бәрін мейрамдау правосын талап етеді, деп білу керек. Ал егер, Бундтың сорына,

---

* Қараңыз: «Бундтың VIII конференциясы туралы есеп», 85-бет.

** Қараңыз: «Бундтың IX конференциясы туралы есеп», 1912 ж., 42-бет.

*** Қараңыз: «Бундтың VIII конференциясы туралы есеп», 83-бет.

еврей жұмысшылары соқыр сенімнен бас тартып, сембіні мейрамдағысы келмесе, онда Бунд өзінің «сембі правосы» жолындағы үгіті арқылы оларға сембіні ескертеді, олардың арасында, былайша айтқанда, «сембі рухын» дәріптейді...

Сондықтан Бундтың VIII конференциясында шешендердің «жалынды сөздер» сөйлеп, «еврей ауруханаларын» талап еткені әбден түсінікті, жәнеде бұл талап былайша дәлелденді: «өз адамдарының ішінде аурудың көңілі көтеріңкі болады», «поляк жұмысшыларының арасында еврей жұмысшысының көңілі бәсең болады, еврей дүкеншілерінің арасында оның көңілі көтеріңкі болады»*.

Еврейлік нәрсенің бәрін сақтау, еврейлердің ұлттық өзгешеліктерінің **бәрін**, пролетариатқа көрер көзге зияндыларына дейін, сүр қылу, еврейлерді еврейлік емес нәрселердің бәрінен шеттету, тіпті ерекше ауруханалар құру, — міне, Бунд осындай халге түсті!

Бунд «социализмді ұлтшылдыққа бейімдейді» деген Плеханов жолдастікі мың да бір дұрыс еді. Әрине, Вл. Коссовский және сол тәрізді бундшылар Плехановты «демагог»**[138] деп балағаттай алады — қағаз бәріне де көне береді — бірақ Бундтың ісімен таныс адамдарға мынаны түсіну қиын емес: ол батырлар өздері туралы шындықты айтуға қорқады, «демагогия» туралы ащы сөздерді көлегейлейді...

Ал, ұлт мәселесінде осындай позицияда болғансын, Бунд, әрине, ұйымдастыру мәселесінде де еврей жұмысшыларын дараландыру жолына, социал-демокра-

* Қараңыз: «Бундтың VIII конференциясы туралы есеп», 68-бет.

** Қараңыз: «Наша Заря», 1912 ж., № 9 — 10, 120-бет.

тиядағы ұлттық курия лар жолына түсуге тиіс болды. Ұлттық автономияның логикасы осындай!

Шынында да, Бунд «бірден-бір өкілдік» теориясынан жұмысшылардың «ұлттық шегарасын айыру» теориясына көшіп отыр. Бунд россиялық социал-демократиядан «өзінің ұйымдастыру құрылысында ұлттарына қарай шегараны айыруды»* талап етіп отыр. Ал «шегараны айырудан» ол «дараландыру» теориясына қарай «бір қадам ілгерілеп» келеді. Бундтың VIII конференциясында «ұлттың өмір сүруі — даралық»** деген сөздер босқа айтылған жоқ.

Ұйымдастыру федерализмінің ішінде азудың және сепаратизмнің элементтері бар. Бунд сепаратизмге қарай келе жатыр.

Ол, шынында да, басқа ешқайда бара алмайды. Оның экстерриториялық ұйым ретінде өмір сүруінің өзі оны сепаратизм жолына айдайды. Бундтың белгілібір тұтас территориясы жоқ, ол «жат» территорияларға қыстырылады, ал онымен жанасып отырған польшалық, латыштық, россиялық социал-демократиялар — интернационалдық-территориялық коллективтер. Ал бұл мынаған әкеліп соқтырады: осы коллективтердің әрбір ұлғаюы бундты «ойсырату», оның іс көлемін тарылту болып табылады. Екінің бірі: не бүкіл россиялық социал-демократия ұлттық федерализм негізінде қайта құрылуға тиіс,— онда Бунд өзіне еврей пролетариатын «қамтамасыз етуге» мүмкіндік алады; не бұл коллек-

* Қараңыз: «Бундтың VII съезі туралы хабарландыру»[139], 7-бет.

** Қараңыз: «Бундтың VIII конференциясы туралы есеп», 72-бет.

тивтердің территориялық — интернационалдық принципі күшінде қалады, — онда Бунд польшалық, латыштық социал-демократияларда болып отырғандай интернационалдық негізінде қайта құрылады.

Бундтың әуел бастан-ақ «россиялық социал-демократияны федеративтік негізде қайта құруды»* талап етуінің себебі де осы.

1906 жылы Бунд, төменнен шыққан біріктіру толқынына жол бере отырып, орта жолды таңдап алды, россиялық социал-демократияға енді. Бірақ ол оған қалай енді? Польшалық, латыштық социал-демократиялар бірлесіп бейбітшілік жұмыс істеу үшін енгенде, Бунд федерация үшін соғысу мақсатымен енді. Бундшылардың басшысы Медем сонда нақ былай деді:

«Біз идиллия үшін бармаймыз, күрес үшін барамыз. Идиллия жоқ, оны жақын арада тек Маниловтар ғана күте алады. Бунд партияға барынша қаруланып енуге тиіс»**.

Мұны Медемнің зұлымдығы деп білу қате болар еді. Әңгіме зұлымдықта емес, Бундтың ерекше позициясында; бұл позиция бойынша ол интернационалдық негізінде құрылған россиялық социал-демократияға қарсы күреспей тұра алмайды. Ал, оған қарсы күресіп, Бунд, әрине, бірлік мүдделерін бұзды. Ақырында, іс мынадай күйге жетті: Бунд уставты бұзып және IV Думаның сайлауы кезінде польшалық социал-демократияға қарсы польшалық ұлтшылдармен бірігіп, фор-

* Қараңыз: «Ұлттық автономия туралы және россиялық социал-демократияны федеративтік негізде қайта құру туралы мәселе жөнінде», 1902 ж., Бунд бастырып шығарған.

** Қараңыз: «Наше Слово» № 3, 24-бет, Вильна, 1906 ж.

малдық жағынан россиялық социал-демократиядан ажырады.

Бунд, сірә, ажырасуды өз талапкерлігін ең тәуір қамтамасыз ететін нәрсе деп таныған болар.

Сөйтіп, ұйымдастыру жағынан «шегараны айыру» «принципі» сепаратизмге, толық ажырасушылыққа әкеліп соқтырды.

Федерализм туралы бұрынғы «Искрамен»[140] айтыса келіп, Бунд бір кезде былай деп жазған:

«Бізді «Искра» — бундтың россиялық социал-демократия жөніндегі федеративтік көзқарастары олардың арасындағы байланысты әлсіретуге тиіс, деп сендіргісі келеді. Біз бұл пікірді Россиядағы практикаға сүйеніп бекерге шығара алмаймыз, мұның себебі — россиялық социал-демократия федеративтік бірлік ретінде өмір сүріп отырған жоқ. Бірақ біз 1897 жылғы партейтагтің қарары негізінде федеративтік сыйпатқа түскен Австрия социал-демократиясының өте-мөте өнегелі тәжрибесіне сүйене аламыз»*.

Бұл 1902 ж. жазылған.

Бірақ кәзір 1913 жыл. Кәзір бізде россиялық «практика»'да, «Австрия социал-демократиясының тәжрибесі» де бар.

Бұлар нені көрсетеді?

«Австрия социал-демократиясының өте-мөте өнегелі тәжрибесінен» бастайық. 1896 жылдан бұрын-ақ Австрияда тұтас бір социал-демократиялық партия өмір сүреді. Сол жылы Лондондағы халықаралық конгресте чехтар ең бірінші рет жеке өкілдікті талап етіп, оны алады. 1897 жылы, Вена партейтагында (Вимбергте), тұтас партия формалдық жағынан жойылады жә-

* Қараңыз: «Ұлт автономиясы туралы мәселе жөнінде» Әс. 1902 ж., 17-бет, Бунд шығарған.

не оның орнына ұлттық алты «социал-демократиялық топтың» федеративтік одағы құрылады. Сонсын ол «топтар» өз алдына дербес партияларға айналады. Партиялар аз-аздап бірте-бірте өздерінің араларындағы байланысты үзіп ажырасады. Партиялардың соңынан парламенттік фракция ажырасады—ұлттық «клубтар» құрылады. Одан кейін одақтар келеді, олар да ұлттарына қарай бөлшектенеді. Істің ақыры тіпті кооперативтерге дейін барады; чех сепаратистері жұмысшыларды ол кооперативтерді бөлшектеуге шақырады*. Біз сепаратистік үгіттің жұмысшылардың ынтымақ сезімін бәсеңдететінін, оларды көбінесе штрейкбрехерлік жолына итермелейтінін айтып та отырғанымыз жоқ.

Сөйтіп, «Австрия социал-демократиясының өте-мөте өнегелі тәжрибесі» Бундқа қарсы, бұрынғы «Искраны» жақтайды. Австриялық партиядағы федерализм нағыз сорақы сепаратизмге, жұмысшы қозғалысын бұзушылыққа әкеліп соқтырды.

Біз жоғарыда «Россиядағы практиканың» да осыны көрсететінін көрдік. Бундтық сепаратистер, чех сепаратистері сияқты, жалпы россиялық социал-демократиядан ажырасты. Одақтарға, бундтық одақтарға келсек, олар әуел бастан-ақ ұлтшылдық негізге сүйеніп ұйымдасқан, яғни басқа ұлттардың жұмысшыларынан қол үзген болатын.

Толық даралық, толық ажырасушылық — федерализмнің «орыстық практикасы» міне осыны көрсетеді.

Істің мұндай күйінің жұмысшыларға ынтымақ сезі-

---

* Қараңыз: „Dokumente des Separatismus", Ванек[41] кітапшасынан алынған сөз, 29-бет.

мін әлсірету, іріткі салу арқылы әсер етіп отырғаны таңырқарлық нәрсе емес; ал бұл іріткі Бундқа да сіңіп келеді. Біз еврей жұмысшылары мен поляк жұмысшыларының жұмыссыздықтың салдарынан бірден бірге жиі ұшырап келе жатқан қағысуларын айтып отырмыз. Бұл жөнде Бундтың IX конференциясында мынадай сөздер айтылды:

«...Бізді ығыстырып отырған поляк жұмысшыларын біз қырғыншылар, сарылар деп есептейміз, олардың стачкаларын қолдамаймыз, ол стачкаларды бұзамыз. Екіншіден, ығыстыруға ығыстырумен жауап береміз: еврей жұмысшыларын фабрикаларға жолатпаушылыққа жауап ретінде біз поляк жұмысшыларын қолмен жүргізетін станоктарға жолатпаймыз... **Егер біз бұл істі өз қолымызға алмасақ, жұмысшылар басқаларға еріп кетеді»** * (курсив біздікі. **И. Ст.**).

Бундтың конференциясында ынтымақ туралы осылай дейді.

«Шегараны айыруда», «дараланудa» бұдан әрі барар жер жоқ. Бунд мақсатына жетті: ол түрлі ұлттардың жұмысшыларының шегараларын айырып, төбелеске, штрейкбрехерлікке дейін жеткізеді. Өйтпесіне болмады: «егер біз бұл істі өз қолымызға алмасақ, **жұмысшылар басқаларға еріп кетеді»...**

Жұмысшы қозғалысының берекесін кетіру, социал-демократияның қатарына іріткі салу — бундтық федерализм міне осыған келіп соқтырады.

Сонымен, мәдени-ұлттық автономия идеясы, ол идеяның туғызатын жағдайы Россияда, Австриядағыдан да гөрі, көбірек зиянды болып шықты.

---

* **Қараңыз: «Бундтың IX конференциясы туралы есеп», 19-бет**

VI

ҚАВҚАЗДЫҚТАР, ЖОЙЫМПАЗДАРДЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Біз жоғарыда кавказдық социал-демократтардың ұлтшылдық «ығуға» қарсы төзе алмаған бір бөлегінің тұрлаусыздығы туралы сөз қылдық. Бұл тұрлаусыздық осы айтылған социал-демократтардың — сорақы нәрсе болса да — мәдени-ұлттық автономияны жарыялап, Бундтың ізіне түскендігінен көрінді.

Бүкіл Қавказға облыстық автономия керек, Қавказдың құрамына енетін ұлттарға мәдени-ұлттық автономия керек, — бұл социал-демократтар — реті келгенсін айта кетсек, орыс жойымпаздарына бейім социал-демократтар — өз талаптарын осылай тұжырымдайды.

Олардың көрнекті басшысы әйгілі Н--ді тыңдап көрейік:

«Кавказдың халқының нәсілдік құрамы жағынан да, территориясы мен ауылшаруашылық мәдениеті жағынан да орталық губерниялардан зор айырмасы бар екені жұрттың бәріне мәлім. Мұндай өлкенің пайдаланылуы мен материалдық дамуы жергілікті өзгешеліктерді білетін, жергілікті климат пен мәдениетке әдеттенген жергілікті қызметкерлерді керек қылады. Жергілікті территорияны пайдалану мақсатын көздейтін заңдардың бәрі жергілікті орындарда шығарылып, жергілікті күштер арқылы іске асырылатын болуы керек. Олай болса, кавказдық өзіндік басқарманың орталық органдарының міндетіне жергілікті мәселелер жөніндегі заңдарды шығару ісі кіреді... Сонымен, кавказдық орталықтың міндеті — жергілікті территорияны шаруашылық жағынан пайдалану мақсатын, өлкенің материалдық гүлдену мақсатын көздейтін заңдар шығару»*.

* Қараңыз: «Чвени Цховреба» («Біздің Тұрмыс»)[142] деген грузин газеті, 1912 ж., № 12.

Сөйтіп, керегі — Қавказдың облыстық автономиясы екен.

Егер Н.-нің бірсыпыра түрлаусыз, ыңғайсыз дәлелдемесіне көңіл бөлмесек, оның қортындысын дүрыс деп тану керек. Жалпы мемлекеттік конституцияның шеңберінде қыймыл ететін Қавказдың облыстық автономиясын Н. де теріс деп танымайды, — облыстық автономия, Қавказдың қүрамы мен түрмыс жағдайлары өзгеше болған себепті, шынында да керек. Мұны россиялық социал-демократия да дүрыс деп танып, II съезде «халқының түрмыс жағдайлары мен қүрамы жағынан, орысқа тән облыстардан айырмасы бар шеткері аймақтар үшін облыстық өзіндік басқарма керек» деп жарыялаған.

Бүл пунктті II съездің талқысына салғанда, оны Мартов «Россияның байтақ жері және біздің бір орталыққа бағынған басқармамыздың тәжрибесі бізге Финляндия, Польша, Литва, Кавказ сықылды ірі орындарда облыстық өзіндік басқарманың өмір сүруін қажетті, қолайлы деп санауға мүмкіншілік береді» деп дәлелдеген.

Ал бүдан шығатын қортынды — облыстық өзіндік басқарма деп облыстық автономияны үғу керек.

Бірақ Н. бүдан да әрі кетіп отыр. Оның пікірінше, Қавказдың облыстық автономиясы «мәселенің бір жағын ғана» қамтыйды.

«Осы уақытқа дейін біз жергілікті түрмыстың материалдық дамуы туралы ғана айтып келдік. Бірақ өлкенің экономикалық дамуына экономикалық тіршілік қана емес, рухани, мәдени тіршілік те дем береді»... «Мәдени жағынан күшті үлт экономикалық жағынан да күшті»... «Бірақ үлттардың мәдени дамуы тек үлт тілінде ғана болуы мүмкін»... «Сондықтан ана тілімен байланысты мәселелердің бәрі мәдени-үлттық мәселелер болып табылады.

Оқу, сот істерін жүргізу, шеркеу, әдебиет, искусство, ғылым, театр мәселелері және басқа мәселелер — осындай мәселелер. Егер өлкенің материалдық даму ісі ұлттарды біріктіретін болса, ұлттық-мәдени істер, олардың әрқайсысын жеке қызметке қойып, оларды ыдыратады. Бірінші тәрізді тіршілік белгілібір территорияға байланысты»... «Мәдени-ұлттық істер мұндай емес. Олар белгілібір территорияға байланысты емес, белгілібір ұлттың өмір сүруіне байланысты. Грузин тілінің тағдыры — қайда тұратын грузинге болса да ортақ нәрсе. Грузин мәдениетінің тек Грузияда тұратын грузиндерге ғана қатысы бар деу үлкен надандық болар еді. Мәселен, армян шеркеуін алайық. Оның ісін басқаруға әртүрлі жерлер мен мемлекеттерде тұратын армяндар қатысады. Бұл арада территория ешқандай роль атқармайды. Немесе, мәселен, грузин музейін жасауға тифлистік грузин де, бакулік, кутаистік, петербургтік және басқа грузин де құштар. Демек, мәдени-ұлттық істердің бәрін меңгеру, басқару ісі құштар ұлттардың өздеріне берілуге тиіс. Біз кавказдық ұлттардың мәдени-ұлттық автономиясын жарыялаймыз»*.

Қысқасы: мәдениет — территория емес, территория — мәдениет емес болғандықтан, мәдени-ұлттық автономия қажет. Мәдени-ұлттық автономияның пайдасына Н.-нің айта алатын нәрселерінің бәрі осы.

Біз бұл арада ұлттық-мәдени автономия атаулыға тағы тоқталып жатпаймыз: біз жоғарыда оның теріс сыйпаты туралы айтқанбыз. Біз тек мынаны ғана баса көрсеткіміз келеді: тегінде түкке жарамайтын мәдени-ұлттық автономия кавказдық жағдайлар тұрғысынан қарағанда одан сайын мағнасыз, масқара нәрсе болып табылады.

Мұның себебі мынау.

Мәдени-ұлттық автономия дамыған мәдениеті, әдебиеті бар, азды-көпті дамыған ұлттардың болуын керек

* Қараңыз: «Чвени Цховреба» деген грузин газеті, 1912 ж., № 12.

қылады. Осындай жағдайлар болмаса бұл автономия бүкіл мағнасын жоғалтады, ақылға сыймайтын нәрсеге айналады. Ал Кавказда жабайы мәдениеті бар, ерекше тілі бар, бірақ ана тіліндегі әдебиеті жоқ халықтар, оның үстіне бірсыпырасы ассимиляцияланып, бірсыпырасы ілгері дамып бара жатқан өткінші халықтар толып жатыр. Оларға мәдени-ұлттық автономияны қалай қолдануға болады? Мұндай халықтарды қайтпек керек? Оларды, мәдени-ұлттық автономияның күмәнсіз көздеп отырғанындай, жеке мәдени-ұлттық одақтарға қалай «ұйымдастыруға» болады?

Әр тілдерде сөйлейтін, бірақ өз әдебиеті жоқ мингрелдерді, абхаздарды, аджарларды, свандарды, лезгиндерді және басқаларды қайтпек керек? Оларды қандай ұлттарға жатқызу керек? Оларды ұлттық одақтарға «ұйымдастыруға» бола ма? Оларды қандай «мәдени істердің» маңына «ұйымдастыру» керек?

Кавказдың арғы жағындағылары грузиндермен ассимиляцияланып бара жатқан (бірақ әлі тіпті де ассимиляцияланып бітпеген), ал Кавказдың бергі жағындағыларының бірсыпырасы орыстармен ассимиляцияланып, бірсыпырасы, өз әдебиетін құрып, ілгері дамып бара жатқан осетиндерді қайтпек керек? Оларды тұтас ұлттық одаққа қалай «ұйымдастыру» керек?

Грузин тілінде сөйлейтін, бірақ түрік мәдениетін қолданатын, ислам дініндегі аджарларды қандай ұлттық одаққа қосу керек? Оларды дін істерін негізге алып грузиндерден бөлек, басқа мәдени істерді негізге алып грузиндермен бірге «ұйымдастыруға» болмас па екен? Ал кобулестер ше? Ингуштар ше? Ингилойцтер ше?

Толып жатқан халықтарды тізімнен шығарып тастайтын бұл не деген автономия?

Жоқ, бұл — ұлт мәселесін шешу емес, бұл — бос уақыттағы құр қыялдың жемісі.

Ал тіпті болмайтын нәрсені болды делік, біздің Н.-нің ұлттық-мәдени автономиясы жүзеге асты делік. Сонда ол автономия неге соқтырады, одан қандай нәтижелер шығады? Мәселен, болмашы ғана проценттей сауаттылары бар, құдіреті күшті молдалар басқарған мектептері бар, дін рухы сіңген мәдениеті бар закавказьелік татарларды алайық... Оларды мәдени-ұлттық одаққа ұйымдастыру — оларға молдаларды басшы етіп қою деген сөз екенін, оларды реакцияшыл молдаларға жем етіп беру деген сөз екенін, татар бұқараларын ең зұлым жауының рухани жағынан құлдауына жаңа бастион жасау деген сөз екенін түсіну қыйын емес.

Бірақ социал-демократтар қашаннан бері реакционерлердің диірменіне су құятын болып еді?

Закавказьелік татарларды мәдени-ұлттық одаққа, одақ болғанда бұқараларды ең зұлым реакционерлерге құл ететін одаққа қамау керек көрінеді, — кавказдық жойымпаздар бұдан тәуірірек ешнәрсені «жарыялай» алмады ма екен?

Жоқ, бұл — ұлт мәселесін шешу емес.

Кавказда ұлт мәселесі **кеш қалған ұлттар мен халықтарды жоғарғы мәдениеттің жалпы арнасына салу рухында** ғана шешіле алады. Тек осындай шешу ғана прогрестік шешу болады және социал-демократияға қолайлы шешу болады. Кавказдың облыстық автономиясының қолайлы болатын себебі сол — ол кеш қалған ұлттарды жалпы мәдени дамуға тартады, ол сол ұлттарға ұсақ ұлттық шағындықтың шеңберінен шығуға жәрдем береді, ол сол ұлттарды алға итермелеп, со-

ларға жоғарғы мәдениеттің игілігін пайдалануды жеңілдетеді. Ал мәдени-ұлттық автономия тура қарама-қарсы бағытта қыймыл жасайды, өйткені ол ұлттарды бұрынғы шеңберінде сірестіреді, оларды мәдениет дамуының төменгі сатыларына бекіндіреді, олардың мәдениеттің жоғарғы сатысына көтерілуіне кедергі жасайды.

Сонымен ұлттық автономия облыстық автономияның жақсы жақтарын дарытпай, оны жоққа айналдырады.

Нақ сондықтан Н.-нің ұлттық-мәдени автономия мен облыстық автономияны қыюластырып ұсынып отырған автономиясының кісі күлерлік түрі де іске жарамайды. Бұл жасанды қыюластыру істі жақсартпайды, қайта нашарлатады, өйткені ол, кеш қалған ұлттардың дамуын кідіртетіні былай тұрсын, әрі облыстық автономияны ұлттық одақтарға ұйымдасқан ұлттардың шайқасу аренасына айналдырады.

Сөйтіп, тегінде іске жарамайтын, мәдени-ұлттық автономия Кавказда мағнасыз реакциялық сергелдеңге айналар еді.

Н.-нің және оның кавказдық пікірлестерінің мәдени-ұлттық автономиясы міне осындай.

Кавказдық жойымпаздар «бір қадам ілгері» басып, ұйымдастыру мәселесінде де Бундтың соңына ере ме,— мұны келешек көрсетер. Осы уақытқа дейін социал-демократияның тарихында ұйымдастыру ісіндегі федерализм әрдайым программадағы ұлттық автономияның алдында болып отырды. Австриялық социал-демократтар 1897 жылдан бастап-ақ ұйымдастыруісінде федерализм жүргізді және тек екі жылдан кейін (1899) ұлттық автономияны қабылдады. Бундшылдар ұлттық ав-

тономия туралы ең бірінші рет 1901 жылы ашық сөз қылды, ал ұйымдастыру ісіндегі федерализмді 1897 жылдан бастап-ақ практикада қолданды.

Кавказдық жойымпаздар істі ақырынан, ұлттық автономиядан бастады. Егер олар бұдан былай да Бундтың жолымен жүре беретін болса, онда 90-жылдардың аяқ кезінде интернационалдық негізінде құрылған кәзіргі бүкіл ұйымдастыру үйін олардың әуелі қыйратуына тура келеді.

Бірақ жұмысшыларға әзірше әлі түсініксіз ұлттық автономияны қабылдау қаншалық дәрежеде оңай болса, әлденеше жылдар бойы құрылған үйді, Кавказдың барлық ұлттарының жұмысшылары мәпелеп өсірген үйді қыйрату да соншалық дәрежеде қыйын болады. Осы геростраттық әуре-сарсаңға кіріссең болғаны, — жұмысшылар көздерін ашып, мәдени-ұлттық автономияның ұлтшылдық мәнін түсінеді.

Егер кавказдықтар ұлт мәселесін әншейіндегі тәсілмен, ауызша жарыссөздер мен әдеби дискуссия арқылы шешіп отырса, жойымпаздардың бүкілроссиялық конференциясы әншейіндегіге мүлде ұсамайтын тәсілді ойлап шығарды. Әрі оңай, әрі қарапайым тәсіл. Тыңдаңыздар:

«Кавказдық делегацияның... ұлттық-мәдени автономияны талап етудің қажеттігі туралы мәлімдемесін тыңдағаннан кейін конференция, бұл талаптың мәні жөнінде сөз қылмай-ақ, мынаны атап өтеді: әр ұлттың өзін өзі билеу правосын дұрыс деп танытын программа пунктін мұндай түсіндіру сол программаның дәл мағнасына қайшы келмейді».

Сөйтіп, бәрінен бұрын — бұл мәселенің «мәні жөнін-

де сөз қылмау керек», ал сонсын — атап өту керек» Өте бір ерекше тәсіл...

Ал бұл ерекше конференция нені «атап өтеді»?

Ұлттық-мәдени автономияны «талап етудің» ұлттардың өзін өзі билеу правосын дұрыс деп танийтын программаның «дәл мағнасына қайшы келмейтіндігін» атап өтеді.

Осы қыйсынды талдап көрейік.

Өзін өзі билеу туралы пункт ұлттардың праволары туралы сөз қылады. Бұл пункт бойынша ұлттар автономия болуға ғана емес, бөлініп шығуға да праволы. Әңгіме саяси жағынан өзін өзі билеу туралы болып отыр. Бүкіл халықаралық социал-демократияда көптен белгілі болған бұл ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеу правосын әрлі-берлі теріс түсіндіруге тырысқанда, жойымпаздар кімді алдамақ болды?

Әлде, мүмкін, жойымпаздар: бейнебір, мәдени-ұлттық автономия ұлттардың правосына «қайшы келмейді» деген софизм арқылы қорғанып, сылтауратар? Яғни, егер белгілібір мемлекеттің барлық ұлттары мәдени-ұлттық автономияның негізіне сүйеніп құрылуға көнсе, онда олар, ұлттардың белгілібір тобы, бұған толық праволы және оларға ешкім саяси тұрмыстың басқа формасын зорлап таңа алмайды дер. Әрі жаңалық, әрі данышпандық. Бұған: жалпы айтқанда, ұлттар өз ішінде конституцияны жоюға, оның орнына озбырлық системасын қолдануға, ескі тәртіптерге қайта оралуға праволы, деп қосу керек болмас па екен, өйткені ұлттар, тек ұлттардың өздері ғана, өз тағдырын өзі шешуге праволы. Тағы айтамыз: бұл мағнада мәдени-ұлттық автономия да, қандай ұлттық реакциялық болса да ұлттардың праволарына «қайшы келмейді».

Құрметті конференцияның айтайын дегені осы емес пе екен?

Жоқ, бұл емес. Ол: мәдени-ұлттық автономия ұлттардың праволарына емес, **программаның «дәл мағнасына»** «қайшы келмейді» деп ашық айтып отыр. Әңгіме бұл арада ұлттардың праволары туралы емес, программа туралы болып отыр.

Бұл түсінікті де. Егер жойымпаздардың конференциясына бір ұлт барса, онда конференция — мәдени-ұлттық автономия болуға ұлттың правосы бар, деп тура атап айтар еді. Бірақ конференцияға ұлт барған жоқ, кавказдық социал-демократтардың, рас, нашар социал-демократтар болғанмен, қалайда социал-демократтардың «делегациясы» барды. Және олар ұлттардың праволары туралы сұраған жоқ, мәдени-ұлттық автономия **социал-демократияның принциптеріне** қайшы келмей ме, ол **социал-демократияның программасының «дәл мағнасына»** «қайшы» келмей ме? деп сұрады.

Сөйтіп, **ұлттардың праволары және социал-демократияның программасының «дәл мағнасы»** — екеуі бір нәрсе емес.

Ұлттардың праволарына қайшы келмегенмен, программаның «дәл мағнасына» қайшы келе алатын талаптардың да барлығы айқын.

Мысал. Социал-демократтардың программасында дін ұстау бостандығы туралы пункт бар. Бұл пункт бойынша адамдардың қандай тобының болса да қалаған дінін: католицизмді, православиені, т. т. ұстауға **правосы бар.** Социал-демократия дінге репрессия жасаушылықтың бәріне карсы, православныйларды, католиктерді, протестанттарды қуғындаушылыққа карсы күреседі. Бұл — католицизм, протестантизм, т. т. про-

грамманың «дәл мағнасына қайшы келмейді» деген сөз болып табыла ма? Жоқ, олай болып табылмайды. Социал-демократия католицизм мен протестантизмді қуғындаушылыққа қарсы әрдайым протест жасайды, ол ұлттардың қалаған дінін ұстау правосын әрдайым қорғайды, бірақ сонымен бірге ол, пролетариаттың дұрыс ұғынылған мүдделеріне сүйене отырып, социалистік көзқарастың мерейін үстем ету үшін, католицизмге де қарсы, протестантизмге де қарсы, православиеге де қарсы үгіт жүргізеді.

Ал оның мұны істейтін себебі — протестантизм, католицизм, православие, т. т. күмән жоқ, грамманың «дәл мағнасына қайшы келеді», яғни пролетариаттың дұрыс ұғынылған мүдделеріне қайшы келеді.

Өзін өзі билеу туралы да осыны айту керек. Ұлттар өз қалауынша тұрмыс құруға праволы, олар өздерінің ұлттық мекемесінің қандайын болса да, зияндысын да, пайдалысын да сақтап қалуға праволы, — ешкім ұлттардың тұрмысына зорлап араласа алмайды (правосы жоқ!). Бірақ бұл әлі — социал-демократия ұлттардың зиянды мекемелеріне қарсы, ұлттардың мақсатқа сәйкеспейтін талаптарына қарсы күреспейді, үгіт жүргізбейді деген сөз емес. Қайта, социал-демократия осындай үгіт жүргізуге және, ұлттарды пролетариаттың мүдделеріне мейлінше сәйкесетін формада тұрмыс құратындай етіп, ұлттардың тілегіне әсер етуге міндетті. Нақ сондықтан ол, ұлттардың өзін өзі билеу правосы үшін күресе отырып, сонымен қатар, мәселен, татарлардың бөлінуіне де қарсы, кавказдық ұлттардың мәдени-ұлттық автономиясына да қарсы үгіт жүргізеді, өйткені мұның екеуі де, бұл ұлттардың праволарына қайшы келмегенмен, алайда, грамманың «дәл мағнасына»,

яғни кавказдық пролетариаттың мүдделеріне қайшы келеді.

«Ұлттардың праволары» мен программаның «дәл мағнасының» екеуі мүлде екі басқа нәрсе екендігі айқын. Программаның «дәл мағнасы» пролетариаттың мүдделерін, пролетариаттың программасында ғылыми түрде тұжырымдалған мүдделерді, көздейді, ал ұлттардың праволары қандай таптың болса да — буржуазияның, аристократияның, дін иелерінің, т. т. мүдделерін көздей алады, көздегенде осы таптардың күші мен ықпалына қарай көздей алады. Анадағы — марксистің міндеттері, мынадағы — түрлі таптардан құралған ұлттардың праволары. Мәселен, Хеопс пирамидасы мен жойымпаздардың атышулы конференциясы сияқты, ұлттардың праволары мен социал-демократизмнің принциптері біріне бірі қайшы келуі де, «қайшы келмеуі» де мүмкін. Бұлар тіпті салыстыруға келмейтін нәрсе.

Ал бұдан шығатын қортынды — құрметті конференция нағыз кешірілместік дәрежеде мүлде екі түрлі екі нәрсені шатастырып алды. Ұлт мәселесін шешу болып шықпады, мағнасыздық болып шықты; бұл мағнасыздық бойынша ұлттардың праволары мен социал-демократияның принциптері біріне бірі «қайшы келмейді», — олай болса, ұлттардың әрбір талабы пролетариаттың мүдделерімен бірдей бола алады, олай болса, өзін өзі билеуге ұмтылатын ұлттардың бір талабы да программаның «дәл мағнасына қайшы келмейді»!

Логиканы аямаған...

Осы мағнасыздықтың негізінде жойымпаздардың конференциясының кәзіргі атақты қаулысы шықты; бұл қаулы бойынша ұлттық-мәдени автономияны та-

лап ету программаның «дәл мағнасына қайшы келмейді».

Бірақ жойымпаздардың конференциясы логика заңдарын ғана бұзып коймайды.

Ол әрі, мәдени-ұлттық автономияны мақұлдап, россиялық социал-демократияның алдында өзінің борышын да бұзып отыр. Ол программаның «дәл мағнасын» ашықтан-ашық бұзып отыр, өйткені программаны қабылдаған II съездің мәдени-ұлттық автономияны үзілді-кесілді түрде қабылдамай тастағаны мәлім. Бұл жөнде сол съезде былай делінген:

«Гольдблат (бундшыл): ...Мен ұлттардың мәдени даму бостандығын қамтамасыз ететін ерекше мекемелер құруды қажет деп санаймын, сондықтан 8-параграфқа **«және ұлттардың мәдени дамуына толық бостандық беруге гарантия жасайтын мекемелерді құру»** деп қосуды ұсынамын (бұл, жұртқа мәлім, мәдени-ұлттық автономияның бундтық тұжырымы. **И. Ст.**).

Мартынов мынаны айтады: жалпылық мекемелер жеке мүдделерді де қамтамасыз етерліктей болып құрылуға тиіс. Ұлттардың мәдени даму бостандығын қамтамасыз ететін ешқандай **ерекше** мекемені құру мүмкін емес.

Егоров: Ұлттық туралы мәселе жөнінде біз тек кері ұсыныстарды ғана қабылдай аламыз, яғни біз ұлтты қысымға салушылықтың қандайына болса да қарсымыз. Бірақ, белгілібір ұлт өзімен өзі болып дамый бере ме, жоқ па, бұл біздің социал-демократтардың жұмысы емес. Бұл — стихиялық процестің ісі.

Кольцов: Бунд делегаттарының ұлтшылдығы туралы сөз болғанда, олар әрдайым өкпелейді. Шынында Бундтың делегаты енгізген түзету — ұлтшылдық сыйпаты бар түзету. Олар бізден тіпті құрып бара жатқан ұлттарды да қолдау үшін таза шабуыл жасау шараларын талап етіп отыр».

... Ақырында **«үш кісі қарсы болған көпшілік Гольдблаттың түзетуін қабылдамай тастады».**

Сөйтіп, жойымпаздар конференциясының программ-

маның «дәл мағнасына қайшы» келгені анық. Конференция программаны бұзды.

Енді жойымпаздар, мәдени-ұлттық автономияны бейнебір мақұлдаған Стокгольм съезіне сүйеніп, ақталмақшы болып отыр. Мәселен, Вл. Коссовский былай деп жазады:

«Жұртқа мәлім, Стокгольм съезінде қабылданған договор бойынша Бундқа өзінің ұлттық программасын (ұлт мәселесі жалпы партиялық съезде шешілгенше) сақтауға рұқсат берілген. Бұл съезд — ұлттық-мәдени автономия қалайда жалпы партиялық программаға қайшы келмейді, деп таныған»*.

Бірақ жойымпаздардың бұл әрекеті бос әрекет. Стокгольмдегі съезд Бундтың программасын мақұлдауды ойлаған да жоқ — ол тек мәселені уақытша ашық күйде қалдыруға көнді. Батыр Коссовскийдің бүкіл шындықты айтуға ерлігі жетпеді. Бірақ фактылар өзінен өзі түсінікті. Олар мынадай:

«Галин мынадай түзету енгізді: «Ұлттық программа туралы мәселе съезд қарамаған себепті ашық күйде қалады». (Жақтаушылар — 50, қарсылар — 32).

Дауыс. Ашық күйде қалады дегеннің мәнісі не?

Председатель. Егер біз ұлт мәселесі ашық күйде қалады десек, мұның мәнісі — Бунд келесі съезге дейін бұл мәселе жөніндегі өзінің қарарын сақтай алады»** (курсив біздікі. И. Ст.)

Көріп отырсыздар, съезд тіпті Бундтың ұлттық программасы туралы мәселені «қараған жоқ» — ол тек, Бундтың өз программасының тағдырын шешуді келесі жалпы съезге дейін өзіне беріп, бұл мәселені «ашық күйде» қалдырды. Басқа сөзбен айтқанда: Стокгольмдегі съезд, мәдени-ұлттық автономияға қандай түрде болса да баға бермей, мәселеден бұлтарды.

---

* Қараңыз: «Наша Заря», 1912 ж., № 9 — 10, 120-бет.

** Қараңыз: «Наше Слово», № 8. 1906 ж., 53-бет.

Ал жойымпаздардың конференциясы ашықтан-ашық түрде мәселеге баға беруге кіріседі, мәдени-ұлттық автономияны қолдануға келеді деп танидыны және оны партия программасының атынан жақтайды.

Айырмасы көзге түртіп көрсеткендей.

Сонымен, жойымпаздардың конференциясы, қанша шулық қылса да, ұлт мәселесін бір қадам да алға жылжытқан жоқ.

Бундтың және кавказдық ұлтшыл жойымпаздардың алдында бұлаңдау — конференцияның қолынан келгенінің бәрі осы-ақ.

VII

РОССИЯДАҒЫ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Енді бізге ұлт мәселесінің дұрыс шешілуін көрсету қалды.

Біз мынадан сүйенеміз: мәселе Россиядағы болып отырған кезеңге тығыз байланыстырылып қана шешілуі мүмкін.

Россия өтпелі дәуірде, «бір қалыпты», «конституциялық» тұрмыс әлі құрылмаған кезде, саяси дағдарыс әлі шешілмеген кезде тұр. Дауылды күндер мен «асқыну» күндері алда. Қазіргі және келешектегі қозғалыс, толық демократизацияны мақсат ететін қозғалыс осыдан келіп шығады.

Ұлт мәселесі міне осы қозғалыспен байланыстырылып қаралуға тиіс.

Сөйтіп, елді толық демократияландыру — ұлт мәселесін шешудің негізі мен шарты.

Мәселені шешерде ішкі жағдайды ғана емес, сыртқы жағдайды да есепке алу керек. Россия Европа мен Азияның, Австрия мен Қытайдың арасында тұр. Азия-

да демократизмнің өсуі бөгемей қоймайды. Европада империализмнің өсуі — кездейсоқ нәрсе емес. Европаның шеңбері капитал үшін тар болды, сондықтан капитал жаңа рынок іздеп, арзан жұмысшылар іздеп, өзіне орын табуын орналасатын жерлер іздеп басқа елдерге ұмтылып отыр. Ал бұл сыртқы шиеленісушілік пен соғысқа соқтырады. Балқан соғысы[129] шиеленісушіліктің басы емес, ақыры деп ешкім айта алмайды. Сондықтан, ішкі және сыртқы жағдайлар қиюласқанда — Россиядағы белгілібір ұлт өзінің тәуелсіздігі туралы мәселені алға қойып, шешуді керек деп табарлықтай болып қиюласуы әбден мүмкін. Мұндай реттерде кедергі жасау, әрине, марксистердің ісі емес.

Ал бұдан шығатын қорытынды — орыс марксистері ұлттардың өзін өзі билеу праволарына соқпай кете алмайды.

Сөйтіп, өзін өзі билеу правосы — ұлт мәселесін шешудегі қажетті пункт.

Сонсын. Белгілібір себептерден тұтастық шеңберлерінде қалуды артық көретін ұлттарды қайтпек керек?

Біз мәдени-ұлттық автономияның түкке жарамайтындығын көрдік. Біріншіден, ол қолдан жасалған және тұрмысқа үйлеспейді, өйткені ол тұрмыстың, нағыз тұрмыстың ыдыратып, мемлекеттің әр түкпіріне апарған адамдарын жасанды түрде бір ұлтқа жиыстыруды көздейді. Екіншіден, ол ұлтшылдыққа итермелейді, өйткені ол адамдарды ұлттық курияларына қарай «араларын айыру» көзқарасына, ұлттарды «ұйымдастыру» көзқарасына, «ұлттық өзгешеліктерді» «сақтау» және дәріптеу көзқарасына соқтырады, — бұл социал-демократияға келіспейтін іс. Рейхсраттағы Моравия сепаратистерінің, неміс социал-демократ депутаттарынан

бөлініп шығып, Моравияның буржуазиялық депутаттарымен бірге бір жерге, былайша айтқанда, Моравия «колосына» біріккені кездейсоқ нәрсе емес. Бундтағы сепаратистердің, «сембі» мен «жаргонды» көкке көтеріп ұлтшылдыққа шырматылғаны да кездейсоқ нәрсе емес. Думада әлі бундтық депутаттар жоқ, бірақ Бундтың ауданында клерикалық-реакциялық еврей қауымы бар, ол қауымның «басшы мекемелерінде» Бунд әзірше, еврей жұмысшылары мен буржуаларының «бірлестігін» жасап отыр*. Мәдени-ұлттық автономияның логикасы міне осындай.

Сөйтіп, **ұлттық** автономия мәселені шешпейді.

Ал шешудің жолы қайсы?

Бірден-бір дұрыс шешу — облыстық автономия, Польша, Литва, Украина, Кавказ, т. с. сияқты қалыптасқан тұтас орындардың автономиясы.

Облыстық автономияның артықшылығы, бәрінен бұрын, мынау: онда территориясыз фикциямен емес, белгілібір территорияда тұратын белгілібір халықпен істес болуға тура келеді. Сонсын, ол адамдарды ұлттарына қарай айырмайды, ұлттық межелерді нығайтпайды, — қайта, ол бұл межелерді қиратады және басқаша айырылуға, таптарына қарай айырылуға жол ашу үшін халықты біріктіреді. Ақырында, ол облыстың жаратылыс байлықтарын барынша жақсылап пайдаланып отыруға және, жалпы орталықтың қарарларын күтпей-ақ, өндіргіш күштерді дамытуға мүмкіндік береді, — бұл мәдени-ұлттық автономияға тән емес міндет.

* Қараңыз: «Бундтың VIII конференциясы туралы есеп», қауым туралы қарарның ақыры.

Сөйтіп, **облыстық автономия** — ұлт мәселесін шешудегі **қажетті пункт.**

Облыстардың ешбірінің ұлт жағынан жаппай бір текті еместігінде күмән жоқ, өйткені олардың әр қайсысына аз ұлттар кіріп кеткен. Польшадағы еврейлер, Литвадағы латыштар, Кавказдағы орыстар, Украинадағы поляктар, т. т. міне осындай. Сондықтан — аз ұлттарды көп ұлттар езеді, деп қауіптенуге болады. Бірақ қауіптенудің тек ел ескі тәртіптерде қала берген күнде ғана негізі бар. Елге толық демократизмді берсеңіз — қауіптену де бүкіл негізінен айрылады.

Жұрт бытыранды аз ұлттарды тұтас ұлттық одаққа матауды ұсынады. Бірақ аз ұлттар жасанды одақты керексініп отырған жоқ, өзінің жергілікті орындарында реалдық праволардың болуын керексініп отыр. Толық демократизация **болмаса** мұндай одақ оларға не бере алады? Немесе: толық демократизация **болса** ұлттық одақтың қандай қажеттігі бар?

Аз ұлттарды өте-мөте кіжіндіріп отырған не?

Аз ұлттар ұлттық одақтың жоқтығына наразы болып отырған жоқ, ана тіл правосының жоқтығына наразы болып отыр. Оларға ана тілін пайдалануға мүмкіндік берсеңіз, — наразылық өзінен өзі құрыйды. .

Аз ұлттар жасанды одақтың жоқтығына наразы болып отырған жоқ, ана тіліндегі мектебінің жоқтығына наразы болып отыр. Оларға осындай мектепті берсеңіз, — наразылық бүкіл негізінен айрылады.

Аз ұлттар ұлттық одақтың жоқтығына наразы болып отырған жоқ, ұждан бостандығының (дін ұстау бостандығынын), жүріс-тұрыс бостандығының және басқа бостандықтардың жоқтығына наразы болып

отыр. Оларға осы бостандықтарды берсеңіз, — олар наразы болуын қояды.

Сөйтіп, **ұлт тең праволылығының барлық түрлері (тіл, мектеп және басқалар)** — ұлт мәселесін шешудегі **қажетті пункт.** Демек, толық демократизация негізінде жасалған және ұлт артықшылығының барлық түрлеріне, аз ұлттардың праволарын қыспаққа салудың не тежеудің қандайына болса да тыйым салатын жалпы мемлекеттік заң керек.

Аз ұлттардың праволарына қағаз жүзінде емес, шынында гарантия жасайтын осы, тек осы ғана бола алады.

Ұйымдастыру жүзіндегі федерализм мен мәдени-ұлттық автономияның арасында логикалық байланыстың бар-жоғы жөнінде дауласуға да, дауласпауға да болады. Бірақ мәдени-ұлттық автономияның толық ажырасушылыққа, сепаратизмге айналатын шексіз федерализмге қолайлы жағдай жасайтындығы жөнінде дауласуға болмайды. Егер Австриядағы чехтар мен Россиядағы бундшылдар істі автономиядан бастап, сонсын федерацияға көшіп, сепаратизммен аяқтаса, — бұл жөнде, күмән жоқ, мәдени-ұлттық автономияның табиғи түрде таратып отырған ұлтшылдық ылаңы үлкен роль атқарады. Ұлттық автономия мен ұйымдастыру федерациясының бірге келе жатқандығы кездейсоқ нәрсе емес. Бұл әрі түсінікті. Анаусы да, мынаусы да ұлт-ұлтқа айыруды талап етеді. Анаусы да, мынаусы да ұлт-ұлт болып ұйымдасуды көздейді. Ұқсастығында күмән жоқ. Тек айырмасы: анада жалпы халықтың арасын айырады, ал мынада социал-демократияшыл жұмысшылардың арасын айырады.

Біз жұмысшыларды ұлттарына қарай айырудың не-

ге әкеліп соқтыратынын білеміз. Жұмысшылардың тұтас бір партиясының құлауы, одақтардың ұлт-ұлтқа бөлшектенуі, ұлттық жанжалдардың шиеленісуі, ұлттық штрейкбрехерлік, социал-демократия қатарына толық іріткі салу, — ұйымдастыру федерализмінің нәтижелері осындай. Австриядағы социал-демократияның тарихы мен Россиядағы Бундтың ісі мұны келістіріп дәлелдейді.

Бұған қарсы бірден-бір құрал — интернационалдық негізінде ұйымдасу.

Жергілікті орындарда Россиядағы барлық ұлттардың жұмысшыларын **бірыңғай, тұтас** коллективтерге біріктіру, бұл коллективтерді **бір** партияға біріктіру — міндет осы.

Партияның мұндай құрылысының біртұтас партия ішіндегі **облыстардың** кең көлемдегі автономиясын жоққа шығармайтыны, қайта керек қылатыны өзінен өзі түсінікті.

Кавказдың тәжрибесі ұйымның осындай тұрпатының өте қолайлылығын көрсетеді. Егер кавказдықтар армян жұмысшылары мен татар жұмысшыларының арасындағы ұлттық жанжалдарды бәсеңдете алса, егер олар қырғындар мен атыс-шабыстардың болу мүмкіншілігінен халықты қауіпсіз ете алса, егер Бакуде, ұлттық топтардың осы калейдоскопында, қазірдің өзінде ұлттық қақтығыстар мүмкін болмай отырса, егер онда жұмысшыларды зор қозғалыстың арнасына тарта алса, — бұл жөнде кавказдық социал-демократияның интернационалдық құрылысы аз роль атқарған жоқ.

Ұйымның тұрпаты практикалық жұмысқа ғана әсер етіп қоймайды. Ол жұмысшының бүкіл рухани тұрмысына да өшпес із қалдырады. Жұмысшы өз ұйымының

бірге өмір сүреді, ол онда рухани жағынан өседі және тәрбие алады. Сөйтіп жұмысшы өзінің ұйымында болып, онда өзге ұлттардан шыққан жолдастарымен әрдайым кездесіп, ортақ коллективтің басшылығы арқасында солармен бірге ортақ күресті жүргізе отырып, ол: жұмысшылар **бәрінен бұрын** — таптық бір семьяның мүшелері, социализмнің тұтас бір армиясының мүшелері, деген пікірге терең ұйыйды. Ал мұның жұмысшы табының қалың бұқарасы үшін зор тәрбиелік маңызы болмай қоймайды.

Сондықтан ұйымның интернационалдық тұрпаты — жолдастық сезімнің мектебі, интернационализмнің пайдасын көздейтін аса зор үгіт.

Ұлт-ұлтқа бөлінген ұйым ондай емес. Ұлттық жағына қарай ұйымдасса, жұмысшылар ұлттық шеңберге тығылады, ұйымдастыру межелері арқылы бір-бірінен арасын айырады. Мұндайда жұмысшылардың арасындағы **ортақ** нәрсе емес, оларды бір-бірінен айыратын нәрсе айқын көрінеді. Мұнда жұмысшы **бәрінен бұрын** — өз ұлтының мүшесі: еврей, поляк, т. т. ұйымдағы **ұлттық** федерализмнің жұмысшылар арасында ұлттық даралық рухын күшейтетіні таңырқарлық нәрсе емес.

Сондықтан ұйымның ұлттық тұрпаты — ұлттық шағындық пен сіреспеліктің мектебі.

Сонымен, біздің алдымызда ұйымның **принциптік** жағынан әртүрлі екі тұрпаты тұр; ол: интернационалдық бірлік тұрпаты мен жұмысшыларды ұлттарына қарай ұйымдастыру жағынан «араларын айыру» тұрпаты.

Бұл екі тұрпатты ымыраластыру әрекетінен бұл уақытқа дейін нәтиже шыққан жоқ. Австриялық социал-демократияның 1897 жылы Вимбергте жасалған

ымыралы уставының күлі көкке ұшты. Австриялық партия, одақтарды соңына ертіп, бөлшек-бөлшек болды. «Ымыраластыру» утопиялы ғана емес, зиянды да болып шықты. «Сепаратизм өзінің бірінші салтанатын Вимберг партейтагінде алды»* деген Штрассердікі жөн. Россияда да нақ осылай. Бунд федерализмімен Стокгольм съезінде жасалған «ымыра» толық күйреумен бітті. Бунд Стокгольмдегі келісімді бұзды. Стокгольмнен соң алғашқы күндерден бастап-ақ Бунд жергілікті орындардағы жұмысшыларды барлық ұлттардың жұмысшыларын қамтыйтын **тұтас бір** ұйымға біріктіруге кедергі болып тұрып алды. Сөйтіп, 1907 жылы да, 1908 жылы да россиялық социал-демократияның — барлық ұлттардың жұмысшыларының арасында төменнен жасалған бірлік енді жүзеге асатын болсын[144] деп бірнеше рет талап еткеніне қарамастан, Бунд өзінің сепаратистік тактикасын қарыса жүргізе берді. Бунд ұйымдастыру жөніндегі ұлттық автономиядан бастап, іс жүзінде толық қол үзушілікпен, сепаратизммен аяқтау үшін, федерацияға көшті. Ал россиялық социал-демократиядан қол үзіп, Бунд оның ішіне лағушылық пен берекесіздікті енгізді. Ягеллоның ісін[145] еске түсірсек те болады.

Сондықтан «ымыраластыру» жолы, утопиялы және зиянды жол ретінде, тасталуға тиіс.

Екінің бірі: **не** Бундтың федерализмі тұрады, онда — россиялық социал-демократия жұмысшыларды ұлттарына қарай «араларын айыру» негізінде қайта құрылады; **не** ұйымның интернационалдық тұрпаты тұрады, онда — Бунд, кавказдық, латвиялық, польшалық со-

* Қараңыз: оның: „Der Arbeiter und die Nation“ деген еңбегі, 1912 ж.

циал-демократияның үлгісі бойынша, территориялық автономия негізінде қайта құрылып, еврей жұмысшыларын Россиядағы басқа ұлттардың жұмысшыларымен тікелей біріктіру ісіне жол ашады.

Екінің ортасы жоқ: принциптер «ымыраға» келмейді, жеңіп шығады.

Сөйтіп, **жұмысшыларды интернационалдық біріктіру принципі** — ұлт мәселесін шешудегі **қажетті пункт.**

Вена, 1913 ж., январь.

Бірінші рет „Просвещение"[114] журналының 3—5-номерлерінде басылған, март — май, 1913 ж.

Қол қойған: К. Сталин

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯДАҒЫ ЖАҒДАЙ

«Правданың» 44-нөмерінде жеті социал-демократ депутаттың «арызы» басылып шықты; бұл арызда олар алты жұмысшы депутатқа[147] дұшпандықпен қарсы шығып отыр.

«Правданың» сол номерінде алты жұмысшы депутат, олардың арызын жік туғызудың бірінші қадамы деп бағалап, оларға жауап қайырды.

Сөйтіп, жұмысшылар: социал-демократиялық фракцияда бірлік бола ма, болмай ма? деген мәселеге кездесіп отыр.

Осы уақытқа дейін социал-демократиялық фракция бір фракция болып келді және өзінің бірлігі арқасында күшті фракция болып келді, пролетариаттың дұшпандарын өзімен санасуға мәжбүр етуге жеткілікті күші бар фракция болып келді.

Енді бұл фракция екі жікке бөлініп кетуі мүмкін, бұл дұшпандардың көңілдерін көтеріп, оларды қуантпақ...

Не болып қалды? Социал-демократиялық фракцияның мүшелері неліктен соншалық қатты жікке бөлініп отыр? Жұмысшы табының дұшпандарының көз алдын-

да, газет бетінде өздерінің жолдастарына шабуыл жасауға жеті депутатты түрткілеп отырған не нәрсе?

Өздерінің «арызында» олар екі мәселе көтеріп отыр: «Луч» пен «Правдаға» қатысу туралы мәселемен осы газеттерді қосу туралы мәселені көтеріп отыр.

Жеті депутаттың ойынша: социал-демократ депутаттар екі газетке бірдей қатысуға міндетті, алты депутаттың «Лучқа» қатысудан бастартулары социал-демократиялық фракцияның бірлігін бұзғандық болып табылады.

Бірақ бұл осылай ма? Жеті депутаттікі жөн бе?

Біріншіден, ұстаған бағытына өзің қосылмақ түгіл, ол бағытты өзің зиянды бағыт деп отырып, ол газетке қалай қатысуға болады, бұл таңқаларлық нәрсе емес пе? Мәселен, ортодокс Бебельді ревизионистік газетке немесе ревизионист Фольмарды ортодоксиялық газетке қатысуға қалайша зорлауға болады? Мұндай талап жөнінде Германияда қарқылдап күлген болар еді, өйткені онда жұрт іс бірлігінің көзқарастағы айырмашылықты бекерге шығармайтынын біледі. Ал бізде... бізде, құдайға шүкір, әлі мәдениет жоқ.

Екіншіден, бізде Россиядағы тәжрибені тікелей көрсетіп отырған мысал бар; бұған қарағанда, депутаттардың әртүрлі екі газетке қатысулары фракцияның бірлігін эсте бұзбайды. Біз мұнда үшінші фракция[148] туралы айтып отырмыз. Үшінші Думадағы социал-демократиялық фракцияның 13 мүшесінің 9-ы текқана «Звездаға», 2-і текқана «Живое Делоға»[149] қатысқандығы, ал қалған екеуінің бірінші газетке де, екінші газетке де мүлде қатыспай қойғандығы ешкімге де жасырын нәрсе емес... Ал сөйтсе де мұндай жағдай үшінші

фракцияның бірлігін ешбір бұзған жоқ! Фракция әрдайым бірлікпен жұмыс істеп келді.

Жеті депутаттың, міндетті түрде «Луч» газетіне қатысуды талап етіп, теріс жолға түсіп отырғандығы анық. Олар әлі мәселелеге түсініп жетпеген сияқты.

Сонсын. Жеті депутат «Правда» мен «Лучты» ешбір фракцияға жатпайтын бір газет етіп қосуды талап етеді.

Бірақ оларды қайтіп қосуға болады? Оларды бір газет етіп қосуға бола ма?

Жеті депутат, «Лучтың» бұл «идеялық жақтаушылары», мұндай қосылудан ең алдымен бастартып отырған «Луч» екендігін қалайша білмей отыр? «Лучтың» 108-номерінде: **«екі органды қосу, т. с. сияқты қалай болса солай қарапайым шаралармен бірлікке жетуге болмайды»** деп жазылған; олар мұны оқыды ма екен?

Ал егерде оқыған болса, онда олар қосу туралы қалайша шындап сөз қыла алады?

Екіншіден, жойымпаздардың басшыларының жалпы бірлік жөніндегі, әсіресе ортақ бір орган жөніндегі көзқарастары жеті депутатқа белгілі ме екен?

«Лучқа» дем беруші П. Аксельродтың сөзін тыңдаңыздар. Петербург жұмысшыларының бір бөлімі, «Звезда» мен «Живое Делоға» қарсы, ешбір фракцияға жатпайтын бір газет шығармақ болған кезде, «Невский Голостың» 6-номерінде ол мынаны жазған болатын:

«Ешбір фракцияға жатпайтын социал-демократиялық орган туралы пікір қазіргі уақытта утопия болып табылады, утопия болғанда да объективтік түрде пролетариаттың социал-демократия туы астында партиялық-саяси даму мүддесіне және оның ұйымдастыру жағынан бірігу мүддесіне қайшы келетін утопия болып табылады. Табиғатты есіктен қуып шықсаң, ол терезеден қайта кіреді... Ұсынылып отырған жұмысшы органы қарама-қарсы екі

лагерьдің ортасында битарап позицияда бола ала ма?.. Бола алмайтыны анық» (қараңыз: «Невский Голос» № 6).

Сөйтіп, Аксельродтың айтуы бойынша, ортақ бір газеттің болуы мүмкін еместігі былай тұрсын, сонымен қатар ол зиянды да, өйткені «пролетариаттың саяси даму мүддесіне қайшы келеді».

«Лучқа» дем берушінің тағы біреуінің, жұртқа мәлім Данның сөзін тыңдап көрелік.

«Ірі саяси міндеттер, — деп жазады ол, — жойымпаздыққа қарсылармен аяусыз күресті сөзсіз керек етеді... Жойымпаздыққа қарсылық — мәңгі бөгет, мәңгі берекесіздік»... «барлық күшті салып оны ұрығын жайдырмай құртуға тырысу керек» (қараңыз: «Наша Заря» № 6, 1911 ж.).

Сөйтіп, «жойымпаздыққа қарсылармен аяусыз күресу керек», яғни «Правдамен» аяусыз күресу керек; «жойымпаздыққа қарсыларды құрту керек», яғни «Правданы» құрту керек, — міне Данның ұсынысы осы.

Осының бәрін көре отырып жеті депутат екі газетті қосу туралы қалайша шындап сөз қыла алады?

Олар кімді қоспақ, кімді біріктірмек?

Екінің бірі:

Не олар мәселеге түсінбеген және өздері жақтап отырған «Лучтың» позициясын әлі ажыратып үлгіре алмаған, — онда олар «не істеп отырғанын өздері де білмейді».

Не олар — нағыз лучистер, Данмен бірге «жойымпаздыққа қарсыларды құртуға» дайын тұрған адамдар, Аксельродпен бірге ортақ бір газеттің болуына сенбейтін, бірақ, фракцияны жікке бөлуге астыртын жүріп негіз жасау үшін, бірлік туралы айқайлап жар салып жүрген адамдар...

Қалай болған күнде де бір нәрсе күмәнсіз: жұмысшылардың алдында тұрған мәселе — жікке бөлініп кету қаупінде тұрған социал-демократиялық фракцияның бірлігі туралы мәселе.

Фракция қауіпте тұр!

Фракцияны кім қорғап қала алады, фракцияның бірлігін кім қамтамасыз ете алады?

Жұмысшылар, тек қана жұмысшылар! Жұмысшылардан басқа ешкімнің қолынан келмейді!

Сондықтан саналы жұмысшылардың міндеті, қай жақтан бас көтерсе де, фракция ішіндегі жікшілдік әрекетіне қарсы батыл күрес жүргізу болып табылады.

Саналы жұмысшылардың міндеті — социал-демократиялық фракцияның екінші жартысына қарсы шығып отырған жеті социал-демократ депутатты тәртіпке шақыру болып табылады.

Фракцияның бірлігін қорғап қалу үшін, жұмысшылар кәзірден бастап-ақ іске кірісуге тиіс.

Енді үндемей отыруға мүмкін емес. Ол ол ма, енді үндемей отыру — қылмыс.

„Правда" газеті, № 47,
26 февраль, 1913 ж.
Қол қойған: К. Сталин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ЛЕНА ҚЫРҒЫНЫНЫҢ БІР ЖЫЛДЫҒЫ[150]

Жолдастар!

Біздің 500 жолдасымыздың Ленада атылғанына бір жыл толды. Бейбіт экономикалық стачка жасағаны үшін, 1912 жылы 4 апрельде Лена кендерінде, орыс патшасының бұйрығы бойынша, ат төбеліндей миллионерлердің пайдасына бола, біздің 500 бауырымыз атылған болатын.

Патшаның атынан осы қырғынды жасаған ротмистр Трещенко, үкіметтен үлкен наградтар алды және алтын өнеркәсіпшілерінен мол сыйлық алды; ол кәзіргі кезде, охранка бөлімінің басшысы болуды күтіп, аристократтардың кабактарында масайрап қыдырып жүр. Оқиғаның қызу кезінде, өлгендердің семьялары қамтамасыз етіледі деп уәде берілген еді, онысы шылғый өтірік болып шықты. Ленадағы жұмысшылар мемлекет тарапынан қамсыздандырылады деп уәде берілген еді, онысы алдау болып шықты. Іс «тексеріледі» деп уәде берілген еді, ал шындығында тіпті олардың өздерінің жіберген адамы сенатор Манухин тексеріп келген істі де жасырып қойып отыр.

Жендет министр Макаров думаның трибунасынан: «осылай болып келді, осылай бола бермек» деп жар салды. Оның айтқаны рас та еді: патша және оның әкімдері бір топ жыртқыш помещиктер мен миллио-

нерлердің еріктерін жүзеге асырып отыратын өтірікшілер, ант бұзушылар, қанішерлер, сұрқиялар болып келді, осылай бола бермек.

1905 жылы 9 январьда Петербургтегі Қысқы сарайдың аланында ескі, революциядан бұрынғы самодержавиеге деген сенім оққа ұшты.

1912 жылы 4 апрельде қиырдағы Ленада кәзіргі, революциядан соңғы «жаңғырған» самодержавиеге деген сенім оққа ұшты.

Кімде-кім енді бізде конституциялық құрылыс бар деп сенген болса, кімде-кім бұрынғы айуаншылықтың бұдан былай болуы мүмкін емес деп ойлаған болса, мұның бұлай емес екендігіне оның көзі жетті, патшаның қарақшылары бұрынғыша ұлы орыс халқына қожайындық жүргізіп отырғанына, Николай Романовтың монархиясы бұрынғыша өзінің тағы үшін жүздеген және мыңдаған орыс жұмысшылары мен орыс шаруаларының өлігін керек қылып отырғанына, бұрынғыша бүкіл Россияда патша малайларының — қарусыз орыс азаматтарына таяқ ойнатып жүрген Трещенколардың қамшылары сартылдап, оқтары ызылдап тұрғанына оның көзі жетті.

Ленадағы атыс біздің тарихымыздың жаңа дәуірін ашты. Төзім таусылды. Халық наразылығының сағасы ашылды. Халық ашуының дариясы тасыды. Патша малайы Макаровтың «осылай болып келді, осылай бола бермек» деген сөздері отқа май құйды. Патшаның басқа бір төбеті Треповтың бесінші жылғы «оқты аямаңдар!» деген бұйрығы қандай әсер еткен болса, бұл сөздер де сондай әсер етті. Жұмысшылар теңізше толқып, өршеленді. Сөйтіп, жарты миллионға жақын адамның ынтымақты стачка жасап қыр көрсетуі арқылы,

орыс жұмысшылары Лена атысына жауап берді. Сөйтіп, олар біздің ескі қызыл туымызды жоғары көтерді; ол туда жұмысшы табы орыс революциясының мынадай үш негізгі талабын қайтадан жазды:

Жұмысшыларға керегі — 8 сағаттық жұмыс күні.

Шаруаларға керегі — помещик жерлері мен патша жерлерінің бәрін конфискациялау.

Бүкіл халыққа керегі — демократиялық республика!

Біз күрестің бір жылын бастан кешірдік. Өткен күнге көз жіберсек, біз сүйсініп: істің басы басталды, бір жыл босқа өткен жоқ, деп айта аламыз.

Лена стачкасы бірінші май стачкасымен ұштасты. 1912 жылғы даңқты маёвка біздің жұмысшы қозғалысының тарихына алтын әріппен жазылды. Осы уақыттан бастап күрес бір минут те бәсеңдеген емес. Саяси стачка кең өріс алып, ұлғайып келеді. Севастопольдегі 16 матростың атылуына 150 мың жұмысшы революциялық стачка арқылы жауап қайырып, революцияшыл пролетариат пен революцияшыл армияның одағын жариялап отыр. Жұмысшылардан Думаға өкіл сайлау ісін бұрмалаушылыққа қарсы Петербург пролетариаты ереуіл жасап қыр көрсетуде. IV Дума ашылған күні[151], социал-демократиялық фракция қауыпсыздандыру талаптарын енгізген күні, Питер жұмысшылары біркүндік стачкалар мен демонстрациялар жасады. Ақырында, 1913 жылы 9 январьда 200 мыңға жақын орыс жұмысшылары ереуіл жасап, қаза тапқан ерлерді еске түсірді және бүкіл демократиялық Россияны жаңа күреске шақырды.

1912 жылдың басты қортындысы міне осы.

Жолдастар! Лена қырғынының бір жылдығы жақындап келеді. Қайткенде де біз бұл күнге өзіміздің

үнімізді қосуға тиістіміз және міндеттіміз. Біз қаза тапқан жолдастарымыздың есімін құрметтейтіндігімізді жұртқа көрсетуге тиіспіз. Біз, 9 январьдағы қанды жексенбіні қандай ұмытпаған болсақ, 4 апрельдегі қанды күнді де сондай ұмытпағандығымызды көрсетуіміз керек.

Митингілер, демонстрациялар жасау, қор жиnау, т.т. арқылы Лена оқиғасының бір жылдығын барлық жерде еске алып өткізу қажет.

Сөйтіп бұл күні бүкіл Россия жұмысшылары мынадай ортақ ұранға үн қоссын:

Романовтардың монархиясы жойылсын!

Жаңа революция жасасын!

Демократиялық республика жасасын!

Қаза тапқан жауынгерлердің даңқы арта берсін!

РСДЖП Орталық Комитеті

Қайта бастырып, таратыңдар!
1-май мейрамына дайындалыңдар!

1913 ж. январь—февральда жазылған

Үндеудің гектографта шыққан тексті бойынша басылып отыр

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] Қ. Каутскийдің кітапшасы грузин тіліне аударылып, 1907 жылы мартта Тифлисте басылған. 1907 жылы 18 мартта большевиктік «Дро» газетінің 7-номерінде Қ. Каутскийдің кітапшасы грузин тілінде Кобаның (И. В. Сталиннің) алғысөзімен шыққандығы жөнінде хабар жарияланған. — *1*.

[2] Кадеттер (к.-д.) — конституциялық-демократиялық партия — либералшыл-монархияшыл буржуазияның басты партиясы; 1905 жылы октябрьде құрылған (қараңыз: И. В. Сталин шығармалары, 1 том, қазақша 450-бет, 52-ескерту). — *5*.

[3] **«Бірінші жыйнақ»** — меньшевиктік жыйнақ; 1905 жылы Петербургте шықты. — *7*.

[4] **«Наше Дело»** («Біздің Іс») — апта сайын шығып тұрған меньшевиктік журнал; 1906 жылы 24 сентябрьден 25 ноябрьге дейін Москвада шығып тұрды. — *7*.

[5] **«Товарищ»** («Жолдас») — күнделік газет; 1906 жылғы марттан 1907 жылғы декабрьге дейін Петербургте шығып тұрды; формальдық жағынан ешбір партияның органы болып саналмады, ал іс жүзінде солшыл кадеттердің органы болды. Бұл газетке меньшевиктер де қатысты. — *8*.

[6] **«Отклики»** («Пікірлер») — 1906 — 1907 жылдары Петербургте шыққан меньшевиктік жыйнақтар. Үш жыйнағы шықты. — *9*.

[7] «Божий Мир» («Тәңір Дүниесі») — ай сайын шығып тұрған либералдық бағыттағы журнал; 1892 жылдан бастап Петербургте шықты. XIX ғасырдың 90-жылдарында бұл журналда «жария марксистердің» мақалалары басылып тұрды. 1905 жылғы революция кезінде журналға меньшевиктер де қатысты. 1906 жылдан 1918 жылға дейін «Современный Мир» («Кәзіргі Дүние») деген атпен шығып келді. — *9.*

[8] «Голос Труда» («Еңбек Үні») — меньшевиктік газет; 1906 жылы 21 июньнен 7 июльге дейін Петербургте шығып тұрды. — *11.*

[9] Трудовиктер яки «еңбек тобы» — ұсақбуржуазияшыл демократтардың тобы; 1906 жылы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруалар депутаттарынан құрылды (қараңыз: И. В. Сталин Шығармалары, 1 том, қазақша 455-бет, *77*-ескерту).

Халықшыл социалистер (энестер) — ұсақбуржуазиялық ұйым; 1906 жылы эсерлердің оң қанатынан бөлініп құралды. Энестер конституциялық монархияның шеңберінен шықпайтын саяси талаптар қойып отырды. Ленин оларды «социал-кадеттер» және «эсерлік меньшевиктер» деп атады. — *13.*

[10] Сөз болып отырған — II Мемлекеттік дума сайлауындағы сайлау тактикасы туралы мәселе жөнінде 1907 жылы 6 январьда болған петербургтік социал-демократиялық конференция. Конференцияға 40 большевик, 31 меньшевик катысты. Көпшілігі меньшевиктерден құралған РСДЖП Орталық Комитеті делегаттарға қалалық және губерниялық конференция болып бөлінуді ұсынды. Меньшевиктер осылай етсек көпшілік дауыс аламыз деп есептеді. Партия уставына қайшы келетіндіктен меньшевиктердің бұл талаптарын орындаудан конференция бастартты. Бұған наразылық көрсетіп меньшевик делегаттар мәжілістен шығып кетті. Қалған делегаттар конференцияның жұмысын жүргізе беруге қаулы алды. В. И. Лениннің баяндамасын тыңдап, конференция кадеттермен сайлау келісімдерін жасауға қарсы шықты; мұндай келісімді принцип жағынан ғана теріс деп қоймай, саяси жағынан да

сөзсіз зиянды деп таныды. Конференция «Петербург үшін аса маңызды болып саналатын революцияшыл демократиямен келісім жасау туралы мәселе дереу кезектегі мәселе етіп қойылсын» деген қарарға келді. Конференцияға қатысқан Орталық Комитеттің өкілдері — меньшевиктер петербургтік социал-демократиялық ұйымдар үшін конференцияның қаулысы міндетті емес деді, ал конференцияны тастап шыққан меньшевиктер баспасөз бетінде кадеттермен одақ жасауды ұсынды. — *17.*

11 **«Речь»** («Сөз») — күнделік газет, кадет партиясының орталық органы; 1906 жылғы февральдан 1917 жылғы 26 октябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. — *18.*

12 **«Чвени Цховреба»** («Біздің Тұрмыс») — большевиктік күнделік газет; 1907 жылдың 18 февралынан бастап Тифлисте жария шығып тұрды. Газетке басшылық еткен — И. В. Сталин. 13 номері шықты. Бұл газет 1907 жылы 6 мартта «қыйғаш бағытта болғаны үшін» жабылды. — *21.*

13 **«На очереди»** («Күн тәртібінде») — меньшевиктік апталық газет; 1906 жылғы декабрьден 1907 жылғы мартқа дейін Петербургте шығып тұрды. Төрт номері шықты. — *22.*

14 **«Дро»** («Заман») — большевиктік күнделік газет; «Чвени Цховреба» газеті жабылғаннан кейін, 1907 жылы 11 марттан 15 апрельге дейін Тифлисте шығып тұрды. Газетке басшылық еткен — И. В. Сталин. Газеттің редакциясында тағы М. Цхакая, М. Давиташвили болды. 31 номері шықты. — *23.*

15 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, VII том, 1930, 55—56-беттер.

«Жаңа Рейн Газеті» 1848 жылғы 11 июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін Кёльнде шығып тұрды. Газетке басшылық еткен — К. Маркс пен Ф. Энгельс. — *25.*

Гурко — ішкі істер министрінің серігі; Лидваль — ірі саудагер және авантюрист, Гурко бұған 1906 жылы аштыққа

ұшыраған губернияларға астық жеткізу подрядын берген. Патшаның жоғарғы орындағы адамының Лидвальдың саудагерлік, кәззаптық ісіне қатысуы «лидвалиада» деп аталған атышулы сот процесіне әкеліп соқты. Орнынан алынғанынан басқа, Гуркоға бұл істің ешқандай залалы тиген жоқ. — *26.*

[17] Октябристер, яғни «17 октябрь Одағы» — ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясы мен ірі помещиктердің контрреволюциялық партиясы; 1905 жылы ноябрьде құрылған. Октябристер столыпиндік тәртіпті, патша өкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толығынан қуаттады. — *26.*

[18] «Парус» («Желкем») — күнделік газет, кадеттердің органы; 1907 жылы Москвада шығып тұрды. — *26.*

[19] «Сегодня» («Бүгін») — кешкілік шығатын буржуазиялық бульварлық газет; 1906 — 1908 жылдары Петербургте шығып тұрды. — *27.*

[20] «Слово» («Сөз») — күнделік газет; 1904 жылы декабрьден бастап Петербургте шыға бастады. 1905 жылғы октябрьден 1906 жылғы июльге дейін октябристер партиясының органы болды. — *27.*

[21] Г. П. Телия 1880 жылы туды, 1907 жылы 19 мартта Сухумда қайтыс болды. Кутаис уезі, Чагани селосында 25 мартта Г. Телия жерленді. — *30.*

[22] Мұнда айтылып отырған — 1901 жылы 22 апрельде И. В. Сталиннің қолма-қол басшылығымен болған Тифлис жұмысшыларының бірінші май демонстрациясы. Демонстрация Тифлистің орталығында Солдат базарында өтті; бұған 2000-дай адам қатысты. Демонстрация кезінде полициямен және әскер бөлімдерімен қақтығысулар болды. 14 жұмысшы жараланып, 50 ден астам жұмысшы тұтқынға алынды. Тифлис демонстрациясы жөнінде лениншіл «Искра» былай деп жазды: «22 апрельде жексембі күні (ескі стиль бойынша) Тифлисте болған оқиға — бүкіл Кавказ үшін тарихи атақты күн; осы күннен

бастап Кавказда ашық революциялық қозғалыс басталады» («Искра» № 6, июль 1901 ж.). — *31.*

23 РСДЖП-ның Тифлистік комитетінің қаулысы бойынша 1903 жылы 23 февральда Тифлис жұмысшыларының демонстрациясы болды. Демонстрацияға 6000-дай адам қатысты. Демонстрация әскер бөлімдерімен қақтығысумен аяқталды. 150 адам тұтқынға алынды. — *31.*

24 «Пролетариатис Брдзола» («Пролетариат Күресі») — грузиннің құпия газеті, РСДЖП-ның Кавказ одағының органы (қараңыз: И. В. Сталин Шығармалары, 1 том, қазақша 443-бет, 21-ескерту). — *33.*

25 «Ахали Цховреба» («Жаңа Өмір») — 1906 жылы 20 июньнен 14 июльге дейін Тифлисте шығып тұрған большевиктік күнделік газет. 20 номері шықты. Газетке басшылық еткен — И. В. Сталин, газеттің тұрақты қызметкерлері болған — М. Давиташвили, Г. Телия, Г. Кикодзе және басқалар. — *34.*

26 РСДЖП-ның бесінші съезі 1907 жылы 30 апрельден 19 майға дейін Лондонда өтті. Барлық негізгі мәселелер жөнінде съезд большевиктік қарарлар алды. И. В. Сталин съезге Тифлис ұйымдарының делегаты ретінде қатысты. Съезд жұмысының қорытындысын И. В. Сталин «РСДЖП-ның Лондондағы съезі (делегаттың жазып алғандары)» деген мақаласында баяндаған (осы томның 53 — 88-беттерін қараңыз). — *36.*

27 Бунд — «Польшадағы, Литвадағы және Россиядағы Бүкіл еврей жұмысшыларының одағы»; 1897 жылы октябрьде ұйымдасқан (қараңыз: И. В. Сталин Шығармалары, 1 том, қазақша 439-бет, 7-ескерту). — *36.*

28 «Спилка» — меньшевиктерге жақын тұрған украиндық социал-демократиялық одақ. «Спилка» — ұсақбуржуазиялық ұлтшыл революцияшыл-украиндық партиядан» (РУП) бөлініп шығып, 1904 жылдың аяғында пайда болды. Бұл одақтың өмір сүруі Столыпин реакциясының жылдарында бітті. — *36.*

29 «Лахвари» («Найза») — грузин тіліндегі меньшевиктік күнделік газет; 1907 жылы апрельден июньге дейін Тифлисте шығып тұрды. — *40.*

30 «Схиви» («Сәуле») — грузин меньшевиктерінің күнделік газеті; 1905 жылғы декабрьден 1906 жылғы январьға дейін Тифлисте шығып тұрды. — *44.*

31 II Мемлекеттік думаны патша үкіметі 1907 жылы 3 июньде таратты. Думаның 65 депутаттан құралған социал-демократиялық фракциясы әскери каскүнемдік жасады деп провокациялықпен айыпталған. Социал-демократ депутаттардың көпшілігі каторгалық жұмысқа және түпкілікті қоныска жер аударылды. — *47.*

32 «РСДЖП-ның Лондондағы съезі (Делегаттың жазып алғандары)» деген мақала бітпей қалған. Бұған кедергі жасаған — 1907 жылдың екінші жартысында полиция аңдуының күшейгендігі, сонсың И. В. Сталиннің тұтқынға алынғандығы болды. — *53.*

33 Вергежский, А. — кадеттік «Речь» газетінің қызметкері А. В. Тыркованың әдебиеттегі жасырын аты. — *53.*

34 Кускова, Е. Д. — «экономистердің» программасы «Credo» — ның авторларының бірі; 1906 — 1907 жылдары жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік газеттер мен журналдарда қызмет істеді. — *53.*

35 Алексинский, Г. А. — II Мемлекеттік думаның депутаты; социал-демократиялық фракцияның большевиктік бөліміне кірген. РСДЖП-ның Лондондағы съезінен кейін III Мемлекеттік думаны бойкоттау тактикасын қорғады. Соңынан большевиктер партиясынан кетті. Октябрь социалистік революциясынан кейін ақэмигрант. — *58.*

36 Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс (II Интертернационалдың VII конгресі) туралы мәселе алғашында

РСДЖП-ның Лондондағы съезінде күн тәртібіне қойылған болатын, бірақ соңынан бұл мәселені съезд талқылаудан алып тастады. Конгресс 1907 жылы 5 — 11 (18—24) августа өтті. Большевиктерден конгреске В. И. Ленин, А. В. Луначарский, М. М. Литвинов және басқалар қатысты. — *62.*

37 Рядовой — А. А. Малиновскийдің жасырын аты; оның көбірек мәлім аты — Богданов (оның «Максимов» деген де жасырын аты болды). 1903 жылы большевиктерге қосылды. РСДЖП-ның Лондондағы съезінен кейін большевиктік партиядан кетті (осы томның 80-ескертуін қараңыз). 1928-жылы қайтыс болды. — *62, 193.*

38 Петербург ұйымдарының жікке бөлінуі туралы И. В. Сталиннің «Петербургтегі сайлау күресі және меньшевиктер» деген мақаласын қараңыз (осы том, 15 — 21-беттер). — *63.*

39 «Мемлекеттік думадан» деген жер мәселесі жөніндегі үндеудің жобасын жасаған кадеттер болатын, осы жобаны олар 1906 жылы 5 июльде шаруалардың жер иемденуі туралы деген 1906 жылы 20 июньдегі үкімет хабарына жауап ретінде жарыялаған. Кадеттер шаруаларды Думаның жер туралы заң шығару жөніндегі жұмысының бітуін күтіңдер деп сендірмек болды. РСДЖП-ның меньшевиктер бастаған Орталық Комитеті Думаның социал-демократиялық фракциясына кадеттер жобасына дауыс беруді ұсынды. Фракция ол жобаға қарсы дауыс берді. — *63.*

40 Народовшылар (ұлтшыл-демократтар) — поляк буржуазиясының контрреволюциялық ұлтшыл партиясы; 1897 жылы құрылды. 1905 — 1907 жылдардағы революция кезінде народовшылар Польшаның контрреволюцияшыл басты партиясы, поляк қаражүздіктерінің партиясы болды. — *67.*

41 Мұнда айтылып отырған — II Мемлекеттік дума депутаттары меньшевик А. Л. Джапаридзе мен И. Г. Церетелидің РСДЖП-ның V («Лондон») съезінде сөйлеген сөздері (қараңыз: РСДЖП-ның V съезінің протоколдары, 1935, 250 және 354 — 355 беттер). — *67.*

42 Гедистер — Ж. Гедті жақтаушылар — француз социалистерінің қатарындағы солшыл, марксистік ағым. 1901 жылы гедистер «Францияның социалистік партиясын» құрды. Гедистер француз жұмысшы қозғалысындағы оппортунистермен күресті, буржуазиямен келісу және социалистердің буржуазиялық үкіметке кіруі жөніндегі саясатқа қарсы шықты. Дүниежүзілік империалистік соғыс басталысымен Гед қорғампаздық позициясына көшті де, буржуазиялық үкіметке кірді. Гедистердің революцияшыл марксизмнің жолын адал ұстағандары кейін Францияның коммунист партиясына енді. — *73.*

43 Мұнда Юрий Переяславскийдің (Г. Хрусталёвтің) мақаласы туралы айтылып отыр.

«Бакинский День» («Баку Күні») — либералдық күнделікті газет; 1907 жылғы июньнен 1908 жылғы январьға дейін шығып тұрды. — *78.*

44 Ю. Ларин, Л. А. Рин (М. А. Лурье) — жойымпаз меньшевик. 1907 жылы «байтақ жұмысшы съезін» шақыру идеясын насихаттады. 1917 жылы Ю. Ларин большевиктер партиясына кірді.

Эль (И. И. Лузин) — жойымпаз меньшевик. — *79.*

45 Мұнда айтылып отырған — «Бүкілроссиялық жұмысшы съезі және «большевиктер»» деген кітапша; ол грузин тілінде 1907 жылы Тифлисте шыққан. «Бродяга» — меньшевик Георгий Эрадзе; «Шура» — оның әйелі меньшевик Пышкина. — *79.*

46 Жұмысшы съезі туралы Череванинің мақаласы «Саяси жағдай және тактикалық проблемалар» деген жыйнақта басылған. Москва, 1906 жыл. — *83.*

47 Линдов — Г. Д. Лейтейзеннің жасырын аты. — *84.*

48 1907 жылы күзде Баку комитеті Сталин жолдастың басшылығымен III Мемлекеттік думаның сайлау науқанын өткізді. Баку жұмысшылары өкілдерінің 22 сентябрьдегі жыйналысында III Мемлекеттік думаның сайлаушылары болып боль-

шевиктер сайланды. И. В. Сталин жазған «Аманат» осы жыйналыста кабылданды және РСДЖП-ның Балахан аудандық комитетінің баспаханасында жеке үндеухат болып басылды. — *89.*

49 Бұл мақала мұнай өнеркәсіпшілерінің Баку жұмысшыларының өкілдерімен бірге шақырылмақ болған кеңесіне байланысты жазылған. Сол кезде большевиктердің кеңеске бойкот жасау жөніндегі тактикасын жұмысшылардың қалың бұқарасы жақтап шықты. 1907 жылы 10 октябрьден 1 ноябрьге дейін Бакудегі кәсіпшіліктер мен заводтарда жұмысшылардың кеңес туралы мәселені талқылаған жыйналыстары болды. Осы жыйлыстарға қатнасқан жұмысшылардың үштен екісі кеңеске қатысуға қарсы болды. Қайткен күнде де кеңес болсын деген меньшевиктер жеңіліп қалды. — *92.*

50 Кәсіпкерлер — мұнай шығатын жерлерді бұрғылаушы және мұнай шығарушы жұмысшылар. Мастеровойлар — механикалық мастерскойлардың, электр станцияларының және мұнай кәсіпшілеріне қарасты басқа да көмекші кәсіпорындардың жұмысшылары. — *94.*

51 «Бешкеш» (сөзбе-сөз мағнасы: сыйлық) — саяси күрестен жұмысшылардың назарын аудару және жұмысшы қозғалысын ыдырату мақсатымен Бакудің мұнай өнеркәсіпшілерінің арасында көп қолданылған сыйлық ретіндегі ұсақ ауызбастырық системасы. Сыйлықтардың мөлшері түрліше болатын және кәсіп иелерінің өз ұйғаруларынша белгіленетін. Большевиктер ереуіл кездерінде сыйлық талап етушілікке батыл түрде қарсы шығып, жұмысшылардың жалақысын көбейту үшін күресті. — *95.*

52 Кочегар — И. Шитиковтың (Самарцевтің), «Гудок» газетінің ресми редакторының-шығарушысының жасырын аты. — *96.*

53 «Нефтяное Дело» («Мұнай Ісі») — мұнай өнеркәсіпшілерінің органы; 1899—1920 жылдары Баку мұнай өнеркәсіпшілерінің съезд советі шығарып тұрды.

Съезд советі — мұнай өнеркәсібі буржуазиясының съездерінде ірі фирмалардың өкілдерінен сайланып отыратын, мұнай өнеркәсіпшілерінің ұйымы. Съезд советінің міндеті — жұмысшы табына қарсы ұйымдасқан түрде күрес жүргізу, үкімет алдында мұнай өнеркәсіпшілерінің мүдделерін қорғау, мұнай өнеркәсіпшілерінің мол пайда табуын қамтамасыз ету, т. т. болды. — *99.*

54 Дашнакцакандар, дашнактар — армянның буржуазияшыл-ұлтшыл «Дашнакцутюн» партиясының мүшелері. Армян буржуазиясының мүдделерін қорғай отырып, дашнактар Закавказье еңбекшілері арасында ұлт араздығын қоздырып отырды. — *100.*

55 И. В. Сталин бастаған Баку большевиктері 1907 жылы ноябрьде «Кеңес кепілді болсын, немесе ешқандай кеңес болмасын» деген ұран тастады. Жұмысшылардың кеңеске қатыспақ болып келіскен шарттары төмендегілер еді: кәсіпшілер одағының кеңес науқанына белсене қатысуы, қойылған талаптарды жұмысшылардың кең түрде талқылауы, келешек Өкілдер Советінің еркін шақырылуы және кеңестің ашылу мезгілін жұмысшылардың өздері белгілеуі. Өкілдер Советінің сайлауы жөнінде Баку кәсіпшіліктері мен заводтарында қызу науқан басталды; бұл Өкілдер Советі жұмысшылардың кеңеске қатысу шарттарын біржолата қабылдап, кеңес шақыру жөніндегі ұйымдастыру комиссиясына өкілдер сайлауға тиіс еді. Жұмысшылардың өкілдер сайлау жиналыстары ашық өтті. Жұмысшылардың көпшілігі большевиктердің жолын жақтап шықты. Кеңеске бойкот жасау жолын ұстаған дашнактар мен эсерлер, кеңеске ешқандай кепіл шарт қойылмасын деген меньшевиктер бұқара тарапынан тірек таба алмады. — *100.*

56 «Гудок» — большевиктік жария газет, Бакудің мұнай өнеркәсіп жұмысшылары одағының апталық органы. «Гудоктың» 1-номері 1907 жылы 12 августа шықты. «Гудок» газетінде И. В. Сталиннің осы томға енген бірнеше жетекші мақалалары басылды. «Гудок» газетіне С. Шаумян, А. Джапаридзе, С. Спандарян және басқалар белсене қатнасты. Газеттің боль-

шевиктік редакция шығарған соңғы 34-номері 1908 жылы 1 июньде шықты. 35-номерінен бастап «Гудок» меньшевиктердің қолына өтті. Большевиктер Бакуде кәсіпшілердің «Бакинский Рабочий» деген жаңа жария газетін шығара бастады; мұның бірінші номері 1908 жылы 6 сентябрьде шықты. — *112*.

57 Бакудегі Мирзоев мұнай кәсіпшіліктерінде ереуілге 1 500 жұмысшы қатысты. Ереуіл 1908 жылы 14 февральда басталып, 73 күнге созылды. — *113*.

58 Жұмысшылардан өкілдер сайлау жұмысы 1908 жылы февральдың басында аяқталды. Бірақ Өкілдер Советін шақыру Кавказ наместнигі Воронцов-Дашковтың бұйрығы бойынша соңға қалдырыла берді. Өкілдер Советінің бірінші мәжілісі 1908 жылы 30 мартта болды, келесі мәжілістері — 6, 10, 26 және 29 апрельде өтті. Өкілдер Советінің жұмысы жөнінде Г. К. Орджоникидзе кейін былай деп жазды: «Бүкіл Россияда қаратүнек реакция үстем болып тұрған кезде, Бакуде нағыз жұмысшылар парламенті мәжіліс құрып жатты. Бұл парламентте Баку жұмысшыларының барлық талаптары ашық жасалып, біздің шешендер өзіміздің бүкіл минимум программаны өрістетіп отырды». Өкілдер Советінде большевиктердің ұсынысына — кеңес кепілді болсын деген ұсынысқа — 199 өкіл дауыс берді, бойкот жасалсын деген ұсынысқа 124 өкіл дауыс берді. Бойкотты жақтаушылар — эсерлер мен дашнақтар — Совет мәжілісінен шығып кетті. Аманаттың ультиматумдық сыйпаты болуы туралы ұсыныс 54 дауысқа қарсы 113 көпшілік дауыспен қабылданды. — *122*.

59 «Промысловый Вестник» («Кәсіпшілік Хабаршысы») — меньшевиктік жария газет, механикалық жұмысшылар одағының органы; 1907 жылғы ноябрьден декабрьге дейін және 1908 жылғы марттан июльге дейін аптасына екі-үш рет Бакуде шығып тұрды. — *124*.

60 К — за (Кара-Мурза, П.) — кадеттер партиясының мүшесі, Баку мұнай өнеркәсіпшілерінің органы «Нефтяное Делоның» редакторы. — *129*.

61 «Кочи» — қарақшы, жалданып кісі өлтіруші. — *132.*

62 Ханлар Сафаралиев — жұмысшы-большевик, азербайджан жұмысшыларының талантты ұйымдастырушысы. Нафталан кәсіпшілігінде ереуіл сәтті өткізілгеннен кейін, 1907 жылы сентябрьдің 19-нан 20-на қараған түні мұнай өнеркәсіпшілерінің жалданған кісі өлтіргіші Ханларды өлімші етіп жаралады. Бірнеше күннен соң Ханлар қаза болды. РСДЖП-ның Биби-Эйбат аудандық комитетінің үндеуі бойынша жұмысшылардың екі күндік жалпы ереуілі болды; ереуілшілер Нафталан серіктігіне — Ханларды өлтіруші бұрғышы мастер Джафар мен басқарушы Абузарбек кәсіпшіліктен қуылсын деген талап қойды. Ханларды жерлеу күшті наразылық демонстрациясына айналды, оған 20 мың жұмысшы қатысты. Ханлардың қабыры басында И. В. Сталин сөз сөйледі. —*139.*

63 «Баспасөз» деген шолуды И. В. Сталин 1908 жылы баку түрмесінде отырғанда жазған; бұл түрмеде ол 1908 жылы 25 марттан 9 ноябрьге дейін, Сольвычегодскіге айдалғанға дейін болды. —*146.*

64 «Наперцкали» («Ұшқын») — грузин меньшевиктерінің күнделік газеті; 1908 жылы май айынан июльге дейін Тифлисте шығып тұрды. —*146.*

65 «Азри» («Ой») — грузин тіліндегі меньшевиктік газет; 1908 жылы 29 январьдан 2 мартқа дейін Тифлисте шығып тұрды. — *147.*

66 Ағайынды Шендриковтар (Лев, Илья, Глеб) 1904 жылы Бакуде «Балахан мен Биби-Эйбат жұмысшыларының ұйымы» деген (соңынан «Баку жұмысшыларының одағы» деп аталған) зубатовшыл ұйым құрды. Шендриковшылар большевиктерге қарсы жала жабу науқанын жүргізді. Шендриковшылар цех көлеміндегі экономикалық ұрандарды ұсынып, стачкалық күреске іріткі салды, қарулы көтеріліске дайындықты бұзуға тырысты, «келісім камерасын», артельдерді, т. с. ұйымдастыруға үгіттеді. Шендриковшылар мұнай өнеркәсіпшілері-

нен, патша өкіметінен ақшалай жәрдем алып тұрды. Шендриковшылардың зубатовшыл ұйымын меньшевиктер партия ұйымы деп ресми түрде таныды. Шендриковшылардың патша охранкасының жалдамашылары екенін Баку большевиктері әшкерелеп, талқандады.

«Правое Дело» журналын шендриковшылар шығарып тұрды. Журналдың 1-номері 1907 жылы ноябрьде, 2—3-номерлері 1908 жылы майда шықты. Төменде аталатын Грошев пен Калинин — меньшевиктер, шендриковшыларды жақтаушылар. — *149.*

67 Гусаков, А. — Бакудің ірі мұнай өнеркәсіпшілерінің бірі, мұнай өнеркәсіпшілерінің съезд советінің басшысы. — *150.*

68 Мұнай өнеркәсіпшілерімен кеңес өткізу мәселесі жөніндегі ұйымдастыру комиссиясының мәжілісі 1908 жылы 13 майда болды; оған 14 мұнай өнеркәсіпшісі, 15 жұмысшы қатысты. Нақ сол күні газеттерде кәсіпшілер одақтарының өкілдері комиссияға жіберілмейді деп жазылды. Жұмысшы делегаттар мәжіліске келді де, кәсіпшілер одақтарының өкілдері катыспайынша жұмысқа кірісуден бастартты. Жұмысшылардың мәжіліске қатысудан осы бастартуын сылтау етіп, комиссия председателі Джунковский (Кавказдағы патша наместнигі жанындағы советтің мүшесі) ұйымдастыру комиссиясының мәжілісін жапты. — *153.*

69 «Жер мен ерік», «Сен өз правоңды күресте аласың» деген — социалист-революционерлер партиясының ұраны. — *155.*

70 Жаппай ереуіл 1903 жылы — Бакуде 1 июльде, Тифлисте 14 июльде, Батумда — 17 июльде басталды. Ереуіл бүкіл Закавказьені қамтып, Россияның оңтүстігіне тарады (Одесса, Киев, Екатеринослав және басқалары). — *157.*

71 Бакудегі жаппай стачка 1904 жылы 13 декабрьде Балахандағы Ротшильд, Нобель, Мирзоев мұнай кәсіпшіліктері мен Биби-Эйбат кәсіпшілік ауданындағы ереуілдерден басталды.

Декабрьдің 14-нен 18-не дейін стачка Баку кәсіпорындарының көпшілігін қамтыды. Стачка И. В. Сталиннің басшылығымен өтті. Стачканың алғашқы күндерінде Баку комитеті таратқан үндеухаттарда саяси ұрандар ұсынылды, сонымен қатар 8 сағаттық жұмыс күні, жалақыны көбейту, штрафтарды жою, т. т. сияқты экономикалық талаптар айтылды. Стачка кезінде жұмысшылардың көптеген митингілері мен жиналыстары өтті. Стачка жұмысшылардың жеңуімен және Россиядағы жұмысшы қозғалысының тарихында алғаш рет жұмысшылардың мұнай өнеркәсіпшілерімен коллективтік шарт жасауымен аяқталды. «Бұл стачка революциялық ұлы дауылдың қарсаңында нөсер жауынның алдындағы нажағай тәрізді еді» («БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 54-бет). Бакудегі декабрь стачкасының маңызы жөнінде толығырақ түсінікті (осы томның 194 — 199 беттерінен қараңыз). — *157*.

72 «Баку» — 1902 — 1918 жылдарда аз уақытқа мезгіл-мезгіл үзіліп шығып тұрған буржуазиялық газет. Бұл газет көбінесе армянның мұнай өнеркәсіп және сауда буржуазиясының мүдделерін көздейтін. — *163*.

73 Мұнда айтылып отырған — грузиннің меньшевиктік «Хомли» газетінің 1908 жылғы 17 июльдегі 4-номерінде басылған «Бакудегі жұмысшы комиссиясы» деген мақала. — *164*.

74 Л. А. Ринның (Ю. Ларинның) «Мұнай өнеркәсіпшілерімен жүргізілетін кеңес туралы» деген кітапшасын 1907 жылы механикалық жұмысшлар одағы бастырып шығарған. — *164*.

75 «Пролетарий» — партияның IV («Бірігу») съезінен кейін большевиктер құрған құпия газет; 1906 жылғы 21 августан (3 сентябрьден) 1909 жылғы 28 ноябрьге (11 декабрьге) дейін шығып тұрды. «Пролетарийдің» 50 номері шықты; алғашқы 20 номері Финляндияда, қалғандары — Женева мен Парижде шықты. «Пролетарий» іс жүзінде большевиктердің орталық органы болды және оны редакциялаған В. И. Ленин болды. Столыпин реакциясының жылдарында большевиктік ұйымдарды сақтап қалуда және оны нығайтуда «Пролетарий» ерекше зор роль атқарды. — *163*.

70 «Голос Социал-Демократа» — жойымпаз меньшевиктердің шетелдік органы; 1908 жылғы февральдан 1911 жылғы декабрьге дейін шығып тұрды. «Голос Социал-Демократаның» редакция құрамына кіргендер — Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод, Ю. О. Мартов, Ф. И. Дан, А. С. Мартынов болды. «Голос» көрнеу жойымпаздық бағытқа бет алғандықтан Плеханов 1908 жылы декабрьден бастап оған қызмет етуді тоқтатты, соңынан ол редакциядан ресми түрде шықты. «Голос Социал-Демократаның» шығарылуы тоқтатылсын деген РСДЖП Орталық Комитеті Пленумының 1910 жылғы январьдағы қаулысына қарамастан, меньшевиктер жойымпаздық идеяны ашықтан-ашық насихаттап, газетті шығара берді.—*168*.

71 «Социал-Демократ» — РСДЖП-ның Орталық Органы; 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығып тұрды. Газеттің бірінші номері Россияда шықты, одан соң газетті шығару шет елге көшірілді — алғашқы кезде Парижге, соңынан Женеваға көшірілді. РСДЖП Орталық Комитетінің қаулысы бойынша Орталық Органның редакциясы большевиктердің, меньшевиктердің, поляк социал-демократтарының өкілдерінен құрылды. «Социал-Демократта» В. И. Лениннің жетекші мақалалары басылып тұрды. «Социал-Демократ» редакциясының ішінде В. И. Ленин дәйекті түрде большевиктік жолды ұстау үшін күресті. Редакцияның бір бөлегі (Каменев пен Зиновьев) жойымпаздарға ымырашылдық етіп, лениндік жолды жүзеге асыртпауға әрекет жасады. Меньшевик Мартов пен Дан Орталық Орган редакциясының жұмысына кесапаттық жасап, «Голос Социал-Демократа» газетінің бетінде ашықтан-ашық жойымпаздықты жақтады. Лениннің жойымпаздарға қарсы ымырасыз күресі 1911 жылы июньде Мартов пен Данның «Социал-Демократ» редакциясының құрамынан кетуіне әкеліп соқтырды. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократ» газетін В. И. Ленин редакциялады. Бұл газетте И. В. Сталиннің осы томға енген бірнеше мақалалары басылды. «Социал-Демократта» жергілікті партия ұйымдарының, оның ішінде Закавказье партия ұйымдарының жұмысы жөніндегі материалдар үнемі басылып тұрды. — *168*.

78 1907 жылы 21—23 июльде РСДЖП-нын үшінші («Екінші жалпыроссиялық») конференциясы, 1907 жылы 5—12 ноябрьде РСДЖП-ның төртінші («Үшінші жалпыроссиялық») конференциясы болды. —*177.*

79 «Партиядан» деген тақырып «Бакинский Пролетарий» газетінің бір бөлімінің аты. —*189.*

80 «Пролетарийдің» кең редакциясы — 1907 жылы РСДЖП-нын V («Лондон») съезіндегі большевиктік топтың мәжілісінде сайланған іс жүзіндегі большевиктік орталық еді. «Пролетарийдің» кең редакциясының мәжілісі 1909 жылы 8 — 17 (21 — 30) июньде, В. И. Лениннің басшылығымен Парижде өтті. Мәжіліс шақырымпаздық пен ультиматизмді «өңін айналдырған жойымпаздық» деп айыптады. Шақырымпаздар ұйымдастырған Каприйдегі «партия» мектебін бұл мәжіліс «большевиктерден бөлінген фракцияның орталығы» деп таныды. А. Богданов (В. Шанцердің қуаттауымен) «Пролетарийдің» кең редакциясының қаулыларына бағынудан бастартты, сондықтан Богданов большевиктік ұйымнан шығарылды.—*190.*

81 Баку комитетінің қарарлары «Пролетарий» газетінің 1909 жылғы 3 (16) октябрьдегі 49-номерінде редакцияның мынадай қосымшасымен басылды: «Шақырымпаздар, ультиматистер және құдайжасампаздар туралы бакулік жолдастардың айтқандарынан бөтен біз ештеңе айтқанымыз жоқ. Бакулік жолдастардың өздері де «Максимов жолдастың редакцияның қарарларына бағынбау керек деген қылықтарына наразылық білдіріп отыр». Ал егер Максимов жолдас большевиктер органының қаулыларына бағынып, большевиктік фракцияға қарсы бүтіндей бір іріткі жасау науқанын бастамаған болса, онда ешқандай «бөліну» де болмаған болар еді. «Бағынбаушылықтың» өзі, әрине, «бөлініп шығу» деген сөз. «Жікшілдік» саясатын жүргізіп отыр деп бізге тағылған кіна туралы пікірімізді редакцияға Баку комитетінің қарарынан бұрын түскен, соған өте ұқсас келетін Петербург большевиктерінің қарары жөніндегі «Петербург большевиктерімен әңгіме» деген осы номердегі мақалада толық айттық». Редакция атап отыр-

ған «Петербург большевиктерімен әңгіме» деген мақаланы жазған — В. И. Ленин (қараңыз: Шығармалар, XIV том, 169—178-беттер). —*193.*

82 «Һамшара»—сөзбе-сөз мағнасы: ауылдастар, жерлестер; еңбек істеп пайда табу үшін Бакуге келген қаражұмысшы ирандарды осылай деп атайтұғын. —*195.*

83 «Кавказдан жазылған хаттар» 1909 жылы ноябрь — декабрьде жазылған, «Пролетарийде» яки «Социал-Демократта» жарыялауға арналған. Бұл кезде «Пролетарий» газеті шықпай қалған себепті «Хаттар» РСДЖП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ» редакциясына жіберілген. Жойымпаздарды қатты сынаған «Кавказдан жазылған хаттарды» «Социал—Демократ» редакциясындағы меньшевиктік топ Орталық Органның бетінде жарыялаудан бастартты. Бұл хат «Дискуссионный Листокте» («Социал-Демократтың» қосымшасында) жарыяланды. —*200.*

84 1890 жылғы 12 июньдегі земстволық мекемелер туралы қағыйданы патша үкіметі 1864 жылғы қағыйданың орнына енгізген. Мүліктік цензының орнына сословиелік цензы белгілеген бұл жаңа қағыйда уездік земстволық жыйналыстардың көбінде дворяндардың басым көпшілік орын алуын қамтамасыз етті және земствоның орталық өкіметке тәуелділігін күшейтті.—*204.*

85 «Бакинский Пролетарий» («Баку Пролетары») — большевиктік құпия газет; 1907 жылғы 20 июньнен 1909 жылғы 27 августқа дейін Бакуде шығып тұрды. Жеті номері шықты. «Бакинский Пролетарийдің» бірінші номері — РСДЖП-ның Баку ұйымдарының Балахан ауданының органы болып, екінші номері — РСДЖП-ның Баку ұйымдарының Балахан мен Черногород аудандарының органы болып шықты; үшінші номерінен бастап газет РСДЖП-ның Баку комитетінің органы болды. «Бакинский Пролетарий» И. В. Сталиннің редакциялауымен шығып тұрды. Бұл газетте оның осы томға енген бірнеше жетекші мақалалары басылды. «Бакинский Пролетарий» га-

зетіне С. Шаумян, А. Джапаридзе, С. Спандарян және басқалар да қатнасты. Бесінші номерінде «Бакинский Пролетарийдің» шығуы үзілді. И. В. Сталин Сольвычегодскі айдауынан қашып шығып, Бакуге қайтқаннан кейін, 1909 жылы 1 августа «Бакинский Пролетарий» қайта шыға бастады. Газеттің соңғы 7-ші номері 1909 жылы 27 августа шықты. «Бакинский Пролетарийдің» редакциясы «Пролетарий» және «Социал-Демократ» газеттерімен тығыз байланыс жасады. —*208.*

66 «Труд» («Еңбек») — Баку қаласы мен мұнай өнеркәсіп аудандарындағы жұмысшылардың бірлескен тұтыну кооперативі; 1908 жылдың басында ұйымдасқан. «Труд» кооперативінің мүшелері 1 200-ге жуық адам болды. Кооператив Балахан, Биби-Эйбат, Завокзал және Черногород аудандарынан өзінің бөлімшелерін ашты. 1909 жылы кооператив «Трудовой Голос» деген өзінің апталық журналын шығарды. Кооператив жұмысына большевиктер белсене қатысты. —*213.*

67 «Знание — сила» («Білім — күш») және «Наука» («Ғылым») клубтарының мақсаты мұнай өнеркәсібіндегі жұмысшылардың өз бетімен білім алуына көмектесу еді. Бұл клубтар жалпы және техникалық білім беретін курстер ашып, үйірмелер, лекциялар ұйымдастырды. Клубтың қаражаты мүшелік жарнадан және лекциялар мен қойған ойындардан түскен табыстардан құралды. Мұнай өнеркәсіп аудандарын қамтыған «Знание — сила» клубына большевиктер басшылық етті, ал «Наука» клубына меньшевиктер басшылық етті. —*213.*

68 Маскүнемдікпен күресу съезі 1909 жылы 28 декабрьде Петербургте ашылып, бірнеше күнге созылды. Съезге 510 делегат қатнасты. Съездің жұмысшы тобында 43 адам болды, оның ішінде 2 делегат Баку жұмысшыларынан болатын. Жұмысшы делегаттардың бір бөлегін полиция съездің артынша тұтқынға алды. —*214.*

69 «Дасацкиси» («Бастау») — 1908 жылы марттың 4-нен 30-на дейін Тифлисте шыққан грузин тіліндегі меньшевиктік жарыя газет. —*217.*

90 Ан, Н., Костров — грузиннің жойымпаз меньшевиктерінің басшысы Ной Жорданияның жасырын аттары. — *217*.

91 1889 жылы Париждегі Халықаралық социалистік конгресте Г. В. Плехановтың сөйлегендегі айтқан сөздері. — *223*.

92 Мұнда айтылып отырған — шаруаларды қауымнан хуторға бөліп шығару туралы патша министрі Столыпиннің 1906 жылы 9 ноябрьде шығарған жер заңы (указы). — *224*.

93 Хатта РСДЖП Орталық Комитетінің 1910 жылы 2—23 январьда (15 январь — 5 февраль) Парижде болған пленумы туралы айтылған. Пленум «азды-көпті ұйымдасқан фракциялардың бәрін жойып, оларды партияның бірлік ісін бұзбайтын ағымға айналдырудың» қажет екендігі туралы қаулы алды. В. И. Лениннің батыл ұсынысы бойынша пленум жойымпаздық пен шақырымпаздықты айыптады (алайда қарарда «жойымпаздық» пен «шақырымпаздық» тура өз аттарымен аталмады). Пленумда ымырашыл элементтердің басым болуы олардың лениндік жолға қарсы бірнеше қарарлар алуына мүмкіндік берді. Лениннің қарсы болуына қарамастан, партияның орталық мекемелерінің құрамына бірнеше жойымпаз меньшевиктер өтіп кетті. Пленумнан кейін жойымпаздар партияға қарсы күресті күшейтті. — *239*.

94 Мұнда партияның орталық мекемелерін — Орталық Комитетті, Орталық Органның редакциясын, Орталық Комитеттің шетелдік бюросын, Орталық Комитеттің орыстық коллегиясын қайта құру («реформалау») туралы РСДЖП Орталық Комитетінің 1910 жылғы январь пленумының қаулысы жөнінде айтылып отыр (қараңыз: БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен қаулылары», I бөлім, 6-шы басылуы, 1940, 157, 158-беттер). — *239*.

95 Хатта И. В. Сталиннің Сольвычегодскіге жер аударылу мерзімінің қалған алты айы жөнінде, яғни 1911 жылғы, июньнің аяғына дейінгі уақыт жөнінде айтылып отыр. — *240*.

96 «Мысль» («Ой») — большевиктердің ай сайын жарыя шығып тұрған философиялық және қоғамдық-экономикалық журналы; 1910 жылғы декабрьден 1911 жылғы апрельге дейін Москвада шығып тұрды. Бес номері шықты. Журналды құрған — В. И. Ленин. Іс жүзінде журналға басшылық еткен де В. И. Ленин болатын. «Мысльдың» 1—4-номерлерінде В. И. Лениннің мақалалары басылды. Журналдың жұмысына В. В. Воровский, М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов белсене қатысып отырды. Большевиктерден басқа журналға Плеханов және басқа да партияшыл меньшевиктер қызмет етті. —*240*.

97 «Рабочая Газета» («Жұмысшы Газеті») — көпшілікке арналған большевиктік газет; 1910 жылғы 30 октябрьден (12 ноябрьден) 1912 жылғы 30 июльге (12 августқа) дейін Парижде шығып тұрды. Газетті ұйымдастырушы және басшылық етуші В. И. Ленин болды. Партияның Прагадағы конференциясы (1912 жылғы январь) «Рабочая Газетаның» партия мен партиялықты қорғаудағы сіңірген еңбегін атап көрсетті, онымен қатар бұл газетті партияның Орталық Комитетінің ресми органы деп таныды. —*240*.

98 «Звезда» («Жұлдыз») — большевиктік жарыя газет; 1910 жылғы 16 декабрьден 1912 жылғы 22 апрельге дейін Петербургте шығып тұрды (алғашқы кезде апта сайын, артынан аптасына екі-үш рет шыққан). «Звезданың» жұмысына В. И. Ленин бағыт беріп тұрды; ол шет елден өзінің мақалаларын осы газет үшін үзбей жіберіп отырды. «Звездада» белсене қызмет еткендер — В. М. Молотов, М. С. Ольминский, Н. Г. Полетаев, Н. Н. Батурин, К. С. Еремеев және басқалар. Бұл газетке А. М. Горький қатысып отырды. 1912 жылы көктемде Петербургте болған кезінде И. В. Сталин газет жұмысына қолма-қол басшылық етті және осы томға енген өзінің бірнеше мақалаларын басып шығарды. Газеттің кейбір номерлерінің тиражы 50 — 60 мыңға жетті. «Звезда» күнделік большевиктік «Правда» газетінің шығуын әзірледі. 1912 жылы 22 апрельде патша үкіметі «Звезда» газетін жауып тастады. «Звезданың» жалғасы 1912 жылы октябрьге дейін шығып тұрған «Невская Звезда» болды. —*240*.

99 «Партия үшін!» деген үндеухатты 1912 жылы март айының басында И. В. Сталин жазған; бұл үндеухат «РСДЖП-ның сайлау платформасы» деген В. И. Ленин жазған үндеухатпен бірге еліміздің жер-жеріне өте көп тарады. «Социал-Демократ» газетінің 26-номерінде Орталық Комитет Бюросы былай деп жазды: «Орталық Комитет Россияда мынадай үндеухаттар басып шығарды: 1) Партия үшін (6 мың); 2) сайлау платформасы (10 мың). Бұл үндеухаттар 18 пунктке, оның ішінде өте-мөте ірі орталықтарға жеткізілді... Орталық Комитеттің үндеухаттарын барлық жерлерде де қуанышпен қарсы алды, бірақ үндеухаттар аз шығарылған деп өкіністі». 1912 жылы 29 мартта Г. Қ. Орджоникидзе Киевтен былай деп жазды: үндеухаттардың екеуі де «өте жақсы әсер етті, халық шаттануда». Бірнеше уақыттан кейін В. И. Лениннің тапсыруы бойынша Н. Қ. Крупская былай деп жазды: «Сіздің екі хатыңызды (жергілікті істер және белгіленген жоспар жөнінде), онымен қатар «Партия үшін!» және «Платформа» деген екі үндеухатыңызды алдық. Қызу түрде құттықтаймыз». —*242*.

100 Үндеухатта 1912 жылы 5—17 (18—30) январьда Прагада болған Бүкілроссиялық алтыншы партия конференциясы жөнінде айтылған. Конференция большевиктік ұйымдарды біріктіріп, большевиктік дербес партияны құрды. Конференцияның қаулысы бойынша меньшевиктер партиядан қуылып шықты; большевиктердің меньшевиктермен формалды түрде бір партияға бірігуі біржолата жойылды. Прага конференциясы жаңа түрпатты партияның негізін салды (қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 134—139-беттер). —*242*.

101 «Бірінші май жасасын!» деген үндеухатты 1912 жылы апрельдің бас кезінде Москвада И. В. Сталин жазған. Бұл үндеухат жария баспада жасырын түрде Тифлисте басылды. Сонсоң, үндеухаттың тиражы Петербургке әкелінді. —*248*.

102 Мемлекеттік негізгі заңдардың 87-ші статьясы, Мемлекеттік думаның жұмысында үзіліс болған кездерде, заң жобасын тікелей патшаның бекітуіне апарып түсіруге министрлер советіне право берді. Осының негізінде Столыпин Думасыз-ақ

бірнеше маңызды-маңызды заңдарды, атап айтқанда аграрлық мәселе жөніндегі заңдарды өткізіп жіберді. — *258.*

103 «Запросы Жизни» («Тұрмыс Тілектері») — журнал; 1909 — 1912 жылдары Петербургте шығып тұрды. В. И. Ленин 1912 жылы жазда осы журнал туралы А. М. Горькийге былай деп жазды: «айтқандайын, бұл өзі — жойымпаздық-трудовиктік-вехистік ғажап журнал» (қараңыз: Ленин жыйнағы, I, 125-бет). — *260.*

104 Бейбіт жаңартымпаздар («бейбіт жаңартушылар партиясы») — ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясы мен ірі помещиктердің партиясы; 1906 жылы құрылған. Бейбіт жаңартымпаздарды Ленин «бейбіт тонаушылар партиясы» деп атады. — *260.*

105 «Дело Жизни» («Өмір Ісі») — жойымпаз меньшевиктердің жарыя журналы; 1911 жылы 22 январьдан 31 октябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. — *262.*

106 «Наша Заря» («Біздің Таң») — ай сайын шығып тұрған жарыя журнал, жойымпаз меньшевиктердің органы. 1910 жылдан бастап 1914 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. — *262.*

107 Прогрессистер — октябристер мен кадеттер ортасында аралық жағдайда болған орыс буржуазиясының либералшыл-монархияшыл тобы. Прогрессистердің басшылары Москва фабриканттары Рябушинский, Коновалов және басқалар болды. — *269.*

108 IV Мемлекеттік думаның сайлауы 1912 жылдың күзінде өтті. Бірақ осы жылдың көктемінен бастап-ақ В. И. Ленин мен И. В. Сталин бастаған большевиктер сайлау науқанына әзірлік жұмысын бастады. IV Мемлекеттік думада большевиктік партия өз алдына дербес болып, демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні, помещик жерлерін конфискациялау ұрандарымен шықты. 1912 жылы мартта В. И. Ленин «РСДЖП-ның сайлау платформасын» жазды; ол үндеухат түрінде басылып шығып, Россияның бірнеше ірі-ірі қалаларына таратылды. Большевиктердің сайлау науқанындағы жұмысына тікелей басшылық еткен И. В. Сталин болды. 1912

жылы 22 апрельде И. В. Сталиннің тұтқынға алынуы оның Мемлекеттік думаның сайлауына дайындалу жөніндегі жұмысын уақытша тоқтатып тастады. И. В. Сталин Нарым айдауынан қашып шығып, Петербургке 1912 жылы сентябрьде — сайлау науқаны нағыз қызған кезде — қайтып келді. —*271*.

109 «Земщина» — 1909 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрған қаражүздік газет; Мемлекеттік думаның әсіре оңшыл депутаттарының органы. —*276*.

110 «Новое Время» («Жаңа Заман») — 1868 жылдан 1917 жылғы октябрьге дейін Петербургте шығып тұрған газет; реакцияшыл дворяндар мен чиновниктік-бюрократтар топтарының органы. Бұл газет 1905 жылдан бастап қаражүздіктердің органдарының бірі болды. —*277*.

111 «Голос Москвы» («Москва Үні») — күнделік газет, октябристер партиясының органы; 1906 жылғы декабрьден 1915 жылға дейін Москвада шығып тұрды. Газеттің редакторы-шығарушысы — А. И. Гучков. —*277*.

112 «Правда» («Шындық») — жұмысшылардың большевиктік күнделік газеті; 1912 жылғы 22 апрельден 1914 жылғы 8 нюльге дейін Петербургте шықты. «Правда» газеті В. И. Лениннің нұсқауы бойынша, И. В. Сталиннің бастауымен шықты. И. В. Сталин партияның Орталық Комитетінің мүшесі ретінде «Правданың» платформасын жасауға басшылық етті және газеттің бірінші номерін жасау жұмысына қатысты. «Правданың» бірінші номері шығатын күні, 22 апрельде, И. В. Сталин тұтқынға алынды. Ол тек 1912 жылдың күзінде, Нарым айдауынан қашып келгеннен кейін ғана «Правдада» қайтадан қызмет істеді. 1912 жылғы октябрьден 1913 жылғы февральға дейін «Правданың» бетінде И. В. Сталиннің осы томға енген бірнеше жетекші мақалалары басылды. «Правда» редакциясының мүшелері және оған ұдайы қызмет еткендер — В. М. Молотов, М. С. Ольминский, Н. Н. Батурин, Я. М. Свердлов, А. М. Горький, Қ. Н. Самойлов және басқалар. Екі жарым жылдың ішінде патша үкіметі «Правданы» сегіз рет жапты, бірақ жұмысшылардың қолдауымен «Правда»

жаңа аттармен («Рабочая Правда», «Северная Правда», «Правда Труда», «За Правду», т. б.) қайтадан шыға берді. («Правданың» маңызы мен ролі туралы қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 143 — 148-беттер). — *280.*

113 «Петербург жұмысшыларының өз жұмысшы депутатына тапсырған аманаты» 1912 жылы октябрьдің бас кезінде жазылған. Петербургтегі ірі кәсіпорындардағы жұмысшылардың жиналыстарында және 1912 жылы 17 октябрьде болған жұмысшы өкілдердің съезінде «Аманат» бірдауыстан қабылданды. «Аманатты» талқылау жөнінде заводтарда өткен үшқыр жиналыстарға И. В. Сталин басшылық етті. В. И. Ленин «Аманатқа» айрықша зор маңыз берді. «Социал-Демократ» газетіне басып шығару үшін «Аманатты» баспаханаға жібергенде оның бір шетіне Ленин былай деп жазған: «Қайткенде де қайтарылсын!! Былғанбасын. Бұл документті сақтау өте-мөте қажет», «Аманат» 1912 жылы 5 (18) ноябрьде «Социал-Демократтың» 28 — 29-номерлерінде жарияланды. «Правда» редакциясына жазған хатында Ленин былай деген: «Петербург депутатына тапсырылған осы аманатты қайткенде де көрнекті жерге ірі әріптермен басыңыздар» (қараңыз: Шығармалар, XXIX том, 78-бет.). — *283.*

114 «Түсіндіру» деген термин сайлау заңын «үкіметтік құрған» Сенаттың үкіметке жағдайлы түрде түсіндіруіне байланысты пайда болды. Өкімет, заңды «түсіндіре келіп», болып өткен сайлауларды өз бетінше дұрыс емес деп жариялады. — *283.*

115 Петербург губерниясының жұмысшы куриясы бойынша сайлаушыларды сайлау бірінші рет 1912 жылы 5 октябрьдегі губерниялық өкілдер съезінде болды. Петербургтің 21 ірі кәсіпорны сайлауға право ала алмай қалса да, съезде сайланған 6 сайлаушының 4-і большевиктер болып шықты. Бұқараның қысымымен «түсінік алған» кәсіпорындардың жұмысшыларына сайлау праволары қайтарылып берілді. 1912 жылы 14 октябрьде осы кәсіпорындарда жаңадан өкілдер сайланды, ал 17 октябрьде Петербург губерниясының жұмысшы куриясынан сайланған өкілдердің екінші съезі болды. Міне осы съезде сайлаушылар екінші рет сайланды, онда басым көпшілік дауыс-

пен 5 адам — екі большевик, үш меньшевик сайланды. Екінші күні қосымша дауыс беру болды, мұның нәтижесінде алтыншы сайлаушы болып большевик сайланды.

Сайлау маңындағы күрестің барысы И. В. Сталиннің «Социал-Демократта» басылған «Петербургтегі сайлау» деген хабарында толық жазылған (осы томның 306—320-беттерін қараңыз). — *286.*

416 «Луч» («Сәуле») — жойымпаз меньшевиктердің күнделік жария газеті; 1912 жылғы сентябрьден 1913 жылғы июльге дейін Петербургте шығып келді. Жойымпаздар «Луч» газетінің бетінде құпия партияға ашықтан-ашық қарсы шықты. Бұл газет көбінесе буржуазияның қаржысымен шығып тұрды. — *286.*

417 Обухов заводы туралы айтылып отыр. — *289.*

418 1905 жылғы 9 январьдың сегіз жылдығына арналған «Россияның барлық жұмысшылары мен әйелдеріне» деген үндеухатты 1912 жылы декабрьде И. В. Сталин жазған. Мұндай үндеухатты шығарудың қажеттігі жөнінде 1912 жылы 23 ноябрьде (6 декабрьде) Петербургтегі И. В. Сталинге Краковтан жазған хатында В. И. Ленин былай деген: «Қымбатты достым, 9 январь жөнінде ойланып, іске алдын ала әзірлену өте-мөте қажет. Митингіге, бір күндік стачкаға, демонстрацияларға шақыратын үндеухат күні бұрын дайын болуға тиіс (мұның өзі жергілікті жерде шешілуі керек, жергілікті жердің өзінде белгілі ғой)... Үндеухатта революциялық үш ұран болуы керек (республика, 8 сағаттық жұмыс күні және помещиктік жерді конфискациялау); мұнда Романов патшалығының 300 жылдық «масқарасы» ерекше аталып көрсетілсін. Егер Питерде үндеухат дайындауға аса толық сенім болмаған күнде, үндеухатты күні бұрын, дер кезінде осы жерде дайындап, сонда алдыру керек» (қараңыз: Шығармалар, XXIX том, 82-бет). — *300.*

419 1912 жылы август — октябрьде Кутомардағы және Алгачыдағы каторгалық түрмелерде (Нерчин каторгасы—Забайкальеде) саяси тұтқындардың арасында түрме әкімдерінің зорлық-зомбылығына қарсы наразылық ретінде жаппай аштық,

өзін-өзі өлтірушіліктер болды. Осы оқиғаға жауап ретінде Петербургте. Москвада және Варшавада жұмысшылардың наразылық-ереуілдері болды, студенттердің жиыны болды —*300*.

120 1912 жылы октябрьде Севастопольдің әскери-теңіз соты Қара теңіз флотында көтеріліске дайындық жасау жөнінде айыпталған 142 матростың ісі бойынша үкім шығарды. Айыпталушылардан 17 адам өлім жазасына, 106 адам каторгалық жұмысқа кесіліп, 19 адам ақталды, Москвада, Петербургте, Харьковта, Николаевта, Ригада, Россияның басқа да қалаларында сот үкіміне жауап ретінде жаппай ереуілдер, наразылық демонстрациялар болды. —*301*.

121 1911 жылдың аяғында баспасөз бетінде үкіметтің провокациясын әшкерелеген жаңа документтер жарияланды: социал-демократ депутаттарға қарсы жасалған айыптау материалдары түгелінен Петербург охранкасының ісі болып шықты. 1911 жылы ноябрьдің орта шенінде III Думадағы социал-демократиялық фракция Думаға екінші — думашыл социал-демократтардың ісін қайта қарау туралы талап қойды. Дума бұл талапты қабылдамады. Осыған байланысты Петербургте, Ригада, Варшавада, Россияның басқа да қалаларында мыңдаған адам қатысқан митингілер өтті, митингілер сотталған депутаттарды босатуды талап етіп қарар шығарды. —*302*.

122 Сайлау науқаны кезінде Орталық Комитеттің Петербургтегі өкілі И. В. Сталин болды. Петербургтік комитеттің атқару комиссиясы — сол. Петербургтік Комитеттің кіші құрамы; күнделікті жұмыстарды жүргізу үшін бөлінген. —*307*.

123 1912 жылы сентябрьде басып шығарған өздерінің сайлау платформаларынан жойымпаздар РСДЖП-ның минимум программасындағы негізгі саяси ұрандарды шығарып тастады. Олар демократиялық республика ұранының орнына «Мемлекеттік дума мен жергілікті өзіндік басқармаларды сайлау кезінде» жалпыға бірдей сайлау правосы берілуін талап етті; помещиктік жерді конфискациялау ұранының орнына —«III думаның аграрлық заңдарын қайта қарауды» талап етті. —*310*.

124 Мұнда 1912 жылы августа Венада болған жойымпаздардың «августағы» конференциясы туралы айтылып отыр. Бұл — большевиктердің Прагадағы конференциясына қарама-қарсы шақырылған конференция болатын. — *312*.

125 Большевик «Х»—Н. Г. Полетаев; жойымпаз «Y»—Е. Маевский (В. А. Гутовский) болуы ықтимал.

Төменде аталатын питерлік [illegible]ар «Аб... мен Л...»— В. М. Абросимов пен В. Левицкий (В. О. Цедербаум). —*314*.

126 «Невский Голос» («Нева Үні») — жойымпаз меньшевиктердің апталық жария газеті; 1912 жылдың май — август айларында Петербургте шығып тұрды. —*317*.

127 Осы томның 216 — 220-беттеріндегі «Кавказдан жазылған хаттарды» қараңыз. —*323*.

128 «Дневник Социал-Демократанын» 9-номерінде Г. В. Плеханов грузиннің жойымпаз меньшевигі С. Джибладзенің «Голос Социал-Демократада» жазғанын сынаған болатын. —*323*

129 Панисламизм — реакциялық, діншілдік-саяси идеология; XIX ғасырдың екінші жартысында сұлтандық Туркияда, түрік помещиктерінің, буржуазиясының, дін иелерінің арасынан туып, басқа да мұсылман халықтарының дәулетті таптарының арасына тараған. Панисламизм ислам (мұсылман) дініндегі барлық халықтардың бүтін бір жұрт болып бірігуін уағыздады. Панисламизмнің көмегімен мұсылман халықтарының үстем таптары өздерінің ықпалын күшейтіп, Шығыстағы еңбекші халықтардың революциялық қозғалысын тұншықтыруға тырысты. —*324*.

130 «Марксизм және ұлт мәселесі» деген мақала 1912 жылдың аяғында — 1913 жылдың басында Венада жазылған; бұл мақала «Ұлт мәселесі және социал-демократия» деген тақырыппен К. Сталиннің қолы қойылып, ең бірінші рет «Просвещение» журналының 1913 жылғы 3 — 5-номерлерінде басыл-

ған. 1914 жылы И. В. Сталиннің мақаласы «Ұлт мәселесі және марксизм» деген атпен «Прибой» (Петербург) баспасында жеке кітапша болып басылып шықты. Ішкі істер министрінің бұйрығы бойынша кітапша барлық көпшілік кітапханалары мен қоғамдық оқу үйлерінен алынды. 1920 жылы ұлт істерін басқаратын Халық Комиссариаты осы мақаланы И. В. Сталиннің ұлт мәселесі жөніндегі «Мақалалар жыйнағында» қайта басып шығарды (Мемлекеттік баспа, Тула). Бұл мақала 1934 ж. И. Сталин. Марксизм және ұлт-отар мәселесі. Таңдаулы мақалалар мен сөздердің жыйнағы, — деген кітапқа енді. «РСДЖП-ның ұлттық программасы туралы» деген мақаласында ұлт мәселесін сол кезде көрнекті дәрежеге көтерудің себептерін көрсете келіп, Ленин былай деп жазды: «Марксистік теориялық әдебиетте бұл істің жағдайы және социал-демократияның ұлттық программасының негіздері соңғы кезде әбден баяндалды (бұл арада ең алдымен көзге түсетін — Сталиннің мақаласы)». 1913 жылы февральда (жаңа стиль бойынша) Владимир Ильич А. М. Горькийге былай деп жазды: «Бізде бір тамаша грузин барлық австриялық және басқа материалдарды жыйнап алып, «Просвещение» үшін үлкен мақала жазуға кірісті, жазып та жатыр». Бұл мақаланы айтыс мақаласы ету керек деген ұсынысты естігенде Ленин бұған тіпті қарсы болды: «Әрине, біз бұған мүлде қарсымыз. Мақала өте жақсы. Мәселе өте қызу, сондықтан да біз бундшыл сволочтарға принциптік позициямыздан түк бермейміз!» (МЭЛИ архивы). И. В. Сталин тұтқынға алынғаннан кейін іле-шала, 1913 жылы мартта, В. И. Ленин «Социал-Демократтың» редакциясына былай деп жазды: «...Бізде тұтқынға алушылық ауыр түйде. Коба алынды... Коба ұлт мәселесі жөнінде («Просвещениенің» үш номеріне) үлкен мақала жазып үлгірді. Өте жақсы! Бунд пен жойымпаздардан шыққан сепаратистер мен оппортунистерге қарсы шындық үшін күресу керек» (МЭЛИ архивы). — *327.*

181 Сионизм — еврей буржуазиясының, интеллигенттерінің арасында және еврей жұмысшыларының өте-мөте артта қалған топтарының арасында жақтаушылары болған реакцияшыл ұлт-

шыл ағым. Сионистер еврей жұмысшы бұқарасын пролетариаттың жалпы күресінен оқшаулатуға тырысты. — *328.*

[132] Австрия социал-демократиясының Брюнндегі партейтагі (съезі) 1899 жылы 12 — 17 (24 — 29) сентябрьде өтті. Ұлт мәселесі жөнінде партейтаг қабылдаған қарардың текстін И. В. Сталин осы еңбегінің келесі тарауында келтіреді (359 — — 360-беттерді қараңыз). — *353.*

[133] «Құдайға шүкір, бізде парламент жоқ» деген сөз — 1908 жылы 24 апрельде Мемлекеттік думадағы патшаның финанс министрі (соңынан премьер) В. Коковцевтің айтқан сөзі. — *357.*

[134] Қараңыз: Қ. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік Партияның Манифесі», II тарау (Карл Маркс. Таңдамалы Шығармалардың екі томдығы, I том, 1941, 154-бет). — *369.*

[135] Австрия социал-демократиялық партиясының Венадағы (яки Вимбергтегі — мәжіліс болған Венадағы отельдің аты бойынша) партейтагі 1897 жылы 25 — 31 майда (6 — 12 июньде) өтті. — *370.*

[136] Мұнда «Deutsche-Franzosishe Jahrbücher» («Неміс-Француз жылдық кітабында») 1844 жылы басылған К. Маркстің «Zur Judenfrage» («Еврей мәселесіне») деген мақаласы жөнінде айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, I том, 1938). — *372.*

[137] Бундтың VIII конференциясы 1910 жылы сентябрьде Львовта өтті, — *378.*

[138] 1912 жылы 2 (15) октябрьде «За Партию» газетінде басылған «Тағыда бір жікшілдік конференция» деген мақаласында Г. В. Плеханов жойымпаздардың «августағы» конференциясын айыптап шыққан, ал бундшылар мен Кавказ социал-демократтарының позициясын социализмді ұлтшылдыққа бейім деу деп сыйпаттаған. Бундшылардың басшысы Коссовский жойымпаздардың «Наша Заря» деген журналының редакцияcына жазған хатында Плехановты сынаған. — *381.*

139 Бундтың VII съезі 1906 жылы августың аяғында — сентябрьдің басында (жаңа стиль бойынша) Львовта өтті. — *382.*

140 «Искра» («Ұшқын») — жалпыроссиялық тұңғыш марксистік құпия газет; бұл газетті 1900 жылы В. И. Ленин құрды (қараңыз: И. В. Сталин Шығармалары, I том, қазақша 445-бет, 26-ескерту). — *384.*

141 Карл Ванек — ашықтан-ашық шовинистік, сепаратистік позицияда болған чех социал-демократы. — *385.*

142 «Чвени Цховреба» («Біздің Тұрмыс») — грузин меньшевиктерінің күнделікті газеті; 1912 жылы июльдің 1-нен 22-не дейін Кутаиста шығып тұрды. — *387.*

143 Бірінші Балкан соғысы 1912 жылы октябрьде басталды; мұнда бір жағы Болгария, Сербия, Греция, Черногория, екінші жағы Түркия болып соғысқан. — *401.*

144 Қараңыз: 1907 жылы 5 — 12 ноябрьде өткен РСДЖП-ның төртінші («Үшінші жалпыроссиялық») конференциясы және 1908 жылы 21 — 27 декабрьде (1909 жылы 3 — 9 январьда) өткен РСДЖП-ның V («1908 жылғы жалпыорыстық») конференциясының қаулысы (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен қаулылары», I бөлім, 6-шы басылуы, 1940, 118, 131-беттер). — *407.*

145 Ягелло, Е. И. — Польша социалистік партиясының (ППС) мүшесі; Польша социал-демократтарына қарсы Бунд пен ППС-тың буржуазияшыл ұлтшылдармен жасаған одағы атынан IV Мемлекеттік думаға Варшавадан сайланған. Думаның социал-демократиялық фракциясы 6 большевик депутатқа қарсы жойымпаз меньшевиктердің (жеті меньшевиктің) көпшілік дауысымен Ягеллоны социал-демократиялық фракцияға алуға қарар шығарған. — *407.*

146 «Просвещение» («Ағарту Ісі») — ай сайын шығатын большевиктік жария журнал; 1911 жылы декабрьден бастап Петер-

бургте шығып тұрды. Россиядағы редакциялық коллегия мүшелерімен (М. А. Савельев, М. С. Ольминский, А. И. Елизарова) хат арқылы үзбей байланыс жасай отырып, журналдың жұмысына басшылық еткен — В. И. Ленин. Петербургте болған кезінде И. В. Сталин журнал жұмысына өте жақын араласты. Журнал «Правдамен» тығыз байланысты болды. 1914 жылы июньде, бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында, үкімет журналды жауып тастаған. 1917 жылы күзде журналдың бір қос номері шықты. — *408.*

147 1912 жылы декабрьде IV Думаның жұмысшы депутаттары өздерінің фамилияларын «Луч» қызметкерлерінің тізіміне қосуға рыйзалығын білдірді. Мұнымен қатар олар «Правдада» қызмет істей берді. Іс жүзінде жұмысшы депутаттары «Лучта» қызмет істеген жоқ. Орталық Комитеттің тиісті нұсқауынан кейін олар өздерінің фамилияларын «Луч» қызметкерлерінің тізімінен шығарып тастауды талап етті. Осыған байланысты социал-демократиялық фракцияның екі тобы (большевиктік алтау мен меньшевиктік жетеу) арасында қатты күрес қызды. — *409.*

148 Мұнда III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция туралы айтылып отыр. — *410.*

149 «Живое Дело» («Нақты Іс») — 1912 жылғы январьдан бастап апрельге дейін Петербургте апта сайын шығып тұрған жойымпаз меньшевиктердің жария газеті. — *410.*

150 «Лена қырғынының бір жылдығы» деген үндеухатты 1913 жылы январь — февральда Краковта И. В. Сталин жазған. Н. К. Крупская қолдан көшірген осы үндеухат гектографта көбейтіліп, Россияға жіберілген; үндеухат Петербургте, Киевте, Могилевта, Тифлисте және басқа қалаларда таратылды. — *414.*

151 IV Мемлекеттік думаның мәжілісі 1912 жылы 15 ноябрьде ашылды. — *416.*

ӨМІРБАЯН ХРОНИКАСЫ

(1907 — март 1917)

1907

1 январь.	И. В. Сталин басшылық еткен «Мнатоби» («Шам-шырақ») газетінің 1-номері шығады.
	«Ахали Дроеба» («Жаңа Заман») газетінің 8-номерінде И. В. Сталиннің «Анархизм бе әлде социализм бе?» деген еңбегінің жалғасы басылады.
10 февраль.	К. Каутскийдің «Орыс революциясының қозғауыш күштері мен болашағы» деген кітапшасының грузин тілінде басылуына И. В. Сталин алғысөз жазады.
18 февраль.	И. В. Сталин басшылық еткен «Чвени Цховреба» («Біздің Тұрмыс») газетінің 1-номері шығады, онда И. В. Сталиннің «Петербургтегі сайлау күресі және меньшевиктер» деген мақаласы шығады.
21 — 28 февраль.	«Чвени Цховреба» газетінің 3, 5, 8, 9-номерлерінде И. В. Сталиннің «Анархизм бе әлде социализм бе?» деген еңбегінің жалғасы басылады.
11 март.	И. В. Сталин басшылық еткен «Дро» («Заман») газетінің 1-номері шығады.

13 март.	«Дро» газетінің 2-номерінде И. В. Сталиннің «Кадеттердің самодержавиесі ме әлде халықтың самодержавиесі ме?» деген мақаласы басылды.
17 март.	«Дро» газетінің 6-номерінде И. В. Сталиннің «Пролетариат үкіметпен күреседі, буржуазия үкіметпен одақтасады» деген мақаласы (басмақала) басылды.
22 март.	«Дро» газетінің 10-номерінде И. В. Сталиннің «Г. Телия жолдасты еске түсіру» деген мақаласы басылды.
28 және 30 март.	«Дро» газетінде И. В. Сталинді РСДЖП-ның V съезіне делегат етіп сайлау туралы Тифлистің большевик жұмысшыларының қарары басылады.
4 — 6 және 10 апрель.	«Дро» газетінің 21 — 23, 26-номерлерінде И. В. Сталиннің «Анархизм бе әлде социализм бе?» деген еңбегінің жалғасы басылады.
8 апрель.	«Дро» газетінің 25-номерінде И. В. Сталиннің «Алдыңғы қатарлы пролетариат және партияның бесінші съезі» деген мақаласы (басмақала) басылды.
10 апрель.	«Дро» газетінің 26-номерінде И. В. Сталиннің «Шым-шытырық...» деген мақаласы басылды.
13 апрель.	«Дро» газетінің 29-номерінде И. В. Сталиннің «Біздің кавказдық масқарапаздар» деген мақаласы басылды.
30 апрель 19 май.	Тифлис ұйымдарының делегаты ретінде И. В. Сталин РСДЖП-ның V («Лондондағы») съезіне қатысады.

Июньнің бірінші жартысы.	И. В. Сталин РСДЖП-ның V («Лондондағы») съезінен қайтқан соң Бакуге, Тифлиске келеді; ол Бакудегі, Тифлистегі және Батыс Грузияның бірнеше аудандарындағы социал-демократиялық ұйымдардың жыйналыстарында съезд қортындылары жөнінде баяндамалар жасайды. И. В. Сталин меньшевиктерге, эсерлерге және басқаларға қарсы жүргізген большевиктердің күресін басқарады.
20 июнь.	«Бакинский Пролетарий» деген, И. В. Сталин редакциялаған большевиктік құпия газеттің 1-номері шығады. Осы газетте оның «Думаның қуылуы және пролетариаттың міндеттері» (басмақала), «Российялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының Лондондағы съезі (Делегаттың жазып алғандары)» деген мақалалары басылады.
Жаз — күз.	И. В. Сталин Баку аудандарында болған айтыс жыйналыстарда меньшевиктер мен эсерлердің саясатын әшкерелеп сөздер сөйлейді.
	И. В. Сталин мұнай өнеркәсіпшілерімен бірге болатын кеңеске бойкот жасау науқанына басшылық етеді.
10 июль.	«Бакинский Пролетарий» газетінің 2-номерінде «Российялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының Лондондағы съезі (Делегаттың жазып алғандары)» деген мақаланың жалғасы басылды.
Июльдің аяғы.	И. В. Сталин бастаған Баку большевиктері мұнай өнеркәсіп аудандарында партия конференциясын өткізеді, бұл конференция жалпы ереуіл ұйымдастыруды жақтайды.

12 август.	И. В. Сталиннің бастауымен ұйымдастырылған, Бакудің мұнай өнеркәсіп жұмысшылары одағының большевиктік жария органы «Гудок» газетінің 1-номері шығады.
24 август.	Бес ауданның социал-демократиялық ұйымдары мен мұсылман социал-демократиялық тобы «Гумметтің» делегаттық жыйналысында И. В. Сталин жалпықалалық партия конференциясын шақыру жөніндегі ұйымдастыру комиссиясына мүше болып сайланады.
Сентябрь — октябрь.	И. В. Сталин III Мемлекеттік думаның сайлау науқанына басшылық етеді. Жұмысшы куриялары өкілдерінің 22 сентябрьде Бакуде болған жыйналысында III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық депутаттарға арнап И. В. Сталин жазған «Аманат» қабылданады.
29 сентябрь.	Капиталистердің жалдама агенттері өлтірген жұмысшы большевик Ханлар Сафаралиевтің қабыры басында И. В. Сталин сөз сөйлейді. «Гудок» газетінің 4-номерінде И. В. Сталиннің «Кеңеске бойкот жариялау керек» деген мақаласы басылды.
25 октябрь.	Большевиктердің жалпықалалық конференциясы И. В. Сталинді РСДЖП-ның Бакулік комитетіне мүше етіп сайлайды.
Ноябрьдің бірінші жартысы.	Сабунчи ауруханасының үйінде, И. В. Сталиннің қатысуымен РСДЖП-ның Бакулік Комитетінің мәжілісі өтеді.
22 ноябрь.	РСДЖП-ның Бакулік Комитеті И. В. Сталиннің басшылығымен, II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияны соттауға қарсы наразылық білдіріп, бір күндік ереуіл өткізеді.

Ноябрьдің аяғы.	Партия жұмыстарымен И. В. Сталин Тифлиске келеді.
Ноябрь 1907 — март 1908.	И. В. Сталин Баку жұмысшыларының мұнай өнеркәсіпшілерімен болатын кеңеске жұмысшылардың правосын гарантиялау шартымен қатысуы жөніндегі науқанға басшылық етеді

1908

13 январь.	«Гудок» газетінің 14-номерінде И. В. Сталиннің «Сайлау алдында» деген мақаласы (басмақала) басылды.
Январь — февраль.	И. В. Сталиннің басшылығымен Баку большевиктері бірнеше ірі ереуілдер ұйымдастырады.
8 февраль.	«Гудок» газетінің 17-номерінде И. В. Сталиннің «Тағыда кепілді кеңес туралы» деген мақаласы (басмақала) басылды.
Февраль.	Қаражүздіктердің шабуылы жыйылана түсуіне байланысты, И. В. Сталиннің басшылығымен РСДЖП-ның Бакулік комитеті «Қорғану штабын» ұйымдастырады.
2 март.	«Гудок» газетінің 21-номерінде И. В. Сталиннің «Біздің соңғы кездегі ереуілдеріміз нені көрсетеді?» деген мақаласы басылды.
9 март.	«Гудок» газетінің 22-номерінде И. В. Сталиннің «Мұнай өнеркәсіпшілерінің тактикасындағы бетбұрыс» деген мақаласы (басмақала) басылды.
16 март.	«Гудок» газетінің 23-номерінде И. В. Сталиннің «Дайындалу керек!» деген мақаласы (басмақала) басылды.

25 март.	И. В. Сталин Гайоза Нижарадзе деген атпен қамауға алынып, Баку қаласындағы Баилов түрмесінде тұтқында отырады.
25 март — 9 ноябрь.	И. В. Сталин түрмеде отырып, бакулік большевиктік ұйымдармен байланыс жасайды, РСДЖП-ның Бакулік комитетіне басшылық етеді және «Бакинский Пролетарий» мен «Гудок» газеттеріне мақалалар жазады.
	И. В. Сталин түрмеде саяси тұтқындардың арасында жұмыс жүргізеді, эсерлермен, меньшевиктермен айтыс өткізеді, саяси тұтқындардың марксистік әдебиетті үйренуін ұйымдастырады.
30 март.	«Гудок» газетінің 25-номерінде И. В. Сталиннің «Экономикалық террор және жұмысшы қозғалысы» деген мақаласы (басмақала) басылды.
21 апрель — 18 май.	«Гудок» газетінің 28, 30, 32-номерлерінде И. В. Сталиннің «Мұнай өнеркәсіпшілері экономикалық террор туралы» деген мақаласы басылды.
20 июль.	«Бакинский Пролетарий» газетінің 5-номерінде И. В. Сталиннің «Жарамсақтанушы «социалистер» және «Фарисейлік етуші зубатовшылдар» деген мақалалары басылды.
	Газеттің қосымшасында И. В. Сталиннің «Кеңес және жұмысшылар» деген мақаласы басылды.
9 ноябрь.	И. В. Сталин полиция бақылауымен екі жылға Вологда губерниясына жер аударылады.

1909

Январь.	И. В. Сталин этаппен Вологдаға айдалып келісімен, Вологда түрмесіне қамауға алынады.
27 январь.	И. В. Сталиннің жер аударылатын орны Вологда губерниясының Сольвычегодскі қаласы болып белгіленеді.
6 февраль.	И. В. Сталин этаппен жер аударылған орнына айдалып келе жатқанда қайталама сүзек болып ауырып, Вятка түрмесінен Вятка губерниялық земство ауруханасына алынады.
20 февраль.	И. В. Сталин ауруханадан қайтадан түрмеге қамалады.
27 февраль.	И. В. Сталин Сольвычегодскіге келеді.
24 июнь.	И. В. Сталин Сольвычегодскі айдауынан қашып шығады.
Июльдің басы.	И. В. Сталин жол-жөнекей бірнеше күн Петербургте болады.
Июльдің бірінші жартысы.	И. В. Сталин құпия түрде Бакуге келіп, Баку мен Закавказьедегі большевиктік ұйымдарды қалпына келтіру, нығайту ісін басқарады.
1 август.	И. В. Сталиннің «Партия дағдарысы және біздің міндеттеріміз» деген басмақаласы басылған «Бакинский Пролетарий» газетінің (бір жылдан кейінгі) 6-номері шығады.
2 август.	И. В. Сталиннің басшылығымен РСДЖП-ның Бакулік комитеті «Пролетарий» редак-

циясындағы хал-жай туралы «Ленин жолдас өкілі болған редакция көпшілігінің позициясын жақтап» қарар шығарады.

27 август. «Бакинский Пролетарий» газетінің 7-номерінде И. В. Сталиннің: «Партия дағдарысы және біздің міндеттеріміз» (соңы) және «Болғалы тұрған жалпы ереуіл жөнінде» деген мақалалары басылды.

Сентябрьдің бірінші жартысы. И. В. Сталин Бакуден Тифлиске келеді. Тифлисте жойымпаз меньшевиктерге қарсы тифлистік большевик ұйымдарының күресін ұйымдастырып, жолға қояды.

Сентябрьдің аяғы. И. В. Сталин Бакулік комитеттің құпия баспаханасының жұмысын қалпына келтіруге шаралар қолданады.

10 октябрь — ноябрьдің басы. И. В. Сталин Тифлиске келіп, Тифлистің жалпықалалық партия конференциясын шақыруды және большевиктік «Тифлисский Пролетарий» газетін шығаруды дайындайды.

12 ноябрьден кешікпей. И. В. Сталин Тифлистен Бакуге қайтады.

13 декабрь. РСДЖП-ның Бакулік комитеті «Декабрь ереуілі мен декабрь шарты туралы» (1904 жылғы Баку стачкасының бес жылдығы жөнінде) деген И. В. Сталин жазған үндеухатты басып шығарады.

Ноябрь — декабрь. И. В. Сталин партияның Орталық Органына «Қавказдан жазылған хаттарды» жазады.

1910

1910 жылдан И. В. Сталин — партияның Орталық Комитетінің өкілі («Орталық Комитеттің агенті»).

---

5 январь. — И. В. Сталиннің қолма-қол қатысуымен құрылған «Тифлисский Пролетарий» газетінің 1-номері шықты.

22 январь — РСДЖП-ның Бакулік комитеті жалпы партия конференциясын шақырудың, партия жұмысына басшылық ететін практикалық орталықты Россияға көшірудің және жалпыорыстың жетекші газет шығарудың қажеттігі туралы И. В. Сталин жазған қарарды қабылдайды.

23 март. — И. В. Сталин Захар Григорян Меликянц деген атпен қамауға алынады.

«Август Бебель, герман жұмысшыларының көсемі» деген И. В. Сталин жазған үндеухат шығады.

26 март. — И. В. Сталин Баку қаласындағы Баилов түрмесіне тұтқынға алынады.

7 сентябрь. — И. В. Сталин, түрмеде отырып, бес жылға дейін Қавказда тұруға рұқсат етпеген Қавказ наместнигінің 27 августағы қаулысын алады.

23 сентябрь. — И. В .Сталин этаппен Сольвычегодскіге жер аударылады.

29 сентябрь. — И. В. Сталин Сольвычегодскіге келеді.

Ноябрь 1910 — июнь 1911. — И. В. Сталин В. И. Ленинмен байланыс жасайды, айдаудағылардың жиналысын өткі-

зеді, жыйналыста рефераттар оқылады, кезектегі саяси мәселелер талқыланады.

31 декабрь. — И. В. Сталин партияның Орталық Комитетіне хат жазады («Сольвычегодскі айдауынан хат»)

1911

Март — июнь. — Сольвычегодскіде И. В. Сталинге (М. П. Кузакованың үйінде) талай рет тінту жүргізіледі.

4 июнь. — РСДЖП Орталық Комитеті мүшелерінің Париждегі кеңесі И. В. Сталинді партия конференциясын шақыру жөніндегі ұйымдастыру комиссиясының мүшесіне кандидат етіп сырттан тағайындайды.

23 — 26 июнь. — Айдаудағы социал-демократтардың жыйылысын ұйымдастырғаны үшін И. В. Сталин Сольвычегодскіде үш күн қамауда отырып, шығады.

27 июнь. — И. В. Сталин жер аударылу мерзімі бітуіне байланысты, ашық бақылаудан босайды. Кавказда, орталық қалаларда және фабрика-завод орталықтарында тұруға рұқсат етілмегендіктен И. В. Сталин тұрғылықты жері етіп Петербургке баратын жолдың үстіндегі Вологданы таңдап алады.

6 июль. — Өту куәлігі бойынша И. В. Сталин Сольвычегодскіден Вологдаға кетеді.

16 июль. — И. В. Сталин Вологдаға келеді.

Июль — сентябрь. — Вологдада И. В. Сталин полицияның құпия бақылауында болады..

Июль. — И. В. Сталин В. И. Ленин басқарған «Рабочая Газета» редакциясына хат жазады. Өзі-

нің хатында И. В. Сталин Петербургте немесе Москвада жұмыс істейтін ойы бар екенін хабарлайды.

6 сентябрь. И. В. Сталин құпия түрде Вологдадан Петербургке жүріп кетеді.

7 сентябрь. И. В. Сталин Петербургке келіп, П. А. Чижиков атындағы паспортпен қалада тұруға тіркеледі.

7 — 9 сентябрь. И. В. Сталин большевик С. Тодрия мен С Аллилуевке жолығады; Петербург партия ұйымдарымен байланыс жасайды.

9 сентябрь. И. В. Сталин тұтқынға алынады, түрмеге (Петербургтегі алдын ала қамау үйіне) қамалады.

14 декабрь. И. В. Сталин полицияның ашық бақылауымен үш жылға Вологдаға айдалады.

25 декабрь. И. В. Сталин Вологдаға келеді.

1912

5 (18) — 17 (30) январь арасында. Алтыншы («Прагадағы») жалпы партия конференциясы И. В. Сталинді сырттан большевиктер партиясының Орталық Комитетіне мүше етіп сайлайды.

Конференцияда Россиядағы революциялық жұмысқа басшылық ету үшін практикалық орталық (Орталық Комитеттің Орыс бюросы) құрылады, оның бастығы И. В. Сталин болады.

Февральдың Ортасы Прага конференциясының қарарларын И. В. Сталинге көзбе-көз хабарлау үшін В. И. Лениннің тапсыруы бойынша Вологда-

	дағы И. В. Сталинге Орталық Комитеттің Орыс бюросының мүшесі Г. К. Орджоникидзе келеді.
29 февраль.	И. В. Сталин Вологда айдауынан қашып шығады.
Марттың басы.	И. В. Сталин «Партия үшін!» деген үндеухатты жазады. Бұл үндеухат РСДЖП Орталық Комитетінің атынан шығарылады және Россияда өте көп тарайды.
Марттың бірінші жартысы.	Прага конференциясының қарарларын жүзеге асыруда Закавказье большевик ұйымдары арасында жұмыс ұйымдастыру үшін И. В. Сталин Бакуге және Тифлиске келеді. Орталық Комитеттің біржолата заңды болғандығын хабарлап, партия ұйымдарына РСДЖП Орталық Комитетінің № 1 циркуляр хатын жазады.
29 март.	И. В. Сталин Бакудегі большевиктік ұйымдардың аудандық қызметкерлерінің кеңесін өткізеді. Кеңес Прага конференциясының қарарларына қосылады.
30 март.	И. В. Сталин Бакудегі болған кеңес жөнінде «Социал-Демократ» газетіне хабар жазады.
1 апрель.	И. В. Сталин Бакуден Петербургке жүріп кетеді.
Апрельдің басы.	И. В. Сталин Петербургке келе жатып, жолүсті Москваға тоқтап, Г. К. Орджоникидземен кездеседі.
	И. В. Сталин «Бірінші май жасасын!» деген үндеухатты жазады.

И. В. Сталин Прага конференциясының қарарлары мен жаңадан құрылған Орталық Комитетті құттықтаған Москва партия қызметкерлері тобының қарарының текстін Тифлиске жібереді.

Клара Цеткиндегі сақтауда тұрған партия ақшасын IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанын өткізу үшін Орталық Комитетке беруді өтініп, И. В. Сталин РСДЖП Орталық Комитетінің атынан Клара Цеткинге хат жазады.

10 апрель. И. В. Сталин құпия түрде Петербургке келеді.

10 — 22 апрель. И. В. Сталин жұмысшылардың большевиктік газеті «Звезданы» редакциялайды.

«Звезда» газетінде И. В. Сталиннің «Жаңа дәуір» (басмақала), «Өмір жеңеді!», «Олар жақсы істеп жатыр...», «Қозғалды!...» (басмақала), «Олар сайлауға қалай әзірленіп жатыр», «Қортындылар» (басмақала) және басқа мақалалары басылады.

Апрельдің ортасы. И. В. Сталин III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық Фракцияның мүшелері Н. Г. Полетаевпен, И. П. Покровскиймен және әдебиетші большевиктер М. С. Ольминскиймен, Н. Н. Батуринмен «Правда» газетін шығару туралы және оның платформасы туралы келісіп, солармен бірге газеттің бірінші номерін жасайды.

22 апрель. Жұмысшылардың күнделік газеті «Правданың» 1-номері шығады, онда И. В. Сталиннің

	«Біздің мақсаттарымыз» деген мақаласы басылған.
	И. В. Сталин тұтқынға алынып, түрмеге (алдын ала қамау үйіне) қамалады.
2 июль.	И. В. Сталин полицияның ашық бақылауымен Петербургтен этаппен Нарым өлкесіне үш жылға жер аударылады.
18 июль.	И. В. Сталин Томскіден бақылаушыға еріп, «Колпашевец» кемесімен, жер аударылған орны Нарымға жүріп кетеді.
1 сентябрь.	И. В. Сталин Нарым айдауынан қашып шығады.
12 сентябрь.	И. В. Сталин Петербургке келеді.
Сентябрь — октябрь.	И. В. Сталин IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанына басшылық етеді, жойымпаз меньшевиктерге қарсы күрес ұйымдастырады.
	И. В. Сталин «Правда» газетін редакциялайды.
4 октябрь.	И. В. Сталиннің басшылығымен Петербургтік Комитеттің Атқару комиссиясының мәжілісі өтеді; мәжілісте Петербургтің ірі заводтарынан (Путилов және басқалары) өкіл сайлауға тыйым салынуына қарсы наразылық білдіріп, бір күндік ереуіл жасау туралы қарар қабылданады.
Октябрьдің басы.	И. В. Сталин құпия партия кеңесін өткізеді; бұл кеңесте жойымпаздармен күресу тактикасы талқыланады және IV Мемлекеттік ду-

	маға жұмысшы депутатының кандидатурасы белгіленеді.
	И. В. Сталин «Петербург жұмысшыларының өз жұмысшы депутатына тапсырған аманатын» жазады.
Октябрьдің ортасы.	И. В. Сталин «Социал-Демократ» редакциясы үшін В. И. Ленинге «Петербург жұмысшыларының аманатын» жібереді («Аманат» 1912 жылғы 5 (18) ноябрьде «Социал-Демократ» газетінің 28 — 29-номерінде жарияланды).
17 октябрь.	Петербург губерниясының жұмысшы куриялары өкілдерінің съезінде И. В. Сталин жазған «Аманат» қабылданады.
19 октябрь.	«Правда» газетінің 147-номерінде И. В. Сталиннің «Өкілдердің еркі» деген мақаласы (басмақала) басылады.
21 октябрь (3 ноябрь).	И. В. Сталиннің Краковқа келуі қажет екендігі жөнінде Н. Қ. Крупская В. И. Лениннің тапсыруы бойынша «Правдаға» және социал-демократиялық фракцияның мүшелеріне хат жазады.
24 октябрь	«Правда» газетінің 151-номерінде И.В. Сталиннің «Петербургтің жұмысшы куриясы бойынша өткен сайлаудың қортындылары жөнінде» деген мақаласы басылды.
25 октябрь.	«Правда» газетінің 152-номерінде И. В. Сталиннің «Бүгін сайлау» деген мақаласы басылды.
Октябрьдің аяғы.	И. В. Сталин біраз уақыт Москвада болады. IV Мемлекеттік думаға жаңадан сайланған

	депутаттармен — жұмысшы большевиктермен байланыс жасайды.
29 октябрь.	И. В. Сталин Москвадан Петербургке келеді.
10 ноябрьге дейін.	И. В. Сталин құпия түрде Краковтағы В. И. Ленинге барады.
11 (24) ноябрь.	В. И. Ленин И. В. Сталиннен алған «Аманатты» «көрнекті жерге, үлкен әріппен басуды» тапсырып, «Правда» газетіне жібереді.
Ноябрьдің бірінші жартысы.	И. В. Сталин РСДЖП Орталық Комитеті мүшелерінің Краковтағы мәжілісіне қатысады.
Ноябрьдің аяғы — декабрьдің басы.	И. В. Сталин, Краковтан Петербургке қайтысымен, IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысын басқарады.
23 ноябрь (6 декабрь).	В. И. Ленин И. В. Сталинге жазған хатында 9 январьдың бір жылдығына дайындық жүргізу туралы және үндеухат шығару қажет екендігі туралы жазады.
Декабрьдің бірінші жартысы.	Н. К. Крупская В. И. Лениннің тапсыруы бойынша И. В. Сталинге РСДЖП Орталық Комитеті мүшелерінің Краковта IV дума депутаттарымен (большевиктік «алтаумен») өткізілетін кеңесіне келуінің қажеттігі жөнінде хат жазады.
Декабрьдің аяғы.	И. В. Сталин құпия түрде Краковқа жүріп кетеді.
28 декабрь 1912 (10 январь 1913)— 1 (14) январь 1913.	И. В. Сталин партия қызметкерлерімен, думадағы социал-демократиялық фракцияның мүшелерімен — большевиктермен бірге В. И. Лениннің басшылығымен өткен РСДЖП

Орталық Комитетінің «февральдағы» кеңесіне қатысады. Осы кеңесте В. И. Ленин мен И. В. Сталин «Правда» редакциясының жұмысын жақсарту жөнінде шаралар белгілейді.

Декабрьдің аяғы 1912 — январьдың басы 1913. «Россияның барлық жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне!» деген И. В. Сталин жазған үндеухат шығады.

1913

12 январь. «Социал Демократ» газетінің 30-номерінде И. В. Сталиннің «Петербургтегі сайлау (С.-Петербургтен хат)» және «Ұлтшылдық жолында (Кавказдан хат)» деген мақалалары басылады.

Январьдың екінші жартысы. И. В. Сталин Краковтан Венаға келеді, сол жерден В. И. Лениннің «февраль» кеңесі туралы жазған «Хабарларын» және кеңестің қарарларын Парижде баспаға бастыруды ұйымдастырады.

Январь. И. В. Сталин «Ұлт мәселесі және социал демократия» деген еңбегін жазады. Бұл еңбек «Просвещение» журналының 1913 жылғы март — май айларындағы 3 — 5-номерінде басылған.

Январь — февраль. И. В. Сталин «Лена қырғынының бір жылдығы» деген үндеухатты жазады.

Февральдың ортасы. И. В. Сталин шет елден Петербургке қайтады; В. И. Лениннің нұсқауы бойынша Я. М. Свердловпен бірге «Правда» редакциясын қайта құруға кіріседі.

23 февраль. Калашников биржасының залында, Петербург большевик ұйымдары қойған концерт болып жатқан кезде, И. В. Сталин тұтқынға алынып, түрмеге қамалады.

26 февраль. «Правда» газетінің 47-номерінде И. В. Сталиннің «Социал-демократиялық фракциядағы жағдай» деген мақаласы басылады.

2 июль. И. В. Сталин этап бойынша полицияның ашық бақылауымен Турухан өлкесіне төрт жылға жер аударылады.

11 июль. И. В. Сталин Красноярскіге келеді.

15 июль. И. В. Сталин Красноярскіден Туруханскіге жіберіледі.

10 август. И. В. Сталин Туруханскіге келіп, айдалып бара жатқан орны Костино деген кішкене поселкеге жіберіледі

1914

Марттың бірінші жартысы. И. В. Сталин Полюс шеңберінің солтүстігіндегі Курейка поселкесіне жіберіледі. И. В. Сталинге полиция бақылауы күшейеді.

1915

27 февраль. Монастыр селосында айдауда жүрген С. Спандарянға барған кезде, И. В. Сталин Монастыр селосынан В. И. Ленинге хат жазады. Осы хатында И. В. Сталин Плехановтың қорғампаздық бағытын, халықаралық социал-демократияның оппортунистік жолға түскендігін сынайды.

Жаз. И. В. Сталин саяси айдаудағылардың — РСДЖП Орталық Комитетінің Орыс бюросы

мүшелері мен IV Мемлекеттік думаның большевиктік фракциясының Монастыр селосында болған жыйналысына қатнасады. Жыйналыста фракцияға болған сот процесі туралы мәселе талқыланады.

10 ноябрь. И. В. Сталин Турухан айдауынан В. И. Ленин мен Н. К. Крупскаяға хат жазады.

1916

5 февраль. И. В. Сталин ұлт мәселесі жөніндегі өзінің мақаласын қалай жазып жатқаны туралы партияның шет елдегі орталығына хат жазады.

25 февраль. И. В. Сталин большевиктердің шет елдегі орталығына, Инесса Арманд арқылы жіберген хатында, шет елге жіберген «Мәдени-ұлттық автономия туралы» деген мақаласының не болғанын сұрап жазады.

12 март. И. В. Сталин С. Спандарянмен және басқа айдаудағылармен бірге «Вопросы Страхования» журналы редакциясына хат жазады.

14 декабрь. И. В. Сталин, әкімшілік тәртіп бойынша айдауда жүргендерді әскерге шақыруға байланысты, этаппен Красноярскіге жіберіледі.

1917

Февральдың басы. Красноярскідегі шақыру комиссиясы И. В. Сталинді армияға шақырылудан босатады.

20 февраль. И. В. Сталин Красноярскіден Ачинскіге жүріп кетеді; мұнда оған айдалу мерзімі біткенше тұруға рұқсат етілген еді.

8 март. И. В. Сталин айдалғандар тобымен Ачинскіден Петроградқа жүріп кетеді.

МАЗМҰНЫ

Тираж 50 тысяч экз. (25001—50000).
Сдано в набор 31.VII 1947 г.
Подписано к печати
24.XI—24.XII 1947 г.
Объем 29,5 п. л.
Зак. № 657.
Цена 6 руб.

Гостипография № 2
Управления Полиграфии и Издательств
при Совете Министров Казахской ССР.

АЛМА-АТА